М.П. ВЯТКИН

СЫРЫМ БАТЫР

1957

М. Ғ. Баткин

СЫРЫМ БАТЫР



Гурьевская
Областная
Библиотека

Қазақ мемлекеттік баспасы
Алматы · 1951

ЕСКЕРТУЛЕР

Сырым батыр қозғалысының тарихын баяндаудан бұрын қазақ аттары мен атауларының транскрипциясы (әрпі), сол сияқты осы кітапта қолданылған терминологияның (атаудың) кейбір өзгешеліктері жайында алдын ала бірнеше ескертулер жасау қажет. Қазақстан туралы әдебиетте жалпы қолданылатын бірынғай транскрипция осы уақытқа шейін жасалған емес. Бір адамның аты немесе атау әр түрлі қолданылады. Мысалы: Абулхаир, Абульхайр, Абуль-Хайр, Абульхайыр немесе юрт, жұрт тағысын тағылары. Біз қазақ атаулары транскрипциясының негізіне фонетикалық принципті алдық, басқаша айтқанда, адам аттары мен атаулар осы күні қазақша қалай сөйленіп жүрсе, сол қалпында келтіріп отырдық. Дегенмен бұл принциптен аздаған шегінулер болды, оны біз төмендетүсіндіреміз.

Сөз басында келетін «J» әрпі қазақ тілінде «дж» немесе «ж» болып естіледі, сонда Қазақстанның шығыс аудандарында «д» осы айтылған ретте айқын естіледі, ал батыс аудандарында «дж» емес «ж» болып естіледі[1]. Біз де осы батыс аудандарда естілетін дыбысты қолданып, «юз» немесе «джүз» демей «жүз» (يوز) деп жаздық. Сонымен «дж» емес «ж» деген сияқты, біз сөз басында « ج »ны келтіріп отырамыз, мысалы «Джаппас» демей «Жаппас» (جباس) деп жазамыз. Бұ-

---

[1] В. В. Радлов. Түрік тұқымдас халықтардың әдебиет үлгілері III. 1870, XXIII бет.

дан кейін, тұйық буында естілетін қысқа дыбысты «ы» туралы ескерте кету керек. Орыс тілінде айтуға бұл әріптің орнына қолдануға үйлес келетін дыбыс жоқ. Қазақ фонетикасының ережесімен алып қарағанда, қазақ тіліндегі қысқа дыбысты «ы» ның орнына орыс «ы» сын қолдану да немесе ешбір белгі қоймай кету де дұрыс емес. Мысалы, қазақтың «барымта» деген сөзін орысша «барымта» деп жазсақ та, немесе «бармта» деп жазсақ та дұрыс жазылған болып табылмайды. Жалпы қолданылатын сөздерде орысша сөйлегенде қысқа дыбысты «ы» әдетте қалып қоятындығын еске алып, біз де тиісті атауларды келтіргенде бұл дыбысты жазбай кетіп отырдық, яғни орыс фонетикасын қолдануды дұрыс дедік. Мысалы, біз орысша жазғанда қашан да болса «Сырым» демей «Срым» (صرىم) деп, «барымта» демей «бармта» (بارمطا) деп жазып отырдық, тағысын тағылары. «И» дыбысын, сөздің ортасында және аяғында келген кездерде, қазақ тілінде жуан айтылатын болса, біз оны жұмсатпадық, сондықтан: Есим, Қасим, Ширгази демей «Есым» «Қасым», «Ширғазы» деп жаздық.

Екі сөзден құралған, бірақ мағнасы бір және қазақ тілінде біріне бірі қосылып сөйленетін атауларды біз дефис белгісін қолданбай келтіріп отырдық. Мысалы, «Нұр-Али», «Эр-Али», «Шир-Газы», «Жети-ру», «Бай-ұлы» деп жазбай «Нұралы», «Ералы», «Ширғазы», «Жетыру», «Байұлы» деп жаздық, тағысын тағылары. Шығыс документтерінің түп нұсқаларында тиісті ат тек жіктеліп қана жазылып қоймай, оның үстіне әлгі жік арасына сөз кірістіріліп жазылған[1] кездерде де біз мұндай аттарды немесе терминдерді жазуда жоғарыда айтылған әдісті қолдандық «ڃ» және «و» дыбыстары қазақ тілінде әртүрлі қолданылуы мүмкін. Мысалы, (چى) «чи» «чим» суффиксінде (жұрнағында) ڃ орыстың «ш» әрпі сияқтанып айтылады, сондықтан біз «игенчи», «карачи» деп жазбай «игеншы», «караши» деп жаздық, тағысын тағылар. ڃ сөз басында «ш» орнына қолданыла алады, мысалы Шұбар бий.

---

[1] Мысалы, қол қойылғанда Нұралының аты نور محمد علىخان Нұр Мұхаммед Али хан деп келтірілген. Қоспақталған транскрипцияны біз даусыз ереже деп айта алмаймыз, бірақ қазақ атауларын келтірудегі фонетикалық принципте оның қолданылуы табиғи іс.

(چواربی) немесе «с» орнына жазыла алады, мысалы, ру аты چركس (Черкес) қазақ тілінде — Серкеш. «و» дыбысы («воу») сөз буынының ортасында «у» және «о» болып айтылады, мысалы, кісі аты Көккөз (كوككوز) деген сөзде, немесе «ы» сыяқтанып айтылады, мысалы, Арынғазы (آرونغازی). Осы сыяқты барлық жерлерде біз тиісті аттар мен атаулардың қазақша сөйлегендегі дыбысын беруге тырыстық.

Бұл принципті біз қазақ тіліндегі атаулары жөнінде ғана қолдандық. Барлық басқа жағдайларда әдеттегі жазу ісімен жүрдік, яғни Махамбет демей Мұхаммед деп, Жошы хан демей Джучи хан деп жаздық, тағысын тағылар. Қазақ аттары мен атаулары жөнінде де біз кейбір кездерде бұлардың транскрипциясындағы фонетика принципінен шегінгенді жөн көрдік.

Мысалы, Абульхайыр (ابوالخير) ханның атын қазақша айтқанда, сөздің екінші жартысында орыс тіліне жатық келмейтін және қыйын сөйленетін дыбыстар кездеседі, оның бер жағында, бұл дыбыстар әлгі аттың арабша негізінен де ауып кетеді. Біз бұл аттың әдебиетте тараған және мұнымен қатар араб жазуына жақын келетін транскрипциясын сақтауды дұрысырақ көрдік, — мысалы (ләмді жұмсатпай) Абулхаир деп жаздық. Айчувак деген аттың да (қазақша айтқанда Айшуақ) біз әдебиетте жалпы қолданылатын транскрипциясын қолдандық. Географиялық атауларды келтіргенде біз жалпы қолданылып жүрген транскрипцияны алдық, яғни Қара-тау, Ишим өзені деп жаздық, тағысын тағылары. Егер де географиялық атаулар өзгерген болса, біз олардың негізгі деректердегі аттарын алдық, сондықтан (Хазрет демей) Түркстан қаласы деп, Яик өзенін (1775 жылға шейін), Урал (1775 жылдан бастап)[1] деп жаздық.

Әрине, транскрипция жайындағы бұл ескертулердің бәрі кітаптың текстіне тиесілі, ал цитаталарда біз қашан да болса түп нұсқадағы транскрипцияны алдық.

Терминологияға келетін болсақ, біз бұл жөнде тиісті атаудың тарихи мазмұнын тексте ашып отырамыз. Бұл арада ал-

---

[1] Пугачевтың көтерілісіне байланысты бұл өзеннің бұрынғы аты 1775 жылы өзгергені мәлім.

дын ала екі ескерту жасап өту керек. Баяндау процесінде ру басшыларының барлық категорияларын бір-ақ сөзбен атайтындай маңызды атаулармен және «крестьяне» деген ұғымға тең келетін атаумен пайдалану қажет болды. Не орыс тілінде, не қазақ тілінде тиісті атаулар жоқ. Рас, осы күнгі қазақ тілінде «бий» (بی) деген атау кең түрде қолданылып жүр, бірақ бұл атаумен жоғарыда көрсетілген мағнасында пайдалану мүмкін емес, себебі бұл сөздің тарихи маңызы мүлде басқаша болған (мұны біз II тарауда түсіндіреміз). Біз қазақтың «ақсақал» деген сөзімен де атау ретінде пайдалана алмадық, өйткені бұл сөзде таптық мазмұн жоқ. Біздің көздегенімізге бәрімен де өзінің тарихи маңызы жағынан «Старшина» деген атау тура келеді, бұл атаудың ұғымы ру басшылары (родовая знать), дегеннен гөрі кеңірек. Қазақ ру қауымының бірте-бірте тапқа жіктелуіне қарай, сол қауымның құрамына екшеліп шыққан феодалдық топты атау үшін біз кітабымыздың текстінде ру басшылары (родовая знать) деген атауға мағналас атау ретінде старшина деген атауды қолданамыз.

Қанаудағы және феодалдарға тәуелді мал бағушы — көшпелілер бұқарасын атау үшін қолданылып жүрген атау «көшпелі шаруа» (кочевое крестьянство) тарихи әдебиетте қонымды бола алмады, себебі, «шаруа» (крестьянство) деген атау тек жер кәсібімен айналысқан отырықшыл еңбекші халыққа ғана жатады. Бұл атаудың орнына қазақтың «қарашы» (قرا چی) деген сөзін, немесе «бұқара» (өзбектер мен қырғыздарша «фукара») деген сөзін қолдануға да болмайды, өйткені «қарашы» деген ұғымға қазақтың еңбекші көпшілігі де, феодалшыл ру бастық топтары да кіреді. Бұл атаудың таптық жағынан онан гөрі дәлірек айтқанда сословиелік қана мазмұны бар және қазақтың «ақсүйектер» тобына жататын аристократиясынан сұлтандарынан басқа, көшпелі қауымның барлық басқа өкілдерін атау үшін қолданылады. Біз көшпелі шаруаны (крестьянстволы) атау үшін «еңбекші қазақтар» деген атаумен және көшпелі шаруа деген сөзбен мағналас атау ретінде «қарапайым халық» деген атаумен пайдаланамыз. «Қарапайым халық» деген атау негізгі деректердің орысшасында да кездеседі. Мұндай, терминологияның қолданылуының өзі ойдағыдай жетік емес бола тұрса да, тиісті түсінік берілгеннен кейін, кітабымызды оқығанда қыйыншылық туғызбайды.

КІРІСУ

ТАҚЫРЫП ЖӨНІНДЕ

Сырым батырдың қозғалысы отырықшы халықтардың азаттық жолындағы қозғалысы дамыйтын калыпты жағдайлардан гөрі ерекше өзгешелігі бар жағдайларда туған.

Шығыстағы қоғамдық қарым-қатнастардың өзгешелігін білу үшін маңызды методологиялық нұскауларды біз марксизм-ленинизм классиктерінен кездестіреміз. Бұл арада біз Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің біздің тақырыбымызға тура қатысы бар пікірлеріне шолу бермекші емеспіз,— қажетті нұскауларда кітаптың тиісті жерлерінде еске ала отырып, әзірше біз алдымызға қандай мақсат қоюымыз керек екендігін шешетін негізгі ережелерді атап көрсетеміз.

Еңалдымен біз Сырым батырдың қозғалысы дамыған кездегі жер қарым-қатнастарына тоқталып өтеміз. Сталин жолдас, «Ұлт мәселесі дегеніміз асылында шаруа мәселесі»[1],— деп көрсетті. Қазақтарда XVIII ғасырда жер иеленудің үстем түрі — жерді жалпы ру болып иелену болған. Шығыстағы басым қарым-қатнастардан осы өзгешелігіне Энгельс көңіл бөліп, оның ерекше маңызы бар екендігін атап көрсеткен. «Жердің жеке меншікте болмауы,— деп жазған ол,— шынында бүкіл Шығысты ұғынудың кілті болып табылады. Саяси

---

[1] И. В. Сталин. Марксизм және ұлт-отар мәселесі, 1939, 96-бет. Ұлт және шаруа мәселелерінің бірімен бірі байланыстылығын Сталин жолдас неше дүркін көрсетіп өткен, бұл да сонда, 146, 162, 182, 195 және тағы басқа беттерін қараңыз.

және дін тарихының тамыры осында»[1]. Бұл нұсқауды жеке меншіктене білмеген қазақтарға да толық жатқызуға болады.

Қоғам дамуының белгілі кезеңдерінде жерді ру болып иеленудің үстем болуы таптық қарым-катнастардың дамуын мүлдем жоя алмады, бірақ ол қаналушылар мен қанаушылардың қарым-катнастарында сөзсіз ерекше із калдырды. Бұл жағдайды Энгельс әлденеше рет көрсеткен. «Индия мен Россиядағыдай Явадағы ескі дәуір коммунизмді — деп жазған ол, — қанау үшін және деспотизм үшін қазіргі уақытта тамаша және ең кең негіз салады»[2]. Осы сыяқты пікірді ол «Анти-Дюрингте»[3] айткан. Осы өзгешеліктерді нақтылы түрде айкындау үшін тарихшыға Сталин жолдастың X партия съезіндегі сөзінің және сол съезде қабылданған ұлт мәселесі жөніндегі тезистердің зор көмегі болғанында күман жоқ. Сталин жолдас бұл тезистерде Совет Шығысының бірқатар халықтарының, мұның ішінде қазақтардың да қоғамдық қарым-қатнастарын патриархтық-феодалдық қарым-қатнас деп белгілеген[4]. Бұл проблеманы біз XVIII ғасырдың материалында қарастырып өтуге тиіспіз. Сөз жоқ, XVIII ғасырда салт-сананың патриархтық-рулық түрлері екі ғасыр өткеннен кейінгі түрлерінен анағұрлым күшті болған және олар қазақ қоғамындағы таптық қарым-қатнастарға өзгеше түр беріп, мазмұны феодалдық осы қарым-қатнастарды патриархтық-рулық қарым-қатнастарға айналдырған. Салт-сананың патриархтық-рулық түрлері қазақтардың тек жеке өміріне ғана өзгешелік өң берді деп ойлау үлкен қате болар еді. Дұрысында қазақтарды қоғамдық белсенділігі ерекше күшті болған, ал патриархтық-рулық система қазақ қоғамының өндірістік қарым-қатнастарының өзгешеліктерін ұғындыратын шын мағнадағы сыртқы қоғамдық түрі болып табылады.

Біздің бірінші міндетіміз қазақ қоғамында XVIII ғасырда дәулеттілік және әлеуметтік қарым-қатнас жағынан болсын, сол сыяқты саяси өмір жағынан болсын патриархтық-ру салт-

---

[1] К. Маркс және Ф. Энгельс. Шығармалар, XXI том, 493-бет.
[2] К. Маркстің және Энгельстің архивы, I (VI) т., 246-бет.
[3] К. Маркс және Ф. Энгельс. Шығармалар, XIV том, 183-бет.
[4] И. В. Сталин. Марксизм және ұлт-отар мәселесі, 1939, 94-бет.

сананың үстемдігі нақтылы қандай түрде көзге түскендігін зерттеу.

Бұл проблеманы зерттеудің өзі бізге керекті тағы бір мәселені шешуге мүмкіншілік береді. Ол — көшпелі қоғамдағы тап күресін зерттеу. Бұл жалпы проблеманы, біз XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының материалы бойынша зерттейміз. Тарих әдебиетінде Россия империясының бұрынғы отарларындағы ұлт бостандығы қозғалыстарына көп көңіл бөлінген. Бірақ ішкі тап күресіне көңіл аз бөлініп, бұл жөнінде жазылғандардың өзі де тек қозғалысты жалпы суреттейтін очерктердің шеңберінен шықпаған. Оның бержағында, бұл проблема өзалдына өте бір керекті мәселе, оның үстіне тап күресіне байланыспаған жерде отаршылыққа қарсы күрестің мазмұнын ұғыну мүмкін емес. Көшпелі қоғамдағы ұлт бостандығы күресін сыйпаттағандағы қателер, бостандық жолындағы күрестің бірыңғай осы екі жағын бірінен бірін бөліп айтудан шыққан.

Сөйтіп, екінші міндет Қазақстандағы тап күресінің өсіп келе жатқан отаршылдық тәуелділіктің жағдайларындағы қоғамдық қарым-қатнастардың патриархтық-феодалдық системасынан туған өзгешелігін көрсету. Бұл проблеманың Қазақстан тарихының шеңберінен анағұрлым ұзақ шығатын ғылми зор мәні бар екендігі әбден түсінікті. Бірақ, біз қандай түрде болса да бұл проблемаға кең түсінік бермейміз. Бұл мәселе, барлық басқа түрлі тарихи ірі проблема сияқты, жеке құбылыстарды әбден тәптештеп зерттеу негізінде ғана көңілдегідей шешіледі. Бұл еңбекте XVIII ғасырдың аяғында Қазақстанда болған Ұлт қозғалыстарының бірі Сырым батырдың басшылығымен көтерілген ұлт қозғалысын зерттейміз. Осы сияқты қозғалыстарды бұдан әрі зерттеу Сырым батыр қозғалысының өзгешеліктері көшпелі қоғамның «шаруа» соғыстарына қаншалық ұйқас екендігін көрсетеді.

НЕГІЗГІ ДЕРЕКТЕР

Зерттеп отырған қозғалысты сол қозғалыстың дамыған кезіндегі шаруашылық, әлеуметтік жағдайлармен және сол

кездегі саяси халмен біте байланыстыра қарайтын болғандықтан, біз негізгі деректерге және әдебиетке шолу жасағанда бұлардың тек Сырым батырдың әрекетіне тіке байланыстыларын қарастырумен ғана тынып қоймаймыз. Сондықтан біз қазақ қоғамы тіршілігінің жағдайларын көрсететін байланысты негізгі деректер мен әдебиетті сыйпаттауға да тоқталуға тиістіміз. Сырымның күресі XVIII ғасырдың соңғы екі он жылдығын (1783—1797) түгел қамтыйды деуге болады. Біздің шолуымыз негізінде осы дәуірге тікелей немесе жуық қатысы бар ескерткіштерді қарастыру шеңберінен шықпауға тиіс, тек кейбір кездерде ғана, — жұмысымыздың мазмұнына қарай қажетті болған жерінде ғана, — неғұрлым ертеректегі негізгі деректерді пайдалануға тиістіміз.

Сырым батырдың қозғалысын ұғынуда археологиялық ескерткіштер жөнді жәрдем бере алмайды. Қазақстанды революциядан бұрынғы дәуірде археологиялық зерттеу ісі (Қазақстанның Оңтүстік аудандарына В. В. Бартольдтың және Шығыс аудандарында В. В. Радловтың жүргізген зерттеулері) және совет археологиясының табыстары (М. И. Грязнов пен Воеводскийдің республиканың Солтүстік және Орталық аудандарын, Б. Граковтың — Батыс аудандарын және А. Н. Бернштамның Оңтүстік аудандарын зерттеуі) Қазақстанның ескі дәуірдегі және орта ғасырдың бас кезіндегі тарихын ұғыну үшін маңыздылығы жағынан бірінші орын алатын болса да, бұлардың біздің тақырыбымызға байланысы өте алыс жатыр. Бұлардың жәрдемі тек кейбір кездерде ғана зерттеп отырған құбылыстарымыздың осы күнгі Қазақстандағы халықтардың тіршілігінің өткен замандағы тіршілігімен қандай байланысы бар екендігін байқауда аздап тиіп отырады. Сондықтан біз бұл жерде археологиялық ескерткіштердің шолуына әдейі тоқтап жатпай, бұл туралы кітабымызда кездесетін тек жеке археологиялық зерттеулердің қортындыларына ғана мінездеме береміз.

Сырым батырдың қозғалысын зерттеуге қатысы бар тарихи негізгі деректердің көлемі біздің архивтерде сақталып келген документті материалдармен ғана тынып қоймайды. Толып жатқан фольклорлық материалға, сол сыяқты этнография мәліметтеріне қарамай өтсек үлкен қате болар еді. Қазақстан

этнографиясына қатысты жазбалардың ішіндегі бізге ең керектісі — уақытына қарай біздің зерттеп отырған дәуірімізге неғұрлым таяу уақытта жазылғандары.

Қазақ халқының тарихы жөнінде үзінді бола тұрса да өте маңызды мәліметтер қазақ хандарына барған орыс елшілерінің сөздерінен және мақала тізімдерінен табылады. Бұларда тарихи мәліметтермен қатар керекті этнографиялық мәліметтер де кездеседі[1]. Қазақ тарихы жөнінде материалы бар XVIII ғасырдың неғұрлым ертерек кезінде сапар шеккендердің ішінен Ив. Унковскийдің записқаларын[2] атап көрсетуге болады. Ив. Унковский 1722 жылы Жоңғар Хунтаичжисы Цаван-Рабтанға Көк Ертіс пен Қара Ертістің құйылысына таяу жерден бекініс салу және Қытаймен күресте Жоңғарияға Россияның жәрдем көрсетуі туралы сөйлесу үшін жіберілген. Унковский Ертістен Ілеге және одан әрі Ыссықкөлге шейін барады. Оның записқаларында Жоңғариямен қазақтардың қарым-қатнастары туралы бірқатар мәліметтер бар. Кішіжүз қазақтарының әлеуметтік салт-санасы жөніндегі және саяси өмірі жөніндегі бірқатар мәліметтер Гок деген ағылшын купецінің записқаларынан табылады. Ол патша әкімшілігінің агенті болып, XVIII ғасырдың 40-жылдарында ұзақ уақыт Хиуада тұрып, сол сыяқты Сырдария ауданында көшіп жүрген қазақтар арасында болған.

Гладышев пен Муравин де 40-жылдарда Хиуаға сапар шеккен, мұнда олар Абулхаир ханның соңынан еріп барады. Бұлардың күнделік дәптерінде Нәдір шах Орта Азияда жорық жасап жүрген кездерінде[3] онымен қазақ билеушілерінің қарым-қатнастары қандай болғандығы туралы өте құнды мәліметтер бар. П. С. Паллас және И. Г. Георги Академиялық екінші экспедиция кезінде көп тарихи материал, атап айтқан-

---

[1] Біздің жұмысымыздың жоспарында В. Көбековтың сөздерін, Петр I үкіметінің Тәуке ханға жіберген уәкілдері. Д. Трошиннің және Ф. Скибиннің мақала тізімін атап көрсетуіміз керек (тарихи актілерге толықтау, X, № 80).

[2] «Жоңғар Хун-Тайчжи Цаван-Рабтанға жіберілген елші артиллерия капитаны Ив. Унковский және оның 1722—1724 жылдардағы жол журналы», 1887 жылы Н. И. Веселовский басып шығарған (Орыс география қоғамының этнография бөлімі, X, 2-шығуы).

[3] Орыс география қоғамының Известиялары, 1850. октябрь — декабрь, 519—599-беттер.

да қазақтардың шаруашылық және әлеуметтік құрылысы туралы көп материал жыйнаған.

Аса құнды мәліметтерді Георги жыйнаған. Ол Паллас пен Фальк 1768—1769 жылдары сапар шеккенде солардың қасында болып, оның үстіне, 1770—1774 жылдары өзбетімен де сапар шеккен. Георги өзінің «жазбасында» қазақ қоғамының таптық құрылысы туралы өте керекті мәліметтер береді және XVIII ғасырдағы авторлардың ішінде қазақтардың кедей болып қалған туысқандарына «жәрдем» деп жұмыс істеудің ерекше түрін тек сол ғана суреттеген. Оның мәліметтері үнемі дәлел және қашан да толық бола бермейді, дегенмен мұнысына қарамастан, ол мәліметтері қазақ қоғамының XVIII ғасырдағы әлеуметтік құрылысын зерттегенде табылмайтын мәліметтер[1].

Палластың 1768—1769 жылдардағы экспедиция кезінде қазақ өмірі туралы жыйнаған мәліметтерінің құндылығы да әлгіден кем емес. Әрине, Георгидің де, сол сыяқты Палластың да мәліметтерінің көбі байқау жолымен және жер-жерлерде сұрастыру жолымен жыйналған. Паллас пайдаланған әдеби деректерден П. И. Рычковты атап көрсетуге болады, бірақ Палластың өз айтуына қарағанда, оның Рычков шығармаларынан алған мәліметтері де онша көп емес. Палластың қазақ тарихының ерте дәуірі жөніндегі мәліметтері аңыз тәрізді келеді. Бірақ қазақтардың XVIII ғасырдағы салт-санасы, олардың шаруашылығы жөніндегі мәліметтері өте қызықты. Қазақ өмірінің қолма-қол бақылауға оңтайы келмейтін және ұзақ зерттеу керек қылатын жақтарын Паллас онша ашық көрсете алмаған.

Қазақтардың мәдени және әлеуметтік салт-санасының құбылыстары осындай. Палластың бұл жөніндегі бақылаулары үстірт келеді және үнемі дәл де бола бермейді, көбінесе ол түрлі құбылыстардың сыртқы мәніне ғана тоқталады да, заттың екінші қатарлы жақтарына ғана көңіл аударады. Мысалы, ол қазақтардың дінін суреттегенде шамандардың түрлі категорияларын сыйпаттауға мейлінше толық тоқталады дағы

---

[1] И. Г. Георги. Россия мемлекетіндегі барлық халықтарды суреттеу, СПб., 1776, 2-шығуы, СПб., 1779.

«тәңірге» сену туралы бірауыз сөз айтпайды, «тәңірі» қазақтардың ерте замандағы дінінің негізі болған. Оның әлеуметтік қарым-қатнастар жөніндегі ескертулері мүлдем үстірт[1].

Паллас экспедицияда жүргенде оның қасында болған И. П. Фальк қазақтардың саудасы, олардың көшіп жүретін аудандары туралы бірқатар маңызды мәліметтер береді, бірақ қазақтардың ішкі мәдени және әлеуметтік салт-санасы туралы, Георгимен және Палласпен салыстырып қарағанда, ешқандай жаңалық қоспайды. Сондықтан оның жұмысын сыйпаттауға біз ерекше тоқталмаймыз[2].

XVIII ғасырдың екінші жартысына қатысты жоғарыда айтылған запискалардан басқа атақты П. И. Рычковтың баласы капитан Н. П. Рычковтың екі еңбегі бар. Бұларда да қазақтардың этнографиясы жөнінде керекті мәліметтер бар[3].

Қазақтардың этнографиясы жөніндегі маңызды мәліметтер 1803 жылы Бұхараға керуен бастап барған поручик Я. Гавердовскийдің запискаларынан табылады. Оның запискалары тек жарым-жартылап қана жарияланған, ал толық қолжазбасы Тарих институтының Ленинград бөлімінде сақтаулы[4]. Гавердовскийдің тарихи мәліметтерінің бәрі бірдей сенімді бола бермейді және документпен дәлелденбегендері де бар: Гавердовский еңбегінің тарих бөліміне өзі ел ішінен естіген және тексеріп шынына жетуге мүмкіншілігі болмаған мәліметтерді жазып алған сияқтанады. Дегенмен, Гавердовскийдің өз тұсындағы қазақтардың салт-санасы жөніндегі мәліметтеріне үлкен көңіл бөлуге болады. Гавердовскийдің қазақ шаруашылығы жөнінде ерекше толық және өте керекті мәліметтері бар.

---

[1] П. С. Паллас. Россия империясының түрлі провинцияларына сапар шегу, 1. СПб., 1773.

[2] Johann Peter Falk. „Beiträge zur Topographischen-Kenntniss des Russischen Reishs". Bd. I, St.-Petersburg, 1885. Жөнді еместеу орысша аудармасы Россия бойынша ғылми сапар шегу толық жыйнақтарында басылып шыққан, VI, СПб., 1824.

[3] «Капитан Рычковтың Россия империясының түрлі провинцияларына сапар шеккендегі журналы немесе күнделікті жазбалары, СПб., 1770—1772. Бұдан гөрі азырақ этнографиялық ескертулер осы автордың: «Капитан Николай Рычковтың Қырғыз-қайсақ даласына 1771 жылы сапар шеккендегі күнделікті жазбалары» деген еңбегінде бар, СПб., 1772. Рычковтың бұл ескертулері үстірттеу жазылған болса да мәнісі өте зор.

[4] Я. Гавердовский. Қырғыз-қайсақ далаларын шолу, II. Тарих институтының Ленинград бөлімі, № 34329, СПб., Орыс география қоғамының вестнигі, 1822, XX, 1-бөлім, 141—148-беттер.

Жер кәсібі жөніндегі мәліметтері бұл мәселе жөнінде белгілі сұлтан Сейдалиннің еңбегінен алынған мәліметтермен дәлелденген. Сұлтан Сейдалин қазақтар шаруашылығының бұл саласын әдебиет жүзінде ең жақсы суреттеген адамның бірі[1]. Гавердовскийдің қазақ колөнер кәсібі жөніндегі мәліметтерінің де керектілігі әлгіден кем емес. Гавердовский әлеуметтік құрылысты бейнелегенде оны неғұрлым схема бойынша келтіреді. Ол бұл арада да қазақ далаларын суреттегенде өзінен бұрынғылардан анағұрлым жоғары тұрады. Ол ру басшыларының ескі ақсүйектерге-сұлтандарға тап жағынан жақын екендігін айыра білген және сырттан қарағанда ел өмірі ерікті тең сияқтанса да, шынында халық бұқарасының халі ауыр екенін байқай білген, Георгийдің жеке бір атап көрсеткендерін айтпасақ, бұл жағдайды XVIII ғасырдағы орыс бақылаушылары да байқамаған.

XVIII ғасырдың аяғында — XIX ғасырдың басында шегілген сапарлардың, қазақ қоғамының біз зерттеп отырған дәуіріндегі ішкі өмірін білу үшін маңызы барларынан, біз Бланкеннагельдің, Мейендорфтың және Данилевскийдің сапарларын атап өтеміз. Бланкеннагель Хиуаға 1793 жылы сапар шеккен. Оның записқаларында көбінесе Хиуа хандығы жөніндегі мәліметтер бар, бірақ ол Орынбордан Хиуаға кетіп бара жатқанда Кішіжүз қазақтары туралы да бірқатар тарихи және этнографиялық керекті материалдар жыйнап алған[2], Мейендорф А. Негридің 1820 жылғы Бұхараға барған миссиясында болған. Ол хан Шерғазымен сұлтан Арынғазы арасында саяси күрес шиеленісіп тұрған кезде Кішіжүз жерін басып өтеді. Миссия Арынғазының қорғауында болады, сөйтіп, Мейендорфтың записқаларында осы атақты сұлтанның әрекеті туралы, сол сияқты Кішіжүздің XIX ғасырдың 20-жылдарындағы саяси өмір тарихы жөнінде, мұның ішінде хиуа-қазақ қарым-қатнастары туралы да, толып жатқан көп материалдар бар. Мейендорфтың жыйнаған материалдары, мұнымен қатар,

---

[1] Т. Сейдалин. Торғай өзенінің өлкесінде егін кәсібінің дамуы туралы. Орыс география қоғамының Батыс-Орынбор бөлімі, I шығуы. 1870.

[2] Бланкеннагель. Хиуа туралы 1793—1794 жылдардағы жолқаттары В. В. Григорьевтің ескертулерімен. Орыс география қоғамының хестнигі, XXII, 2-бөлім, 1858.

қазақтардың XVIII ғасырдың әлеуметтік қарым-қатнастары туралы да маңызды жөн көрсетеді[1].

Данилевский 1842 жылы Хиуада болады. Оның Хиуа хандығын суреттеуінде, Бланкеннагельдің күнделікті дәптеріндегідей, қазақтар туралы да жеке-жеке терме мәліметтер бар[2].

Орта Азия хандықтарына Орынбор жағынан барумен қатар, Сібір жағынан да сапар шегіледі. Біздің тақырыбымызға байланысты осы еңбегімізде осы сапарлардың екеуін атап көрсетеміз. 1800 жылы Семейден Ташкентке қарай Поспелов және Бурнашев деген тау ісінің чиновниктері өтеді. Бұлар кен байлығын зерттеу жөнінде Ташкент үкіметтеріне жәрдем көрсету үшін жіберіледі. Бұл кезде Ташкент пен Қоқан ханы — Әлім арасында шиеленіскен күрес жүріп жатады. Бұл кезде Ұлыжүздің көпшілігі Ташкент қарауында болады. Поспелов пен Бурнашев Хиуа хандығының тарихындағы осы бір дүрілдеген дәуір туралы бірқатар мәліметтер береді, бұл дәуірде қазақтар да белсенді роль атқарады[3]. 1813—1814 жылдары Петрпаулдан Қоқанға Ф. Назаров сапар шегеді. Оның «Орта Азияның кейбір халықтары және жерлері туралы записка-ларында» этнографиялық, атап айтқанда қазақтар туралы материалдар бар[4]. Түпкі деректердің осы қатарына жататын басқа материалдардың ішінен Фил. Ефремовтың записка-ларын атап өту керек. Пугачев көтерілісі кезінде ол қолға түседі, одан кейін Бұхараға барады және аталық Данияр бектің тапсыруы бойынша Хиуаға, Мервке барады. Кейіннен Ефремов Қоқан-

---

[1] G. Meyendorf. Voyage d'Orenbourg a' Boukhara, fait en 1820, Paris 1826. Мейендорфтың граф. К. В. Нессельроде үшін және Орынбор губернаторы Эссен үшін Кішіжүздің 1820—1821 жылдардағы саяси халі туралы жасаған екі записка-лары. «Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдар» жыйнағында басылып шыққан, IV, М. Л. 1940, документ № 117 және 122. Мұның үстіне Қазақстан туралы Негри миссиясына байланысты жыйналған мәліметтер, Эверсман өзінің „Reise von Orenbourg nach Buchara" деген еңбегінде жариялаған Berlin", 1823.

[2] Г. И. Данилевский. Хиуа хандығын суреттеу. Батыс Орыс география қоғамы, X, 1855.

[3] Орыс география қоғамының вестнигі, 1851, 1-бөлім, 1-кітап, 4-бөлім. Бурнашевтің 1794—1795 жылдардың өзінде де Бұхараға барғандығын атап өтейік. Оның сапар шеккендегі жыйнаған мәліметтерінің үзінділері Санкт-Петербург вестнигінде басылып шыққан, II және III, 1818.

[4] Ф. Назаров. Жеке Сібір корпусының 1813 және 1814 жылдары Қоқанға жіберілген тілмашының Орта Азияның кейбір халықтары және жерлері туралы записка-лары, СПб., 1821.

нан қашып, Шығыс Түркстан және Индия арқылы 1782 жылы Россияға қайтып келеді. Ол өзінің записқаларында Орта Азия хандықтары туралы ғана емес, оның үстіне Қазақстан туралы да көп материал қалдырған[1]

Қазақ қоғамының салт-санасының түрлі-түрлі салалары туралы өте мәні бар мәліметтер капитан Андреевтің запискасынан табылады, ол көп уақыт Ортажүз жерінде болған[2].

Осы аталған негізгі деректердің қай-қайсысы болса да Қазақстан тарихының тек саяси тарихы жөнінде ғана мәлімет беріп қоймайды, оның үстіне бұларда көбінесе қазақтардың тарих этнографиясы жөнінде, атап айтқанда әлеуметтік салт-санасы жөнінде материал бар. Этнография мәліметтерін бір жүйеге салып жыйнау, сол сыяқты қазақ фольклорын жыйнау ісі XIX ғасырдың орта кезінен бастап қолға алынады. Бұл іс енді сапар шегулердің кездейсоқ бақылаулары болмайды, қазақ халқының салт-санасын зерттеу мақсатымен жүргізілген материалдық мәдениеттің ескерткіштерін және фольклорды жыйнап зерттеу ісі болады. Осы сыяқты жазбалар қазақ халқының тарихын зерттеу ісіне байланысты болғандықтан, біз оларды шолуды қазақ тарихнамасына арналған очеркімізге кіріскенге шейін қалдыра тұрамыз. Бұл арада біз қазақ фольклоры тарихи материалға әбден толы екендігін ғана ескертіп өтеміз. XIX ғасырдың екінші жартысына шейін жазба әдебиеті болмаған қазақ халқы, тарихи оқыйғаларды бірден-бірге ауызша аңыз арқылы қалдырып отырады. Әрине, бұл аңыздарды ұрпақтан ұрпаққа бұлардың жыршы-ақындары өңдеп келеді: бұл өңдеудің жасалғандығын әрбір ертегінің біздің заманымызға бірінен-бірі айрықша өңдеуде болып келгендігінен-ақ көруге болады. Қазақ фольклорының жазбаларын тарихи негізгі дерек ретінде пайдаланғанда үлкен сақтықпен, оларды баска деректермен үнемі салыстыра отырып пайдалану керек. Алайда, тарихи аңыздар осы күнге шейін тарих-

---

1 Ф. Ефремов. 10 жыл бойы Бұхарада, Хиуада, Персияда, Индияда кезіп жүргендегі бастан кешірген уақыйғалары және бұл жақтан Англия арқылы Россияға қайтып келуі, СПб, 1786.

2 Андреевтің қолжазбасы Ленинградта Орыс география қоғамының архивында сақтаулы. Бұл туралы Г. Н. Потаниннің: капитан Андреевтің Орта қырғыз ордасы туралы 1785 жылы жазған қолжазбасы туралы еңбегін қараңыз. Орыс география қоғамының Известиялары, XI, 2-шығуы, 1875.

әдебиет жоспарында ғана тексеріліп, ал тарихнама жоспарында тексерілмей келеді. Сырым батыр козғалысы жөнінде сақталып келген халық аңыздары да аз емес. Бұлардың бірқатары осы еңбекте пайдаланылды. Бұл жөніндегі тиісті материалдар кітабымызда көрсетілді.

Қазақстан тарихы Шығыс хабарларында өзінше орын алады. Қазақ хандарының сарайларында иран, хорезм, бұхар монархтарының сарайларындағыдай өз билеушілерінің әрекетін суреттеп отыратын бірде-бір хабар болмаған. Бірақ, Орта Азия халықтарының саяси тарихына біте байланысты болғандықтан, қазақ тарихы Шығыс хабарларында белгілі түрде орын алып отырған. Дегенмен, қазақ хандығының құрылуы және өмір сүре бастағаннан бергі алғашқы екі жүз жыл ішіндегі оның даму тарихы[1] үшін зор маңызы бар бұл негізгі деректердің XVIII ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттегенде бізге жәрдемі көп тимейді.

XVIII ғасырдағы Қазақстан тарихы үшін өзбек тіліндегі

---

[1] Бұл негізгі деректердің ішінен атап көрсететіндеріміз: 1) Абулғазы. Histoire des Mogols et des Tatares Aboul-Ghäsi-Behadour Khan (Publiee traduite et annote'e par le Baron Desmaisons). I – texte, St.-Pet., 1871; II—traduction, 1874. Сол еңбектің орысша аудармасы: Абылғазы-Баһадур хан түріктердің рулық шежіресі, аудармасы және алғысөз. Г. С. Саблуковтікі, соңғысөз және ескертулер Н. Ф. Катановтікі. Қазан университеті жанындағы археология, тарих және этнография қоғамының Известиялары, 1905, XXI; 1906, XXII. 2) «Тарихи Рашиди» (تاريخ رشدى) Мұхаммед Хайдардікі. Ағылшын аудармасы: Tarikh-i-Rashidi. The of Mirza Muhammad Haidar, Dughlat, A History of Moghuls of Central Asia, London, 189. Үзінділері (тексті және орысша аудармасы) В. В. Вельяминов Зерновтың Қасым патшалары және патша ұлдары туралы зерттеу деген кітабында келтірілген, II. СПб., 1864. 3) «Абдулла Нама» — Хафиз Таныштікі. Үзінділері (тексті және орысша аудармасы) В. Вельяминов-Зернов-тан. Көрсетілген шығармалар, II, 4) فامان عبدالله Фарулла Рузбеханның қонаққа шақыру хаттары. Аудармасы жоқ. ССР Одағындағы жалғыз қолжазбасы персия тілінде Өзбек ССР-нің мемлекеттік халық кітапханасында Ташкент қаласында сақтаулы (В. Л. Вяткиннің қолжазбалар жыйнағынан онша қанағаттанарлықтай болмай, орысшаға аударылған үзінділері. «Қазақстанның бұрынғы дәуірі негізгі деректерде және материалдарда» деген жыйнақта келтірілген, Алматы — М., 1, 1935. Мұның үстіне, Ғылым Академиясының Қазақ Филиалының қолжазба фондысында үзінділердің қолжазба аудармалары бар, бұл аудармалар «Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдар» деген жыйнақтың басылып шығарылуға әзірленіп жатқан бірінші томы үшін істелген. Ғылым Академиясының Қазақ Филиалы президателінің орынбасары мархұм Г. Ғұзырбаев жолдастың сүйіспеншілігі арқасында менің осы аудармалармен пайдалануыма мүмкіншілік болды.

Гурьевская областная библиотека
57697

хиуа хабарының неғұрлым зор маңызы бар. Бұл хабарды Мунис жасаған — «Фирдаус-уль-икбаль»[1].

Шир Мұхаммед, Эвезбиұлы (1778—1829) — оның әдебиет жүзіндегі аты Мунис — өзбектің Юз деген руынан білікті топтар арасынан шыққан адам. Ол өзінің хабарын Эльтузер (1804—1806) деген ханның тапсыруы бойынша жазған. Эльтузер — «Қоңырат» дейтұғын жаңа династиядан хан тағына ие болған бірінші өкіл. Мунис өзінің хабарын 1812 жылға шейін жеткізе жазған. Оның еңбегін бұдан әрі алып барған адам Мұхаммед Риза (Агехи) деген мираб. Мұхаммед Риза «Фирдаус-уль-икбальді» Мұхаммед Рахымның патшалық құрған дәуірін суреттеумен аяқтап, одан арғы хандардың патшалық құрған дәуірлерінің тарихын жасап тағы да төрт шығарма жазған. Агехи бұл тарихты 1872 жылға шейін, яғни Хиуа хандығын Россия жаулап алар қарсаңына шейін жеткізе жазған. Сонымен, Мунис қаламынан шыққан хабар біз зерттеп отырған дәуірге арналған. XVI—XVII ғасырлардағы хандық тарихын баяндағанда Мунис кейбір кездерде ғана толықтау және өзгертулер енгізіп қана отырып Абулғазидің ізімен жазып отырған болса, XVIII ғасырда, әсіресе, оның екінші жартысында болған уақыйғаларды баяндағанда түгелімен өз тұсынан жазады. Оның баяндауы мейлінше толық келеді, тегі суреттеп отырған уақыйғаларын қатнасқан адамдардан сұрап барып, соның негізінде жазған болу керек. Мунис пен Агехидың Хиуа хандарының арнаулы тапсыруы бойынша жазған хабары, әрине, бірбеткей ықпалмен жазылған. Авторлардың міндеті — жаңа династияның даңқын көтеруді көздеген. Династия өкілдерінің беделін түсірерліктей істің бәрі айтылмай күнгірт қала берген. Мунис пен Агехидың шығармасы, осы бірбеткейлігіне қарамастан, нақтылы материалының молдығы жағынан, Хиуа хандығының тарихын зерттегенде, ал біздің жұмысымыздың жоспары бойынша XVIII ғасырдың екінші

---

[1] فردوس الاقبال ССРО Ғылым Академиясының Шығысты зерттеу институтының қолжазбасы, С 571 (590 аа) және Еб. Орыс тілінде толық үзінділер «Түркпен және Түркмения тарихы жөніндегі» жыйнақта келтірілген, II, М.—Л., 1938, және біраз үзінді «Қарақалпақтар тарихы жөніндегі материалдар» жыйнағында келтірілген. М.—Л., 1936. Мунис шығармаларының қолжазбасы сол сыяқты Өзбек ССР мемлекеттік кітапханасында бар (Ташкент).

жартысындағы — XIX ғасырдың бас кезіндегі хиуа-қазақ қарым-қатнастарын зерттегенде үлкен бағалы шығарма болып табылады[1].

Біз санап өткен осы негізгі деректердің бәрі Сырым батырдың қозғалысы дамыған кездегі шаруашылық және қоғамдық жағдайларды айқындау үшін көп мағлұмат береді. Бұл мағлұмат әлгіден гөрі кемірек дәрежеде (Мунис хабарынан басқасы) XVIII ғасырда Кішіжүзде болған саяси жағдайды айқындайды, ал күрестің дәл өзінің басталуы және дамуы туралы (егер де фольклор материалдарын санамасақ) ешқандай мәлімет бермейді. Осы екі мәселенің қайсысын болса да жарыққа шығару үшін негізгі дерек — орыс архивтерінде сақтаулы документті материал. Бұл материалды бірінші Академиялық дейтін экспедиция, басқаша айтқанда, 1733—1743 жылдардағы Камчатка экспедициясы кезінде Г. Ф. Миллер таба бастаған. Осы экспедиция кезінде Миллер көп материал жыйнаған[2].

Миллер жыйнаған документті материалдың Казакстан тарихына тиістісінің бір бөлегі «Тарихи актыларға толықтауларды» басып шығарарда және «XVIII ғасырдағы Сібір тарихының ескерткіштері»[3] жыйнағында пайдаланылған. Өте-мөте ескере кететін бір іс, жарияланған материалдарда Тәуке ханның тарихы жөнінде материалдар бар. Тәуке ханның тарихы тарихи әдебиетте өте аз жазылған. Бұл материалда сол сыяқты осы беделді хан өлгеннен (1718 жыл) кейінгі өте бір қобалжыған уақытқа тиісті мәліметтер де бар.

Бізге керекті материалдар Ленинградтағы екі архивтан табылады: бірі Мемлекеттік орталық тарих архивы, екіншісі Тарих институтының Ленинградтық бөлімінің архивы. Жеке фондылардан өте-мөте маңыздылары мыналар: әлгі екі архив-

---

[1] Бұл негізгі деректің толық сыйпаттамасын «Түркпен және Түркмения жөніндегі материалдардан», II, 23—28-бет, сол сыяқты В. В. Бартольдің «Түркстанның мәдени өмір тарихынан» қараңыз, Л., 1927, 113-бет.

[2] Миллердің Сібірдегі әрекеті туралы және оның қолжазба мұрасының тізбесін қараңыз. Г. Ф. Миллер. Сібір тарихы, I, М — Л., 1937, мақалалар: А. И. Андреев, Г. Ф. Миллердің Сібір туралы еңбектері, Н. А. Бакланова және А. И. Андреев. Г. Ф. Миллердің Сібір халықтарының тарихы, географиясы, этнографиясы жөніндегі Москва және Ленинград архивтері мен кітапханаларында сақтаулы қолжазбаларын шолу.

[3] XVIII ғасырдағы Сібір тарихының ескерткіштері, I, 1882; II, 1895.

тардың біріншісінде — үкімет сенатының, генерал-прокурор канцелярриясының, Мемлекеттік советтің, ішкі істер министрлігінің: Департамент орындаушы полициясының және земский бөлімінің 8-іс жүргізушісінің Мемлекеттік мүлік министрлігінің алдында болған мекемелердің, литер А. фондылары, екіншісінде — көп және маңызды материалдары бар «Граф Воронцовтардың жыйнағы», Чкалов облыстық архивының фондтарынан Орынбор губерниялық канцелярриясының, Шекара істері экспедициясының және Шекара сотының[1] фондтарын; Москва фондтарынан, «Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнасы» фондысынан басқа (Ескі заман актыларының орталық мемлекеттік архивы — Граф Панининің фондысын, № 68) (Пугачев экспедициясы) (бұл да сонда) және Байырғы әскерлер бас штабының Мемлекеттік орталық соғыс тарих архивында сақтаулы фондысын көрсетіп өтуге болады.

Ноғай және қалмақ істерінің фондыларында сақталып келген (Ескі дәуір актыларының Мемлекеттік орталық Архивы) қазақтар тарихына тиісті материал онша көп емес.

Осы көрсетілген фондылардағы материалдар түрі жағынан да және шыққан негізі жағынан да біркелкі емес. Материалдардың бір бөлегі қазақтардан — сұлтандар мен старшиналардан тараған. Бұл материалдардың көбі хаттар, одан кейін «жолдамалар» және жергілікті Орынбор әкімшілігіне, Петербург үкіметіне берілген арыздар.

Мұндай документтерді татар молдалары Шағатай тіліне жақын дағдылы кеңсе тілімен жазып, кімнің атынан жазылса, сол адамның тек, мөрі немесе таңбалары басылған. Бұл документтер арабша, иранша алынған сөздермен қатар, орысша сөздерде кездеседі.

Әсіресе, «жолдамалар» қызықты. Бұлар жүз (ел) ішінде болған бір ірі уақыйғаға байланысты, старшиналар жыйылыстарында қабылданып отырды.

Жүз ішіндегі ішкі қарым-қатнастарды ұғыну үшін, атап айтқанда Сырым қозғалысының себептерін айқындау үшін, «жолдамалар» негізгі дерек болып табылады. Ішінде толып

---

1 Орынбордан (Чкаловтан) Қазақ ССР-ның Орталық тарих архивына Шекара комиссиясының (Шекара сотының орнына 1799 жылы құрылған) істері және неғұрлым бертініректегі істер берілген.

жатқан фактылары бар, айқын және түсінікті жазылған бұл документтер күрделі маңызы бар документ болып саналады. «Жолдамашылардың» өте-мөте керекті бола түсетін себебі, бұлар бізге мекеменің аударуынша емес, өзінің алғашқы жазылған түрінде өзгермей келіп жетті. Әрине, бұларға басқада түрлі негізгі дерек сыяқты, сын көзімен қарау керек және кейбіреулерінің дұрыс екендігіне де күдіктенуге болады. Бірақ бұл айтып отырғанымыз бұлардың мәліметтеріне сақтықпен баға беру керек екендігін көрсетеді. Осы әртүрлі документтердің тарихнамалық бағасы әлгі айтылған жағдайда өте жоғары, өйткені, Шығыстан шыққан документтердің түп нұсқаларында қойылған қолдардың саны өте көп болады. Старшиналар мен сұлтандардың аттарын документті кім жазған болса, сол адам қойып отырған, яғни әдетте, молда жазып отырған. Бірақ бұл қойылған қолдар тиісті адам атының қарсысына таңба немесе, мөр басылып анықталған. Қазақ таңбаларының үлгісі әдебиетте[1] талай рет келтірілген. Сондықтан біз бұларды суреттеуге тоқталмаймыз. Ал, енді мөрге келсек, бұл туралы бірнеше мәліметтер келтіруге болады. Мөрдің бедері қағазға қара бояумен түсіріліп отырған, жазу мөрдің табанына ойып салынған болғандықтан, оның басқанда түскен бедері тіпті айқын болмай көмескі болып түсіп отырған. Әсіресе, диаграфиялық белгілерін айыру қыйын. Мөрлердің үлгісі миндаль сыяқты сопақ, дөңгелек, шаршы және сегіз қырлы келеді. Миндаль сыяқты мөрлерді қашан да болса сұлтандар мен қожалар ұстаған, тек ерекше жағдай ретінде ғана бұл мөрлерге бидің ғана немесе мырзаның аты ғана жазылған (бұл жөнде төменде қараңыз). Мөрлерді басуда белгілі тәртіп қолданылған. Ең алдымен миндаль сыяқты мөрлер, одан кейін со-

---

[1] Н. А. Аристов. Түрк халықтарының этникалық составы туралы заметкалар және олардың саны туралы мәліметтер. Живая старина, III—IV, 1896, Н. И. Гродеков. Сырдария облысының қырғыздары және қара қырғыздары. Юридический быт, 1. Ташкент, 1889, Л. Мейер, Россияның географиясы мен санағы үшін материалдар. Орынбор ведомоствосының қырғыз даласы, СПб., 1865, А. Левшин. Қырғыз-қазақтардың немесе қырғыз-қайсақтардың ордалары мен далаларын суреттеу, III, СПб., 1832. Н. Соколов Башқұрт таңбалары туралы. Орынбор ғылми архив комиссиясының еңбектері, Орынбор, 1904, XIII шығуы (статьяда сол сыяқты қазақ таңбалары туралы да мәліметтер бар), «Қазақ ССР тарихы жөнінде материалдар», IV, М.—Л., 1940, және басқалары, Менің білуімше қазақ сфрагистикасы әдейі арналып зерттелмеген болу керек.

пақ, оның артынан дөңгелек және көп қырлы мөрлер басылып отырған. Мөрдің табанындағы жазулар біркелкі: мөр иесінің аты, оның тегі (әкесінің аты), дәрежесі (хан, сұлтан, би, т.т.) көрсетілген. Хиджра жылы көрсетілген мөр сирек кездеседі. Бұл түрлес мөрлерден қожалардың, қазылардың және молдалардың мөрлері көбінесе өзгеше келеді, бұлардың мөрлерінде әлгінің үстіне қосымша жазу бар. Старшинаның қандай рудан екендігі мөрде көрсетілмейді: ерекше бір сирек кездескен мөр ретінде Байсақал деген старшинаның мөрін атап өтуге болады, оның мөрінде: بای صق ال بن تلا کاجباسы Байсақал, Тілекұлы, Жаппас деген жазу бар. Мөрлерде ешқандай сурет жоқ. Бұл жөнде маған кездескен бір ғана мөр Қайыпұлы Ширғазы сұлтанның мөрі, мұның мөрінде қалыпты жазу үстіне тәж ұстап тұрған екі арыстанның суреті бар. Ширғазы Россия патша сарайында қызмет істеген бір ғана сұлтан болған. Оның мөрінде арыстандардың суреті болуы—орыс геральдикасының әсер ету нәтижесі екендігінде күман жоқ. Сол сияқты, тағы бір айта кететін нәрсе, старшиналардың мөрлері XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы материалдарда сирек кездеседі, бұл кезде мөр орнына таңба жүрген. Ғасырдың екінші жартысында старшиналардың мөрлері көп кездесе береді.

Мөрлер мен таңбалардың материалы үлкен мәнісі бар қортынды шығаруға мүмкіншілік береді, оның бержағында документтердегі жазуларды әбден тәптештеп зерттемей тұрып, документтердің мазмұнын дұрыс түсіну мүмкін емес. Таңбаларды салыстырып зерттеу әдісі қазақтардың этногенез мәселелерін анықтауға да көмегі бар екенін біз айтып жатпаймыз. Біз өзіміздің зерттеу жоспарымызда таңбаларды зерттеу әдісі меншіктіліктің сыйпаты жөніндегі мәселені де шешуге мүмкіншілік береді деп айта аламыз — рулық меншіктіліктің ыдырау процесі таңбалардың үлгісінен ашық көрінеді. Қойылған колдарды, атап айтқанда мөрлердегі жазуларды зерттемей тұрып, шежірелік аңыздардың дұрыстығын тексеру қыйын болар еді, ал атақтардың мұралы екендігі туралы мәселені шешерде мұның үлкен маңызы бар. Халық съездерінің «жолдамалары» мен арыздары әрқашан да қазақ жұртының атынан жазылып отырған. Таңбалар мен мөрлерді зерттеу ісі қойылған тілек-

тің қандай ру топтарынан және қандай сұлтандардың атынан жазылғандығын айқындауға мүмкіншілік береді. Съезге қатнасқан атақты адамдардың аттарын әлгі тілектерге қойылған қолдармен салыстырып отырып, біз жүздің елдің тіршілігіне жататын мәселелерді шешерде қандай алауыздық болғандығын біле аламыз. Осыған қарағанда қоғамдық күштердің екшелуіне документ ішіндегі айтылғаннан гөрі мүлде басқаша көзбен қараралықтай қортындылар шығады. Мысал ретінде старшиналар жыйналысының 1787 жылы сентябрь айында Екатерина II ге жазған хатын көрсетуге болады, бұл хатта қазақ даласын жаңадан қайта құрғаны үшін Екатерина II ге алғыс айтылған. Бұл хаттан жыйылыста басшылық роль атқарған старшиналардың қойған қолдарын, оның ішінде Сырым батырдың қойған қолын біз таба алмаймыз. Бұл жағдай жүздің мемлекеттік құрылысы жөніндегі мәселеде басшы старшина тобының қандай позиция ұстағандығының бетін ашуға және жергілікті әкімшіліктің ресми хабарларына жаңаша қарауға мүмкіншілік береді. Мөрлердің түрлерін зерттеу ісі қазақ қоғамында қожалардың қандай орында болғандығы жөніндегі мәселеге бірқатар анықтаулар кіргізуге және сословие жағынан олардың қандайлық әлеуметтік топқа жақын екендігін айыруға мүмкіншілік береді. Мөрлер мен таңбаларды зерттеу негізінде жасарлықтай қортындыларды түгел сарқа айтып өтуге біз аса зер салып отырғанымыз жоқ. Біз тек негізгі деректердің осы бір түрінің тарихнамалық маңызы бар екендігі жөнінде өз ойымызды бірнеше мысал келтіріп қана айтып өтпекшіміз.

Қазақтардың белгілі атақты адамдарынан шыққан жеке бір документтердің ішінен біз өз жұмысымыздың жоспарында мына төменгілеріне тоқталмақшымыз.

Старшиналардың Екатерина II патшаға 1785 жылы октябрь айында жазған арнаулы хатын атап көрсетеміз. Сырымның күресі күшейе бастаған кездің өзінде жазылған бұл хат кіші жүз ішінде осы көтерілістің Нұралы ханға қарсы неліктен басталғандығының көп себептерінің бетін ашады. Алайда, бұл хат XVIII ғасырдың ведомостволық аудармасы түрінде ғана сақталып, шығыстық түп нұсқасы жоғалып қалған[1].

---

[1] Ескі дәуірдегі актылардың мемлекеттік орталық архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнасы, К. 61, іс № 2, 116—119-б. Документ «Материалдар» жыйнағында басылып шыққан, IV, № 9, I.

Старшиналардың 1794 жылы төртінші январь күні патшаның атына жазған хатының да маңызы әлгіден кем емес. Бұл хат Сырым қозғалысының соңғы қортынды кезін ұғыну үшін ерекше қажетті материал. Қозғалыстың қортынды кезінде феодализмге қарсы күрес Россия патшалығына қарсы күреспен ұштасып кеткен. Бұл хат өзінің түп нұсқасы түрінде де, сол сияқты өз тұсында аударылған ведомостволық аудармасы түрінде де сақталып келген[1].

Қазақтың атақты адамдарының жазған хаттарының түп нұсқалары бәрі бірдей біздің уақытымызға шейін сақталып келмеген,— бұлардың көбі тек XVIII ғасырдың ведомостволық аудармалары ретінде ғана сақталған. Сақталып келген түп нұсқаларды ведомостволық аудармаларымен салыстырып көргенде тек стилистикалық айырмашылықтары ғана және қалып қойған болымсыз сөздері ғана көзге түсті. Сондықтан, тарихи негізгі дерек ретінде бұл хаттардың XVIII ғасырдағы аудармаларын да пайдалануға болады. Бұлардың көпшілігін алсақ, олардың түп нұсқаларының мағнасы айтарлықтай өзгеріп кетіпті деуге болмайды. Бірақ, өте бір қатты өкінішті іс, Сырымның 1792 жылы генерал-губернатор А. А. Пеутлингке жазған хатының түп нұсқасы жоғалып қалған. Сырымның патша әкімшілігімен қатнасын үзгендігін және Россияға соғыс жариялағандығын айтып жазған бұл хатында патша әкімшілігінің әрекеті туралы өте қатты айтылған көп сөздер бар, айтқанда, мұндай реттерде қолданылатын әдептілікті сақтамай-ақ, ашық түрде айтқан. Осы жағдайды еске алып А. А. Пеутлинг патша II Екатеринаға хабар беріп, хаттың түп нұсқасын Сырымның өзіне қайтарады да, Петербургке хаттың тек аудармасын ғана жібереді. Тегі, бұл хаттың татарша көшірмесі де жазып алынбаған көрінеді: қалайда мен оны Чкалов облыстық архивындағы істерден таба алмадым. Бірақ хаттың мазмұны патша әкімшілігінің теріс әрекетін әшкерелеген хат екендігіне, бұл хаттың тіпті татарша көшірмесін генерал-губернатордың Пе-

---

[1] Ескі дәуірдегі актылардың мемлекеттік орталық архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнасы, К. 64, 2-прис., 1792, іс № 5, 52—55, б. Документ «Материалдар» жыйнағында басылып шыққан, № 50, сонда документтің жаңа аудармасы да келтірілген.

тербургке жіберуді керек деп таппағандығына қарағанда, нағыз түп нұсқасында жазылған сөздер Орынбордағы аудармасында түгел айтылмаған деп ұйғаруға болады. Дегенмен, бұл хаттың бізге келіп жеткен түрінде де үлкен бағасы бар[1].

Қазақтың атақты адамдарының біздің уақытымызға келіп жеткен нұсқалы хаттарының ішінен Сырым батырдың қозғалысын зерттеу үшін ерекше үлкен маңызы бар хат Сырымның 1790 жылы 11 сентябрь күні II Екатеринаның атына жазған хаты[2]. Бұл хат қозғалыстың бір кенет өзгерген кезінде, атап айтқанда Сырым батыр патша үкіметтерімен келісу тактикасынан патшаға қарсы тағы да қарулы көтеріліске шығу әрекетіне даярланған кезінде жазылған хат. Патша үкіметтерімен келісу Сырымға жүз ішіндегі хан тобына қарсы көңілдегідей күрес жүргізу үшін керек болған. Хат Сырымның неліктен тағы да қарулы көтеріліске шыққандығының себептерін ашады. Күрестің сол дәуіріндегі жазылған хаттардың ішінен өте-мөте керекті хат Қаракөбек және Шобар деген билердің 1790 жылы 2 августа сыртқы істер коллегиясының мүшесі граф Безбородкоға жазған хаты[3]. Бұл хат Сырым батырдың жоғарыда көрсетілген хатына қосымша бағалы толықтыру болып табылады: бұл хат қазақтар мен жергілікті патша әкімшілігінің арасындағы қатнастарды сыйпаттау үшін аса бір қажетті материал береді.

Неғұрлым кейініректеу жазылған хаттардың ішіне Табын руының Тіленші Бөкенбаев деген старшинасының 1793 жылы 10 октябрьде Қайыпұлы Ширғазы сұлтанға жазған хатын ерекше атап көрсетуге болады[4]. Бұл хат Сырым қозғалысының соңғы қорытынды кезінде старшиналардың қандай позиция ұстағандығын анықтау үшін керекті хат.

Дегенмен, орыс архивтарында сақталып келген материал-

---

[1] Ескі дәуірдегі актылардың мемлекеттік орталық архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнасы, К. 64, 2-прис., 1792, іс № 5, 35—36-б. Хат «Материалдар» жыйнағында басылған, IV, № 44.

[2] Бұл да сонда, К. 64, 2-прис, 1790, іс № 2, 2—2-б. «Материалдар» жыйнағында басылып шыққан, IV, № 42.

[3] Бұл да сонда. 10—10-б. «Материалдар» жыйнағында басылып шыққан, IV. № 41.

[4] Бұл да сонда, К. 64, 2-прис., 1792, іс № 5, 71—75-б. «Материалдар» жыйнағында басылып шыққан, IV, № 49, жаңа аудармасы да сол жыйнақта келтірілген.

дардың көбі орыс арасынан шыққан, мұның ішінде патша үкіметінің қызметінде болған мұсылман дінбасыларының орыс тілінде жазылған документтері де бар.

Жергілікті әкімшіліктің Петербург үкіметіне жіберген ресми хабарлары, жергілікті әкімшілік өкілдерінің жазған хаттары, «ертегілер», «журналдар», «түсініктер» және тағы осылар сияқты материалдар да көп. Бұл материалдардың тарихи бағалылығы бірдей емес.

Қазақ қоғамының ішкі халін және саяси қарым-қатнастарын зерттеу үшін үлкен бір керекті материал «ертегілер». Бұл «ертегілерді» Орынбор губерниялық канцеляриясы және Шекара істері экспедициясы патша әкімшілігінің түрлі тапсырмаларымен қазақтарға жіберген адамдардан және Кішіжүзде тұтқында болып қашып шыққан адамдардан алып отырған[1]. «Ертегілердің» құнды болатын себебі, бұлардың ішіндегі мәліметтерді өз көзімен көрген адамдар жыйнаған. Мұның өкінішті жері сол, Кішіжүзге жіберілген адамдардың бақылау шеңбері патша әкімшілігінің белгілі тапсырмаларының аясынан ұзап шықпаған. Ал, патша әкімшілігі өзі билейтін рудың ішкі әлеуметтік қарым-қатнастарының қандай күйде екендігін керек қылмаған. Сондықтан, «ертегілердің» қазақ қоғамының әлеуметтік құрылысы жөніндегі мәліметтерді үзінді-үзінді болып келетіндігін, бұл «ертегілер» қазақ халқының көбінесе саяси тарихын баяндайтындығын осы жағдаймен түсіндіруге болады[2]. Бұдан кейін «журналдарды» атап көрсетуге болады. Зерттеп отырған дәуіріміздегі «журналдардың» ішінде өте-мөте қызықтысы Мұхаммеджан Хұсаинов деген муфтидің «журналы». Мұхаммеджан Хұсаинов Орынбор маңындағы Сеитов татарларының арасынан шыққан адам. Сәудегердің баласы, жас шағында оны күпия мәліметтер жыйнау үшін Сыртқы істер коллегиясы Қабулға және Бұхараға жібереді, одан қайтып келген соң офицер болып қызмет істейді. 1785 жылы

---

[1] Мұндай «ертегілердің» бірқатары «Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдар» жыйнағының II томы үшін басып шығаруға әзірленген.

[2] Тарихи ескерткіштердің бұл түріне сыйпаттауға соншалық толық тоқталмаймын, өйткені мұндай сыйпаттаманы мен кітабымның басқа жерінде бергемін. Қараңыз: М. П. Вяткин. XVIII ғасырдың «Ертегілері» тарихи негізгі дерек ретінде. Негізгі деректерді зерттеу проблемасы. III шығуы, Л., 1940.

Орынбор ахұндығына, 1787 жылы муфтилікке тағайындалады. 1824 жылы Уфа қаласында өледі, өзінің мирасқорларына бірнеше мың десятина жер, толып жатқан мал, тағы басқа мүлік қалдырады.

Генерал-губернатор барон О. А. Игельстромның тұсында Хұсаинов 1785, 1786, 1787 және 1790 жылдары жауапты тапсырмалармен бірнеше қайтара Кішіжүзге жіберіледі. Өзі старшина топтарына бейім адам болған соң, Хұсаинов өзінің журналдары мен хабарларында Кішіжүздің халі туралы, Сырымның тобы туралы, қазақ қоғамының ішкі күресінің себептері туралы, өзара жауласқан феодалдық топтар туралы фактылы көп материал қалдырған. Оның әсіресе 1790 жылғы шығарған журналы әбден толық жазылған[1]. Дегенмен муфти, тегі өзіне мәлім болған істің бәрін бірдей айта бермеген. Мысалы, оның журналында Кішіжүз ішіндегі тап күресінің барлығын жеңілдетіп бәсендеткісі келетіндігі көзге түсіп тұрады, мұның себебі муфтидің өзі старшина тобын жақтайтын адам болғандықтан өз-өзінен түсінікті. Дегенмен, оқыйғаларды баяндаудағы әлгі бірбеткейлігіне қарамастан, муфтидің журналдары фактылы мәліметтерінің байлығы жағынан алып қарағанда, өте керекті болып табылады.

Орыс арасынан шыққан материалдардың ішінен «түсініктерді» атап көрсетуге болады. Бұлардың ішінен полковник Д. Гранкиннің 1788 жылғы «түсінігін» және Игельстромның 1789 жылғы «түсінігін» ерекше бөліп көрсету қажет. Бірінші документ, дұрысында граф А. Р. Воронцовқа, генерал-губернатордың бұрынғы адъютанты өзінің бастығынан жәбір көріп орнынан алынған соң берген шағымы болып табылады. Әрине, бұл документ бірбеткей жазылған, дегенмен құнды документ, себебі, Орынбор әкімшілігі ауызға алғысы келмеген мәселелерді қозғайды, Гранкин «түсінігінің» өте маңызды жері сол, ол Сырым қозғалысы демократиялық негізде екендігі туралы мәселені ашықтан-ашық тура қояды және мұны Игельстромның өзі де бекер дей алмаған[2]. Игельстромның жауап

---

[1] Тарихи архив, № 2, М.—Л., 1939.

[2] Тарих институтының Ленинград бөлімі, граф Воронцовтардың жыйнағы, № 554, 247—335-б. б. «Материалдар» жыйнағында басылған, IV, № 32.

«түсінігіне» өте сақтықпен және сын көзімен қарау керек Бұл документте ол генерал-губернатор, Гранкин таққан айыптардан Петербург үкіметі алдында ақталуға тырысады. Мұнда Игельстром өзінің бұрынғы берген хабарларында ауызға алмаған мәселелерді лажсыздан айтуына тура келген. Сонда да ол көп әңгімелерді бәсеңдетіп көрсетуге тырысады. Мысалы, Сырымның қозғалысы халықтық, демократиялық негіздегі қозғалыс екендігі туралы сөз болған жерде, оның бұл жөніндегі мәселені жете айтпағандығы айқын көрініп тұр[1]. Бұл өзінен өзі түсінікті. Мұны мойындағаны патша чиновнигінің саяси ірі қате істегені болып табылар еді, әсіресе Пугачев бастаған шаруа соғысының басталар кезі таянған жылдарда істеген қатесі болар еді. Бірақ осы көрсетілген бірбеткейлік әсіресе Игельстромның «түсінігінде» емес, оның хабарларында ерекше көзге түседі. Бұл хабарлары орталық архивтарда сақталып келген.

Барон Игельстром 1790 жылы Уфадан шақырып алынып, оның орнына генерал А. А. Пеутлинг тағайындалады. Пеутлинг ешқашан да старшина тобын, әсіресе, Сырым тобын жақтаған адам емес. Ол бұрынғы Орынбор губернаторларының — И. И. Неплюевтің және А. Р. Давыдовтың отаршылдық әдістерін ашық түрде жүргізген. Бұл соңғы екеуіде сұлтандарды жақтау мен қатар қазақ далаларында патша үстемдігін күшпен нығайту әдістерін қолданған адамдар. Бұл мәселе жөнінде өзінің ойын ашып айтпайтын жөні де жоқ еді. Пеутлинг өзінің қысқа сөзінде, фактыларында және аз хабарларында өзінен бұрынғының жазған хабарларындағы көрсетілгендерге қарама-қарсы пікір келтіреді: Пеутлинг Сырымның қозғалысы «төмендегі» халықтар қозғалысымен байланысты екендігін бір емес талай рет қайтара атап көрсетуі былай тұрсын, ол мұның үстіне өзінің хабарларында Сырымды халық бұқарасының арасынан шыққан адам деп көрсетеді.

Орал әскерлері старшинасының қазақ ауылдарына зорлық

---

[1] Ленинградтағы Орталық мемлекеттік тарих архивы, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 131а, 1789, 5—51. «Түсініктер» «Мемлекеттік кенес архивында» үзінді болып басылған, I,II бөлім, СПБ., 1869 «Түсініктің» қазақтарға тиесілі бөлімі «Материалдарда» толық басылған, IV, № 33.

істеуін мадақтап, Ералы сұлтанды хандыққа тағайындап, көрер көзге сұлтан тобын жақтап, беделді старшина топтарымен санаспай Пеутлинг қазақ даласы мен шекарадағы жағдайды шиеленістіріп жібереді. Оның мұнысынан, керек десе, патшаның отаршылдық мақсатына келетін пайда жоқ еді.

Орал әскерлері старшинасының, әсіресе атаман Д. Донсковтың зорлық істегені үшін және бұл жөнде генерал-губернатор ешқандай шара қолданбай, қазақ старшиналарынан көп арыз түскен соң, старшиналармен сөйлесу үшін Кішіжүз ішіне сұлтан Ширғазы жіберіледі. Ширғазы Қайып ханның баласы. XVIII ғасырдың 90-жылдарында ол Петербургта граф Пл. Зубовтың адъютанты болған. Ширғазының патшаға жуық адамға жақын екендігі Кішіжүз ішінде әбден мәлім болғандықтан, старшиналар өздеріне осы сұлтанның жіберілуін сұрайды. Ширғазы 1793 жылы келеді, сондықтан Кішіжүз ішінде 1793 жылы және 1794 жылдың басында болған уақыйғалар жөнінде Ширғазының берген хабарлары мен жазған хаттары өте-мөте қызықты және маңызды негізгі дерек болып табылады[1]. Генерал губернатордың бірқатар кедергі жасауына қарамастан, Ширғазы сұлтан Абылғазы Қайыповты маңайлаған старшиналар мен сұлтандарға кездесіп сөйлеседі. Абылғазы Қайыпов Ширғазының інісі, Қайып өлгеннен кейін ол Шекті руына хан болып жарияланған. Ширғазы Кішіжүз ішіндегі көріп, біліп, естігенін түп-түгел дұрыс айтып берген. Оның айтқандары кішіжүздің ішкі халін айқындау үшін өте-мөте бағалы. Старшиналардың сөздері әсер етіп, Ширғазы өзінің хабарларын боянқырап жіберуі де мүмкін. Дегенмен осының өзі белгілі түрде бағалы болып табылады, өйткені бұл генерал Пеутлингтің шекарада жасаған әрекетіне байланысты старшиналар арасында қандай пікірлер туғандығын көрсетеді.

1794 жылы А. А. Пеутлинг ауысып, оның орнына С. К. Вязмитинов келеді. Ол аз да болса қазақтарға кейбір жеңілдіктер істеу керек екендігін, атап айтқанда қазақтардың Орал өзенінің оң жағасын жайлауға ерік беру керек екендігін және жер-

---

1 Ширғазының Кішіжүз ішіне баруына байланысты бірқатар документтер (бәрі түгел емес) «Материалдар» жыйнағында басылған, IV, № 50, 51, 52. Ілгеріде сол сыяқты архив фондыларына тексте көрсетулер жасалып отырылған.

гілікті әкімшіліктердің зорлық-зомбылығына шек қою керек екендігін түсінеді. Вязмитиновтың тұсында Кішіжүз іші уақытша тынышталғандай болады. Амал канша орталық архивтарда мұның берген хабарларының және Орынборға екінші рет тағайындалып 1797 жылы оның орнына келген О. А. Игельстромның берген хабарларынан тек біразы ғана сақталған. 1794—1797 жылдардағы негізгі деректердің мұндай аз болуы сенатор Репинский комиссиясының әрекеті нәтижесінде архив істерінің жаппай жойылуына байланысты болу керек. Бұл комиссия Билеуші сенаттың архивынан өткен ғасырдың 70 жылдарында істер алған. Жойылған істер тізімдерінің арасында бұл жылдарда губернаторлардың бірқатар хабарларының саны көрсетілген. 1791 жылғы материал туралы да осыны айтуға болады. Бірақ Чкалов облыстық архивында, Шекара істерінің Орынбор экспедициясының фондысында тиісті істер сақталып қалған. Сондықтан 1791 және 1794—1797 жылдардағы уақыйғаларды айқындау үшін Чкалов облыстық архивының материалдары негізгі дерек болып табылады. Шекара істері экспедициясының документтері арасында біз генерал-губернаторлардың Сырткы істер коллегиясына және патша атына жіберген хабарларының көшірмелерін кездестірдік. Бұлардың подлинниктері Орталық архивтарда сақталмаған. Дегенмен өте-мөте құнды жері бұл фондыда әлгі айтылған хабар-хаттарды жазардағы негізгі алынған материалдар сақталып келген. Сондықтан бұл материалдарды ең түпкі негізгі деректердің қатарында санауға болады. Бұл материалдың ішінен ерекше бағалылары «ертегілер» және түрлі тапсырмалармен Кішіжүз ішіне жіберілген адамдардың генерал-губернатор атына немесе Шекара экспедициясының атына жіберген хабарлары. Бұл негізгі деректер арасында қазақтың атақты адамдарының жергілікті әкімшілік атына жазған хаттары да аз емес. 40 және 50-жылдарда Наплюев өзінің хабарларына тіркеп қосымша ретінде бұл материалдардың бәрін Петербургке жіберіп отырған болса, губернатор Давыдовтың уақытынан (яғни 1759 жылдан) бастап бұл тәртіп қойылып, барлық түпкі материалдар Орынборда қалып отырған. Бұл материалдардың тарихнамалық маңызы айқын көрініп тұр. Ералы сұлтан хан болып тағайындалған жылы — 1791

жыл үшін және Есім ханды Сырым батырдың өлтіретін жылы—1797 жыл үшін Шекара істері Орынбор экспедициясының материалы, дұрысында, бірден-бір ғана материал болып табылады. 1797 жылғы уақыйғалар туралы Ленинград архивтарының істерінде ешқандай материал сақталмаған. Москвада, Мемлекеттік орталық соғыс-тарих архивында, Соғыс коллегиясының президенті граф Н. И. Салтыковтың істерінде Есім ханның өлтірілуіне байланысты екі документ сақталып келген. Екеуі де Орал әскерлерінің атаманы Д. Донсковтан шыққан[1].

Ресми документтерден басқа жеке адамдардан шыққан материалдардың да белгілі түрде қажеттілігі бар. Мұндай материалдардың ішінен Астрахань полкының командирі Д. Персидскийдің граф А. Р. Воронцовтың атына жазған хаттарын атап көрсетуге болады. Бұл хаттар «граф Воронцовтардың жыйнағында» сақталған[2]. Жеке документтердің арасынан сұлтандар мен старшиналардың 1803 жылы, яғни Сырым өлгеннен кейін келесі жылы, Орынбор айырбас сарайының маңында байласқан «сертін» атап өту керек[3]. Бұл документтің мазмұнын біз кітабымыздың қортынды бөлімінде толық талдаймыз, бұл арада осы «серт» Қішіжүздің қоғамдық және саяси өміріндегі бағыттарды айқын көрсететіндігін атап өтпекшіміз. Осы бағыттардың дамуын Сырым тоқтатпақшы болады және сол бағыттарды жеңе алмауы оның күресінің сәтсіздікке ұшырауына негізгі себептердің бірі болған. Осы мағнада алып қарағанда, бұл документ мезгілі жөнінен Сырым қозғалысының шеңберінен шығып тұрса да, сол қозғалысты ұғыну үшін көп материал береді.

Осы очерктің негізіне алынған материалдар, міне, осындай. Бұл материалдар, өзіміз көріп өткендей, көбінесе документ болып келеді. Бұлар, өзіне, әрине, сын көзімен қарауды керек

---

[1] Мемлекеттік орталық соғыс-тарих архивы, Соғыс коллегиясының президенті граф Н. И. Салтыковтың фондысы, қаттау 199, 1797, іс 297—314, 43—45-б. б. және 46—47. Документтердің екеуі де «Материалдар» жыйнағында басылып шыққан, IV № 58, 1 және 2.

[2] Бұлардың, бір бөлегі «Материалдар» жыйнағында басылған, IV, № 30, 31, 35, 38, 39, 40.

[3] Ленинградтағы Орталық мемлекеттік тарих архивы, Ішкі істер министрлігі, Орындаушы полиция департаменті, 1805, іс № 333, 13—16-б. б. «Материалдар» жыйнағында басылған, IV, № 65, сонда орысша аудармасы да келтірілген.

етеді, дегенмен бұл документтер жасалған кездегі жағдайды және бұл документтердің авторларының отаршылдық саясат мәселелеріндегі ұстаған бетін еске ала отырып, сол сияқты түрлі негізгі деректерден алынған біртектес мәліметтерді салыстыра отырып, бұл материалдан сенімді, фактылы материалдар алу онша қыйын емес.

Осы фактылы мәліметтерді айқындауда тек бір кезде ғана, атап айтқанда орыс пен түрік арасында екінші қайтара соғыс болған жылдарында (1787—1791) жылдары қазақтың атақты адамдарының орта азия хандықтарымен және Оттоман Портасымен қарым-қатнастары жөніндегі мәселеде әжептәуір қыйыншылық кездесті. Қазақ даласында бұқара молдаларының Порта пайдасына жасаған әрекеті жандануы жөніндегі мәліметтер түрлі-түрлі негізгі деректерден тарайды. Бұл деректерге қарағанда, молдалардың Россияға қарсы әрекеті қазақ даласында өте кең етек алған. Бұған біздің көзіміз жететін тағы бір себеп, молдалардың әрекеті жөніндегі мәселе патша жанындағы Кеңесте (кейіннен Непременный совет) неше қайтара талқыланған. Бұл әрекет патша әкімшілігін Кішіжүз ішінде дін насихатын күшейтуге мәжбүр етеді. Бұл бағытта Мұхаммеджан Хұсаинов деген муфти пайдаланылады[1].

Сырым батырдың қозғалысына тиесілі архив материалдарының бұл уақытқа шейін тек біразы ғана жарияланған. Жарияланған материалдардың ішінен патша жанындағы Кеңестің протоколдарын атап өту керек. Бұл протоколдар «Мемлекеттік советтің архивында» басылып шыққан, 1, 2 бөлім. Бұл протоколдарды Ленинградтағы орталық мемлекеттік тарих архивында, Мемлекеттік кеңес фондысында сақтаулы подлинниктарымен салыстырып қарағанда протоколдардың бір бөлегі жоғалып қалғандығы көрінді. Сондықтан бұлардың «архивта» жариялануы өте кажетті. Жыйнакта протоколдардан басқа, бірқатар қосымшалар, атап айтқанда жоғарыда айтылған барон Игельстромның 1789 жылғы «түсінігі» (толық емес) басылған.

Сырым батыр қозғалысының тарихы жөнінде неғұрлым толық жариялау «Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдар»

Оның «Өсиет» хаты Ленинградтағы орталық мемлекеттік тарих архивында орысша аудармасында сақталып келген, ішкі істер министрлігі, 8-делопроизводство, 1803, іс № 13, 65—68-б.

жыйнағының IV томында келтірілген. Бұл томда осы қозғалыс тарихы жайында Москва мен Ленинград архивтарында сақтаулы материалдардың бір бөлегі басылған. Ал, Чкалов облыстық архивының материалдары ешқайда жарияланбаған.

ӘДЕБИЕТ

Қазақстан өткен замандағы тарихына тиесілі әдебиетке шолу жасағанда біз Қазақстан тарихнамасының дамуындағы негізгі бағыттарды атап көрсетуге тырысамыз және Сырым батырдың қозғалысына арналған әдебиетке ерекше тоқталамыз.

Орыс қоғамында Қазақстан тарихына көңіл бөлудің шығуына Абулхаир ханның 1731 жылы Россия қоластына қарауы себеп болғандығында сөз жоқ. Россия империясы жаңадан үлкен бір өлкенің келіп қосылуына байланысты орыс үкіметі өкілдерінің қандайлық үлкен үміт күткендігін И. К. Кирилловтың 1734 жылы жасаған жобалары көрсетеді. Петр I нің Орта Азияға және Индияға өту үшін Қазақстанды тірекке айналдырамын деген талабы іске асқан сыяқтанады. Қазақстанның Россия империясына қосылуына байланысты сауда мүдделерінің үстіне жаңадан кен байлықтары, атап айтқанда алтын кенін меңгеріп алу үміті туады. Толып жатқан алтын запасы бар деген көрінеу асыра айтқан мәліметтер («Алтын тау» туралы ертегілер) тарайды. Кириллов жобаларының негізсіз екендігі, олардың жуықтағы уақытта іске асырылуы мүмкін емес екендігі тез арада біліне қалады. 1737 жылы Кириллов өліп, оның орнына келген В. Н. Татищев Орынбор экспедициясының, одан кейін Орынбор комиссиясының бастығы ретінде, алдына неғұрлым ықшамырақ міндеттер қояды: Россия империясының үстемдігін Сырдария өлкесі бойынша емес, Жайық бойынша нығайту, Орта Азияны жаулап алуға әзірлену емес, онымен экономикалық және сауда байланыстарын нығайту, кен байлықтарын қазу емес, оларды зерттеу тағысын тағылар. Алайда, Кириллов жобаларының кемістігінің өзі өлкені зерттеуге, оның нақтылы халімен танысуға ұмтылдырады. Бұл ол кезде алыс жатқан өлкеде империяның саяси және экономикалық үстемдігін баянды ету үшін керек болған еді.

П. И. Рычков. Орынбор тарихы. Ай сайын жазылып тұратын

Бұл тілектерге П. И. Рычковтың еңбектері[1] сай келеді. Рычков ұзақ уақыт, 40-жылдан 70-жылдарға шейін, Орынборда қызмет істеген. Рычковтың тарихи ізденулеріне Г. Ф. Миллердің үлкен әсер еткендігінде сөз жоқ. Миллердің 1750 жылы басылып шыққан «Сібір патшалығын суреттеуінің» I-томымен Рычков таныс болған. Бұл әсер Рычковтың Сібір тарихшысымен төте хат жазысып тұруы арқасында тағы да нығая түседі. Бұл әсер Рычковтың «Сібір патшалығын суреттеуден» бірқатар тарихи мәліметтер алуынан ғана емес, оның үстіне тарихшының міндеттерін, тиісті негізгі деректердің шеңберін және зерттеу тақырыбының көлемін ұғына білуінен де көрініп тұр. Миллер сияқты Рычков та тарихшының міндеті — тарихи мәліметтерді мүмкіншілігіне қарай дәлді келтіру деп түсінген. XVIII ғасырдың орта кезіндегі орыс тарихнамасындағы саяси қағыйдалық бағытқа Рычков мүлде басқаша қараған. Сол көзқарас қандай затты зерттеу керек екендігін ұғынуда да көзге түседі: Рычков тарихи мәліметтерді келтірудің үстіне, географиялық көп материал және этнографиялық мәліметтер келтіреді. Ол, Миллер сияқты, көбінесе ресми хабарлар, указдар, тағы сондайлар сияқты архив материалдарын пайдаланып қана қоймайды, мұның үстіне, ол сұрастыру әдісін, атап айтқанда қазақ старшиналарынан, сол сияқты орта азия купецтерінен сұрастырып білу әдісін кең түрде қолданады. Рычков Орынборда ұзақ уақыт қызмет істеп тұрып, қазақ старшиналарымен көп араласқан. Рычков өзінің пайдаланған негізгі деректерінің сыйпаты туралы былай деп жазады: «Мен өзімнің барлық мүмкіншілігіме қарай керекті справкаларды Губерниялық канцелярия бойынша және басқа жерлерден жыйнауға тырыстым. Оның бер жағында, бұл жерлерде өзім көп болғандықтан өзім көріп және басқалардан сұрап, біліп жазып алғандарымды жыйнауға тырыстым»[1]. Әде-

---

пайдалы және қызықты шығармалар мен аудармалар, СПб., 1759, 2-рет басылып шығуы, Орынбор, 1896 ж., бұл да Рычковтікі. Орынбор губерниясының топографиясы. Бұл да сонда, 1, СПб., 1762, 2-басылып шығуы, Орынбор, 1877 тағы басқалары. «Граф Воронцовтардың жыйнағында» (Тарих институтының Ленинград бөлімі) сол сияқты, оның «Лексиконық» данасы сақталып келген, мұнда Қазақстан тарихына тиесілі бірқатар географиялық, этникалық және әлеуметтік атауларға алфавит тәртібімен түсінік берілген.

[1] П. И. Рычков. Орынбор губерниясының топографиясы, II, 5-бет.

би негізгі деректердің ішінен Рычков, Миллердің үстіне, В. Н. Татищевтің шығармаларымен, шығыс жазбаларының ішінен Абылғазының «Түрік шежірелерімен» (Француз тіліндегі аудармасымен) пайдаланған. Мұның үстіне, Рычковтың қолында араб негізгі деректерінен үзінділер болған, бұларды Рычковка Орынбор ахұны аударып берген, және Ураслин деген переводчик аударған парсы негізгі деректерінің аудармалары да болған.

Қазақ халқының тіпті ескі замандағы тарихы туралы Рычков нақтылы ештеңе айтпайды. Қазақ халқының қайдан шыққандығы жөніндегі мәселеде Миллердің қазақтар мен қырғыздар әркайсысы өзалдына жеке халық деген әбден дұрыс пікіріне күдіктеніп, Рычков Миллерге қарағанда керек десе бір адым кейін кеткен. Бірақ, Абулхаир хан Россия қоластына қарағаннан кейінгі қазақтар тарихы жөніндегі мәліметтер нақтылы және дәлді, дегенмен бұл арада да Рычков кейбір жерлерде өзінің ойына тым артығырақ сеніп кеткен. Тегі, оның хронологиядағы кейбір бірен-саран қателерін осы жағдаймен түсіндіруге болар (мысалы, Әбілмәмбет Түркстан қаласына Рычков жазғандай 1742 жылы емес, 1743 жылы көшкен, тағысын тағылар). Рычковтың баяндауындағы кейбір көмескі мәселелерді негізгі деректердің сыйпатынан болған деп түсіндіруге болады. Мысалы, Кішіжүз және Ортажүздердің рулық составын сыйпаттауы үшін Рычков тек қана старшиналардың айтқан сөздерін пайдаланған. Бірақ старшиналардың бұл мәселе жөніндегі айтқандары көп жерлерде әртүрлі болып келген. Бұл рулар мен бөлімдерді санап өту жөнінде айтылған сөз емес, руларды ұрпақ бойынша, бөлімдерді рулар бойынша жіктеу жөнінде айтылған сөз. Орыс арасынан шыққан негізгі деректер бұл мәселе жөнінде жалпы біріне бірі қайшы келеді. Біз Рычковтың, Лепщиннің, Габердовскийдің, Мұхаммеджан Хұсаиновтың айтқандарынан осы түрлі жіктеулерді кездестірдік. Бұл жіктеулердің әртүрлі болатын себебі, тегі старшиналардың өздері бұл мәселе жөнінде дәлді мәліметтер бере алмаған болу керек. Қазақ қоғамында жеке ру топтарының өзара байланысының шатыстығы соншалық, тіпті халық аңыздарының өзі де бұл байланысты қанағаттанарлықтай түрде айырып бере алмайды.

Сақталып келген ру шашырандыларының әдейі арнап зерттемей тұрып, тек сақталып келген аңыздардың жабайы жазбалары негізінде де, ескі дәуірдегі қандас-туыстас топтар қалдықтарының арасындағы әлдеқашан бұзылған генетикалық байланысты XVIII ғасырдың орта кезінде артық-кемді дәл анықтау мүмкін бола қояр ма екен. Ал әлгі айтылғандай зерттеу бізде осы уақытқа шейін жоқ[1]. Қазақ қауымының рулық составы жөнінде мәліметтер бергенде старшиналар көп мәселелерді жасырып қалды деуге болар, бірақ мәліметтердің әртүрлілігі тек осындай қасақана теріс көрсеткендіктен туған деуге болмайды. Қалайда, қазақ руларының аттарын, олардың қоныстаған жерлерін орыс негізгі деректері мейлінше дәлді береді.

Рычков еңбектерінде қазақтардың шаруашылығы, Кіші жүздің саяси тарихы және патша өкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясаттарының мақсаттары толық айтылған болса. қазақ қоғамының әлеуметтік құрылысы жөніндегі мәселе тіпті ауызға алынбаған.

Рычковтың еңбектері өте керекті тарихи негізгі деректік маңызын біздің тұсымызға шейін сақтап келді. Бірақ оның зерттеген мәселелерінің шеңбері этникалық емес, географиялық белгілеріне қарай айқындалады: ол Орынбор губерниясын оның бұрынғы күйінде зерттеп суреттеген және осыған байланысты тұрде ғана қазақ халқының тарихын және этнографиясын әңгіме қылады.

Қазақстан этнографиясының дамуында 1832 жылы А. И. Левшиннің жарияланған еңбегі ірі кезең болып табылады[2]. Левшиннің зерттеуі үш бөлімнен құралады: бірінші бөлімі Қазақстан турасындағы географиялық қабарларға арналған, екіншісінде қазақ халқының тарихи очеркі жазылған және үшінші бөлімі этнографиялық бөлім. Левшиннің тарихи очеркті жазғандағы қолданған негізгі деректері: Абылғазының «Түрік шежірелері», қытай негізгі деректерінен алынған мәліметтер (бұл мәліметтерді Клапорт Тай-Цин-и-тун-ши географиясынан (Magasin Asiatique деген (Idées de la Littérature

---

[1] Н. Аристовтың бағалы зерттеулері қанша дегенмен де осыған байланысты мәселелердің бәрін бірдей жеріне жете шеше алмайды.

[2] А. И. Левшин. Жоғарыда көрсетілген шығармалары.

chinoise en general алған және европа тілінде жарияланған материалдар мен зерттеулерден автордың алған тағы басқа деректері. Левщин Рычковтың еңбегін және Карамзиннің «Россия мемлекетінің тарихындағы» қазақтар турасындағы үзінді мәліметтерді кең түрде пайдаланған. Бірақ Қазақстан тарихы үшін ол мынадай негізгі деректерді қолданған: Орынбор губерниясы канцеляриясының, Шекара істері экспедициясының[1] және Сыртқы істер коллегиясының архив фондылары, «Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнасының» фондысы. Географиялық және этнографиялық очерктердің негізіне Габердовскийдің қолжазбасы алынған. Бұл қолжазба Левщинге, сөзсіз мәлім болған және ол оны кең түрде пайдаланған.

Левщиннің еңбегінің көп жерлері өзінің тарихнамалық маңызынан осы күнге шейін айрылған жоқ. Бұл еңбек, автордың қолы жеткен негізгі деректерді баяндау жағынан, ерекше дәлділігімен көзге түседі. Қазақ пен қырғыз халықтары әрқайсысы өзалдына екендігін Левщин мүлде ашық көрсетеді. Қазақ пен қырғызды оның тұсында араластырып жіберіп отырған. Левщин қазақ халқының «қазақ» деген өз атымен аталуын талап етіп, өзі де «қазақ» Ордасы деген атауды үнемі қолданып отырған. Ол қазақтардың Россия қоластына қарау тарихын толық баяндайды, қазақ хандығының Россиямен, Жоңғариямен және Қытаймен арадағы қарым-қатнасының очеркін жазады. Қазақ хандығының ертедегі тарихы жөнінде Левщин Жәнібек және Гирей аймағының құрылуы туралы, Есім, Жаһангер және Тәуке деген хандардың тарихы жөнінде тек үзінді мәліметтер ғана келтіреді. Қазақ хандығының XV ғасыр аяғындағы және XVI ғасырдағы тарихы Левщинге мәлім болмаған, бұл дәуірдің нақтылы тарихы әжептәуір бертінірек уақытта айқындалады және бұл айқындау ісі академик В. В. Вельяминов-Зерновтың еңбектеріне байланысты. Левщиннің мәліметтері тек Кішіжүзге ғана емес, сол сияқты Ортажүз және Ұлыжүздерге де қатысты.

Левщин еңбегінің басқа екі бөлімдерінде келтірген географиялық және этнографиялық мәліметтері де өз маңыздарын

---

[1] А. И. Левщиннің өзі Орынбор фондыларының ішінен Шекара комиссиясының фондысын көрсетеді. Осы уақытта бұл фонд тек 1799 жылдан (Шекара комиссиясының құрылған жылы) бергі істерді ғана қамтыйды. Қазақ ССР-нің Орталық тарих архивы, фонд № 4.

әлі жойған жоқ. Қазақстанның осы уақыттағы тарихшысына оның этнографиялық мәліметтерінің неғұрлым құнды бола түсетін себебі, Левщин өз еңбегінің тарихи бөлімінде XIX ғасыр басындағы орыс тарихнамасындағы жалпы бағытқа еріп, тек саяси тарих мәселелеріне ғана тоқталып отырады. Бұл жағдай оның Сырым батыр қозғалысының тарихын баяндауына да әсер еткен. Бұған біз ілгеріде тоқталып өтеміз. Левщиннің еңбегінде, Рычковтың зерттеулерімен салыстырып қарағанда, Қазақстан тарихына әжептәуір күштірек көңіл бөлінуі, тек Кішіжүз қазақтарының ғана емес, мұнымен қатар Ортажүз және Ұлыжүз қазақтарының өткендегі тарихына обзор жасалуы кездейсоқ уақыйға емес. 20-жылдардың басында ірі реформалар жүргізіледі, соның нәтижесінде Кішіжүз және Ортажүздердің саяси тәуелсіздігінің жойылуы басталады. Бұл — 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы устав» және 1824 жылы Кішіжүзде хан өкіметінің жойылуы. Сол 1824 жылы Ұлыжүзде сұлтан Сүйік Аблайхановтың қазақтары патша қоластына қарай бастайды. Империяға бағыныштылықтан империяның біржолата қоластына қаратылуға тиісті халықтың географиясы, этнографиясы және тарихы жөнінде жалпы ұғыныс беретін еңбек керек болды. Бұл міндетті Левщиннің еңбегі шешеді және ол мұны сондайлық тамаша орындаған, Левщиннің «баяндауы» Қазақстан тарихы жөніндегі еңбектердің тіпті осы күнге шейін ең таңдаулыларының бірі болып табылады.

XIX ғасырдың орта кезінде Қазақстан тарихнамасында екі бағыт айқындалып шығады. Оның бірі Қазақстанды отар ретінде меңгеріп алу міндеттерімен біте байланысты болады. Бұл меңгеріп алу міндеттері енді жалпы тарихи және этнографиялық шолуларды керек қылмай, қазақ қоғамының шаруашылық әлеуметтік және ұқыптық тіршілігі сияқты жеке салаларын тәптіштеп айқындауды тілейді. Бұл міндетті елкеде есеп-санақ жұмысына және ұқықтық тіршілігіне арнаулы зерттеу жүргізу арқылы шешуге болатын еді.

Екінші бағыт қазақ халқын отаршылдық саясаттың объекті ретінде емес, тарихи процестің субъекті ретінде зерттеу жағынан кіріседі. Бұл бағыт халықтың салт-сана ескерткіштерін, оның мәдени ескерткіштерін жыйнап және сақтауға тырысады. Қазақ фольклорын жыйнау ісі осы бағытпен байланысты. Бұл

жұмыска тек орыс зерттеушілері ғана емес, мұнымен қатар, қазақ халқының өз сана-сезімі оянуымен бірге туа бастаған қазақ интеллигенциясының өкілдері де бірте-бірте тартылады.

Бірінші бағыттың әсері Бларамбергтің, Мейердің және Красовскийдің еңбектерінде, ал ғасыр аяғы үшін — қазақтардың жер пайдалануы жөніндегі материалдарда өте-мөте айқын көзге түседі. Қазақтардың жер пайдалануы жөніндегі материалдарды Щербинаның экспедициясы жыйнаған. Бларамбергтің суреттеуі[1] Бөкей, яғни Ішкі, Ордаға және Кішіжүзге арналған. Біздің жұмысымыздың жоспарында бұл суреттеудің қажетті болатын себебі, мұнда Қазақстанның батыс ауданарының топографиясы жөнінде, қазақ қоғамының рулық составы және оның шаруашылық салт-санасы жөнінде мәліметтер бар. Л. Мейердің еңбегі де[2] біздің тұсымызға шейін әлгі сыяқты маңызын сақтап келген. М. Красовскийдің кең зерттеуі анағұрлым көбірек мәселелерді қамтыйды. Красовскийдің бұл зерттеуі негізінде Ортажүз қазақтарына[3] арналған. Атап айтқанда, Красовскийдің еңбегінде қазақтардың тарихтық географиясы және ұқықтық салт-санасы жөнінде, қазақтардың кәсібі, өмір бейнесі, жер пайдалануы, тағысын тағылары жөнінде мейлінше мол материал жыйналған. Әдебиет жағынан өңделген осы мол материал өзінің тарихтық негізгі дерек ретіндегі маңызын осы күнге шейін сақтап келген.

XIX ғасырдың аяғында, орыс үкіметінің Қазақстан жөніндегі негізгі міндеті Қазақстанды отарлау мәселесі болған кезде, санақтық зерттеулер де, сол сыяқты тарихи очерктер де осы негізгі тақырыптың төңірегіне топтала бастайды. Осы арағa тиесілі кең әдебиетке, біздің тақырыбымызға мейлінше алыстан келіп қатнасатын әдебиет ретінде, біз бұл жерде оларға тоқталмаймыз. Тек Щербинаның экспедициясы жыйнаған

---

[1] Бларамберг. Орынбор ведомоствосы қырғыз-қайсақтарының жерін соғыс-санақтық жағынан суреттеу. Россия империясының соғыс-санақтық обзоры, XIV, 3-бөлім, 1848.

[2] Л. Мейер. Жоғарыда көрсетілген шығармалары.

[3] М. Красовский. Сібір қырғыздарының облысы. Россияның географиясы және санағы үшін материалдар, СПб., 1868.

санақ материалын ғана атап өтеміз[1]. Щербинаның экспедициясының алдына қойылған міндет — отаршылдық фондысына алынуға арналған қазақ жерлерінің артығын айқындау. Бұл зерттеуге түскен Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Павлодар, Қостанай, Қаркаралы, Ақтөбе, Зайсан, Өскемен, Семей, Омбы және Петропавловск уездеріндегі қазақтардың шаруашылығы. Щербина экспедициясының алдына қойған мақсатының өзі санақ таблицаларының жасалуын тым бірбеткей ықпалға бағындырып жіберген. Жыйналған материалдар қазақтардың XIX ғасыр аяғындағы жер пайдалану тәртібін осының салдарынан теріс сыйпаттайды. Бұл таблицаларға, тарихи негізгі дерек ретінде, өте сақтық көзбен қарау керек. Дегенмен, біздің зерттеу жоспарымызда қазақтардың осы жер пайдалануының неғұрлым бертінгі уақытындағы жасалған таблицалары қажетті емес, бізге кіріспе статьялары мен толып жатқан ескертулері қажетті. Бұл статьялар мен ескертулерде жыйналған материалдар ең бірінші рет зерттеуге түскен және бұларда қазақтардың жер пайдалануының тіпті ерте дәуірдегі кезін сыйпаттау үшін маңызды материалдардың барлығы анықталған. Осыған байланысты біз өзіміздің тарихнамалық очеркімізде «Материалдарды» санақтық негізгі дерек ретінде емес, атап көрсетеміз.

1906—1912 жылдарда П. А. Скрыплевтің[2] басшылығымен Сырдария облысы бойынша жыйналған материалдардың Қазақстанның оңтүстік аудандары үшін, сол сыяқты П. П. Румянцевтің Жетісу облысы бойынша[3] және В. К. Кузнецовтың Ақмола облысы[4] бойынша жыйнаған мәліметтерінің де әлгі сыяқ-

---

[1] Қырғыз жер пайдалану жөніндегі материалдар, бұларды жыйнап зерттеген дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедиция, I, Воронеж, 1898; II, Воронеж, 1902; III, 1-бөлім, СПб., 1907; 2-бөлім, Чернигов, 1909; IV, Воронеж, 1903; V, Воронеж, 1903; VI, СПб., 1905; VII, Воронеж, 1903; VIII, СПб., 1909; IX, СПб., 1905; X, СПб., 1909; XI, Омск, 1902; XII, Чернигов, 1908; XIII, СПб., 1906.

[2] Сырдария облысында қырғыз жер пайдалануы жөніндегі материалдар, бұлар 1906—1912 жылдары П. А. Скрыплевтің басшылығымен жыйналып талданған, I, Ташкент, 1903; II Ташкент, 1910; III, Ташкент, 1911; IV, Ташкент, 1912; V, Ташкент, 1913.

[3] П. П. Румянцев. Жетісу облысындағы жергіліктi және ертедегі орналасқан орыс шаруашылығын және жер пайдалану тәртібін зерттеу жөніндегі материалдар, СПб., 1911—1913.

[4] В. К. Кузнецов. Ақмола облысындағы қырғыз шаруашылығы санақшы В. К. Кузнецовтың басшылығымен 1907—1909 жылдары екінші қайтара жүргізілген санақ зерттеуінің мәліметтері бойынша СПб., 1910.

ты маңызы бар. Қазақ билерінің сотына реформа жасалуына байланысты, практикалық қажеттілігі болғандықтан қазақтардың қалыпты правосын зерттеу ісі жүргізіледі. Қазақтардың ұқықтық салт-санасы жөніндегі материалды бір жүйеге салу турасындағы ең бірінші ірі талап Батыс Сібір генерал-губернаторлығында 1821 жылы, яғни Сібір қырғыздары туралы Уставты іс жүзінде қолданар қарсаңында, қолға алынуы кездейсоқ нәрсе емес. Бұл жазбаны кейіннен Д. Я. Самоквасов[1] жариялаған. Бұл жазбалардың көбіне толық еместігі және кездейсоқ жыйналғандығы, 1868 жылғы «Дала облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережені» түпкілікті занды ережеге айналдыру мәселесі туған кезде, қазақ әдетінің нормаларын бұдан былай да жыйнау ісін жүргізуді керек қылады. Материалдарды жыйнау және қазақтардың ұқықтық салт-саналарын зерттеу жөнінде бір ілгері басқандық П. Е. Маковецкийдің[2] қазақтардың қалыпты праволарын зерттеу ісі болып табылады. Маковецкийдің бұл еңбегінің негізіне Семей, Қаркаралы және Павлодар уездеріндегі қазақ старшиналарынан сұрастырып жазып алған материалдар алынған. Нақ сол кезде Н. Вышнегородский де Сырдария облысындағы қазақтардың ұқықтық салт-санасы жөнінде материал жыйнаған. Бұл материал Н. И. Гродековтың белгілі еңбегінің негізіне алынған[3].

Қазақтың қалыпты правосының жазбалары көп болуына қарамастан, бұларды тарихи негізгі дерек ретінде пайдалануда кездесетін қыйыншылықтар аз емес. Бұлардың бәрінің де негізіне қазақ старшиналарынан сұрау жолымен жыйналған материалдар алынған. Мысалы, Гродековтың еңбегінде билердің соты шығарған үкімдер пайдаланылған. Бірақ, бұл сот шариғаттың да және орыс заңының да ықпалына түскен бертінірек кездегі сот. Жазбалардың өздері сын көзімен тексеріліп отырылмаған. Маковецкийдің жеке ескертулерін және Я. Гурляндтың[4] дала облыстарының қалыпты правосының тіпті ескі

---

[1] Д. Я. Самоквасов. Сібір бұратана халықтарының қалыпты правосының жыйнағы, Варшава, 1876.

[2] П. Е. Маковецкий. Қырғыздардың ұқықтық әдет-ғұрыптарын зерттеу үшін материалдар, 1—2-басылып шығуы, Омск, 1886.

[3] Н. И. Гродеков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары.

[4] Я. Гурлянд. Ескі дәуірден XVI ғасырға шейінгі дала заңы. Қазан университетінің жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамының хабарлары, XX, 4—5, 1904.

дәуірдегі негізін анықтау талабын санамасақ, бұл жазбалар тарихи салыстыру зерттеу талқысына түспеген.

Қазақтардың қалыпты правосы туралы мәселенің мұндай халде болуы оның ескі дәуірдегі негізін табуды және әдетті талқылауды қыйындатады. Қазақ халқының аңызына қарағанда, әдетті қайта жасау ісі Қасым және Есім деген хандардың тұсында қолға алынған. Бұл аңыздар әлгі айтылған хандардың заң шығару жөніндегі әрекеті туралы нақтылы ештеңе айтпайды. Бірақ, Тәуке тұсында жасалған «Жеті жарға» мен байланысты халық аңыздары, қазақтардың XVII ғасыр мен XVIII ғасырлар арасындағы ұқықтық салт-санасының бейнесін, тіпті негізгі сыйпатында болса да, елестете алады. Бұл материалдардың дәл емес жерлері бола қалса, оны қазақ фольклорының мәліметтері, көбінесе, толып жатқан мақалдар мен тақпақтар толықтырады. Бұл мақалдар мен тақпақтарда қазақ қоғамының праволық қарым-қатнастарының кейбір сыйпаттары көрініп отырады және жазба түрдегі көрсетілген дәл деректердің мәліметтері кездесіп отырады. Осындай салыстыру әдісі арқылы толып жатқан жазбалардан, бірсыпыра мәліметтердің бетін әжептәуір дұрыс ашып алуға болады, мұны Сырым батыр күресінің әзірленіп және дамыған дәуірінде қолданылып келген норма деп тануға болады.

Қазақстан тарихнамасындағы осы бағытқа байланысты тарихи зерттеулердің арасынан В. Н. Витевскийдің көлемді монографиясын көрсетіп өтуге болады. Бұл монография Неплюевтің Орынбор өлкесіндегі әрекетіне арналған[1]. Бұл еңбектің сыйпаты апологетикалық және Россия патшалығының, оның өте-мөте көзге түсетін өкілі Орынбордың бірінші губернаторы Неплюевтің, Қазақстандағы жүргізген отаршылдық саясатын дәріптеп жазылған. Осы айтылғандай айқын түрде болмаса да, әлгі сыяқты дәріптеу А. И. Добросмысловтың «Торғай облысы»[2] деген тарихи очеркінде де бар. Бұл екі еңбектің тарихи құндылығы сол, бұларда толып жатқан фактілі жаңа материалдар

---

[1] В. Н. Витевский. И. И. Неплюев және Орынбор өлкесі өзінің бұрынғы 1758 жылға шейінгі составында, 1—5 шығуы, Қазан, 1889—1897.

[2] А. И. Добросмыслов. Торғай облысы. Тарихи очерк. Орыс география қоғамының Орынборлық бөлімінің хабарлары, 15—17-шығуы, 1900—1902.

ең бірінші рет ғылми арнаға енгізілген. Мұны әсіресе В. Н. Витевскийдің монографиясы туралы айтуға болады.

Жоғарыда көрсетілген еңбекке М. Красовскийдің жазған тарихи кіріспесінің құны шамалы. Дұрысында бұл әр жерден құрастырылған очерк. Қазақ халқының тарихының өткен замандағы кейбір мәселелерін өзбетімен шешем деп автордың ізденген талаптарын ойдағыдай болып шыққан деп тануға болмайды. Жеткілікті дәлелдері болмаса да, Красовский Қазақстанның шығыс аудандарындағы қазақтарының (автор бұларды Тагир және Бұйдаш қазақтары дейді) орталық аудандардағы қазақтармен (Сығай немесе, автордың айтуынша Шығай қазақтарымен) этникалық мұраластығын бекерге шығарады. «Ақсүйектердің», сұлтандардың, қазақ қоғамы өміріндегі тарихи маңызын Красовский тіпті орыс үкіметінің ойдан шығарып алған нәрсесі деп те санайды. Мұның бәрі тарихи ақыйқаттық емес, дұрысында, бұлар ресми көзқарасты ғылми жолмен негіздеймін деген құр бос талап болып табылады. Мұндай көзқарас 1868 жылғы «Уақытша ережеде» заңды түрде айтылған. Бұл ережеде сословие жөнінен сұлтандар мен «қарашылар» теңестіріліп, қазақ халқы әкімшілік жөнінен бытыраңқы етіліп жіберілген.

Ал енді Л. Мейердің жоғарыда көрсетілген еңбегінде берілген тарихи очеркті алсақ, ол тіпті басқаша. Түгелімен Орынбор губернаторларының басқаруында тұрған Кішіжүз XVIII ғасырдың аяғында және XIX ғасырдың басында бостандық жолындағы ірі-ірі қозғалыстардың майданы болған. «Уақытша ережені» іс жүзінде қолданғанда жаңадан көтерілістер туып кетуі мүмкін деп үкіметтің қауыптануы да осы Кішіжүзбен байланысты. Дұрысында да үкіметтің бекерге қауыптанбағаны жұртқа мәлім. Мұның өзі қазақ халқының бұдан бұрынғы көтерілістерін зерттеуді тілеген. Бұл тілекті Л. Мейердің тарихи очеркі қанағаттандырады. Бұл очеркте қазақ халқының бостандық жолындағы күресін сыйпаттауға әжептәуір орын бөлінген. Атап айтқанда, Жанқожа Нұрмұхаммедовтың қозғалысы әдебиетте ең бірінші ретте ауызға алынған. Дұрысын айту керек: автор осы көтерілістерге жалпы баға беруде ресми көзқарас шеңберінен шықпауына қарамастан, ол көтерілістердің

қозғаушы күштері жөнінде бірқатар дұрыс ережелер келтіріп, күрес басшыларына бірнеше тарихи дәлді сыйпаттамалар берген.

Қазақстан тарихы жөнінде XX ғасырдың басында жарияланған басқа шолулар, мысалы Лобысевичтің[1], Румянцевтің[2] очерктері, құрастырма болып келеді, сондықтан жеке өздерінің құндылығы да жоқ.

Қазақстан тарихнамасындағы біз атап өткен екінші бағыт XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптанған, бұл бағыттың ең алдымен көзге түсетін жері, — қазақ тарихының, қазақ халқы мәдениетінің ескерткіштерін, сол сияқты оның этнография жөніндегі материалдарын жыйнап зерттеу. Бұл енді бұрынғыдай сол замандағы адамдардың кездей соқ бақылаулары емес, белгілі ғылми міндеттерге бағындырылған, тарихи негізгі деректерді және көзкөрген фактыларды әбден тәптіштеп сын көзімен зерттеу жолымен үнемі жүргізіліп отыратын жұмыс болады. Қазақ тарихнамасының дамуындағы бұл бағыт, әсіресе, академик В. В. Радловтың еңбегінде айқын көзге түседі. Толып жатқан фольклор материалын жыйнап, зерттеу ісі Радловтың атына байланысты. Оның жариялаған «Түрік елдері халық әдебиетінің үлгілері» (Қазақ наречиесіне III томы арналған)[3] қазақ халқының творчествосын және қазақ тілін зерттеу жөнінде ең басты негізгі дерек ретіндегі маңызын осы күнге шейін сақтап келеді. Радловтың қазақ археологиясы және этнографиясы жөнінде жыйнаған көп материалының да әлгіден маңызы кем емес. Бұл материал толып жатқан тарихи негізгі деректерді[4] қолдана отырып, сын көзімен әбден тәптіштеліп зерттелген. Радлов баспадан шығарған төрт томды «Түрік наречиелерінің сөздік тәжрибесі»[5] қазақ лингвистикасының дамуында ірі бір асулы кезең болып табылған. Радловтың ең-

---

[1] Ф. И. Лобысевич. Орта Азияға сауда және дипломатия жөнінде ілгерілей басу, СПб., 1900.

[2] П. П. Румянцев. Қазақ халқы өткен заманда және осы уақытта, СПб., 1910.

[3] В. В. Радлов. Түрік елдерінің халық әдебиетінің үлгілері Қырғыз наречиесі, текстер, III, СПб., 1870.

[4] В. В. Радлов. Сібір ескі дәуірі, I. 1894; II, 1902; Бұлда соныкі, хаттар... География қоғамының хабарлары, СПб., IV бөлім, 6-шығуы, 1868.

[5] В. В. Радлов. Түрік наречиелерінің сөздік тәжрибесі СПб., I, 1893; II, 1895; III, 1905; IV, 1911.

бектері Қазақстанның шығыс аудандарын зерттеумен байланысты, бірақ бұл еңбектер бүкіл қазақ халқының және жалпы түрік халықтарының тарихын, мәдениетін, салт-санасын және тілін зерттеуде үлкен бағалы еңбек»[1]

Қазақтың ірі ғалымы Ш. Ш. Уәлихановтың ғылми жұмыстары XIX ғасырдың орта кезінде жүргізілген. Уәлихановтың ең басты ғылми еңбектері Шығыс Түркстанға және Жоңғарияға арналған[2]. Бірақ оның көшірме түрде сақталып келген мақалалары мен қолжазбаларының да ғылми жөнінен үлкен бағасы бар. Ш. Ш. Уәлихановтың қазақ халқы тарихына және этнографиясына арналған жеке еңбектерінің ішінен «Аблай», «Ұлы қырғыз-қайсақ ордасының аңыздары мен ертегілері», «қырғыз шежіресі», «Қырғыз-қайсақтардың ескі замандағы қару-жарағы», «Тенгри», «Едіге» деген очерктерін тағы басқаларын атап өтуге болады[3]. Уәлихановтың еңбектері қазақ халқының тарихы және оның этнографиясы жөніндегі мәселелерді қамтыйды, оның бұл еңбектері дәлді және мейлінше нақтылы. Тек тарихшы ретінде емес, публицист ретінде жазғанда ғана Уәлиханов қазақтардың қоғамдық салт-санасындағы құбылыстарда дәріптеңкіреп жібереді, мысалы «Сібір ведомоствосына қарайтын қазақтардың сот реформасы туралы запискасында». Мұндай дәріптеу билердің сотын және барымтаны сыйпаттауда кездеседі. Бұл дәріптеуді патшаның бұратана елдерді орыстандыру саясатына наразы болудан туған деп түсіндіруге болады. Бірақ бұл Уәлихановтың негізгі еңбектерінің ғылми маңызын кемітпейді.

XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында Қазақстан этнографиясы көбірек зерттеуге түседі. Бұл жөндегі көп әдебиет ішінен екі адамның ғана атын көрсетіп өтеміз: Г. Н. Потанин және А. А. Диваев. Бұлардың қазақтар этнографиясы жөніндегі еңбектері — қазақ халқының қоғамдық

---

[1] «Тюркологияның, ғылым ретінде, бұдан былайғы барлық табыстары В. В. Радловтың осы материалына және лингвистикалық зерттеулеріне негізделген» (В. В. Бартольд. Шығысты Батыста және Россияда зерттеу тарихы, СПб., 1911, 218-бет).

[2] Алты шаһардың яғни Нан-Лу өлкесінің «Кіші бұқараның Шығыстағы алты қалаларының 1858—1859 жылдардағы халі туралы», «Жоңғария очерктері» (Ш. Ш. Уәлиханов, Шығармалары, СПб., 1904).

[3] Ш. Ш. Уәлиханов. Шығармалары, СПб., 1904.

салт-санасын және мәдениетін зерттеу үшін ғылым арнасына маңызды материалдар енгізген[1].

XX ғасырдың басында Қазақстан тарихы және этнографиясы жөнінде қазақ тілінде бірқатар еңбектер шыққан. Бұлардың жазушы — қазақтар жазған. Бірақ фольклор материалына сүйеніп жасалған. Осы еңбектердің бәрі өздерінің қортындыларына сақтық көзбен қарауды тілейді. Бұл қортындылар негізгі деректерді жеткілікті түрде сын көзімен зерттемей жасалған. Бұларға буржуазияшыл-ұлтшыл ықпалдардың тиген жерлері де аз емес. Мұндай ықпал, мысал үшін айтқанда, Қарашевтің тарихи очерктерінде айқын көзге түседі. Бұл еңбектердің тек фактілі мәліметтерінің ғана белгілі түрде қажеттігі бар.

Қазақ тарихнамасындағы біз қарастырып отырған осы екінші бағытқа байланысты тарихи еңбектердің ішінен В. В. Вельяминов-Зерновтың, Н. А. Аристовтың және В. В. Бартольдтың еңбектерін атап көрсетуге болады. Бұлардың зерттеулері В. В. Радловтың және Ш. Ш. Уәлихановтың еңбектерімен біртектес келеді. Сонда империяның шығыстық отарларындағы халықтардың тағдырына үлкен көңіл бөлуімен ғана емес, мұның үстіне ғылми зерттеу әдістері, жаңадан толып жатқан негізгі деректерді қолдануы және оларды сын көзімен терең түрде тексеріп барып пайдалануы жағынан да тектес келген. Бұл бағытты зерттеушілер қатарынан еңалдымен академик В. В. Вельяминов-Зерновты атап көрсету керек. Оған Қазақстан тарихнамасы Қазақстанның батыс аудандарының Россиямен және Орта Азиямен XVIII ғасыр орта кезіндегі[2]

---

[1] Бұлардың еңбектерінің үлкен тізімінің ішінен мыналарды атап өтеміз: А. А. Диваев. Этнографиялық материалдар. Сырдария облысының санағы үшін материалдар жыйнағы I, 1891; II. 1892; III, 1894; IV, 1895; VI, 1897; IX, 1901; X, 1902; XI, 1904; XII, 1905; XIII, 1907; бұл да соныкі. Қырғыз-қайсақ батыр ертегісі. Ташкент. 1922 және басқалары, Г. Н. Потанин. Қырғыз-қайсақ және Алтай аңыздары мен ертегілері, Живая старина, II—III, 1916; бұл да соныкі. Солтүстік-батыс Монғолияның очерктері, II шығуы, СПб., 1881 және IV шығуы, СПб.,1883 және басқалары.

[2] В. В. Вельяминов-Зернов. Абул-Хаир хан өлгеннен бергі уақыттан бастап (1748—1765 жылдар), қырғыз-қайсақтар туралы және Россияның Орта Азиямен қарым-қатнастары туралы тарихи мәліметтер, Уфа. I шығуы, 1853; II шығуы, 1855. Бұл еңбек орыс архив фондыларының, көбінесе Сыртқы істер коллегиясы архив фондыларының мәліметтері негізінде жасалған.

қарым-қатнастарын, әсіресе сауда жөніндегі байланыстарын айқындаумен міндетті, бірақ оның Қазақстан тарихнамасындағы негізгі маңызы Қазақстан хандығының XV—XVII ғасырлардағы[1] саяси тарихын айқындауында. Рас, бұл міндетті Вельяминов-Зернов Қасым тегінен шыққан патша балаларының бірі Ораз Мұхаммедовтың шежіресін зерттегенде қосымша тақырып ретінде шешкен. Сөйтіп, оның қолданған негізгі деректерінің шеңбері де осы негізгі міндетке қарай белгіленген. Дегенмен, Вельяминов-Зерновтың зерттеуі Қазақ хандығының алғашқы екіғасырдағы дәуірін тарихи аңыздар мен ертегілер негізінде емес, нақтылы, тарихи фактылар негізінде ең бірінші рет зерттеуге мүмкіншілік берген және оның бұл жөндегі негізгі қортындылары өзінің күшін осы уақытқа шейін сақтап келеді.

Н. А. Аристовтың еңбектері[2] Қазақстан тарихындағы неғұрлым қыйынырақ мәселеге — қазақ халқының этногенезін айқындауға арналған. Н. А. Аристов қазақтар этногенезіндегі негізгі мәселені шешпеген, жеке тайпалардың бірыңғай халық болып сомдалу процесін көрсетпеген, бірақ Қазақстанның жеке тайпаларының қайдан шыққандығы және олардың этникалық жақындығы жөніндегі оның жыйнап әбден тәптіштеп талқылаған материалы осы проблеманы талдауда ілгері басқан үлкен адым болып табылады. Н. А. Аристовтың, шығысты зерттеу әдебиетінде[3] өз тұсында, орнымен, жақсы баға алған, еңбектері қазақ халқының этногенезіне зерттеу жөніндегі өтемөте құнды материалдық маңызын біздің тұсымызға шейін сақтап келеді.

Орыстардың шығысты зерттеу ісінің академик В. В. Бартольдтің еңбектеріне байланысты нақ бір өркендеген кезі Қазақстанның бізге керекті дәуіріндегі тарихнамасымен аз ғана

---

[1] В. В. Вельяминов-Зернов. Қасым патшалары және патша балалары туралы зерттеу, II, СПб., 1864.

[2] Н. А. Аристов. Ұлы Орта қырғыз-қайсақтарының және қарақырғыздардың этникалық составын айқындау тәжрибесі. Живая старина, III—IV шығуы, 1894 жылдан, бұл да соныкі. Түрік тұқымдарының және халықтарының этникалық составы туралы заметкалар және олардың саны туралы мәліметтер, бұл да сонда, III—IV шығуы 1896.

[3] Рецензиялар, В. В. Бартольд. Орыс археология қоғамының шығыс бөлімінің запискалары, XI, 1899, 341—360-бет, А. Харузин этнографиялық обзор, № 3, 1895.

байланысты. Бартольдтің еңбектері Қазақстан тарихының монғолға шейінгі дәуірін және жарым-жартылай монғол жаулап алу дәуірін зерттеуде бірінші қатарлы маңызы болса, қазақ халқының XVII—XVIII ғасырлардағы дәуірін зерттеу ісі Бартольдтің ғылми мүдделерінің шеңберінен сырт қалған. Дәл осы сыяқты Бартольдтің еңбектерінде Орталық және Батыс Қазақстан тайпаларының тарихы, еңалдымен, қыпшақ тайпаларының тарихы жөнді көрсетілмеген. Бартольдтің совет дәуіріне шейінгі еңбектерінде Қазақстанның біз қарастырып отырған дәуірінің тарихы жөнінде бірқатар құнды мәліметтер оның «Семиречье тарихы очеркінде»[1] және «Шығысты Европада және Россияда зерттеу тарихында»[2] оның тағы басқа еңбектерінде келтірілген жеке ескертулерінде бар.

Бұл еңбектердің өте-мөте керекті және маңызды беттері — XV—XVI ғасырларға арналған. XVIII ғасырдағы уақыйғаларға тарихи шолу жасағанда, Бартольдтің түпкілікті негізгі деректерді қолданбай, әдеби еңбектерді қолданып жазған бірқатар кездерінде, оның кейбір ережелері қайта қарауды керек қылады»[3]. Бірақ мұндай кездер көп емес, және қазақ хандығының тарихының ерте кездегі дәуірін ғана емес, тіпті XVIII ғасырдағы тарихын қолға алып жүрген бірде-бір зерттеуші Бартольдтің еңбектеріне соқпай өте алмайды.

Қазақстан тарихнамасының дамуындағы Ұлы Октябрь социалистік революциясына шейінгі негізгі бағыттар осындай болған. Бұл тарихнама бірқатар құнды зерттеулердің болуына қарамастан, орыс тарих ғылымының жалпы даму дәрежесінен кейін қалған. Қазақ халқының дамуының жалпы процесінің шолулары Левщиннің еңбектерінен кейін де көзге түсерліктей табыстар істей алмаған және Қазақстан тарихының жаңа очерктері Левщиннің «баяндауынан» негізгі деректерге сын анализін жасау жөнінде де, сол сыяқты қолданған материалының көлемі жөнінде де бірқатар реттерде төмен болған. Моно-

---

[1] В. В. Бартольд. Семиречье тарихы жөніндегі очерк. Семиречье облысының 1898 жылғы ескерткіш кітапшасы, 2-шығуы, Верный, баспадан 2-шығуы, Фрунзе, 1943.

[2] Бұл да соның кі. Шығысты Европада және Россияда зерттеу тарихы, СПб., 1911; баспадан 2-шығуы, Л, 1925.

[3] Мысалы, В. В. Бартольдтің «Пугачев көтерілісі кезінде қырғыздар битарап қалды» (Шығысты Европада және Россияда зерттеу тарихы», баспадан I-шығуы, 1911, 196-бет) дегенімен келісуге болмайды.

графиялық зерттеулер қазақ халқының тарихында үлкен шешілмеген мәселелер қалдырған. Көп материал жыйналуына қарамастан, қазақ халқы мәдениетінің тарихы жөнінде бірде-бір монография шықпаған және қазақ хандығының халық-аралық байланысы айқындалмай қала берген, әсіресе қазақ халқының өміріндегі маңызды мәселе — оның әлеуметтік құрылысын, қоғамдық қарым-қатнастарын зерттеу ісі артта қалған. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылысы жөніндегі неғұрлым толығырақ мәліметтерді Қазақстанның өткен уақыттағы жалпы шолуларынан гөрі қазақтардың өткен дәуірінің жеке мәселелеріне арналған аздаған мақалалардан табуға болады. Еңалдымен Ф. Зобниннің мақаласын[1], И. Крафтың[2] кейбір мақалаларын атап көрсету керек. Бұл зерттеудегілердің бәрін бірдей жеткілікті түрде талқыланған және дәлді деп таный беруге болмайды, дегенмен қалай да бұлардың ішінде маңызды фактылы материал бар.

Қазақтардың қоғамдық құрылысы туралы құнды материалдар қазақ-авторларының еңбектерінде келтірілген. Сөз жоқ, бұлардың ішінде Уәлиханов бірінші орын алады. Сол сияқты сұлтан Сейдалиннің[3] қазақтардың жер кәсібі туралы жоғарыда көрсетілген мақаласын атап өту керек. Сейдалиннің суреттеуі тегі XIX ғасырдың орта кезіне тиісті. Бірақ жер кәсібіне айналған аудандарда неғұрлым ертерек уақытта қалыптанған қоғамдық қарым-қатнастарды білу үшін бұл мақалада да керекті нұсқаулар бар. Дегенмен қазақ халқы революцияға шейін түгелге жуық сауатсыз болғандықтан қазақ авторларының тарихи еңбектері аз болуы өз-өзінен түсінікті[4]. Революцияға шейінгі тарихнамада әсіресе нашар талқыланған мәселе қазақ қауымының құрылысы жөніндегі мәселе. Бұл қауымның

---

[1] Ф. Зобнин. Қырғыз даласындағы еркінен айрылғандар, құлдар және төленгіттер туралы мәселеге. Семей облысының ескерткіш кітапшасы, 1902.

[2] И. И. Крафт. Сұлтандар, тархандар және билер. «Қырғыз ескі дәуірінен» жыйнақ. Орынбор, 1900, бұл да соныкі. Қырғыз даласында құлдықты жою. Бұл да сонда.

[3] Т. Сейдалин. Жоғарыда көрсетілген шығармалары.

[4] Осы әдебиет туралы толық мәліметтер «Қазақстан библиографиясына керекті материалдарда» жыйналған, бұл материалдарды баспаға Қазақ Ғылым Академиясы Алматы қаласының Публикалық кітапханасымен бірігіп әзірлеген. Бұл көбінесе газеттің ұзақ заметкалары және журналдың мақалалары.

біркелкі еместігі, әрине, әлдеқашан мәлім болған. Бірақ осы қауымның біркелкі еместігі қауым мүшелерінің мүлік жөнінен тең еместігі жағынан ғана және оның ішінде атақты адамдар бар екендігі жағынан ғана көрсетіліп, әлгі атақты адамдардың таптық пішіні айқындалмаған. Батырлар мен билердің қоғамдық жаратылысы да айқындалмай қала берген[1]. Қазақ қауымына тарихи зерттеулердегіден гөрі социологиялық очерктерде көбірек көңіл бөлінген. Қазақ қауымының революция жылдарына шейінгі құрылысы туралы мәселені әңгіме қылған социологтардың арасынан М. М. Ковалевскийді атау керек[2].

Ұлы Октябрь Социалистік революциясы бүкіл тарих ғылымының алдына, оның ішінде Қазақстан тарихнамасы алдына жаңа міндеттер қойды. Бұрынғы патриархтық-феодалдық қарым-қатнастардың қыйрауы, дамудың капиталистік сатысына соқпай өтіп социалистік қоғамның құрылуы қазақ қоғамының еңалдымен әлеуметтік қарым-қатнастарын зерттеуді тіледі. Екінші жағынан, қазақ халқының революциядан бұрынғы дәуірде аяқталып болмаған ұлт болып құралу процесі қазақтардың өз халқының тарихына құмартуына біте байланысты, осының өзі тарихшылардан Қазақстан тарихының жаңадан жалпы шолуларын жасауды талап етті. Бірақ осы екі міндеттің қайсысы болса да бірдей түсініле қойған жоқ, әрине бұларды шешу мәселесі де бірден басталмады. Қазақстан тарихнамасында революцияның алғашқы жылдарында бұрынғы буржуазиялық тарих ғылымының іздері айқын көрініп тұрды. Рас, революцияның алғашқы жылдарында Қазақстанның бірқатар жоғары дәрежелі оқу орындарында қазақ халқының тарихын оқыту ісі ұйымдастырылды. Мұндай курс Орынбордың (Осы күнгі Чкаловтың) Педагогикалық институтына да енгізілді. Бұл курстың нәтижесінде 1924 жылы «Қазақ-қырғыз

---

[1] Қазақтардың қоғамдық құрылысы туралы мәселеге өздерінің зерттеулерінде Н. Аристов және В. Радлов аздап соғып өтеді. Бірақ олардың нұсқаулары қазақтарда рулық құрылыстың үстемдігі жөнінде айтылған жеке ескертулер шеңберінен шықпаған. Осы екі автордың қайсысы болса да қазақтардың қоғамдық қарым-қатнастарын толық талқыға салмаған.

[2] М. М. Ковалевский. Осы уақыттағы, бұдан аз бұрынғы және тіпті бұрынғы уақыттағы рулық салт-сана, СПб., 1911.

халқының тарихы жөніндегі очерктер» деген кітап шықты[1]. Автор қазақтар тарихының шолуын Абулхаир Россия қоластына қарауды қабылданғанға шейін, яғни XVIII ғасырдың 30-жылдарына шейін жеткізе жазған. «Очерктер» тек қана әдеби негізгі деректерге сүйене отырып жасалған. Бұдан бұрынғы зерттеулердің жыйнағын автор өте тәптештеп жақсы көңіл қойып өткізген. Бірақ кітап түпкі негізгі деректер бойынша емес, әдеби материал негізінде құрылған болғандықтан, ол қазақ халқының өткен дәуірін зерттеуде алға көз салмай, кейінгі яғни буржуазиялық тарихнама басып өткен жолға көз сала береді. Кітаптың неғұрлым ірі кемшіліктері де осыдан барып туған, мысалы, Қазақстанның қоғамдық қарым-қатнастарына патриархтық-рулық қарым-қатнас деп қарайды, сонда ол патриархтық-рулық салт-сананың ізімен келіп феодалдық қарым-қатнастардың туу процесін сезбейді[2]. Айта кету керек, автордың бұдан былайғы түпкі негізгі деректер жөнінде жүргізген жұмысы оны қазақтардың қоғамдық құрылысын әлгі сыяқты теріс баяндаудан бас тартуға мәжбүр еткен[3].

А. П. Чулошниковпен бір уақытта Қазақстанда А. Ф. Рязанов жұмыс істеген. Ғылми арнаға жаңадан фактылы көп материал енгізіп, Рязанов Қазақстан тарихнамасына үлкен еңбек сіңірген. Ол бұл материалды Орынбор облыстық архивының фондыларынан алған. Рязанов Қазақстандағы ұлт-бостандығы жолындағы қозғалыстарды қарастырған, оның тарихи очерктері[4] де осы қозғалыстарға арналған. Бірақ Рязановтың

---

[1] А. П. Чулошников. Қазақ-қырғыз халқының басқа түрік тұқымдарының жалпы тарих тағдырларына байланысты тарихы жөніндегі очерктер, 1, Орынбор, 1924.

[2] Осы сыяқты қате бірқатар социологиялық еңбектерде де болған, мысал үшін қараңыз, В. Никольский. Алғашқы замандағы мәдениет очеркі, К. Тахтарев. Адамзат қоғамының және қоғамдық түрлерінің дамуының салыстыру тарихы, П. Кушнер. Қоғамдық түрлердің даму очеркі.

[3] А. П. Чулошников. Қазақстанда XVII—XVIII ғасырлардағы феодалдық қарым-қатнастардың тарихына. ССРО Ғылым Академиясының Известиялары, Қоғамдық ғылымдар сериясы, № 3, 1936.

[4] А. Ф. Рязанов. Пугачев көтерілісінің Қырғыз-қайсақ Кіші Ордасындағы жаңғырығы. Советская Киргизия, № 10, 1924, бұл да соныкі. Қазақ халқының ұлт тәуелсіздігі үшін қырық жылдық (1797—1738 ж.). күресі Қазақстанды зерттеу жөніндегі қоғамның еңбектері, VII, I-бөлім, Қызылорда, 1926, бұл да соныкі. Батыр Сырым Датов. Советская Киргизия, № 10, 1924; бұл да соныкі. Исатай Таймановтың көтерілісі, Ташкент, 1927, т. б.

еңбектерінде негізгі деректер ешқандай тарихи сынға алынбаған. Тарихи процесті баяндағанда да ол дұрысында халықшылдық көзқараспен жүргізеді. Қазақ қауымына ол тап жөнінен жігі ашылған бүтіндей бірдеңе деп қарап, осы қауымның ішіндегі терең қайшылықтардың бетін ашам деп талап етпеген. Рязановтың тарихи процеске халықшылдық көзқараспен қарағандығы негізінде осы айтылғаннан көрініп тұр. Сөйтіп, бостандық жолындағы күрестің қозғаушы ішкі күштерін дұрыс ұғыну мүмкіншілігі ол үшін бүркеулі қалған, осыдан барып ол бұл күреске оның нығайып келе жатқан отаршылдық режимге қарсы бағытталуы жағынан ғана қараған. Бостандық жолындағы қозғалыстардың негізі — «қарапайым халықтың» мал жайылысы үшін күресінің Рязанов бетін ашпаған. Оның бержағында, бұл күрес әлгі қозғалыстарға, тек отаршылдыққа қарсы жағынан ғана емес, оның үстіне таптық, шаруалық сыйпат берген. Осы кезде Рязановтың еңбектері анықтаушы материал ретінде ғана маңызын сақтап қалған, оның өзінде де оның мәліметтерінің дәлді екендігіне үнемі сене беруге болмайды.

Қазақстан тарихын зерттеу үшін неғұрлым құнарлы жұмыс совет шығысының тарихы жөнінде орталықта жүргізілген жұмыс. В. В. Бартольдтің 20-жылдарға тиесілі бірқатар жаңа зерттеулері бар, бұл зерттеулер басқа тақырыпқа[1] арналған бола тұрса да, Қазақстан тарихы жөнінде жаңа материал берген.

А. Ю. Якубовскийдің Алтын Орда тарихы жөніндегі зерттеулері Қазақстан тарихымен біте байланысты[2].

Айта кету керек, осылардан басқа және Қазақстан тарихына жанасты проблемалар жөніндегі аздаған зерттеулерден басқа Қазақстан халқының сол сыяқты, Россия империясын-

---

[1] В. В. Бартольд. Түркстанның мәдени өмірінің тарихы, Л., 1927; бұл да соныкі. Қырғыздар, Фрунзе, 1927, (баспадан екінші шығуы, Фрунзе, 1943) бұл да соныкі. Түрік-монғол халықтарының тарихы, Ташкент, 1928; бұл да соныкі, түркпен халқы тарихының очеркі. Жыйнақ «Туркмения», Л., 1929; W. Barthold. 12 Vorlesungen über die Geschichte der Türken mittelasiens". Berlin, 1935. (бұл лекциялар 1926 жылы Стамбулда оқылған, бұлар түрік тілінде 1927 жылы сонда басылып шыққан).

[2] Қазақстан тарихына өте-мөте жақын қатнасатыны оның «Сығнақтың ескі орны» деген еңбегі, Л., 1929.

дағы бұрын отарда болған басқа халықтардың өткендегі тарихын талқылау ісін совет тарихшылары қолға алмаған. Бұл арада «Покровский мектебі» дейтұғын бағыттың зиянды әсерлерін көрмей өтуге болмайды. Совет тарихшыларының зерттеуінен сырт қалып қойған Қазақстан тарихы осының нәтижесінде 20-жылдардың аяғында түгел жергілікті буржуазияшыл-ұлтшыл интеллигенция өкілдерінің қолдарына түсіп кеткен. Қазақ тарихнамасында бұл бағытта істелген еңбектердің аты-жөніне тоқталудың қажеті жоқ. Бірақ осы «мектептің» кейбір өзгешеліктерін сыйпаттауда оның белгілі түрде керектігі бар. Бұл мектептің «Покровский мектебімен» тектес келетін жері тарихи негізгі деректерге немқұрайды көзбен қарайды, бұл деректерді сын көзімен зерттеу орнына ешқандай нәтиже шықпайтын, ұшы-қыйыры жоқ социологияландырумен болады, бұл «мектептің» өкілдері негізгі деректерді пайдалана қалған жерлерінде, оларды тіпті қалай болса солай пайдаланады. Мысалы, башқұрт халқының тарихына тиесілі мәліметтерді ешқандай тексерусіз әкеліп қазақ халқына аударады. Авторлар атауларды филологиялық сынға алған кездерде, XVIII ғасырдағы методология дәрежесінен аса алмайды және атаулардың сыртқы дыбыс үйлестігін ғана негізге алып, қазақ халқының тараған жерлерінің шеңбері туралы лайықсыз қортындылар, ұйғарулар жасайды. Осы мектептің тіпті ең тәуір деген еңбектерінің өзінде, мысалы «Ақтабан шұбырынды»[1] деген мақалада автор тарихи уақыйғаларды тағайындау үшін жер-су аттары мәліметтерін толық заңды түрде пайдалануға кіріседі, сонда ол бұл мәліметтерді жазба негізгі деректердің мәліметтерімен салыстырмай, тек қана қазақ фольклорының негізіне сүйеніп талқылайды. Мұның нәтижесінде калайда қателер болмай қоймайды. Біздің осы еңбегімізге байланысты, айта кетуіміз керек, қазақ тарихнамасындағы буржуазияшыл-ұлтшыл бағыт қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық құрылысына өте-мөте көңіл бөлген. Дегенмен, дәл осы жөнде неғұрлым ірі қателер болған. Бұл арада біз осы бағыттың кейбір өкілдері Қазақстанда феодалдық қарым-қатнастардың барлығы туралы жар салғандығын, ал басқалары рулық

---

1 **Жыйнақ. В. В. Бартольдқа, «түркстандық достары, шәкірттері және құрмет тутушылары»**, Ташкент, 1927.

құрылыстың үстемдігін мойындағандығын көріп отырмыз. Сонда бұлар рулық құрылысты алғашқы дәуірдегі қауымдық қарым-қатнастармен теңестіреді. Көзқарастардың бұл екінші системасы көбінесе молдаландырылған түрін ұстанып шықты: мысалы, бұлар таптық қарым-қатнастарды мойындайды, бірақ ру басшыларына «ру демократиясының» өкілі деп қарайды, немесе алғашқы дәуірдегі қауымның ыдырауы арқылы феодалдық қарым-қатнастардың түрлену жолын бекерге шығарып, феодализмнің дамуы тек қана алғашқы дәуірдегі құлдықтың ыдырауында деп білген, тағысын тағылар. Қоғамдық қарым-қатнастардың сыйпаты жөніндегі осы екі көзқарастардың өзара формальдық айырмашылықтары барлығына қарамастан, Қазақстан баспасөзінде 1932—1933 жылдарда осы бағыттардың өкілдері арасында ешқандай нәтижесіз шиеленіскен дау болғандығына қарамастан әлгі екі көзқарастың арасында дұрысында айырмашылық жоқ. Қазақстанда дамыған феодалдық қарым-қатнастардың барлығын бұлар мойындайды да, салт-сананың патриархтық-рулық түрлеріне көңіл аудармайды. Әңгіме, міне, осында. Сонымен, қазақ қоғамындағы қанаудың феодалдық түрлерінің өзгешелігін ұғыну үшін барлық мүмкіншіліктердің беті бүркеулі қалады және қазақ қоғамының ішіндегі тап күресіне байланысты бірсыпыра құбылыстар көмескіленген. Тап күресінің осы түрлерінің өзгешелігін патриархтық-рулық салт-санамен байланыстырмай тұрып ұғыну тіпті мүмкін емес.

Сөйтіп, тарих ғылымының алдына тұрмыстың қойған проблемаларын Қазақстан тарихнамасы 20 жылдарда және 30 жылдардың басында шешпеген бағыттардың түрліше екендігіне қарамастан, қоғамдық қарым-қатнастар қанағаттанарлықтай түрде зерттелген, бүтіндей қазақ халқының тарихы жасалмаған. Бұл жөнде буржуазияшыл ұлтшылдардың жазғандары қазақ халқы дамуының тарихи процесін зерттеу ісін тек шатыстырып қыйындатып жіберген. Әрине, мұның өзі кездейсоқ уақыйға емес. Негізгі деректерді зерттеу ісіне «Покровский мектебінің» әсер етуі салдарынан немқұрайды көзбен қараудың үстіне, бұл бағыттағылар марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектеріне көңіл бөлмеген, оның бержағында, марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерінде өте маңызды

методологиялық нұсқаулар бар және қазақ халқының тарихына тікелей қатысты нақтылы шешуші пікірлер айтылған. Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектеріндегі методологиялық нұсқауларды қолданбай отырып қандай халықтың болса да тарихи процесін жасау тіпті мүмкін емес.

Соңғы уақытқа шейін көшпелі халықтарда, атап айтқанда түрік халықтарында үстем болып келді-міс деген ру құрылысының теориясына академик Б. Я. Владимирцовтың зерттеулері күшті соққы берді. Оның монғол қоғамының қоғамдық құрылысы турасындағы кітабы көшпелі түрік халықтарының әлеуметтік құрылысы жөніндегі мәселені де қайта қарауға мәжбүр етті[1]. Владимирцовтың еңбегі фактылы көп материалды терең сын көзімен талқылау негізінде жасалған. Оның бұл еңбегі монғол қоғамының таптық феодалдық негізінің бетін ашып қана қоймайды, оның үстіне бұл еңбек осы қоғамның қалай түрленгенін көрсетеді, монғолдардың жеке таптарына ерекше мағналы сыйпаттама береді, көшпелі қоғамда қанау түрлерінің кейбір өзгешеліктерін атап көрсетеді. Рас, Владимирцовтың кітабы бір кезде кері ұғыныс туғызды. Мысалы, дамыған феодалдық қарым-қатнастарды тарихи негізгі дерек-терде көрсетілмеген жерлерден іздей бастаушылық болды. Атап айтқанда, қазақ қоғамындағы феодалдық қарым-қатнастардың маңызын асыра бағалау Чулошниковтың жоғарыда көрсетілген мақаласында да көзге түседі. Мұның себебі, Б. Я. Владимирцов монғолдардағы өндірістік қарым-қатнастардың патриархтық-феодалдық сыйпатының бетін жеріне жете ашпаған. Дегенмен, Владимирцовтың еңбегі қазақтың қоғамдық қарым-қатнастары жөніндегі мәселені талқылауға нәтижелі әсер еткен. Оның бұл еңбегі жер қарым-қатнастары жөніндегі мәселеге «заң көзімен қарау» бағытына шешуші соққы берген және қалыпты правоның ескі нормаларымен бүркеліп жатқан нақтылы қарым-қатнастарды шындап зерттеу ісін қолға алуға мәжбүр еткен. Көшпелі қоғамның қоғамдық қарым-қатнас тарихымен шұғылданған әрбір ғалым үшін түпкілікті дерек ретінде, бұл еңбек өзінің маңызын осы күнге шейін сақтап келеді.

---

1 Б. Я. Владимирцов. Монғолдардың қоғамдық құрылысы. М.—Л., 1934.

Қазақ қоғамының қоғамдық құрылысын зерттеудегі шешуші бұрылыс тарих майданындағы істің тек жалпы жандануына байланысты болды. Сонда, тарих майданындағы жұмыс Сталин, Киров және Жданов жолдастар ССРО тарихы жөніндегі оқу құралына ескерту жасағаннан кейін және «БК(б)П тарихының қысқаша курсы» жарыққа шыққаннан кейін жандана бастады. Бұл еңбектер бұрынғы патша отарларындағы халықтардың тарихына әжептәуір көңіл бөлетін етті, мұның үстіне тарихи құбылыстарды зерттеуге бұрынғыдай социологиялық көзбен қараудан батыл түрде бас тартуға мәжбүр етті. Осы еңбектер марксизм классиктерінің методологиялық нұсқауларына ұқыпты көзбен қарайтын етті. Сөйтіп, тарих майданында болған өрлеу Қазақстан тарихын талқылау ісіне де әсер етті. Бұл жұмысқа ССРО Ғылым Академиясының Тарих Институты кірісті. 30-жылдардың аяқ кезінде Қазақ Филиалының, осы күнгі Қазақ Ғылым Академиясының Тарих бөліміндегі жұмыс та әжептәуір жанданды. Тарихи материалдарды тауып, оны жариялау ісіне көңіл бөлінді. Осы мақсатпен Сыртқы Істер коллегиясының «Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары»—фондысы, Басқарушы сенаттың Құпия экспедициясының фондысы, Шекара комиссиясының фондысы және біз жоғарыда атап өткен фондыларды жаппай тексеру ісі жүргізілді. Сол сияқты Чкалов облыстық архивындағы Орынбор губерниялық канцеляриясының және Шекара экспедициясының фондтары тексерілді. Осы жұмыстың нәтижесінде Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдардың төрт (II, III, IV, V) томы даярланды. Бұлардың осы уақытқа шейін тек біреуі ғана баспадан шықты[1].

Дәл осы уақытта Ғылым Академиясының Қазақ Филиалының әдебиет және лингвистика секторлары қазақ фольклорының ескерткіштерін жыйнау жөнінде үлкен жұмыс жүргізді. Осы жұмыстың нәтижесінде халық творчествосының көп

---

[1] «Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдар», IV, М.—Л., 1940. II том, бұл том теріліп баспаға берілуге қол қойылған, 1941 жылдың жазында жарыққа шығуға тиіс еді, соғыс басталуына байланысты матрицасы жасалып қойылған, III және V томдары қолжазба күйінде жатыр, I томы жөнінде осы күні Қазақ Ғылым Академиясы жұмыс жүргізулі, бұл томға Қазақстан тарихы жөнінде шығыс материалдары енгізілуге тиіс.

санды ескерткіштері жыйналды, атап айтқанда қазақтың батырлар жөніндегі ертегілерінің әжептәуір көп жазбалары жыйналды, бұлардың бір бөлегі қазақ тілінде жарияланды[1]. Іргелес халықтардың тарихы жөніндегі материалдардың жариялануы Қазақстан тарихнамасына үлкен жәрдем етті. Мұны жариялаған ССРО Ғылым Академиясының институттары[2]. Материалдар жариялаумен қатар зерттеу жұмыстарында жүргізеді, мұның нәтижесінде қазақ халқының өткен дәуіріне арналған бірқатар мақалалар шығады. А. П. Чулошниковтың қазақтардың XVII—XVIII ғасырлардағы қоғамдық қарым-қатнастарын сыйпаттауға арналған мақаласын атап көрсету керек, бұл мақаласында автор осы мәселе жөніндегі өзінің бұрынғы көзқарастарын мейлінше әділетті түрде қайта қарап өткен[3]. Бұдан кейін марқұм П. П. Ивановтың қазақ-қоқан қатнастарының және қарақалпақтар тарихының мәселесіне арналған бағалы еңбектерін айту керек[4], қарақалпақтар тарихы қазақ халқының тарихымен біте байланысты болған. Осы кітап авторының[5] Қазақстан тарихы жөніндегі бірқатар мақалалары да әлгі уақытқа тиесілі. Біз жоғарыда айтқан және Қазақстанның ескі дәуірдегі және орта ғасырдағы та-

---

[1] Батырлар. Алматы, I және II, 1940.

[2] Төмендегі материалдарды атап өтеміз: «Түркпен және Түркмения тарихы жөніндегі материалдар», I, 1940 және II, 1941, «Қарақалпақтар тарихы жөніндегі материалдар», Л., 1935, Тизенгаузен материалдарының екінші томының («Алтын Орда тарихына тиесілі материалдардың жыйнағы» М. Л., 1941) басылып шығуы Қазақстан тарихнамасына өте бағалы қазна болып табылған. Бұл материалдардың бәрін Ғылым Академиясының шығысты зерттеу институты жариялаған. Тарих институты жариялаған материалдардың ішінен мыналарды атап өтуге болады: «Өзбек, Тәжік және Түркпен ССР тарихы жөніндегі материалдар» I, 1933 және «Башқұрт АССР тарихы жөніндегі материалдар», 1. Л., 1936. Бұл материалдардың екеуінде А. П. Чулошников орындаған.

[3] Жоғарыда «50» бетті қараңыз және ескерту 3.

[4] П. П. Иванов. Қазақтар және қоқан хандығы. ССРО Ғылым Академиясының Шығысты зерттеу институтының записқалары, VII, 1939; бұл да сонықі. Қарақалпақтар тарихының очеркі. Қарақалпақтардың тарихы жөніндегі материалдар, Л., 1935. Бұл институттың «Хиуа хандарының архивы» деген жұмысын да атап көрсетеміз, Л., 1940, бұл жұмыста XIX ғасырда Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатнастардың тарихы жөнінде қызықты материалдар бар.

[5] М. П. Вяткин. XVIII ғасырдың аяғында — XIX ғасырдың басында Кіші Орда да саяси дағдарыс және шаруашылықтың төмендеуі. Материалдар, IV; бұл да сонықі. XVIII ғасырдағы төленгіттер. Ғылым Академиясының Қазақ Филиалының хабарлары, Тарих сериясы, Алматы, № I, 1940 және басқалары.

рихы жөнінде көп материал берген археологиялық экспедициялардың көбі де осы уақытта жүргізілген[1]. «Ғылым Академиясының Қазақ Филиалы хабарларының» тарих сериясының екі номерлерінің жариялануы көңілді уақыйға болды, бұлардағы мақалалардың көпшілігін жергілікті қызметкерлер жазған[2].

Қазақстанда 1916 жылғы көтерілістің тарихы жөнінде және совет дәуірі жөнінде көп жұмыс жүргізілді. Бұл жұмыстардың ішінен П. Т. Тимофеевтің мазмұнды мақалаларын атап көрсету керек. Біздің тақырыбымыздың хронологиялық шеңберінен алыс жатқан жұмыстар ретінде біз бұларды сыйпаттауға тоқталмаймыз.

Тарихи ескерткіштерді жыйнау және жариялау жөнінде жүргізілген бұдан бұрынғы жұмыс, Қазақстан тарихының жеке кезеңдерін зерттеу ісі қазақ халқының өткендегі дәуірінің системалы шолуларына кірісуге мүмкіншілік берді. 1941 жылы «Қазақ ССР тарихы жөніндегі очерктер» баспадан шықты, бұл очерктерде қазақ халқы тарихының бірқатар проблемалары (қазақтардың Россия қоластына қарауы туралы, қоғамдық қарым-қатыстардың патриархтық-феодалдық сыйпаты туралы, қосарланған агрессия туралы, Қазақстандағы шаруа соғыстары туралы, және басқалары) қайта қаралды[3].

Ең ақырында, 1943 жылы «Қазақ ССР тарихы» баспадан шықты[4]. Мұның бір кемістік жері, бірқатар елеулі қателер[5] бұл кітаптың бағасын төмендетті, осы кітапта қазақ халқы дамуының тарихи процесі ескі заманнан бастап біздің тұсымызға шейін ең бірінші рет көрсетілген еді.

Сырым батырдың қозғалысы тарихына төте қатысы бар

---

[1] А. И. Бернштамның: Талас алқасының ерте замандағы ескерткіштері деген кітабы осы экспедициялардың материалы негізінде жасалған. Алматы, 1941; бұл да соныкі. Солтүстік Қырғызстанның археологиялық очеркі, Фрунзе, 1941, және бірқатар басқа зерттеулер.

[2] Ғылым Академиясының Қазақ Филиалының хабарлары, Тарих сериясы, Алматы, I-шығуы, 1940; II, 1946. Осының Қазақстан археологиясына арналған біреуі жарияланбай қалды. Сол сияқты айта кетуіміз керек, мәдениет тарихы жөнінде Қазақстанда үлкен жұмыс жүргізілді, бірақ бұл жұмыс тарих, әдебиет шолуларының жоспарында жүргізілді.

[3] М. П. Вяткин. Қазақ ССР тарихы жөніндегі очерктер. I. Л., 1941.

[4] «Қазақ ССР тарихы», Алматы, 1943.

[5] Бұл кітап жөнінде жазылған сынды қараңыз, М. Морозов, «Қазақ ССР тарихы». «Большевик», № 6, 1945.

әдебиетті алсақ, мұндай әдебиет тым құнарсыз. Революцияға шейін бұл қозғалыстың тарихына әдейі арналған бірде-бір еңбек шықпаған. Бірақ Қазақстанның өткендегі дәуірі жөніндегі тарихи шолуларда бұл қозғалысқа мейлінше үлкен көңіл бөлінген. А. Левщиннің еңбегінің өзінде-ақ Сырым батыр қозғалысының тарихы әжептәуір орын алған[1]. Бірақ атап көрсету керек, Левщиннің очеркінде оның ең нашар деген беттері Сырымға арналған беттері деуге болады. Автор бүкіл Кіші жүзді қамтыған қозғалыстың терең себептерінің бетін ашпайды. Ол қазақ мемлекеттігінің күйрегендігі туралы да, Кіші жүздің батыс аудандарындағы шиеленіскен жер дағдарысы туралы да бірауыз сөз айтпаған. Левщин өзінің белгілі шеберлігіне салып күрестің дамуын суреттейді, бірақ «старшина» тобы дейтұғын топтың түбіне жетіп келе жатқан терең қайшылықтарды қарастырмайды. Жалпы айтқанда ол қазақтардың патриархтық-рулық қауымының ыдырауы жөніндегі мәселені қозғамаған, сондықтан көтерілістің қозғаушы күштерін де көрсете алмаған. Сырымның хан тобына, атап айтқанда, Нұралы ханға қатты қас болуын әлеуметтік, саяси тәріздес себептердің салдарынан болды демей, Сырымның хан атағын күндеуінен болды дейді. Сырымның патша әкімшілігімен XVIII ғасырдың 90-жылдарында ажырасуын да Левщин жеке бастың күндестігінен болған деп түсіндіреді. Левщиннің бұл жөндегі пікіріне Карамзиннің көзқарастары әсер еткендігі айқын көрініп тұр, Карамзин қоғамдық және саяси уақыйғаларды көбінесе тарихи қайраткерлердің жеке басының пікіріне қарай болады деп түсіндіреді. Левщин барон Игельстромның реформасын неғұрлым дұрысырақ көрсеткен, дегенмен ол мұнда да патша үкіметі тарапынан және Сырым тобы тарапынан жүргізілген шаралар жөніндегі терең айырмашылықтарды сезбеген. Патша үкіметтерінің 80-жылдардың аяқ кезінен бастап Сырымға көзқарасының өзгеру себептері толық болмаса да дұрыс көрсетілген, Есім ханның өлтірілу себептерінің беті толық ашылмаған.

Сырымның Бұхарамен 90-жылдардағы қатнастары дұрыс

---

[1] А. И. Левщин. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, II, 282—320-беттер.

көрсетілген. Ең ақырында, атап көрсету керек, Левщин өзінің баяндауын ресми тарихнама көзқарасымен жүргізеді, ол қозғалысқа тек қозғалыс екен деп қана қарамайды, ол бұған патшаның отаршылдық саясатының дамуында ірі маңызы бар уақыйға ретінде қарайды.

Осы уақытта Левщиннің баяндауының бірқатар тарихи фактылары жөнінде қажеттігі бар, атап айтқанда, ол Бұхара аталығы Шах Мұраттың 1788 жылғы, яғни орыс-түрік екінші соғысы кезінде[1] қазақтарға арналған үндеуінің текстін толық келтіреді. Архив істерінен мен бұл үндеуді таба алмадым.

Левщиннің Сырым қозғалысының тарихын баяндауы бұл қозғалыстың бұдан кейінгі барлық тарихнамасында із қалдырған. Қозғалыстың фактылы жағын баяндауда бүтіндей Левщиннің ізін басып, М. Красовский бұған ешқандай жаңа материал қоспаған[2]. Бірақ ол қазақтардың қоғамдық қарым-қатнастары жөніндегі өзінің жалпы концепциясы бойынша жаңадан бірқатар жаңа пікірлер енгізген. Красовскийдің «Ақсүйектерге» жалпы теріс көзбен қарауы, оның бірқатар дұрыс ескертулер жасауына мүмкіншілік берген: мысалы, ол көтерілістің болуына сұлтандардың зорлықтары себеп болды дейді, бірақ ол бұл зорлықтарды патшаның отаршылдық саясатының дамуымен байланыстырмайды[3]. Қазақ даласын басқарудың бұрынғы әдістерін патша әкімшілігінің қайтадан қолдануы «халық ортасында демократиялық бағыт бұдан былай да дамыған кезде оның түбі не болады»[4] деген қауыптан туған, деп Левщин дұрыс айтқан, бірақ ол мұнымен қатар осы бұрылыста Нұралы ханның қызы Тайқараға Игельстромның жеке басының көзқарасы үлкен роль атқарғандығын мойындайды. Бірақ оның сұлтандарға осы көзқарасы оны бірқатар ірі қателерге әкеліп ұшыратқан: мысалы, ол Игельстромның реформасы Кішіжүз ішінде «Қырғыздардың ұғымына жақын келетін тәртіп»[5] енгізді дейді, бұл реформа «Губерниялар жөніндегі 1775 жылғы учреждение» бойынша қазақ даласын

---

[1] А. И. Левщин. Жоғарыда көрсетілген шығармалар, 303-бет.
[2] М. Красовский. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 72—78-беттер.
[3] Бұл да сонда, 76-бет.
[4] Бұл да сонда.
[5] М. Красовский. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 75-бет.

басқару ісін жалпы империялық системаға жақындауға тиіс деп есептелінген, бұл қайта құру істерінің сәтті болмау себебін ол қазақ даласында жазба іс жүргізу ісін қолданылғандығынан болды дейді, тағысын тағылар.

Қозғалысты Красовскийден гөрі Л. Мейер кеңірек ұғынған[1]. Нұралы, Ералы және Есім деген хандардың ел билеу тарихын баяндағанда, Мейер Сырым батырдың қозғалысына үлкен көңіл бөледі, ол XVIII ғасырдың соңғы екі онжылдықтарында Кішіжүз тарихында болған негізгі уақыйғаларды бұл қозғалыста дұрыс қараған. Қозғалыстың нақтылы жақтарын баяндауда Левщиннің схемасына еріп, Мейер мұнымен қатар Сырымның күресін әңгіме қылады. Сонда ол империяның отаршылдық саясатының дамуында бұл күрестің маңызы қандай болғандығы жағынан қарамайды, бұл күреске қазақ халқының тарихында өзалдына маңызы бар ірі бір уақыйға ретінде қарайды, даңқты батырдың күресіне осыншалық терең көңіл бөлуі Мейердің өте бір маңызды фактыны көруіне мүмкіншілік берген: ол, — старшина тобының біркелкі еместігі және оның ішінде әртүрлі ағымдардың барлығы. Дегенмен, Мейер хан өкіметі жөніндегі мәселеде болған ала ауыздықтардың маңызына жете баға бермейді, ол бұл мәселені тек жанап қана өтеді[2].

Добросмысловтың, Тереньтевтің және Лобысевичтің[3] Сырым батырдың күресі жөніндегі қысқаша баяндауларына біз тоқтала алмаймыз, өйткені бұлар өздерінен бұрынғы авторларға қарағанда, Сырым батырдың қозғалысы туралы ешқандай жаңалық бермейді.

Шығыстың қанауда болған халықтарының орыс халқының басшылығымен Октябрь революциясы және азамат соғысы кезінде жүргізген бостандық ұлы күресі (бұл күресте қазақ еңбекшілер бұқарасы да белсене қатнасқан) халықтың өткен заманда өзінің тәуелсіздігі үшін жүргізген күресінің қаһармандық көздерін білуге құмартты. Атап айтқанда, Сырым батыр

---

[1] Л. Мейер. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 17—25-беттер.
[2] Л. Мейер. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 19-бет.
[3] А. И. Добросмыслов. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, М. Терентьев Орта Азияны жаулап алу тарихы, 1, СПб., 1906, 69—73-беттер; Ф. Лобысевич. Жоғарыда көрсетілген шығармалары.

қозғалысының тарихын білуге құмартты. Жаңа материалдар негізінде Сырымның қозғалысы тарихын жасамақшы болып ең бірінші рет талап еткен адам А. П. Рязанов.

Рязанов Чкалов облыстық архивының материалдарымен пайдаланып, «Қазақ халқының ұлт тәуелсіздігі үшін қырық жыл күресі» деген өзінің үлкен еңбегінде бұл қозғалысқа бірнеше бет арнаған. Ол осы еңбегінде дұрысында өзінің әдейі Сырым батырға арнаған мақаласын қайта айтып өткен[1]. Бірақта осы еңбектердің екеуінде де ірі кемшіліктер бар. Автор, керек десе, өзі пайдаланған материалдар көлемінде де қозғалыстың фактылы жағын үнемі дұрыс баяндамаған. Кейде ол материалды тым еркін пайдаланады. Мысалы, документтердің айтуына қарағанда, тек қана «халық жыйылысында» айтылған пікірлерді ол Сырымға әкеліп таңады, оның баяндауының кейде дәлді болмайтын себебі, автор түпкілікті материалдарды пайдаланбай, Орынбор канцеляриялярында өңдеуге түскен материалдарды пайдаланған. Осы өңделген материалдарды подлинниктерімен салыстырып қарағанда, өңдеушілердің түпкілікті материалдардың мазмұнын үнемі дәлді көрсетпегендігі байқалды. Дегенмен, Рязановтың еңбегінде ең басты кемшілік — оның методологиялық ірі қателері. Қазақстан тарихын баяндау үшін архив материалын пайдаланудағы негізгі қыйыншылықтардың бірі—әлеуметтік терминологияның талқыланбағандығы. Документтерде үнемі кездесіп отыратын «қарапайым халық», «батыр», «би», «ру», және осылар сияқты атаулар өздерінің мағнасын айқындауды керек қылады. Қазақстан тарихымен шұғылданып жүрген әрбір адам үшін бұл алдын ала жүргізетін өте бір керекті жұмыс. Осылай болатұрса да, Рязанов негізгі деректерден өзі алған атаулардың мағнасын сын көзімен айқындаймын деп, керек десе, талапта етпеген. Мұның нәтижесі түсінікті: Сырымның қозғалысы сұлтан мен халық арасындағы, екі «партияның» арасындағы күрес деп қана қойылған. Материалды пайдалану әдісі әлгідей болған соң, Рязанов осы «халық партиясын» ішінен жеген ішкі ала ауыздықтар туралы мәселені алдына қоя алмаған, сөйтіп, осы қозғалыстың болар алдындағы уақыйғаларын, да-

[1] Жоғарыда «51» бетті қараңыз, ескерту 1.

муын, ажырау себептерін оның дұрыс ұғынуына мүмкіншілік болмаған. Рязанов өзінің баяндауында қозғалыстың әлеуметтік мәнін айқындаудан гөрі оның сыртқы жағына көбірек тоқталуын біз де кездейсоқ іс демейміз. Дегенмен, Рязановтың қалайда даусыз еңбегі сол, ол ғылым арнасына бұрын бүркеулі жатқан жаңадан әжептәуір көп фактылар енгізген. Жергілікті буржуазияшыл ұлтшылдар тобынан шыққан еңбектердің Сырым қозғалысы тарихын бұдан былай талқылау үшін ешқандай жәрдемі тиген жоқ. Бұл еңбектердің ішіндегі Сырым қозғалысы жөнінде айтылған пікірлер тарих ғылымын байытқан жоқ. Бұлардың ешқандай жаңа фактылармен деректелмеген пікірлері нәтижесіз схемалардың төңірегінде ғана болған. Біз жоғарыда айтып өткендей, қозғалыстың таптық сыйпатын айқындаймын деген талабына қарамастан, осы еңбектердің бірде-бірінде қазақ қауымы туралы, ру басшыларының осы қауымдағы орны және ролі туралы мәселе алға қойылмаған: былайша айтқанда, Қазақстандағы тап күресі тұрғысынан қарағандағы өте-мөте маңызды мәселелер бұл еңбектерде ауызға алынбаған. Бұлай болмауға мүмкіншілігі де жоқ еді, өйткені бұл мәселелер алға қойылса жергілікті буржуазияшыл ұлтшылдық негіз еткен теріс қақпайлы теориялық ережелердің беті ашылған болар еді.

Неғұрлым кешірек, 30-жылдардың бас кезіне тиесілі шыққан еңбектердің ішінен А. П. Чулошниковтың «XVII—XVIII ғасырлардағы Қазақстандағы феодалдық қарым-қатнастар тарихына» деген, біз жоғарыда көрсетіп өткен, мақаласын атап көрсетуге болады, бұл мақаланың Сырым батыр қозғалысына бірнеше беті арналған[1]. А. И. Чулошниковтың мақаласында бірқатар бағалы нұсқаулар бар. Мысалы, ол Сырымның 90-жылдардағы күресінің негізгі бағытын дұрыс сыйпаттаған, дегенмен, бұл мақалада біз келісе қоймайтын ережелер де бар. Сырым батырдың қозғалысын феодалдық топтардың күресі деуі бізге қате сияқтанады. Бұлай деу көтерілістің қозғаушы негізгі күшін, яғни қазақтардың еңбекші көпшілігін елеусіз қалдырады, күрестің таптық кездерін көмескілендіруге әкеліп соғады, автордың билер мен батырлар тап күресін-

---

[1] А. П. Чулошников. Жоғарыда көрсетілген шығармалар, 516—518-беттер.

де сұлтандардың әлеуметтік жауы ретінде қарсы шықты деуі де қате, оның бұл ережесі мақаланың қазақ қоғамының әлеуметтік құрылысы жөніндегі барлық концепциясына көрінеу қарсы келеді. Сұлтандардың Сырым батырға аса өштесіп қарсыласуын сұлтандардың сауда қарым-қатнастары жөнінде өздерінің беделді болуы үшін күресуінің нәтижесі деп түсіндіруі де қанағаттанарлықтай түсінік емес[1]. Дегенмен, Чулошниковтың бұл жөндегі елеулі еңбегі сол, ол Сырым көтерілісінің ішкі қоғамдық тетіктерін айқындауға көңіл бөлген.

Акырында, Сырым батырдың қозғалысына осы кітаптың авторы жазған бірқатар шығармалардың жеке тараулары арналған[2]. Осы айтылған тараулардың жарым-жартысы жаңа материалдар негізінде қайта қаралды, жарым-жартысы осы зерттеуде тағы да кеңейтіле түсті.

---

[1] А. П. Чулошников. Жоғарыда көрсетілген шығармалар, 518-бет.

[2] «Материалдар», М.—Л., 1940, IV, 14—26-беттер, М. Вяткин. Қазақ ССР тарихы жөніндегі очерктер, X тарау; Қазақ ССР тарихы, XI тарау.

БІРІНШІ БӨЛІМ

I ТАРАУ

ҚАЗАҚТАРДЫҢ XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Кішіжүздің XVIII ғасырдың соңғы екі онжылдығы ішіндегі өмірінің біразы Сырым батырдың қозғалысының (1783—1797) сарынымен өткен және осы қозғалыс қазақ халқының азаттық жолындағы бұдан кейінгі күресінде де із қалдырған. Қоғамдық ірі құбылыстардың қандайын болса да сол құбылыстың туып, дамыған жағдайларынан сыртқары алып ұғынуға мүмкін емес. Ендеше, Сырым батырдың қозғалысы туралы да осыны айтуға болады. Сондықтан, біз еңалдымен Қазақстанның XVIII ғасырдың екінші жартысындағы шаруашылық, қоғамдық құрылысына және Кішіжүздің саяси өміріне тоқталамыз.

Кішіжүздің[1] жазғы жайлайтын қоныстары XVIII ғасырдың

---

[1] Тарихи әдебиетте қолданылып келген «Орда» деген атау қазақтың атақты адамдарынан шыққан документтерде жоқ. Бұл атаудың орнына барлық жерлерде «жүз» (يوز) деген атау қолданылған. Бұл «жүз» деген атаудан жалпы қолданылып жүрген «Орда» деген сөздегідей мемлекеттік мағна шықпайды. Ал «Орда» деген атау ғылми әдебиетте көшпелі немесе шала көшпелі мемлекет деген мағнада орын алған «Жүз» деген атаудың онша қолайлы болмауына қарамастан, біз бұл атаумен пайдаланамыз, өйткені бұл сөз қазақ тілінде және жазба негізгі деректердің қазақ тіліндегілерінде жалпы қолданылып жүрген сөз. Пайдаланғанда өзінің тура мағнасында («жүз») емес «Орда» деген сөздің мағнасын беретін атау ретінде пайдаланамыз. «Жүз» (يوز) деген атауды көшпелі мемлекет деген мағнада қолдануға болатын тағы бір себеп, «Орда» деген атаудың өзі бұл мағнада шартты түрде жүреді. Алтын Орда қоғамында Орда деп, оның тура мағнасында, хан сарайын айтқан, ол монғол

орта кезінде Берді, Елек, Үлкен және Кіші Қобда, Ор, Мырзабұлақ, Жарлық, Құмақ, Сундук өзендерінің және осыларға құятын толып жатқан кішігірім дала өзендерінің бойларында болған. Сырым батырдың қозғалысы да осы жерлерде болған. Кішіжүздің қысқы қоныстары Қамысты, Ырғыз өзендерінің ауданында, Шалқар көлінің маңында, одан оңтүстікке қарай Сырдария құйылысына шейінгі жерлерде, деней Қаракұмдарда болған. Қауымның бір бөлегі Эмба өзенін, оған құятын өзендерді, Кіші және Үлкен Борсық құмдарын, Антонов бекінісінің шығыс жағындағы Қара-көлді, Ойыл, Қыйыл, Қалдығанты, Бұлдырлы өзендерінің бойын қыстаған[1]. Айта кететін өте қажетті бір мәселе, П. И. Рычков Жайық бойында қысқы қоныс болғандығын атап көрсетеді және қазақтардың «Ішкі жайыққа» яғни жайықтың оң жағына өтуіне жол беру керек екендігін жанап қана айтады. «Ішкі жақтан» қысқы қоныс алуға, әсіресе, Байұлы ұрпағының көшпелі қауымдары мұқтаж болады, бұлардың ішінде Байбақты руы да бар. Бұл ру кейіннен Сырым батыр қозғалысының ошағы болған. Оралдың оң жағасындағы жерлермен пайдалану қазақтар үшін қандайлық маңызды болғандығын біз ілгеріде көреміз. Рычковтың қазақтарды «Ішкі жаққа» өткізу керек деп жанап қана айтуы патша әкімшілігінің бұл мәселе жөніндегі көзқарасынан туған сөз. Патша әкімшілігі бұл жерлердің қазақтар тіршілігі үшін маңызы өте зор екендігін мойындағысы келмеген.

Қазақтардың мал шаруашылығын өркендету әдісі мейлін-

ставкасының дәл ортасында болған (ورتا) яғни (واتا) деген ат тағосыдан барып шыққан. Бату ставкасын суреттегенде Рубрук былай дейді: «Үйлерін түсірерде (повозкалардан) сарайдың (әңгіме хан сарайы туралы болып отыр. — М. В.) қай жақ бүйірінен орын алуға тиісті екенін олар біледі. Сондықтан, сарай бұлардың тілінде Орда деп яғни орта деп аталады, өйткені сарай қашан да олардың адамдарының ортасында тұрады» (В. де Рубрук. Шығыс елдеріне сапар шегу. Аударған А. Малеин. СПб., 1911, 96-бет).

[1] П. И. Рычков. Орынбор губерниясының топографиясы, 1, 136—139-бет. Айта кету керек, Рычковтың географиялық мәліметтерінің бірқатар күдікті жерлері бар және осы күнгі мәліметтерге біраз қайшы да келеді. Мысалы, Рычков айтқан Аққөл әжептәуір шығысқа таман тұрады және Кішіжүздің қоныстарымен байланысы болмаған. Осы күні Қалдығанты және Бұлдырлы өзендері біріне-бірі де және Орал (Жайық) өзеніне де құймайды.

ше артта қалған. Қазақтардың негізгі байлығы — мал (елдің көркі мал, — дейді қазақтың мақалы) қысы-жазы далада жайылған. Мал өсірудің мұндай түрі, жыл уақытына қарай, әрдайым көшіп отыруды тілеген. Қысқы қонысқа бораннан, желден ық, қар жұқа түсетін жер керек болған, мұндай болмаған күнде мал тебіндей алмас еді. Сондықтан, қысқы қонысты тоғай, қамыс арасынан, құмды белдер ішінен, немесе таудың етегінен алған. Қыстыгүні жайылыста су мәселесі онша қыйын болмаған, өйткені мал қармен сусындаған.

Мал шаруашылығын жүргізу әдісінің артта қалуы қысқы жайылысқа көп жер керек қылған. «Қолдағы сыйыр, түйе сияқты қара малға жақын жерден жайылыс қалсын деп, қазақтар жылқыларын қыстауларынан салт аттыға жеті немесе одан да көбірек күндік жерге айдап кетеді»[1] — дейді Рычков. Әрине, Рычковтың бұл айтқанына әбден сенуге болады. Қысқы жайылыста март айының ортасына шейін, жазғы жайлауға көшуге даярланғанға шейін отырған. Шөп басы көрінісімен-ақ көше бастаған. Әлі де күнге күйіп қурамаған даланың мол шөбі ауылдардың ірі-ірі топ болып, алыс-алысқа көшіп қонып отыруына мүмкіншілік берген. Жазғы жайлау үшін шөбі, суы мол жер керек болғандықтан, көбінесе өзен бойын, суы тұщы көлдер төңірегін қоныстаған. Малдың бәрі әуелі бірге бағылып, кейіннен, өрістің оты қашып, мал тойымы тоқтала бастаған кезде жеке-жеке жаятын болған. Жазғы жайлау қоныстарында сентябрь айына шейін, күзеуге көшетін уақытқа шейін, отырған. Ноябрь айында қыстауға қайтып келген. Әрбір рудың көшіп-қонып жүретін белгілі жері болған, бұған басқа рулар қол сұға алмайды. Егер бір рудың жеріне екінші ру келіп қонса, онда бұл мәселені билер шешеді немесе екі арадан үлкен төбелес, қару алысқан жанжал шығады.

Қазақтар жылқы, түйе, сыйыр, қой, ешкі өсірген[2]. Бірақ, басқа малға қарағанда, сыйырды аз ұстаған. «Ең бай дегенінің сыйыры 20 дан аспайды[3], — дейді Рычков. — Мұның себе-

---

[1] П. И. Рычков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 293-бет.

[2] И. Г. Георги. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 126-бет. П. И. Рычков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 284—294-беттер.

[3] Бұл да сонда, 294-бет. Сонда Георги сыйыр өсіру қазақтар шаруашылығының жаңа саласы болды, дейді. Георгидің бұл айтқаны тегі Кішіжүздің солтүстік және батыс аудандары үшін айтылған сөз болу керек.

бі — сыйыр тебіндеп жайыла алмайды. Қысқа арнап шөп дайындау қазақтардың тәжрибесінде болмаған[1]. Қазақтар жылқыны еңалдымен салт міну үшін пайдаланған. Осы мақсатпен олар Қазақстан даласында жайын жүрген тарпандарды да қолға үйретіп алған. Жылқыны арбаға жекпеген. Жүк тасу үшін, үйлерін арту үшін қоспақ түйені, нарды, сыйырды[2] пайдаланған. Қойды, көбінесе, ет үшін ұстаған. Ешкіні онша көп өсірмеген. Тамаққа, қой еті үстіне, көптеп жылқы етін де пайдаланған. Бие сүтінен қымыз, түйе сүтінен шұбат жасаған[3]. Ірімшік, май сияқты азық-түлік заттары сыйырмен қой сүттерінен жасалған.

Қазақтар шаруашылығының басқа салалары тек екінші қатарда көмекші шаруашылық ретінде ғана болған. XVIII ғасырдағы ұсақ, қолөнер кәсібі жөніндегі мәліметтер тіпті аз. Бірақ шаруашылықтың бұл саласы өте шабан дамығандығын ескеалып, оны сыйпаттау үшін XVIII ғасырдың аяғындағы және XIX ғасырдың басындағы мәліметтермен пайдалануға болады. Қазақтарда тері илеу өндірісі әжептәуір болған. Теріден, аяққиім, ыдыс (саба, мес, торсық, көнек), үстіне киім істеген. Ешкі терісінен жазғы киім тіккен (мұны қазақ-орыстар «қажаны» деп атаған). Тері илеу жұмысы мейлінше қыйын болған[4]. Тері жаңбыр тисе бұзылмайтындай, жұмсақ, жақсы болып иленген. Мұндай теріні жуса да өңі таймаған. Кәдейлер киіктің терісінен, байлар құлын терісінен тон киген.

Жүннен толып жатқан заттар істелген, қазақ қойларының жүні иіруге жатық болмаған, бірақ үй жабу үшін киіз бас-

---

«Оңтүстікте, Сырдария ауданында, тіпті XVI ғасырдың бас кезінде сыйыр өсіргендігін Рузбехан айтқан.

[1] П. И. Рычков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 293-бет.

[2] Сыйырды көлік орнына да пайдаланған, — дейді Георги (жоғарыда көрсетілген шығармалары, 127-бет).

[3] И. Г. Георги. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 127-бет.

[4] Тері илеу әдісін Паллас толық суреттеген. «Қырғыздар бұларды (терілерді) былай илейді, — деп жазады ол: — ешкі терісінің әуелі жүнін жырқып алып, су себеді, одан кейін ширатып бүктейді дағы жылы жерге төсеп қояды, сөйтіп иістеніп, жүні жидігенге шейін сол жерде жатады, содан кейін өтпейтін қышақпен шелін қырып алып, теріні кептіреді, осыдан соң оны төрт күндей иге салып қояды, егер терінің өңі тым қалың болса иге айран құяды, терінің өңі ашық болуы үшін иде жатқанда күн сайын алып қырып тұрады. Ең ақырында теріні иден алып әбден кеуіп жұмсағанша талқыға салып уқалай береді. Содан соң ыстап қайтадан уқалап, томар бояумен бояйды». (Паллас, жоғарыда көрсетілген шығармалары, 1, 570-бет).

қан. Қой жүнінен тек жуан жіп қана иірілген. Бұл жіптерді өрмек құрып, ендігін 1/2,— 3/4 кездей етіп, тақталап тоқып болғаннан кейін, оларды біріктіріп тігіп, алаша істеген. Осы тақталарда, көбінесе, керегенің басын тартатын баскүр жасаған, мұның өзі үйдің ішіне әдемі өң беріп тұрған. Енсіз етіп тоқыған баулардан белбеу істеген. Қой жүнінен әдемі өрнек салынған сырмақтар, текеметтер, түскиіздер істелген[1].

Жіп көбінесе түйе жүнінен иірілген. Қазақ даласында қос өркешті түйенің көп болатын себебі, мұндай түйенің жүні жалғыз өркешті түйенің жүнінен гөрі тығыз және салалы келеді.

Қой жүнінен гөрі түйе жүнінен неғұрлым сыпайырақ тоқыма жіптер иірілген. Мұндай жіптерден сыртқы киімдер, шекпен тоқыған.

Тоқыма өндірісінің техникасы өте жабайы болған. Өрмек тоқуда мосы-ағаш, адарғы, қылыш, қазық сияқты болымсыз аспаптар ғана қолданылған. Өрмек тоқудың мұндай әдісі көп еңбек, көп уақыт керек қылған, дегенмен тоқылып шыққан заттар мейлінше жатық және берік болған[2]. Ешкінің түбітінен жұқа келген ақ киіз басып, одан жаз киетін баскиім істеген.

Металл өңдеу ісі XVII ғасыр аяғында, ел арасына әлі тегі нашар тараған болу керек. Бұл жөнінде Ф. Скибин «олардың (қазақтардың. М. В.) ұсталарын айтпайды»[3], — деп атап көрсетеді. Бірақ ұсталық кәсіптің қазақтарда XVIII ғасырда таралғандығында күман жоқ. «Бұлардың, — деп жазады Паллас, — өздерінің ұсталары бар, олар ең оңай деген ұсақ нәрселерді ғана жасайды, бұлардың күмісшілері туралы да осылай деп ұйғаруға болады»[4] Металды өңдеу жөніндегі не-

---

1 Текемет — әдемі өрнек салып басылған киіз. Түскиіз — бетіне шұғадан және жібек матадан өрнек салған киіз, сырмақ — әртүрлі бояумен сырланған киіздерді ойыстырып тіккен киіз.

2 Я. Гавердовский. Жоғарыда көрсетілген қолжазбасы, II, л. л. 102 об.—103.

3 «Орыс архивы», 1867, 389-бет.

4 П. С. Паллас. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 571-бет. Мұны Георги де анықтайды. Ол былай деп жазады: «бұлардың араларында ұсталар да бар, бірақ шебер емес, сондықтан олар (қазақтар. — М. В.) балта, пышақ, қару, оттық сияқты заттарды көбінесе сатып алады» (Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 128-бет). Паллас пен Георгидің айтқанын қазақтардың саудасы жөніндегі мәліметтер де анықтайды (бұл жөнінде төменнен қараңыз).

ғұрлым толығырақ мәліметтерді біз XIX ғасырдың бас кезінен бергі уақыттан табамыз. Мұның техникасы да өте жабайы болған. XIX ғасырдың ең бас кезінде (1803 жылы) қазақтардың өмірін бақылаған, Я. Гавердовский — металды өңдеу жұмысымен айналысқан қазақтарды «қышқаштан басқа және кішкене төстен басқа ешқандай сайман, не көрік көрінбейді, отты жер ошаққа жағады. Кейбіреулері отты аузымен үрлейді, ал басқалары көрік басады, көріктері теріден істеген қап сыяқты»[1] — деп жазады. Қазақ ұсталары ат аспабының саймандары, мылтық, қанжар, пышақ, кетпен, қайла, соқаның тісі сыяқты заттар жасаған. Мыстан ер-тұрманға тағатын және мылтықты безейтін әртүрлі әшекейлер, күміс және алтын теңгеден әйел бойына тағатын әшекейлер жасалған[2].

Қазақтарда ептеген химия өндірісі де болған. Бұл өндіріске жататындар: жабайы металлургия, мылтықтың дәрісін жасау және әртүрлі өсімдіктерден бояу істеу. Қорғасын қорыта да білген. Қорғасын кенін Қаратаудан қазып алып, оны апарып жылқының тезегіне қосып, қойдың майын құйып, содан кейін, әдейі осыған бола істеген жер ошақ пешке салып қорытқан. Қорғасыннан мылтыққа оқ жасаған[3]. Қазақтардың мыс және темір кендерін қорытқандығы туралы ешқандай мәлімет жоқ. Мылтықтың дәрісін күкірттен істеген, күкіртті Бұхарадан сатып алған. Күкіртті терек көмірімен араластырып, селитра орнына ескі бейіттен алған топырақты қосып, оны қазанға салып қайнатқан. Бояу өндірісіне келсек, қазақтар сары бояуды қара аңыздан немесе тас шайдан (түшутас) істеген, мұны ашудас еріткен суға қайнатқан[4]. Қызыл бояуды қынадан жасаған, қынаны Жайық ауданынан және даланың басқа жерлерінен теріп жыйнап алған[5]. Мұның үстіне, бояу жасау үшін әр түсті топырақтарды қолданған.

Қазақтарда осы айтылған кәсіптерден басқа ағаш және сүйек өңдеу өндірісі болған. Өрнек салып кереуеттердің бетін,

---

[1] Я. Гавердовский. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, II, л. 104-бет.
[2] Бұл да сонда.
[3] Бұл да сонда.
[4] П. С. Паллас. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 570-бет.
[5] Бұл да сонда, 571-бет.

музыка аспаптарын сәндеген. Сүйектен жонып салған өрнектермен көбінесе ағаштан істелген заттарды әшекейлеген.

Киіз басу, өрмек тоқу, сол сыяқты азық-түлік жасау жөніндегі барлық жұмыс әйелдердің мойнында болған. Еркектер кереге жасау металл және ағаш бетіне өрнек салу, металдан зат жасау сыяқты жұмыстарды орындаумен болған. Теріні еркектер де және әйелдер де илеген[1]. Қазақтардың негізгі ұсақ қолөнер кәсіптері осылар болған.

Қазақтардың шаруашылығында аң аулау ірі орын алған. Аң аулаудың қазақтар шаруашылығында әжептәуір орын алғандығын бірқатар авторлар анықтайды[2]. Қазақтар аң аулағанда, қасқыр, түлкі, қоян, борсық, барыс, қарсақ, құлан, тау ешкі, киік, тағы басқа аңдарды аулаған. Аң аулаудың техникасы мейлінше жабайы болған. Аңды алыстан қоршап алып, содан қоршауды тарылта келіп, садақпен атқан. Аң аулауда бүркіт көбірек қолданылған, бүркітті орыстың айырбас сарайларында сатып алған. Жақсы қыран бүркіттердің құны екі жылқыға бағаланған. Аңды кейде әдейі қағып қойған үшкір қазықтарға айдап келіп арандатып ұстаған немесе атпен қуып болдыртып барып соғып алған. Сол сыяқты, қақпан тағы басқа түрлі аспаптарды қолданған. Бірақ аң аулауда мылтық аз пайдаланылған: қазақтар білтелі мылтық ұстаған, мұндай мылтықты аттан түсіп, сыйрағын жерге тіреп барып атқан, бұған сыйрақты көбінесе киіктің мүйізінен істеген[3].

---

[1] Я. Гавердовский. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, II. л. 90.

[2] Бұл да сонда. II, л. 101; П. Рычков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 284—294-беттер. Паллас. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 585-бет. Рас, Георги «Осы қолы бос бай, мал өсірушілердің жартысынан көбі аң аулағанда тек ермек үшін ғана істейді»,— деп атап көрсетеді, бірақ ол тағы да былай дейді: «дегенмен, осы кәсіп олардың қолына азық және тері-терсек түсіріп, үлкен пайда келтіреді». (И. Г. Георги. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 128-бет).

[3] Аң аулау әдістерінің жабайы болуына қазақтардың қару-жарағының өте нашарлығы себеп болған. Қазақтардың қару-жарағында болған заттар, қамшы, оны бұзаудың терісінен өрген, жуандығы бір-екі елі, ұзын қайыңнан істеген құрық, сойыл — шоқпарбас ұзын қайың, селебе яғни жекеауыз — қанжар (жекеауыз селебеден қысқарақ келеді), бұйда пышақ, басы үш қырлы найза, садақ, аң аулау үшін басы екі қырлы садақ оғы қолданылған, ал соғыста сауытты тесу үшін төрт қырлы садақ оқтары қолданылған. Соғыста көбінесе Орта Азияда істелген ұмек сапы қолда-

Аулаған аңдарының жарым-жартысын тамаққа пайдаланған, мысалы тау ешкісінің, киіктің тағы басқаларының етін. Бірақ аңды көбінесе терісі үшін аулаған. Аңның терісін өздерінің тек ішкі қажетіне жаратып қана қоймай, оның үстіне көптеп орыстың айырбас сарайларына апарып өткізген, бұл туралы төменде толық айтылады. Ақырында, аң аулауды қазақтар жыртқыш аңдардан малға келетін зиянды кеміту үшін де жүргізген. Мысалы, жайын қабандар мен қасқырлар осы мақсатпен ауланған.

Сөйтіп, аң аулаудың халық шаруашылығында маңызы болғандығында күмән жоқ. Әрине, аң аулау, әсіресе, байлар арасында, ермек үшін де істелген.

Жер кәсібіне келсек, ол XVIII ғасырда қазақтарда өркендемеген. «Эмба, Торғай, Ырғыз және Нұра төңірегіндегі жерлерде жер жырта басталғанына бес жылдан асқан жоқ», — дейді Гавердовский[1]. Бұл айтылғанға сенуге болады. Өйткені бұл сөз халық аңызымен үйлес келеді, ал халық аңызы Торғай ауданында жер кәсібі XIX ғасырдың бас кезінен бар дейді[2], және XVIII ғасырда сапар шеккен адамдар — Паллас, Георги, Н. Рычков — қазақтардың жер кәсібі туралы нақтылы ештеңе айта алмаулары да кездейсоқ уақыйға емес. Бұл туралы П. Рычков та ештеңе айтпаған. Бірақ Торғай далаларында жер кәсібі өркендемегенмен де қазақтар Сырдария ауданында жер кәсібін жүргізген. Бұл жерде қазақ қауымдары жер кәсібін жүргізілгендігін XVII ғасырдың 90 жылдарының өзінде-ақ орыс үкіметінің Тәуке ханға жіберген елшісі Василий Кобеков айтқан. Өзінің жұрттан сұрап жазып қалдырған сөздерінде ол мынадай деп көрсеткен: «Тәуке ханның жерінде

нылған, бірақ әсіресе Персияның орыстың қылышы тәріздес келген түзу қанжарларымен сапылар бағалы болған. Мылтық аз болған, бұлар атаулы болып атадан-атаға қалып отырған. Мылтықтар қазақ, башқұрт және қалмақтар өндірісінен шыққан. Бай сұлтандарда бұхар мылтықтары да болған. Мұндай мылтықтардың оғы 700 қадаға шейін барған. Садақ оқтары үшін сауыт және кісеге салынған ұзын қайыстан істелген мылтық аспабын асынып жүрген, бұған оттық, шақпақтас, оқ тағы сондайларды салатын қалталарды қыстырып қойған. (Ш. Ш. Уәлиханов. Шығармалары, 37—40-беттер).

[1] Я. Гавердовский. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, II. 104-бет. Гавердовский осы шығармасында: «бұрын бұл тек Сырдария маңында ғана болғандығы мәлім еді», — дейді. Бірақ ол Сырдария маңында тек қарақалпақтар ғана жер кәсібімен айналысқан деп қателеседі.

[2] Т. Сейдалин. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 234-бет.

бидай, арпа, тары сияқты астық көп шығады, күздік егісті де және көктем егісін де егеді[1]. Қазақтардың жер кәсібі орыстың тағы бір елшісі Ф. Скибинге басқаша әсер еткен, Скибин қазақтарда жер кәсібі болғандығын атап көрсеткенмен де, «бұлардың (қазақтардың) егіндігі тым құнарсыз», дейді[2]. Қалай дегенмен де, Сырдария ауданында жер кәсібінің болғандығында күмән болмауға тиіс. Бұл кәсіп осы ауданда шаруашылықтың ең бір ескіден келе жатқан саласы болған. XVIII ғасырдың 20-жылдарында Жоңғария шабуыл жасап, оның әскерлері қазақ қауымдарын адам айтқысыз түрде талқандаған (бұл туралы төменде толық айтылады), соның салдарынан Сырдария ауданында жер кәсібі бәсеңдеп қалған, бірақ ешуақытта мүлде жоғалып кеткен емес.

Сырдария ауданында суармалы жер кәсібі жүргізілген. Қазақтар тым жабайы түрде болса да, тараулы жер суару системасын жасай білген[3]. Бұлар тары, қонақ, бидай, арпа еккен. Қазақтар дәнді астық егумен қатар бақша үстап, қарбыз, қауын, асқабақ еккен. Жер суару системасы дұрыс болған жылы бидайдан 12—15 есе, тарыдан 60 есе және онан да артық өнім алып отырған. Жерді соқамен жыртқан, соқа жыртқан жерінің терендігін екі бөршекке шейін ғана алып отырған[4]. Борона орнына бұтақты дөңбек немесе кеспек ағаш қолданған. Бірақ сол кездің өзінде-ақ шаруашылықтың үш кезекті системасы қолданылған[5].

Шаруашылықтың басқа салаларынан балық аулау кәсібін атап көрсетеміз. Бірақ балық аулау кәсібін қазақтар құрмет тұтпаған, мұны тек өте бір мұқтаждыққа ұшырап қалған кездерде ғана істеген.

---

[1] «Тарих актыларына толықтаулар», X, № 80, XIV.

[2] «Орыс архивы», 1867, 399-бет.

[3] Бұл системаны суреттеуге біз тоқталмаймыз. Бұл жөнінде оқушыларды Гавердовскийдің қолжазбасына және сұлтан Сейдалиннің біз жоғарыда цитатта келтірген өте қызықты мақаласына сілтейміз.

[4] Я. Гавердовский. Жоғарыда көрсетілген шығармалары. II, 105—105-бет.

[5] «Қырғыздар бидайды және арпаны былтыр тары немесе қонақ еккен жерге салады. Осы жерлерді үшінші жазға қалдырып, содан кейін қайтадан тағы егеді» (Я. Гавердовский. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, II, 106-бет).

Қазақтар шаруашылығының салалары міне осындай болған. Бұл арада атап көрсететін өте бір маңызды жағдай, шаруашылықтың осы салаларының қайсысы болса да өзалдына өндіріс ретінде жекеленбей, көбінесе мал шаруашылығының құрамында жүргізілген. Аң аулау кәсібі жөнінде де осыны айтуға болады. Жер кәсібі жөніндегі мәселені шешу қыйынырақ келеді. Сөз жоқ, Сырдария ауданында жер кәсібімен айналысқан егіншілердің тұрғылықты шаруашылықтары болуы анық. Дегенмен, бұл арада да жер кәсібі мал өсіру шаруашылығымен қоса жүргізілген. Егісті аяқтағаннан кейін, — деп жазады Гавердовский, — «жер кәсібіне айналғандардың бәрі көшіп кетеді және егіндігіне 60 күнсіз қайтып келмейді. Сол кезде астық та пісіп болады. Бірақ осы 60 күннің ішінде күзетшілер немесе егін иелерінің өздері егінінің аман-жаманын білу үшін, кейде суару үшін егін басына сирек болса да келіп тұрады[1]. Жер кәсібімен көбінесе малы аз, көшіп-қонып жүре алмайтын кедейлер айналысқан. Бірақ жарым-жартылап байлар да егін еккен[2]. Сөз жоқ, XVIII ғасырда бай шаруашылықтардың жер кәсібімен айналысуы онша етек алмаған. Бай шаруашылықтары сауда және өндірістік мақсаттарды көздеп жер кәсібіне XIX ғасырдың екінші жартысында ғана кең түрде кірісе бастаған. XVIII ғасырда байлар шаруашылықтың бұл егіншілік саласына менсінбеушілік көзбен қараған, мұны Гавердовскийдің өзі де жасырмайды[3]. Сонымен, жер кәсібі шаруашылықтың дара саласына бөлінуі туралы тек кедей шаруашылықтардың бір бөлегі жөнінде ғана айтуға болады. Бірақ мұндай шаруашылықтар көп болмаған, оның бер жағында, бұл шаруашылықтар товарлық сатып пайда шығару мақсатпен емес тұтынушылық мақсатпен ғана жүргізілген. Бірақ осы жағдайларда, жер кәсібін істеген қазақ аздап мал басын

---

[1] Я. Гавердовский. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, II, 105-бет.

[2] Қалай дегенмен де Гавердовский мынадай деп жазады: «Астықты басып болғаннан кейін тағы да көшеді. Алған астығынан жартысын және бақша өнімінің барлығын азық қылу үшін өзімен бірге ала кетеді, ал қалған жартысын келесі егіске арнап жасырып құмға көміп кетеді, *байлар* (астын сызған мен М. В.) бұл запастарына күзетші қалдырып кетеді» (Жоғарыда көрсетілген шығармалары, II, 105-бет).

[3] Сол сияқты Тевкелевтің 1731—1732 жылдардағы журналында айтқандары. (Ескі дәуір акттарының мемлекеттік орталық архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, 1733, іс № 1, 45-бет).

құрап алғаннан кейін, қайтадан мал өсіру шаруашылығымен айналысқан.

Шаруашылықтың өзалдына жеке бір саласы ретінде бөлініп шыққан деп ұсақ қолөнер кәсібі жөнінде де айтуға болмайды. Қай шаруашылықта болса да, жүннен әртүрлі зат істелген, бірақ мұның өзі шаруашылықтың өзалдына бір саласы болып, әрине, бөлінбеген. Мылтығы барлар сол сияқты дәрі де жасаған. Мүмкін, кейде сату үшін кереге де істелген болар. Бұл жөнінде XVIII ғасырдың негізгі деректерінде дерлік мәліметтер кездеспейді. Бірақ, қауымдар көшіп жүрген кезде олардың бәрі бірдей тоғайлы жерге кездесе бермейтіндігін еске алсақ, бұлар керегені айырбастап алып отырды деуге болады. Дегенмен, даяр кереге емес тек керегелік ағаштың өзі айырбасталып отырған болар. Бірақ мұндай жағдайларда біз XIX ғасырдың негізгі деректерінен кездестіре алмадық, бұл деректер керегенің сату үшін істелетіндігін ашық айтады. Бірақ кереге істеуші шаруашылық бұл жағдайда да мұнымен қатар мал өсіру шаруашылығын да жүргізген.

Металл өңдеу кәсібін алсақ, бұл кәсіппен арнаулы ұсталар шұғылданғаны мәлім. Қазақтарда өздерінің саймандарын алып ауылдан ауылға барып жұмыс іздеп жүретін ұсталар болған[1]. Бірақ мұндай қыдырма ұсталар аз болған, сондықтан тек осыны ғана дерек етіп ауыл шаруашылығынан бөлек ұсталық кәсібі жүргізілген деп әңгіме қылуға болмайды.

Сонымен, қазақтарда өндірісті ұйымдастыру туралы біздің білгеніміз XVIII ғасырда қазақ қоғамында, Энгельс терминологиясымен айтқанда, еңбектің қоғамдық бөлінуінің екінші бір ірі түрі дамымаған деуге мүмкіншілік бермейді. Демек, мұнда товарлық өндірістің дамуы үшін материалдық негіз болмаған. Өзінің өндірістік негізі бойынша, қазақ қоғамының шаруашылығы натуралдық шаруашылық болған.

Мұнымен қатар, қазақтардың шаруашылық әрекетінің түрлі салаларын қарастырғанда, қоғамдық мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін бұлардың шаруашылықтарында жетпей-

---

[1] «Мастерлер (әңгіме ұсталар туралы болып отыр. — М. В.) осы ұсақ қолөнер жұмысын істеу үшін өздерінің саймандарын алып ауылдан ауылға барып, кім керек қылса, соның жұмысын кезі келген жерде істей берген» (Я. Гавердовский. Көрсетілген қолжазбалары, II, 104—104-бет). Осы ұсталардың малының болғаны және болмағаны мәлім емес.

тін заттар толып жатқан. Еңалдымен, кездеме жетпеген, металдан істелетін заттардың да бірсыпырасы (қару-жарақ, қазан, тағы басқалары) жоқ болған.

Қазақстанда жалпы экономикалық артта қалушылыққа, рулық салт-сана түрінің үстем болуына байланысты, кеміс азық-түліктерді күшпен тартып алып иемденудің ескі түрлері әлі де сақталып келген. Мысалы, көршілес халықтарға шабуыл жасау, керуендерді «талау». Бірақ неғұрлым алдағы қоғамның тұрғысынан алып қарағанда, бұл талауды праволы іс деп білу қате болар еді. Мұндай «талау» қазақтар үшін шаруашылық жүргізу түрлерінің бір бөлімі болып табылған. Көршілес халықтармен арада мәдени тағы басқа байланыстар неғұрлым бекіп, дамуымен байланысты, азық-түлікті тартып алу орнына айырбастап алу жолы қолданыла бастаған.

Бірақ, бұл арада айырбас қоғамдық өндірістің натуралдық негізінде дамыған. Қазақтардың халық шаруашылығының осы саласын қарастыруға келейік. Біздің тақырыбымызға тәте байланысы болғандықтан, біз тек Кішіжүздің саудасына тоқталамыз. Кішіжүздің қазақтарының, Россиямен саудалас болуы үстіне, Орта Азия хандықтарымен де сауда қатнастары болған. Қазақтар Орта Азия базарларына мал айдап келіп, соны үнемі айырбастап отырған[1]. Мұның үстіне, хиуа және бұхара керуендері қырға шығып, қазақ елінің ішіне келіп сауда істеген. Бірақ XVIII ғасырда қазақ даласында XIX ғасырдағыдай жәрмеңке үнемі болып тұрмаған, қалайда осындай жәрмеңкелердің болғандығы туралы тарихи негізгі деректер ештеңе айтпайды. Керуендер қазақ елін басып өтіп, мұнда қазақтардан айырбастап алған заттарын Орта Азия купецтері одан әрі Орынборға және шекарадағы басқа қалаларға апарып айырбастаған. XVIII ғасырдың 40-жылдарына шейін қазақтармен арадағы сауданың айналымы әжептәуір болған. Сауда Төменгі Жайық, Гурьев және Жайық қаласының көлемінде ғана жүргізілген. Жайық бойында бекініс линиясы құрылысымен, қазақтармен айырбас шекаралық бекіністерде де жүргізіле бастаған. Бұл сауданың орталығы XVIII ғасырдың 40-жылдарында Орынбор. қаласы болған. Ірі сауда сол сияқты

---

[1] В. В. Вельяминов-Зернов. Тарихи Известиялар, 1, 54-бет.

Троицкіде жүргізілген, бірақ мұндағы сауда көбінесе Орта жүз қазақтарымен жасалған. Үкімет қазақтармен жүргізетін сауданы жергілікті әкімшіліктің төте бақылауында ұстауға тырысқан, ондағы мақсат — орыс купецтерінің үлкен пайда табуын қамтамасыз ету. 1750 жылы Жайық бойындағы барлық бекіністерде (Орынборда және Орскіден басқаларында), қазақтармен сауда жүргізуге тыйым салынады[1]. Бірақ астық және пішен айырбасына тыйым салынбаған. Сібір линиясы жөнінде мұндай шек қойылмаған. Дұрысында Жайық бойындағы барлық бекіністерде айырбас жасала берген, бұл тыйым салу сауданы тек жасырын түрде жүргізетін болған. Біріншіден, жергілікті халық, мұның ішінде Жайық казак-орыстары да қазақ шаруашылығының азық-түлігіне қатты мұқтаж болған, мұның үстіне, бұл айырбас Орынбор губернаторларының бірі Н. Бахметовтың айтуына қарағанда, «дәулет жыйнап алуға»[2] мүмкіншілік берген. И. И. Неплюев және А. И. Тевкелев Орта Азиямен сауда істеу жөнінде Орынборда монополиялық компания құру туралы проект жасап, оны 1751 жылы Сыртқы істер коллегиясына тапсырған[3]. Бұлар осы проектіде купецтердің капиталы үлкен пайдалы болуын қамтамасыз ету мақсатын көздеген. Бірақ бұл проект іс жүзіне асырылмаған. 1749 жылы, Орынбор қаласына күміс көбірек әкеліне бастағанда, Неплюев орыс товарларының бағасы төмендеп кетеді деген қауыппен, Орта Азиядан әкелінген алтын мен күмісті қазнаға сатып алуға үкіметтен рұқсат сұраған[4]. Қазақтар мен Орта Азия купецтері айырбастайтын товарларға 1750 жылы Орынбор қаласында такса қолданылуы да осы шараларға жатады: бұл таксадан товарды төмен бағамен сатуға тыйым салынған[5]. Оның бержағында, орыс купецтері үшін қазақтармен сауда істеу әлгі айтылған шараларсыз-ақ өте тиімді болған, және орталық губерниялардың купецтері де Орынборға ізденіп келіп сауда істеген[6].

---

[1] В. В. Вельяминов-Зернов. Тарихи Известиялар, 1, 55-бет. Бұл шек қою көп ұзамай аяқсыз қалдырылған.

[2] «Материалдар», IV, № 59.

[3] В. В. Вельяминов-Зернов. Көрсетілген шығармалары, 65-бет.

[4] Бұл да сонда, 42-бет.

[5] Ескі заман акттарының мемлекеттік орталық архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 19, 1750, іс № 3, 32-бет.

[6] Мысалы, 1802 жылы Қазан, Ростов, Астрахан, Москва, Тула және

Қазақ даласынан не әкелінген және қазақтар өздерінің тұтынулары үшін қандай товарлар айырбастап алған? Көбінесе, мал әкелінген. Кішіжүз қазақтары деней қой айырбастаған, ал Ортажүз қазақтары, көбінесе жылқы айырбастаған[1] Қазақ даласынан малдан басқа, аң аулаудан түскен заттар да көп әкелінген: мысалы, түлкі, қасқыр, қарсақ терілері. Мұның үстіне, қазақтардың сыртқа шығаратын заттарының ішінде елтірі де әжептәуір орын алған. Рас, қазақ елтірілерінен гөрі бұхара елтірілер бағалырақ келген және қазақ елтірілері Орынбордан провинциялық қалаларға жіберіліп, бағалырақ бұхара елтірілері шетелге және жарым-жартылап астанаға жіберілген[2]. Қазақтардың үй-іші өндірісінен шыққан заттары айырбасқа түспеген. Рас, қазақтармен айырбас жасауда жергілікті арада иленген тері, киіз сияқты заттар аздап айырбасталған, бірақ бұл заттардың көлемі қазақтармен арадағы саудада тіпті болымсыз.

Қазақ еліне айырбасталатын товарлар арасында өнеркәсіп орындарынан шыққан заттар неғұрлым көбірек орын алған, мысалы, кездеме шұға және мақтадан тоқылған маталар, металдан істелген заттар (үй ішіне керекті саймандар, атап айтқанда, қазан, әртүрлі әшекейлер, толып жатқан ұсақ заттар, ине, оймақ, тағысын тағылар), қазақ даласына астық, керек десе аң терісі де (жоғары сортты Сібір аң терілері) апарылған. Қазақ елінен айырбасқа шығарылатын заттардың көлемі белгілібір түрде болып отыратындығы байқалады. Жалпы алғанда, бұл заттардың саны өсіп отырған. Төменде келтірілген таблица әрбір он жыл ішінде айырбастың ең басты түрі — малдың қаншасы саудаға түсіп отырғандығын көрсетеді.

басқа қалалардың купецтері аталған (Ленинградтағы Мемлекеттік орталық тарих архивы, 12-жыйнақ. 1802, іс № 619, 28-бет).

[1] Айырбасқа салынатын заттарды сыйпаттағанда мен архив материалдарының үстіне, XVIII ғасырда және XIX ғасырдың басында қазақтармен арада жүргізілген сауда жөніндегі таблицаларды пайдаландым, бұл таблицаны «Материалдар» жыйнағының III томы үшін М. И. Стеблин-Каменская жасаған (Тарих институтының Ленинградтық бөлімі, қолжазба).

[2] Тарих институтының Ленинградтық бөлімі. Граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 554/558, 225-бет.

Қазақ даласынан әкелініп Орынбор қаласында айырбасталған мал саны:

Жылдар	Жылқы	Өгіз	Қой	Ешкі
1745	552	2	3 953	52
1754	6 005	32	22 111	342
1764	2 840	225	72 734	6 776
1774	171	36	30 237	724
1784	2 470	447	221 485	8 785
1794	2 480	429	176 575	6 474

Айырбастау мөлшері тек кейбір жылдарда ғана кенет төмендеген, сонда бұл төмендеудің себептері әртүрлі саяси уақыйғаларға байланысты болған (мысалы, айырбас көлемінің 1774—1775 жылдары кенет төмендеуі Пугачев бастаған шаруалар соғысына байланысты). Атап айтсақ, қазақ елінен айырбасқа шығарылатын заттардың көлемі мал және мал шаруашылығы азық-түліктерінің есебінен өскен. Мұнымен сауданың құрылысы ешбір өзгермеген. Қазақ елінен айырбасқа шығарылатын заттар арасында өндіріс заттары бұрынғыша болымсыз ғана орын алған. Қазақтың ұсақ қолөнер кәсібі өндірісінен шыққан заттар арасынан айырбасқа шығарылатындарының аттары XVIII ғасырдың басында, сол сияқты 40-жылдарда санамалы ғана болған. Бұлар көбінесе жүннен істелген заттар және айырбастау үшін сыртқа шығарылатын бұл заттардың мөлшері өспеген[1]. Бұл жағдай Қазақстан жаңа туып келе жатқан Россия өнеркәсібінің мал шаруашылық шикізат базасына айналғандығын және мұнымен қатар әлгі өнеркәсіп заттарын өткізетін базарға айналғандығын көрсетеді. Бұл жөнінде қысқаша таблица келтіреміз. Орыс өнеркәсібінің Қазақстанға өткізетін заттарының ақшаға бағалағандағы мөлшері мынау:[2]

---

[1] Қазақ өнеркәсібі заттарының арасында негұрлым жиірек аталатындары арқан, жарғақ, киіз, қой терісі (сауда жөніндегі таблицалар — қараңыз, «Материалдар», III, Тарих институтының Ленинградтық бөлімі, қолжазба).

[2] Қазақ елінен айырбасқа шығарылатын заттардың мөлшері 1784 жылы және бұдан кейінгі жылдарда кемуі Сырым қозғалысының өрлеуіне байланысты. Ескертіп өтейік, бұл келтірілген мәліметтердің құндылы-

Жылдар	Сомасы
1782	487 241 сом 78 т.
1783	521 847 „ 46 „
1784	314 005 „ 34 „
1785	366 771 „ 20 „
1797	886 573 „ 80 „
1801	1 576 448 „ 32 „

Бұл жөнінде ерекше көзге түсетін бір жағдай, орыс өнеркәсібінің қазақ еліне әкеліп өткізетін заттарының арасында, сол қазақтардың өздерінен алған шикізаттарынан істелгендері аз емес[1]. Мысалы, орыс фабрикаларына әжептәуір мөлшерде түйе жүні келіп түссе, сол жүннен шұға істеліп, қайтадан қазақтардың өздеріне апарып сатылған. Қазақстаннан әкелінген терілер Россияда өнеркәсіп өңдеуіне түсіп, содан кейін даярзат ретінде қайтадан қазақ еліне апарылған. Аң терілері жөнінде де осыны айтуға болады, бұл терілерден қазақтарға айырбастау үшін ішік істелген. Қазақстаннан әкелінген мүйіздерден тарақ істеліп, бұлар да қазақтарға апарып айырбасталған, тағысын-тағылар. Мұндай мысалдар айта берсе толып жатыр. Қазақстанмен арадағы сауданың отаршылдық түрі айырбастың тең еместігінен де көрініп тұр. Мұны дәлелдеу үшін Петропавловск таможнясының бастығы Чернявскийдің айтқан сөзін келтіреміз. Чернявский өзінің берген хабарларының бірінде, Ирбит жәрменкесінде 2 сом 70 тыйын тұратын қазан қазақтарға апарылып 50 сомдық аң терісіне айырбасталған[2], — дейді. Қазақтармен арадағы сауданың отаршылдық түрі тағы да мынадан көрініп тұр, мысалы, негізгі деректерде «нашар» делінген, сапасы төмен товарлар көбінесе қазақ еліне

ғы тек белгілі түрде ғана. Бұл мәліметтерде XVIII ғасырдың аяғында ақшаның курсы тұрақсызданғандығы еске алынбаған, мұның үстіне, таможня үкіметтері товар құнын белгілеу негізіне купецтердің өздері көрсеткен бағаларды алған, ал купецтер алым сомаларын төмендету мақсатымен товар бағасын кем көрсетіп отырған. Осы мақсатпен товарлар көбінесе жасырылып отырылған.

[1] Сауда жөніндегі таблицаларға түсінік записканы қараңыз, «Материалдар», III, Тарих институтының Ленинградтық бөлімі, колжазба.

[2] Ленинградтағы мемлекеттік орталық тарих архивы, Коммерция министрлігінің канцеляриясы, 32-жыйнақ, іс № 1125, 12—12-бет.

өткізілген. Россия фабрикаларында жасалып Орынборға әкелінген заттарының ең таңдаулылары Орта Азия купецтеріне айырбасталған[1].

Сауда айырбасының дамуы туралы біз жоғарыда келтірген мәліметтер Россия империясы мен Қазақстан арасында экономикалық байланыстың әжептәуір нығайғандығын көрсетеді, бірақ бұл нығаю Қазақстанның отаршылдық тәуелділігін тереңдете түсу жағына бағытталған. Дегенмен XVIII ғасырдағы сауда өндірістің натуралдық түрін қандай мөлшерде болса да әлі өзгертіп үлгірмеген. Шынында, Қазақстанның шаруашылығында және қоғамдық қарым-қатнастарында сауда дамуының әсерімен жаңа құбылыстар пайда болған. Бұл жаңа құбылыстардың бірі байлар шаруашылығының тууы. Біз жалпы қазақтардың байлары туралы айтып отырғамыз жоқ — қазақ қоғамындағы дәулет теңсіздігі семьялық жеке меншіктің шығып, дамуымен бірге пайда болған. Қазақтарда дәулет теңсіздігінің әжептәуір екендігі Рузбехан берген мәліметтерден де мәлім (XVI ғасыр). Біз бұл арада байларды әлеуметтік топ ретінде әңгіме қылып айтып отырмыз, бұл топтың қоғамдық жағдайы ақша қарым-қатнастарының дамуымен байланысты болған. И. И. Неплюев 1752 жылы Сыртқы Істер коллегиясына берген хабарларының бірінде, — қазақтар «саудаға әдеттеніп келеді және бұлардың бірсыпырасы нағыз купецтердей сауда істейді[2] деген. Мұны П. И. Рычков та анықтайды[3]. Қазақтың атақты ақсүйектерінің өзалдына жүргізетін саудагершілік операциялары комиссиялық тапсырмалармен ұштасқан, бұл тапсырмаларды қазақтың әлгі ақсүйектері орындаған. Я. Гавердовский қазақтар орыс және Орта Азия купецтерінен товар алып, ол товарды көрсетілген пункттерге яғни таможняға немесе керуен

---

[1] Ленинградтағы мемлекеттік Орталық тарих архивы, Коммерция министрлігінің канцеляриясы, 19-жыйнақ, іс № 544, 8—14-беттер, сол сыяқты, 19-жыйнақ, іс № 612, 15—28-беттер. Сол сыяқты, қараңыз Я. Гавердовский: «Қырғыздар Россиядан төмен сапалы ең нашар товарларды алады, яғни Россияда тұтынуға жарамайтын немесе артылып қалған товарларды алады» (көрсетілген қолжазбасы, II, 110-бет).

[2] Бұл да сонда, 1751, 54-жыйнақ, іс № 406, 348-бет.

[3] Кейбір қырғыздар... «Орынбордан әртүрлі товар сатып алып, өзінің ордасына апарып сауда істей бастады» (Тарих архивының Ленинградтағы бөлімі, граф Воронцовтардың жыйнағы, № 461, 229-бет).

сарайына жеткізген дейді[1] XIX ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ ірі соманың саудасын істейтін қазақ купецтері болған. Бұлар Орынбордан және Троицкіден мыңдаған сомға товар алып, бұл товарды ел ішіне апарып, кейде Хиуаға да апарып сатқан[2]. Бірақ XVIII ғасырдағы қазақ қоғамында байлар шаруашылығы айтарлықтай әлеуметтік топ болып табылмаған. Шекаралық сауданың дамуы қазақ қауымының экономикасына онша терең әсер етпеген. Ішкі сауда, яғни ел ішіндегі жеке ауыл арасындағы сауда, бұрынғысынша дамымай қала берген, мұның себебі ұсақ қолөнер кәсібінің ауыл шаруашылығынан өзалдына бөлінбеуі емес, шаруашылық жүргізудің табиғи жағдайларына байланысты өндірістің кейбір өзгешеліктерінің болуы, мысалы кереге айырбастағанда, кейде бұл сауда айырбасы ауылдардың орыс шекара линиясына және Орта Азия базарларына алыс немесе жақын тұруына да байланысты болған — шекара саудасының орталықтарынан алыс жатқан ауылдар өзіне керекті товарларды линиядан немесе Орта Азиядан алған, немесе басқа ауылдарға барып айырбастап алып тұрған. Бірақ ауыл араларында сауда айырбасының дамуында еңбектің қоғамдық бөлінісінің де ролі болған. Мысалы, бұл жағдай мал өсіруші ауылдар жер кәсібіне айналған ауылдардан астық айырбастап алып отырған[3]. Қазақстанда XVIII ғасырда жер кәсібінің дамуы өте нашар болғандығын біз жоғарыда көрдік. Қазақстанда товар—ақша қарым-қатнастарының дамымағандығының неғұрлым көзге түсетін белгісі—сауданың түрі айырбас болуы. Айырбас товар — ақша қарым-қатнастарының дәрежесіне жете дамый алмаған. Жалпы эквивалент ретінде қой жүрген. Алтын мен күмістің ақша ретінде XVIII ғасырда маңызы болмаған[4]. Шынында, қазақтар айырбасқа

---

[1] Я. Гавердовский. Көрсетілген қолжазбасы, II, 27—27-бет.

[2] А. П. Чулошников. Феодалдық қарым-қатнастардың тарихына. 523-бет.

[3] Я. Гавердовский. «Қырғыздар арасындағы ішкі сауда көлемді емес: бұлар әдетте малын Россиядан немесе басқа провинциялардан айырбас арқылы алынған астыққа немесе товарларға айырбастайды. Осы кезде көбінесе дәнді астық оборотқа кіреді, бұл астықтарды өз жерлерінен егіп өндіріп алады немесе сол сияқты сырттан да алады...» (көрсетілген қолжазбасы, II, 110-бет).

[4] Қалай дегенмен де, бұларда ақша қолданылғандығы мәлім емес, сондықтан бұлардың қолына түскен червонецтер тек киімді әшекейлеуге

Орынборға толып жатқан бұхар, персия және үндістан ақшаларын әкелген, қазақтар бұл ақшаларды Орта Азия базарларында немесе ел ішінен өтіп жүрген керуендерге малға айырбастап алған, бірақ бұл ақшалар қазақтардың қолдарында ақша товары емес, қарапайым товар ретінде ұсталған. XIX ғасырдың бірінші жартысында да жағдай әлі де осындай болған. Сауданың айырбас түрлері өзінің көлемі кеңуіне қарамастан тұрақты болған себебі, бұл айырбас өндіріс әдісіне өзінің ешқандай ықпалын тигізіп, әсер ете алмаған. Орыс саудасының осы өзгешелігін Маркс те атап көрсеткен: «Англия саудасының керісінше, орыс саудасы, — деп жазған ол, — қайта азиялық өндірістің экономикалық негізін тіпті ешбір қозғамай қалдыра берген»[1].

Сөйтіп, біз қазақ қоғамының өндірістік қарым-қатнастары құралған және тап күресі етек алған материалдық базаны ұғынуға қарай келеміз. Бұл материалдық базаның өзін екі белгімен сыйпаттауға болады: бір жағынан өндіріс натуралдық қалыпта болды, ал екінші жағынан өндіргіш күштердің даму дәрежесі өте төмен болған.

Феодалдық қарым-қатнастар негіз етіп дамыған жағдайларды сыйпаттағанда, Ленин былай деп жазған: «Біріншіден, өзіндік шаруашылықтың үстем болуы... Екіншіден, мұндай шаруашылық үшін, тікелей өндірушінің қолында жалпы өндіріс құрал-жабдықтары, соның ішінде жері болуы қажет, ол ол ма, тікелей өндірушінің бір жерге тұрақтап отыруы керек... Үшіншіден, шаруашылықтың мұндай системасының шарты — шаруаның жеке басының помещикке тәуелді болуы... олай болса, ендеше «Экономикадан сырт еріксіздеу» керек. Бұл еріксіздеудің түрлері мен дәрежелері, шаруаның крепостнойлық халінен бастап сословиялық жағынан кем праволылығына жұмсалған». (Я. Г а в е р д о в с к и й. Көрсетілген қолжазбасы, I 110-бет).

[1] К. М а р к с және Ф. Э н г е л ь с. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 234-бет. Өндірістің натуралдық түрлері орыс саудасының әсерімен өте шабан ыдырауы біздің ойымызша айырбастың эквиваленті болмауынан емес сияқтанады, өйткені Англияның отаршылдық саудасы да эквивалентті болмаған. Бірақ орыстың айырбас үшін шетке шығарған заттары қазақтар өндірісінің міндетін атқармауы былай тұрсын, қайта оны толықтырып отырған. Қазақ елінен сыртқа шығарылған заттар мен қазақ еліне әкелінген товарларды салыстырып қарағанда осының өзі айқын көрінеді.

на шейін, алуан түрлі болуы мүмкін. Ақырында, төртіншіден, техниканың аса төмен дәрежеде болуының салдарынан — сыйпатталған шаруашылық системасының мандымай күйзеле беруі[1]. Осы жағдайлардың біріншісі және төртіншісі қазақ қоғамында да болды, мұны біз қазақ шаруашылығының системасын сыйпаттаудан айқын көрдік. Ленин көрсеткен қалған екі жағдайлар Қазақстан үшін қандай дәрежеде, қандай түрлерде тиімді болғандығын айқындау үшін, біз қазақ қоғамының XVIII ғасырдағы құрылысын зерттеуіміз қажет.

---

[1] В. И. Ленин. Таңдамалы шығармалары, III том, 140—141-беттер.

II ТАРАУ

ҚАЗАҚТАРДЫҢ XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТНАСТАРЫ

XV ғасырдың екінші жартысында жошылықтар билеген елдің өзалдына қазақ елі болғандығы туралы[1] негізгі деректерді әңгіме етіп ауызға алысымен-ақ шонжар «ақсүйектер», «сұлтандар» айқын көзге түсе бастайды. Бұлар өздерін Шыңғыс ханның тұқымымыз деп есептеген және қазақ қауымдарына бас болған, бірақ бұлар қауым құрамына жатпайды. Тек осы сұлтандар ғана хан бола алған. Бұлар бөлшектелмейтін (чанг)[2] қабілетті — تورہ тұқымы деп аталған. Ата-анасы «ақсүйектер» ғана сұлтан бола алған, сонда «нағыз», «ақсүйек», — «нағыз төре» — болып әкесі де, шешесі де осы тұқымнан шыққандар ғана есептелген. Егер де шешесі «қара» халық арасынан шыққан болса, онда мұндай некеден туғандар сұлтан деп саналса да, хан атағына ие боларлық правосынан айрылған. Сұлтандар өздерін «қарапайым» яғни «қара» халықтан[3], қарашылардан жоғары санаған. «Қара» халық деп

---

[1] Гирей және Жәнібек деген сұлтандар билеген қазақ елі өзалдына болғандығы туралы жоғарыда айтылған Монғолстан тарихшысы Мұхаммед Хайдардың «Тарихи Рашиди» деген шығармасында айтылған.

[2] Мұның осындай болатын себебі, барлық төрелердің таңбасы бір түрлі болған. Оның үлгісі мынау: ⫛

[3] «Қарапайым халық» деген атау орыс сөзі. Орыс материалдарында «қара сүйек» деген атау да кездеседі. Осы екі атаудың қайсысын болса да біз қазақ материалдарынан кездестіре алмадық. Бұлар қазақтың халық тілінде де қолданылмайды. «Қарапайым халық» деген ұғым әдетте қазақ документтерінде «қарашы» (فراچی) деген атау арқылы беріледі, бұл атау монғолдың «харачу» деген сөзімен тектес келеді, турасын айтқанда,

қандай рудан, қандай таптан шыққан болса да әйтеуір Шыңғыс тегіне жатпайтын барлық қазақтарды айтқан[1].

Сұлтандардың қазақ қоғамы ішіндегі орнының еңалдымен көзге түсетін бір белгісі — өндірістің негізгі тірегі — жердің билігі солардың қолында болған. Көшпелі мал өсіру шаруашылығының жағдайында жерді жеке меншіктену, керек десе, феодалдық меншікке тән түрлерінде де орын тебе алмаған. Бірақ меншіктенудің мұндай түрінің болмауы өндірістің негізгі тірегі — жерге қоғам мүшелерінің бәрі бірдей ортақ екендігін, демек таптық қарым-қатнастардың жоқтығын көрсетпейді. Қоғамның таптық құрылысын айқындағанда жер иеленудің заңды түрлерін негізге алмау керек, жерді иелену жөніндегі нақтылы қарым-қатнастарды негізге алу керек, өйткені әңгіме капиталистік қоғамның емес, феодалдық қоғамның дамуы туралы болып отыр. Қоғам мүшелерінің жерге қатысының әртүрлілігі

орыстың XVII ғасырда қолданылған «чернь» деген яғни қара халық деген сөзімен мағналас. «Чернь» деген сөздің осы күнгі мағнасы «қарашы» деген атаудың мазмұнын бермейді, өйткені ол кезде карашы деген сөз жиреніштi мағнада айтылмай, тек қарашының Шыңғыс тегінің тобына жатпайтындығын білдіру үшін ғана қолданылған. «XVIII ғасыр аяғындағы материалдарда қарашы деген сөзбен мағналас «қара халық» قره خلق деген атау кездеседі. Мысалы بز قرعزاق يورتى كچى قره خلق يوز نيك яғни, біз қырғыз, қазақ жұрты Кішіжүздің қара халқы старшиналардың Екатерина II ге 1785 жылы жазған арызынан. Ескі заман актыларының мемлекеттік орталық архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен (қарым қатнастары, К. 62, іс № 3, 1785, 10-бет), «Қарапайым халық» деген сөздің орнына жүрген, қырғыздар арасында көбірек жайылған «пұхара» (фукара, бұхара, яғни кедейлер) деген атауды алсақ, XVIII ғасырдағы қазақ материалдарынан біз бұл атауды кездестіре алмадық.

[1] Өзбектер мен қарақалпақтардағы сұлтандар да осы сыяқты үстем сословиенің халінде болған. Қырғыздарда сұлтандар болмаған. Монғолдардың жаулап алуы кезінде қырғыздардың көбі әлі де Енисей ауданында тұрып жатқан, сонымен қырғыздарда сұлтандардың болмауы тегі осыған байланысты болуы керек (қырғыздардың Тянь-Шань облысына қоныс аударуы жөніндегі мәселе осы уақытта тарих ғылымында қайта қаралып жатыр, сонда бұлардың осы күнгі Қырғыз ССР-ның жеріне ертерек кезде қоныс аударған деп тану жағына қайта қаралуда. Қараңыз А. П. Бернштам. Солтүстік Қырғызстанның археологиялық очеркі. Фрунзе, 1941, 52—53-беттер, бұл да соныкі. Қырғыз халқының өткендегі тарихы, Фрунзе, 1942, 13-бет және басқалары). Рас Шыңғыс хан қырғыздарды жаулап алып, оны өзінің Төлей деген кіші ұлының ұлысына қосқан, бірақ қырғыздар өздерінің «инал» деген атакты адамдарының басқаруында болған.

Ал енді Тянь-Шань қырғыздарын алсақ, бұлар Монғолстан хандарының, бір кезде XVI ғасырдың бірінші жартысында — қазақ хандарының басқаруында болса да, бірақ бұл арада да шыңғыстықтардың үкіметі нығаймаған.

отырықты жер кәсібіне айналған халықтардың жер меншіктенуіне үйлес келетін заңдық түрлерде болмауы да мүмкін. Қауым жерлерін зорлықпен заңсыз иелену феодализм келе жатқан қоғамның даму негізі[1], иеленудің мұндай түрі қазақтарда болған. Қауымның көшіп-қонып жүретін жерін атақты адамдардың билеп-төстеуі сыяқты зорлықтың болғандығы негізгі деректерде де көрсетілген. Мұхаммед Хайдар, 1514 жылы қазақтың Қасым деген ханы Монғолстанның Сұлтан Сеид деген ханымен жолығысқанын әңгіме қыла келіп, былай деп жазады: «Жаз аяқтап қалып еді. Қазақтар Қасым ханның жарлығы бойынша қыстауларға қарай жөнелді»[2]. Шонжарлардың қауымдық мал жайылыстарын билеп-төстеу жөніндегі бұл правосы Қазақстан территориясында қазақ хандығы құрылудан әлдеқашан бұрын, яғни XV ғасырдың екінші жартысынан бұрын қүралған. Қазақстанның Оңтүстік аудандарында жер кәсібі монғол басып алуынан бұрын үстем болған, бұл аудандарда феодалдық жер меншігінің құрылуы тіпті қараханидтардың дәуірінде-ақ (999 — 1141)[3] кең етек алған.

Бірақ Орталық және Батыс Қазақстанда, қыпшақтар мен алшындар арасында феодалдық қарым-қатнастар кешігіп бер-

---

1 Маркс жер кәсібіне айналысқан халықтардағы феодалдық қарым-қатнастардың дамуын атақты адамдардың қауым жерлерін және қоғамдық міндеттерді зорлықпен заңсыз иеленіп алуына байланыстырады. Дунай маңындағы княжестволарда феодалдық қарым-қатнастардың дамуы туралы айта келіп, Маркс былай деп жазады: «Уақыт өте келе дін басы және әскер басы адамдар қауымдық меншікпен бірге осы меншікке байланысты міндеттерге де заңсыз ие болып алды. Басы бос шаруалардың өздерінің қауымдық жеріндегі еңбегі қауымдық жерді басып алушылар үшін істеген барщиналық еңбекке айналды» («Капитал», 1 том, Шығармалар, XVII том, 260-бет). Осы сыяқты пікірді Маркс «Капиталдың» III томында да айтқан. (Қараңыз, 47-тарау, § 4). Энгельс, марканың ыдырауы туралы айта келіп былай деп жазған: «Бұл праволардың бәрін кейіннен жер иесі помещиктер және ел билеушілер тартып-ұрлап алып, бұларды өздері үшін пайдаланды». Және бұдан әрі: «Марка бөлінген және бөлінбеген бүкіл шаруа жерін талап алу салдарынан барып құрыды, — талап алғандар дворяндар мен дін басылар, бұларға ел билеушілер жәрдем еткен» («К. Маркс және Ф. Энгельс, Шығармалар, XV т. 635 және 638-беттер).

2 В. В. Вельяминов-Зерновтың аудармасы бойынша келтіріп отырмын. Қасым патшалары және патша балалары туралы зерттеу II, 167-бет.

3 А. Бернштам. Талас өлкесінің ескіліктегі ескерткіштері 51-бет, бұл да соныкі. Солтүстік Қырғызстанның археологиялық очеркі, 102—103-беттер. Феодалдық қарым-қатнастар Семиречьеде қарлук дәуірінде әжептәуір дамыған.

тіңгі уақытта дамыған. Көшпелі шонжарлардың жерді зорлықпен заңсыз иеленіп алуын Қазақстанның бұл жерлерінде тек XIII ғасырдың орта кезі үшін ғана әңгіме қылуға болады. Мұндай иелену, монғолдардағыдай[1] қауымдық мал жайылысын билеп-төстеу түрлерінде болған. Плано Карпини Алтын Орда қоғамы туралы ашық айтады, ол мұнда «Егер император рұқсат етіп көрсетіп бермесе ешбір адам басқа елде жүре алмайды. Көсемдердің қайда болатындығын оның өзі көрсетіп береді, ал көсемдер — темниктерге, темник — мыңбасыларға, мыңбасы — жүзбасыларға, жүзбасы — онбасыларға көрсетіп береді»[2], — дейді.

Қазақ қоғамында XVI—XVII ғасырларда мал жайылымымен пайдалану тәртібі турасындағы мәселеге қатысы бар негізгі деректердің аздығына қарамастан, көшпелі шонжарлардың қауымдық мал жайылымын билеп-төстеуі тіпті ескіден келе жатқан право екендігіне күдіктенуге болмайды. Көшпелі қауымның жермен пайдалану жөнінде көшпелі шонжарларға тәуелді болғандығы қазақ халқының мына мақалында қалған: «егер патшаң әділ болса, жер де, шөп те, су да көп»[3] А. И. Вышнегорскийге XIX ғасырдың 80-жылдарында билер, бұрынғы замандарда, хандардың тұсында, сумен пайдалану үшін ханның жарлықтары болушы еді, — дегенді айтқан. Жарлықтарда жер емес, арықтар, жазғы және қысқы қоныстар аталған[4].

Көшпелі мал өсіру шаруашылығы үстем жағдайындағы өндірістің негізгі тірегі — жерге қазақ қоғамында қоғамдық топтардың қатысы әртүрлі болуы шонжарлардың қауымдық жерлерді билеп-төстеуі жөніндегі осы келтірілген фактыда көзге түседі[5].

---

1 Монғолдарда феодалдық жер қарым-қатнастарының даму түрлері туралы мәселе Б. Владимирцовтың жоғарыда аталған белгілі еңбегінде толық айтылған.

2 И. де Плано Карпини. Монғолдардың тарихы. Аудармасы, А. Малеиндікі, СПб., 1911, 23-бет.

3 А. И. Вышнегорский жазып алған (қараңыз Н. Гродеков. Көрсетілген шығармалары № 186).

4 Бұл да сонда, 105-бет.

5 Ескертіп өтейік, жер кәсібіне айналысқан халықтарда жерге феодалдық жеке меншік, әрине, бірден құралмаған. Марканың қауымдық жерлерінің феодалдардың меншігіне айналдырылуы бірқатар фазалар арқылы өткен. Мұндай айналудың негізгі кезеңдері Ф. Энгельстің «Марка»

Дегенмен, көшіп-қонарда қоныстыбасқару правосының өзі қауымдық жерге зорлықпен ие болып алғандықты көрсетпейді. Мұндай билеп-төстеу правосы экономикалық түрлерге айналуы үшін, өндірістің негізгі тірегі — жерге халықтың жеке топтарының қатнасы түрліше болуын көрсету үшін, яғни мұндай право қоғамның тапқа бөлінуінің көрсеткіші болуы үшін тағы да екі жағдай керек: малды жеке меншіктенудің дамуы және қауым болып көшу әдісі ажырап, ауыл-ауыл болып көшу. Дешти-қыпшақ тайпаларының малды жеке меншіктенуі ерекше қазақ хандығының құрылуынан бұрын, монғол дәуірінде құрала бастаған. Ал енді қазақтардың өзін алсақ, қазақ қоғамының неғұрлым ерте уақыттағы шаруашылық және әлеуметтік салт-санасы туралы толығырақ мәлімет берген Рузбехан (Рузбеханның мәліметтері XVI ғасырдың бас кезіне тиісті) бұл туралы жеткілікті түрде айқын айтады. Шейбани ханның қазақтың Ахмет деген ханын шауып алған олжасын суреттей келіп, Рузбехан қазақ семьяларының арасындағы ап-айқын көрініп тұрған дәулет теңсіздігін атап көрсетеді: шабындыдан түскен олжалардың арасында бірнеше түйеге артылатын киіз үйлер де, мұнымен қатар бір ғана түйеге артылатын киіз үйлер де болған. Қазақтар туралы XVIII ғасырға тиісті неғұрлым толық мәліметтер қазақ семьялары арасында болған дәулет

деген тамаша еңбегінде айқындалған. Қауымдық жерді заңсыз иеленгенде феодалдық жеке меншік қауымдық меншікке бірден қарсы қойылмайды. «Дін басы немесе жәй бір феодал, — деп жазады Энгельс, — крепостнойлық усадьбаны алғанда, ол мұнымен қатар осы усадьбаға тиесілі марка правосын да алады. Сөйтіп, жаңа помещиктер марка мүшесі болады, және марка шеңберінде олар әуелі барлық басқа басы бос және тәуелді қауымдықтармен, керек десе, өздерінің басыбайлыларымен тең праволы мүше ғана болған. Бірақ көп ұзамай шаруалардың қажырлы қарсыласуына қарамастан, олар көп жерлерде марка ішінде үстем болып алады, көбінесе керек десе, олар марканы өзіне бағындырып та ала білген. Дегенмен ескіден келе жатқан қауым—марка мырзалардың бақылау астында болса да өмір сүре берген». (К. Маркс және Ф. Энгельс. Шығармалар XV том, 639-бет) 1525 жылғы шаруа соғысының қортындылары туралы айта келіп, Энгельс былай деп жазады: «Шаруалар шиеленіскен соғыстан кейін барып жеңілді. Осы кезден бастап герман шаруаларының арасында басыбайлылық жаңадан жалпы көбейе бастады. Қауымдық жер мырзалар жеріне айналды, шаруалардың өзі басыбайлы болды» (бұл да сонда, 641-бет). Тек қауымдар нашарлаған соң барып жер меншіктену правосы қауымның қауымдық жерлерді билеп-төстеу правосына шек қоюға немесе оны мүлде құртуға әкеліп соғады.

теңсіздігі терен болғандығына күдік қалдырмайды[1]. Егерде қазақтардың негізгі байлығы — мал — жеке семьялардың жеке меншігінде болмаған болса, онда дәулет теңсіздігі тумаған болар еді. Дегенмен, малға семьялық жеке меншіктің дамуы қауымдық жерлерді зорлықпен заңсыз иеленіп алудың жетік түріне әкеліп соқпайды. Бүкіл қауым мал жайылымымен жалпы пайдаланып отырғанда, малдың жеке семьялардың меншігіне топталуы, дұрысында, әлгі мал жайылымын шонжарлардың артығырақ пайдалануына әкеліп соғатыны айқын тұр, бірақ әлі де қауымның мал жайылымы қауымның негізгі көпшілігінен тартып алынып, бүкілдей бір адам иеленіп кетпейді. Ауыл-ауыл болып көшіп жүргенде басқаша болады — мұнда мал жайылымын билеп-төстеу правосы қауым жерлерін жеке семьялардың емін-еркін пайдалануына әкеліп соғады. Бұл жөнде бір жетіспегендік мәселе сол, тарихи әдебиетте осы мәселе мүлде айқындалмаған және осы тақырыпқа тиісті XVIII ғасырдағы документті материал өте үзінді-үзінді болып қана кездеседі. Бірақ, көшіп-қону әдісі, жерге қауымдық меншік сақталып келген жағдайда, өте шабан дамыған. Сондықтан XVII—XVIII ғасырлардағы көшіп-қону түрлерін сипаттау үшін XIX ғасырдың бас кезінде тиісті материалды пайдалануға әбден болады[2]. Жаздыгүні туыстас ауылдар жалпы тәртіп ретінде бір жерге жыйналып алып, руға бөлініп қауым болып көшкен. Қысқа уақытта қауым ауыл-ауылға бө-

---

[1] Мысал үшін, қараңыз, П. И. Рычков. Орынбор губерниясының «топографиясы, 294, 279 және басқа беттер. Сол сияқты Георгиде: «Ең қарапайым деген шаруақор мал өсірушінің 50 немесе 30 дан кем жылқысы, осының жартысындай сыйыры, 100 қойы, бірнеше түйесі және 20 дан 50 ге шейін ешкісі болмайтыны сирек болады. Орта Ордада, елдің айтуына қарағанда, 10 000 ға шейін жылқысы, 300 ге жуық түйесі, 3—4 мыңға тарта сыйыры, 20 мыңдай қойы және мыңнан арта ешкісі бар адамдар да бар болған көрінеді. Бес мың жылқысы және сондай басқа малы бар адамдар Кішіжүзде де бар» (И. Г. Георги. Көрсетілген шығармалары, 126-бет). Дәулет теңсіздігі туралы осы сияқты мәліметтер XVIII ғасырдағы орыс документтерінде де жиі кездеседі. Ескертіп кетейік, Георгидің сыйыр малы жөніндегі мәліметтерін қазақ даласының тек оңтүстік аудандары үшін ғана дәлді айтылған мәлімет деп тануға болады.

[2] Жерді жеке меншіктену тәртібі туысымен көшіп-қону әдісі де әжептәуір өзгереді. Бірақ Орал сыртындағы далада жерді жеке меншіктену тек XIX ғасырдың аяқ кезінде дамый бастаған. Дегенмен, соның өзінде де өзгерістер ең әуелі тек көшіп-қонатын жол және маусымды мал жайылымының өрісі жөнінде ғана болған.

[3] «Жаз бойы бүкіл болыс болып көшіп жүріп, қыс түскенде ауыл-ауылға бөлініп кетуге мәжбүр болған» (Броневский. Орта Орданың

лінген[3]. Мұндай бөліну көшпелі мал шаруашылығының жағдайында қажетті болған; қыстыгүні көшу тоқталып, бай қазақтар екіқабат киізбен жабылған киіз үйлерде қыстап, кедейлер жер үй салып алған[1]. Біз жоғарыда айтып өткендей, мал далада тебіндеп жайылған. Осы жағдайда қысқы уақытта қазақтар жеке ауыл-ауыл болып бөлінген, өйтпеген күнде малдарын шеңбері аз жерде қыстатып шыға алмас еді. Айта кету керек, жаздыгүні, қауым болып көшкенде, бір жерде жеті күннен артық отырмаған. Өріс тез шайыр болып қалып, тағы да көшу керек болған. Қысқы көшіп-қону туралы тек XVIII ғасырдың аяғынан XIX ғасырдың басынан бері ғана мәлімет бола тұрса да біз қазақтардың қысқы тұрағы қыстыгүні ауыл-ауыл болып орналасқан дейтін себебіміз осы.

Сөйтіп, біз жазғы қоныс туралы әңгіме қылғанда, тек қазақ қауымдары туралы ғана дәлді айттық[2]. Сұлтан ауылдарының көшіп-қонуы туралы ерекше мәселе қозғау керек. Өйткені сұлтандар қазақ қауымдарынан сыртқары тұрған. Бұлар қалай көшіп-қонған? Қазақ тарихының бастапқы дәуірінің өзінде-ақ сұлтандар қысқы уақытта ауыл-ауыл болып қоныстаған. Бірақ жаздыгүні үнемі болмаса да, кейбір кездерде ауыл-ауыл болып көшкен[3]. XVIII ғасыр үшін бұған ешқандай күдіктенбеу керек[4] және бұдан ертерек уақытта да осылай болуы әбден мүмкін

қырғыз-қайсақтары туралы записка лар. Отечественные записки. 1830, 43-бөлім, № 123, 74-бет. Сол сыяқты қараңыз. Я. Гавердовскийдің айтқанын: «Қыстыгүні көшіп-қонатын жерін ерте бастан сайлап алады, әрбір ауылдың белгілі бір жерде қонысы болады және мұны өте бір бағалы мұрасындай сақтайды». (Көрсетілген қолжазбасы, II, 68-бет).

[1] Байлар үйлерін бораннан ық жерге тігіп, екі қабат киізбен жауып іргесін топырақпен және құммен көміп тастайды, ал кедейлер шөмшекпен және белін буған қамыстармен, жабылған ылашықтарға кіріп қанағаттанып отырады (Я. Гавердовский. Бұл да сонда).

[2] Жазғы уақытта тек қауым болып көшу әдісі ғана қолданыла қойды ма екен, мұны атап көрсетуіміз керек. Бай ауылдар малы көп болған соң, көшкенде жеке бөлініп көшіп жүре алады. Мұны фольклор материалы да анықтайды. Мысалы, белгілі «Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу» поэмасында Көрпештің әкесі Сарыбай бір жаман ырымнан сескеніп, өзінің аулын алып Алатаудан Тарбағатайға көшіп кеткен.

[3] Осы сыяқты мәліметтерді Рузбехан да айтады. Ол Жаныш сұлтанның және оның інісінің Қара-Абданда жеке қысқы қонысы болғандығын айтады және жазғы уақытта қазақ сұлтандарының жеке ауыл болып көшіп-қонатындығын үстірт қана еске алып өтеді.

[4] Бұл жөнінде А. Барданестің Мәмет деген сұлтанда болғаны көзге түседі. Сұлтан Мәмет өзінің ауылымен жеке көшіп жүрген (Фалықтің «Са-

Қазақтардың XVII—XVIII ғасырдағы көшіп-қонғанын сипаттайтын мәліметтер соншалық аз және үзінді-үзінді болып отырса да, қауым болып көшу әдісі тек бір ғана әдіс болмағандығына күдіктене қоюға болар ма екен. Қауымнан тысқары «ақсүйектерден» шыққан шонжарлар және ру басшыларының бай ауылдары көшіп жүрген. Қысқы уақытта қауым ауыл-ауылға бөлініп кетуге мәжбүр болған.

Сөйтіп, ауыл араларында мал жайылымын бөлу мәселесі экономика жөнінен ірі және маңызды мәселе болған. Бұл жағдайларда қазақ шонжарларының қоныс билеп-төстеу правосына бастапқы замандағы қауымдық құрылыс жағдайларындағы қауым жерін билеп-төстеу правосымен бірдей қарауға болмайтындығы айқын тұр. Малға семьялық жеке меншік болуы, қысқа мал жайылыстарының ауыл-ауылға ұсақталып бөлінуі, сұлтандардың және ру атақты адамдарының, бай ауылдарының қауымнан бөлектенуі жерді жеке ауылдарға беру мәселесін алға қойған, және жазғы таңдаулы мал жайылымдарын және таңдаулы қысқы қоныс жерлерін шонжарлардың басып алуына мүмкіншілік берген. Мұның өзі, қауым жерін билеп-төстеу правосы қауым жерін қазақ шонжарларының, сұлтандардың, сол сыяқты ру старшиналарының зорлықпен заңсыз иеленіп алуының экономикалық түріне айналды деген сөз. Дәулет теңсіздігі тереңдеген сайын, қазақтардың қолы жететін мал жайылымының шеңбері тарылған сайын бұл зорлық қауым шаруашылығына ауыр әсер етуге тиіс болған. Қауымдық жерлерді зорлықпен заңсыз иеленіп алудың мұндай түрі еңбекші қазақтар үшін қандайлық ауыр уақыйғаларға әкеліп соққандығын және XIX ғасырдың аяғына шейін Орал сыртындағы далада жер жеке меншікке тұрақтандырылмауына қарамастан, еңбекші көпшіліктің мал шаруашылығы қандайлық қыспаққа ұшырағандығын біз ілгеріде көреміз. Жердің жеке меншікке басып алынуы өзара жанжал шығаруы мүмкін және анығында шығарған да болу керек. Қалай дегенмен де,

---

пар шегу записқаларына» қосымша мақалалар, II, СПб., 1825. 15—18-б.). 1731 жылы Арал теңізінің маңында Абулхаир ханның ауылдары көшіп-қонуы туралы Тевкелевтің айтқанынан да осыны түсінуге болады (Ескі дәуір актыларының орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, 1733, іс № 1, 33-бет).

қазақтардың қалыпты правосында мұндай жанжалдарды шешу түрлері қаралған[1].

Дегенмен, тағыда атап көрсетейік, қазақтарда XVIII ғасырда қауымдық жерлерді зорлықпен заңсыз иеленіп алу жерді қауым болып меншіктену шеңберінде болған. Бұдан шығатын қортынды, Қазақстанда феодалдық қарым-қатнастардың негізіне материалдық база әлі жасалынбаған, жер кәсібіне айналған халықтарда мұндай негіз — жерді жеке меншіктену болып табылады. Бірақ шонжарлардың қауым жерін билеп-төстеу правосына иеленуі қауымды мал шаруашылығының ең маңызды мәселесі — қауымдық мал жайылымымен пайдалану жөнінде шонжарларға тәуелді етіп қояды.

Тәуелділіктің бұл түрінің дамымауы, әрине, феодалдық қарым-қатнастардың түріне із салады, бұл қарым-қатнастардың өзгешеліктеріне біз алдағы жерде тоқталамыз.

Жер тәуелділігінің дамымаған осы түрлерінің өзі шонжарлар үшін — ең алдымен сұлтандар үшін — экономика жөнінен қазақ қауымдарынан осы шонжарлардың қажетіне атқаратын бірқатар міндеттер арқылы пайдаланылған. Осы өте бір маңызды мәселені біз қолға аламыз, сонда ең әуелі қазақтардың сұлтандар пайдасына атқаратын міндеттеріне тоқталамыз.

Атап айтсақ, осы мәселеге тиісті материал тек үзінді-үзінді болып қана қоймайды, оның үстіне біріне-бірі қайшы келетін жерлері де аз емес. Хан мен сұлтандар қазақтардан белгілі түрде алым жыйнамай, бұлар қаражаттарын «өздерінің экономикасынан» ұстаған дегенді айтатын бірқатар мәліметтер бар,

---

[1] Керекті бір мәселе. Д. Я. Самоквасов жарияланған ғадат жазбаларында 208-статьядан тек бір статья ғана (188-статья) жер қарым-қатнастарын шешу мәселесіне арналған, бұл статьяның тексті мынау: «Кімде-кім басқа біреудің жерімен пайдаланып отырса, бұл жер одан 15 жылдан кейін болса да қайтып алынады, немесе жердің көлеміне қарай өзара ризалықпен иеленіп отыра береді, жалпы ілгеріде іздеп алу болмайды» (көрсетілген шығармалары, 277-бет). Қазақтардың қалыпты правосында жер қарым-қатнастарының жете талқыланбау себебі, біздің ойымызша жерді зорлықпен заңсыз иеленіп алу тәртібінің болмағандығынан емес (әлгі келтірілген статья мұндай зорлықтың болғандығын анықтайды), бұл зорлықтың түрі өзгеше болғандығынан. Тәуке ханның (1680—1718) әрекетіне байланысты аңыздар Тәуке хан мал жайылымын қауымдарға бөліп берген дейді, яғни сол сыяқты қазақ атақты адамдарының көшіп-қону жерлерін билеп-төстеу правосының болғандығын анықтайды. Жерді зорлықпен заңсыз иеленіп алудың мұндай түрі әдетте болған және тегі сирек өзгеріп отырған болу керек.

— мұндай мәліметтер орыс негізгі деректерінен шығады және белгілі сұлтан топтарына — Нұралы ханға және оның туыс-қандарына тиісті. Мұндай мәліметтерді біз Рычковтан, Паллластан, Георгиден табамыз, және бұлар архив материалдарында да кездесе береді. Мысалы, П. И. Рычков былай деп жазады: «Халықтардан жыйналатын б е л г і л і (астын сызған мен. — М. В.) кірістерді хан да, сұлтандар да алмайды, бұлар өз қаражаттарын өз экономикасы арқылы, ерікті сыйлықтар және соғыстан түскен олжалар арқылы шығарып отырады[1]».

Барлық осындай мәліметтерде көңіл аударатын бір жағдай «ақсүйек» арасынан шыққан атақты адамдар қазақтардан алым алмаушы еді деп бұл мәліметте кесіп айтқан сөз жоқ. Бірақ бұл алымдардың ерікті екендігі атап көрсетіледі және хандар мен сұлтандардың халықтардан алынатын кірістері белгілі түрде болмаған дегенді көрсететіні[2] тегі осыған байланысты болу керек.

Сырдария ауданында көшіп жүрген және Жәдік тұқымынан шыққан сұлтандардың басқаруында болған қазақ қауымдарына тиісті материалдардың мазмұны басқаша келеді. XVIII ғасырда Кішіжүзде бұл фамилияның неғұрлым көрнекті өкілдері Батыр деген және оның баласы Қайып деген сұлтандар болған. Мұнда «ақсүйек» атақты адамдардың пайдасына қазақтар атқаратын міндеттер үнемі болып тұрған деп ұйғаруға дерек бар. Рас, бізге керекті мәліметтер XIX ғасырдың бас кезіне тиісті, бірақ оның редакциясы бұл мәліметтің XVIII ғасыр үшін де дұрыс айтылған екендігінде күдік қалдырмайды. Бұл мәлімет барон Мейендорфтікі ол біз жоғарыда айтып өткендей, 1820 жылы Негри Миссиясымен бірге қазақ даласы арқылы Бұхарға барып, онда Арынғазы деген сұлтанмен өте

---

[1] Тарих институтының Ленинградтық бөлімі, граф Воронцовтардың жыйнағы, № 358, 55-бет, қараңыз сол сыяқты Тевкелевтің осы жөнінде айтқанын, ескі дәуір актыларының орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 16, 1748, іс № 4, 46-бет. Нұралы хан 1784 жылы генерал-губернатор Игельстромға былай деп жазған: «Даланы қоныстаған қырғыз-қайсақ халқынан, хан деген атақтан басқа, өз қаражатыма мен ешқандай кіріс алмаймын, бұл тіпті біздің әдетімізде жоқ» (Ескі дәуір актыларының орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61,1784, номерсіз, 16-бет).

[2] Бұл жөніндегі оқшау нәрсе — кейбір хандардың хаттары. Олар бұл хаттарында өздеріне жалование сұраған: хандар, — халықтан ешқандай кіріс алмаймыз деген.

жақын жүрген, демек оның көп мәселелерді төте өзі бақылап білуіне немесе өзіне керекті мәліметтерді Сырдария ауданында көшіп жүретін қазақтардан, сол сияқты Арынғазы сұлтанның өзінен сұрап білуіне мүмкіншілігі болған. Мейендорфтың запискасынан біз, Арынғазы алым жыйнау үшін өз ханының тарапынан келген үш хиуалықты ұстап алды дегенді оқыймыз, бұл пошлинаны әдетте қырғыздар өздерінің иелеріне төлеп тұрған[1]. Сол запискада Шерғазы Қайыповтың ұлы Миненбайды хиуа ханы қазақтардың ханы деп жариялап, «оны қырғыздардан алатын кірістерінің үштен бірін және өткен керуендерден алатын пошлиналарының үштен бірін өзіне (яғни хиуа ханы Мұхаммед Рахымға) төлеп тұруға міндеттеген»[2] — делінген. Тегі бұл төмендер көп уақыттан бері болып келіп, XIX ғасырдың басында әдетке кіріп үлгірген көрінеді.

Қазақтардан құшыр және зекет алымдарының жыйналуы жөніндегі ең алғашқы мәліметтер сол сияқты Қайып сұлтанға бағынатын қазақтар турасында болуы да кездейсоқ уақыйға емес, құшыр және зекет алымдарының туу, жыйналуы ислам дінінің жайылуына байланысты[3]. Құшыр (егін шығымының оннан бірі) егін егуші қазақтардан жыйналған. Бұл міндеттердің Сырдария ауданында қолданылуын мұнда қазақтардың жер кәсібін жүргізетіндігімен түсіндіруге болады. Бірақ зекетті белгілі мүлкі бар әрбір мұсылман шариғат бойынша төлеуге тиісті болған[4]. Зекет төлеу сол зекетті кімге төлесе соған бағынышты екендігін көрсеткен. Қайып сұлтан қазақтардан зекет алатындығы көрсетілген негізгі деректерде «қазақтардың бірін-бірі малын шауып, ұрлық істегені»[5] үшін Қайыптың айып қолданғандығы айтылған.

---

[1] Ленинградтағы орталық мемлекеттік тарих архивы, Ішкі Істер министрлігі, Жер бөлімі, 8-делопроизводство, № 70а, I-бөлім, 1820, 30-бет.

[2] Бұл да сонда, 30-бет.

[3] Мемлекеттік кеңес архивы, I, II бөлім, 847-бет.

[4] Зекет ең кемі 5 түйесі, 30 сыйыры және 40 қойы бар адамдардан мал есебінен мынадай мөлшерде алынған: 5 түйеден — 1 қой, 30 сыйырдан — 1 бұзау. 40 қойдан — 1 қой. Зекет шариғат бойынша көбінесе дінсіздерге қарсы соғыс жүргізу үшін ислам дінін қуаттау үшін және қауымның мүлкі жоқ кедей мүшелеріне жәрдемдесу үшін жыйналған. Дұрысында, бұл алымдарды феодалдар, қазақтарда — хан мен сұлтандар өз пайдалары үшін жыйналған.

[5] Мемлекеттік кеңес архивы, I, II бөлім. 847-бет. Қайып қазақтарға арнаулы алым салған деген мәліметке сенуге болады, өйткені Қайыптың бұл шарасына патша үкіметі қарсы болып, көп әңгіме туған. Мұның ус-

Жәдік тұқымдарынан шыққан сұлтандардың қазақтарға үнемі алым салып тұрам деп талап етуі қазақ қоғамында жаңа уақыйға емес. XVII ғасырдың өзінде-ақ Тәуке хан да осындай талап еткен. Халық аңызының айтуына қарағанда, Тәуке өзі үшін және ру басқарушы старшиналар үшін мүліктің жылына 20дан біріндей алым қолданған. Билердің және Тәуке істеріне дәнекер болған адамдардың пайдасына Тәуке талап етілген мүліктің 10нан біріндей алым тағайындаған, сонда ғадат бойынша бидің сот жүргізу жөніндегі еңбегі төленуге тиісті емес[1]. Бірақ тағы да айтып өтеміз, Өсек тұқымынан шыққан сұлтандар жөнінде (Кішіжүз хандары да осы тұқымнан шыққан) Абулхаир ханнан бастап, яғни XVIII ғасырдың 20-жылдарынан бастап, мұндай нұсқауларды біз кездестіре алмадық, қайта, негізгі деректе сұлтандар алатын алымның ресми ерікті түрде болғандығын атап көрсетеді, біздің ойымызша, бұл кездейсоқ уақыйға емес, бұл әрбір жеке топтың сұлтандарының үстем болу түрлерінің әрқыйлы болуына байланысты сыяқтанады. Қазақтардың қоғамдық қарым-қатнастарын ұғыну үшін керекті өте маңызы бар бұл мәселеге біз ілгеріде толық тоқтаймыз. Әзірше қазақтардың сұлтандар пайдасына атқарған міндеттерінің мәселесін қарастыра береміз.

Тегі, феодалдық топтардың бәрі жыйнап алып отыратын алымдар арасында мынадайлары кездеседі. Сұлтанның баласы аманатқа жіберілгенде бұған керекті қаражат әлгі сұлтанға бағынатын қауымдардан алынған. Мысалы, Орынбор губернаторы И. И. Неплюевтің сұлтан Ералыға жіберген елшісі Мансұр Асанов сұлтан «оны сол жерде кез болған Барақ сұлтанның інісі Ескендр сұлтанға қосып жібергенін, Ескендр сұлтан оның, Барақтың, баласының зюнгор қалмақтарына баруы үшін

тіне атап көрсету керек, Қайып Сырдария қазақтарының ханы ретінде алым салу тәжрибесінде 50-жылдарда, өзі Хиуа ханы болып тұрған кезде, Хиуа хандарының халқы арасында жүргізген саясатын қолданған. Халықтан 160 мың қой жыйнап аламын деген соң, оны Хиуадан қуып жіберген.

[1] Ш. Ш. Уәлиханов. Шығармалары, 163-бет, сол сыяқты А. П. Чулошников. Қырғыз-қайсақ халқының тарихы жөнінде очерктер. I, Орынбор, 1924 және басқалары, осыған байланысты, атап көрсететініміз, Қазақстанның неғұрлым көрнекті қайраткерлерінің бірі сұлтан Арынғазы XIX ғасырда өзінің ата-бабаларының әдет-ғұрпын ұстанып келген. Ол Шекті, Шөмекей және Төртқара руларының қазақтарынан өзінен бұрын алынып келген алымды сақтап қалумен ғана қоймай, мұның үстіне мұндай алымдарды өзіне қарайтын басқа қауымдарға таратқан.

қайсақтардан қой жыйнағандығын, бұл қойларды жылқыға және түйеге шағып әр жерде оған, Бараққа, осы күнге шейін жыйнап беріп отыратындығын, бұл қойларды ол, Барақ баласының борышын өтеу үшін де жыйнайтындығын»[1] айтып өте қызықты мәлімет береді. Тегі, қазақтардың мойнында тек аманаттардың қаражаттарын өтеу міндеті ғана емес, дәулет иесі (владетельный) сұлтандардың борышын өтеу міндеті де болған көрінеді[2].

Қазақтарда қонақ үй бөлу міндетінің болғандығын дәлелдейтін мәлімет те бар. Әлгі Мансұр Асанов өзінің 1743 жылы Әбілмәмбет ханмен бір Түркстан қаласына лажсыздан сапар шеккен жолын суреттей келіп, былай деп жазады: «ханның әдеттегісіндей жолшыбай өте жай жүрдік, өйткені хан кездескен үйді құр тастамай тоқтап қонып шығып отырады[3]. Түркстанда дәулет иелері (владелецтер) жергілікті қазақтардан өз пайдаларына ясақ жыйнаған[4]. Тегі, еңбекші халықтан алым жыйнау үшін сылтау көп болған көрінеді, мұны жоғарыда келтірілген материал да және төменгі айтылғандар бойынша да ұйғаруға болады: Айшуақ сұлтан өзіне қалмақтың Замян деген зайсанғының Намиз деген қарындасын айттырғанда, Айшуақ «оған, Замянға, қырғыздардан жыйнап алып бір айғыр үйірі жылқы берген»[5]. Қазақтар әлгі ел иелеріне соғыстан түскен олжаларынан да бөліп беруге тиісті болған. Бұл жөнінде негізгі деректерде ашық көрсетіледі. Мысалы, 1774 жылы Беріш және Кердері руларының қазақтары орыс селениелеріне

---

1 Ескі дәуір актыларының орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 10, 1744, іс № 4, 105—105-бет.

2 «Владелец», «владетельный сұлтан» деген терминнің тегі орыстан шыққан. Орыс негізгі деректері владелец деп ұлылы-кішілі қауымдар бірлестігін бастаған сұлтандарды айтады. Қазақ документтерінде бұл терминге «сұлтан» деген термин ұйлес келеді. «Сұлтан» деген терминде төре, шыңғыстық, «ақсүйек» деген сыяқты кең мағна болып қана қоймай, мұнымен қатар орыс документтерінде кездесетін «Владелец» деген неғұрлым тараң мағнада болған деп ойлауға болады, мысалы, 1732 жылы Бөкенбай А. Тевкелевке: Орта Ордада екі хан: Шемяка хан мен Кочук хан, екі сұлтан: «Барақ сұлтан, Әбілмәмбет сұлтан» деген. Бұл арада әңгіме тек дәулет иесі (владелец) сұлтандар туралы болып отырғандығы айқын. (Ескі дәуір актыларының орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 5, 1733, іс № 1, 52-бет).

3 Бұл да сонда, К. 10, 1744, іс № 4, 106-бет.

4 Бұл да сонда, 107-бет.

5 Ескі дәуір актыларының орталық мемлекеттік архивы, К. 25. 1756, іс № 4, 72-бет.

шабуыл жасап олжа түсіргенде, Нұралы хан мұны естіп, олжаларынды маған әкеліп беріңдер деп бұйрық берген. Осы олжадан хан «барлығы 6 адам және астықты өзіне алып, басқаларын талаушы қазақ-қайсақтардың өздерінде қалдырған және бұдан былай таран-тараж істеуге тыйым салған. Шамантай Бармақов деген қазақ Орынбор губерниялық канцелярияснда, — 1773 жылы қазақтар Тәтищев бекінісіне шабуыл жасағаннан кейін, олар қолға түскендерді байлап алып кетті, ал «хан осы тұтқындардан өзіне 3 қалмақ алды» — деп жауап берген.

Басқа халықтардың феодалдарындағыдай ханның кіріс түсетін көрнекті бір жері сот пошлиналары болған. Сотқа түскен істерді қарағанда хан «хандық» деп аталатын сот пошлинасын алып отырған, оның мөлшері дауға түскен мүліктің оннан біріндей[1]. Мұның үстіне ханның пайдасына жауапты жақтан алынатын айыптың бір бөлегі берілген. Мысалы, жылқы ұрланса хан айып ретінде бір түйе алған[2].

Ең ақырында, сұлтандардың өзінің жерлерінен өткен керуендерден сауда пошлиналарын алуға праволы екендігі жұртқа мәлім.

Осы міндеттердің бір бөлегі тіпті ескі дәуірден келе жатқан міндеттер екендігінде күдік жоқ. Мұндай міндетке жататындар: қонақ үй болу міндеті, соғыстан түскен олжаға ортақ болу, сот пошлиналары, басқалары ислам діні жайылуымен бірге (зекет, құшыр) тууы мүмкін, дегенмен, осы міндеттердің қазақтар арасында дәлді қай уақытта тарағандығын білу немесе белгілі бір уақытқа арнап белгілеу өте қыйын[3]; бұл міндеттер-

---

[1] А. Вышнегорскийдің материалдары бойынша, қараңыз, Н. Гродеков. Көрсетілген шығармалары, 179-бет.

[2] П. Е. Маковецкий. Көрсетілген шығармалары, 1, 78-бет.

[3] Қазақстанның оңтүстік ауданында ислам діні X ғасырдың өзінде-ақ жайыла бастаған. Ислам дінінің қарлық дәуірінде (VIII-IX ғасырлар) тарағандығы туралы мәліметтер дәлді емес (қараңыз В. В. Бартольд. Түркстан мәдени өмірінің тарихы, 72-бет): Жаңа дін өзін тұтынушыларды атақты адамдар арасынан тауып, халық көпшілігі арасына онша дарымаған. Ислам дінінің бұдан арғы толқыны орталық және батыс Қазақстан қыпшақтарының түріктік әулеттеріне де соқпаған. Қыпшақтар арасына ислам діні, ерте дегенде, XIII ғасырдың орта кезінде келіп кірген, бірақ сол кездің өзінде де көшпелілердің негізгі көпшілігі ескіден келе жатқан тәнгри дінін ұстанған.

Ислам дінін үгіттеу ісі XIV ғасырда, Өзбек ханның тұсында ірі табыстарға жетеді. XVI ғасырдың басында қазақтар мұсылман деп есептелген, бірақ өзбек атақты адамдарының көзімен қарағанда бұлар жаман

дің үшінші түрі, тегі кешірек уақытта, XVII ғасырдан сәл ертерек уақытта туған көрінеді, бұл туралы ертеректегі негізгі деректер ештеңе айтпайды. Бұл сыяқты міндеттердің қатарына атақты адамдардың борыштарын өтеу, аманат қаражатына деп алым жыйнау тағы сондайларды жатқызуға болады.

Сөйтіп, сұлтандардың қазақ қоғамы ішіндегі орны жеткілікті түрде айқын суреттеледі. Бұл — қауымдық қоныс жерлерін билеп-төстеп қолдарына ұстаған, қазақтарды, азық-түліктің рентаға жақын келетін түрлерінде қанаған атақты адамдар. Еңбекпен өтейтін рента нашар дамыған деп ойлауға болады. Қарап өткен материалдарда еңбекпен өтейтін рента туралы төте айтылған сөз жоқ, өйткені әңгіме сұлтандардың шаруашылығы туралы болып отырғандықтан, біз қарап өткен материалдардан еңбекпен өтеу рентасы туралы айтылған төте нұсқауларды кездестірмедік[1]. Құлдар еңбегінің үй шаруашылығында және мал жаюда кең түрде қолданылуы еңбекпен өтеу рентасы туралы ешқандай әңгіме болмауын кездейсоқ мәселе емес деп ұйғаруға және еңбекпен өтеу рентасы қолданылған болса да ол сұлтандар мен «қарапайым халық» арасындағы қарым-қатнас системасына бағынышты халде, төмен орында, болған деп ұйғаруға мүмкіншілік береді.

Қазақ қоғамында сұлтандар билеуші топ болған, олар әдет-

мұсылман деп саналған, — қалай дегенмен де, Рузбехан қазақтарды пұтқа табынып әлі де ескі әдеттерді сақтап келгені үшін дінбұзарлар деп атайды. XVIII ғасыр қарсаңында ислам дінін үгіттеу ісі қазақ атақты адамдарының арасында әжептәуір табысқа жеткендігінде күдік жоқ, бірақ қазақтардың еңбекшілер көпшілігі бұрынғысынша ескілікті шаманизмді ұстаған (Қараңыз Ш. Ш. Уәлиханов, Шығармалары, мақалалары: «Қырғыздарда шамандықтың іздері» және «Тенгри».

Осыған байланысты А. И. Тереножкиннің 1749 жылы Нұралы ханды жерлегенде пұтқа табынушылық дінінің кейбір ғұрыптарын қолдана отырып жерленуі туралы келтірген мәліметтері де өте қызықты. (Ескі дәуір тарихының вестнигі, № 1, 1938).

[1] Егерде Өзбек Борсықов деген қазақтың жауаптарын есепке алмасақ, мүмкін, бұл жауапты еңбекпен өтеу жөніндегі сілтеу жасырылып қалып отырған шығар. Борсықов 1775 жылы жауап бергенде, «атамзаманнан» бері Нұралы ханның тұсында өзімнің қонысым болған деген 1773/74 жылдың қысында Нұралы Жайықтың арғы жағына көшкенде, ол да, яғни Өзбек те мал бағушы болып, таяу жүріп, жол бойында әржерге қонып отырған. Бұл арада әңгіме ханның малын бағу туралы болып отыр деп дәлді айтуға әрине болмайды (Ескі дәуір актыларының орталық мемлекеттік архивы, граф Паниннің фонды, № 68) Пугачев экспедициясы (1775, іс № 12, 31-бет).

те бірнеше қауымдардың үстінен қарап үстемдік жүргізген. Сонда қазақ қауымының өзі қандай болған?

Қазақ қоғамы руға бөлінген[1]. Қазақ қоғамының салт-санасында және идеологиясында рулық сезімдердің ерекше күшті болғандығында күман жоқ. Ру ынтымақшылдығының идеясы халық есінде берік ұсталып, оның ізі қазақтың толып жатқан мақал, тақпақтарында қалған. Мысалы, «Басқа елде жүріп сұлтан болғанша, өз елінде жүріп ұлтан бол», дейді. «Өзінің жеті атасын білмегеннен без», — дейді. Мұндай мысалдар айта берсе толып жатыр. Патриархтық-рулық салт-сана қоғамдық өмірді ұйымдастыруда із қалдырған. Қазақ халық аңызының айтуына қарағанда, «ұлы апаттар» жылдарына шейін қазақ қоғамында жыл сайын халық жыйылыстары (мәслихат) болып келген. Бұл жыйылыстар, франктардағы age Mraius сияқты, сентябрь айында Сайрамның жанындағы Мартөбе деген дөңнің үстінде болып отырған[2]. Қазақстанда мұндай жыйналыс-

---

[1] Кіші жүзде мынадай рулар болған: Әлімұлы әулеттері: Төртқара, Шекті, Қаракесек, Қарасақал, Қаракете, Ожырай, Шөмекей; Байұлы ұрпақтары: Адай, Таз, Ысық, яғни Сықлар, Байбақты, Серкеш, Есентемір, Тана, Беріш, Жаппас, Алаша, Масқар, Қызылқұрт; Жетіру әулеттері: Табын, Кердері, Тама, Жағалбайлы, Керейт, Рамадан, Тілеу. Қазақ руларының құрамы жөніндегі бұл мәліметтер 1823 жылы старшиналардан ауызша сұрап жыйнаған (Ленинградтағы орталық мемлекеттік тарих архивы, Ішкі Істер министрлігі, Жер бөлімі, 8-делопроизводство, іс № 91, 1822—1823, 353—355-беттер). Кіші жүздің рулық құрамы. П. Рычковта біраз басқаша көрсетілген (бірқатар рулар аталмай қалған — қараңыз «Орынбор-губерниясының топографиясы», 136-бет). Кіші жүздің «поколения» (әулеттер) дейтұғын ірі бөлімдері (Байұлы, Әлімұлы және Жетіру) бола тұрса да, бұлардың қайдан шыққаны жөніндегі мәселе әдебиетте мүлде айқындалмаған. Мысалы, старшиналардың 1803 жылғы «сертінен» біз мынаны оқыймыз: كچى يوز قزغزاق يورطى ننك علم وغلى باى اوعلى ويتى روغ ننك وغيرى كيسالك روغ لرننك روغ باشلرغى яғни «Кіші жүз қырғыз, қазақ жұртының Әлімұлы, Байұлы, Жетірудың, уағайри басқа рулардың рубасылары... (Ленинградтағы орталық мемлекеттік тарих архивы, Ішкі Істер министрлігі, Орындаушы полицияның департаменты, 1805, іс № 333, 16-бет).

[2] «Ұлы апаттар» жылдарынан кейін барлық үш жүздердің съездері мезгілді уақытында болып тұрмаған. Қалай дегенмен де, біз қарап өткен материалдарда жалпы қазақ съезі туралы ашық айтылған тек бір ғана нұсқау бар. Бұл жыйылыс 1762 жылы Қытай жағынан шыбуыл жасалады деген қауып туып, сұлтан Аблай бүкіл үш жүздің өкілдерін шақырғанда болған. Мүмкін, 1730 жылғы жыйылыс та әлгі сияқты бүкіл қазақ жыйылысы болған шығар, бұл жыйылыста Абулхаир ханға Жоңғарияға қарсы соғыс одағын жасау жөнінде орыс үкіметімен сөйлесу ісі тапсырылған. XVIII ғасырдағы негізгі деректердің жалпы қазақ жыйылысы туралы ештеңе айтпауы бізге кездейсоқ іс емес сияқтанады. Қазақ ханды-

тардың өзінше болатын себебі бұл жыйылыстар ру принципі бойынша құрылған. Бір рудың мүшелері бірлесіп бір пікірді жақтай сөйлеген. Мәселелерді талқылау тәртібінде жыйылысқа қатнасушылар ру ағалығының принципін қатты ұстанған, бұл принцип тек бір рудың мүшелері жыйылысқа қару-жарақсыз келгенде ғана бұзылған: мұндай жағдайда әлгі рудың мүшелері бірінші орынды кіші руға берген. Осы сыяқты рулық принцип қазақтардың соғыс құрылысында да қолданылған. Бір рудың мүшелері жалпы рулық белгімен жыйналысқан, өзінің жалпы рулық соғыс ұраны болған. Рулық принцип праволық қарым-қатнастар жөнінде айқын көзге түскен: атап айтқанда, қылмыс жөніндегі жауапкершіліктің жеке праволық болуы, жазалау шаралары системасының дамымағандығы, жазалау шараларының түрлері өзінше болуы, мысалы, құн, айып, қанды қанмен жуу. Бірақ салт-сананың рулық түрлерінде аса ескілігі, қалыпты право нормалары бойынша болуға тиістілердің нақтылы болып тұрған нәрсеге үйлеспеуі қоғамдық өмірдің бірде-бір саласында әлгі айтылған институттардағыдай ерекше көзге түспеген болар. Бұған біз ілгеріде толық тоқталамыз. Семьялық қарым-қатнастар жөнінде патриархтық-рулық салт-сана семья басшысының, әкенің, өз балаларына емін-еркін үстем болғандығы арқылы көзге түседі: мысалы, әке баласын өлтіргені үшін де жауапты болмаған, сонда баланың әкесіне тілін тигізуі үлкен қылмыс болып саналған. Сол патриархтық-рулық салт-сана әйелдерді право жөнінен төмен тұту жөнінен де көзге түседі: мысалы, өлтірілген әйел үшін бір еркектің жарты құны төленген (1000 қой орнына 500 қой). Ескілікті экзогамияның (ғұрыптың) ескілікті белгілері де сақталып келген, мысалы, өз руынан жеті атаға шейін әйел алуға тыйым салынған[1].

ғының саяси жағынан азғындап, рулардың өзара жауласуы күшейіп, феодалдық соғыстарға айналып, Қазақстанның XVIII ғасырдағы тарихы толқып тұрған кезде жалпы қазақ жыйылысын шақыру қыйын болған, тіпті мүмкін де болмаған. Қазақ хандығының саяси қарым-қатнастары туралы III тарауды қараңыз.

[1] «Қырғыз әйелді өзі шыққан бөлімнен (тұқымынан) емес басқа бөлімнен алады» (Ленинградтағы орталық мемлекеттік тарих архивы, Коммерция министрлігі, 299-жыйнақ, 1805, іс № 1026, 130, 216-бет). Мұндай мысалдар толып жатыр. Осының өзі фольклорлық материалда да және қазақтардың салт-санасында да ең соңғы уақытқа шейін болып келген.

Сол патриархтық-рулық салт-сана идеологияға да әсер еткен, мысалы, өлгендерге ас беру әдеті[1].

Қоғамдық және жеке өмірдің барлық салаларында патриархтық-рулық салт-сананың сақталуы және праволық қарым-қатнастардың жекеше сыйпатта болуы мемлекеттік жазалау шараларының түрлерінің дамымағандығы қазақ қауымына оның тіршілігінің сыртқы түрлеріне өзінше «демократияшылдық» түр берген[2], мұның өзі орыс бақылаушыларын таңдандырған.

Дегенмен, рулық қазақ қауымы туралы әлгі айтылғандардың бәрі бұл қауымды бастапқы замандағы қауымдық құрылыс үстем дәуірдегі румен бірдей деуге право бермейді. Қазақтардың қоғамдық құрылысындағы рулық ынтымақтылықтың толып жатқан құбылыстарының маңызын белгілеу үшін біз қазақ руының ішкі құрылысын зерттеуіміз керек. Еңалдымен атап көрсетуге тиісті мәселеміз, қазақ қоғамының патри-

---

[1] «Әрбір ұлыс мұның үстіне жыл сайын мола басына барып өлгендерін естеріне түсіреді» (И. Г. Георги. Көрсетілген шығармалары, 139-бет). Қазақ фольклорында бұрынғы заманда болған іс «Қозы-Көрпеш және Баян-Сұлу» ертегісінде тамаша суреттелген. Ертегінің бір түрін В. В. Радлов жазып алған: Түрік әлеуметтерінің халық әдебиетінің үлгілері, III, 221—253-б. Орыс ақыны Тверитиннің өңдеуімен бұл ертегі 1927 жылы басылып шықты, Қызылорда, баспадан екінші рет шығуы, Москва—Алматы, 1935.

[2] Мысалы, Орынбор ішкі істер экспедициясының XVIII ғасырдың 80-жылдарында граф А. Р. Воронцовқа берген хабарынан біз мынаны оқыймыз: «сол старшиналар, хандар балалары және басқа сұлтандар халықтың өз тілегімен қойылып, сол халықтың тілегіне үйлес қызмет атқарса, онда қырғыз-қайсақтар әлгілерді жақсы көріп сыйлайды, ал ондай болмаған күнде — сыйламайды» (Тарих институтының Ленинградтық бөлімі, граф Воронцовтардың жыйнағы, № 543, 279-бет). Георги де осыны айтады, «барлық аймақ басшыларының жалпы ырзалығымен шығарылған үйғарулардың өзін де халық өзіне жағымдылығына қарай орындайды» (көрсетілген шығармалары, 124-бет). Атап кетейік, Георгидің қазақ руы жөнінде қолданып отырған «аймақ» деген терминін біз қазақ материалдарынан кездестіре алмадық. Бұл материалдардың барлығында да «ру» (رۋ) деген терминмен аталған. Атап көрсетуіміз керек, қазақ материалдарының терминологиясы қоғамдық құрылыстардың ішкі мазмұнын ұғынуды қыйындатады, «Ру» — бұл ескі замандағы, қандас-туыстас қауым, бұл терминді бастапқы дәуірдегі—қауымдық құрылысқа оның дамуының рулық стадиясындағы кезіне қолдануға болады. «Жүз» (يوز) деген термин жөнінде де біз осыны атап көрсеттік. Қазақ материалдарының терминологиясы тым ескі келеді, сондықтан қоғамдық қарым-қатнастарды айқындау үшін бұл терминологиямен пайдалану өте қауыпты.

архтық-рулық салт-санасының материалдық базасы — жерге рулық меншік — әжептәуір өзгеріске түскен. Біз жоғарыда тоқталып өткен нақтылы жер қарым-қатнастары ру меншігінің шеңберлерінде қауымдық жерлерді зорлықпен заңсыз иеленуге негізделген жер қарым-қатнастарының үстем болғандығын көрсетеді. Малға рулық меншік тіпті формальдық түрінде де болмаған: малды меншіктенудің үстем түрі семьялық жеке меншік болған. Бұл меншік әкесінің тірі кезінде-ақ балаға енші бөліп беру арқылы ұсақтала алған және ұсақталып та отырған. Кенже баладан басқа балалардың бәрі бөлек шығарылған. Кенже бала монғол қауымындағыдай (обох) әкесінің үйінде қалып, бөлінбеген мүлікті мұра етіп қалған. Бірақ, мұндай бөлістерге қарамастан, мал жеке адамның емес, бүкіл семья меншігі болып саналған, сондықтан әке малды еміннеркін өсиет етіп бере алмаған. Ол өзінің қызына өсиет бойынша мүлік бере алмаған, өйткені қыз күйеуге шыққанда басқа семьяға ауысқан[1].

Шаруашылық жөнінен де, сол сияқты саяси жөнінен де ру бірыңғай тұтас болмаған. Мысалы, Шекті руының бөлімдері Сырдария өзенінен Эмба өзеніне шейінгі әртүрлі аудандарда көшіп жүрген. Басқа рулар да осы сияқты бытырап жүрген. П. И. Рычковтың әрбір ру өзінің көшіп-қонып жүрген ауданын қатты иемденген дегені қайта қаралуға тиіс, өйткені қандай рудың болса да тек жеке бөлімдері ғана өзінің көшіп-қонып жүрген белгілі аудандарын иемденген[2].

Саяси жөнінен де ру бірыңғай тұтас болмаған. Мұны старшиналардың ант қағаздарға, хаттарға және сондайларға қойған қолдарынан көруге де болады. Мысалы, 1786 жылы ант хаттарға Беріш руы үшін 12 старшина (әрқайсысы белгілі санды шаңырақ үшін), Тана руы үшін үш старшина, Алаша руы үшін үш старшина қол қойған, тағысын-тағылар. Стар-

---

1 Семьялық жеке меншіктің үстемділігі керек десе, ру таңбасы сияқты өте тұрақты құбылыста сыртқы түрінде көзге түскен. Бір рудан шыққан семьялардың таңбалары әртүрлі болған. Рас, ру таңбасының негізгі үлгісі сақталып қалған, бірақ бұл негізгі үлгі жеке семьялардың таңбаларында өзгеріп отырған: немесе таңбаның басылуы өзгерген немесе негізгі үлгіге жеке нақыстар енгізілген.

2 «Материалдар», IV, көшіп-қонатын аудандардың картасы.

шиналар иемденіп, солардың атынан қол қойған шаңырақ саны 30 дан 10 мыңға шейін болған. Бір старшинаға қарайтын шаңырақ саны көбінесе 500 ден 2000 ға шейін. Осыған қарап біздің ұйғаратынымыз, қазақ қоғамындағы саяси дара-рудың бір бөлегі немесе, — Жәнібек батырдың, Есеттің, Бөкенбайдың елі сияқты ірі елдерді алсақ, — бір старшина басқарған бірлескен түрлі рулар бөлімдерінің қосындысы болған. Мысалы, Бөкенбай тарқанның қарауында Шақшақ, Саржетім, Төртауыл, Атығай, Күмән, Қаракесек руларының ауылдары, Керей руының бір бөлегі, Уақ, Қыпшақтар, бұлардың бәрі Ортажүзден, Кішіжүзден — Алаша руынан шыққан ауылдардың қосындысы болған[1].

40-жылдарда Жетіру әулетін билеген Есет тарқан туралы орыс негізгі деректері «Кіші орданың өз басқаруында Жетіру елі бар, даңқты старшинасы»[2] — деп жазады.

Әрине, бұл старшиналардың «құрметтелуі ханнан төмен болмаған».

Сөйтіп, бір рудың әртүрлі бөлімдерінің көшіп-қонып жүретін түрліше аудандары болған. Бірақ көшіп-қонатын аудандарды бірлесіп пайдаланудың өзі жеке ауылдарды бүтіндей бір шаруашылық етіп байланыстыратын дәнекер болған, өзіндік өндіріс үстем жағдайларында шаруашылық байланыстарының басқа түрлері жөнді болмаған немесе тіпті болмаған. Көшіп-қонатын жерлер бірге болғандықтан, шаруашылық байланыстар ауылдар бірлестіктерінің және бір ру бөлімдері бірлестіктерінің араларында ғана болған, Ірі руларды шаруашылық жөнінен уақтаудың қажет болуы көшпелі мал шаруашылығын жүргізу әдісінің мешеулік жағдайларынан туған, мұны біз жоғарыда айтып өттік. Мұндай уақтау рулық топтардың қазақша атауларында атап көрсетілген, бұлар орыс негізгі деректерінде, әдетте, рулардың бөлімдері немесе бөлімшеле-

---

[1] Ескі дәуір актыларының орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 9, 1745, іс № 3, 56—57-беттер.

[2] Бұл да сонда, 36-бет. Есеттің «Ведомоствосында» Тама, Табын, Жағалбайлы, Кердері, Тілеу руларының ауылдары болған, оның ведомоствосының 1743 жылғы ант хаттарына 54 ауылдың старшиналары қол қойған, бұл сан тегі бұдан көп болу керек (Бұл да сонда, 67—69-беттер).

рі деп аталады. Қазақ материалдарында бұл терминге рудың бір бөлімшесі (طائفه[1]) деген сөз үйлес келеді.

Қазақтың атақты адамдарынан шыққан материалдарда ру бөлімшесін атағанда, осы бөлімше шыққан рудың аты қашан да көрсетіліп отырады. Бірақ әдетте жазғы қоныста бірге болып саяси жөнінен ұсақталмаған ру бөлімшесі де қысқы қоныска келгенде ауыл-ауылға бөлініп кеткен. Ауылдың негізгі ұясы бір тұқымнан құралған, бірімен-бірі туыстас-қандас болған. Бірақ бұл семьяларға туысқандық жағынан басқа семьялар да келіп қосыла алған. Мысалы, бұрын құлдықта болып азат етілгендердің семьялары, бай қазақтардың шаруашылығында жұмыс істеген құлдар, және малы аз болып өзбетімен ауыл болып көшіп жүре алмайтын басқа рудың кедей қазақтары.

Қазақ қауымына оның негізгі бөлімдерінде ру, — ру бөлімшесі, ауыл ішінде қандас-туыстас адамдардың болу жағдайы осы қауымға патриархтық-рулық мазмұн берген.

Қазақ қауымында патриархтық-рулық белгілердің сақталуы қазақ шаруашылығында көшпелі мал шаруашылығын жүргізудің артта қалған түрлерінің үстем болуына байланысты. Көшпелі шаруашылықта жер қонысы жөніндегі байланыстар, әрбір көшпелі қауымға әдет бойынша көшіп-қонатын жер көлемі тұрақтандырылуына қарамастан, жер кәсібіне айналған отырықшы қауымдағы мөлшердей баянды болып тұрып қала алмаған. Жерді қауым болып иелену қысқы уақытта ауыл-ауыл болып қоныстануда барып бұзылған, ауылдардың қысқы қоныс аралары әдетте бірінен бірі әжептәуір алыс болған. Бірақ жазғы көшіп-қонып жүретін жерлердің жалпы иеленуінің өзін шаруашылықтың отырықшы түрлеріндегі жер иеленудің жалпыға бірдейлігімен теңестіруге болмайды. Үнемі көшіп жүрген соң, тіпті белгілі бір шеңберден шықпағанмен де, жер жөнінде қарым-қатнастар көшпелі шаруашылықта отырықшы қауымдағылардан гөрі неғұрлым орнықсызырақ келген. Ақырында, жер қонысы байланыстарының нашар бо-

---

[1] Мысал үшін, 1821 жылғы арызға қол қойған старшинаның атын көрсетемін: آدای رو غینك كینك چالبار طائفهسینك كوچان بی яғни, «Адай руының Кеңшалбар тайпасының биі Көшен» (Ленинградтағы орталық мемлекеттік тарих архивы, Ішкі Істер министрлігі, Жер бөлімі 8-делопроизводство, іс № 67, 1818, 104-бет).

луы көшпелі мал шаруашылығын жүргізудің мешеулігіне байланысты болған. Мал шаруашылығын жүргізудің мұндай түрлері көшіп-қонатын аудандардың кеңеюін үнемі керек қылып отырады,—әрине, мал шаруашылығы үнемі өсіп отырған жағдайда. Көшіп-қонатын жерлерді кеңейтудің қажеттігі қауымның уақталуына, яғни қоныс жерлерінің қалыптанған байланысын бұзуға әкеліп соққан. Бұл жағдайда байланысын бұзуға әкеліп соққан. Бұл жағдайда байланыстың жалғыз ғана түрі қан ру жақындығы болып қалған, бұл арада еске алатын бір нәрсе, қауымдардың жеке бөлініп шыққан бөлімдері көбінесе бірінен-бірі оқшау жүрген. Анығында да, бір рудың жеке бөлімдерінің саяси және шаруашылық жағынан оқшау тұруына қарамастан, сол рудың мүшелері өздерінің ру бірлігін есінде тұта берген. Бұл қауымдардың аттарына да әсер еткен: әдетте қазақ өзінің түрлік атына рулық атын да қосып айтқан: мысалы, ол Шақшақ арғын руынанмын деп айтқан.

Салт-сананың патриархтық-рулық түрлерімен мал өсіру шаруашылығының арасындағы бұл байланысты Сталин жолдас тіпті X съезде көрсеткен: қазақтар, башқұрттар және Совет Шығысының тағы басқа халықтары туралы ол «көп жерлерде мал өсіру шаруашылығын және патриархтық-рулық салт-сананы сақтап келген»[1] халықтар деп айтқан.

Бірақ, қазақ көшпелі қауымы туралы осы айтқандарымыздың бәрі әлгі қауым мен бастапқы дәуір — қауымдық құрылыстың үстем болып тұрған кездегі ескі заман қауымының арасындағы төтелей байланысты тағайындауға негіз бола алмайды[2] және осы айтқанымызға жалпы байланыстырып ал-

---

[1] И. В. Сталин. Марксизм және ұлт мәселесі, 1939, 93—94-беттер.

[2] Ескі замандағы қандас-рулас одақтардың уақталуы және араласуы тіпті монғол дәуірінде болған және бұл монғол басып алуы кезінде аса күшейіп тездетіле түскен (Б. Я. Владимирцов, жоғарыда көрсетілген шығармалары, 63-бет). Уақталып барып жаңадан қандас-рулас одақтардың құрылуы әсер еткендігін біз түрлі халықтардың құрауында ұрпақтардың бірыңғай ескі аттарынан кездестіреміз: мысалы, қазақтарда, өзбектерде, ноғайларда «қыпшақтар» атты ұрпақтар кездеседі. Кіші және Ортажүз қазақтарының арасынан біз «Керей» атты қауымдарды кездестіреміз (Кішіжүз керейттері). XIX ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ (1803 жыл) Шүкіралиев Көбек деген старшина Ортажүз құрамында осы Ордадан (яғни Кішіжүзден. — М. В.) бөлініп Ортажүзге қосылып түрлі бөлімнен көшіп жүрген 6 мыңға жуық үй бар деп көрсеткен (Ленинградтағы Орталық мемлекеттік тарих архивы, Коммерция министрлігі, 29-жыйнақ, іс № 1026, 1805, 4-бет).

ғанда өте-мөте маңызды жері, қазақ қауымы туралы осы айтқандарымыздың бәрі қазақ қауымының ішкі, өндірістік құрылысын мүлде сыйпаттай алмайды.

Қазақ қауымының ішкі құрылысын зерттеу ісі осыған тиісті терминологияның ескілігі мен және материалдың үзінді-үзінді келетіндігі мен қыйындалып қоймайды, мұның үстіне тағы да қыйындай түсетін бір себебі, бір таптық дамудың әлі де өшпеген жанды процесімен кездесеміз. Сондықтан, старшина жағдайларында біз біркелкіліктің жоқ екендігі ашық көрініп тұрғандығын байқаймыз, осыдан барып таптық белгілердің айқын еместігі барып шығады. Бірақ таптық екшелу процесінің беталысы мейлінше айқын көзге түседі. Бұған қарағанда қазақ қауымының (руының немесе оның бөлімшесінің) құрамы оңай айқындалады. Қарашылар арасынан рудың атақты адамдары іріктеліп шығады. Бұлар орыс негізгі деректерінде ру билеушілері деген сыяқты «старшина» деген терминмен аталады, бұлардың ру атақты адамдары тобының арасынан шыққан адам болмауы да мүмкін[1]. Ру атақты адамдарының өкілдері би, тархан, батыр, мырза деген сыяқты түрлі аттармен аталған.

Өте-мөте қыйын айқындалатын термин «би» (بی) деген сөз. Би атағы қазақ қоғамында кең жайылған. Бұл сөз қазақтан бұрынғы Дешти-Қыпшақ[2] деген қоғамнан арғы заман-

---

[1] XVIII ғасырдағы қазақ материалдарында көп жайылған термин «ақсақал» (اقصقال) деген сөзді біз бір жолы ғана кездестірдік, бұл сөз жалпы мағнада, «старшина» деген терминге үйлес қолданылып келген. (Ескі дәуір актыларының Орталық мемлекеттік архивы. Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 62, 1785, іс № 3, 10-бет).

[2] Бұл атаудың қашан, қайдан шыққанына Мунис біраз түсінік береді. Өзінің Фирдаус-уль-икбаль, деген яғни «Бақыт ұжмағы» деген хроникасында, 555-бет, ал Өзбек хан (1312—1340) «мұсылман дініне кірген нойондарды айырып білу үшін оларға «бек» деген түрік атағын берген деп көрсетеді. Егер де Мунистің бұл айтқаны дұрыс болса, әлеуметтік жағынан алып қарағанда, бектер де нойондар сыяқты қоғамдық топ болған. Нойондардың орны белгілі: бұлар монғолдықтардың ақсүйек руларының өкілдері. Монғол империясы дәуірінде Шыңғыс хан руының өкілдері де нойон деген атаққа ие болып жүрген, мысалы, Тулуй (Б. Я. Владимирцов. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 104-бет). Бірақ бұл атақ нутук—үй иелеріне яғни ру атақты адамдарына беріліп баянды болып келген. Мұнымен қатар біз В. В. Бартольдта «бек» деген термин «би» деген терминмен мағналас дегенді кездестірдік. «Мұндай хакиттердің немесе бектердің (қазақша) айтқанда «билердің» көбі, дұрысында, ханға да, аталықтарға да бағынбаған» (В. В. Бартольд) Түркстанның мәдени өмі-

да шыққан. Бұл атау бұрын Алтын Орда құрамында болып келген бірқатар түрік халықтарында да кездеседі. Бек атағымен қатар би атағына өзбектің атақты адамдарының өкілдері ие болып жүрген. Бұл атақ бірден-бірге мұра ретінде ауысқан немесе, ерекше түрде хан сыйлап берген[1]. XVIII ғасырда бұл рудың атақты адамдары өзінің басшысы инақ арқылы Хиуа хандығын билеген. Тарих бойы келе жатқан әдет-ғұрып бойынша, тек «ақсүйек» уәкілдері ғана хан бола алған, бұл әдет-ғұрыптың күштілігі сондай, инақтар өзбетімен қолдан қойған хандар арқылы ел билеген, бірақ инақтар бұл хандарды өзінің қарауы бойынша ауыстырып отыра алған. Керек десе, Мұхаммед Эмин сыяқты 30 жыл бойы мемлекет билеген (1763—1790) өте беделді инақ та хан атағын алмаған. Бұл атақты бұдан кейінгі инақ Эвез би де алмаған. Тек Эвез бидің баласы Эльтузер ғана 1804 жылы хан атағын алуға бел байлаған. Өзбектердегідей осы сыяқты билеуші топ қырғыздарда да билер болған. Авторы қырғыздар арасында тұрған қытай чиновнигі болған қытай негізгі деректеріне (Си-Юй-вынь-цзянь-лу) сүйене отырып, Тимковский қырғыздар «өздерінің билеушілерін би деп атайды. Кейбір билердің қарауында 10нан 20ға шейін, басқаларында 20дан 30ға шейін ұлыс болады», — дегенді айтады. Ол тағы да былай дейді: «Қырғыз деген сөз бұл халықтың жалпы атағы, ол көп ордаларға бөлінеді, әрбір орданың өз биі болады, би атағы мұра қуады және билер көбінесе біріне-бірі тәуелді болмайды»[2]. Тимковский келтірген мәліметтерді орыс негізгі деректері де дәлелдейді. 1824 жылы Ұлыжүздің және қырғыздардың жеріне подполковник Шубин бастаған орыс экспедициясы жіберіледі. Осы экспедицияға қатнасқандардың бірі Зиберштейн өте бір керекті дневник қалдырған. Зиберштейннің айтуынша, қырғыздар «болысқа» бөлінген, болысты билер басқарған, би атағы мұра ретінде бірден-бірге ауысып

рінің тарихы, (99-бетте). Қараңыз сол сыяқты Enzyklop des Islam; bed osmanisch bey, kirgizisch biy der bi 1 Lpz., 1912. 717.

1 Мысалы, Абылғазы хан (1643—1663) өзіне жақын жүрген 32 сановниктер арасынан төртеуін би етіп тағайындаған. Билердің мирасқор тобына Мунистің әкесі Эвез би де қосылады. Оның аталарының бірі — Адина Мұхаммед мираб—Ануша хан (1663—1687) тұсында би атағын алған. (Түрікмен және Түркмения тарихы жөніндегі материалдар, II, 23-бет).

2 Тимковский. Монғолия арқылы 1820 және 1821 жылдары қытайға сапар шегу, СПб., 1824, 156-бет.

отырған. Мысалы, ол Билек болысын (руын) Шералы бидің балалары: Ажыбай би, Нұса би тағы басқалары билеген дейді. Зиберштейнді би үкіметінің соншалық беделді болғандығы таңдандырған. Мысалы, Елпақ би туралы ол былай деп жазады: «өзінің қарауындағы қырғыздарға оның тыйым салғандығы сондай, талай қайтара барымта істеп, ел шауып даңқы шыққан осы ер халық осы күні өзінің бұл ісінен бой тартып барады[1]. Арықтар руының басшысы Үлжебей би туралы ол былай дейді: «бұлардың осы биге көрсеткен соншалық үлкен сый құрметін мен тіпті орданың және рудың ең жоғарғы басшысы сұлтандарда да (әңгіме қазақтардың Ортажүзінің сұлтандары туралы болып отыр. М. В.) ешжерде көрген емеспін»[2]. Қырғыздарда сұлтандар болмаған. Елдің бәріне немесе бірнеше руға қатысты істерді билердің съездері шешкен. Мысалы, экспедицияға қатнасушы Назаров Россияның қоластына қарау туралы мәселе қойғанда бұл мәселені билердің съезі шешкен. Билердің съезіне Қоқан ханы да біздің қоластымызға қара деп ұсыныс жасаған[3]. Қырғызстанда билер ешкімге бағынбай үстемдік жүргізген. Тегі, тек XVIII ғасырда ғана билер арасынан манап атағын алған жоғарғы топтар бөлініп шыққан көрінеді[4]. Атасынан билік арылмай келе жатқан адам ғана манап бола алған[5]. Тегі, қырғыз қоғамының оқшауланып шыққан мұрасқор билері ғана манап бола алған көрінеді. Қалай дегенмен де, манаптар қатарына жатпайтын барлық

---

[1] «Дәрігер Зиберштейннің жол хаттары». Тарих архивы, № 1, 1936. 245-бет.

[2] Бұл да сонда, 247-бет.

[3] Бұл да сонда, 299-бет.

[4] В. В. Бартольд былай деп жазады: «Менің қолыма түскен материалда «манап» деген сөз қазақ сұлтаны Кенесары Қасымовтың қаза табуы жөніндегі әңгімеде тек бірінші рет қана кездескен болар... және бірнеше жоғарырақ: білу қажет, бұл сөз Зиберштейннің записқасында болды ма екен» (В. В. Бартольд. Қырғыздар. Фрунзе, 1943, 69-бет). Зиберштейннің дневнигін тауып алып, оны жариялағанның соңында Зиберштейнге «манап» деген термин мәлім болмаған деуге болады, өйткені ол бұл терминді ешжерде қолданбайды. Қырғыздардың өз айтуына қарағанда, «манап» деген атақ XVIII ғасырда шыққан. Бұл атақ Сарбағыш руы билерінің біреуінің атынан барып тараған.

[5] Бұл да сонда, 70-бет. Қараңыз, сол сияқты Н. И. Гродеков. Сырдария облысының қырғыздары мен қара қырғыздары: «манаптар қырғыздардың аталы билерінен шыққан таңдаулы адамдары. Қарапайым қырғыз манап бола алмайды. Манаптардан шықпағандар да би бола алады», 6-бет.

басқа халық қазақтардың «қарашы» дегені сыяқты «бүқара» тобына жатқан. Қарақалпақтарда да билер осы сыяқты орын алған. Қырғыздардағыдай қарақалпақтарда да билер руға басшылық істеген. Бұлардың әсері, беделі және күші «рулық демократия» негізінен шықпай, билердің қауым жерін билеп-төстеудегі артықшылығына және күш-қуатына негізделген. Билердің қолында толық жатқан мал болған. Бұлардың төңірегінде көп нөкерлер болып, солар арқылы ру ішінде өзінің артықшылық халін ұстап келген[1].

Сөйтіп, өзбектерде де, қырғыздарда да, қарақалпақтарда да билер «рулық демократияның» уәкілі емес, ру басшысы болған, бұлар мемлекет билеуді және осыған байланысты экономикалық артықшылықты өз қолдарына алған. Бұл Шонжарлар: қырғыздарда XIX ғасырда манаптардың тұйық тобы болған, ал қарақалпақтарда — ру ішінде қанаушы топ болған. Қазақтарға көршілес және жақын отыратын халықтардағы билердің жағдайын қарастыру бұл әлеуметтік топтың бейнесін қазақтарда да ұғынуға жәрдем береді. Осы күнгі қазақ тілінде «би» деген сөз орыстың «старшина» деген терминімен бір мағнада қолданылды. Бірақ «би» деген терминді жалпы қолдану тарихи ақыйқаттың бетін ашпайды, өйткені ру басшысының жағдайымен оның белгілі тапқа жататындығының арасындағы айырмашылық мүлде көмескі болып қалады. Бірқатар мәліметтерге қарағанда, қазақтардағы билер «рулық демократияның» уәкілдері болмай, ру басшыларының тап жөнінен сұлтандарға жақын тұратын ерекше бір артық жағдайда болған тобы деуге мүмкіншілік береді. Еңалдымен атап көрсететініміз, XVIII ғасырдың қазақ арасынан шыққан документтерінің қандайында болса да «би» деген термин рулық ұғым

---

[1] Қарақалпақ билерінің жағдайын зерттеген П. П. Иванов. Ол былай деп жазады: «қанаушы таптың өкілі — би тұлғасы рулық негізде өсіп дамып шығады. Қарақалпақ руында би ең басты фигура, ол оның басшысы болып табылады... Түрлі сыйлықтар, тартулар алу үстіне, би мал жайылысын иемденіп алу арқылы және өз руы ішінде пайдаланатын басқа артықшылықтары арқылы баиды... Әдетте, бидің қарауында белгілі санды қызметкерлері болады. Бұларды ол өзінің туған-туысқандарынан сайлап алады. Олар мал жайылысын бөлу, мал иелену негізінде әлгі биге экономика жөнінен тәуелді болады» (П. П. Иванов. Қарақалпақтар тарихының очеркі. Қарақалпақтар тарихы жөніндегі материалдар, М.—Л., 1935, 53-бет).

ретінде емес «тархан», мырза деген терминдер сыяқты түрлік ұғым ретінде ауызға алынады[1].

Барлық жағдайларда би атағы құрметті болған, оны көпшіліктің тануы қашан да старшинаның беделділігіне байланысты, ал старшинаның беделді болуы оның атақты атадан шығуына, байлығына немесе түрлі қоғамдық істерді шешудегі тәжрибесі арқылы тапқан жеке басының беделділігіне байланысты болған[2]. XVIII ғасырдағы бақылаушы орыс адамдары билердің қазақ қоғамында жоғарғы топтарға жататындығын ашық көрсетеді. Паллас, «би» деген терминді қолданғанда бидің орнын дворянниннің орнымен жақындастырады[3]. Мұның үстіне ол билерді «ақсүйектер» қатарына жатқызады. Әрине, бұл қате, бірақ қате болғанда өте бір көзге түсетін қате, себебі, бұл қатенің болатын себебі қоғам тіршілігінде билердің ролінің сұлтандар ролінен айырмашылығы аз болғандығынан

---

1 Жеке мысалдар келтіріп өтеміз, мұндай мысалдар толып жатыр. Мысалы, старшиналардың Екатерина II ге, 1794 жылы 4 январьда жазған үндеуінде мынадай делінген: قرغز قزاق یورطی کچی یوزنیك سلطانلری طارخانلاری بی‌لاری ومرضه و اطر شینه‌لا ری яғни «Қырғыз, қазақ жұрты Кішіжүздің сұлтандары, тархандары, мырза және старшиналары...» (Ескі заман актыларының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен катнастары, К. 64, іс № 5, 1792, 55-бет), 1803 жылғы «антқа» қойылған қолдарды қарағанда, осы сыяқты санауды кездестіреміз: سالطانلری و اسطرشینه‌لری و بی لری و مرزالری و باطرلری яғни «сұлтандар, старшиналар, билер, мырзалар және батырлар...» (Ленинградтағы Орталық мемлекеттік тарих архивы, Ішкі Істер министрлігі, орындаушы полиция департаменті, іс № 333, 1808, 16-бет. Тегі, барлық осы сыяқты жағдайларда «би» деген термин «мырза», «сұлтан» деген сыяқты терминдермен қатар түрлік ұғым ретінде қолданылған көрінеді. Түрлік ұғым ретінде старшина (سطرشینه) деген термин де қолданылған. Қазақтар арасынан шыққан негізгі деректерде кең түрде қолданылуы XVIII ғасырдың 80-жылдарынан бері кездесе бастайды. Бұл терминнің қазақ тіліне келіп сіңуін тек орыс тілінен ала салғандықпен түсіндіруге болмайды, «мұның себебі 1780 жылдан бастап Кішіжүзде өкімет «ру — старшинасы» деген ерекше қызмет орнын белгілеген (бұл туралы V тарауды қараңыз). Бұл термин осы соңғы түрлік мағнасында қазақ материалдарында кездесе бастайды.

2 Бұл соңғы жағдайда «би атағына ру атақты адамдарына жатпайтын қазақ та ие бола алған. Ел еркімен таныған судьяларды би-старшиналардан айыра білуіміз керек.

3 «Өзінің қарауында бағынышты адамдарының саны көптер хан және сұлтан деп аталады. Сол сыяқты буларға бағынышты тағы да бір чиндер бар, атап айтқанда, би деп аталатын дворяндар» (П. П. Паллас, жоғарыда көрсетілген шығармалары, 578—579-бет, осы сыяқты мәліметтерді И. Г. Георги де айтады. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 124-бет).

тууы мүмкін. Билердің атақты адамдар болғандығын П. И. Рычков та атап көрсетеді: «Би дегеніміз кіші-гірім князь, — деп жазады ол, — бұл атақ азиялық халықтарда дворяндар қатарлас таңдаулы текті адамдарға беріледі. Хиуа елінде мұндай билер толып жатыр, қырғыздарда бірнешеуі бар»[1]. Атап көрсететін бір мәселе, Хиуада билердің артықшылық жағдайда болғандығына ешқандай күман жоқ бола тұрса да, Рычков Қазақстан билерін Хиуа билерімен жақындастырады. Қытай негізгі деректеріне сүйене отырып, Тимковский қазақ қоғамында билердің артықшылық жағдайда болғандығын көрсетеді. «Қазақтарда (хасахтарда) — деп жазады ол, — ру басшысын би (князь) деп атайды[2]. Сөйтіп би атағы, ру атақты адамдарының уәкілдеріне берілетін болғандықтан, би атағына иеленген адам ру старшиналарының арасында жоғары болған[3]. Би атағы, көбінесе, мирасқорлық жолмен де беріліп отырған. Бұл атақтың мирасқорлық жолмен берілетіндігі туралы мәліметтер қазақ материалдарында көп кездеседі.

Старшина-билер өздерін көбінесе бидің баласымын деп атайды. Осы жағдай тіпті XVII ғасырдың өзінде-ақ кездесе бастайды[4]. Бұл атақтың XVII ғасырда мирасқорлық жолмен берілетіндігін дәлелдейтін бірнеше мысалдар келтіреміз. Мысалы, Көбек би өзін Көшер бидің ұлы деп, Құлби өзін... (аты айқындалмады) бидің ұлы деп атаған, старшина Мырза би Мырза-Әлі бидің ұлы болған, Қаракөбек — Қосбай бидің ұлы, Шұбар би — Жантөре бидің ұлы[5] болған. Кейде би атағының

---

[1] Тарих институтының Ленинградтық бөлімі, граф Воронцовтардың жыйнағы, № 461 1776. А. П. Чулошниковтың мақаласы бойынша алынды. Қазақстанда XVII—XVIII ғасырлардағы феодалдық қарым-қатнастар тарихына, 504-бет.

[2] Тимковский. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 253-бет. Тимковскийден кеткен бір қатені атап көрсету қажет. Хан Аблайдың Қытаймен арадағы қарым-қатнастарын айта келіп, ол Аблай би деп атайды, яғни Тимковский Паллас сияқтанып қателеседі. Тегі ол тұстағылар «ақсүйектер» мен билер арасындағы өзгешеліктерді айыра білмеген көрінеді.

[3] Ьи атағына А. П. Чулошников та осылай қарайды (жоғарыда көрсетілген шығармалары, 505-бет).

[4] А. П. Чулошников. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 505-бет. Мұнда XVII ғасырда би атағының мирасқорлық жолымен берілгендігі туралы бірқатар мысалдар келтірілген

[5] «Материалдар», IV, 135, 169, 170, 172, 217, тағы басқа беттері. Атап көрсету керек, атақтардың мирасқорлық жолмен берілетіндігі ресми документтерге старшиналардың қойған қолдарына қарап айтудан гөрі жиірек кездесетіндігінде күман жоқ, қалай дегенмен де, бірқатар старшиналар

мирасқорлық жолмен берілетіндігін қойылған қолдарға қарап үшінші атаға шейін байқап білуге болады. Мысалы, Табын руынан шыққан, XIX ғасырдың бас кезінде болған атақты Жоламан бидің өз әкесі және үлкен әкесі би болған (Бөкенбай—Тіленші — Жоламан).

Бірақ бұл арада біз әлі де жетілмеген процеске кездесеміз: би атағының мирасқорлық жолмен берілуі әлі де барлық жерлерде бірдей қолданылып жетпеген. Біз тек билерді ру басшыларының тұйық мирасқор тобына жіктеу жөніндегі тарихи бағыт жөнін ғана әңгіме ете аламыз, бірақ бұл процесс жетілген дәрежесінде деп айтуға болмайды.

Старшиналардың ерекше тобы тархандар (طارخان) болған. Тархандар атағы ескіден келе жатқан атақ. Тархан атағы Алтын Орда дәуірінде кең түрде тараған, мұнда хандардың тархандық хаттары (жарлықтары) шонжарлар уәкілдерін түрлі алым-салық міндеттемелерінен босатқан. Қазақ қоғамында тархандықтың мазмұны басқаша. Мұның таралуы орыс үкіметінің кейбір биге тархан атағын беруіне байланысты болған. Бұл атақ билерді патша үкіметіне қаратып алу үшін, неғұрлым беделді билерге берілген[1]. XVIII ғасырда, орыс үкіметі қазақтардан ешқандай міндеттеме алым-салық алмайтын болғандықтан, керек десе, айырбас кезінде сауда алымдарын қазақтар емес, орыс және татар купецтері төлейтін болғандықтан, тархан атағы басқаша артықшылықтармен байланыстырылмай, тек құрметті атақ қана болып отырған.

Ру басшыларының кейбір уәкілдері мырза (مرضه) атағына ие болған. Бұл атақтың қазақ қоғамында жайылуы, біздің ойымызша, қазақ халқының құрылу тарихына байланысты, ал қазақ халқының негізгі ыңғайлас ұрпақтарының бірі жоғай ұрпақтық одағына кіретін рулар. Осы ұрпақтармен бірге қазақ қоғамына мырза атағы да келіп жайылған[2]. Мырзалар

жөнінде бұлардың би балалары екендігі туралы айқын мәлім бола тұрса да, олардың қойған қолына қарап бұлар би тұқымынан екен дей беруге бола бермейді.

[1] Тархан атағын беруді И. И. Неплюев бастаған. Ең бірінші рет 1742 жылы тархан атағын старшина Жәнібек алған.

[2] Әдебиетте мырзалардың қазақ қоғамындағы орнын айқындаймыз деп талап еткен. А. П. Ч у л о ш н и к о в. Біз жоғарыда келтірген мақаласында автор мырза деген атақ Қазақстанға Башқұртстаннан ауысқан деп қортынды шығарады. Бірақ автор өзінің қортындысын ешқандай дә-

қашан да қазақтың рулық қауымына төнді болған. Бұлар қол қойғанда өзінің атын және атағын көрсетумен қатар өз руының таңбасын басқан[1].

Мырза атағы барлық кездерде де мирасқорлық жолмен беріліп отырғандығын білу қыйын. Бұған тиісті қол қою материалының өзгешелігі сол, қол қойылғанда тек мырзаның өз аты ғана көрсетілген, ол кімнің баласы екендігі түсіндірілмеген, ал мұндай түсінік бола қалған жерде, әкесінің атымен қатар оның атағы көрсетілмеген. Бірақ мұндай түсініктері бар материал аздап кездесетін жерлерде, мырза атағы мирасқорлық жолмен берілетін ретте көзге түседі[2]. Қазақ қоғамында кейбір мырзалар аса беделді орын алғандығында күман жоқ. Мысал үшін,

---

лелмен деректемейді. Егерде біз мырзалардың рулық орнын ноғай ұлысының рулық құрамымен салыстыра алатын болсақ, онда біз бұл сұрауға толық жауап алған болар едік. Ноғай руларының неғұрлым толығырақ тізімін Тарих актыларының № 34 актысына IV қосымшада кездестіреміз. Бұл қосымша «Астрахань губерниялық басқармасының ескілікті қағаздарынан алынған көшірмелер бойынша» жасалған, ноғай руларының осы тізімнен алынған қысқартылған санын «Қарақалпақтар тарихы жөніндегі материалдардан» қараңыз, П. П. Ивановтың жоғарыда келтірілген статьясы, 26-бет. Бұл тізім күдікті. Мұнда қазақ даласының шығыс аудандарында көшіп жүрген рулар, мысалы, Найман, Үйсін рулары көрсетілген, бірақ Батыстағы рулар, мысалы, Тама, Табын рулары тағы басқалары көрсетілмеген. Тегі, көшірмелер үстірт жасалған сыяқтанады (мысалы, Түрікмен руларының бірі Жаумытпен қатар «Түрікмен» руы көрсетілген). Сондықтан бұл тізімді біздің мақсатымыз үшін пайдалану дәлді қортындыға әкеле алар ма екен. Қазақ документтеріне қойылған біз қарап өткен адамдардың қолдарынан қазақтардың мынадай руларынан шыққан мырзалардың атын таптық: Табын, Ожырай, Байбақты, Адай, Кердері, Қыпшақ, Шекті осы рулардың бөлімшелері. Бұлардың бәрі, Шекті руының бір бөлімінен басқасының, өзалдына көшіп, қонатын Оралмен шектес аудандарда, яғни ноғайларға жақын жерлерде көшіп-қонатын жерлері болған. Сондықтан біз мырза атағы қазақтарға башқұрттардан ауысқан, ал башқұрттар мен қазақтарға ноғай ұлысынан ауысқан десек неғұрлым дұрысырақ болатын сыяқтанады.

[1] Мысалдардың бірі ретінде, Орал әскерінің атаманы Д. М. Бороздиннің атына старшиналар берген хабарға қойылған төмендегі қолды көрсетеміз (1822 ж.) يا يبا قتى اروعى زنك تلاؤ باى مر صى ايتمبت وعلى طامعام صالدوم яғни «Байбақты руының Тілеубай мырза Әйтімбет ұлы таңбамды салдым» (Ленинградтағы Орталық мемлекеттік тарих архивы, ішкі істер министрлігі, Жер бөлімі, 8-делопроизводство, 1821, іс № 70а, II бөлім, 35-бет).

[2] Мысалы, Боранбай мырзаның сақталып келген мөрінде мынадай жазу бар екен: میرزا بورانداى بن شكفه میرزا «яғни мырза Боранбай Шаңқа мырза ұлы» (Ленинградтағы Орталық мемлекеттік тарих архивы, Ішкі істер министрлігі, орындаушы полиция департаменті. 1805, іс № 333, 16-бет).

Кильдей мырзаны атап өтуге болады. Бұл мырза Сібірде ұсталып қалғанда қазақтар шекаралық линияға көп шабуыл жасап, тек Кильдей босатылғаннан кейін ғана шабуыл тоқтатылған[1]. Бірақ, материалдың жеткілікті еместігін көре тұрып, бұл жағдайды қорытатын деу үстірт болар еді, себебі феодалдық шонжарлардың басқа уәкілдерінің арасындағыдай, мырзалар арасында да беделі шамалы адамдар кездесуі мүмкін, мұның өзі сол мырзаның өзі шыққан рулық топтардың жағдайына байланысты.

Дегенмен, XVIII ғасыр үшін неғұрлым көбірек тараған жағдай — ру басшыларының батырлар тобынан шығатындығы. «Батыр» (باطر)[2] деген термин қазақ фольклорінде және тұрмыс салтында өте көп тараған. Қазақтың қаһармандық эпосының бәрі атақты ертегі немесе тарихи батырлар туралы айтылған ертегі болып келеді. Батыр деген құрметті атақты қазақ халқы өзінің ұлттық қаһарманы Аманкелді Имановқа берді. Осы замандағы қазақ әдебиеті совет халқының Отан соғысындағы қаһармандарын да батыр деп атайды. Ескі заманда болса да, сол сыяқты біздің тұсымызда болса да «батыр» деген термин әлеуметтік таптық мазмұны жоқ болып ұғым береді. Тарихи ақыйқатта, атап айтқанда, XVIII ғасырда, батырлардың қоғамдық жаратылысын айыра білу қыйын болатын себебі де міне осы. Осы терминнің өзі XVIII ғасырда да әлеуметтік мағнада емес, тек тұрмыс салтын көрсететін термин ретінде қолданылғандығында ешқандай күман жоқ. Дегенмен, бұл терминнің жеке қоғамдық топтар жөнінде жайылғандығына көңіл аударсақ, мұның XVIII ғасыр үшін әлеуметтік мағнасында жайылғандығын белгілі заңды ретте, белгілі тарихи бағытта қолданылғандығы көзге түседі. Батырларды біз көбінесе ру старшиналарының арасынан кездестіреміз.

---

[1] Бұл туралы Ф. Скибиннің және Д. Матюшкиннің айтқанын қараңыз. Тарих акттарына толықтау, X, № 80.

[2] Сұлтандар жөнінде айтқан кезде негізгі деректерде әдетте (بهادر) деген термин қолданылады, бұл термин монғолдың ba'atur деген сөзіне ұйлес. Орыстың «богатырь» деген термині де осыдан шыққан. ba' atur деген термин кейде ру старшиналары жөнінде де қолданылған (1785 жылы Екатерина II нің атына жазған арызға старшиналардың қойған қолдарын қараңыз. Ескі дәуір актыларының Орталық мемлекеттік архивы. Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 62, 1785, іс № 3, 10-бет. «Материалдар» жыйнағында басылған, IV, іс № 4).

Бұл туралы 1743 жылы Жәнібек-тархан елінің атынан жазылған қағазға қойылған қолдар біраз айқын түсінік береді, мұндай қазақтардың қойған қолдары үш категорияға бөлінген: старшиналар, орта және төменгі дәрежедегілер.

Документтердің мазмұнына қарай ұғынуымызша «орта» дәрежедегілер қазақтар деп бай қазақтар айтылған көрінеді, дегенмен бұлар старшина емес сияқты. Соңғы екі топты (орта мен төменгі дәрежедегілерді) бірлестіріп келіп, рулық топ ішінде батыр атағының таралуы жөнінде мынадай мәлімет аламыз:

Ру	Старшиналар		Қауымның төменгі қатардағы мүшелері	
	Барлығы	Батырлар	Барлығы	Батырлар
Арғын	10	8	96	8
Қыпшақ	2	2	56	5
Табын	17	5	29	—
Жағалбайлы	13	7	13	—

Батыр атағын рудың атақты адамдарымен бірлестіру барлығы Ортажүзде де (Арғын және Қыпшақ), Кішіжүзде де (Табын және Жағалбайлы) бірдей көзге түседі[1].

---

[1] Жәнібек-тархан елі 1743 жылы жазған хаттың мәліметтерін кеңірлым толығырақ келтіреміз. Бұл мәліметтер старшиналар арасында батыр атағының таралуын сыйпаттайды. Ру атынан қол қойғандар:

	Барлық старшиналар	Мұның ішінде батырлар
Шақшақ Арғын	10	8
Саржетім Арғын	2	1
Төрғұл Арғын	1	1
Атығай Арғын	1	1
Керей	1	1
Үзын Қыпшақ	2	2
Кинделям Қыпшақ	1	1
Уақ	1	1
Табұға Қыпшақ	1	1
Хашғар Алаша	1	1

(Ескі дәуір актыларының Орталық мемлекеттік архивы. Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 9, 1743, іс № 3, 56—57 және 147-бет). Мұндай бағыт XVII ғасырда да болған. (Қараңыз А. П. Чулошников. Жоғарыда көрсетілген шығармалары).

Қойылған қолдар жөніндегі өте көп материалдан кездесетін мәліметтер де осыны дәлелдейді. Бұл қойылған қолдар XVIII ғасырдағы қазақ документтерінде сақталып келген[1]. Батыр атағының тек старшиналар арасында ғана XVII—XVIII ғасырларда таралуы бізге кездейсоқ уақыйға емес сыяқтанады. Ол заман қазақ халқының өміріндегі өте бір толқынды дәуір еді, өйткені бір жағынан сыртқы жауға, атап айтқанда, Жоңғарияға, қарсы қажырлы күрес жүргізуге тура келген, ал екіншіден ішкі тіршілікті алсақ, Тәуке хан өлгеннен кейін (1718) ру-аралық күрес көбейіп және сұлтан топтарының өз араларында феодалдық соғыстар жиі-жиі болып тұрған.

Ескі дәуірдегі германдықтарда «даңқы асқан соғыс көсемі төңірегінде олжаға құны құрыған, өзіне сенімді жас адамдарды жыйнап алған»[2]. Дәл осы сыяқты, қазақтарда да батырлар бөлініп шығып, бұлардың төңірегіне өздеріне сенімді деген жігіттерді жыйнап алған. Ескі дәуірдегі германдықтар да әлгі дружиналар нашар бола тұрса да, «ескіден келе жатқан халық азаттығы осыдан кейін құлай бастаған»[3], дәл осы сыяқты батырлар да қазақтар арасында кейіннен қазақ ру басшыларының құралған қоғамдық тобы болып табылған. Батырлар атағының XVII—XVIII ғасырларда кең түрде жайылуы — қазақ қоғамының өзгешелік сыйпатының бір түрі. Бұл жағдай біз қарастырып отырған заманда өзбектерде де, қарақалпақтарда да, қырғыздарда да болмаған. Батыр атағы мирасқорлық жолын қумаған, бұған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болған[4].

---

[1] «Материалдар», IV, 157—165, 432—433 және басқа беттері.

[2] Ф. Энгельс. Семья, жеке меншік және мемлекет қайдан шыққан. К. Маркс және Ф. Энгельс. Шығармалары, XVI том, I-бөлім, 121-бет.

[3] Бұл да сонда.

[4] Батырлар жағдайларының осы өзгешелігі старшиналардың түрлі документтерге қойған қолдарынан көрінеді. Мысалы, старшиналар 1822 жылы Орынбор соғыс губернаторы П. К. Эссеннің атына жазған арызда сол сыяқты мынадай қолдарды кездестіреміз: چوموچلی تابون فیطار немесе برآق باطورا وعلی تمعام صالدوم بارماق باطور قوی яғни علم اوعلی تمعام مصالدوم «Шөмішті Табын Қыйтар Барақ батыр ұлы таңбамды салдым» және «Бармақ батыр Қойкелді ұлы таңбамды салдым» (Ленинградтағы Орталық мемлекеттік тарих архивы, Ішкі Істер министрлігі. Жер бөлімі, 8-делопроизводство, 1822, іс № 90, 265-бет).

Ру басшыларының құрамы туралы жоғарыда айтқанымыздың бәрі, бұлардың өндірістік орнының бетін ашып бере алмайды, бұлар тап жөнінен қандай, кімге қосылатындығын да көрсете алмайды.

Бұлардың таптық жағдайын көрсету үшін, рудың атақты адамдарының өндірістің негізгі шарты — жерге, сол сияқты «жердің өнімдері»—малға қандай катысы болғандығы туралы мәселені алға қою керек. Мал өрісін билеп-төстеу жөнінде сұлтандар қандай орын алса, старшиналар да сондай орын алған. Мысалы, бұлар өздеріне бағынатын қауымдар көлемінде қоныс аудандарын бөліп беріп отырған. Егер де мал өрісі туралы би мен «қарапайым» қазақтар арасында дау туса, мұны билердің соты қараған, сонда қашан да болса бидің сөзі жақталып отырған[1]. Осыған қоса айта кету керек, бұл билердің осы жөндегі ролінің маңызы сұлтандардың беделінен кем болмаған: сұлтандар қалай дегенмен де, XVII ғасырдан бастап, көшпелі қауымдардың шаруашылығы үшін үлкен маңызы бар осы мәселе жөнінде солардың старшиналарының мүддесімен санасуға тиісті болған.

Ру старшиналарының қолдарына мал көп жыйналған. Әрине, қазақтардың: «Батыр болсаң, бай болсаң хан емес деп кім айтар. Кедей болып бек болсаң, саған сонда кім күлмес?» — деген мақалдары бекер айтылған сөз емес.

Бірақ жабайы көшпелі мал шаруашылығы жағдайларында «жердің табиғи продуктысы» — малды меншіктену мәселесі жерді пайдаланумен біте байланысты болған. Маркс былай дейді: «Мал бағушы халықтарда жердің табиғи продуктісі — қойды меншіктенсе, мысалы, мұнымен қатар сол қой жайылып жүрген көгалды да меншіктенеді және сол сияқты «жерді меншіктенсе сол жерден өнетін продуктыларды да қоса меншіктенеді»[2] Малды иеленудің жер қарым-катнастарымен біте байланыстылығы туралы Маркстің бұл айтқанында көшпелі шаруашылықтың қоғамдық түрлерін зерттегенде аса зор методологиялық маңыз бар. Маркстың бұл айтканында көшпелі қоғамдағы еңбекшілер көпшілігіне жүктелетін міндеттемелердің

---

[1] Н. И. Гродеков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 111-бет.

[2] **К. Маркс.** Капиталистік өндірістен бұрынғы формалар. Пролетарская революция, № 3, 1939, 164—165-беттер.

қоғамдық жаратылысын ұғынуға мүмкіншілік береді және жалпы алғанда, Маркстың бұл айтқаны жер кәсібіне айналысқан халықтардағы феодалдық қарым-қатнастардың түрлену процесінде болатын жерді жеке меншіктену тәртібінің көшпелі қоғамда қолданылмауы сол, көшпелі қоғамда феодалдық қарым-қатнастарды жоқ деу үшін дерек бола алмайтындығын көрсетеді.

Старшиналардың экономикалық жәйі олардың қолында малы көп болғандығымен ғана айқындалып қоймайды, мұның үстіне қоғамдық жерді билеуге еріктілігімен және сол малдары «қарапайым халықты» қанау құралы болатындығымен де айқындалады. Бұл қанауда старшиналар «рулық жәрдемнің» әдеттегі түрлерін қолданған, бірақ бұл түрлерде енді басқаша мазмұн болған, атап айтқанда ру басшылары еңбекші көпшілікті қанаған. Бұл жөнінде де феодалдық экономиканың дамуы шонжарлардың қауымдық міндеттерді феодалдық міндеттерге айналдыру жолымен, мұны олардың өз мүдделері үшін пайдалану жолымен барған, ал бұрын бұл міндеттемелер бүкіл халық қажетіне пайдаланылатын болатын. Бірақ ру басшыларымен және сұлтандардың пайдасына қазақтар атқаратын міндеттердің арасында көзге түсерліктей айырмашылық болған. Сұлтандардың пайдасына атқарылатын міндеттер, өздерінің жаратылысына қарағанда, көбінесе, азық-түлік рентасына ұқсас болса, ал ру басшылары алатын міндетті салықтар еңбек істеп өтейтін рента сыяқты деуге болады, яғни тарих тұрғысынан алып қарағанда, капиталистік рентаға шейінгі рентаның неғұрлым ертеректегі түріне жатады. Біздің ойымызша, қазақ қоғамының тарихи дамуының процесіне, ру басшыларының сұлтандардан гөрі феодалдар табына кешірек айналуына осы айтылған фактылар әсер еткен сыяқтанады.

Ру басшыларының еңбекші қазақтарды қанау әдісінің неғұрлым толық және көп тараған түрі — сауын беру. Ең әуелде сауынды қауымның бай мүшелері өзінің кедей болып қалған туыстарына жәрдем ретінде берген. Сауын түріне қарағанда, бай туысқандар өзінің кедейленген қауымдастарына көрсеткен жәрдемі ретінде бұрынғысынша қаралып келген, ал бұдан кейін кедейлерді қанау құралы ретінде пайдаланылған, қанаудың

бұл түрінің ішінде еңбек істеп атқаратын рента қарым-қатнастарына жуық келетін қоғамдық қарым-қатнастар дамыған. Қанаудың осы түрінің XVIII ғасырда неғұрлым дәлді суреттелуін біз Георгиден табамыз: «Байлар, — деп жазады ол, — кедейлерге мал бөліп береді, ал кедейлер осыған алғыс ретінде әлгі өзіне қайырым еткендердің малын бағады. Егерде біреудің малы тез көбейе қалса және сол дәулетімен тұра берсе, ол кедейлерге өзінің дәулетінен әжептәуір мал бөліп береді. Мал бөліп берушінің мал-басы аман болса, онда мал алушы адамдар оның алдында ешқандай міндеттімін деп есептемейді, егер де мал берушінің малы жұтқа ұшырап, ұрланып немесе басқа бір себеппен апатқа ұшырап малынан айрылса, онда мал алушылар өзінің қолында жөнді мал қалмайтын болса да, әлгі байдан алған малының басын түгел немесе тіпті өсімімен қоса қайтарып береді. Сөйтіп, бай адам осындай мырзалығы арқылы малының басын өмірі жойылмайтындай етеді»[1]. Осы айтып отырғанымыз кедейді қанау мақсатымен сауынды пайдаланудың өзінше бір түрі: мысалы өзінің шаруашылығын мал бағуға керекті жұмысшы күшімен қамтамасыз ету мақсатын көздеп кедейлерге мал бөліп беру, малдың өсімімен қайтарылып берілуі түрлі себеппен мал шығыны бола қалған күнде қауымдықтардың еңбегімен мал басының кемімеуін қамтамасыз еткен, ал мал басының кемуі қазақ даласында жиі-жиі болып тұрған. Сауын беру кедейлердің шаруашылығын керекті өндіріс жағдайларымен қамтамасыз етуден шонжарлардың шаруашылығын керекті жұмысшы күшімен қамтамасыз етуге айналған, мысалы, жер кәсібіне айналысқан халықтардағы шаруалардың өзіне меншікті шаруашылығы «алпауыт шаруашылығының дәнекері болған, шаруаның бұл меншікті шаруашылығы шаруаны өмір сүруіне керекті қаражатпен» «қамтамасыз» ету мақсатын емес, алпауытты жұмысшы күшімен қамтамасыз ету мақсатын көздеп пайдаланылған[2]. Сауын мен шонжарлар шаруашылығына керекті жұмысшы күші арасындағы осы байланысты сол уақыттағы адамдар да айыра білгенін атап өту өте керек сияқты. Сол Георги сауынды суреттегенде, шонжарлардың сауынды

[1] И. Г. Георги. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 129-бет.
[2] В. И. Ленин. Шығармалар, III том, 140-бет.

қолданатын себебі кімнің болса да, — «Мал бағатын құлдарының саны жеткілікті бола бермегендігінен»[1],— дейді.

Сөз жоқ, сауын қалпы өзгергенде, бұл ескіден келе жатқан қауымдық тәртіпті дамып келе жатқан феодалдық экономиканың ыңғайына үйлестіру жағына қарай бейімделген. Сауынның салтқа айналуынан біз феодалдық қарым-қатнастардың терендей түскенін көреміз, бұдан шығатын қортынды, — үлесіне «өндіріс құрал-жабдықтары тиген өзінің шаруашылығы бар өндіруші еңбек істеп қызмет атқаруға міндетті болған, қанаудың бұл түрі өзіндік шаруашылық негізінде дамыған, бұл арада қосымша продуктымен пайдалану экономикадан тыскары зорлау әдістерімен байланысты болған, ол әдістердің түрі — «жәрдем» еткен туысқанға оның орайын жұмыс істеп өтейтін болып міндеттену, өз шаруашылығы күйреп қалатын бола тұрса да, әлгі «жәрдем» көрсеткен ағайыннын малын өзіне қайтарып беру[2].

Сауын еңбекпен міндет атқарудың өзінше бір түріне айналғаны сыяқты, әлгі айтылған «жәрдемнен» басқа, малмен «жәрдемдесудің» тағы да түрлері болған. Мұндай «жәрдемнің» барлық түрлерін түгелімен толық суреттеп өту өте қыйын болар еді. Бұл тақырыпқа қатысы бар материал тым үзінді-үзінді келеді және өте кездейсоқ материалдар. Осы «жәрдемнің» түрлерін сипаттау үшін этнографиялық материалды да пайдалануға болады. Қырғыздардағы сыяқты, қазақтарда да көшкенде кедей қазаққа көлік беріп, «жәрдемдесетіні» мәлім. Егер де кедейленген қазақтың көшуге көлігі жетпесе, оған бай туысқандары және рулық старшиналар жәрдем көрсеткен. Көшкенде көрсеткен мұндай жәрдем әдетте «жәрдемдесушінің» малын бағып беру үшін міндеттенуі арқылы еңбек етуімен өтеліп отырған. Мал жәрдемін ұрлыққа аттанарда да көрсететін болған. Шекара комиссиясының председателі Генс бұл жөнде бір қызықты уақыйғаны суреттеп өтеді: «Сауран дейтін бір кедей қырғыз Кете руының бір байынан ат

---

[1] И. Г. Георги. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 129-бет.

[2] Еңбекпен өтеу рентасының дәл осындай түрі қырғыздарда да болған. Олар мұны «саан» деп атайды. Мұның суреттеуін қараңыз. И. Погорельский және В. Батраков. Қырғызстанның көшпелі аулының экономикасы, М., 1930, 75-бет.

сұрап алады. Алғанда, түрікмендерден мал ұрлауға барамын, сонда ұрлап әкелген малды екеуіміз бөліп аламыз — деп сұрайды. Бұл уақыйға Нұралы ханның тұсында болған[1]. Тегі, малмен «жәрдемдесудің» басқа түрлері де болған сияқтанады, бірақ бұл туралы бізге документ жүзінде ешнәрсе мәлім емес. Бай ауылдың жанында сол байдың кедей тартқан туыстары да көшіп-қонып жүрген, бұлар сол ауылдың шаруашылығында жұмыс істеген. Осылардың еңбегі үшін өзінше «айлық» яғни сауынға бірнеше қой берілген. Бұл арада тәуелділіктің сауын бергендегіден гөрі неғұрлым тереңірек түрлерін көреміз, өйткені сауын бергенде, тәуелді көшпелі-малшының қалай дегенмен де, өзінің шаруашылығы болатын. Ф. Назаров, 1813—1814 жылдары, Қоқанда болғанда, бай туысқандарының аулына қосылып көшіп жүрген осындай кедейлерді көрген. «Нұрадан Ешімге құятын Қаракүш деген кішкене өзеннің маңында,— деп жазады ол,— біз ешқандай малы жоқ қырғыздарды кездестірдік... Бұлардың көбі күнбе-күнгі тамағын табу үшін сол төңіректе көшіп жүрген қырғыздарда қызмет істеп жүреді[2].

Қазақ шонжарларын байыту мақсатымен әдеттегі правоның сауын, көш көлігі, тағы басқалары сияқты әдет тәртіптерінің XVIII ғасырда қалай пайдаланылғандығы документ жүзінде бізге мәлім емес. Бұл мәселе жөніндегі қолға түскен өте керекті материал XIX ғасырдың орта кезінікі болып отыр және бұл уақыйғалар XVIII ғасыр үшін де соншалық жанасымды екендігін топшылау да, толық мәлімет жоқ болғандықтан, мүмкін емес[3].

Мысалы, «ортақтасудың», яғни біреудің жерін серіктесіп

---

1 Чкалов облыстық архивы, Ф. 119, іс № 4, л. 61—61.

2 Ф. Назаров. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 19-бет, осы сияқты мәлімет XIX ғасырдың бас кезіне тиісті басқа негізгі деректерде де бар: «Байлардың шабындыдан түскен көп құлдары бар, мұның үстіне өздерінің толып жатқан кедей жерлестеріне қызмет істетіп қояды» («Сібірде санақ жөнінен шолу, бұл шолу өкімет акттарынан және басқа түрлі дәлді негізгі деректерден алынған мәліметтер бойынша жасалған», СПб., 1810, 131-бет).

3 Бұл мәселе жөнінде керекті мәліметтерді Шекара комиссиясының советнигі Лазаревский өзінің запискаларының бірінде айтады, оның мәліметі күн және айып жөнінде айтылған. (Ленинградтағы Орталық мемлекеттік тарих архивы, Ішкі Істер министрлігі, Жер бөлімі, 8-делопроизводство, іс № 222. Документті «Материалдар» жыйнағының V томы үшін баспаға әзірлеген. М. И. Стеблин-Каменской — Тарих институтының Ленинградтағы бөлімі, қолжазба).

пайдалану жөнінде толып жатқан түрлерінің XVIII ғасырда қандайлық мөлшерде қолданылғандығын айту қыйын, XIX ғасырда ортақтасу еңбекпен өтеу рентасына айналу жағына қарай өзгерген. Қазақстанның Оңтүстік аудандарында біреудің құрал-сайманы, екіншінің еңбегі бірлестіріліп ортақтасу болған. Бұдан өнген азық-түлікті құрал-сайман иесімен еңбек сіңірген адам бөліп алған. Туысқанның шақыруы бойынша оған еңбекпен жәрдемдесу әдеті болған. Бұл еңбек үшін ақы тиісті емес, бірақ жәрдем көрген адам қонақасы беруге тиіс. А. Н. Вышнегорскийдің билерден сұрастырып жыйнаған мәліметтеріне қарағанда[1], мұндай жәрдем (хараш) бұрынғы Әулие-Ата уезінде көп болған. Әлгі билердің айтуынша, жақсылап қонақасы беретін бай қазаққа жәрдемдесу үшін тез баратын болған. Осы жағдайдың бәрінде біз еңбекпен өтеу тәртібін көріп отырмыз, мұның түрі жер кәсібіне айналған халықтар арасындағы еңбекпен өтеу системасына өте жақын. Атап көрсетейік, мұндай «жәрдемнің» түрлері тек қазақтарда ғана емес, өзбектер мен қырғыздарда да болған. Қанау мақсатымен асырандылар кең түрде пайдаланылған. Байлар өздерінің үйлеріне туысқандарының жасқа толмаған балаларын енгізіп алған. Бұл асырандылар болымсыз тамақ үшін байлардың шаруашылығында кең түрде пайдаланылған.

Біз, тегі, ру басшылары мен еңбекші қазақтар арасындағы қарым-қатнастар еңбекпен өтеу рентасының капиталистік дәуірден бұрынғы ескі түрлеріне негізделген деп айта алармыз, бірақ еңбекпен өтеу рентасы тұрмыс салтының патриархтық-рулық жағдайларымен өте мықтап бүркелген. Туысқандардың жәрдемі тек еңбек арқылы ғана емес, зат арқылы да көрсетіліп отырған. Мысалы, сұлтан Қанаев деген А. Н. Вышнегорскийге мынаны айтқан: борышқор болса, жаламен шығынға ұшыраса және құн төлесе қазақтар туысқандарынан жәрдем (жылу) сұрайды, бірақ борыш өтеу үшін берілген жәрдем әдетте тек беделді адамдарға ғана беріледі. Қалмағамбет деген би де осыны айтады[2]. Бұл мәліметке Торғай деген би мынаны қосып айтады: «борышты халық үстіне жайып жіберу» ескіден келе жатқан әдет. Қоғамның патриархтық-рулық

[1] Бұл материалдар Гродековтың жоғарыда көрсетілген шығармаларында жарияланған, 117-бет.

[2] Н. И. Гродеков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 115-бет.

салт-санасына байланысты басқа құбылыстары да «қарапайым халықты» қанаудың күшті тірегіне айналған, бұл құбылыстардың жер жөніндегі қарым-қатнастармен байланысы тіпті ескі түрлерінде көзге түседі. Бұл ең алдымен құнға қатысты, құнды адамы өлген немесе адамы мертіккен ру алып отырған. Құнның бір ерекшелігі, — оның жауапкердің өзі емес, соның руы төлеген. Құн төлеуге әдетте өзара қыз алып, қыз беріспейтін (яғни жеті атаға шейін) туысқандардың бәрі жауапты. Құн бай, кедейіне қарамай туыстастардың бәріне бірдей салынған, — басқаша айтқанда, дәулет теңсіздігі өрескел түрде бола тұрса да құн, дұрысында, біркелкі бөлінбеген: бай өзіне түскен төлемімен оңай құтылса, кедейді мүлде күйретіп кеткен, оның бержағында, ру арасында жанжал жиі-жиі болып тұру жағдайларында құн бір жылдың ішінде бес қайтара төленіп тұратын кездері де болған[1].

Құн төлеудің ауыр бола түсетін тағы бір себебі, сұлтан өлтіріле қалса, ол үшін құн әдеттегі правонын мөлшерінен жеті есе артық төленген[2]. Беделді туысқан өзінің өлтірілген ру басшысы үшін 3—5 құн алған кездері де болған. Құн үшін беретін малы жоқ кедей мүлік орнына немесе ақша орнына қызын берген, егер қызы жоқ болса, бай туысқанына жалданып, содан алған ақысын құнға берген[3].

Егер құн біреудің шаруасын күйретсе, екінші біреуді, ең алдымен рудың атақты адамдарын, байытып отырған. Жаудан алынған құн өлген адамның туысқанына немесе мертігіп азап шеккен адамның өзіне толық тимеген. Әулие-Ата және Перов уездерінде кісісі өлген рудың атынан сот алдында билер (старшиналар) сөйлеген, бұлар құн алушылардан іздеп алған құнның әжептәуір бөлімін өздерінде қалдырып отырған[4].

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың шегі қарсаңындағы материалдарды негізге алып қарағанда, патриархтық-рулық салт

---

[1] Мұндай күйреудің мысалын Шекара комиссиясының советнигі Лазаревский жоғарыда көрсетілген запискасында келтірген.

[2] XIX ғасырда, Дәулет Бошаев деген сұлтанның А. Н. Вишнегорскийге берген мәліметіне қарағанда, өлтірілген сұлтан үшін және аталы би үшін алынатын құн қарапайым қазақ үшін алынатын құнның бір жарым есе мөлшеріндей болып бірдей алынған (Н. И. Гродеков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 235-бет). Бұл мәліметке сенуге болады, өйткені XIX ғасырда сұлтандар өзінің артықшылықтарынан айрылған болатын.

[3] Н. И. Гродеков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 143-бет.

[4] Бұл да сонда, 238-бет. Осы сияқты мәліметтерді Лазарев-

сананың басқа құбылыстары да дамып келе жатқан феодалдық экономиканың мүддесіне қарай өзгерді деп айтуға болады. Мысалы, барымта дегеніміз рулық құрылыстан мұра болып келе жатқан салт екендігінде сөз жоқ. Жауапкер билер сотының үкіміне бағынбаған кезде, сол жауапкерден тиесілі мүлікті өндіру мақсатымен оның аулына шабуыл жасағанды барымта дейді[1]. Бірақ, біз қарастырып отырған дәуірде барымта өзінің әуелдегі мәнісінен өзгерген еді. Барымта кейбір дәулет иелерінің айтуымен істелген, сонда барымтаның негізгі мақсаты — шығынды өтету емес басқа елдің аулын шабу жолымен баюды көздеген. Барымтаның осы түрі әсіресе Айшуақ хандық құрған жылдарда (1797—1805) ерекше көзге түскен. Бірақ, XVIII ғасырдың тек аяғында ғана барымта феодалдық соғыс түріне айнала қойды ма екен. Мұндай айналудың негізгі феодалдық қарым-қатнастардың өсуі болған, және бұрын барымта әдеттегі право нормалары бойынша не болса сол қалпынан онан әлеуметтік сыйпаты феодалдық соғыстарға қарай өзгеруі қазақ хандығының ажырар қарсаңында, яғни XVIII ғасырдың орта кезінде басталды деп айтуға біздің правомыз бар[2]. Барымтаны ұйымдастырғанда оған қатнасуға, егер жәбір көруші өз туыстарының арасында құрметті адам

ский де айтады. Жоғарыда көрсетілген запискасы. Қырғыздарда да құнның әжептәуір бөлімі жәбір-жапа шеккен рудың биі иемденіп отырған. Құнның 660 тіллә, бұдан 300 тілләні өлген адамның туысқандары, 300 тілләні — би алып қалған, тілләні билік жолына шығарған.

[1] Ш. Ш. Уәлиханов былай дейді: «Ескі заманда барымта деп алынбай жүрген құн, борыш немесе қалың мал үшін басқа біреудің малын немесе басқа бір мүлкін тартып алғанды айтқан... Барымта тапа-тал түсте жұрттың көзалдында күшпен алынған, ал немесе жасырын ұрланып істелген. Ұрланып істелген күнде барымта алушы — мен пәлендей жазаң үшін сенен барымта алдым деп үш күннен қалмай мал иесіне хабар беруге міндетті болған» (Ш. Ш. Уәлиханов. Шығармалары, 173-бет). Барымтаға Гродеков та осындай мән береді. Толып жатқан старшиналардан сұрап білген мәліметтерді негізге ала отырып, ол мынадай дейді: «шабуылды барымта деп атау үшін мынадай шарттар болу керек: 1) жорыққа түнде емес күндіз шығады, 2) барымта аламын деп ашық жариялайды, 3) көздеген мақсаты — шеккен шығынды, ұрланған мүлікті, өлтірген адамның құнын өтеу, тартып алынған қалыңдықты немесе кеткен жесірді қайтарып алу, көрсеткен жәбір-жапаның орайын алу, тағысын тағылар. Би кескен үкімді жауапкер орындамаған кезде де барымта алынған» (Н. И. Гродеков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 171-бет).

[2] Барымтаның әлеуметтік маңызының өзгеруін зерттеуге мүмкіншілік беретін бірқатар материал «Материалдардың» IV томында жыйналған, II бөлім.

болса, оның туысқандары да міндетті болғанын айта кетуге болады[1]. Бұл ең алдымен рудың басшы адамдарына жататын болған.

Әрине, барымтаны капиталистік дәуірден бұрынғы рентаның түрлерінің ешқандайына жатқызуға болмайды. Бірақ барымтаның бұл түрі өзгерген түрі қазақ қауымының ажырауы, оның қазақ шонжарларына тәуелді қауымға айналуы негізінде дамый келіп, мұндай айналудың процесін тездетіп және мұнымен қатар атақты адамдардың қауымды тоздыру есебіне баюына себеп болған. Осы тұрғыдан алып қарағанда, барымта қазақ қоғамының феодалдану процесін тереңдеткен[2].

Сыйлық, және тарту дегендер қазақ қауымдарын қанаудың өзінше бір түріне айналған. Сыйлық пен тартуды рудың атақты адамдары да, сол сияқты сұлтандар да өздеріне бағынышты қауымдардан алып тұрған. Рас, бұл тартулар, былайша алып қарағанда, ерікті түрде берілетін тарту сияқты болып көрінеді. Бірақ бұл еріктілік тек айтарға ғана, дұрысында, міндетті бір іс болып алған, мұның өзі, орыс шаруаларының үлкен дін мейрамдары кезінде монастырларға әкеліп беретін тартуларының бірте-бірте феодалдық міндетті алымға айналғаны сияқты болып кеткен. Дұрысында, ерікті тартулардың міндетті алым түріне қандай жолмен айналып кеткендігін біз Қазақстанда феодалдық қарым-қатнастардың жәйін көрсететін экономикадан тысқары зорлау әдістерін талдап анықтағанда көреміз.

Сыйлықтар мен тартулардың мәніңе рушылдық әдет-ғұрып қалдықтары неғұрлым күштірек түрде сақталып келген және сыйлықтардың бәрі бірдей еңбекші қазақтарды қанау түріне айнала бермеген. Мұның, әсіресе, құда түсу әдет-ғұрпына және жарым-жартылай «сүйінші» ге байланысты толып жатқан сыйлықтарға қатысы бар. Сүйінші дегеніміз қуаныш хабарды естірткені үшін берілетін сыйлық. Бірақ осының өзінде де біз

---

[1] Н. И. Гродеков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 142-бет.

[2] Әрине, біз барымта, өзінің мазмұнына қарағанда, барлық жағдайларда да феодалдық соғыстарға ұқсас болды деп айтпаймыз. Біздің бұл арада тек қана атап көрсететініміз, бұл ескіден келе жатқан институттың дамыған феодалдық экономиканың мүддесіне қолайлану процесі, барлық басқа түрлі жеріне жетпеген процесс сияқты, тиісті дәріптелген түрінде бұрынғы барымтаны жәбір көрушінің өз праволарын күшпен қорғау әдісі ретінде сақталуына мүмкіншілік берген.

«рулық жәрдемнің» түрлі әдістерінің дамуында байқалған ықпалды көре аламыз. Мысалы, құда түскенде колданылатын сыйлықтар арасында міндетті түрде өзінің биіне «неке қыяр» беріліп отырған[1]. Неке қыйғанда атақты адамдар арасынан өкіл-ата шақыру әдеті болған. Бұл өкіл-ата күйеуден неғыса да сыйлық алатын болған. Мұның үстіне, ол калыңдық жасауының қандай затын алам десе де ерікті болған[2]. Сүйінші де атақты адамдарды байыту құралына айналғандығы байқалады. Сүйінші тек қуанышты хабар жеткізген үшін ғана емес, мұнымен катар, бір адамның қылмыс істеп айыпты болғаны туралы хабар айтқаны үшін де берілетін болған. Бұл жөнінде «сырт-айғақ» дейтұғындар болған (жасырын хабар берушілер). Бұлар қылмыс мойынға салынбай калған кездегі жауапкершіліктен немесе қылмыс істеушінің немесе оның туыскандарының кек алуынан қорқып, хабарды ашық түрде бере алмаған. Сонда, сырт-айғақ естіген хабарын беделді бір адамға, көбінесе өзінің биіне жеткізеді. Ол кінәлы адамның айыбын мойнына салуды өз міндетіне алып, сол үшін сүйінші алады, сонда алатын сүйіншісінің мөлшері айыпкерден талап ететін мүліктің бестен біріндей. Сырт-айғақ сүйіншіден тек болымсыз ғана сыбаға алған[3].

Ру басшыларының баитын күшті табысының бірі оның билік міндетін атқарудан түсетін кірістері. Билер билік міндеттерін дауласушы жақтардың калауы бойынша немесе ханның тапсыруы бойынша атқарған[4].

Қазақ хандығы құрыла бастағаннан бергі алғашқы онжылдықтар ішінде би ақыларының мөлшері дәлді белгіленбеген. Мұны А. Н. Вышнегорскийге сұлтандар мен билер айтқан. Осыны казақтардың аңыздары да анықтайды, бұл аңыздардың айтуына қарағанда, билерге билік айтқаны үшін берілетін ақының мөлшері Тәуке ханның тұсында белгіленген көрінеді.

---

[1] Ташкент ауданында көшіп жүретін қазақтарда XIX ғасырда биге 2 сом, молдаға 40 тыйын сыйлық беріліп отырған (Н. И. Гродеков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары. 68-бет).

[2] П. Е. Маковецкий. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 1 басылып шығуы, 46-бет.

[3] Бұл да сонда, 59-бет.

[4] Хан атына түскен шағым арыздарды ханның өзі шешкен немесе ол биге тапсырған (Н. И. Гродеков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 196-бет).

Түрлі тарту сыйлық үстіне би айыпқа алынатын малдың таңдаулы бір басын немесе «ат-тон», айып ішінен таңдап бір шапан алып отырған[1]. XVIII ғасыр қарсаңына билік-ақы мөлшері қылмыстың түріне байланысты болған көрінеді және қазақ даласының барлық аудандарында біркелкі болмаған. Мысалы, бір ат ұрланса би Оңтүстікте бір ат, шапан[2], Орынбор даласында — ұрланған мүліктің оннан бір есесін алған, былайша айтқанда, билік-ақының мөлшері алдағанда немесе қыянат істегенде айтылған билік үшін алынатын ақының мөлшеріндей болған. Мұның үстіне би жауапкерге салынған айыптың бір үлесін алған. Айыптың мөлшері істелген қылмыстың түріне ғана емес, мұның үстіне жауапкердің әлеуметтік халіне байланысты болған. Мысалы, Орынбор даласында — ұрлық үшін 2 ден 4 сомға шейін айып алынған, ал Құрама уезінде жылқы ұрлағаны үшін айып салынып және билік ақыға 20 сом алынған, қой ұрлығы үшін — 4 сом[3]. Айып мөлшерлері жәбір көрушінің әлеуметтік халіне қарай топшыланған. Мысалы, әйелді зорлағаны үшін 9 бас мал айып салынған (3 жылқы, 3 түйе, 3 сыйыр). Егер қыздың әкесі атақты адамдар тобынан шыққан болса, онда айыпқа әлгі тоғыз үш есе көбейтіліп (үш тоғыз) алынған, сонда үштен екі есесі жәбір көруші әйелдің әкесіне, ал қалғаны билік-ақыға берілген[4].

Билердің қазақ қоғамындағы орнын айқындау үшін біз этнографиялық мәнісі бар бірқатар материалдар келтірдік. Бұл жөнде жазылып алынған мәліметтер XIX ғасырдың 70—80-жылдарынікі. Бұлардың тек кейбіреулері жөнінде ғана айтылып отырған уақыйғалар ескі дәуірден бері бірден-бірге ауысып, халық аузында қалғандығы туралы тікелей мезеулер бар. Біз мұндай мезеулердің қайсы бірін жоғарыда келтірдік. Алайда, жоғарыда біз келтірген арнаулы ескертулері жоқ мәліметтердің кейбіреуін өзінің жазылған уақытынан, — XVIII ғасырдың қарсаңынан неғұрлым бұрынырақ мезгілдердегі мәліметтердің қатарына жатқызуымызға болады ғой деп ойлаймыз.

---

[1] Ат-тон деп бір ат және бір шапан немесе бір тонды айтады.

[2] П. Е. Маковецкий. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 77-бет. Маковецкий келтірген мәліметтер хан дәуіріне, яғни XIX ғасырдың бас кезіндегі дәуірге тиісті.

[3] Я. Гавердовский. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 227—230-бет.

[4] Бұл да сонда, 225—230-бет.

XVIII ғасырда жазылған мәліметтер ру институттарының феодалдық экономикаға қолайлану жағына қарай өзгеру процесін көрсететіндік жағдайларына да көңіл аударған жоқ. Қазақстанның қоғамдық қарым-қатнастарындағы дерлік жаңа құбылыстар тек XIX ғасырдың бірінші жартысының аяқ кезінде ғана көзге түседі. Бұлар Қазақстанға товар-ақша қарым-қатнастарының кең түрде жайылуына байланысты[1]. Товар-ақша қарым-қатнастары орныққан тәртіптің түрін өзгерте алған (мысалы, бірқатар аудандарда натуралдық төлем орнына ақша-тіллә және теңге төлемі жүргендігі байқалған), бірақ бұл жаңа қарым-қатнастар неғұрлым бұрынырақтағы феодалдық экономикаға байланысты институттарды туғыза алмаған. Ескілікті феодалдық институттар сол кездегі жетекші тәртіптің институты ретінде феодалдық экономика жағдайларында, яғни XIX ғасырға дейінгі дәуірде, туып және дамыған. Мүмкін, бұлардың неғұрлым ертерек уақытта өзгешеліктері болған шығар, бірақ оны біз мәлімет жоқ болғандықтан анықтай алмаймыз, дегенмен, бұл өзгешеліктер біз суреттеп отырған құбылыстардың мәнісін өзгертпейтін тек оқшау өзгеріс қана болуы мүмкін.

Қазақ қоғамындағы старшиналардың жайы туралы біздің жоғарыда айтқанымыздың бәрі қазақтың атақты адамдарының бұл тобының қоғамдық жайын әлі де толық сыйпаттап бере алмайды. Сондықтан бір жағынан старшиналар және екінші жағынан сұлтандар арасындағы экономикалық байланысты зерттеу керек.

Хандар мен сұлтандардың вассалдары — старшиналар осылардың қоғамдық кірістеріне, яғни ханның немесе сұлтанның ел иесі ретінде алатын кірістеріне, қатнасуға праволы екендігі жұртқа мәлім. Хан мен сұлтандардың патша үкіметінен және жоңғария хун-тайжисынан алатын ақысы және сыйлықтары жөніндегі осы правоның жайы орыс негізгі деректерінде толық айтылған[2]. Старшиналардың қоғамдық кірістердің басқа

---

[1] Бұл мәселе жөнінде мен басқа жерде тоқталып өттім (қараңыз, «очерктер», XIV тарау).

[2] Біз негізгі деректерімізден екі мәлімет келтіреміз: А. И. Тевкелев 1748 жылы былай деп жазған: «Хан ақы алып, өздерінің әдеттері бойынша, старшиналарға бөліп бергенде, осы старшиналар ханды асырап сақтауға, оны барлық жағынан жабдықтап тұруға және оның тілін алып

түрлерінен сыбаға алу жөніндегі правосы жөнінде біздің негізгі деректерімізде жөнді ештеңе айтылмаған. Сондықтан старшиналардың ханның кірістеріне қатнасуы тек хандар алған сыйлықтармен ғана шектеліп қойған деп қортынды шығарсақ онымыз әділетті болмас еді. Орыс негізгі деректерінде старшиналар мен хан арасындағы қарым-қатнастардың көбінесе ханның дипломатиялық қатнастарға байланысты жерлері ғана кездеседі, бірақ біздің ойымызды дәлелдейтін төте мәліметтер де бар. Бұл мәліметтердің бірі А. И. Тевкелевтікі. Тевкелев өзінің Кішіжүздегі миссиясы туралы 1748 жылы мынадай деп жазған: «қырғыз-қайсақ старшиналарының ескіден келе жаткан әдеті — хан қайдан олжа түсірсе де, ол сол олжасын барлық старшиналармен бөлісуге мәжбүр»[1].

Бұл жағдайды ерекше атап көрсету қажет. Сұлтандар мен хандардың қоғамдық кірістерінің категориясына бұлардың қазақтардан алатын алым-салықтарының да жататындығын біз жоғарыда көрдік. Старшиналардың осы кірістерге қатнасқаны феодалдық продукт рентасын иемденушілердің бірі болғаны, сөйтіп бұл ретте сұлтандар мен старшиналардың арасындағы таптық жік білінбей кеткен. Өзінің Тевкелевке жазған хаттарының бірінде Абулхаир хан старшиналар туралы «атақты сұрқыя билер» деп бекер айтпаған[2].

Осы мәліметтердің бәрі ру старшиналарының таптық жа-

тұруға тиіс» (Ескі дәуір актыларының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 16, 1748, іс № 4, 46-бет). 1743 жылы И. И. Неплюев ханға ақы тағайындау жөнінде үкімет алдына мәселе қойғанда, ол былай деп жазған: «бірақ оның өзі мұнда келгенде, оған бұрынғы ақының үстіне 200 сомның товарын сыйлыққа бермей болмайды, өйткені ол мұнсыз бола алмайды, сөйтіп ол әлгі айтқан товардан ел адамына телім бөліп бере алатын болсын... себебі ол өздерінің «ескіден келе жаткан әдеттері бойынша осылай істемей отыра алмайды». Неплюев, — «Өзінің семьясының қажетіне ғана жасырын жұмсай алатын болсын» деп ханға ақыны старшиналарға білдірмей, жасырын беруді ұсынған (Бұл да сонда, К. 21, 1754, іс № 4, 30-бет).

[1] Ескі дәуір актыларының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 16, 1748, 48-бет.

[2] «... бұл туралы ешкіммен ақылдаспай, өзінің хандарына және атақты сұрқыя билеріне айтпай, өзін оның ұлық мәртебесінің карауына берді» (Ескі дәуір актыларының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 15, іс № 3, 1748, 29-бет). Әдетте старшиналарға осындай сыйпаттама берілін отырған. Мысалы, Жәнібек батыр Тевкелевке жазған хатында былай дейді: «Біз барлық атақты билерімізбен және старшиналарымызбен ақылдасып келіп, оның ұлық мәртебесінің айтқанын орындауға даярмыз дегенге келдік».

йын «ақсүйек» феодалдардың таптық жайымен жақындастыруымызға мүмкіншілік береді. Ал, кейбір жағдайларда мұндай айырмашылықты тіпті жүргізуге де болмайды. Мысалы, Ортажүздің Жәнібек, Бөкенбай деген старшиналарының және Кіші-жүздің старшинасы Есеттің «ақсүйек» ел иесінен қандай айырмашылығы болған? Дегенмен, негізгі деректерде «ақсүйек» феодалдарын ру атақты адамдармен жақындастыру жөнінде тура көрсетілген нұсқау бар және ру атақты адамдары жөнінде осы айтып өткендеріміздің бәрінің соңында, бұл нұсқауға сенім көзімен қарай аламыз. Бұл нұсқауды Гавердовскийден де табамыз: «Жалпы айтқанда халық екі тапқа бөлінеді: ақсүйектен немесе төре тегінен шыққан дворяндар және қарасүйектен шыққан қарапайым адамдар. Мұның біріншісі ескіден келе жатқан хан тұқымдары, яғни сұлтандардың, старшиналардың, қожалардың, тархандардың тұқымдары және осылардың арасынан ру билеушілері сайланады. Бұлар бұрын Орда ішіндегі ең барып тұрған байлар болған, ерекше праволармен пайдаланған. Бірақ осы күні қарасүйек арасынан шыққандардың күшейгендігі сондай, бұлар көбінесе би, батыр атағына ие болды, сұлтандармен сүйек-шатыс болады және көп ауылдарды басқарып отырады»[1].

Сонымен қазақ қоғамында екі тап мүлде айқын көзге түседі: бір жағынан «ақсүйек» феодалдар және бұлармен жақын ру басшылары ең болмағанда, олардың жоғарғы қатардағылары, екінші жағынан — мал бағушы шаруа қазақтардың, басыбайлы емес, бірақ феодалдық-тәуелділік халдегі көпшілігі.

Демек, «қарашылар» тап жөнінен алғанда, біркелкі жаппай бұқара болмаған. Бұлардың арасынан ру атақты адамдары бөлініп шыққан, ал негізгі көпшілігі феодалдық-тәуелділік халіндегі өндірушілерге айналған. Бұл тәуелділіктің дәрежесі әртүрлі, бірақ солай болса да, тәуелділік қазақ қауымдарының бәрінің басында болған. Мұның өзі жерді билеп-төстеу жөніндегі жағдайдың әртүрлілігінен келіп шыққан, бұл жайында біз жоғарыда айтып өттік.

Егерде, негізгі деректер ру атақты адамдарының (билер,

---

[1] Я. Гавердовский. Жоғарыда айтылған қолжазбасы, 71-бет. Автор қателесіп старшиналарды (билерді), қожаларды және тарханларды «ақсүйек» қатарына қосқан.

батырлар, тағы сондайлар) қандай топқа жататындығын жеткілікті түрде дәлді тағайындауға мүмкіншілік берсе, біздің қолымызға түскен материалдарға қарағанда, еңбекші қазақтар жіктелмеген бұқара ретінде көзге түседі. Дегенмен, қанаудың түрлерін талдау ісі шонжарларға тәуелді көшпелі халықтың да негізгі топтарын белгілеуге мүмкіншілік береді. Сыйлық дегендер, сол сыяқты біз жоғарыда атап өткен еңбек жәрдемінің кейбір түрлері барлық топтар үшін міндетті болған. Бірқатар семьялар үшін, көшіп-қонғанда шонжарлардың нұсқауы бойынша жүруімен қатар, осы форма түрлермен тәуелділік қатнастарына да шек қойылған. Мал өсіруші қауымдардың осы бөлімін атау үшін ерекше термин болмаған. Дегенмен, сауын және малмен жәрдемдесудің басқа түрлері қазақ семьяларының әлі де өз алдына шаруашылығы бар, бірақ азып-тозып басқа біреудің жәрдемінсіз күнін көре алмайтындары үшін қолданылған көрінеді. Бұларға «кедей» деген термин қолданылса, бәрінен де дұрысырақ болар еді. Кедей дейтініміз еңбекпен өтеу рентасы бойын жазғызбайтын ұсақ өндіруші. Бұл таптық категорияға «жатақтар» жақын тұрған. Жатақтар да өзалдына шаруашылық жүргізген, бірақ бұлар көшуге шамасы келмей, шаруашылықтың отырықшы түрлеріне ауысқан — бұлардың «жатақ» деп аталған себебі де осы («жатақ» жатушы дегеннен шыққан сөз).

Бұлардан басқа өзалдына шаруашылық жүргізуге мүмкіншілігі жоқ қазақтар тобы да болған[1]. «Қоңсылардың» бірталайы осылардың қатарына кіретін болған. Қоңсылар бай ауылдарға қосылып, солардың шаруашылықтарында жұмыс істеп жүрген. Ең ақырында, нағыз пауперлер — «байғұстар» болған, бұлар окта-текте, жұмыс істеп немесе қайыр тілеп күндерін көрген. Жыл ауыр тартып, қыс қатты болып, ел жұтқа шалдығып, мал қырылғанда байғұстардың саны тым көбейіп кеткен. Байғұстардың халіне біздің ілгеріде тоқталып өтетін жеріміз бар.

---

1 «Қоңсы» деп жалпы келімсекті айтады. Бөтен қауымдардың ішінде жүрген қазақтарды осылай деп атаған. Бұлардың арасында беделді, ауқатты семьялардың кездесуі де мүмкін (мұндайлар қырғыздарда болған дейді Погорельский мен Батраков). Бірақ қоңсылар көбінесе өзбетімен шаруашылық жүргізуге мүмкіншіліктері болмаған соң амалсыздан басқа ауылдарға келіп қосылған кедей қазақтар екендігінде ешқандай күман жоқ.

Біз қарастырып өткен жағдай, атап айтқанда, қазақтың көшпелі қауымының тәуелді қауымға айналуы, Қазақстанда феодалдық қарым-қатнастардың дамуындағы негізгі жол, бірақ бірден-бір ғана жолы емес, феодалдық экономика дамуының басқа бір алғашқы құлдық дәуірінің жойылу жолы. Құлдар өндіріс процесінде әжептәуір роль атқарған: бұлар тек үй жұмыстарын ғана орындап қоймай, мұнымен қатар өндірістік әрекеттің негізгі түрі — мал күтумен де шұғылданған. Құлдар түрлі жолмен алынған: сатып алынған, сыйлық ретінде келген, қолға түскен, құн төлегенде құлдар бір қолдан екінші қолға ауысқан, ат жарысында бәйге орнына берілген[1]. Құл қашса қазақ шонжарларының шаруашылығына әжептәуір зиян келген—хандар мен сұлтандардың, сол сияқты старшиналардың XVIII ғасырдың орта кезінде патша әкімшілігімен ұзақ уақыт, бірақ мүлде нәтижесіз, қағаз жазысатын себебі міне осы, бұл кезде қазақ даласынан Россияға құлдар көп-көп болып қаша берген[2].

Қазақ қоғамында құлдықтың қандайлық мөлшерде тарағандығын топшылау қыйын, бірақ мейлінше көп жайылған уақыйға сияқтанады. И. И. Неплюев өзінің бір хатында мынадай хабар берген: «Россиялық тұтқындарды қайтармағандары үшін жаза күткендей болып, барлық қырғыз-қайсақ халқы Россия жағынан қатты қауыптанып отыр, Яковлевтің қарауынша, ішінде әйелдері де бар, қалмақтары да бар, бұл тұтқындардың саны қырғыздардың өз санының бестен бірінен, ең болмағанда, алтыдан бірінен кем емес». Яковлевтің бұл хабарына Неплюевтің тек бір ғана өте қызықты ескерту қоса алуы мүмкін, ол мынау: «Бұлардың ішінде біразы бұрын осылардың колына басқа елден келіп түскендер ғана емес, мұның үстіне қырғыз-

---

[1] Зобнин. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 39-бет. «Жалшыларды немесе құлдарды алсақ, бұлар сатып алынған, аттың бәйгесіне берілген ұзатқан қыздың шанырақ түйесіне мініп келген және айып орнына берілген (Сағалов деген бидің айтуы бойынша). Құлдардың сатып алынуы және сыйлыққа тартылуы жөніндегі өте бір керекті материал Чкалов облыстық архивының Шекара істері экспедициясының істерінде сақталып келген («Материалдар» жыйнағының III томы үшін баспаға әзірленген. Қолжазбасы Тарих институтының Ленинградтық бөлімінде сақтаулы).

[2] Тиісті материал «Материалдардың» III томы үшін баспаға әзірленген.

қайсақтармен үйірлесіп алып, өзалдына үйлі-күйлі болып, енді кеткісі келмей жүргендері де көп»[1].

Неплюевтің бұл хабарына сенуге болады, өйткені, құлдық әдеті аз тараған болса, құлды меншіктенудің біз жоғарыда айтып өткен толып жатқан түрлері қолданылған бола қояр ма еді.

Қазақ қоғамында құлдың халі мейлінше ауыр болған. Рас, жұмыс көп болмаған, бірақ құлдарды аш ұстаған, бұларға иелері ойына келгенін істеген[2]. Бірақ өте-мөте атап көрсетіп өтетін бір жағдай құлдың құлдықта болуы уақытша ғана болған, белгілі срок өткеннен кейін құл өзалдына үй тігіп, мал иеленіп, қатын алып, сөйтіп, тек тәуелді адам болып қана қала берген, бірақ бұдан былай құлдықтан құтылған, сонымен, өзалдына өндіріс құралы болған соң, оның халі феодалшыл-тәуелділік халіндегі адаммен бірдей болған. Қазақ қоғамындағы құлдар халінің бұл көзге түсетін жерін Неплюев те көре білген. Ол өзінің жоғарыда келтірген хабарында мынадай деп жазған: тұтқындардың көбінің өз алдына үйлері бар, сондықтан бұлар өзінің туған жеріне еркімен қайтып келеді деп есептеуге болар ма екен. Негізгі деректерге қарап, Неплюевтің бұл айтқанының дұрыс екендігін көруге болады. Анығында да, қазақ қоғамында құлдардың көбі өндіріс құрал жабдықтарына ие болу арқылы құлдық халінен құтылған. Құлдың феодалық — тәуелді адамға айналғандығын көрсететін бірнеше мысалдар келтіреміз. Мысалы, Тебетей Салтағұлов деген башқұрт өзінің ертегісінде мынаны айтқан: 23 жыл

---

[1] Ескі дәуір актыларының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 18, 1749, іс № 4, 268-бет.

[2] 1803 жылы қазақтар Я. Гавердовскийдің керуенін талағанда қазақтарға тұтқынға түскен Большой деген доктордың «Записка-рын» қараңыз. Большойдың записка лары «Сын отечества» да басылып шыққан, 1822 жыл, 76, 77 және 80-бөлім. Тұтқындардың халі туралы Большойдың айтқаны мен Гавердовскийдің айтқаны біріне-бірі қайшы келеді. Гаверловский мынадай деп жазады: «Тұтқындар жер өңдегендегі, далаға су жайылғандағы, бау-бақша еккендегі және басқа түрлі ауыр жұмыстарға құлдар еңбектері пайдаланылған. Бұларға кейде адам айтқысыз түрде тіпті барып тұрған жабайылықпен жәбір көрсетілген (жоғарыда көрсетілген қолжазбасы, 64-бет). Бұлардың сөздерінің біріне-бірі қайшы келетіні, Большой құлдардың жұмыс істеуімен көшпелі аудандарда таныскан, ал Гавердовский құлдардың жер кәсібіне айналыскан аудандарда пайдаланылғандығы туралы жазады. Құлдарға иелерінің қандай көзбен қарағандығы жөнінде Гавердовский мен Большойдың айтқандарының арасында көзге түсерліктей айырмашылық жоқ.

тұтқында болғаннан кейін оның Керей руында бір үйі, екі қатыны, 150 жылқысы, 25 сыйыры, 100 қойы, 6 түйесі, «Тебетейдің өзі тұтқындап алған қалмақ балалары (екі қыз, үш ұл) болған»[1] Федор Белышев солдаттың айтқаны, тұтқында «ол он жыл болған, мұның ішінде алты жыл жан қыйнайтын ауыр жұмыс істеген, ал қалған төрт жыл ішінде өзінің иесі түгіл басқа қырғыздармен де достасып, көңілдес болған, себебі ол көп қырғыздарды емдеп науқасынан жазған, бұл үшін ол қырғыздардан сыйлыққа көп мал алған»[2].

Бұл жағдайдан, яғни құлдардың феодалдық-тәуелді адамға айналуынан, Қазақстанда феодалдық қарым-қатнастардың дамуындағы негізгі жолды көруге болмайды, дегенмен бұл жағдайды атап көрсетіп кету аса хажет. Қазақ қоғамында қауым тәуелділігінің тереңдеуі және құлдықтың бастапқы дәуірлік түрлерінің ыдырауы біртектес құбылыстарға, яғни тәуелділіктің феодалдық түрлерінің кеңеюіне әкеліп соққандығын көріп отырмыз. Тегі, осы процесс Қазақстанда қоғамдық дамудың беталысын сыйпаттаған көрінеді[3].

Қазақтардың қоғамдық құрылысының тағы бір көзге түсетін жеріне тоқталып өтпесек қазақтардың қоғамдық құрылысының очеркі толық болмас еді. Біздің айтайық деп отырғанымыз мұсылманшыл феодалдық атақты адамдардың — қожалар мен сеидтердің — қазақтар тіршілігіндегі болымсыз қоғамдық ролі. Бұл жөнінде қазақ қоғамы Өзбекстан қоғамынан айтарлықтай өзгеше болған, ал Шығыс Түркстан өзалдына, өйткені мұнда қожалар беделді болуы былай тұрсын, оның үстіне саяси үстемдік іс атқарған[4]. Түркстанда өзбек дәуірінде, яғни XVI ғасырдан бастап, өздерін сұлтандар сыяқтанып, «қарашылардан» жеке, жоғары ұстайтын қожалар тобы құрылған. Бұхар және Хорезм сыяқты өзбек хандықта-

---

[1] Ескі дәуір актыларының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 45, 1762—1775, іс № 14, 59-бет.

[2] Бұл да сонда, К. 42, 1744—1782, іс № 10, 20-бет.

[3] Дегенмен, тарих ғылымында қазақ қоғамында бастапқы дәуірдегі қауымдық қарым-қатнастар XIX ғасырға шейін үстем болып келді деген пікір тарих ғылымында мейлінше ұзақ уақыт ұсталынып келді. Қазақ қауымының ыдырау фактысының маңызын жете бағаламаушылықты осы уақытқа шейін жеке бір айтылған пікірлерде кездестіруге болады (қараңыз «Большевик Казакстана» № 2, 1941, 61-бет).

[4] Ш. Ш. Уәлиханов. Алты шаһардың яғни Нан-лу өлкесінің шығыстық алты қалаларының күйі туралы.

рында қожалар өз араларына бөтен адамдар араласқанын мейлінше жек көрген. Қожалармен, олардың тек қызын алып қана жақындасуға мүмкін болған. Сөйтіп, қожамен жақын болған адам, өзінің тегі қайдан шыққан болса да, «пайғамбар әулеті» пайдаланатын барлық артықшылықтарға ие болған. Өзбек қоғамында сеид атағының жоғары бағалы болғандығы сондай хандардың қожа қыздарына еріксіз некеленген кездері де болған[1].

XVII ғасырдың аяғында Ферғанада қожалар мемлекеттік өкіметті күшпен қолдарына алады, бірақ өкіметті ұзақ ұстап тұра алмайды, бұларды өзбек руының басшысы Мың-Шаһрук би орнынан түсіреді. Бірақ 1798 жылы Жүніс деген қожа өкіметті тағы да қолына алады. Рас, тағы да көп уақыт ұстап тұра алмайды. Қазақстанда мұндай уақыйғаға ұқсас ештеңе болмаған және болуы мүмкін де емес еді. Мұнда қожалардың беделі шамалы, тобы да аз болған. Рас, Қазақстанда бұлар, басқаға қарағанда, жоғарғы қатардағы топ болып есептелген. Бірақ, қожа деген құрметті атағы нақтылы қоғамдық бедел бермеген[2].

Қожалар жіктеліп, көбінесе, Қазақстанның Оңтүстік аумағында болған, отырықшы аудандардың немесе Сырдариянның отырықшы елінің маңына таяу жерде көшіп жүрген. Сұлтандар сыяқты, бұлар да қазақтардың рулық қауымдарынан тысқары жүрген, бірақ сұлтандар сыяқты бірлескен феодалдық династия болмаған. Қазақ қоғамында патриархтық-рулық әдет-ғұрпы күшті болуы себепті, әрбір адамның орны сол адамның шыққан руының беделділігіне қарай белгіленген, ендеше қожалардың онша беделді болмауының себебі де біздің ойымызша олардың бірлесе алмаушылығынан деп білеміз. Мұны халық әдемілеп айтқан, мысалы қазақ мақалында былай делінген: «Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз адам би болмас», немесе: «Көсеу ұзын болса қол күймес», «туысқанның

---

[1] В. В. Бартольд. Түркстанның мәдени өмірінің тарихы, 103-бет.

[2] Ескертіп кетейік, қожалар документтерге қол қойғанда, сұлтандардың мөрлері сыяқты миндаль формалас, старшиналар, көбінесе, сопақ немесе дөңгелек мөрлер, бірен-сарандап, сегіз қырлы мөрлер және тек ерекше жағдайда төрт қырлы мөр басқан. Тек бір жолы ғана мен бір мырзаның миндаль формалас мөрін және екі жолы билер мөрін кездестірдім. Бұлар Боранбай мырза және Байдос, Төрке деген билер.

көп болса, жат жанынан түңілер». Екінші бір себебі, ислам дінінің қоғамдық өмірге нашар тарауында болған. Қазақтар соңғы уақытқа шейін екі түрлі дін жолын ұстап келген. Бірі — мұсылман дінінің элементтері, екіншісі — ескіден келе жатқан «тәңріге» сенушілік. Қоғамдық өмірге ислам діні көбінесе молдалар арқылы әсер еткен, бұлар қазақтарда тек дін жолын үгіттеу міндетін атқарып қана қоймай, мұның үстіне ауыл мектептерінде мұғалім міндетін атқарған (біздің білгенімізше, жоғарғы дәрежелі мұсылман мектептері — медіресі — Қазақстанда XVIII ғасырда болмаған. Қазақстанда ислам дінін үгіттеу ісі көршілес өзбек хандықтарындағы, әсіресе Бұхарадағы жағдайға байланысты күшейіп немесе бәсеңдеп отырған. Бұхар қазақтар үшін сол сияқты Орта Азияның басқа халықтары үшін XVIII ғасырда дін орталығы болған. Біздің жұмысымыздың жоспарында атап кететін бір қажетті мәселе, ислам дінін үгіттеу ісі Кішіжүзде XVIII ғасыр аяғында әжептәуір жанданған, бұл уақытта Бұхарды Шахмұрад (1785—1800) билеп тұрған, ол ислам дінін қатты сүйеген, медіреседе өзі сабақ берген, сеид атағына ие болған адам. Бұл мәселеге біздің ілгеріде де тоқталып кететін жеріміз бар. Бұл арада ескертіп кететініміз, ислам дінін үгіттеу ісінің жандanып тұрған осы жылдарының өзінде де қожалардың қоғамдық беделінің күшеюі көзге түсерліктей болмаған. Бұлар тек қожа атағымен бірге ру старшинасының орнына ие болулары арқылы ірі қызмет атқарған. Мынадай да уақыйғалар болған. Мысалы, XVIII ғасырда 300 үйге бас болған Бердіда деген қожа болған. XIX ғасырдың бас кезінде ру старшиналарының ролін Танық Шоқатаев, Шүкірәлі Сұлтан Мұхаммедов деген қожалар атқарған[1].

Енді біздің алдымызда тұрған мәселе — қосымша продуктының қандай әдістер арқылы иемденілгендігін айқындау. Қазақ қауымының ішіндегі тікелей өндіруші мүшесі болсын, сол сияқты өндіріс құрал-жабдығына ие болып, осы қауымға келіп қосылған кешегі құл болсын — өз алдына меншікті шаруашылығы болғандықтан, қосымша продукт алуға мүмкіншілік берген еріксіз көндіру түрі тек «экономикадан тысқар-

---

[1] А. П. Чулошников. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 508-бет.

ғы» сыйпатты ғана бола алған. Сүйтіп мәселенің саркып келетін жері, қазақ қоғамында болған «экономикадан тыскары» еріксіз көндіру» әдістерін ұғыну.

Барлық басқа феодалдық қоғамдағыдай, «ақсүйектер» қатарындағы атақты адамдардың, сол сыяқты ру старшиналарының экономикалық үстемдік халіқ вассалдық қарым-қатнастар негізінде феодалдар тобын ұйымдастыру ісіне негізделген. Мұның үстіне, сұлтандар мен батырлардың әмірінде, құрамына қарағанда біркелкі болмаса да, жасақтар болған[1]. Вассалшылдық негізінде қазақ атақты адамдарының ұйымдастырылуы және бұлардың әмірінде соларға әбден сенімді жасақтардың болуы осы қазақ атақты адамдарына қазақ қоғамында саяси және экономикалық жөнінен үстем болуды қамтамасыз еткен материалдық күш болған. Бұл күш елге алым-салық салуға мүмкіншілік берген, мысалы, Шекті руының қауымдарында Қайып деген сұлтан 1789 жылы зекет алуды шығарған. Осы күш 1820 жыл шамасында Арынғазы деген сұлтанның алымды Кішіжүздің басқа руларына да салуына мүмкіншілік берген[2].

Осы күштердің даму дәрежесінің салдарынан еңбекші қазақтарды қанау түрлері Қазақстанның феодалдар билеген жерлерінің әркайсысында әртүрлі болған. Мысалы, оңтүстік аудандарда, Жәдігенің тұқымынан шыққан сұлтандар билеген аудандарда, қанау түрлері солтүстік-батыс аудандардағыдан гөрі, яғни Абулхаир ханмен туыстас сұлтандар билеген аудандардағыдан гөрі, анағұрлым көзге түсімді болған.

Кішіжүздің оңтүстік облыстарында, ескілікті сұлтан фамилиясының уәкілдері арасында, осы сұлтандардың 200 жылдан аса үстемдік құрған дәуірінде вассалдық қарым-қатнастардың берік системасы орнап үлгірген, бұл система осы феодалдық топты өзінше ынтымақты еткен: бұл арада XVIII ғасыр үшін тек Абулхаир ханның тұсында оның туысқандары арасында ғана біраз уақыт тыныштalып тұрғаны болмаса, одан былайғы уақытта үнемі тоқталмай келген күресті негізгі деректер бойынша зерттеп өту мүмкін болмады. Жәдіге тұ-

---

1 Қазақстанда вассалдық қарым-қатнастардың сыйпаты туралы және жасақтардың ұйымдастырылуы туралы төменде III тарауды қараңыз.

2 Арынғазы сұлтан туралы қараңыз. «Материалдар», IV, 33—39-б

қымдарының бұл өзінше ынтымақтылығы старшиналарды да, Аблайдың тұсындағыдай, қарсыласқанын қарулы күшпен жоя отырып, тәуелділік халде ұстауға мүмкіншілік берген. Оның бержағында, Жәдіге тұқымынан шыққан сұлтандар мен старшиналар арасындағы бұл шайқасулар жиі болмаған көрінеді, қалай дегенмен де, негізгі деректерде осындай шайқасулар жөніндегі мәліметтер сирек кездеседі. Ең ақырында, Жәдіге тұқымынан шыққан сұлтандардың үстемдік халінің берік болуына ескіден келе жатқан әдет-ғұрыптар да себеп болған. Мысалы, старшиналар бұл тұқымды өзіміздің иелеріміз деп білген. Хан тұқымдарының артықшылық халі қазақ қоғамында өзалдына қазақ мемлекетінің құрылуынан бастап үстемдік жүргізіп келе жатуымен ақталған[1]. Абулхаир ханның тұқымынан шыққан сұлтандардың халі басқаша болған — бұлар тарих әдет-ғұрпына арқа сүйей алмаған: бұлардың үкім жүргізуге кіріскені XVIII ғасырдың 20-жылдарынан ғана басталады, бұл сұлтан тобының күші, әсіресе Абулхаир өлгеннен кейін, ішкі жанжал-шатақтардың салдарынан үнемі әлсірей береді. Мұнымен қатар, осы сұлтан тұқымы мен старшиналардың әжептәуір тобының арасындағы қарым-қатнастар Абулхаир орыс қоластына қарауды қабылдаған кездегі шыққан жанжалдың салдарынан XVIII ғасырдың 30-жылдарының өзінде-ақ мықтап бұзылады.

Алайда, Қазақстанда экономикадан тысқары зорлау жүйесінің өзгешелігін үстем таптың соғыс ұйымы сыйпаттай алмаған. Бұл системаның өзінше өзгешелігі, сол алым-салықтардың міндеттілігі әдет нормаларымен қағаз жүзінде жазылмаған ережелердің күшімен белгіленіп отырған. Мысалы, хан немесе ел иесі сұлтан өзіне бағынышты ауыл үстінен жолаушылап өткенде қазақтар қонақ асы әкеліп тартатын болса, бұл міндеттің «заңдылығында» ешқандай күман болмаған, өйткені бұл ескіден келе жатқан әдет. Соғыстан түскен олжа-

---

[1] Бізге осы әдет-ғұрыптың күшін жете бағаламасақ, қате болатын сияқтанады. Жұртқа мәлім мынадай бір фактыны келтіріп өтемін: өзі құрған монархияда Темір емін-еркін үстемдік жасаған, бірақ хан атағын алмаған, өйткені ол Шыңғыс тұқымынан емес. Басқа бір мысал: Хиуаның нақтылы билеушілері бола тұрса да Мұхаммед Емін де және оның баласы Эвез би де, Шыңғыс тұқымынан болмағандықтан, хан атағын алмаған деп біз жоғарыда көрсетіп өттік (В. В. Бартольд. Жоғарыда көрсетілген мығармалары, 111-бет).

ны бөлгенде оған атақты адамдардың телімдес болуына ешкімнің қарсы болмайтын себебі де, міне осы. Егерде Кіші жүздің оңтүстік аудандарында зекет және құшыр алынатын болса, шариғат жолы қосқан бұл алымдар, мүлде әдет болып орнап үлгірген[1]. Қазақтардың толып жатқан міндеттері рулық жәрдем түрімен бүркеліп жүргізілген. Басқа міндеттер ерікті тарту, сыйлық ретінде қолданылған, бірақ осылардың міндеттілігі де әдет бойынша тағайындалған. Әдет деген сондайлық айбынды күш болған, тегі мұны орындамау өте сирек болған көрінеді. Қалай дегенмен де, өзіне бағынған ауылдарын соларға әдет бойынша жүктелген міндеттерді еріксіз орындату үшін атақты адамдардың ашықтан-ашық күш жұмсаған бірде-бір кезі бізге мәлім емес және кездестіре алмадық. Бұл туралы орыс материалдары да, сол сияқты қазақтардың халық аңыздары да ештеңе айтпайды.

«Экономикадан тысқары зорлаудың» жоғарыда көрсетілген ерекшелігі Қазақстанда патриархтық-рулық салт-сананың үстемділігіне байланысты болған. Біз патриархтықтың осы түрлерінің бүркеуінде феодалданып келе жатқан қоғамға тән мазмұнының бүркеліп келгенін көрсетуге тырыстық. Осы түрлер ерекшелігін елестететін жалған үмітінің соңына түсіп, қазақ қауымы туралы, таптық қайшылықты білмеген қауым десек, онда методологиялық үлкен қате істеген болар едік, оның бержағында, осы түрлердің қоғамдық маңызына толық баға бермей, бұлар тек ескіден келе жаткан өлі сарқыншақ десек, онда да әлгіден кем қате істемеген болар едік[2]. Дұрысында да, осы түрлер-

---

[1] Бұрын зекет төлемеген қауымдардан зекет жыйнағанда бұған қазақтардың наразы болған кездері мәлім. Бірақ зекеттің алынуы әдет емес, шариғат нормаларына байланысты. Мұндай наразылық 1844 жылы Жаппас руында туып, бұлар Кенесары жіберген зекет жыйнаушыларды өлтірген (Қаз ССР Орталық мемлекеттік тарих архивы, Ф. 4., 1-қаттау, іс № 2757, 1845, 243—247-б. сол сияқты қараңыз, М. И. Степлин-Каменская. Сұлтан Кенесары Қасымовтың көтерілісі тарихына, тарих запискасы, № 13, 245-бет). XVIII ғасырда зекет алуға байланысты болған көтеріліс жайындағы мәліметтерді біз негізгі деректерден кездестіре алмадық. Бірақ осыған байланысты өте-мөте көзге түсетін бір іс, Нұралы хан әдетте айтылмаған алымдар жыйнамақшы болып, оған халық бұқарасы наразылық білдірген (Бұл туралы төменде III тарауда айтылады).

[2] Қазақтың буржуазиялық-ұлтшыл тарихнамасы патриархтық-рулық салт-сана түрлерінің маңызын осылай ұғынады (бұл туралы кірісуді қараңыз).

дің қоғамдық маңызы ерекше зор болған және салт-сананың патриархтық-рулық түрлерін есептемей отырып, Қазақстандағы қоғамдық қарым-қатнастардың мазмұнын және тап күресінің түрлерін ұғыну тіпті мүмкін емес. Патриархтық-рулық салт-сананың түрлерінің қоғамдық үлкен маңызы бар екендігін Сталин жолдас көрсеткен, ол партияның X съезінде ұлттық аудандардың коммунистері өздерінің практикалық жұмысында осы түрлерді есепке алулары қажет екендігін айтты[1]. Қанау қарым-қатнастарының мазмұнына осы түрлердің қалай әсер еткендігін біз жоғарыда көрсетіп өттік. Қазақ қоғамында мұның тап күресі процесінде қандай түрде көзге түскенін біз Сырым батыр қозғалысының тәжрибесінде көреміз. Біздің ендігі атап көрсететініміз, «экономикадан тысқары зорлау» түрлерінің өзінше болуы салдарынан, қанау қатнастары, патриархтық-феодалдық қатнастар ретінде, патриархтық пердесінің бүркеуінде болған.

Дегенмен, патриархтықтың пердесінің бүркеуінде, «теңдік» және «бостандық» деген құрғақ сөз астында қоғамдық терең теңсіздік жасырынып келгендігін сол кездің өзінде-ақ байыпты бақылаушы көріп біле алатын еді. «Бірақ өмірдің ерікті және жалпы теңдес болғанымен де мұнда қоғамдық теңділік жеткілікті емес, — деп жазады Я. Гавердовский. Қырғыздар арасындағы кедейлер табының халі көбінесе жайғасқан жерлердегіден де ауыр еді. Қолөнері арқылы немесе жұмыс істеп күнін көруге құралы болмай, күштілердің қанауында болып, жетімсіздіктен үнемі қалып және бір жерден ешқайда кете алмай, бұлар басының бостандығынан айрылған адам сияқтанады, сөйтіп, өзіне тамақ және пана табу үшін амалсыздан ұрлыққа кіріседі»[2].

Осыншама қоғамдық теңсіздікті қазақ халқы да ұғынып, есінде тұтқан. Қоғамдық теңсіздік жөніндегі ой қазақтың толып жатқан мақалдары мен тақпақтарынан естіледі: «Тамағы тоқтың уайымы жоқ», «Кедейдің ұлы болғанша, байдың құлы бол», «Бай бұйрық берумен күн көреді, кедей еңбекпен

---

[1] И. В. Сталин. Марксизм және ұлт мәселесі. 1939, 93-бет.
[2] Я. Гавердовский. Көрсетілген қолжазбасы, 67-бет.

күн көреді», «Кедеймен құда болғанша, баймен жаулас бол»[1], «Көріп сұлуды алғанша, көрмей-ақ атаның қызын ал»[2], тағысын тағылар.

Өзіндік шаруашылық негізінде дамып, техника күйінің өте мешеу жағдайларында, Қазақстанда қоғамдық қарым-қатнастардың көзге түсетін жері сол, тікелей өндірушінің өндіріс құралдары болған және мұнда қосымша продукт экономикадан тысқары зорлаудың ерекше түрлері арқылы алынған, яғни қоғамдық қарым-қатнастар өзінің негізінде феодалдық тәртіпте болған. Бірақ жер кәсібіне айналған халықтардағы феодалдық қарым-қатнастармен салыстырғанда бұлардың бір ерекшелігі сол, Қазақстанда тікелей өндірушіні жерге тұрақтандыру болмаған. Сондықтан мұнда жер кәсібіне айналысқан аудандардағы тікелей өндірушінің халіндегідей болатын жеке бастың тәуелді болу түрі қалыптана алмаған. Бірақ бұл жеке бастың тәуелділігі болған. Мұндай тәуелділік қоғамдық жерді меншіктенудің ерекше түрлері арқылы және жердің табиғи продуктының—малдың көшпелі білікті адамдардың қолдарына жыйналуы арқылы белгіленген. Жеке бастың тәуелді болуының өзгешелігі салт-сананың патриархтық-рулық формаларының үстемділігіне байланысты болған. Бұл формалар еңбекші бұқараға бостандық қамтамасыз ететін жағдайлардан бара-бара ру білікті адамдарының үстемдік орнын тұрақтандыратын қоғамдық тәртіп формаларына айналып кеткен. Күннен күнге тереңдей берген қоғамдық теңсіздік және көшпелі—мал өсірушінің заңда айтылмаған, бірақ нақтылы түрде болған, тәуелділігі сыртқы бостандық қалтқысында бүркеліп келген.

Патриархтық-рулық салт-сана дамып келе жатқан феодалдық экономикамен қатар жасамаған, ол тек феодалдық қарым-қатнастарға сіңіп, бұл қатнастарға өзінше форма берген.

Қоғамдық қарым-қатнастардың патриархтық-феодалдық сыйпаты тек еңбекші бұқараның хал-жайын ғана емес, сонымен қатар үстем таптың да ахуалының ерекшеліктерін жай-

---

1 Жазып алған А. А. Диваев. Сырдария облысының санағы үшін материалдар жыйнағы, III, 1894 және IV, 1895.

2 Н. И. Гродеков. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 266-бет.

ластырып көрсетеді. Сонда, еңбекші бұқараның жеке басы бостандығы бола тұрса да, мұнымен қатар общиналық жермен пайдалану жөнінде де және қоғамдық продукт үлесу жөнінде де білікті адамдарға, мұның ішінде ру старшиналарына да барып тұрған нақтылы түрде тәуелді болған. «Ақсүйек» арасынан шыққан білікті адамдар нағыз феодалдар табы болып көзге түскен, бұлар қазақ общинасынан оқшауланып, сол общинаның үстінен қарап тұрған. Осы білікті адамдармен халық бұқарасының мүдделері біріне-бірі қайшы келетіндігі халық көзіне де түспей қалмаған. Бұл қайшылық қазақ мақалында дәлді айтылған, мысалы: «Ханға жақпаған, халыққа жағады, халыққа жақпаған ханға жағады» дейді. Ру білікті адамдары общинаның жіктелуінің тереңдеуіне қарай, тап жөнінен «ақсүйек» білікті адамдармен жақындасып, мұнымен қатар тіпті жоғарыдағыларының өзі общинамен байланысын сақтап келген. Бұлардың тап күресі процесінде айнымалы болатын себебі міне осында. Бұл әсіресе Сырым батыр қозғалысында айқын көзге түседі.

Сырым көтерілісінде ру білікті адамдарының позициялары ұстамды болмағандығын біз қазақ қоғамының XVIII ғасырдағы саяси өмірімен таныссақ жақсы ұғынамыз.

III ТАРАУ

ҚІШІЖҮЗДІҢ XVIII ҒАСЫРДАҒЫ САЯСИ ӨМІРІ

Ру шонжарларының қазақ қоғамындағы ірі орны Қазақстанның саяси құрылысына әсер еткен. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында саяси өкіметтің патриархтық-феодалдық сыйпаты айқын көзге түседі. Бұл сыйпаттың көзге түсетін жері, феодалшыл аристократияның-сұлтандардың үкіметінің қоғамның патриархтық-рулық салт-санасымен байланысты толып жатқан институттары болады, бұлар старшиналар арқылы құрылады. Өте-мөте беделді хандардың бірі — Тәуке ханның тұсында (1680—1718) жағдай осындай болады. Қазақтардың аңыздары да, сол сыяқты орыс елшілерінің сақталып келген мәліметтері де Тәуке үкіметінің патриархтық-феодалдық осы сыйпатын атап көрсетеді. Билердің тұрғылықты мекеме ретінде жұмыс істеген ерекше кеңесі осы Тәуке тұсынан бастап ауызға алынады. Тәукенің ішкі саясат жөніндегі ең басты ісі — қазақтың әдеттегі правосын жыйнастыру және оны дамып келе жатқан феодалдық экономиканың мүддесіне үйлестіру ісі[1] — аса беделді жеті билермен (Төле Әлікбеков, Қазыбек тағы басқалары) бірігіп отырып жүргізілген.

Рас, бұл заңдар сұлтандардың ерекше жағдайын атап көрсетеді, мысалы, сұлтанды өлтірген үшін құн мөлшерін қарапайым қазақты өлтіргендегіден гөрі жеті есе артық белгілейді. Сұлтандардың осы артықшылық жайын көрсететін тағы бір

---

[1] Әдеттің осы қайта құрылуы туралы қараңыз, — М. П. Вяткин, «Очерктер», 116—120-бет.

жағдай, бұлар Тәукенің заңдары бойынша барлық азат қазақтардың ханға төлейтін осы заң бойынша міндетті алымдарынан босатылған. Дегенмен, осындай артықшылықтары бола тұрса да, ханның саяси өкіметі ру шонжарларына байланысты болған.

Тіпті бұл тәуелділіктің күшті болғаны сондай, тыңнан қараған адамға старшиналар ханнан кем түспеген. Орыс әкімшілігінің Тәукеге жіберген елшілерінің бірі Василий Қобеков өзінің бір сөзінде, — «Қазақтар өз еркімен жүреді, ал Тәуке ханның тілін тек аздап қана алады»[1] дегенді айтады. Тәуке ханға Д. Трошин және Ф. Скибин деген елшілер келіп, орыс үкіметі сібірлік слободаларға шабуылды тоқтатудың және шабуыл жасау жөніндегі айыпты адамдарды жазалауды талап етеді дегенде, Тәуке хан, орыс елшілерінің сөзіне қарағанда, өзіне «қазақ ордасының таңдаулы адамдарын біздің, Федьканың және Матюшканың, көзімізше шақырып алып, сол татарларға мыналарды (бізді) ұстап отырайық па, немесе босатып жіберейік пе және орыстың қалаларымен слободаларымен соғыса берейік пе немесе тату тұрайық па деді»[2]. Старшиналар Россиямен соғысамыз деген пікірді айтқан соң, елшілер тұтқын ретінде Түркстан қаласында ұсталып қалады. В. Қобеков деген тағы бір елші де осындай халге ұшырайды. Мұны Тәуке хан Төрке би деген бір беделді старшинаның айтуымен ұстап қалады[3]. Сөйтіп, ру басшыларының қазақ қоғамының XVI ғасыр аяғындағы саяси өмірінде ру басшыларының маңызы әжептәуір болғандығында күман жоқ.

Хан өкіметінің ру старшиналарына тәуелді болғандығы ханды «сайлағанда» өте-мөте айқын көзге түседі. Қазақ хандарының ата-тегін қарастырып өтсек, хан өкіметінің бір династия ішінде ата қуалап келгендігі айқын көрінеді. Бұл өкімет XVI ғасырдың басынан XVIII ғасырдың 20-жылдарына шейін айнымастан Жәдіге қазақтың ең бірінші ханы Жәнібектің баласы, 1503 жылы өлген. Сонда өкіметтің әкеден балаға қалуы үнемі қолданыла бермеген, бұл жөнінде хан руында ағалық жолын ұстану принципі де араласып кеткен. Бірақ

---

[1] Ескі дәуір акттарына толықтаулар, X, № 80, 390-бет.
[2] Бұл да сонда, 381-бет.
[3] Бұл да сонда, 388-бет.

жаңа ханның болуы қашан да оны қазақ шонжарларының қабылдауына байланысты болған. Жаңа ханды оның вассалдары қабылдауының салтанатты акты хан сайлаулары кезінде көрінген[1].

Ру шонжарларының ханға вассалдық көзқарасының тұрақтылығы Тәуке тұсында қазақ хандығының беріктігінің саяси негізі болған. XVIII ғасырда қазақ хандығының саяси структурасында вассалдық қарым-қатнастардың осы системасы сыйпаттаған. Қазақстандағы вассалитет қарым-қатнастарының нақтылы мазмұнын айқындау үшін негізгі деректер тым үзін-үзінді келетін ғана мәліметтер береді.

---

[1] Атап көрсету керек, XV ғасырдың аяғындағы және XVI ғасырдағы қазақ хандығы туралы мәлімет беретін нарративтік шығыс негізгі деректерінде сұлтандар аталып, ру білікті адамдары мүлде көзге түспей қалған. Мысалы, Мұхаммед Хайдардың және Рузбеханның XV ғасырдың аяғына және XVI ғасырдың бірінші жартысына тиісті мәліметтері осындай. XVI ғасырдың екінші жартысына тиісті Абдулла-наме де осы тәрізді келеді. Оның бер жағында, қазақ хандығы құрылар алдында болған Дешти-қыпшақ қоғамында ру білікті адамдарының (Шыңғыс тұқымынан еместердің) саясн ролі аса зор болғандығында күман жоқ. Егер біз ноғай ұлысының бірсыпыра рулары қазақ одағына келіп қосылғандығын, ноғайларда басшы саяси роль мырзалардың қолында болғандығын еске түсірсек, қазақтың бірінші хандарының саяси өкіметі ру білікті адамдарына тәуелді болмаған деп ұйғару қыйын болар еді. Осылай ұйғарудың қыйын бола түсетін тағы бір себебі, рулық қауымдардан өсіп шыққан ру білікті адамдарының ролі Алтын Орда тарихында тіпті болымсыз болған. Қазақ хандығы сол Алтын Орданың ажырау процесінде барып форымдалған Шыңғыс тұқымы емес ру білікті адамдарының ірі саяси ролін қазақтың қаһармандық эпосы да тарихи дәлді атап көрсетеді. Мысалы, Едіге жөніндегі ертегілер осындай, бұл ертегілерде тарихи Едіге туралы, Шора батыр туралы халықтың есте қалғандары айтылған. Ш. Ш. Уәлиханов Шора батырды мейлінше дәл қыйсындырып келіп, Қазан шежіресінде айтылған татардың Чора деген батырына ұқсатады (қалай дегенмен де бұл арада сюжетінің біріне бірі дәл келетін жері бар. Ш. Ш. Уәлиханов. Шығармалар, 71-бет). Егер де ерте замандағы қазақ хандығының саяси өміріндегі үстемдік сұлтандардың қолында болса, хан өкіметінің беріктігі, ең алдымен ру білікті адамдарының ханға вассалдық көзқарасына байланысты болмай, сұлтандардың көзқарастарына байланысты болса, онда әлгі айтылған негізгі деректердің айтқанын дұрыс деуге болар еді. Бұған орынды келетін бір мысал, Барақтың ұлы Дервиш ханмен күресіп жүріп 1533—1534 жылдары қаза тапқан Бұйдаш ханның уақыйғасы. Мұнымен бірге онымен туыстас сұлтандар да қаза тапқан. Бұл апат Бұйдаш тұқымдарының ілгеріде қазақ хандығында барлық саяси беделінен айыруына әкеліп соққан. Мұның үстіне бұл апат қазақ сұлтандарының шығыстағы елдерін саяси жөнінен әлсіретуі сондай, тіпті Мұхаммед Хайдар қазақтарды мүлде жоғалып кетті деп жазған. Әрине, бұл арада қазақтың мүлде құруы туралы емес, тек қазақ хандығының саяси өмірінің төмендеуі туралы ғана әңгіме болуға тиіс. Басқа бір мысал — Таир хан туралы болған уақыйға. 1525—1526 жылдары оны сұлтандар тастап кетіп, оның үкіметі жедел төмендей бастаған.

Тарих әдебиетінде бұл мәселе тіпті қойылмаған[1]. Дегенмен біздің қолымызға түскен осы үзінді материалдың өзі де, қазақ қоғамында вассалитет қарым-қатнастары мейлінше шымшытырық болғандығына күдік қалдырмайды.

Вассалдар өздерінің қожасына бірқатар міндеттер атқарған. Осы міндеттердің бірін біз қазақ қоғамындағы жер жөніндегі қарым-қатнастарды айқындағанда көрсетіп өттік, ол — ел көшкенде вассалдар өзінің иесінің нұсқауларын қолдануға міндетті болғандығы. Осы негізгі міндет үстіне, вассалдар өздерінің иесіне соғыс жәрдемін көрсетуге тиісті. Бұлар сол сыяқты өзінің иесі үшін басқадан кек алуға да тиіс. 1748 жылы Абулхаир ханды Барақ өлтіргенде, ханның баласы, Нұралы сұлтан, Шекті руының билері мен батырларына Барақтан кек алуды талап етіп сөз салады. «Егерде, — дейді ол, көзі көрген куә Гуляев деген переводчиктің айтуынша, билер мен батырларға, — сіздер бізге ниеттеріңіздің адалдығын көрсеткілеріңіз келсе, біздің кегімізді алып беріңіздер, ал мұны жөн көрмейтін болсаңыздар оларыңызды айтыңыздар, онда біз жәрдемшіні тауып ала аламыз»[2]. Сыртқы қарым-қатнастарда вассалдар өздерінің иелерінің дәнекер болуын іздеп отыратындығын дәлелдейтін нұсқаулар негізгі деректерде толып жатыр. Мысал үшін старшиналар өзбетімен патша әкімшілігімен қағаз жазыса бастағаны туралы қазақ білікті адамдарының ең ірі уәкілдерінің бірі Жәнібек батырдың жасаған мәлімдемесін келтіреміз. «Старшиналар өзбеттерімен хат жазыса бастады, бұл бұрын болмаған іс еді»[3], — деп Жәнібек батыр әжептәуір ренжіген. Бұл жөнінде переводчик Мансұр Асановтың айтқаны қызықты, ол шекара линиясында қазақтардың түткынға алынғанына ханның қуанғанын білдіре келіп, осы қуаныштың мәнісін былай деп түсіндіреді: «хан қуанғанда қырғыздар бұл түткындарды мәнсіз босатып ала алмайды, сөйтіп олар менің қандай құрметті екенімді біледі»[4].

---

[1] «XVIII ғасырдың ертегілері тарихи негізгі дерек ретінде деген өзімнің мақалама сілтеуді жөн көрдім, негізгі деректерді тәртіптеу проблемасы, III басылып шығуы, 54—58-беттер.

[2] Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 8, 1748, іс № 8, 31-бет.

[3] Бұл да сонда, К. 10, 1744, іс № 4, 122-бет.

[4] Бұл да сонда, К. 9, 1743, іс № 3, 120-бет.

— деп қуанды дейді. Ең ақырында, негізгі деректерде ел билеушілерді тиісті «руға» қосқанда сайлау емес хан тарабынан немесе ірі ел иесі тарабынан берілген атақ шешуші орын алғандығын көрсететін мәліметтер бар. Бұл жөнінде Лапин мен Мансұр Асановтың 1743 жылғы «ертегісі» өте қызықты. Бұлардың айтқаны, осылармен бірге Керей руына Әбілмәмбет хан барып, ол «өзімен бірге үлкен ұлы Болатты ала барған, ханның сондағы ойы Болатты Ералы сұлтанның орнына сол руға сұлтан етіп қою», бұдан әрі олар, «Ералы бұл елге әкесінен қалған мұра ретінде ие болған»[1], — дейді, Лапин мен Асановтың бұл айтқандарын дәлелдейтін мәлімет, Абулхаир өлісімен Керей руындағы өзінің ел-жұртынан Ералы да айрылған: ол орыс бекіністерін паналай отырып, Кішіжүз жаққа қашуға тиісті болған.

XVIII ғасырдың екінші жартысында сұлтандар арасынан ел билеушілер сайлау жолымен емес, тағайындаумен болып отырғандығын көрсететін мәліметтер кездесе береді. Мысалы, Нұралы Екатерина II ге мынадай деп жазған: «Сіздің хұзырыңызға өте кішілікпен тағы да білдіретінім, менің үлкен балам Ешім сұлтан Байұлының екі руына — Тама және Байбақты руларына — билеуші болып тағайындалды»[2]. Беріш руларының старшиналары 1797 жылы Нұралы ханның баласы Жаналы сұлтанға былай деп жазған. «Бірақ, хұрметті сұлтан, бірсыпыра уақыттан бері сізді әкеңіз марқұм Нұралы хан болсын, сол сияқты Россия тарапынан болсын, біздің билеушіміз етіп тағайындады, сондықтан біз сізді, хұрметті сұлтан, осы күнге шейін өзіміздің билеушіміз деп сыйлап келеміз»[3]. Осы сияқты мәліметтер үнемі кездесіп отырады. Дұрысында хандық, оның қожасы яғни патша өкіметі, тағайындап отырған. Ералы ханды, одан кейін 90-жылдарда Есімді хан «сайлау» формасы енді ешкімді алдай алмаған.

Вассалдық қарым-қатнастар системасындағы біз жоғарыда көрсеткен кездер, мысалы: көшкенде өз иесінің нұсқауын

---

[1] Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 9, 1743, іс № 3, 242-бет.

[2] Чкалов облыстық архивы, Орынбор губерниялық канцелярияның фонды, 1779, іс № 110, 342-бет.

[3] Бұл да сонда, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 200, 70-бет.

қолданудың міндеттілігі, сыртқы қатнастардың хан арқылы жүргізілуі, сұлтанды ел иесі деп жанның тағайындауы, ең болмағанда тануы, соғыс жәрдемінің көрсетілуі, ең ақырында вассалдардың жоғарғы өкімет иесіне және оның атағына нұқсан келтірмеуін қорғауға міндеттілігі, міне, осы жағдайлардың бәрі қазақ хандығының саяси құрылысын өзінше бірыңғай тұтас етіп көрсеткен. Қазақ хандығының бірыңғай тұтастығы, сол сияқты хан вассалдарына берілген праволардан да көзге түседі. Осыған байланысты феодалдық «кеңес правосын» атап көрсету өте қажет.

Старшиналардың келісімінсіз хан бірде-бір шешуші қарарлар шығара алмаған. Тәуке хан тұсы қарсаңында орныққан әдет-ғұрыптар XVIII ғасырда да берік қолданылып келген, старшиналардың осы «кеңес правосын» көрсететін мәліметтер XVIII ғасырда кездесе береді. Біз бұл арада тек кейбір мысалдарды ғана келтіріп өте аламыз. Мысалы, 1743 жылы Жоңғария тұтқынынан босанып Аблай сұлтан қайтып келгенде, «Аблай сұлтан келісімен кеңес келесі жазда Барақұлы Шығай сұлтанды Галдан Чирингe аманатқа беріп, сөйтіп Әбілмәмбеттің ұлын ауыстыру керек деп қаулы алған»[1].

Нұралы сұлтан мен Жәнібек старшина Абулхаирға Орынбор губернаторының елшісі Арысланды тұтқыннан босат дегенде, Абулхаир «әуелі бұған көнбеген», бірақ ақырында келіп «бұл туралы ел екінші орынға — Елек өзенінің төменгі бойына — көшіп-қонғанда әдейі билер мен старшиналарды шақырып алып кеңесемін, бұған сұлтанның өзі де келсін»[2] — деп жариялаған.

Хан жыйылыстың қаулысын елемей кетсе, бұған старшиналар тарапынан наразылық туған, мысалы Жағалбайлы руының старшинасы Серке батыр өзінің баласын Абулхаир ханға жіберіп, оған мынаны айтқызған: «егерде хан халықтың және өз басының аман-есендігін, тыныштығын тілейтін болса, хан старшиналардың сөзін тыңдап отырсын» астын сызған мен. — М. В.) және өзінің қолында тұтқында отырған переводчик Арысланды босатып Орынборға

---

[1] Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қарым-қатнастары, К. 9, іс № 3, 1743, 124-бет.

[2] Бұл да сонда, 79-бет.

қайтарып жіберсін»[1]. Айта берсе мұндай мысалдар толып жатыр. Старшиналар мұндай феодалдық «кеңес правосын» қатты бағалаған. XVIII ғасырдың 80-жылдарында старшиналардың Нұралы ханға қатты наразы болған бір себебі, хан ел билеу тәжрибесінде старшиналардың бұл правосын танудан бас тартқан.

Вассалдардың қожалары үшін атқаратын міндеттерінің маңызын асыра бағалау керек емес: ал өзінің вассалдарын тиісті міндеттерін орындауға еріксіз көндіру ел иесі сұлтанның беделді күшіне байланысты болған, Тәуке хан өлгеннен кейін Кішіжүзде хан өкіметі әжептәуір бәсеңдеп, «ақсүйек» шонжарлардың күші вассалдарды міндет атқару үшін еріксіз көндіруге жеткілікті бола бермеген, бірақ бұл арада атап көрсететін маңызды мәселе, осы міндеттердің бәрі принцип болып танылған және бұлардың орындалмауы ханға вассалдардың тілеуі дұрыс еместігі деп қаралған, оның бержағында бұл жағдайдың қазақ қоғамында вассалдық туралы мәселе қаралғанда шешуші маңызы болған.

Вассалдық қарым-қатнастардың нақтылы маңызы бірқатар себептерге байланысты болған, ең алдымен ханның немесе ел иесі сұлтанның қолындағы қару-жарақты күшке байланысты болған.

«Ақсүйек шонжарлардың төңірегінде өздерінің жеке бастарының дружиналары болған. XVIII ғасырда бұлар төленгіт деп аталған. Төленгіттер тек қана сұлтандар мен хандардың төңірегінде болған. Бұл жөнінде төленгіттердің орны Өзбекстандағы нөкерлердің жайы сияқты болған. Төленгіттер арасында біз тек қазақтардың аттарын ғана емес, мұнымен қатар басқа халықтар, атап айтқанда қарақалпақ, қалмақ, тағы сондай халықтар арасынан шыққан адамдардың да аттарын кездестіреміз. Төленгіттердің әлеуметтік составы да бірыңғай болмаған. Төленгіттер арасында XVIII ғасырда қазақтың шонжарларының топтарына жақын тұратын адамдарды да кездестіреміз. Мысалы, төленгіттер арасында Жарлыханов деген бір адамның аты кездеседі. Бұл адамның туысы Сопыра би деген өте бір беделді старшинаға жақын болған. Бұдан

---

[1] Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қарым-қатнастары, К. 9. 1746, іс № 3, 87-бет.

әрі Қарамырза деген біреудің атын кездестірдік, тағысын тағылар[1]. Бірақ төленгіттер арасында қазақ қоғамының демократиялық басқа уәкілдерінің қатарына жататын адамдарды да кездестірдік. Орынбор губернаторы А. Р. Давыдов өзінің Сыртқы істер коллегиясына берген хабарларының бірінде былай деп жазады: «Ханның төленгіттерінің тұқымы сондайлық жексұрын, оларды тіпті жоғарғы дәрежелі сарайға жіберудің өзі ұят»[2]. Давыдовтың берген хабарларының көбі өте бірбеткей келеді, дегенмен бұл арада оның мәліметтері өте кейініректегі уақытқа, яғни XIX ғасырдың бас кезіне тиісті мәліметтермен дәлелденеді, бірақ осы мәліметтер XVIII ғасырдағы төленгіттердің кейбір категориялары үшін де дұрыс айтылған мәліметтер. Менің айтайын деп отырғаным стряпчий Скоринге Шабантай Сағалов деген бидің берген мәліметтері, Скоринге Сібір әкімшілігі қазақ қоғамындағы төленгіттердің хал-жайын айқында деп арнаулы тапсырма берген. Шабантай Сағалов бұл қазақтардың төленгіт болуына мыналар себеп болған деп көрсеткен: «Біріншіден, кедей қазақтар малы болмаған соң малдыға келіп, тек бір ғана тамақ үшін солардың қолында өмір бойы жүре береді... Екіншіден, малы бар қырғыздар мал басын түрлі қауыптан сақтау үшін жуандарды паналап, солардың ығында тұқымымен жүре береді. Үшіншіден, қырғыздар салынатып түрлі алым-салықтардан орнымен де, орынсыз да қашып, сұлтанға немесе басқа бір қырғызды келіп паналайды»[3]. Атап көрсетейік, Сағаловтың бұл көрсетулері төленгіттердің шыққан тегі жөніндегі мәселені айқындап қана қоймайды, мұның үстіне осы топтың әлеуметтік халін де сыйпаттайды. Дегенмен, Сағаловтың бірінші мәселеге тиісті мәліметтері төленгіттер жөнінде XVIII ғасырдың материалдарындағы мәліметтерге қайшы келмейтін болса, ал төленгіттердің әлеуметтік халі жөніндегі мәліметтері, қалай дегенмен де, XVIII ғасыр үшін қонымды мәлімет емес. Әрине, төленгіттер XVIII ғасырда

---

[1] Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 62, 1775—1780, іс № 2, 205-бет. Сол сияқты қараңыз, «Ғылым Академиясының Қазақ Филиалының Известиялары», тарих сериясы, № 1, 20—21-бет.

[2] Бұл дасонда, К. 36, 1762, іс № 8, 183-бет.

[3] Ф. Зобнин. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 39-бет.

да өз иесіне тәуелді болған, бірақ бұл тәуелділік вассалдық ретінде болып, төленгіттер «игілікті» қызмет, яғни сұлтан дружиналарының қатарында әдетте соғыс қызметін атқарған. Кейде бұлар жауапты дипломатиялық тапсырмаларды да орындаған. Бұлардың кейде сұлтандардың жеке басының қызметкері болып кеткен жерлері де бар, ал XIX ғасырда төленгіттердің қазақ сұлтандарына тәуелділігі анығында басыбайлы қызметкерлердің халіндей болған[1].

Сонымен төленгіттер XVIII ғасырда көбінесе хан мен сұлтандардың нөкерлері болып жүрген. Бұлар ақсүйек шонжарлардың өз үкімін жүргізгенде таянатын тіректерінің бірі болған. Төленгіттердің бұл ролі кейде тіпті айқын көзге түскен, мысалы, Аблай хан өздерінің төленгіттеріне арқа сүйеп, старшиналардың қарсылығын жойып, хан өкіметіне әжептәуір күш берген[2].

XVIII ғасырда төленгіттер тек «ақсүйек» шонжарлар уәкілдерінің маңында болғандығын жоғарыда айтып өттік: батырлар және ру басшылары уәкілдерінің төңірегінде болмаған көрінеді, қалай дегенмен де негізгі деректерде мен бұл жөнінде мәліметтер таба алмадым. Бірақ данқты батырлар төңірегіне жігіттер тобы жыйналған, бұлар қай жерде болса да шабуыл жасаған кезде өздерінің басшыларымен бірге жүрген. Бірақ осындай таппен төленгіт арасындағы айырмашылық сол, төленгіттер өз общинасынан бөлініп шыққан адамдар. Сөйтіп, төленгіттер мен сұлтандар арасында жеке бастың тәуелділік қарым-қатнастары қалыптасқан, сондықтан төленгітті, община қамқорлығынан айрылған адам ретінде, сұлтандар басқадан гөрі басы байлыға жақын күйде ұстаған. Батырлардың нөкерлері—общинамен байланысын үзбеген. Дұрысында бұлар ру жауынгерлерінің батыр төңірегіне топтанған уәкілдері болған. Бірақ бұл жағдай нөкерлерді төленгіттер сияқты сұлтандарға тәуелділік халге жеткізе қоймаған[3].

---

[1] Бұл мәселеге толық тоқталғым келмейді, себебі бұл мәселені менің арнаулы мақаламда талқылап өткен кезім болды. (М. П. Вяткин. Төленгіттер XVIII ғасырда. Ғылым Академиясының қазақ филиалының Известиялары, тарих сериясы, № 1, 1940).

[2] Ш. Ш. Уәлиханов. Шығармалары, 6-бет. XIX ғасырда осы сияқты рольді төленгіттер Кенесары сұлтанның тұсында атқарған.

[3] Батырлар маңындағы осы сияқты дружиналар жөніндегі документті

Бірақ шонжарлардың қоғамдық орны және беделі солардың қолындағы нөкерлердің күшіне ғана байланысты болған десек қате болар еді. Қазақ шонжарларының үстемдік халі басқа себептермен де, атап айтқанда феодалдық тұқым фамилиясының ұйымды болуына да байланысты болған.

XVIII ғасырда вассалдық қарым-қатнастардың системасы ауыр халдерге ұшыраған, мұның өзі қазақ мемлекеттігін терең дағдарысқа әкеліп соққан. Біздің ілгерідегі міндетіміз осы дағдарыстың өсуін зерттеу.

Хан өкіметінің дағдарысы XVIII ғасырдың 20-жылдарында басталады. Осы дағдарыстың дамуына «ұлы апаттар» (ақтабан-шұбырынды) жылдары үлкен себеп болады. Шона батырдың басшылығымен жоңғария ойраттары 1723 жылы қазақ еліне шабуыл жасап, қазақ халқын адам айтқысыз апатқа ұшыратады, Жетісу, Талас және Сырдария сияқты шүйгін жерлерінен айрылады, жаппай малы қырылады, көп мындаған қазақтар қырылып, тұтқынға түседі. Қазақтар лажсыздан ескі қоныстарын тастап, Орта Азия хандықтарына — Бұхара және Хиуа жерлеріне көшеді. 1725 жыл кезінде қазақтар Ташкент және Түркістан қалаларынан айрылады. Қазақтар мен ойраттар арасындағы XVIII ғасырдың 20-жылдарында болған күресті баяндау біздің міндетімізге кірмейді. Бұл жөнінде атап кететін тек бір маңызды мәселе, «ақсүйек» шонжарлар есі-құты қашып, берекелі қуаты қалмай қауыпты жауға қарсылық ұйымдастыра алмаған.

«Ұлы апат» жылдары жөнінде қазақтар аузындағы аңыздар, сол сияқты орыс бақылаушыларының жазып алған ертегілерінің ойраттарға қарсы күрес ұйымдастыруда Кішіжүздің Тайлақ деген, Ұлыжүздің Сайрық деген және Ортажүздің Бөкенбай деген халық батырларының шешуші ролін атап көрсетеді. Жоңғария шабуыл жасаған жылдарда сұлтандар арасындағы қайшылықтар, жалпы жаумен күресу ұраны астында білінбей жүреді. Бірақ содан кейін 1729 жылы Аңырақайда

мәліметтер А. П. Чулошниковтың жоғарыда көрсетілген мақаласында жыйналған, 513-бет.

1 XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы уақыйғалар қазақтардың аузында қалған аңыздардың негізі бойынша «Ақтабан-шұбырынды» деген мақалада баяндалған, «В. В. Бартольдқа оның шәкірттерінен, достарынан және құрмет тұтушыларынан» деген жыйнақ, Ташкент. 1927 жыл.

ойраттарға зілді соққы беріліп, бұлар Ортажүз шеңберінен ықсырылып шығарылып, содан кейін бұл қайшылықтар өзара қырқысу ретінде осы алауыздық туған. «Ақсүйек» шонжарлардың арасындағы күрестің шиеленісуі туралы негізгі деректер жөнді ештеңе айтпайды[1]. Бірақ бұл күрестің болғандығы 30-жылдардың бас кезі тарихынан алған бірқатар фактілермен, ең алдымен қазақ хандығының саяси бытырауының күшеюімен дәлелденеді. «Ақсүйек» шонжарлардың арасынан шыққан бірде-бір хан қазақ хандығының тұтастығының үлгісі ретінде бөлініп көзге түсе алмаған.

Кіші феодалдық өсекеге тұқымының уәкілі Абулхаир аға хан деп есептелген. Осының өзі-ақ шыңғыстықтар арасында тарих бойы қалыптанып келген вассалдық қарым-қатнастарды бұзған. Абулхаирдың аға хан болып тағайындалуы қазақ сұлтандарының арасында старшиналық қарым-қатнастарды шатыстырған.

Қарым-қатнастардың Тәуке тұсында болған бірыңғай системасы енді болмай қалған. Абулхаирдың өкіметі, керек десе, Кішіжүздің өзіне түгел тарамаған: Шекті руының, Арал теңізі мен Сырдариянның төменгі бойының арасын қыстаған общиналарын, дұрысында, сұлтан Батыр билеген. Бұл сұлтан Абулхаирға жау Жәдіге сұлтан тұқымынан шыққан адам.

Ортажүзден екі хан шыққан, бұлар Сәмеке мен Көшек. Мұның үстіне мұнда көрнекті екі сұлтан—Барақ пен Әбілмәмбет—саяси ірі роль атқарады. Әбілмәмбет 1734 жылы Сәмеке өлгеннен кейін хан атағын алады. Ортажүзде, негізгі деректердің айтуына қарағанда, Жолбарыс деген өзалдына бір хан болған[2].

---

[1] Бұл туралы кейбір мәліметтерді 1748 жылы старшиналар Орск бекінісінде жолыққанда А. И. Тевкелевке айтқан. «Ақтабан-шұбырынды» деген мақаланың авторы старшиналар осы сөйлескенде ойындағыларының көбін айтпаған дейді, автордың бұл айтқанымен келісуге болады.

[2] Құтлымбет деген би мен Сеитқұл деген батырдың «ертегілеріндегі» мәліметтердің айтуынша, Жолбарыс Абулхаир ханның туған інісі. Осы «ертегіде» Жолбарыстың қарауында бүкіл Ұлыжүз емес, тек Ташкент қаласының ауданы ғана болған деген маңызды нұсқаулар бар. Түркстан қаласына Сәмеке хан, Сайрамға Көшек хан ие болған. Сөйтіп, осы екеуі Ортажүздің ханы бола тұрып, ұлыжүз қалаларының иелері ретінде жоңғариямен вассалдық қарым-қатнасты сақтауға тиісті болған. «Ертегінің» мәліметтері 1730 жылға тиісті. (Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, 1730, номерсіз, 68—69-бет)

Хандықтың саяси жөнінен ажырауы және феодалдық топтардың араларында жауласудың күшеюі нәтижесінде көшіп-қонатын аудандар қайта бөлінген. Абулхаир өзіне жау сұлтан тобының уәкілдері үстемдік жүргізген оңтүстік-шығыс аудандардан солтүстік-батысқа, Жайық жаққа көшуге тиісті болған. Сөйтіп, оның қарауындағы ауылдардың жазғы жайлауы орыс шекараларына жақындай түскен.

Сұлтандар арасындағы саяси алауыздық, бұлардың 20-жылдар уақыйғасына байланысты моральдық беделінің төмендеуі жағдайларында, шыңғыстықтардың саяси ролін бұрынғыдан да төмендете түскен. Бұған қарсы ру басшыларының саяси беделі күшейе түседі. Әрине, саяси үстемдіктің ру басшыларының қолына көшуімен сұлтандар келіспеген. Сөйтіп, тап ішіндегі феодалдық күрестің шиеленісуіне жол салынады, бұл күрестің негізгі бағыты — «ақсүйек» шонжарлар өздерінің саяси үстемдігін қайтадан орнатып, ру шонжарларын кейін шегеріп тастау. Бұл күрес Кішіжүзде және Ортажүзде бірдей формаларда жүрмеген.

Жұмысымыздың жоспарында біз Кішіжүздегі бұл күрестің негізгі кезеңдеріне тоқталып өтеміз, мұнда XVIII ғасырдың аяғында Сырым батырдың қозғалысы күшейе бастаған.

«Ақсүйек» шонжарлардың беделі түсуінің саяси ірі салдары Абулхаир ханның Россия қоластына қарауы. Қазақтардың Россия қоластына қарауы жөніндегі мәселені Абулхаир 1726 жылы, яғни Жоңғариямен өштескен күрес қызып тұрған кезде қозғаған[1].

Бірақ ол кезде бұл талап іске аспаған. Сыртқы істер коллегиясында «оның императорлық ұлы мәртебесіне бұлардың (қазақтардың. — М. В.) қарауынан пайда шықпайды» деп тапқан. Жоңғариядан қазақтар талқаны шыға жеңіліп, қыйыр Оңтүстік жаққа, Орта Азия хандықтары жағына көшкен уақытында, Сыртқы істер коллегиясының әлгідей деп қаулы шығаруы түсінікті, себебі қазақтарды орыс қоластына қабылдап алудан шығатын көрініп тұрған пайда болмайды, ал им-

---

1 Россияның қоластына қарау жөніндегі өтініш Қойбағар деген старшина арқылы жіберіледі, ол 1726 жылы Петербургке барады. Петербургке елші жіберуге Абулхаирды көндірген қарақалпақтардағы орыс елшісі Мақсұт Юнусов деген молла. Ол орыс өкіметін Жоңғариямен күресу үшін жәрдемдестіремін деп ханға уәде береді.

периянның сібірлік шекараларындағы өте тыйышсыз және қауыпты көрші Жоңғариямен ара шиеленісіп кетуі мүмкін еді. Сөйтіп, Қойбағар Петербургтан жауап ала алмай қайтады.

1730 жылы старшиналар жыйылысы Жоңғарияға қарсы соғыс одағын жасау жөнінде орыс үкіметіне сөз салуға Абулхаирды уәкіл етеді. 1729 жылғы ірі-ірі соғыс жеңістеріне қарамастан, ойраттар жаңадан тағы шабуыл жасайды деген қауып әлі де тоқтамайды. Ұлыжүз Жоңғария қарауында қала береді. Россияға соғыс одағы жөнінде ұсыныс жасау қазақ халқының тарихында жаңа уақыйға болмаған. XVI ғасырдың 90-жылдарының өзінде-ақ, бұқаралық Абдоллаға қарсы күрестің ауыр жылдарында, Тебеккел хан Федор Иванович деген патшаның өкіметінен жәрдем сұраған. Бұл жөнінде тиісті сөзді Москвада Құлмұхаммед жүргізген, оны орыс тұтқынындағы хан тұқымы Оразмұхаммедті босатып алу үшін Тебеккелге жіберген[1]. Ханға орыс өкіметінің елшісі Вельямин Степанов жіберіледі, бірақ алыста жатқан Москва Тебеккелге нақтылы жәрдем көрсете алмайды. Жоңғарияға қарсы одақтасу жөніндегі мәселені Тәуке хан 1717 жылы көтерген, бірақ ол уақытта қазақ ханы өліп, сөз аяғы жерге тимеген. Атап көрсетелік, Тебеккел де, және Тәуке де орыс өкіметінің алдына «қоластына қарау» туралы мәселе қойған. Бірақ нақтылы түрде алып қарағанда, бұл «қоластыға қарауды» екі мемлекеттің шығыстағы сыртқы саясатын белгілі түрде бірлестіру формасында ғана ойға алған, сонда қазақ хандығының ішкі еріктілігіне шек қойылмайды деп білген.

1730 жылы патша өкіметімен сөйлескенде, Абулхаирдың енгізген жаңалығы сол, — Жоңғарияға қарсы күресте күшті біріктірумен қатар ол Россияның Қазақстан үстінен қарауы жөніндегі мәселені де қозғаған. Ол өзінің бұл ойын барлық үшжүздің империя қоластына қарауы туралы өтініш жасау формасында білдіреді. Оның старшиналар жыйылысы берген уәкілдігінің шеңберінен шығуына, өз өкіметінің ішкі халінің тұрақсыздығы себеп болған. Ол мұны империяға берілгендікті білдіріп ант беру жөніндегі мәселе қаралғанда 1731 жыл 17

---

[1] Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қарым-қатнастары, 1595—1599, 6—90-бет. Бұл материалдардың бір бөлегі «ССРО халықтарының тарихы жөніндегі материалдар» жыйнағында жарияланған, III басылып шығуы, Л., 1933.

октябрь күнгі старшиналар жыйылысында да, сол сыяқты патша өкіметінің елшісі А. И. Тевкелевпен ауызша сөйлескенде де ашық айтқан.

Старшиналардың 1731 жылы октябрьдегі жыйылысында Абулхаир,—«ханның хан атағына ие болғаны болмаса, қоластына қарағандарға айтқанын істете алмайды», деп тура айтқан, ол ханның халін «адам да соңына түсетін, аң да куда лайтын» құланмен салыстырған[1], және оның бұл жерде тағы да қоса айтқаны, — қоластына карауды өтінгендегі ойым, ішкі саяси қарым-қатнастар жөнінде өзіме «қорғаушы» іздеп тапқым келді деген. Ханның ойынша мұндай қорғаушылық рольді өз міндетіне патша өкіметі алуға тиіс[2].

Россия қоластына қарау жөніндегі мәселеде Абулхаирды оның балалары және Бөкенбай, Құдайназар мырза, Есет деген ірі-ірі старшиналар қуаттаған. Империяға берілгендікке барлығы 24 сұлтан және билер ант берген. Бұлардың қоныстары империя шекараларынан жақын тұрған. Сондықтан бұлар Россиямен жақын тұрмай болмайтындығын ұғынған. Дегенмен ру басшыларының бірсыпырасы Россия қоластына карауға кас болған. Сөйтіп, тәуелдік қарым-қатнастардың системасына жаңадан соққы берілген.

«Қоластыға карауды» хан мен оның төңірегіндегі шонжарлар бір жағынан, және патша өкіметі екінші жағынан, әрқайсысы әртүрлі ұғынғандығында ешқандай куман жоқ. Патша өкіметі башқұрттар немесе сібірлік халықтар қандай халде болса, қазақтарды да сондай халге қойып, бұларды «масақшы» адамдарға айналдырам деп есептеген. Абулхаир «қоластыға карауды» вассалдық қарым-қатнастардың шеңберінен шықпайды деп есептеген. Ол өзінің қожасының қазақ даласындағы сауда мүдделерін қорғау міндетін алуға, 1738 жылғы башқұрт көтерілісін басқандағыдай ішкі қыйыншылықтарда жәрдем көрсетуге, 1742 жылы Жоңғариямен сөйлескендегідей қожаның сыртқы қарым-қатнастары жөніндегі қыйын-қыстау мәселелеріне дәнекер болуға даяр болған, бірақ саяси еріктіліктен мұның ішінде сыртқы қатнастарын өзалдына жүргізуден де еш-

---

[1] Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, іс № 1, 23-бет.

[2] Бұл да сонда.

уақытта бас тартпаған. Ант бергенде төлеуге міндеттенген ясақ ешуақытта төленбеген, патша өкіметі де, өз қоластына жаңадан қараған елмен арадағы қарым-қатнастардың өзгешелігін есептеп, бұл ясақты төлеуді талап етпеген. Абулхаир өзінің қожасынан сыртқы қарым-қатнастарда және өз вассалдарымен болған ішкі қыйыншылықтарда қуаттауда талап еткен. Бірақ патша өкіметімен жасалған одақ, Абулхаирдың ұғуынша, оның өкіметін ру старшиналарының тарапынан қолтықтау орнына жүрмеуге тиіс. Бұл одақ «ұнамсыз» старшиналардың қарсылығын жою үшін қолданылатын құрал болып қана қоюға тиіс[1]. Бірақ Абулхаир жүз ішіндегі саяси өкіметтің патриархтық-феодалдық мазмұнын жоюға ешуақытта тырысқан емес.

Бұл іске старшиналардың өздері де осылай қараған. Кейіннен, бұлар Абулхаир заманын еске түсіріп, оның ел билеу системасының оның баласының және Нұралы ханның орнын басқа адамның ел билеу системасымен салыстыра келіп, старшиналар 1785 жылы өлке бастығы барон Игельстромға мынадай деп жазған: «Абулхаир хан қырғыз-қайсақ халқын алып, ұлық мәртебелі тахттың құзырына қарады, 18 жыл бойы елді жақсы билеп, тиісті тәртіп ұстады, ол тыныш жүріп ешқандай теріс мінезге баспады». Бұдан соң старшиналардың берген

---

[1] 1732 жылы ол Тевкелевке де осы мағнада сөз сөйлеген, «осы орданы жөнге салу тіпті мүмкін емес, мұның үстіне барлық жексұрын старшиналарды орнынан алып, кейбіреуін асып өлтіріп, кейбіреуін алыста жатқан қалаларға айдап жіберу керек», — деген. А. И. Тевкелев біз жоғарыда келтірген журналда ханның пікірін осылайша келтірген (Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қарым-қатнастары, 1733, іс № 1, 117-бет). Қазақ білікті адамдарының өз еркіне көнбейтін уәкілдерін оқшаулауға Абулхаир XVIII ғасырдың 40-жылдарында талай рет талаптанған. 1742 жылы ол Орынбор губернаторы И. И. Неплюевтен «аманат ретінде Әбілмәмбет ханды, Барақ пен сұлтан Батырды және өзі көрсеткен тағы басқа білікті старшиналарды қалада ұстап тұруды», өтінген (Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары. К. 8, іс № 4, 1742, 36-бет). 1746 жылы білікті старшиналарды Орынборда ұстап қалуды тағы да өтініп былай деген: «Үлкен орданың атақты руларынан... 30 адамды, үйсін руынан 10 адамды, Орта орданың атақты руларынан 10 адамды, Кіші ордадан 10 адамды ұстап алып, жібермей қоюға бұйрық беруіңізді өтінемін» (Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік, архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, 1746, іс № 3, 8-бет). Осы өтініштерді Неплюев қанағаттандырмаған. Абулхаирдың патша әкімшілігін өзінің қазақ жүздері ішінде беделін күшейту үшін пайдаланғысы келгендігін Орынбор губернаторы дұрыс ұғынған және А. И. Тевкелевтің айтуына қарамастан, Абулхаирдың қазақ білікті адамдарын ұстап қалу жөніндегі тілегін орындамаған.

түсінігі — ел билеудің Абулхаир ұстаған системасының мазмұны ол таңдаулы старшиналармен байланысты нығайтып, бұларды хандықты билеу жөніндегі барлық маңызды мәселелер тақырыпты кеңеске тартып отырды деген»[1]. Сондықтан, 30-жылдарда Абулхаир мен старшиналар арасындағы шайқасулар күшті бола түрса да, бұл шайқасулар нәтижесінде Абулхаир мен рудың «таңдаулы» адамдарының арасындағы тәуелділік қарым-қатнастар системасы бұзылмаған, оның бержағында бұл шснжарлардың әжептәуір топтарының орыс жаққа бет бұруы көзге түсерліктей нығайған. Ортажүздегі Жәнібек немесе Кішіжүздегі Есет сияқты бірқатар ірі старшиналардың Россияға «мойын ұсынуының» күшею себептерінде өте терең негіздер болған. Бұлардың тамыры ең алдымен 40-жылдардың бастапқы кезіндегі сыртқы саяси жағдайда. Шах Нәдір Орта Азияға 1740 жыл қарсаңында жорық жасайды, бұл жорық нәтижесінде Бұхар және Хиуа хандықтары Нәдірге қарап кеткен. Келесі 1741 жылы Абулхаир ұлы сұлтан Нұралының шахтың Хиуадағы наместнигі Мұхаммед Таһир ханды өлтіруі Кішіжүздің оңтүстік аудандарына Иран әскерлері шабуыл жасайды деген үлкен қауып туғызады. Бірақ шабуыл жасалмайды. Нәдір Хиуа ханы етіп Абылғазы Мұхаммедті тағайындаумен тынып қана қояды. Абылғазы Мұхаммед — 1740 жылы қаза тапқан Елбарыс деген Хиуа ханының баласы — қазақтарға өте қас пікірде болған. Кішіжүздің оңтүстік шекараларындағы қатнастар өте шиеленіскен жағдайда болып қала береді. Сол 1741 жылы Хунтайчжи Галдан-Цереннің әскерлері Кішіжүз елінің талқанын шығарады. 1742 жылы шабуыл қайта жасалады, бұл жолы Кішіжүздің сұлтандары Жоңғарияның өз үстерінен қарауын тануға тиісті болады[2].

Кішіжүздің ел иелеріне де осындай қауып келіп төнеді. Бұл мәселеге орыс әкімшілігінің, атап айтқанда, өлке бастығы И. И. Неплюевтің, қажырлы түрде кірісуі арқасында ғана Жоңғарияның үстемдігі Кішіжүзге жайылмай қалады[3].

---

[1] Ескі дәуір акттарының Орталық мемлекеттік архивы, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, 1775—1786, іс № 2, 78—83-бет.

[2] Тәуелділік қатнастары тек 1746 жылы Галдан-Церен өлгеннен кейін ғана үзілген.

[3] Неплюевтің хунтайчжи елшілерімен сөйлескені туралы және қазақ білікті адамдарының Жоңғария құл етіп ала ма деп қауыптанғаны тура-

Халықаралық жағдай осындай түнеріп тұрған кезде, Россия империясы сияқты қуатты көршімен жақындасу қазақ шонжарларының көбіне қажетті іс болып көрінетіндігі өздігінен түсінікті. Экономикалық ірі-ірі себептер де осыған қарай бағытталады, ол себептер: орыс бекіністерінде сауда істеудің керектігі және Россиямен шекарадағы аудандардан мал жайылысын алудың қажеттігі[1].

Рас, ру басшылары өкілдерінің бәрі бірдей орыспен жақындасуды бағыттанбайды. Старшиналардың әжептәуір бір бөлегі Россиямен жақындасу Қазақстан үшін өлім деген пікірді ұстап қала береді. Бұл старшиналар Абулхаирдың ескіден келе жатқан жауы — сұлтан Батырдың төңірегіне жыйналады. 1742 жылы Батырдың ауылдарында болған ағылшын купеці Гок Неплюевке өзінің «әңгімесінде» былай деп айтқан: старшиналар ханға келіп «Абулхаир ханды мысқылдап мазақ етеді, осы хан Россиямен не үшін жақындасып жүр, үйін алып неге көшіп кетпейді деседі»[2].

Гоктың мәліметтерін прапорщик Муравин дәлелдейді. Муравинге Абулхаир былай деген: «Россиямен жақындасудан бізге үлкен пәле келеді деп, старшиналар мені бұлдіргі — сұмпайы деп лақап шашты[3].

Абулхаир өзінің саясатына наразы болған старшиналарға қарсы жазалау шараларын қолданады: ол старшиналарды

лы—қараңыз ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, 1743, іс № 3, 22—28-б. және сонда, 1744, іс № 4, 116—123-бет.

[1] Сауда істесуге құмартудың күшті болғандығын шекара саудасының оборотгары үнемі өсе бергендігі ғана көрсетіп қоймайды, мұны қазақ шонжарларының ашық айтқан пікірлерінен де көруге болады (сауда оборотгарының үнемі өсіп отырғаны туралы тиісті мәліметтер Левшинде келтірілген. «Описание», III, 221—224). Бұл жөнде көзге түсетін мәселе сұлтан Барақтың Жоңғария хунтайчжиінен келген елшілерге айтқан сөзі. Сонда, Жоңғария елшілері Россия қазақ жерлерін тартып алып отыр емес пе деген де, оларға Барақ тұрып: Оралдан орыс бекіністерінің салынуынан «пайда бар, өйткені олар (қазақтар. — М. В.) сол бекіністерде қашан да болса сауда істеп мұқтаждарын шығарады, сөйтіп бұрын кенеп шапан таба алмай жүрген болса, осы күні өздері түгіл жалшылары түлкі тымақ, сарала шапан киіп жүр» дегенді айтқан. Барақтың сөзін елшілерге Тюкан Балтасов деген башқұрт жеткізген (ЕДАОМА, Билеуші сенат, Құпия экспедиция, 1744—1745, іс № 383, 375-бет). Линия маңынан қазақтарға мал өрісінің керек болғандығы туралы мәліметтер негізгі деректерде жиі кездеседі. Жер қарым-қатнастарының мәселесіне біз төменде тоқталамыз.

[2] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 8, 1742, іс № 4, 71-бет.

[3] Бұлда сонда, 1743, іс № 3, 29-бет.

хан істері жөніндегі мәслихаттарға қатнастырмай қояды, яғни олардың феодалдық кеңес правосын жоюға талап етеді. Бірақ мұның өзі старшиналар арасындағы алауыздықты күшейтіп, вассалдық қарым-қатнастардың системасын бұрынғыдан да гөрі әлсіретуге әкеліп соғады. Гок жоғарыда келтірген «ертегісінде» мынадай деген: Абулхаирға наразы старшиналар сұлтан Батырға келіп шағым жасайды, хан бізбен енді ақылдаспайтын болды, «сол үшін біз одан кетіп сұлтан Батырдың қарауына келмек ойымыз бар дейді»[1].

Сөйтіп, Абулхаирдың саясаты вассалдық қарым-қатнастардың ажыратуына әкеліп соқпаса да, қалай дегенмен де, бұл саясат хан өкіметінің құлауын әзірлеген. Бұл 1748 жылы Абулхаир қазақ табысымен-ақ көзге түседі. Ханды Кішіжүздің сұлтаны Барақтың өлтіруінің өзі тап ішіндегі шиеленіскен күрестің бір кезеңі болып табылған. Ханды Барақтың өлтіруіне себеп болған сұлтан Батыр»[2].

Абулхаирдың өлімі Қазақстандағы феодалдық топтардың өзара күш мөлшерлерін негізінен өзгертеді. Ханға қарсы шыққан феодалдық топтың — Жәдіге тұқымдарының — беделі тез өсіп кетеді. Біз жоғарыда айтқандай, Ералы сұлтан, Ортажүзден қашып кетеді. Тархан Жәнібек екі-ойлы пікірде болады: бір жағынан ол өлтірілген ханның тұқымын қуаттайды, мұнымен қатар сұлтан Барақпен де тығыз байланыс жасап тұрады. Кішіжүзде тіпті Абулхаир тұқымдарының да халі өте нашар болып қалады. Осының өзі Барақтан кек алу жөніндегі мәселені ұйымдастыруда көзге түседі. Ханның вассалдары өздерінің сюзеренін өлтірген адамның соңына түсуге қатнасу үшін сөзсіз міндетті бола тұрса да, Абулхаир ханның балалары өздерінің әкесін өлтірген адамның соңына түсу ісін ұйымдастыра алмай-ақ қойған. Билер Бараққа сот жасаған, бірақ бұл сот сұлтанды ағартып жібереді. Абулхаир тұқымының әлсіздігі жаңа хан сайлауында да әлгідей-ақ айқын көзге түскен. Тархан Жәнібектің жәрдемдесуімен Абулхаирдың

---

[1] ЕДАОМА, К. 8, 1742, іс № 4, 72-бет.

[2] Ханды өлтіруге Батырдың қатнасқандығы туралы мәліметтерді ізімен кешіктірмей білдірген переводчик Я. Гуляев (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, 1748—1749, К. 17, іс № 8, 28-бет). Жүз ішінде бұдан былайғы жерде болған уақыйғалар Гуляев мәліметтерінің дәлді екендігін анықтады.

үлкен баласы Нұралы сұлтан өзін хан деп танытуға жетіскен. Бірақ бұл «сайлау» әдеттегідей қазақ шонжарларының кең жыйылысында өткізілмей, старшиналардың Нұралы үйіне жыйналған біраз тобының ішінде ғана өткізіледі. Жаңа хан сайлауында болған Я. Гуляевтің «ертегісінде» өзін старшиналарға хан деп таныту үшін Нұралы оларды қорқытуға тиісті болды деген сөз бар. Я. Гуляевтің айтуынша, Нұралы старшиналарға мынадай деген: «Егер де сіздер Батыр сұлтанды хан етеміз дейтін болсаңыздар, онда көшіп-қонатын жерлеріңді тауып алыңдар. Сіздер мұнда біздің бәрімізді өлтіріп тастаймыз десеңіздер, онда, ең болмағанда, біздің Айшуақ[1] тірі қалар және оның жоғары мәртебелі императорлық құзырының рахымы бойынша біздің кегіміз алынып, сіздердің бәрлеріңіздің сорларыңыз қайнап осы күнгі кең дала сіздерге тар болар»[2].

Дегенмен, ханның қорқытуына қарамастан, Нұралы Кіші жүз старшиналарының бірсыпырасы оны хан деп танымайды. Неғұрлым көп санды және беделді Шекті руының ру басшылары сұлтан Батырды ханымыз деп жариялайды. Шекті руы Сырдария ауданын қоныстаған. Сөйтіп, Кішіжүзде екі хан болады. Осымен Кішіжүз екі хандыққа бөліне бастайды. Сырдариямен қанаттас оңтүстік аудандарды сұлтан Батырдың тұқымы мықтап билеп алады[3]. Нұралы өкіметінің таянышы, Абул-

---

[1] Айшуақ бұл уақытта (1748) аманат ретінде Орынборда болған, Абулхаир Орск бекінісінде 1748 жылы Тевкелевпен сөйлескеннен кейін, Айшуақ Қожахмет деген інісінің орнына қалған.

[2] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастарын, К. 17, 1748—1749, іс № 8, 31—32-б. Нұралы сөзінің мағнасы Гуляевтің дұрыс бергендігіне күмануға ешқандай дерек жоқ. Ханның старшиналарды қорқытуға мәжбүр болғаны және орыс өкіметтерінің жәрдемі арқылы оларды Жайық маңындағы қоныстарынан айырғаны көзге түсерліктей іс. Көшіп-қонатын жерлердің оңтүстікке, Сырдария жаққа қарай кеңеюіне байланысты қыйыншылықтар, қарақалпақтар алып отырған жерлерді басып алмақшы болып талай рет талап істелсе де, одан нәтиже шықпауы 40-жылдардың аяқ кезінің өзінде-ақ Жайық бойындағы көшіп-қонатын жерлерді сақтау жөніндегі мәселені қазақтар үшін өте маңызды мәселеге айналдырады. Осы жерлерден айрылатындықты айтып, Нұралы Кішіжүздің батыс аудандарының өміріндегі өте бір керекті мәселеге тиіседі.

[3] Қазақ даласының бұл ауданында хан атағының бірден бірге ауысуы мынадай: Батыр, оның баласы Қайып, Қайыптың баласы — Абылғазы, Абылғазының баласы — Арынғазы. 1821 жылы Арынғазы Петербургке шақырылып, сонда ұсталып қалады (кейіннен ол Калугаға айдалып, сонда 1833 жылы өледі), ал 1824 жылы Кішіжүзде хан өкіметі жалпы ажыратылады.

хаирдың тұсындағыдай, Шекті руы болмайды, Байұлы әулеттерінің рулары болады. Есет батыр өлгеннен кейін Жеті ру ішінде ел иесі деп Нұралының інісі сұлтан Айшуақ танылады (1751 жылдан бастап)[1]. Нұралы өзінің жүз ішіндегі халінің қыйын екендігін, старшиналардың оның өкіметін қолтықтауы сенімсіздігін жақсы түсінген. Осыдан барып ол, өзінің әкесінше, сырттан таяныш іздеу керек деп қортынды шығарады. Бірақ ол бұл таянышты шығыстан немесе оңтүстіктен, Орта Азиялық хандықтардан, табамын деп есептей алмайды. Жоңғария феодалдық ішкі алауыздыққа салынып өзара бүлініп жатады. Рас, бұл алауыздық қазақ ел иелерінің Жоңғария ішкі істеріне белсене араласуына мүмкіншілік береді. Дегенмен, мұндай белсене араласуды іске асыра алған Нұралы емес, Аблай сұлтан болады. Аблай, дұрысында, Жоңғариямен іргелес отырған Ортажүздің ханы болған[2]. Нұралы Хиуа хандығынан жәрдем табамын деп тіпті есептей алмайды. Мұнда 1756 жылға шейін Батырдың баласы Қайып хан болып тұрған. Ол Кішіжүз ішінде болған ішкі күресте өзінің әкесін белсене қуаттаған[3], ал Қайыптан кейін біраз уақыт оның інісі Абдолла (Қарабай) хан болып тұрады. Нұралы Бұхара хандығымен ешқандай дипломатиялық байланыс жасай алмайды. Россияға бейімделудің маңызы Нұралы үшін оның әкесінің тұсындағыдан гөрі маңыздырақ болады. Переводчик Гуляевтің айтуына қарағанда, Абулхаирдың балалары өзіне өте жақын жүретін адамдар арасында мынадай әңгіме жасайды: «Қырғыздарға сенуге болмайды және ата-бабамыз айтқан жолдан тіпті таймауымыз керек, сөйтіп оның императорлық ұлық мәртебесіне

---

[1] Есеттің өлген жылын дәлдеуге болмады: ол 1746 жыл мен 1751 жылдың арасында өлген. Есет туралы соңғы мәліметтер орыс негізгі деректерінде 1746 жылы келтірілген, бұл оның кәрілігі әбден жеткен уақыт.

[2] Былайша, Ортажүзде хан деп Әбілмәмбет есептелген (1734—1771) бірақ, дұрысында, мұнда Аблай үстемдік жүргізген. Аблаймен Жоңғария арасындағы қарым-қатнастарға біз бұл арада тоқталмаймыз, өйткені бұл мәселе біздің тақырыбымызға байланысты емес. Осы қарым-қатнастардың тарихы жөнінде орыс архивтарында, көбінесе Құпыя экспедиция, Билеуші сенат фондында, ЛОМТА да, толып жатқан материал бар.

[3] Бұл қолтықтау, сөз жоқ, Батырдың өкімет үшін күрестегі бағытын әжептәуір қуаттандырады. Нұралы өзінің Батырға қарсы жүргізген күресінде старшиналардың қолтықтауын талап етеді, бұған 1749 жылы старшиналар Қайып Хиуа хандығынан алынғаннан кейін Батырды көндіру қыйын болмайды деп жауап береді (ЕДАОМА Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 17, 1748—1749. іс № 8, 31-бет).

адал ниетпен аянбай қызмет істеп, сол арқылы барлық кегімізді қайтарып, бүкіл қырғыздарды қайтадан тілімізді алатын ете аламыз»[1]. Бұл әңгіме Орынбор губернаторының елшісі алдында болған, бірақ мұның өзі қаза тапқан ханның тұқымы орыс үкіметіне берілгендігін білдіру үшін айтылған сөз емес, осы сұлтан тобының нақтылы пікірлерін көрсететін сөз. Старшиналардың бір бөлегі ханымыз деп таныған Нұралы 1749 жылы Петербургке орыс өкіметіне сөз салып, өзін хан етіп бекітуді өтінеді. Атап көрсететін бір қажетті мәселе, Нұралы өзінің жүз ішіндегі халінің орнықсыздығына қарамастан, старшиналар мені хан деп таныйды деген үмітін үзбейді. Ол патша үкіметінен өзін Кішіжүз бен Ортажүздің ханы етіп бекітуді өтінеді[2]. Дұрысында, ол Кішіжүз қазақтарының, онша ірі болмаса да, ел иесі адамдарының бірі болып тұрады. Кішіжүздегі жағдайлардың нақтылы халі туралы орыс өкіметінде тиісті хабарлар болады. Бірақ жаңа ханның көңілін жабыркатқысы келмей, бекіту грамотасында оған жай қазақ ханы деп атақ беруге байлайды.

Сөйтіп, XVIII ғасырдың 50-жылдарының бас кезіне Кішіжүздің саяси өмірінде феодалдық бытыраудың тереңдеу процесі білінеді. Мысалы, Сырдария ауданында ерекше хандық құрылады. Нұралы билеген жерлерде вассалдық қарым-қатнастар Абулхаир ханның тұсындағыдан да гөрі нашарлайды, хан мен ру басшылары арасындағы қарым-қатнастар бұрынғыдан да шиеленісе түседі және осыған байланысты, Нұралы хандығының империяға тәуелділігі күшейе түседі. Бірақ бұл тәуелділіктің тереңдеуі де, Әлімұлы әулеттерінен шыққан старшиналардың әжептәуір тобы Нұралымен вассалдық қарым-қатнастарын үзуі де, Нұралыны хан деп таныған ру басшыларының сенімсіздігі де, Нұралының ел билей бастаған алғашқы жылдарында Кішіжүздегі хан өкіметінің патриархтық-феодалдық кейпін өзгертпеген. Хан бұрынғысынша Орда ішіндегі қарым-қатнастарда ру басшыларына арқа сүйеді және өзінен бұрынғы болғандарға ұқсап, хандық өміріндегі барлық маңызды мәселелер жөнінде ру басшыларын кеңеске шақырып оты-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 17, 1748—1749, іс № 8, 31-бет.

[2] Ұлыжүз Жоңғарияның қарауында болған.

рады. Ел билей бастаған алғашқы жылдарында Нұралы әкесінің жолымен жүріп, ру басшыларын феодалдық кеңес правосын жоюға талап еткен жоқ дегенді айтып (1785 жылы) старшиналардың өздері де мұны мойындайды[1]. Нұралының ішкі саясатындағы өзгерістердің болған уақытын старшиналар дәл көрсетеді, бұл өзгеріс Нұралының старшиналарды хан билеу мәселесінен тайдырмақшы болған талабы. Нұралыны хан етіп сайлайтын кезде, 50-жылдардың аяқ кезінде, Нұралы елді тек бір өзі ғана билемекші болады, саяси өкіметтің қалыптанып келген патриархтық-феодалдық кейпін бұзбақшы болады, сөйтіп ру басшыларымен ханның арасына жарықшақ түседі. Атап көрсету керек, Нұралының бұл пікірі оның хандығының ерекше бір өзгешелігі емес. Осы сыяқты процесс басқа формада Ортажүзде де болған. Мұнда бұл процесс Аблай сұлтанның саяси әрекетінде көзге түседі. Аблай өзінің хандығында саяси өкіметтің патриархтық-феодаллық кейпін жеңуге тырысады. Ол өзі XVIII ғасырдың 70-жылдарында құрған мейлінше үлкен хандықта елді старшиналар арқылы емес, өздерінің балалары арқылы билеуге тырысады. Сол кезде оның хандығына тек Ортажүз елі ғана емес, Ұлыжүздің де әжептәуір бір бөлегі қараған[2].

Аблай өзінің хандығында ел билеу жұмысынан тайдыру жолымен старшиналарды әлсірету саясатын жүргізеді[3].

---

[1] «Оның (яғни Абулхаирдың, — М. В.) баласы Нұралы ел билей бастаған алғашқы 8 жыл ішінде әкесінің жолымен жүрді. Бірақ бұдан 30 жыл бұрын, өзімен бұрын келісіп және ақылдасып жүретін таңдаулы старшиналарды өзінен алыстатып, (астын сызған мен. — М. В.), халықтың қамын ойлауды қойды» ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, 1775—1786, іс № 2. 78-бет).

[2] Жоңғарияның 1758 жылы Қытай талқанын шығарғаннан кейін, Ұлыжүз Орталық империяға тәуелді болады. Аблайдың бірлестіру әрекеті мынаған әкеліп соғады: Жүздің батыстық аудандары Түркстан қаласымен қоса оның хандығына келіп қосылады және Қытай үкіметі Жүздің тек шығыс облыстарында ғана сақталып қалады.

[3] Бұл жұмыста мен Аблай хандығын толық сыйпаттауға тоқтала алмаймын, сондықтан мен Қазақстанның XVIII ғасырдағы саяси өмірінде көзге түскен кейіпті сыйпаттарын айқындау ретінде, Қазақстанның XVIII ғасырдағы саяси ірі қайраткерінің ру білікті адамдарына көзқарасы қандай болғандығын атап қана көрсетемін. Аблай тұқымы жөніндегі аңыздарда бұл ханның ру білікті адамдарына көзқарасы қандай болғандығына сыйпаттайтын мәліметтер сақталған. Бұл аңыздарды Аблайдың шөбересі, қазақтың белгілі ғалымы Ш. Ш. Уәлиханов жазып алады. Уәлиханов өзінің «Аблай» деген мақаласында Аблай старшиналарды әлсірету үшін ең өтімді құрал ру істерінің аяғын жерге тигізбей, сөйтіп, старшиналар ара-

Сұлтандар мен ру басшыларының өкімет үшін күресінен барып шыққан бұл саяси бағыт Кішіжүзде де, сол сияқты Ортажүзде де болады, бірақ мазмұны мен формасы тіпті бірдей болмайды. Бұл айырмашылықтар осы бағыт іске асырылған кездегі саяси жағдайдың біркелкі еместігіне және осы екі жүздегі мемлекет қайраткерлерінің алдарында тұрған саяси мақсаттардың бірдей еместігіне байланысты болады. Аблай өзінің күшті көршілеріне қарсы — Россияға және Қытай империясына қарсы — күресте төтеп бере алатын тұтас ірі хандық құру мақсатын көздейді[1].

Аблай бет алысының бұл жағында феодалдық шонжарлардың тарихи өсіп келе жатқан тобына қарсы бағытталғандық бола тұрса да, сөзсіз прогрессивтік кездер бар. Бірақ бұл жөнде еске алатын бір мәселе, ру басшылары өздерінің саяси бет алыстарында қоғамның патриархтық-рулық салт-санасына біте байланысты рулық партикуляризмді елестетеді. Патриархтық-рулық салт-сана қазақтардың қалың бұқарасын бір рудың немесе оның бөлімшесінің шеңберінде тұтастырады, бірақ мұнымен қатар ол ру алауыздықтарымен біте байланысты болады, бұл алауыздықтар, көбінесе, ру араздығына әкеліп соғып отырады. Осы ру араздығы қазақ халқының бірлігін тоздырады және ынтымақтасуына әжептәуір бөгет болады[2].

сын алауыздықта ұстау деп есептеген дейді. Ш. Ш. Уәлиханов старшиналардың Аблайға қарсы көтерілісі Аблайдың елді тек бір өзім ғана билеймін дегенінен барып шыққан көтерілісі деп атап көрсетеді. Көтеріліс ру білікті адамдарды жеңіп барып аяқтайды (Ш. Ш. Уәлиханов. Шығармалар, 6-бет).

[1] Қазақстанды бағындырып алудан Қытайдың бас тартпағандығы 1762 жылы айқын көзге түскен. Мысалы, Қытай өкіметі Әбілмәмбеттен және Аблайдан 1763 жылы жаз шығысымен Ташкенге және Самарқанға баруға тиісті әскерлер үшін көлік және адам сұраған. Қытай өкіметінің өз үстемдігін баста Ташкенге, Сайрамға, Созаққа және Түркстанға шейін жүргізгісі келгені айқын болады. Қазақтың сұлтандары — Ташкеннің билеушісі Ерден батыр, Ходженттің билеушісі Фазыл би — Қандағара билеушісі Ахметке елшілер жіберіп, Қытайға қарсы мұсылман әскерлеріне басшы болу жөнінде ұсыныс жасайды. 1763 жылы жазғытұрым ауған әскерлері Ташкент пен Қоқан арасынан келіп орын алады. Бірақ, Қытаймен арада, қалай дегенмен де соғыс болмайды.

[2] Бұл арада атап көрсетейік, қазақ халқының неғұрлым алысыраққа көз салған уәкілдері саяси өкіметтің патриархтық-рулық ұйымдасуымен қазақ халқының бірлесуі бір жерге сыйыспайтынын білген. XIX ғасырдың бірінші 25 жылдығында Кішіжүзде сұлтан Арынғазы (1815—1821) осындай болған. Ол өзінің бірлестіру әрекетінде өзіне бағынышты руларды ру старшиналары арқылы емес, өзінің сенімді адамдары арқылы, яғни жа-

Ру басшылары ынтымақтасудың қажет екендігін біле тұрса да, олардың мемлекеттік өкіметке қатнасуы қазақ мемлекетіне босаң, тұрақсыз кейіп беретін себебі, міне осы.

Патриархтық-рулық салт-сананың саяси қарым-қатнастар жөнінде азғындауының тарихи процесі XVIII ғасырдың бас кезінде бір ел иесінің қоластына әртүрлі рулардың немесе сол рулардың бөлімшелерінің бірлесуінде айқын көзге түседі[1], бұл процесс ру басшыларының саяси бетіне шек қою бағытында дамыйды. Ру басшыларының саяси өкіметіне шек қоям деген бағыт сол сыяқты Нұралы әрекетінде де болған. Бірақ мұнда ханның ру басшыларының қарсы күресу жағдайлары Орта-жүздегіден гөрі көзге түсерліктей басқаша болған. Нұралының күресі оның қазақ қоғамының саяси құрылысын қайта құрам деп талап етуінен барып туған күрес емес. Біз жоғарыда айтып өттік, ел билей бастаған алғашқы жылдарында ол өз өкіметінің патриархтық-феодалдық кейпін сақтау жолымен жүреді. Ал старшиналар арасында жанжал шыға бастағанда (50-жылдардың аяқ кезінде) Нұралының орны аға хан ретінде емес, қазақ ел иелерінің бірі ретінде біржолата белгіленеді. Бұған Нұралының өзі де көнген көрінеді. Қалай дегенмен де, оның патша өкіметімен және Орынбор әкімшілігімен жазысқан хаттарында өзін тануын немесе аға хан деп атауын талап еткен ешқандай белгі көрінбей кетеді. Дегенмен, Нұралы мемлекеттік өкіметті шырмаған патриархшылықты

сауылдар арқылы билеуге тырысады, ал сот жөнінде олар билер сотының орнына қазы сотын құрады. Арынғазының әрекеті туралы қараңыз: «Материалдардың» IV томына кірісу мақаласын. § 4, сол сыяқты кітап авторының «очерктерін», XI тарау, және «Қазақ ССР тарихын», § 25. Осы сыяқты бағыт Кенесары сұлтанның (1837—1847) әрекетінде де көзге түседі. Кенесары хандық құру үшін өмір бойы күресіп өтеді, сол хандықты билеу ісін ол өзінің сенімді адамдары арқылы — төленгіттер мен жасауылдар арқылы — іске асырған. Бұл осылардың бәрі қазақ қоғамының патриархтық-рулық ұйымын бұзды деген сөз емес: Аблай да, Арынғазы да, Кенесары да өздерінің қайта құру әрекетінде онша алысқа ұзап кетпеген, бірақ бұлар өздерінің қайта құру істері арқылы патриархтық-рулық салт-сананың мемлекеттік өкіметті ұйымдастыру ісіне тиетін зиянды әсеріне шек қойған.

[1] Бұл тек сұлтандарға ғана емес, ру білікті адамдарына да тиесілі сөз. Мысалы, мұндай бірлесулерді Бөкенбай, Есет, Жәнібек билеген елдерден көрсетуге болады. Жоғарыда айтылды, Есет Жеті ру әулеттеріне ие болған, Жәнібектің қарауында Арғын, Керей және Уақ руларынан шыққан ауылдардың бір бөлегі, Кішіжүзден — Алаша руының бір бөлегі болған. Бөкенбай Арғын және Керей руларынан шыққан общиналардың бір бөлегіне ие болған.

жеңу жолына түседі. Нұралы хан ру басшыларына өзі өкімет басына келген күннен бастап-ақ сенбейді, өзі сенбейтін старшиналарға ханның тәуелді болмауын қамтамасыз етуге оның тырысатын себебі түсінікті және табиғи іс. Бірақ мұның өзі мәселенің субъективтік жағы. Хан мен старшиналардың арасын ашқан объективтік себептерді ханның әрекеті жүргізілген нақтылы жағдайдан түсінуге болады. Хан мен старшиналар арасындағы бұл алшақтық күрес тәжрибесінен туады, ілгері басқан сайын күшейе беріп, ақырында XVIII ғасырдың 80-жылдарында хан тобының жеңілуімен барып тынады. Нұралының ру басшыларына өзінің тәуелді болмауына жетісем деуі патша Россиясымен вассалдық қарым-қатнастарының тереңдеуімен ұштасады. Бірақ Нұралының патша Россиясымен жақындасудан басқа жолы болмайды. Оған қараған жер шығыста Аблайдың хандығымен шектеседі, оңтүстік-шығыста Батырға қараған елдің жерімен қанаттас болады. Сөйтіп, Нұралының хандығы өзіне жау сұлтандардың жерлерімен екі жағынан қоршаулы болады[1], сондықтан ол бұл хандар керекті жерінде қолтықтайды деп сене алмайды. Нұралының көршілес халықтармен де қарым-қатнастары жөнді болмайды. Батыста оның хандығы башқұрттармен және торғауыт-қалмақтармен шектеседі. 1755 жылы башқұрт халқының Батырша бастатқан еңбегі деген ұлт-бостандығы көтерілістерінің бірі болады. 50 мыңдай башқұрт патша әскерлерінің ықсыруымен Қазақстанға көшіп кетеді. Бұлардың көбі Кішіжүз елінің арасына келіп қоныстанады. Көтеріліс жасаушылардың ойы — қазақтармен бірлесіп Россия империясына қарсы жалпы күресті жүргізе беру. Жеті ру әулетінен шыққан рулардың старшиналары башқұрттарды қолтықтайды, мұнда царизммен күресу үшін қазақтардан және башқұрттардан құралған отрядтар құрылады. Орынбор губернаторы Неплюев башқұрт және қазақ халықтарының күштері бірлесуінен империяның отаршылдық мүддесіне қандай қауып туатынын жақсы біледі. Башқұрттармен қазақтар одағын бұзу үшін ол қазақ шонжарларына екі қайтара сөз сала-

[1] Оның бержағында, Нұралының өзіне жау топпен кейбір кездерде қатнас жасап қалуы да мүмкін. Мысалы, 1762 жылы Аблай Қытай империясының ультиматумын талқылау үшін білікті адамдардың жыйналысын шақырғанда, бұл жыйылысқа Нұралының уәкілдері де қатнасқан. Бірақ Қытайға қарсы белсене шығудан Нұралы тайсалып кетеді.

ды, башқұрттардың мүлкін талап алып, қатын-балаларын тұтқындап, ересек еркектерін Россияға ұстап беру керек деген ұсыныс жасайды. Неплюевтің бұл ұсыныстарын Ортажүз феодалдары мен Кішіжүз старшиналарының біразы қабылдамайды[1]. Бірақ Нұралы және оған туыстас сұлтандар Неплюевтің шақыруына үн қосады. Сөйтіп, башқұрттар аяусыз түрде талана бастайды, бұлардың қатындары мен балалары құлдыққа беріледі. Ханның және оның төңірегіндегі шонжарлардың бұл әрекеттері қазақтар мен башқұрт халықтарының арасындағы одақты бұлдіруі былай тұрсын, оның үстіне башқұрттар мен қазақтар арасын жауластырып жібереді, бұл жаулықтың дабысы XIX ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ айқын естіледі. Бұл екі халықтардың ілгеріде бірлесіп шығуы туралы енді әңгіме болуы да мүмкін емес[2].

Қазақтар мен торғауыт-қалмақтар арасы да қастас болады, бұл қастық тіпті XVII ғасырдан бері келе жатады. Осы қастасу «ішкі жақ» дейтін мал жайылысына, яғни Нарын құмдарындағы және Атырау теңізінің жағалауындағы Еділ мен Жайық өзендерінің арасындағы, мал жайылысына таласқан күрес салдарынан XVIII ғасырдың орта кезінде тағы да өршіп кетеді. Бұл мал жайылыстары Байұлы әулетінен шыққан рулардың қазақтары үшін өте қажетті болады. Қазақтар өздерінің малдарын «ішкі жаққа» айдайтын болса, қалмақтар қазақ ауылдарына көп шабуылдар жасайды, қазақтардың толып жатқан малдарын айдап кетеді.

Дегенмен, осы сияқты шабуылдардың жиі-жиі болып тұруына қарамастан, қазақ шонжарлары мен қалмақ білікті тайцзыларының арасындағы қатнас үзілмейді. Бірақ бұл қатнастарды патша өкіметтері қыйындата береді. Абулхаирдың тірісінде-ақ Орынбор губернаторы Неплюев қазақтар мен калмақ ел иесі адамдарының төте қатнас жасаулары Россияның отаршылдық мүддесі үшін залалды деп есептеген. Ол бұлар-

---

[1] Мысалы, башқұрттарды Есет батырдың және Алла Назардың тұқымы Серке батырдың ауылдары қуаттайды. Бұл старшиналар өздерінің ауылдарында жасырынып жүрген башқұрттарды Нұралы ұстап алам дегенде оған қатты қарсылық жасайды.

[2] Қазақтар мен башқұрттар арасындағы қарым-қатнастар А. П. Чулошниковтың кітабында толық жазылған. 1755 жылы Башкирияда болған көтеріліс, III тарау, К.—Л., 1940.

дың елшілерін бекіністерде ұстап қалу керек деп жарлық береді, ал қазақтың ханына және қалмақтың тайцзысына сендер Россияның қоластына қарасты болғандықтан, бір-бірлеріңмен тек орыс әкімшілігі арқылы ғана қатнасуға тиістісіңдер деп түсінік береді. Бір халықты екінші халықтан оқшау ұстауды көздеген бұл саясат Нұралы ханның тұсында да жүргізіледі.

Қазақтар үшін, осы сыяқты, бұлардың оңтүстік шекара қоныстарындағы қарақалпақтармен және түркмендермен арадағы сыртқы қатнастар да қолайлы болмайды. Қарақалпақтарға қарсы күрес, 40-жылдардағыдай, Сырдария ауданындағы мал жайылыстарын иемдену үшін жүргізіледі. Бұл күрес әсіресе XVIII ғасырдың 60-жылдарында өте шиеленісіп кетеді. Ералы сұлтан бастатқан қазақтар 1762 жылы өзінің оңтүстіктегі көршілеріне жаппай шабуыл жасайды (Ералыға қарағаң елдің жері қарақалпақтар отырған жерлермен қанаттас). Бұл жорықта, орыс негізгі деректерінің мәліметтеріне қарағанда, 20 мыңдай қазақтар қатнасқан. Күрес келесі жылы да жүргізіле береді. 1762 жылғы шабуылдың орайын алу үшін, қарақалпақтар өз еліне сауда істеу үшін келген қазақтарды қырып тастайды. Өлтірілгендердің арасында Қайып сұлтанның інісі Бөрі сұлтан да болады. Осы өлімнің салдарынан күрес бұдан былай да кеңейе түседі. Бұл күреске Нұралы хан да тартылады. Бірақ Нұралы тек сөзбен қорқытуды қолданып қана қояды.

1766 жылы түркмендермен арадағы қатнастар шиеленіседі. Осы жылы Ералы сұлтан хан ұлы Есім сұлтанмен тізе қосып жаумыттарға шабуыл жасайды, бұлардың бірнеше ауылдарын шауып, шаншады.

Жаумыттарға қарсы күрес 60-жылдардың орта кезіне шейін екі ел арасындағы жанжал сыйпаттас болып келеді. Бұл жанжал қазақтарды Хиуа хандығымен соғыстыруға әкеліп соғады. 1767—1768 жылдарда Хиуада өзбектер мен жаумыттар арасындағы күрес кенет шиеленісіп кетеді. Сонда өзбектерді Қоңырат династиясының ру басшысы атақты инақ Мұхаммед Эмин бастайды, ал жаумыттар хиуаның билеушісі деп арал хакімі Хан Гелдіні жариялайды. Ол кезде Хиуада сұлтан Нұралы хан болып тұрады, Нұралы қазақтың Барақ деген атақты сұлтанының баласы, ал Барақ Абулхаир ханды өлтірген

болатын. Мұхаммед Эмин жаумыттарға қарсы күресте Абулхаирдың баласы Нұралы ханды пайдаланбақшы болады. Осы мақсатпен Нұралыға инақ жәрдем сұрап өзінің інісін жібереді. Мунис Нұралыны «бүкіл Дешти-қыпшақ жұртын билеуші күші асқан патша» деп атайды, бірақ оның мұнысы деректі емес. Мунистің бұл әңгімесіне орыс негізгі деректері өте маңызды толықтау береді, яғни 1767 жылы январьда жаумыттар қазақтарға қатты шабуыл жасаған дейді. Шабуыл жасаушылар мыңға жуық адамдарды өлтіріп, үш мыңнан аса адамды тұтқынға алып кеткен. Әсіресе, түркмендермен қанаттас отырған Адай руының ауылдары қатты сорлайды. Жаумыттарға қарсы күреске кіріскен Нұралы хан Орынбор губернаторынан жеңіл артиллерия жәрдемін сұрайды, бірақ ол бұл жәрдемді ала алмайды. Нұралымен қосылып сұлтан Ералы және хан ұлы Есім күреске шығады. Қазақтардың жәрдемдесуіне қарамастан, хиуадағы күресте жаумыттар жеңіп шықты, — дейді Мунис. Инақ болып хакім Хан Гелді тағайындалады, бірақ Мұхаммед Эмин өлтірілмейді: ол хиуаның кейбір беделді чиновниктерінің арасынан өзіне қорғаушылар тауып, аталық болып қала береді. Хан Гелдінің бұйрығы бойынша өзбектердің бірқатар чиновниктерінің өлтірілуі өзбек шонжарларын жаумыттарға қарсы біріктіреді, және 1768 жылы Хан Гелді Аралға қашып кетіп, Хиуа бекінісін Мұхаммед Эмин алады. Бірақ күрес мұнымен тынбай, тағы да екі жарым жылға созылады. Жаумыттарға қарсы күресте Мұхаммед Эмин Абулхаирдың баласыЕралыдан тағы да жәрдем сұрайды. Мұхаммед Эминге жәрдемдесу үшінЕралымен бірге сұлтан Айшуақ және билердің бірі Бармақ деген адам келеді. Бірақ Мұхаммед Эминнің жолы болмағанын көре салысымен-ақ, Айшуақ пен Бармақ инақты тастап кетіп қалады. Ералы біраз нөкерлерін бастап, Мұхаммед Эминмен бірге 1769 жылдың күзіне шейін болады, бұл кезде Үргеніш арбабы Абдур-Рахим Мұхаммед Эминге қыянат істеп, Үргенішті қарсыласпастан жаумыттарға бере салады, осының салдарынан Мұхаммед Эмин Бұхарадағы Даниял-аталыққа қашып барады. Хиуаны қорғау үшін инақ тастап кеткен Құдайберді бай және Мұхаммед Эмин-ака деген чиновниктер 1770 жылғы апрель айында қаланы жаумыттарға береді. Жаумыттар астананы алып, Хиуаның ханы етіп Жәңгір

сұлтанды қояды. Жәңгір — Қайыптың туған баласы, Батырдың немересі[1].

Мұхаммед Эмин Бұхарадан жәрдем ала алмайды. Сол уақытта Хиуада Жәңгірдің де даңқты емес екендігі тез біліне қалады. Жәңгірді хан етіп қойған жаумыттар өзбек халқын талауға кіріседі. Бұл пәле аштықтың және Хиуадан шыққан чума (оба) дертінің салдарынан ауырлай түседі. Қала қаңырап мүлде бос қалады. Жаумыттардың ел ішінде тынышсыз болуы Мұхаммед Эминнің шамалы ғана күшпен күресті қайта бастауына, сүйтіп 1770 жылдың сентябрь айында хандық астанасын алуына мүмкіншілік береді. Инақ Жәңгірді әкесіне жібереді және хан етіп қайтадан Бөлекей сұлтан қойылады, бірақ бұл көпке ұзамайды: бір айдан соң Бөлекейді инақ хандықтан алып, оның орнына Әкім сұлтан шақырылады, Әкім-Әділ сұлтанның туған баласы. Абулхаир ханның немересі. Мұнымен қатар, орыс негізгі деректері түркпендердің ханы деп қазақтың Нұралы деген ханының баласы Пірәлі сұлтанды атайды, ал қарақалпақтардың ханы деп Нұралының інісі Өсек

---

[1] Мунистің 1769 жыл аяғында — 1770 жылдың басында болған уақыйғаларды баяндауының бірқатар айқын емес жерлері бар. Мысалы, ол Жәңгір Хиуа ханы болып Мұхаммед Эмин Бұхараға кеткеннен кейін, яғни 1769 жылдың күзінде жарияланды және ол Хиуада бір жылдай, яғни 1770 жылдың сентябріне шейін, Мұхаммед Эмин жаумыттарды Хиуадан ысырып шығарғанға шейін, патшалық құрып тұрды дейді (فردوس الاقبال қолжазба ИВАН, 571, 85а бет). Екінші жағынан ол, — Жәңгір Хиуаны жаумыттар алғаннан кейін хан болды дейді, яғни 1770 жылдың апрель айында (бұл да сонда, 113-бет) сөйтіп, Жәңгірдің патшалық құрған уақыты айқындалмай қалады. Егер де мұнда қайшылықтар жоқ болса, онда жаумыттардың Жәңгірді хан етіп жариялағаны 1769 жылдың күзі болады, дұрысында ол 1770 жылдың апрелінен бастап, Хиуаны жаумыттар алғаннан кейін ғана патшалық құра бастай алған. Мунистің айтқанының тағы бір көмескі жері бар. Ол Жәңгір Барақұлы Нұралының орнына хан етіп қойылған дейді. Ал басқа бір жерінде қазақтың Нұралы деген ханының баласы Бөлекей сұлтаннан кейін дереу Жәңгір болған дейді (Бұл да сонда, 113-бет). Осы екінші айтқаны маған анағұрлым дұрысырақ сияқтанады. Тегі, уақыйғалар мынадай түрде дамыған көрінеді: Мұхаммед Эмин 1768 жылы Хиуаны алған соң, ол Барақұлы Нұралы ханды орнынан түсіреді. Бұл ұйғарудың әбден ұйқасымды болатын себебі, жаумыттармен қарсы күресте Абулхаир, Ералы тұқымдарынан шыққан сұлтандармен және Айшуақпен біте байланысты болғандықтан, ол Барақ сұлтанның баласын тіпті бедел хан ретінде де орнында қалдырып қоя алмайды, оның бержағында, Барақ сұлтанның баласына Абулхаирдың балалары келіспестей өш болған. Барақұлы Нұралының орнына Хиуа ханы етіп Бөлекей сұлтан қойылады. Жаумыттар бұған қарсы Хиуа хандығына Абулхаир тұқымына жаулас болып жүрген сұлтан тобының уәкілін яғни сұлтан Жәңгірді ұсынады.

сұлтанды атайды. Дегенмен, 1772 жылы Әкім Хиуадан масқара етіп қуылады.

Кішіжүзде осыған байланысты старшиналардың съезі болады, бұл съезде «мұнда сауда істеуге келіп, қайтып жүрген хиуалықтар талап алынып, өздері құлдыққа беріліп отырсын» деп қаулы шығарылады. Сол жылы қыстыгүні түркмендермен бірігіп Хиуаға жорық жасауға қаулы алынады, бірақ бұл жорық жасалмайды[1]. Нұралы хандығының сыртқы халі 40-жылдардың бас кезінде мынадай болған: Оңтүстікте бұл хандық Батырдың қоластына қарағаң қастас қазақ елдерімен шектеседі. Хиуа хандығындағы ішкі күрес Хиуа ықпалының шеңберіне кіретін оңтүстіктегі ел қоныстарын пайдалануды өте қыйындатады, мұның үстіне Сырдария бойындағы жерлерді қарақалпақтар алып қояды.

Нұралы хандығының сыртқы саяси өмірі жөніндегі біз жоғарыда суреттеген уақыйғалардың халық шаруашылығындық үлкен салдары болады. Қысқы жыйылысқа керекті жаңа жерлер турасындағы мәселе өте қыйындайды. Абулхаирдың тұсында оған қарайтын ауылдардың қысқы тұрағы Сырдария ауданында болған. Батыр хандығымен және Хиуамен арадағы саяси қарым-қатнастар Нұралыға қарағаң ауылдардың бұрынғы қыстауларын пайдалану ісін күннен-күнге қыйындата береді. Орал маңындағы жерлерді қысқы тұрақ үшін пайдалану жөніндегі мәселе хан мен Орынбор әкімшілігінің арасында жазған хаттарда ауызға алынбаған; 50-жылдардан бастап бұл мәселе хат жазысудағы негізгі мәселе болып табылады. Қысқы уақытта малды «Ішкі жаққа» айдауға праволы болуды хан мен старшиналар жылдан жылға талмастан іздене береді. Жайықтың сол жақ бойында қысқы қонысқа қолайлы жерлер болмайды. Қысқы қоныс ету үшін Жайықтың құйылысына және Каспий теңізінің жағалауына толып жатқан қазақ үйлері жыйналады. 1762 жы-

---

1 Қазақ — хиуа арасындағы қарым-қатнастарды сыйпаттайтын документті материал «Материалдардың» III томы үшін баспаға әзірленген. Қолжазбасы ТИЛБ-де сақтаулы. — Қазақ білікті адамдарының Хиуа хандығының тағына ие болам деген талаптары 70-жылдарда да болған, бірақ мұны енді Нұралыға жаулас феодалдық топ бастаған. 70-жылдарда Хиуа хандығының тағына аз уақыт Қайып сұлтанның баласы Абылғазы сұлтан ие болып тұрады, бірақ ол 1756 жылы Хиуадан қуылады.

лы ханның писарі Орынбор комендантына мынадай хабар береді: «Жайық өзенінің қүйылысынан төменгі жерге қазақтардың жыйылып сығылысқандығы сондай, тіпті үйлерін іргелестіріп тігіп отыр. Және өздері бізге енді қайырым жоқ, шыңымызға да жетіп болдық, малымызды Жайықтан өткізуге батылымыз бармайды,—деседі[1]». Сонда, әсіресе, Байүлы әулеттерінен шыққан қазақтардың қысқы мал өрісіне өте мүқтаж болып отырғандығына қарамастан, патша өкіметі 50-жылдардың орта кезінен бастап қазақтардың малын Жайықтың арғы бетіне өткізуіне тыйым салу саясатын айнымастан жүргізіп отырады. Қазақтардың «Ішкі жаққа» өтуіне Орынбор губернаторы И. И. Неплюевтің айтуы бойынша, қағаз жүзінде 1756 жылы указ бойынша тыйым салынады. Өтуге тыйым салудың қажеттігі қазақтар мен қалмақтар өзара шайқасып қалмас үшін және орыс елдерін қазақтардың шабуылынан қорғау үшін деген сылтаулармен дәлелденеді. Осы бағытта үлкен роль атқарған жағдай жергілікті халықтардың: қазақтар мен қалмақ жерлерінің есебіне Жайық өзенінің төменгі бойларында Орал әскерлерінің жерлерінің, ал XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс помещиктерінің жерлері кеңейтілуі. Дүрысында, 1756 жылғы заңда патша өкіметінің саясатындағы жалпы бет алыс көзге түседі, бүл бет алыстың көздеген мақсаты — отарлы немесе жартылай отарлы тәуелді халықтарды әлсіретe беру, ал жер қарым-қатнастары жөнінде бүл халықтарды Сталин жолдас айтқандай «түк өнбейтін жапан далаға»[2] ықсырып тастау. Бірақ 1756 жылдың заңы бірден жүзеге асырылмайды. 1758 жылы Неплюев Орынбордан шақырып алынады да, 1759 жылға шейін губернияны А. И. Тевкелев пен П. И. Рычков бірлесіп билеп тұрады. Бүлар қазақтардың шаруашылық мүдделерін неғүрлым толығырақ және қазақтардың малдарын Жайықтың арғы жағына өткізуіне салғырт қарап, тек шекаралық бекіністердің комендanттарына қазақтар мен қалмақтар бір-біріне шабуыл жасап жүрмесін деп бүйрық беріп қана қояды. Бірақ 1759 жылы Орынбор губернаторлы-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары. К. 44, іс № 13, 1762 –1763, 80-бет.

[2] И. В. Сталин. Партияның ұлт мәселесіндегі кезекті міндеттері туралы. Марксизм және ұлт мәселесі, 1939 71-бет.

ғына А. Р. Давыдов тағайындалады. Бұл өлкені билеуде Неплюевтің әдістерін жақтайтын адам. Тевкелев пен Рычковтың қазақ малын Жайықтың арғы бетіне өткізу жөніндегі саясатына Давыдов қатты наразы болады және Тевкелев пен Рычков заңды бұзыпты деп Сыртқы істер коллегиясына ерекше хабар жібереді. Мұнымен қатар, бекіністердің комендanттарына қалай да болса, керекті жерінде қару-жарақ қолданылса да, қазақтардың малын «Ішкі жаққа» өткізуші болмаңдар деп бұйрық береді. Хан мен Орынбор губернаторының арасында ешқандай нәтиже шықпайтын қағаздар жазыла бастайды, мұның өзі көпке созылады. Қазақ малын ішкі жаққа өткізуге тыйым салатын заңды бұзамын деп Нұралы қанша талаптанса да, одан ештеңе шықпайды. Ол Сыртқы істер коллегиясының тура өзіне сөз салса да түк өнбейді. Ханның барлық арыздары аяқсыз қалып отырады[1]. Әдетте Давыдовтың ханға беретін жауабы, — Абулхаирдың тұсында «Ішкі жақтан» қоныс алуды қазақтар сұрағаң жоқ, ендеше, бұл қоныс аударудың енді де қажеті жоқ дейді. Абулхаир өлгеннен кейін жүз ішінде болған ірі-ірі саяси өзгерістерге Орынбор әкімшілігі көңіл аудармайды. Малды өзбетімізбен айдап өткіземіз деген талаптардан әдетте жөнді нәтиже шықпайды, өйткені шекарадағы күзетші малды Жайықтың сол жағасына күшпен қайта қуып тастап отырады. Осы мал айдауда қалмақтармен де шайқасып қалып отырады, бұлар қазақтардың малын тартып алады, тартып алынған малдарды қайтарып алуға мүмкіншілік тіпті болмайды[2]. Хан Ералы сұлтанның жәрдемімен жергілікті әкімшілікке қысым жасамақшы болады, ол үшін қазақ дала-

---

[1] Ханның хаттары туралы Екатерина II ге хабар беріледі. Екатерина II қазақтардың шаруашылық мүдделерін Орынбор губернаторынан да бетер түсінбейді. Сыртқы істер коллегиясының істерінде Екатерина II нің канцлерге жазған хатының көшірмесі сақталып келген. Бұл әйел патша былай деп жазды: «Қырғыз-қайсақ ханының малын алып Жайықтан өту жөніндегі тілегіне жауап беру менше оңай сияқтанады. Ол Россия қоластына қарағаң адам болып танылады, ендеше ол тілді алып, малымен көрсеткен жерге барады, өйткені Россия қоластына қарағаң әрбір адам рұхсат етілмеген жерге бара алмайды. Егер де мал азығы жеткіліксіз болса, ақшаға сатып алсын, немесе товарға айырбастап алсын, немесе қысқа деп мал азығын жыйнап алсын, бұларға осылай деп кеңес беру керек». (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 40, іс № 7, 1763, 25—26-бет).

[2] 1759 жылы, сөйтіп, қалмақтар тартып алып, қазақтар кем дегенде 40 мың жылқысынан айрылады.

сынан өткен сауда керуендерін ұстап қалмақшы болады. Бірақ мұның өзі көздеген мақсатқа жеткізбейді, қайта хан мен Орынбор губернаторының арасындағы қатнастары шиеленістіріле түседі. Патша өкіметтерінің алдында қысқы жайылыстар жөніндегі мәселені шешкізіп алуға ханның шамасы келмейді, қазақтардың орыс қоластында болуы жөніндегі ескі мәселені қайтадан қозғайды. Империямен арадағы вассалдық қарым-қатнастарды үзу жөніндегі мәселе старшиналар арасында қайтадан жаңғырады. Бірақ бұл қарым-қатнастарды үзу үшін Россия жерінен көшіп, жаңадан мал жайылыстарын іздеу қажет болады. Қалай дегенмен де, хан да өзімді вассалдарым тастап кете ме деп қауыптанады. Ол Орынбор губернаторына: «олардан айрылып өзім жалғыз қалып, мұнда ешкімсіз отырып қалуым тіпті ұнамсыз-ақ» деп хат жазады. Дегенмен, ханның жалғыз қалып қоямын деп қорқуының орны жоқ. Оңтүстіктегі қоныстар бос тұрған жоқ, сондықтан жаппай көшіп кету мүмкін емес. Осыған қарамастан, общиналардың бір бөлегі, қалай дегенмен де, Хиуамен шектес аудандарға көшіп кетеді. Оңтүстікке жаппай көшіп кетуге мүмкіншілік болмаған соң, 1758 жылы Қытай шауып кеткен Жоңғарияның мал жайылысын пайдалансақ деген ой туады. Бұл жерлер Қытайдың қарауында болады. Бірақ Нұралы Қытай өкіметімен тәте қатнас жасап тұрмаған. Ол Ералы сұлтанға сөз салады және өзіне жау болып жүрген сұлтан тобының неғұрлым күштірек уәкілі Аблай сұлтанның араға жүруін сұрауға мәжбүр болады. Қытаймен арадағы қатнас 1764 жылға шейін созылады, бірақ ешқандай нәтиже бермейді[1].

1771 жылдан бастап «Ішкі жақта» жаңа жағдай туады. Нарынқұм ауданында көшіп жүретін қалмақтардың әжептәуір бір бөлегі Убаши деген тайцзының басшылығымен келіп, осы жылдың февраль айында шекара линиясынан өтіп, Жайық өзенінің арғы жағына шығып кетеді. Сонда, қалмақтардың

---

[1] Қытаймен арадағы қатнастар патша әкімшілігінен жасырын жүргізіледі және бұл Орынбордағыларға мәлім болғанда, сұлтандар сөздерді қыйындату үшін, орыс өкіметі дербес сібір корпусының командирі генерал Шпрингерге қазақтарды азғырып, Қытай кордондарына шабуыл жасат, сөйтіп бұл шабуылдар қазақтардың «өзбеттерімен жасаған шабуылдары» болып көрінсін деп тапсырма береді.

көздеген мақсаты — қазақ жерлерін басып, Жоңғарияға өтіп кету және Қытай өкіметінің ықпалында болып, осы жерге орналасып қалу. Қалмақтарды қайтару үшін патша әкімшілігі қажырлы шаралар қолданады. Ел ішіне қару-жарақты отрядтар жіберіледі, бұл отрядтарға көше қашқандарды ұстап алып келуді тапсырады. Бірақ бұл шара көздеген мақсатына жете алмайды. Қалмақтарды іздеймін деп далада адасып, аттарынан, адамдарынан айрылып, ешқандай нәтиже шығара алмай, линияға қайтып келеді[1].

Орынбор губернаторы И. А. Рейнсдорптың қазақ шонжарларына яғни Нұралы ханға, Ералы мен Айшуақ сұлтандарға салған сөздері және сібір әкімшілігінің Ортажүз шонжарларына салған сөздері неғұрлым нәтижелірек болған. 1755 жылғы уақыйғаларға ұқсас тарих қайталайды. Қазақтардың халық бұқарасы және старшиналардың бір бөлегі қалмақтарды қудалауға қарсы болып, «қалмақтармен тату жүргеніміздің өзі жақсы» деп есептесе, хан және оның аға-інілері көше қашқандарды қудалауға белсене қатнасады. Ұзақ жорықта қажыған қалмақтар Кішіжүз бен Ортажүз далаларында көптеп қырылады, сұлтандар отрядтарының талан-таражына, ұрып-соғуына кез болады. Қытай өкіметі, қалмақтарды өз қоластына қарайтын халық деп санайды да, Аблайдан бұларды қудалауды тоқтатуды талап етеді. Аблай бұған көнеді, дегенмен қалмақтардың талануын тоқтата алмаған. Көше қашушылардың Жоңғарияға тек біразы ғана барып жетеді.

Жайық пен Еділ арасындағы жердің әжептәуір бөлегі енді босап қалады. Сондықтан, 1756 жылғы заңды бұзу жөнінде 1771 жылы мәселе қозғалуы да тегін емес[2]. Бірақ бұл мәселе теріс мағнада шешіледі. Сыртқы істер коллегиясы сол 1771 жылы указ шығарып, қоныс аударуға тыйым салуды сол күйінде қалдырады да, тек бір ерекше жағдайларда ғана «Ішкі

---

[1] Жорықтың қыйыншылықтары Н. П. Рычковтың жоғарыда аталған запискаларында жақсы баяндалған. Н. П. Рычков. Дневные записки.

[2] Рас, 1770 жылдың өзінде Рейнсдорпқа қазақтардың қысқы уақытта Россияның жеріне малын айдап келуіне рұхсат беру жөніндегі мәселені Шпрингермен бірлесіп отырып талқыла деген указ (2 сентябрь) келеді. Бірақ бұл указда малды Жайықтың арғы бетіне өткізу жөнінде айтылған ерекше ескерту бар. Бұл ескертуде малды «Ішкі жаққа» өткізуге салынған тыйым мұнда күшінде қалуға тиіс делінген.

жаққа» қоныс аудару патша өкіметіне берілгендігінде ешқандай күман жоқ дәулет иесі қазақтарға ғана рұқсат етіледі.

Нұралы ханға бағынған ауылдар үшін жер мәселесінің қыйындайтын тағы бір себебі, Жайықтың сол жақ бойына қазақтардың көшіп келуіне жергілікті әкімшілік үнемі қыспақ көрсетіп отырады. Жайық өзенінің сол жақ бойында қазақтардың көшіп жүруіне XVIII ғасырда заң жүзінде шек қойылмаған (Оралдың 15 шақырым бойын қазақтардың жайлауына тыйым салынғаны XIX ғасырдың бас кезі). Дегенмен, Орал әскерлері қазақтың малдары далада шауып қойған шөбімізді шашып бұлдіреді дегенді сылтау етіп, қазақтардың Жайық бойына көшіп келуіне жергілікті әкімшілік арқылы тыйым салғызады.

«Ішкі жақтағы» қысқы мал жайылыстары жөніндегі және Жайықпен іргелес жерлерде көшудің ерікті болуы жөніндегі мәселе Нұралы ханның қоластына қарағаң қазақтардың шаруашылығы үшін шешуші мәселе болады. Бұл мәселе тек қазақ шонжарларының, атап айтқанда сұлтандар мен ру билерінің ғана емес, мұнымен қатар халық бұқарасының жалпы мүддесіне тиеді. Ханның осы мәселені шешуге шамасының келмеуі қазақ халқының алдында оның беделін мүлде төмендетеді. Сыртқы саяси қарым-қатнастар жөнінде оқшау қалған хан жүз ішінде де өзін қолтықтайтын ешкім таба алмайды. Осы жағдайларда Нұралы лажсыздан патша әкімшілігімен жақындасуға ұмтылады. Сондықтан Нұралы осы жолға түседі. Ол Орынборға бұлжытпай аманаттар беріп тұрады, Орынбор әкімшілігінің орыс тұтқындарын шығарып беру жөніндегі талаптарын, сонша ойдағыдай болмаса да, қашанда орындауға тырысады, қазақ даласын басып өткен керуендерді қорғауды өзінің міндетіне алады[1].

Жер мәселесі басты мәселе болса да, ол қазақтардың патша әкімшілігіне және өздерінің ханына сенімсіздік туғызған тек бір ғана мәселе емес, қазақтардың көшіп-қонуына шек қою тәртібі ғана емес, оның үстіне патша отрядтарының қазақ ауылдарын шауып-шаншуы да қазақтарды қатты күйзелтеді.

---

1 Бұл міндеттер 1763 жылы октябрьде жасалған ерекше шартта айтылған, шарт хан мен Орынбор губернаторы Д. В. Волковтың арасында жасалады (қараңыз «Қазақ ССР тарихы жөніндегі очерктер», 169-бет).

Отрядтар қазақ ауылдарына тұтқындарды шығарып бермедің, малың пішенге түсіп кетті, орыс қалаларын шаптындар деген сыяқты түрлі сылтауларды себеп етіп келіп шабуыл жасап отырады. Шабуылдар тіпті ойдан шығарып алған сылтаулар арқылы жиі жасала береді. Мысалы, тегі орыс негізгі деректерінде «шекара барымтасы» дейтін шабуыл бүкіл бекініс линиясының бойында үнемі қолданылып тұрады, бірақ мұның жиілігі барлық жерде бірдей болмайды. Бұл шабуыл неғұрлым Төменгі Жайық линиясының бойында көп жайылған, мұның ұйымдастырушылары Жайықтағы қазақ-орыс әскерлерінің старшиналары. Бұл шабуылдардың көп болатын себебі, шабуылға қатнасқандар олжа түсіріп, ауқаттанып қалып отырады. Мұны Орынбор әкімшілігінің өзі де мойындайды[1]. Әдетте линияға жасалған шабуылдарға орыстардың жеңіл-желпі отрядтары жете алмайтын алыстағы ауылдардың қазақтары қатнасып отырған, ал мұның жазасын шабуылға мүлде қатнаспаған, шекараға таяу жерде көшіп жүретін ауылдар тартқан. Бүтіндей неше ауылдардың талқанын шығарған бұл шекара барымтасы «әбден шыңына жетіп, зығыры қайнаған қырғыз-қайсақ халқының» қарсыласуын басудың негізгі әдісі деп қаралған. Мұны 1789 жылы Симбирь және Уфа наместничестволарының генерал-губернаторы О. А. Игельстромның өзі де осылай деп мойындаған. Нұралы хан осы шекара барымтасының мәселесі жөнінде де қорқып, жөнді ештеңе істей алмай, тек Орынбор губернаторының және Петербург өкіметінің атына арыз жазып наразылық білдіріп қана қояды.

Ең ақырындағы үшінші мәселе — қашқан құлдар жөніндегі мәселе. Нұралы хан «Ішкі жаққа» көшу жөніндегі және шекара барымтасы жөніндегі мәселелерді шеше алмаған сыяқты, осы үшінші мәселені шешуде де әлсіздігін білдіреді. Құл-

---

[1] Бұл жөнінде Орынбор соғыс губернаторы Н. Н. Бахметевтің айтқаны көзге түседі. Ол өзінің император Александр 1 ге 1802 жылдан бұрынырақ уақытта берген хабарында мынадай деп жазған: «линия бойындағы барлық бастықтардың қолдануына рұқсат етілген жазалау шарасы қазақтарды аздырып-тоздырып талан-таражға ұшыратуы сондай, барымта деп алынған малдың мыңнан жүзі иесінің қолына тимейді, шекараға жете алмай өлді деген сылтаумен мал барымта басшысының тағы басқаларының қолында қалып отырады, сөйтіп, осы жаман әдет арқылы өзіне мүлік жыйнап алғандар да көп». (ЛОМТА, мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, — 1802, іс № 290, 6-бет).

дардың даладан қашуы әсіресе XVIII ғасырдың 50-жылдарынан бастап көбейіп кетеді. Хан қаншама тырысса да, қашқан құлдарды ешкім қайта шығарып бермейді[1]. Патша өкіметі келіскен тек бір ғана мәселе қашқан құлдар рекрутқа беріліп тұрады деп қазақ ауылдарына хабар беріп тұрмақшы болады[2]. Әрине, құлдардың қашуы барлық қазақ халқына емес, тек қазақ білікті адамдарына ғана зиянды болады, өйткені бұлардың шаруашылығында құл еңбегі әжептәуір орын алатындығын біз жоғарыда білдік. Дегенмен, қашқан құлдар жөнінде ханның орыс өкіметтерімен жазысқан қағаздары қазақтардың көшіп-қонуларына шек қойылуы жөнінде жазылған қағаздардан кем болмайды, ал бұл мәселені ханның қанағаттанарлықтай шешуге шамасының келмеуі оның вассалдарының арасында беделінің түсуіне үлкен себеп болады.

Атап көрсететін маңызды және керекті мәселе, қазақ халқының өмірінде шешуші орын алған осы үш мәселе жөнінде Нұралы ханның ештеңе өндіре алмауы қазақ қоғамының ең көп деген топтарының арасында ханға үлкен наразылық туғызады, сонда бұл наразылық патша өкіметінің отаршылдық саясаты материалдық үлкен залал келтіргендігінен ғана туып қоймайды. Ханның әлсіздігінен, оның патша өкіметтерімен арасындағы қатнастарынан ештеңе шықпауынан хан өкіметінің беделі түскендігі көрінеді. Наразылық хан өкіметіне қарсы емес, ханның өзіне қарсы және сұлтандарға, оның туысқандарына қарсы күшейеді. Өйткені, старшиналардың көбі және халық санасы жетпегендіктен хан өкіметін қазақ мемлекеттігінің идеясы деп біледі. Нұралы ханға наразы болғандар ол хан болды деп наразы болмай, ж а м а н хан деп наразы болады[3].

---

[1] Мынадай тәртіп қолданылған: егер де қашқан құл империя қоластына қарағаң халықтардың (башқұрттардың, қалмақтардың) адамы болса, онда мұндай құл ешқандай жағдайда шығарылып берілмеген. Ал қашқан құл басқа халықтардан, мысалы, өзбектерден, қарақалпақтардан, тағы сондай халықтар арасынан шыққан адам болса, онда мұндай құл, егер ол орыс дініне кіруден бас тартқанда ғана шығарылып беріліп отырған. Бірақ өмірде мұндай бас тарту өте сирек кездескен.

[2] 1759 жылдың 12 сентябріндегі указ.

[3] Бұл жөнінде көзге түсетін бір мәселе мына бір болымсыз жағдай. Бірақ болымсыз бола тұрса да Нұралының беделі түсуінде көрнекті орын алған. Тимашевтің зерттеуші партиясына (XVIII ғасырдың орта кезінде пайдалы кендер іздеу мақсатымен қазақ даласына зерттеуші партиялар жиі-жиі жіберіліп тұрған) қатнасқан башқұрттар 1760 жылы, ханның елшілері ретінде Орынборға барып қайтып келе жатқан жолында, Мәмбет-

Нұралы өз өкіметінің беделі түскендігін жақсы біледі дағы, өзінің вассалдарына үміт артуын тоқтатады. Өз беделін нығайтудағы барлық үміттерін ол енді неғұрлым патша әкімшілігіне арта түседі. Ол Орынбор губернаторынан Жайық жағасынан бекініс салып беруді өтінеді, бұл бекініс халық наразы бола қалған күнде сенімді қорған етерліктей болсын дейді және өзінің қарауына бір полк орыс әскерін сұрайды.

Сөйтіп Нұралының «өзбетімен ел билеуі» осылай қалыптанады. Бұл өзінің вассалдарының берілгендігіне сенбейтін және өз халқынан қорқатын феодалдың өзбетімен ел билеу жолы. Аблай мен Нұралының сыртқы саясат жөніндегі әрекеттерінің нәтижелеріндегі айырмашылықтар тіпті үлкен болуына қарамастан, осы хандардың екеуі де мемлекеттік өкіметтің ішкі ұйымдастыруы жөнінде бір бағытта ұстанған. Ол бағыт — мемлекеттік өкіметті буып келген патриархтық-рулық шеңберді бұзу.

Пугачевтің қазақ халқы бұқарасы да қатнасқан шаруа соғысы Кішіжүздің қоғамдық-саяси өміріне көзге түсерліктей бірқатар жаңалықтар енгізеді. Россиядағы шаруа соғысы қазақ халқы бұқарасының белсенділігін бірдей оятып жібере алмайды. Пугачев өз ісін қазақтардың қолтықтауына үлкен маңыз берген. 1773 жылдың күзінде ол қазақ ханына неше қайтара сөз салады, өзін Петр Федорович патша деп тануын талап етеді[1]. Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандар Пуга-

---

алы деген сұлтанды және көрнекті 20 қазақ старшиналарын өлтіреді. Қазақтың көпшілік пікірі бұл өлтіруді ұйымдастыруда Орынбор әкімшілігін айыпты деп біледі, дұрысында Орынбор әкімшілігі онша кіналы емес болады. Ел қатты қынжылады. Бұған хан туысқандары да қосылады. Айшуақ сұлтан шекара линиясына шабуыл жасау үшін 10 мың жігіт жинайды. Бірақ хан өзінің әдетінше қағаз жүзінде зілсіз наразылық білдірумен ғана тынып қояды. Сондықтан наразылықтың ызғары ханға қарай бұрылады. Оны әлсіз, деп хан өкіметін аяққа басты деп кінәлайды. Өзінің сұлтан туысқандарының кегін ала алмаған адам хан емес — дейді Нұралы.

[1] Пугачевтің қазақ білікті адамдарымен арадағы қатнастары жөніндегі мәселе әдебиетте толық айтылған. Бұл қатнастар туралы айтылған сөз Пушкиннің «Пугачев бунтының тарихы» деген кітабында да кездеседі. Бұл туралы Дубровин де («Пугачев және оның серіктері»), тағы басқалары да айтқан. Осы мәселе А. Рязановтың Пугачев көтерілісі және Кішіорданың ханы Нұралы (Советская Киргизия, 1924, № 8—9) деген мақаласында, сол сияқты А. П. Чулошниковтың Қазақ-қырғыз көшпелі ордасы және пугачевщина (Новый Восток, 1929, № 25) деген мақаласында толық қаралып еткен.

чев жөніндегі екі түрлі бағыт ұстанады: бұлар өздерінің хаттарында Пугачевті Петр Федорович патша деп атайды және мұнымен қатар Орынбор әкімшілігімен хат жазысып тұрып, өздерінің берілгендіктеріне сенім береді[1]. Қазақ шонжарларының Пугачевпен қатнастас болғандығын дерек етіп М. Н. Покровский айтқандай, қазақтардың шаруа соғысына қатнасуын да «мемлекеттік» кейіп, болды десек, яғни қазақтар бұл қозғалысқа өздерінің сұлтандарын[2] басшы етіп келіп қатнасты десек үлкен қате болар еді. Дұрысында да 1774 жылы жазғытұрым Пугачевтың ең бірінші рет жеңіліп қалған кезінде-ақ қазақ сұлтандары патша өкіметі жағына мүлде ашық түрде шығып, Пугачевпен байланыстарын үзеді. Досалы сұлтан да осылай істеген. Тек Сейдалы ғана Пугачев Москвада өлтірілгеннен кейін де патша өкіметіне қарсы белсене күрес жүргізе береді. Қазақ шонжарлары қозғалыстан 1774 жылы бой тартып кеткен болса, қазақ халқы бұқарасының күресі 1774 жылдың июль — август айларында неғұрлым үдей түскен. Бұл уақытта күрестің кейпінің өзі де өзгереді. Егер де бұрын, 1773 жылдың аяғында — 1774 жылдың басында, қазақтардың қозғалысы орыс қалаларына шабуыл жасау, мал айдап алу, тұтқынға адамдарды ұстап әкету сияқты «шекара барымтасының» формасында болса, 1774 жылдың жазында бұл күрес орыс әскерлерінің отрядтарымен шайқасу, орыстың бекіністеріне шабуыл жасау жолымен жүргізіледі, яғни күрестің кейпі Россия патшасының күштеріне қарсы күресу түріне айналады[3].

Қазақтар күресі ханның және атақты старшиналардың

---

[1] Хандардан басқа Пугачевпен белсене байланыс жасаған адам Досалы сұлтан. Ол Пугачевтің ставкасына өзінің баласы Сейдалы сұлтанды 200 қазақ қосып жібереді. Айшуақ Пугачевпен тәте байланыс жасамаған көрінеді, бірақ патша әкімшілігіне қарсы жаулас бағыт ұстанған. Граф Панининнің фондында сақталып келген материалдарға қарағанда (ЕДАОМА, мемлекеттік архив, граф Панининнің фонды, № 68) Ералы сұлтан мен Есім көтеріліске қатнаспаған көрінеді.

[2] Осы концепцияға мен басқа бір жерде сын бергенмін, осы «очерктерден» қараңыз, 182—184-бет.

[3] Қазақ халқы күресінің, сол сияқты оның кейпінің өзгеруін зерттеуге қазақтардың орыс бекініс линиясына шабуыл жасаулары туралы өте бір қажетті «Экстракт» мүмкіншілік береді, бұл экстрактты граф П. Панининің тапсыруы бойынша П. И. Рычков 1774 жылдың аяғында жасаған. Осы экстракт ТИЛБ архивында сақтаулы, «граф Воронцовтар жыйнағының» фонды.

басшылығымен емес, бұлардан бөлек жолмен күшейеді. Мұны дәлелдейтін дәлді мәліметтер бар. 1774 жылдың январь айының өзінде-ақ Беріш және Серкеш руларының қазақтары бекініс линиясына шабуыл жасау үшін, «Нұралы ханнан және атақты старшиналардан жасырып[1], қару-жарақты отрядтар ұйымдастырады. Бұл, қалай дегенмен де, хан және онымен туыстас сұлтандар жөнінде даусыз дұрыс айтылған сөз. 1774 жылы август айының басында, яғни қазақ халқы бұқарасының қозғалысы өте күшті өрлеп тұрған кезде, Нұралы Жайық қаласының комендантынан халық қозғалысын басу үшін жәрдем сұрайды, ол «қырғыз-қайсақтар соғысқа мойын ұсынып кетті, солардың бетін қайтаруға менің шамам келмей жатыр»,— деп жазады[2]. Қозғалыс ханның бақылау шеңберінен шығып, оның айтқанына қарамай дамый береді[3].

Білікті старшиналардың ұстанған беті қыйынырақ айқындалады. Дегенмен, біз жоғарыда келтірген мәлімет осылар жөнінде де мейлінше дұрыс келетін көрінеді. Қалай дегенмен де, жүз арасында болған және қазақ шонжарларының өте зер салып жүрген орыс конфиденттері көтерілісшілердің әрекеттерін белсене қолтықтады деп Сырым батырдан басқа ірі старшиналардың бірде-бірін атамайды.

Міне, қазақтардың халық бұқарасы күресінің Россия патшалығына қарсы күресінің осы даму процесі үстінде «Ішкі жаққа» көшу жөніндегі мәселе де шешілген. 1773 жылы күз аяқтап, қыс кіре бастаған кезде толып жатқан қазақ үйлері Жайықтың оң жақ бойына көшіп шығады. Бұл кезде Пуга-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 60, 1774, іс № 3, 32-бет.

[2] ЕДАОМА, граф П. И. Панининің фонды, № 68, 1773—1774, іс № 5, 301-бет.

[3] Ханның бөтен пікірі жоқ екендігіне 1774 жылы жазда патша әкімшілігі күманданбайды. Қалай дегенмен де, Орынбор губернаторы Рейнсдорп 1774 жылы 8 июль күні Екатерина II ге мынадай хабар береді. «Нұралы хан өзінің балаларымен және аға-інілерімен қоса бұлжымай сенімді болып қалатын көрінеді және орыстың тілектерін орындауға тырысатын сияқты» (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К, 47, 1763—1775, іс № 16, 394-бет). 1774 жылы январь айының өзінде қолға түскен Тойұлы дейтін бір қазақ, — Пугачевтан Нұралыға талай рет елшілер келіп, оны Пугачев жағына тартпақшы болды, бірақ хан «оның императорлық ұлық дәрежесіне менің ниетім дұрыс деп, бұлардың айтқанына көнбеді», — деп көрсеткен (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 60, 1774, іс № 3, 55-бет).

чев та Орынборды қамап тұрады. Шекарадан өткен ауылдарға қарсы патша өкіметі жазалау шараларын қолдана алмайды, өйткені қазақтардың қозғалысы күшейіп кетуінен қорқады. Оның бержағында, патшалықтың шығыс өлкелердегі барлық күші Пугачевке қарсы күресумен болып жатады, мұның үстіне шығыс өлкелеріндегі күштерді, оның бір бөлегін түрікке қарсы соғыска жіберу салдарынан әлсіреп қалады. Жайықтың оң жақ бойына шыққан ауылдардың ішінде Нұралы ханның және онымен туыстас бірқатар сұлтандардың (Айшуақ, Есім, Шұралы) ауылдары болады, Ханның өзбетімен келіп көшіп өткеніне патша өкіметтері қатты тыйышсызданады. Нұралының бұл көшуі оның патша өкіметіне ниетті өзгерткендігінен, оның Пугачев жағына шығып кеткендігінен болып отыр емес пе екен деген қауып туады. Бірақ қауыптану бекер болады. Ханның өзі 1774 жылғы хаттарының бірінде «мен көшкенде Пугачевтен қауыптанып көштім және малға жер тар болып, лажсыздан көштім» деп түсіндіреді[1]. Ханның жер тар болды дегеніне әбден сенуге болады. Қолға түскен бір қазақ та өзінен жауап алғанда осыны дәлелдеген. Ол былай дейді: Нұралы «барлық халқын, мұлкін және малын алып ана жақтан Жайықтың төменгі бойына теңізге қарай көшкенде, Россияға қастық ойлап көшкен жоқ, малға жайылыс іздеп көшті». Сөйтіп, қазақтардың Жайық пен Еділ арасындағы жерді қыстау үшін пайдалансам деген тілегі хан мен патша өкіметтері арасында жазылған қағаздар арқылы іске аспайды, Россиядағы шаруа соғысының жылдарындағы халық бұқарасы қозғалысының өрлеуі нәтижесінде іске асады. Жайықтың оң жақ бойын қысқы қоныс үшін қазақтар басып алғанда, оларды Нұралы бастапты деген ешқандай мәліметті көргеніміз жоқ. Ол тек көпшіліктің қозғалысына бағынып, басқа ауылдармен бір көше береді, сөйтіп жүріп ол патша әкімшілігіне өзінің берілгендігін білдіріп те отырады. Жазғытұрым қазақтар өз даласындағы жазғы жайлауына қайтып келеді, ал 1774—1775 жылғы қыста «Ішкі жаққа»[2] қайта көшіп барады. Кішіжүздегі толықсу болып жата береді, үкімет те бұрынғысынша жа-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 60, 1774, іс № 1, 18-бет.

[2] Бұл да сонда, іс № 3, 31-бет.

залау шараларын қолданудан бой тарта тұрады. 1775 жылдың сентябрь айында Керей руында қозғалыс шығады, ал көп ұзамай-ақ Табын және Тама руларына жайылады. Бұл қозғалысты «Невидимка» (қазақша — «Көзге түспес» деген сөз) деп атайды. «Невидимка» үгіті Пугачевтің атағымен байланысты болады — қазақтар өздерінің қоныстап жүрген жерінің шегіне «патшаның» жаңадан келуін күтеді. Пугачевтің өлтірілгендігі туралы ел ішіне хабар жетіп жатады, бірақ халық бұқарасы дон казак-орысы Пугачевтің атағын Петр III тің атағымен байланыстырмайды. «Невидимка» қозғалысына басшылық істеген «қарапайым халық» арасынан шыққан бір әйел. Кішіжүзден көтеріліс шығу белгісі тағы да біліне бастайды. Қозғалыс тез жайылып, 1775 жылдың декабріне, Табын және Тама руларының үстіне, Шекті, Шөмекей және Байбақты руларының ауылдарын да қамтыйды. Көтеріліске Сейдалы сұлтан да келіп қосылады[1]. Кішіжүзде қозғалыс күшеюінің осы жағдайларында патша өкіметі қазақтардың қысқы уақытқа «Ішкі жаққа» көшуін заңды етуге мойындайды. 1775 жылғы 7 ноябрь күнгі указ бойынша Сыртқы істер коллегиясы бұл көшуге рұхсат береді[2]. Бұған үкімет амалсыздан көнеді және патша өкіметінің шығыс шекараларында нығаюына қарай, бұл рұхсат жойылуға тиіс немесе оған шек қойылуға тиіс. Дұрысында да, солай болып шығады. Малдың айдалып өтуіне рұқсат берілгендігіне, әсіресе, Орал казак-орыс әскерлерінің старшиналары наразы болады. Әскерлік канцелярия өкіметке неше қайтара сөз салып, «Ішкі жаққа» қазақтардың мал айдап өтуіне тыйым салуды өтінеді, бұл мал айдап өту әскердің балық аулау шаруашылығына залалы тиді, және станицалардың даярлап қойған пішендерін қазақтардың малы бұлдіріп отыр, — дейді.

1782 жылы 27 декабрь күні генерал-губернатор Апухтиннің

---

[1] «Невидимка» қозғалысы туралы толығырақ мәліметтерді қараңыз. А. Ф. Рязанов. Пугачев көтерілісінің қырғыз-қайсақ Кіші ордасындағы жаңғырығы. Советская Киргизия, № 1, 1925, «Қазақ ССР тарихы жөніндегі очерктер», 193-бет және одан әрі. «Невидимка» жөніндегі соңғы мәліметтер 1776 жылдың июль айына тиісті, бұл «Невидимканың» Нұралы хан аулымды шабады деп Қыйыл өзенінің арғы жағына көшіп кеткен уақыты.

[2] Рұқсат тек 1775 жылға ғана берілген.

атына указ шығарылып, малды айдап өтуге Оралдың арғы бетіндегі далада жұт болғанда ғана рұқсат берілсін және қазақтар жерді жалдап алатын болсын делінген әлгі указда[1], Сөйтіп, қазаққа өз еркімен жерін жалға беретін жер иесі табылмаса, малды өткізбеуге сылтау табылатын болады, өйткені қазақтың малы «Ішкі жақтың» бос тұрған жеріне өткізілмесін деп указда тыйым салынбаған болса да, мал айдап өткізуге ерік берілсін деп ашық айтылған сөз де болмайды.

Ақырында, әскерлік канцелярия және Шекара экспедициясы бұл заңды әлгі айтылған мағнада ұғынуға талаптанады, мұнымен қатар, қазақтардың Төменгі Оралдың сол жақ бойындағы жерлерді пайдалануына шек қояды. Бірақ малды айдап өтуге 1782 жылы тыйым салынбаған. Шекара экспедициясы указға сүйеніп, тек линия бойында тосқауыл күзетті күшейтуге жарлық береді, ал бекініс комендanттарына қазақтардың малдарын ақы алып және «қырғыздардың тыныш жүруіне кепіл ретінде, аманат алып өткізіндер дейді[2].

Қазақтардың Пугачев бастаған шаруа соғысына байланысты қозғалысының екінші бір ірі салдары — Кішіжүзде вассалдық қарым-қатнастардың бұдан әрі де ажырауы. Біз жоғарыда айтып өттік, өштескен шаруа соғысына яғни Пугачевке қосылсам ба екен немесе патша өкіметіне қосылсам ба екен деп екі ойлы болуын Нұралы 1774 жылдан бастап қояды. Хан пат-

---

[1] Мұның екінші жері, бұл указ заңдардың толық жыйнағында да және Дала облыстарының қырғыздары туралы заңдар жыйнағында да басылып шықпаған (Крафат, Орынбор, 1898). Мұны өзім қарап өткен фондтардан да мен таба алмадым. Указдың қазақ жер пайдалануы жөніндегі жерінің мазмұнына Уфа вице-губернаторы И. М. Баратаевтың генерал-губернатор С. К. Вязмитиновқа 1794 жылы 29 ноябрь күні берген рапортын (ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1795, іс № 145, 3-бет). Орынбор шекара істері экспедициясының граф А. Р. Воронцовқа 1787 жылы 5 апрель күні берген рапортымен (ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 553, 275-бет) салыстырып барып тағайындалады. Осы документтердің екеуінен де указдан алынған көшірмені көреміз, өйткені бұларда указ көшірмесінің мазмұны да және формасы да біріне-бірі ұйқас келген, ол мынау: «егер де қырғыздар Уфа және Орынбор жерлеріне көшіп келіп, жұт салдарынан малдарын осы облыстардың жерлеріне жіберсе, онда мүмкіндігіне және қолайына қарай, жерді жалдап алатындар, және жалға беретіндер болса, патша қоластына қарайтындардың араларындағыдай, ерікті келісім қолданылуға тиіс.

[2] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 553, 275-бет.

ша өкіметін қолтықтау бағытын айнымастай болып ұстанады және онымен туыстас сұлтандар да осы жолға түседі. Дегенмен, ханның өзінің де және бірқатар сұлтандардың да (Айшуақ, Досалы) патша өкіметі алдында сенімі әжептәуір кетіп қалады, оны бұлардың өздері де жақсы біледі. Бұлардың алдында ендігі тұрған міндет — патша алдында өздерін қайтадан сенімді ету болады. Жергілікті әкімшіліктің атына және Петербургке ханнан және сұлтандардан толып жатқан қағаздар түседі, осы қағаздарда бұлар өздерін ақтаумен қатар, бірінің үстінен бірі шағым айтады. Хан тұқымының мүшелері арасында бет-бетімен жайылу, өзара сенбеу, біріне-бірі қас болу деген сияқты әңгімелер күшейіп кетеді[1]. Мұның өзі феодалдық берекесіздікті күшейтеді және вассалшылдық қарым-қатнастардың тіпті ханның жақын деген туыстарының арасында да іргесін қозғайды. Мұның үстіне, ханның старшиналардан бой тартуына хан тұқымының ішіндегі, сұлтандар арасындағы алауыздық пен араздық келіп қосылады. Ханның старшиналардан бой тартуы XVIII ғасырдың 50-жылдарынан бері ашық көзге түсе бастайды. Сонда сұлтандардың ханға вассалдық қарым-қатнаста болуының беріктігі хан өкіметінің негізгі тіректерінің бірі болған.

XVIII ғасырдың 70-жылдары Кішіжүзде хан өкіметінің дағдарысқа ұшырағандығы «ақсүйек» білікті адамдар өкілдерінің арасындағы вассалдық қарым-қатнастардың әлсіреуі-

---

[1] «Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары» фондыдағы, ЕДАОМА да сақтаулы, бірқатар тиісті документтер «Материалдардың» III томы үшін баспаға әзірленген. Қолжазбасы ТИЛБ де сақтаулы. Мұндай шағым арыздар XVIII ғасырдың 80-жылдарында да беріліп келген. Осы арыздардың хан жазған біреуі сол жыйнақта жарияланған, IV, іс № 3, әлгі айтылғанды суреттеу үшін сол документтен үзінді келтіреміз, ол мынау: «Мен осы жақында хабар алдым, менің інім Айшуақ сұлтан, балам Ғизалы сұлтан, әрбір қырғыз-қайсақ руына, Табын және Шекті руларына өзалдына, өздерінің балаларына және Ералы сұлтанға мынадай хат жазады: егер де біз осы жерден, яғни Орынборданан босанатын болсақ, орыс халқына біздің жақындасуымыз болмайды және қолымыздан келгенше кек алуды қоймаймыз» тағысын тағылар. Документ подлинник түрінде емес. XVIII ғасырдағы ведомстволық аударма түрінде сақталған.

нен және хан мен старшиналар арасындағы одақтың бұзылуынан көзге түседі

Дегенмен, есте болу қажет, Нұралы хан өкіметінің өте әлсіреуіне қарамастан, бұл феодал тұқымының беделі әлі де әжептәуір күшті болып қала береді. Байұлы және Жетіру әулеттерінің толып жатқан общиналары Абулхаир ханның тұқымынан шыққан уәкілдердің қарауында болады. Хан үкіметінің дағдарысы Нұралы ханның күш-қуаты және беделі төмендеуінен білінеді, бірақ оның саяси жөнде жалғыз қалуынан әлі де біліне қоймайды. Вассалдық қарым-қатнастар әжептәуір әлсірейді, бірақ әлі біржолата үзіліп қалмайды.

Нұралының тек халық бұқарасы мен ру старшиналарынан ғана емес, мұның үстіне өзінің ең жақын деген вассалдарынан — сұлтандардан да қол үзуі сырттан таяныш іздеу жөніндегі мәселені хан алдына ерекше күшті түрде қояды. Егер 60-жылдарда хан өзінің орыс өкіметтеріне жазған кейбір хаттарында қазақ халқының мүддесін іздеген болса (мысалы қысқы қоныс жөніндегі ұзаққа созылған қағаз жазысулар), енді 70-жылдардың екінші жартысында, ол орыс өкіметтерімен арасындағы қатнастарында қазақтардың мүддесін қорғайтын уәкілі ретінде емес, патша әкімшілігінің айтқанын істейтін көнімді уәкіл ретінде көзге түседі. Ол хан атағына ие болған патша чиновнигіне мүлде айналып кетеді, ол қазақ мемлекеттігінің уәкілі болмайды, қазақ даласындағы орыс мемлекеттігінің уәкілі болып алады.

Осының бәрі ханға қарсы және оның төңірегіндегі сұлтандарға қарсы наразылықтың күшеюін жақындатады. Бүкіл халық бұқарасы және ру білікті адамдары қатты наразы болады. Қазақ халқының өмірдегі негізгі екі мәселені шешу жолын табу керек болады: оның бірі — күннен-күнге азып-тозып бара

Кішіжүзден хан өкіметінің дағдарысы туралы айтқанымыздың бәріне тағы бір керекті ескерту жасап өтуіміз керек. Бұл дағдарыс бүкіл Кішіжүзге емес, Нұралы хан билеген жерлерге ғана тиісті дағдарыс Сырдария ауданында старшиналармен «ақсүйек» білікті адамдар арасындағы қарым-қатнастарда біз қарастырып өткен дәуірде Абулхаир хан Россия қоластына қарағанға шейінгі қарым-қатнастармен салыстырғанда көрнекті өзгерістер болмаған. Бірақ бұл аудандарға Нұралы ханның өкіметі жайылмаған: 70—80-жылдарда мұнда біз білетін Батырдың ұлы Қайып сұлтан хан болып тұрады. «Ақсүйек» білікті адамдардың үстемдігі Сырдария ауданында вассалдық қарым-қатнастардың жоғарыда айтылған системасы негізінде құрылған.

жатқан қазақ мемлекеттігін оңалту, екіншісі — жер мәселесін шешу. Осы екі проблеманың екеуі де біріне-бірі біте байланысты болады. Сырым батыр қозғалысының тууына хан мен патша өкіметтерінің жеке бастарының шайқасулары емес, осы негізгі мәселелер себеп болады және Сырымның қозғалысын бүкіл халық бұқарасының қолтықтауын қамтамасыз еткен де осы негізгі мәселелер. Бұл қозғалысқа тап жағынан әртүрлі күштер: еңбекшілер бұқарасы да, ру басшылары да қатнасады. Патриархтық-рулық салт-сананың үстем жағдайларында мұның өзі қозғалыстың бұрын ешкім көрмеген түрде күшті болуын қамтамасыз етеді, қозғалысқа бүкіл халықтық сыйпат береді, бірақ бұл қозғалысқа қатнасқан күштердің тап жағынан алып қарағанда әртүрлі болуы, мұнымен қатар, бұл қозғалысты аздырып, ақыры келіп оны апатқа ұшыратқан себептердің бірі болады.

СВЕТИМ

IV ТАРАУ

НҰРАЛЫ ХАННЫҢ ТАҚТАН ТҮСІРІЛУІ

1783 жылдың көктемі кірісімен шекара линиясы өте тыныш-сызданып кетеді. Қазақтардың бекіністерге шабуыл жасауы, адамдарды ұстап алып кетуі, малды айдап алуы жиілейді. Генерал-губернатор А. И. Апухтин Сыртқы істер коллегиясына, — Тасболат және Ейболат деген старшиналар басқан бір топ қазақ март айының аяғында Гирьял бекінісіне шабуыл жасады, гарнизонның бірнеше адамын тұтқындады, қаншама малды айдап алып кетті деп хабар береді. Алынған мәліметтерге қарағанда, қалада, Орынборлың солтүстік-шығыс жағында, Тама руының Қадыр және Садыр старшиналарының басшылығымен отрядтар құрылады. Бұлардың сондағы мақсаты — Красногор бекінісіне және Ильинск бекінісіне жақын тұратын Татар слободасына шабуыл жасау болады[1] Хан және сұлтан Досалы, қазақтардың қозғалысын басу өздерінің қолдарынан келмей, тіпті 1782 жылдың өзінде-ақ қырға жазалаушы отряд жіберуді өтінеді[2]. Сонда хан мұнымен қоса, «осы ұры қырғыздардың жүрген жерін көрсетіп беру

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 10-бет.

[2] Бұл да сонда, 12-бет.

үшін» әдейі арнап өзінің адамдарын да жібереді. Міне, Орынборлық — комендантты Ладыженский осы жағдайды пайдаланады да, С. Харитонов деген сотникті бас етіп, орынборлық казак-орыстардан қазақ ауылдарына отряд жібереді және бұл отрядқа 1500дей башқұрттарды қосып береді. Харитоновқа Қобда, Ойыл және Сағыз өзендерінің ауданына бару туралы, қазақтар Гирьял бекінісіне шабуыл жасамас бұрын, тапсырма беріліп қояды (Қобда, Ойыл, Сағыз өзендерінің ауданы — Тама руының жазғы жайлауы). Бірақ, қазақтардың Гирьял бекінісіне шабуыл жасағаны туралы және Тама руының старшиналары Қадыр мен Садырдың даярланып жатқаны туралы хабар алған соң, Харитонов беталысын өзгертіп, Досалы сұлтанның шапқыншысы Ораз деген қазақтың сілтеуі бойынша, Тама руының қысқы қонысына қарай тартады[1]. Қазақтар отрядтың келе жатқандығы туралы хабар алып, малдарын 4 күн бұрын далаға айдап тастайды да, Харитоновтың отрядына қатты қарсылық жасайды, сөйтіп, отряд қазақтардың тастан соққан бекінісін әрең дегенде барып бұзып алады. Осы экспедицияның нәтижесінде 56 қазақ қолға түседі. Бұлардың ішінде, Нұсқаудың айтуына қарамастан, әйелдер де тұтқындалады. Бұған Харитонов «Башқұрттар түгел қырып тастайтын болған соң» алдық деп түсінік береді[2]. Мұның үстіне толып жатқан мал шауып алынады. Қолға түскен қазақтар қазна жұмысына жіберіледі, бұлардың қатындары мен балалары қала маңындағы Сеит татары слободасында тұратындардың «қарауына» беріледі, ал тартып алынған малдары «қырғыздардан жәбір көрген адамдардың шығынын өтеу үшін берілген»[3]. Қазақ ауылдарына қандай шығын келтірілгендігін есептеп білудің мүмкіндігі жоқ, өйткені Орынбор казак-орыстары мен башқұрттардың нақтылы қанша мал тартып алғаны мәлім емес. Қолға түскендердің арасында Қадырдың қатын-баласы да болады, сондықтан генерал Апухтин Сыртқы істер коллегиясына Қадырдың шабуылынан енді қауыптануға болмайды, — деп хабар береді.

---

[1] Тама руының қысқы мал жайылысы Сахарная бекінісінен Россыпная бекінісіне шейінгі шекара линиясымен қанаттас болған.

[2] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 14-бет.

[3] Бұл да сонда, 12-бет.

Осы шабуылдардың бәрі қар кетпей тұрып жасалған. Жаз шығып, ел көше бастасымен линияда күрес күшейе түседі. Күрес әртүрлі формада жүргізіледі. Керуендерге шабуыл жасалады, мұның өзі Орта Азия хандықтарымен арадағы сауданы саябырлату қаупын туғызады. Мысалы, Ормантау руының қазақтары Каралин деген купецтің керуенін ұстайды, Валит Муслимов деген Қазан татарының керуенін талайды. Сұлтан Ералы өзінің баласы Жантөре сұлтанға Бұхарадан Россияға бара жатқан керуенді ұста деп бұйрық беріпті деген хабар алынады[1]. Бекіністерге де әжептәуір шабуылдар жасалады. Мысалы, май айының басында Верхнеурал дистанциясының Қарағай бекінісіне шабуыл жасалады. Бекіністің өзі аман қалады, бірақ жергілікті халықтың малы таланады. Орынбор мен Илецкая защита арасындағы қатнасқа қауып туады. «Алтын руының батыры Айралы көп қазақтарды жыйнауды және осы жазда орыс еліне шабуыл жасайды[2] деген хабар алынады. Отаршылдыққа қарсы қозғалыстың осы өршуімен күресуге жергілікті әкімшіліктің шамасы келмейді. Шабуыл жасаушылардың соңына түсу үшін елге қару-жарақты отрядтар жіберіледі. Бірақ бұдан, жергілікті өкіметтер айтқандай, «ат болдырып» қашан да жөнді нәтиже шықпайды. Патша әкімшілігінің қазақ иелеріне сөз салуынан да ештеңе өнбейді.

1783 жылдың жазында қазақтар мен әскер отрядтарының арасында болған шайқасуларды және линияға, линия ішіне жасалған шабуылдардың бәрін санай берудің қажеті жоқ. Мұндай уақыйғалар айта берсе толып жатыр. Бірақ ірі шабуылдар генерал-губернатор А. И. Апухтиннің Сыртқы істер коллегиясына берген хабарларында айтылмайды. Жер орайынан алып қарағанда, бұл шабуылдардың көбі Орск бекінісінің ауданында және Нижнеурал дистанциясында болған қазақтардың шабуыл жасағанда істейтіні — мал шауып алады, адамдарды байлап алып кетеді, башқұрттармен шайқасады. Кейбір шабуылдардың жасалатындығын патша әкімшілігі қазақтардың шонжарлары арқылы алдынала біліп отырады. Мы-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 17-бет.

[2] Бұл да сонда, 19-бет. Орыс негізгі деректерінде Алшын руы деп көбінесе Шекті руы аталады.

салы, Нижнеурал дистанциясына қазақтардың Серкеш деген руын бастап, Дулат деген старшинаның шабуыл жасағалы жүргенін полковник Бородинге сұлтан Айшуақ билейтін елдің Тама деген руынан шыққан Байқадан деген қазақ жеткізген. Орск ауданындағы бекіністерге шабуыл жасалатындығын Орскінің комендантты Вигель сұлтан Ералы берген хабар арқылы білген. Линияға шабуыл жасаушылар қатарында Серкеш руынан басқа, Шекті, Беріш, Жағалбайлы, Қыпшақ рулары да аталады. Осы шабуылдардың бәрі партизандарша жасалып отырған, бірақ өте қажырлы болған.

Бұл шабуылдардың көп болуының және патша әкімшілігі жеңе алмайтындай қажырлы болуының өзі күреске жалпы бұқараның кіріскендігін көрсетеді. Күрестің дамуындағы ең басты себептер линия маңындағы өкіметтердің зорлық-зомбылығы, әсіресе Орал әскерлерінің старшинасы Чаганов отрядтарының дамылсыз шабуыл жасауы, 1782—1783 жылдары қыс қатты болып, мал көп өліп, қазақ ауылдары өте бір жүдеп тұрған кездерде қазақтарды қорқытып, олардың малдарын мүлкін тартып ала беруі. Прапорщик Сүлейменов Астрахань губернаторы Жуковке мынадай хабар берген: «Гурьев қаласының арғы жағындағы далада жылқысы, сыйыры бар өліп жатқан тіпті көп мал көрдім, байқауымша... бұл малдың саны, қойларын қоспағанда, 10 мыңнан асатын болар»[1]. Осының бәрі «өткен жетідегі қатты сұрапыл соққыдан» өлген қазақ малы[2]. Өзбеттерімен қысқа қарсы «Ішкі жаққа» көшкен қазақтардың осы қыста 4 мыңнан аса малдары айдап алынған. Мұны айдап алған, тегі, қалмақтар болу керек. Мясников деген мещаниннің 1765 жылы таланған 4 мың сомнан аса товарын өтеу үшін қазақтардың малын айдап алу жөнінде патша әкімшілігінің өзі де жарлық берген. Осы жарлықты орындау ретінде қазақтардың 1711 жылқысы айдап алынады

Түсінікті, мал жаппай өліп, шаруашылық төмендеген жағдайларда, жоғарыда көрсетілген ірі зорлықтар былай тұрсын, жергілікті өкіметтер істеген тіпті ұсақ зорлықтың өзі де казақтарды қынжылта түседі, мұның үстіне, жергілікті өкіметтер зор-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1782, іс № 3, 14-бет.

[2] Бұл да сонда, 15-бет.

лықты шабуылға нақтылы қатнасқан рулардың қазақтарына емес, көбінесе ешқандай кінасы жоқ қазақтарға жасайды.

Сырым батыр атқа мінген кездегі линиядағы жағдай осындай болған. Біз жоғарыда айтып өткен толып жатқан, бірақ бытыраңқы түрде жүргізілген, шайқасулардың біріктіруші орталығы болмаған. Бұл шайқасулар жеке орындарда бет-бетімен әруақытта болып, бүтіндей бір қозғалыс болып бірлестірілмей, бір көсемнің төңірегіне топталмай келеді. Біз жоғарыда қазақ старшиналарының бірқатарын атадық, мысалы Қадырды, Садырды және басқаларын айттық, бірақ бұлар көп ұзамай аттан түсіп, тоқталып қала береді, қалай дегенмен де, қозғалысқа көсем болып кете алмаған[1]. Барлық жерде өрбіп келе жатқан қозғалысқа басшы болған, оны біріктірген, бұл қозғалыстың бұрын болып көрмеген түрде қанатын кең жайғызған адам Байұлы әулетінің Байбақты руының старшинасы Сырым батыр болған.

Сырым турасындағы 1783 жылға шейінгі документті биографиялық мәліметтер өте үзінді-үзінді болып және толық емес болып келеді. Бұл мәліметтерге маңызды толықтаулар — қазақтардың Сырым атына байланысты халық аңыздары[2]. Аңыздың айтуына қарағанда, Сырым жас басынан-ақ ақылды және адал болған. Жыйырма жасында Байбақты руының биі болып, ақсақалдардан ел билеу данышпандығын үйренемін деп ел аралайды. Ол кәрілігі жеткен Тама руының биі Малайсарыға да барады. Атақты би оған мынаны айтады. «Балам, асыл үш сөз бар,— дейді Малайсары. Егер осы үш сөзді ұмытпасаң ел де сенің төңірегінде болады, егер ұмытсаң сенің қасында ешкім де қалмайды. Ол үш сөз мынау: ар, намыс, ел алдындағы борыш. Тағы да саған айтатыным: Жақынға жара

---

[1] 1783 жылғы жазалаушы экспедиция Қадыр мен Садырдың ауылдарын шауып-жаншып талқанын шығарады. Старшинаның екеуі де линия бойынан Сырдария ауданына қашып кетеді, сөйтіп бұлар өзінің Тама руымен байланысын үзген көрінеді. 1787 жылы Қадырдың атын біз Кердері руының ауылдарымен бірге көшіп жүрген старшиналардың арасынан кездестіреміз. Ал Садырдың атын Жағалбайлы руының арасынан кездестіреміз. Бұл рулардың екеуі де Жағалбайлы әулетіне жатады (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1786, іс № 11, 25—26-бет).

[2] Бұл аңыздар С. Мұқановтың Сырым батыр деген мақаласында келтірілген (Литературный Казахстан, 1940, № 5). Көп санды жазбалар жыйналған, бірақ мұны Ғылым Академиясының Тіл және Әдебиет институты әлі басып шығарған жоқ.

түсіремін деп асық болма, алыстағыға күйе жағам деп асық болма». Мүмкін, Малайсары бұл сөзді Сырымға тіпті айтпаған да шығар, дегенмен батырдың бейнесі халық есінде осындай болып қалған, және осы бейне тарихи ақыйқатқа да өте үйлес келеді. Сырым ру басшыларының арасынан шыққан атақты батыр болған. Сырымның билеуінде 2 мыңдай үй болады, былайша айтқанда, ол өзінше ірі деген ру старшиналарының қатарында болады.

80-жылдардың бас кезінде Сырымның дәулеті қандай болғандығы туралы ешқандай мәліметтер сақталып қалмаған, бірақ оның 90-жылдар аяғындағы байлығы туралы оған берген астың келбетіне қарай топшылауға болады. Осы ас туралы Я. Гавердовскийдің айтуына қарағанда, Сырымның балалары мен туысқандары оның асына 3 мың қой, 300 ге жуық жылқы ұстаған, 6 мың шелекке жуық қымыз ішілген, бірнеше киіз үй, сауыт-сайман, толып жатқан басқа түрлі мүлік үлестірілген[1]. Мұндай ас тек бай адамдардың ғана қолынан келеді. Сырым атқа мініп саяси күреске айналысқан кезде де ол аукаты төмен адамдардың қатарында болған деуге ешқандай дерек жоқ. Мұның қарындасын әйелдікке Нұралы хан алған. Малы жоқ кедей батыр Нұралы сияқты ханмен жақын болады деуге болмайды. «Өзінің байлығы және соңынан ерген халқының көптігіне қарағанда, Сырым ханнан да асып түседі»[2], — дейді Гавердовский.

Орыс материалдарында Сырым жөніндегі ең бірінші дәлді мәліметтер 1774 жылдан бастап кездеседі, бұл уақыт Пугачев қозғалысының қазақ даласына қарай жайылған кезі.

1779 жылы Шекара істерінің Орынбор экспедициясында қазақ тұтқынынан қашып келген Орал казак-орысы Федор Курицын дегеннен жауап алынады, ол өзінің берген жауабында Сырым 1774 жылы әртүрлі рудан шыққан қазақтардан құралған көп санды отрядтың басшысы болды дегенді айтқан[3]

---

[1] Я. Гавердовский. Көрсетілген қолжазбасы, 95-бет, Сырымға берілген ас туралы, осы сияқты мәліметтерді Левшин де келтіреді, көрсетілген шығармалары, III, 116-бет.

[2] Бұл да сонда, 95-бет.

[3] «Өткен 1774 жылы... оны... Сырым батырдың басшылығымен түрлі рулардан жыйналған көп санды ұры қырғыз-қайсақтар тұтқынға алған» (ЧОА, Орынбор губерниялық канцеляриясының фонды, 32-жыйнақ, іс № 110, 1779, 88-бет).

Мұндай құрама отрядтар наразы қазақтар өздерінің тілектерін старшиналар қуаттамаған кездерде құрылған, осындай кездерде қазақтар түрлі рулардан жыйналып өздеріне сенімді бір батырдың басшылығымен отряд жыйнаған. Курицынның айтуы, Сырым 1774 жылы көтеріліске шыққан халық бұқарасының басын біріктірген санама старшиналардың бірі болған деп ойлауға мүмкіншілік береді. Сырымның 1774 жылғы көтерілісі қазақтардың линияға жасайтын әдеттегі шабуылы емес, қазақтардың Пугачев қозғалысына қатнасқан кездерінің бірі екендігін 1775 жылғы тиісті мәліметтер дәлелдейді. Суворовтың 1775 жылы 22 июнь күні Симбирскіден граф П. Панинге берген хабарынан біздің білетініміз, Сырым патша әскерлеріне қарсы жүргізілген қару-жарақты күреске тек белсене қатнасып қана қоймай, мұның үстіне ол сол күрестің ең ірі басшыларының бірі болған[1]. Қазақ шонжарлары яғни сұлтандар, қозғалыстан әлдеқашан бой тартып кеткеннен кейін де Пугачев өлгеннен кейін де Сырым қажырлы күрес жүргізе береді. Бұл арада өкініштi бір жері, Сырымның Пугачев қозғалысына қатнасқандығы туралы ешқандай басқа материалдар сақталып қалмаған, сөйтіп Сырымның бұл кездегі күресінің нақтылы қандай түрде болғанын және қаншаға созылғанын біз біле алмаймыз. Бірақ, 1776 жылдың күзіне Сырымның күресті тоқтатқандығында күман жоқ. Ортажүздің Керей руында «Невидимка»[2] қозғалысы туа бастағанда, Нұралы хан қозғалыстың басқа руларға жайылып кетуінен сақтану үшін «өзіне қарағаң руларға» Сырым мен Есім сұлтанды жібереді[3], Тегі, Сырым

---

[1] «Халықты қорғау үшін кездейсоқ уақыйғаларға даяр тұру үшін ғана емес, мұның үстіне батыл соққы беру мақсатымен де сіздің ақжарқын жүзіңіздің басшылығындағы әскерлерге мынадай бұйрық бердім: реті келген бірде-бір қолайлы кездерді құр өткізбей, бүгіннен бастап Сырым батыр бастаған, өзбеттерімен кеткен ұры-қары қырғыздарды қай жерде кез келсе де қандайлық алысқа қууға тура келсе де оның өзін ұстап алып, тамырына біржола балта шауып немесе сол жерде өлтір дедім, оның басты жолдастарына да осыны істеңдер, әскерлік ант бойынша өздеріңнің күштеріңді де, өз бастарыңды да аямандар. Мұндайларға қашанда осындай тәртіп қолданып отырындар дедім». (ЕДАОМА граф Паниннің фонды, № 68 (Пугачев экспедициясы), 1775, іс № 4). Подлинниғі бойынша келтірдім. «Пугачевщина» материалдарының жыйнағында басылған, III.

[2] Жоғарыда 187-бетті қараңыз.

[3] «Хан өзінің қоластына қараған барлық жерлерге өзінің баласы Ешімді жібереді, оған халық арасына даңқы шыққан Сырымды қосып беріп, егер де бұл бүлдіргі — сұмпайы («Невидимка» М. — В.) бұл жерлерде көріне қалатын болса, бірде-бір қазақ оған сенуші болмасын деп өсиет

ханның тапсырмасын орындаған болу керек, өйткені хан Есім мен Сырымды «бұлардың істеген қызметі және ханға берген жақсы кеңестері үшін» онда «қалдырып қоймауды» өтінеді, және Сырымның мұнда ұсталып жатқан аға-інілерін Сырым барлық істі ынтасымен істеп жүргендіктен, босатып жіберуді сұрайды»[1]. Сырым жөніндегі бұдан арғы мәліметтер 1778 жылдан басталады. Орынбор соғыс губернаторы Н. Н. Бахметовтың[2] берген мәліметтеріне қарағанда, бұл жылы Орал казак-орыстарының қазақ даласына жасаған шабуылдарының бірінде бұлар Сырымның балаларын өлтіреді. Дегенмен, мұның өзі де, тегі, Сырымды патша әкімшілігімен араздастырмаған болу керек. Қалай дегенмен де, 1779 жылы сотник Карпов Красноярск форпостынан полковник И. Осиповке қазақтардың отряды «Ішкі жаққа» шабуыл жасау үшін әзірленіп жатқандығы туралы Сырымның форпостқа мәлімет алып қалғандығы жөнінде хабар берген[3]. Бұдан әрі 1783 жылға шейін, Сырым туралы дәлді мәліметтер кездеспейді. Бірақ, бұл уақытта Сырымның жат мінезі жоқ екендігіне патша әкімшілігі күманданбаған деуге дерек бар. Орынбор Ішкі істер экспедициясының істерінде экспедицияның 1783 жылы август айында Сырымға жазған хатының көшірмесі сақталып келген. Бұл хатта экспедиция Сырымға сөз салып, купец Филипп Григорьевтің керуенін қазақтар талағанда оның шеккен шығынын орнына салу жөнінде шара қолдануды өтінеді. Мұнда экспедицияның сөз тәсілінің өзі қызық: «Сіз, құрметті старшина, — деп жазылған әлгі хатта, —бұл жақтағыларға өзіңіздің көңіліңіз дұрыс келіп, қашан да ынтаңызбен қызмет істейтін болғандықтан, әлгі айтылған талаушылардан Григорьевтің малын өндіріп алып жеткізіп беруге уәде бересіз... өйткені... сіздің баскалар-

---

айтты» (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 1775—1786, іс № 1, 56-бет).

[1] Бұл да сонда.

[2] Бахметов 1798—1802 жылдары Орынбор соғыс губернаторының қызметін атқарған. Бұл хабарды ол Александр I ге берген, мұны ол 1802 жылдан бергі уақытта жасаған (ЛОМТА, — ОПД, 1803, іс № 216, 3-бет).

[3] «Ешім сұлтан мен Сырым батыр форпостағы Карповқа келіп мынадай хабар білдіреді: осы ұры қырғыз-қайсақтар Өтеп, Шиқан деген старшиналарының басшылығымен 300 адам болып жыйналып, ішкі жақтан адамдарды ұстап алмақшы ойы бар, деп хабар береді» (ЧОА, Орынбор губерниялық канцелярияның фонды, 32-жыйнақ, іс № 110, 1779, 139-бет).

ға қарағандағы өзгеше мінезіңіз және бұл жақтағыларға деген ниетіңіздің дұрыстығы мұнда әбден мәлім»[1]. Сөйтіп біз 1783 жылдың август айына шейін Сырым Орал әскерлеріне қарсы және шекара өкіметтеріне қарсы күреске тартылмаған деп айта аламыз. Бірақ, 1783 жылдың декабрь айында Сырымды Тополинск форпостының маңында Орал әскерлерінің казак-орыстары тұтқынға алады. Мұны Орал әскерлері Сырым, Шаганов деген старшинаны ұстап алып, оны Хиуа құлдығына сатып жібергені үшін одан кек алу ретінде істейді. Қазақтарды талаған, тіпті ханның өз ауылдарына шабуыл жасаған Орал әскерлерінің отрядтарына қарсы Сырымның жүргізген күресі, тегі, 1783 жылдың күзінен басталған болу керек. 1784 жылдың жазғытұрымында Нұралы хан Сырымды тұтқыннан сатып алады. Хан Сырымның тұтқыннан босатылғаны үшін 70 жылқы және 350 сом ақша береді[2]. Сырым 1784 жылы жүз ішіне қайтып келіп, Орал әскерлеріне қарсы тағы да өштескен күреске кіріседі. Бұл күрестің дамуы үшін себеп мейлінше толық болады, оны біз жоғарыда көрдік. Орал әскерлеріне және шекара өкіметтеріне қарсы қазақтарды үгіттеудің қажеті болмайды: олардың тек басын біріктіру ғана керек болады. Қазақтардың біз жоғарыда айтқан 1783 жылғы жаппай көтерілісі 1784 жылға шейін созылып келеді. Қозғалыс бұрынғысынша Нижнеурал линиясында және Орск бекінісінің ауданында дамый береді. Табын және Шекті руларындағы, Барақ, Тіленші, Оразбай және Айшуақ ұлы Жантөре сұлтан билеген жерлердегі қазақтар Верхнеурал бекінісімен Елек қаласының арасындағы линияға ірі шабуыл жасамақ болып әзірленеді. Ноябрь айында Сырым Сағыз өзенінің бойына линияға шабуыл жасау үшін бір мыңдай қазақтан құралған ірі отряд жыйнайды.

Бірақ қазақтардың патша әкімшілігіне және Орал әскерлерінің старшинасына қарсы өз старшиналары бастаған күресі кең түрде дамыған кезде, Нұралы хан осы күреске қатнасқандарға жаулас бағыт ұстанады. Мұның өзі хан мен Сырымның

---

[1] ЧОА, Ішкі істер экспедициясының фонды, 1783, іс № 2, 241-бет. Мүмкін бұл хат Сырымға жіберілмей, өтініш тек ауызша ғана берілген болар: ханнан хат алып келген старшиналарға қаражат беру үшін сол жылы 12 августа жасалған ведомостьта Сырымның аты бар.

А. Ф. Рязанов. Батыр Сырым Датов, 96-бет.

арасы ашылуына себеп болады[1]. Сырымның отрядтары хан үшін белгілі түрде қауып туғызады. Сырымның отряды Сағыз өзенінің бойына келіп жыйналғанда, хан өзінің ауылдарын алып лажсыздан Оралға көшіп кетеді. Мұның өзі хан мен Сырымның арасындағы қатнастар 1784 жылдың күзіне қатты шиеленіскендігін көрсетеді. Дегенмен, біз 1784 жылғы материалдардан қазақтардың ханға және оның тұқымына қарсы шыққандығы туралы мәліметтер кездестіре алмадық. Старшиналар мен хан арасындағы қатнастар шиеленісе береді. Бұл түсінікті, өйткені шекара отрядтарының қазақтарға істеген зорлықтарына Нұралының және оның балаларының қатнасқандықтары салдарынан туған наразылық әлдеқашан шегінен асып болған және мұның үстіне хан әлгі күшейген күрестепатша әкімшілігі агентінің қызметін орындайды. Бірақ қозғалыс бұл дәуірінде жергілікті әкімшілікке, Орал әскерлерінің старшиналарына қарсы күресу жолымен жүреді және дұрысында, отаршылдыққа қарсы қозғалыс шеңберінен шықпаған.

Қазақтардың *линияға* шабуылдар жасауымен байланысты ел ішіне жазалаушы экспедициялар жіберіледі. Бірақ бұлар Россияға қарсы қастас болған ауылдарға жазалау шараларын қолданудан гөрі, тіпті ешқандай кінасы жоқ ауылдарға зұлымдық шабуылдар жасаумен болады. 1785 жылы 17 февраль күні Орынбордан Елек өзенінің жоғарғы бойына генерал-майор Смирнов бастаған отряд жіберіледі. Отряд қатарында Орынбордың 237 казак-орысы және 2432 башқұрты болады, отряд 2 зеңбірек алады. Қатты боран болып, Смирнов кері қайтып келеді. Көп аттарынан айырылып, отряд әрең дегенде Ильинек бекінісіндегі линияға келіп жетеді. Жаулас ауылдарды кездестіре алмайды, бірақ таяудағы бейбіт ауылдардан 66 қазақты тұтқындап ұстап алып келеді, мұның да көбі әйел болады. Башқұрттар бірқатар ауылдарды талайды, генерал-майор Смирновтың айтуына қарағанда, ол бұларға «елді тала-

---

[1] 1784 жылдың жазында Шекара істерінің экспедициясы мынадай деп жазған: «белгілі сұм Сырым батыр ханға өш болған соң, халықты азды-рып, қасына өзі сыяқтанған есуастарды ертіп алып, шекараларда сойқандық жасамақ, бұл туралы ханнан хабар келген, хан бұл хабарында мен бұларға мүлдем тыйым сала алатын емеспін деп, бұларды жуасыту үшін олардың жүрген жеріне әскер жіберуді сұраған» (Рязановтың жоғарыда көрсетілген мақаласы бойынша келтірдім, 97-бет).

ма деп тілін алдыра алмаған» көрінеді[1]. Бірақ өте-мөте қажырлы күрес 1785 жылдың жазғытұрымынан бастап Нижнеурал линиясының ауданында күшейе бастайды. Мұның себебі, «шекара барымтасы» деп аталатын шабуылдың өте-мөте көбейіп кетуінде ғана емес, мұның үстіне мұнда қазақтар қысқы мал жайылысы жөнінен қатты қыспақ көреді. Қозғалыстың орталығы Байбақты, Табын және Тама руларының қауымдары болады[2].

Генерал-майор Смирновтың отрядымен бір уақытта Сарайчиков • бекінісінен 15 март күні ел ішіне Орал әскерлерінің Колпаков және Пономарев деген старшиналары бастатқан 1250 казак-орыстан құралған отряды шығады. Соғыс коллегиясының президенті князь Г. А. Потемкиннің бұйрығы бойынша бұл отрядқа «разбойник қырғыз-қайсақтарды» жазалау үшін оларды «Сырым салған ініне шейін Эмба өзенінің қуйылысына шейін» қуып бару тапсырылады[3]. Отряд ел ішіне шығып, екі күн өткеннен кейін, отрядқа ханның туысқаны старшина Мұртазаның баласы Мәмбет келеді, ол ұзынқұлақ хабардың айтуына қарағанда, Эмба өзенінің бойында «Байбақты, Кете, Шекті, Табын, Шеркес және Таз рулары Сырым, Барақ және Тіленші деген атақты ұрылардың басшылығымен жыйналып жатыр, атап айтқанда Сырымның жанында 2700, Барақтың жанында 2000 және Тіленшінің жанында 1500 адам бар» деп хабар береді[4]. «Отрядтар ел ішіне жіберілген осындағы әскер-

---

[1] А. Ф. Рязанов. Көрсетілген шығармалары, 98-бет.

[2] Байбақты руының жазғы жайлауы Нижнеурал линиясында, Калмыков бекінісінен оңтүстікте және Эмба өзенінің жоғарғы бойына қарағанда далада болған.

Қысқы уақытта бұл ру Каспий теңізінің жағалауын, Маңғышлақ жартының аралынан Кулагин бекінісіне шейінгі жерді қоныстаған. Табын руының көбі жаздығүні Ойыл, Үлкен Қобда өзендерін бойлап және Елек, Ор өзендерінің жоғарғы бойларымен Сахарная бекінісіне жақын жерлерде көшіп жүрген. Қысқы мал өрісін, табындарды Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауынан, Орал өзенінің құйылысына жақын жерден іздестірген. Бір бөлегі Маңғышлақтың шығыс жағындағы далаларды қыстаған. Тама руының қонысы туралы біз жоғарыда айтып өттік. Қозғалыстың орталығы және тіректі базасы Елек және Эмба өзендерінің жоғарғы бойы болған яғни Байбақты мен Тама руларының қоныстарының линиядан неғұрлым алысырақ тұратын жерлері. Нұралы хан да көтерілісті басу үшін жазалаушы экспедицияны дәл осы араға жіберуді өтінген (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 62, 1785, іс № 3, 20-бет.

[3] ОМСТА, жоғарғы штабтың жалпылық архив фонды, князь Потемкин-Таврическийдің қағаздары, іс № 194—186, 37-бет.

лерді келтірмеу үшін және соларға соққы беру үшін жыйналып жатыр»[2] дегенді. Қазақтардың осы отрядтарға адамдары қосылған ауылдары Эмбаның сыртына, алысқа көшіріледі, бұл жерлерде суы жоқ болғандықтан және жылқы оты болмағандықтан жетудің өзі қыйын болады. Мұнымен қатар, Мәмбет Қолпаковқа, — Қаракөл өзеніне жақын жерде, Беріш және Адай руларының ауылдары көшіп жүреді, бұл ауылдары Каспий теңізінің жағасындағы, Орал өзенінің құйылысына таяу жердегі Лебяжий және Прорвенский деген орыс хуторларына шабуыл жасалғанда соған қатнасқан дегенді айтады. Осы жағдайлардың бәрін салыстырады да, Қолпаков Эмбаға бармайтын болады, отрядын алып Қаракөл өзеніне қарай бұрылады, осы жерге 3 күннен кейін Мәмбет те әкелінеді. Қолпаковтың айтуына қарағанда, Беріш және Адай руларының қазақтары қолдарына қару-жарақ алып, қарсыласқан, осы жанжалдың нәтижесінде әлгі рулардың бірнеше адамдары өлтіріледі, ауылдың қалған халқы — 102 адам тұтқынға алынады. Тұтқынға алынғандардың арасында 14 еркек бар болады, қалғандары қатын-балалар. Қазақтардың малы мен мүлкін Орал әскерінің отряды талап алады. Линияға 83 түйе және 2955 жылқы әкелінеді[3]. Қолпаковтың отряды Орал форпостары арқылы Сарайчиков бекінісіне қарай бет алған кезде-ақ (Қолпаков ел ішіне осы бекіністен аттанбақ болған) Орал қаласына 3 март күні Нұралы ханнан хат келеді, ол бұл хатында атаман Д. Донсковке казак-орыс хуторларына шабуыл жасалғанда соған Табын руының кейбір ауылдары да қатнасты, бұл ауылдар Айшуақ сұлтанның маңында жүретін деп хабар береді және осыларды басып алуды талап етеді[4]. Бұл хат ішкі істердің Орынборлық экспедициясына жіберіледі, экспедиция ханның хаты бойынша Табындарға шабуыл жасауды сол Қолпаков отрядының өзіне тапсыру керек деп жарлық береді. Бірақ Оралдың соғыс канцеляриясы басқаша жарлық берген. Жаз шығып, қазақтардың жайлауға көшетін уақыты жақын-

---

[1] ОМСТА, жоғарғы штабтың жалпылық архив фонды, князь Г. Потемкин-Таврическийдің қағаздары, іс № 194—186, 38-бет. Сырымның Кішіжүз ішіндегі орны бізге мәлім. Тіленші мен Барақ — Табын руынан.

[2] Бұл да сонда.

[3] Бұл да сонда, 38-бет.

[4] Бұл да сонда, 38-бет.

дап келе жатқандықтан, табындарды кезінде басып қалу үшін, басқа отряд құрылады, бұл отрядтың саны премьер-майор Назаров бастатқан 405 адам Орал казак-орыстары болады. Назаров 24 март күні табындардың ауылдарына келіп жетіп 2124 жылқысын шауып алады. Сол кезде жылқы ішінде қасында бір аз адамдары бар Айшуақ сұлтанның баласы Жантөре жүреді, бұлар «мылтық атып» қарсылық көрсетпекші болады, бірақ оларды отряд «далаға қуып тастайды», ал сұлтан Жантөренің өзі Орал казак-орыстарынан мықтап таяқ жейді[1] Назаров табындардың малын шауып алып жүрген кезде Сахарная бекінісі жағынан түтін шығып атылған зеңбіректің даусы естіледі. Сондықтан Назаров, Антонов форпостына осыдан біраз бұрын шабуыл жасаған қазақ отрядтары енді Сахарная бекінісіне шабуыл жасап жатқанын біліп, кері линияға бет бұрады, сөйтіп Табын ауылдарының адамдарын ұстап алып кете алмайды. Жолшыбай Назаровқа Айшуақ сұлтан жолығады, ол Сырым батыр бастаған қазақтар бекіністі бұлдіріп жатыр дегенді айтады. Қазақтар зеңбірек оғының күшімен бекіністен қуып шығарылады, бірақ бұлардың 300 адамдай бір бөлегі Айшуақ сұлтанның баласы Апақтың басшылығымен келіп Назаров отрядының алдыңғы бөліміне шабуыл жасайды. Бірақ, қазақтар қайта қашады. Ішкі істер экспедициясының мәліметтеріне қарағанда, сол жерде Апақ қаза табады[2]. Айшуақ сұлтанның өзін Назаров тұтқындап, Орал қаласына алып келеді[3]. Д. Донсков, князь Г. А. Потемкинге, — Айшуақтың тұтқындалған себебі, «Айшуақ сұлтанның балалары басқа қырғыздарға қосылып алып, осының ал-

---

[1] ОМСТА, жоғарғы штабтың жалпылық архив фонды, князь Г. Потемкин-Таврическийдің қағаздары, іс № 194-196. 38-бет, сол сияқты қараңыз. А. Ф. Рязанов. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 99-бет. Рязановтың осы уақыйғалар жөнінде айтқаны біздің айтқанымыздан гөрі басқаша келеді. Мұның себебі мынау болуы мүмкін, Рязанов старшиналар мен ханның берген нақтылы хабарларымен және олардың хаттарымен пайдаланбай, істерден алынған экстрактпен пайдаланған, бұл экстракты Ішкі істердің Орынборлық экспедициясы жасаған, яғни ол кеңсе өңдеуінен өткен материалмен пайдаланған.

[2] А. Ф. Рязанов. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 99-бет.

[3] Айшуақты Акутин ұстап алған дейді Рязанов. Бірақ Рязановтың бұл айтқаны Донсковтың князь Потемкинге берген, біз жоғарыда келтірген, рапортының сөзіне қайшы келеді. Бұл рапорт 8 апрель күні жазылған, яғни Назаров Орал қаласына қайтып келген соң бірнеше күннен кейін жазылған.

дында Каленовский форпостына шабуыл жасаған» деп рапорт береді. Сонымен «балалары осындай іске қатнасқан соң, ханның өзі де осы ұрылармен сыбайлас» деген оймен Донсков Ішкі істер экспедициясынан хабар алғанша Айшуақты Орал қаласында ұстап тұрмақшы болады. Сөйтіп 1737 жылға шейін Айшуақ тұтқында жүреді.

Орал әскерлерінің хан тұқымына қарсы бағытталған бұл әрекеттері, Сырым қозғалысының бұдан былайғы сыйпатына үлкен әсер етеді. Патша әкімшілігі ханды қолтықтап жүрген кезде, хан тұқымы күшті болып тұрған уақытта, старшиналар ханға ашық түрде қарсы шыға алмайды. Старшиналардың ханға қарсы шықпауына вассал өзінің сеньорына қашанда адал болу керек деген ескіден келе жатқан феодалдық ғұрып та үлкен себеп болады. Хан туысқандарының ауылдағы шабылуы, оның інісі Айшуақтың тұтқынға алынуы, Апақ сұлтанның өлтірілуі — осының бәрі Нұралының жүз алдында қайта оңалмастай етіп беделін түсіреді. Нұралының өзі мұны атап көрсетеді, сонда ол былай деп жазған: «Айшуақ сұлтанның не үшін талқаны шығарылды? Оның баласы қандай себеппен өлтірілді? Қырғыздар осының бәрін менен көріп, мені жамандап, хан орыстарға сенеді, біздің бәрімізді таламақшы болады» дейді, «сөйтіп бұлардың бәрі менен кетті»[1]. Ханға қарсы күрестің етек алуына дем берген тағы бір жағдай, Айшуақ тұтқынға алынып, хан тұқымының материалдық күштерінің іргесі қозғалады. Айшуақ Жеті ру әулетін билеп тұрғанда ол ханға үлкен жәрдем көрсете алатын еді. Енді бұл жәрдем болмай қалады. Осы жағдайлардың бәрі Сырым қозғалысының сыйпаты өзгеруіне себеп болады.

Егер де 1785 жылдың жазғытұрымына шейін Сырым қозғалысы қазақ отрядтарының линияға жаппай шабуыл жасаулары сыяқты әрекеттердің шеңберінен шықпаған болса, егер бұл қозғалыста түрлі феодалдық топтардың күресі тіпті көзге түспеген болса, 1785 жылдың жазғытұрымынан бастап Сырым қозғалысының сыйпаты жүз арасындағы ішкі күреске айналады, мұнымен қатар бұл күрес патша әкімшілігінің озбырлығына, зорлығына қарсы жүргізілген күрес те болып отырады. Қозғалыс Нұралы ханға қарсы және Нұралы тұ-

[1] А. Ф. Рязанов. Жоғарыда көрсетілген шығармалары, 100-бет.

қымынан шыққан сұлтандарға қарсы бағытталады. Бұл қозғалыста Сырым батыр күннен күнге үлкенірек роль атқара бастайды. Қозғалыстың қаншалық етек алғандығы туралы хан тобына қарсы күреске қатнасқан руларға қарап топшылауға болады. Қару-жарақты күресте Сырымды белсене қолтықтағандар Байбақты, Шекті, Табын, Серкеш, Таз[1] руларының қазақтары. Бұл рулардың көбі Нұралының басқаруында болған[2].

Симбирь және Уфа наместничествосының генерал-губернаторы, 1784 жылы өлке бастығы болып тағайындалған. О. А. Игельстром 1784 жылы өлке бастығы болып тағайындалған О. А. Игельстром (бұған Орынбор губерниясы да бағынған), қанға халықтың мейлінше наразы екендігі туралы толық мәлімет алған. Бірақ ол, старшиналардың патша әкімшілігіне көз-қарасы 1783—1784 жылдардағы көзқарастармен салыстырғанда бұл жылдарда старшиналар патша әкімшілігіне көрінеу қас болған (1785 жылдың жазына шейін, дұрысында, ешқандай өзгермеуіне қарамастан, О. А. Игельстром бұл күреске 1785 жылдың жазына шейін белсене араласпайды[3] Игельстромның өзі, өзінің 1789 жылғы «Түсіндіруінде» осы уақытты есіне түсіре келіп, старшиналардың көзқарасы ашық түрде қастас болғандығын айтады және линияда ірі жанжалдардың шығуына линия маңындағы өкіметтердің қазақтарға зорлық

---

1 ОМСТА, Жоғарғы штабтың жалпылық архивы, князь Г. Потемкин Таврическийдің қағаздары, № 194—196, 37-бет.

2 Байбақты, Шекті, Серкеш, Таз. (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 62, 1785 іс № 3, 16—16-бет). Бұл арада, Шекті руының хан қоластына қарағандығы жөнінде айта кететін бір мәселе, бұл жөнінде төрт бөлімдері туралы ғана әңгіме болуы мүмкін. Ертеректе. XVIII ғасырдың 40-жылдарында, хан өкіметінің тірегі — шектілер, — біз жоғарыда айтқандай, — Абулхаир өлгеннен кейін сұлтан Батырды хан етіп жариялайды. 80-жылдарда мұнда елге, дұрысында, Барақ ұлы Қайып сұлтан ие болады. 1779 жылы Байбақты руына билеуші болып Нұралы ұлы Есім сұлтан белгіленеді. Сұлтан Есімнің байбақтылармен арасындағы қатнасы, 1785 жылы үзілгендігі туралы ешқандай мәлімет жоқ. Мүмкін біздің мәліметтеріміз Байбақты елін ханның әрі ұлы, әрі вассалы Есім билеп тұрған соң Байбақты руын Нұралы хан билеген елдің қатарына қосатын шығар. Табын руы Айшуақ сұлтанның басқаруында болған.

3 1789 жылы ол өзінің «Түсіндіруінде» былай деп жазған: «июль айында (1785 жылы — М. В.), мен ешқандай іске кіріспей, тек өзімнен бұрын болған істердің тәртібін қарастырып асығып жатқан кезімде Сырымның, Барақтың, Жыйаншордын және Жамболат деген батырлардың қарауындағы қырғыздар үш жерге жыйналып қалған» (ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, іс № 131а, 1789, 5-бет).

жасаулары әжептәуір себеп болғандығын жасырмайды.

Және старшина топтарымен арадағы осы сыяқты қарым-қатнастар патша әкімшілігі үшін бірқатар қыйыншылықтар туғызады. Патша әкімшілігі тек қарулы күштерге ғана сүйеніп, жүзді билеп тұра алмайды. Хан тобына сүйенуден дежөнді нәтиже шықпайды. Ханның әлсірегендігі сондайлық, Игельстром 1785 жылы июнь айында хат жазып, сөз салып XVIII ғасырдағы әдет бойынша түткындарды сатуды талап еткенде, бұған Нұралы қатты ренжіп [illegible] деп жауап қайырады: «Сіздің мұныңызға менің тәжім бар, — деп жазады хан Игельстромға, — мен сіздің жоғары артебелі құзырыңызға жаздым емес пе, — бұл бұзықтар [illegible] өздеріне жау деп есептейді, ал сіз бұған сенбейсіз дағы маған осы менің қырғыз-қазақтарыма өзіңнің баланды жібер дейсіз, сонда, бұл разбойниктер менің бұйрығымды тыңдамауы былай тұрсын, керек десеңіз менің жіберген балаларымды тірі қайтармайды, мүмкін тіпті өлтіріп те тастар»[1]. Хан тобының мұндай халде болуы Игельстромды ханды былай тастап старшиналармен төте қарым-қатнас жасауға мәжбүр етеді. 1785 жылы июнь айында старшиналарға ахұн Мұхаммеджан Құсаинов жіберіледі. Ахұнның бұл сапары старшиналардың патша үкіметіне соншалық қастас екендігін көрсетеді. Елек өзенінен өтісімен-ақ қазақтар «аузына келгенін айтып, сені өлтіреміз деп қорқытты» дейді Құсаинов[2]. Оны Жолбарыс деген старшинаның ауылына апарғанда, мұндағы қазақтар «жыйналып алып бастапқы кездескен қазақтарша қорқытқан»[3]. Ахұн қазақтарды әрең дегенде тыныштандырып, генерал-губернатордың ашық хатын тапсырады. Бұл хатта мынадай талаптар қойылған: «еркімен жүрген халық арасынан кімде-кім патшаның ұлық мәртебесінің қарауындағы басқа халыққа ілгері-

---

«Әбден зығырына жете өштестірілген қырғыз-қайсақ халқының арасында тыныштық орнату үшін ол кезде қолданбақшы болған шараның негізгі желісі — қалайда жиі-жиі неғұрлым күшті барымта істете беру, сөйтіп маркұм титулярный советник мырза Иван Иванович Неплюевтің системасын ұстану, Неплюев қырғыз-қайсақтарды билеудің оларды қыра беруден басқа әдісі жоқ деген» (ЛОМТА, Мемлекеттік кенес фонды, Непременный совет, іс № 131а, 1789, 9-бет).

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 62, 1785, іс № 3, 20-бет.

[2] Бұл да сонда, 14-бет.

[3] Бұл да сонда.

де шабуыл және ұрлық жасаушы болмасын, ал мұны тыңдамағандарға жалпы тыныштықты бұзған қылмыстылар ретінде заң бойынша қатаң жаза беріледі». Мұнымен қатар генерал-губернатор бұрынғы шабуылдар үшін үкіметтен кешірім алып бермекші болады[1]. Мұхаммеджан Құсаиновтың жүз ішіне бұл баруы патша әкімшілігі қазақ старшиналарымен төте байланыс жасауға мүмкіншілік бар екендігін көрсетеді. 1785 жылы июль айында [illegible]ром Екатерина II ге, Ахұн Орынбордан қайтқаннан кейін [illegible]налар жыйылысынан 5 депутат келді деп хабар береді. Бұл [illegible]старшиналардың қолы қойылған хат әкеледі. Старшиналар[illegible]тілегі Абулхаир ханның балаларын хандықтан тайдыру [illegible]ады. «Осылай болса, — деп жазады старшиналар, — біз барлық старосталар және Кішіжүздің барлық халқы бағынып тұруға уәде береміз және оның императорлық ұлық мәртебесінің жоғары дәрежелі екендігін таныймыз, ал падишахты өте мейрімді және қайырымды деп білеміз»[2].

Осы хатқа қойылған қолдар ханның жүз ішінде жалғыз қалғандығын және Сырым батырдың беделі сондайлық өсіп кеткендігін көрсетеді. Хатқа мына рулардың старшиналары қол қойған: Шекті, Төртқара, Қаракесек, Шөмекей, Кете, Алаш, Серкеш, Таз, Сықлар, Адай, Беріш, Есентемір, Маскар, Қызылқұрт, Жаппас, Байбақты, Тана, Жағалбайлы, Табын, Тама, Кердері. Бұл өтінішке қол қойғандардың арасында ілгеріде Сырым қозғалысында ірі орын алған мына сыяқты білікті старшиналардың да аттарын кездестіреміз: Төртқара руынан Қаракөбек, Кете руынан Көккөз би, Серкеш руынан Тормамбет би, Сықлар руынан Қаратау би, Маскар руынан Дөнен батыр, Табын руынан Тіленші батыр, тағы басқалары, — Сырым батырды қоспағанда, барлығы 53 адам қол қойған. Өтінішке Абул-Жәлел қожа да қол қойған, оның «Бүкіл қырғыз-қазақ жұртының пірі» деген хұрметті атағы болған[3].

Көзге түсетін бір мәселе, Байбақты руынан шыққан старшиналар арасынан біз Сырымның қолын кездестіре алмадық:

---

[1] **ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 62, 1785, іс № 3, 3—3-бет.**

[2] Бұл да сонда, 10-бет.

[3] Пір (پیر) — Иран термині, дін орденінің старшинасы осылайша аталған.

ол барлық қойылған қолдарды мөр басып анықтаған. Бұған қарағанда, өтінішке қол қойған старшиналар өздерінің арасында Сырымды өзіміздің басшымыз деп таныған деп ойлауға болады[1]. Атап көрсету қажет, ханды орнынан тайдыруды талап еткен старшиналар аттарының арасынан біз Төртқара, Шөмекей рулары старшиналарының қолдарын да кездестіреміз. Төртқара, Шөмекей рулары Ералы сұлтанның қоластына қараған, қоныс орындары орыс шекарасынан алыс, Сырдарияның солжақ бойында болған, сондықтан бұлар патша Россиясының отаршылдық қысымын сонша қатты көрмеген. Егер де біз хан қоластына қараған рулардың «описін» Нұралы ханды жұзді билеуден тайдыруды талап еткен өтінішке қол қойған старшиналардың қолдарымен салыстырып көрсек, бұл өтінішке Әлім әулетінің Қарасақал руының, Байұлы және Керейт әулетінің Алтын руының, Жеті ру әулетінің Рамадан руының старшиналары қол қоймағандығы байқалады[2]. Ханды қолтықтаған ауылдардың жалпы санын Мұхаммеджан Құ-

---

[1] Әдетте қол қоюдың мұндай тәртібін біз старшиналардың қолдарымен қатар ханның да қолы жүрген жерлерде кездестіреміз, хан старшиналардың қолын өзінің мөрін басып анықтаған. Мысалы, старшиналардың жұз ішіндегі өзара араздықты тоқтату жөніндегі 1803 жылғы «Анты» (ЛОМТА Ішкі істер министрлігі, орындаушы полиция департаменті, іс № 333, 1805, 15-бет). Осы тәртіп сияқты Сырым арызға былайша қол қойған جمع يورتنبك سوزين اشلوب هم وكل بولوب صريم بهادر مور باسدى яғни, «Жамиғ жұрттың сөзін естіп һәм уәкіл болып Сырым батыр мөр басты».

[2] Тегі, ханның жалғыз қалуы біздің материалдарымыздың айтуынан гөрі күштірек болған сияқты. Қарасақал руы Сырдариянның оң жағында Арал теңізінің жағалауында көшіп жүрген. Бұл ауданда Қайып сұлтан үстемдік жүргізіп тұрған. Сондықтан, Қарасақал руының Нұралы қоластына қарауы мүлде бекер болған деп ойлауға болады, және екінші жағынан, бұл старшиналардың қолдары бұлардың қонысы шалғай болғандықтан қойылмай қалуы да мүмкін. Тілеу руы жөнінде де осыны айтуға болады. Тілеу руының қысқы қоныстары оңтүстікке қарай алыста, Арал теңізінің оңтүстік тұмсығында болған. Тілеу руымен бірге қысқы уақытта Керейт руының ауылдары да көшіп жүреді, бұл рудың 12 ге жуық бөлімдері болады. Рамадан руының қоныстары басқа рулардың қоныстары арасында бытыраңқы келген. Рамадан кішкене рулардың бірі, XVIII ғасырдың аяғына, бұл рудың тек екі бөлімі ғана болған. Алтын руын алсақ бұл жөнінде есте болатын бір жағдай — осы ру шыққан Байұлы әулеті Сырым қозғалысының орталығы және ошағы болған. Осыған қарап, Нұралыны хандықтан тайдыру жөніндегі өтінішке қолдары қойылмауынан бұл рулардың старшиналары ханды қолтықтаған деп нәтиже шығаруға болмайды. Оның бержағында, ахұн Мұхаммеджан Құсаиновтың рулардың санап өткен экстрактында осы рулардың бірде бірі аталмаған. Бұл рулардың кейбір ауылдары 1785 жылы әлі де хан бағытын ұстанып жүре береді.

саинов 185 деп есептеген. Қалай дегенмен де, жүз ішінде хан арқа сүйейтін әлеуметтік таяныш өте әлсіз болған деп біз емін-еркін айта аламыз. Ханға наразылардың бәрі бірдей 1785 жылдың орта кезінде оған қарсы күреске қару-жарақ алып белсене шықпаса да, старшиналардың деней көпшілігі хан жағында болмаған.

Старшиналардың Нұралы ханды өкіметтен тайдыру жөніндегі талабы турасында Игельстром бастапқы кезде істің артын байқау позициясын ұстанады. Ол ханға қандай да болса залал келтіру үшін старшиналардың күш-қуаты жетер ме екен деп күдікті болады[1]. Сондықтан Игельстром Петербург үкіметінен бұл туралы жөн сұрайды, — «осы күні ел билеп тұрған хан өкіметін қолтықтайын ба, немесе, бұлардың ісіне араласпай, тек битарап болып бақылап отырайын ба» — деп сұрайды.

Өзінен бұрынғылардың саясатын сөккендікке қарамастан, Игельстром әзірше қазақ даласына тұрақты және тұрақсыз әскерлер жіберіп, бұл әскерлерді Эмба және Ор өзендерінің бойына қоныстандыруды ұсынады[2]. Бірақ бұл әскер жіберілмей қалады.

Генерал-губернатордың старшина тобымен катнас жасағаны ханның мазасын кетіріп, ызасын келтіреді. Бұл катнастардан өзіне қандай қауып туатындығын хан дұрыс ұғынады. Ол патша әкімшілігінің қолтықтауы өз өкіметінің ең басты тірегі екендігін білмей отыра алмайды. Август айының аяғында хан наразылық білдіріп Игельстромға хат жазады. Ол генерал-губернаторды Россияға қарсы күрескендерді қолтықтадың деп кінәлайды, өлке наместнигінің екіжүзділіғін айтады, генерал-губернатордың старшиналармен төте қатнас жасауын Сырым ханның беделін түсіру үшін пайдаланатындығын көрсетеді[3]

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен катнастары К. 61. 1775—1786, іс № 2, 187-бет.

[1] «Балаларының, сол сыяқты хан руынан шыққан туысқандарының көптігі мәлім екендігіне қарағанда, ол (хан — М. В.) халықтан соншалық қысым көреді деу мүмкін емес» (ЕДАОМА Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 62, 1785, іс № 3, 5—5-бет).

[2] Бұл да сонда, 6-бет.

[3] «Осы айтылған Сырым деген сұм, елдің айтуына қарағанда, беталды сөйлеп, ханның хаттары қабылданбайды, оны хұрметтемейді, қайта мені сыйлап, менің хатымды артық көреді деп жүрген көрінеді» (ЕДАОМА Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 62, 1785, іс. № 8. 17-бет. Хат XVIII ғасырдың тек ведомостволық аудармасы түрінде ғана сақталып келген).

Өзінің берген антын бұзбайтындығына және қызметті бұрынғысынша «аянбай атқаратындығына» сенім бере келіп, хан мұнымен қатар империяның шекарасынан көшіп кетемін және генерал-губернатормен қатнастарымды үземін деп бұлданады.

Игельстром ханға қатты-қатты сөздер айтып хатпен жауап қайырады, оны әлсізсің деп, Орынбор әкімшілігінің айтқандарын орындамадың деп кінәлайды, егер де қазақтар ұстап алған майор Рейштейнерді, тағы басқа бірқатар офицерлерді қайтармасаң өзіңді бұлдіргіштер қатарына санаймын деп қорқытады, бірақ менің негізгі мақсатым, — «өзара араздықтың бәрін тоқтатып, көпшіліктің пайдасы үшін Орда ішінде тыныштық орнату, бірақ орда бастығына залал келерліктей ештеңе істемеймін» — деп уәде береді. Сонда ол хан алдына мынадай шарт қояды, — «өзіңнің қоластыңа қарағандарды тиісті тәртіпте ұстап, тіліңді алғызып отыру»[1] — дейді. Міне, істің барлық мәнісі ханның орындауға шамасы келмейтін осы соңғы айтылған шартта. Ханның халі ілгеріде қандай болатының генерал-губернатор осы бастан-ақ шешіп қояды. Сол сентябрь айында, әлгі хат жазылған уақытта, жүз ішіне Мұхаммеджан Құсаинов тағы да жіберіледі, онымен бірге асессор Бекчурин де барады[2]. Бұлар енді старшиналардың жыйылысына қолмақол қатнасу үшін келеді, жыйылыс Илецк защитасынан 100 шақырым жерде тұратын Женбішке деген өзеннің бойында 21 сентябрь күні болады. Рас, ахұнға жыйылыста старшиналарды ханмен татуластыруға тырыс деген тапсырма берілген[3]. Патша әкімшілігінің осы сияқты тілегін Игельстром старшиналар жыйылысының депутациясына да айтқан. Ол Екатерина II ге, — «бұларды (яғни депутаттарды, М. В.) ханмен татуласуға көндіру үшін барынша тырысты»[4] — деп хабар берген. Бірақ мұнымен қатар, Мұхаммеджан Құсаинов пен Бекчуринді жібергенде оларға мынадай құпия нұсқау беріледі: «старшина-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 62, 1785, с № 8.

[2] Асессор М. Бекчурин Уфа қаласында екінші төменгі расправолық судья болған. Ол қазақ тілін жақсы білген және оны қазақ білікті адамдарына дипломатиялық тапсырмалар беру үшін жергілікті әкімшілік таиай мәртебе пайдаланған.

[3] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 80-бет.

[4] Бұл да сонда, 82-бет.

лармен халық жыйылысына келген соң, Сырым батырға, Мұрат биге және басқаларына, өздеріңіздің тілектеріңізше қырғыздардың 'ханы болмаса, сөйтіп қырғыздар Орынборда құрылған Шекара сотына және шекаралық жоғарғы бастыққа тәте тәуелді болса қырғыздар үшін пайдалы болар еді, дегенді айтыңдар»[1]. Өлке наместнигінің елшілері Сырымның ставкасына келгеннен кейін, жүз ішінде ханның тіпті жалғыз қалғандығы айқын көзге түседі.

Генерал-губернатордың делегаттарын Сырым Айшуақ сұлтанның балаларымен және Нұралы ханның Аблай, Бөкей және Сығай деген балаларымен таныстырады. «Бұлар оның императорлық ұлық мәртебесінің коластына шын пыйғылмен қарау үшін ант беруге даяр екендіктерін білдіреді[2]. Нұралы ханнан оның негізгі соғыс күші — төленгіттер де кетеді. Асессор Бекчурин өзінің журналында «төленгіттер мен ноғайлықтардың көбі одан (ханнан — М. В.) кетіп»[3], Сырымның «қоғамына» қосылады деп жазған. Күштің дені Сырым жаққа көрінеу ауған осы жағдайларда старшиналар өздерінің съездерінде негізгі екі мәселені талқыға салады, ол: жүз ішінде өкімет ұйымдастыру туралы және қысқа қоныстарды кеңейту туралы. Жыйылыс генерал-губернатордан Нұралы ханды орнынан алу туралы өтінуге бірауыздан қаулы алады және жүзді билеу тәртібін уақытша мүлде жаңа негізде құру туралы қаулы етеді: жүз «Басты ордалар» делінген үш жікке бөлінеді: Байұлы ордасы, Жетіру ордасы және Қаракесек ордасы[4].

«Басты ордалардың» әрқайсысында старшиналар және халық жыйылысы «халық ішінде қуатты, жасы үлкен, беделді үш старшина» сайлайды: Қаракесек руында старшина болып Сегізбай би, Байұлы руында Тормамбет би, Жетіруда Тіленші батыр сайланады. Бұл старшиналарға жыйлыс «Бұл руларға

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 186-бет

[2] Бұл да сонда, 205-бет.

[3] Бұл да сонда, 139-бет.

[4] «Қаракесек ордасына» 6 ру қосылған: Нұралы ханның билеуінде болған Шекті, Қаракесек, Қаракете, Қарасақал руларының бір бөлегі және Ералы сұлтанның басқаруындағы Шөмекей, Төртқара рулары. Әлгі рулардың Қайып хандығына қосылып келген бір бөлегін старшиналар жыйылысы жүздің жаңа құрылыс системасынан шығарып тастаған. Сөйтіп, бұл жаңа система Нұралы ханды және оның інісі Ералы сұлтанды үкіметтен айыруға тиісті болған.

бас-көз болыңдар»[1] деп тапсырады. Сырым батыр бұл жыйылыста басты орын алады. Және «барлық жұртты осы өзгеріске және ант беруге көндіреді», сонда Сырым батыр «Орданың барлық жағдайларында басшы кеңесші» болып сайланады[2] Бұлардан басқа Көккөз би, Қаратау би деген тағы да екі старшина сайланады. Бұлардың істейтін қызметі айқындалмады.

Осы жерде старшиналар орыс үкіметіне ниеттерінің дұрыстығына салтанатты жағдайда ант қабылдайды, «өмірі адал, қайырымды және айтқанды орындағыш боламыз... Қайырымды бағынушылар ретінде адал қызмет істейміз: сіздің императорлық ұлық мәртебеңіздің қоластындағы басқаларға ешқашан, ешқандай залал келтірмейміз»[3] — дейді. Осы жыйылыста, Игельстромның тапсыруы бойынша, Мұхаммеджан Құсаинов Шекаралық сот құру туралы мәселе қояды. Шекаралық сот құрылуы туралы мәселенің қозғалуы патша әкімшілігінің отаршылдық саясаты жөніндегі түпкі мақсаттарының бетін ашады. Шекаралық сот құру қажеттігі туралы мәселені Екатерина II тіпті 1784 жылдың өзінде-ақ генерал-губернатор Апухтиннің алдына қойған болатын[4]. Шекаралық сот жүзді басқаратын және мұнымен қатар прокурорлық бақылау жұмысын атқаратын орын болуға тиіс. Мұның ұйымдастырылуын үкімет қазақ даласын басқару ісін губерниялар турасындағы 1775 жылғы Учреждение тағайындаған ел билеу тәртібінің жалпы системасына жақындату жолындағы бір адым деп ойлаған. Ол кезде үкіметтің бұл шарасына хан батыл түрде қарсы болып, Шекаралық сот ұйымдастырылмай қалған. Енді старшина жыйылысына Шекаралық сот ұйымдастыруға келісуді ұсынып, Игельстром, ру білікті адамдарына арқа сүйеп барып қазақ халқының саяси тәуелсіздігін жою жолындағы осы адымды іске асыруға болмас па екен деген мәселені айқындауға тырысқан. Бірақ старшиналар генерал-губерна-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 82-бет.

[2] Бұл да сонда.

[3] Бұл да сонда, 78-бет.

[4] 1784 жылғы 2 майдағы указ. (Заңдардың толық жыйнағы XXII, № 15991).

тордың ұсынысына өте сақтық көзбен қарайды. Бұлар Нұралы ханға қарсы күресте патша әкімшілігінің қолтықтауында қандай маңыз бар екендігін есептеп келіп, ашық бас тарта жауап бере алмай, мәселені созуға тырысады. Генерал-губернатордың ұсыныстарын негізінде теріс дей алмайды, бірақ бұлар сот ұйымдастырудың дәл өзін кейінге қалдырады, олардың сонда бұған келтірген сылтауы «елдің бет-бетімен бөлініп кететін» мал жайылысына жайлы жер іздейтін уақыты жетті» дейді. Дегенмен «келесі жазға бұл сотқа сайлау үшін таңдаулы старшиналардың арасынан 6 адам дайындап қоямыз»[1] деп уәде береді.

Шекаралық сот ұйымдастыруға негізінде келісумен қатар, старшиналар жыйылысы патша үкіметінен жүз ішінде жаңадан хан бекітуді өтінуге қаулы алады. Шекаралық сот құруға старшиналардың келіскендігі туралы айта келіп, Игельстром былай деп жазған: старшиналар «осының бәрін айтқанда бұрынғы әдетті ұстанып қалғысы келеді, мысалы, хан болсын, бірақ ол ел билеуден оқшау тұрсын дейді, сондықтан бұларға жалпы сот ұнамды болып көрінеді[2]. Бірақ жаңа ханның кім болатындығы туралы мәселеге келгенде старшиналар арасында ірі алауыздық туады. Старшиналардың бірі сұлтан Гирейді немесе оның балаларының бірін ұсынады. Гирей жүздің саяси өмірінде белсенді орын алмаған, сондықтан оның хандыққа ұсынылатындығы түсінікті, өйткені старшиналар өздеріне тәуелді адамды хан сайлап алуды көздейді. Бірақ сайып келгенде, сұлтан Қайыпты жақтайтындар ден болады — сөйтіп, оны хандыққа бекіту туралы старшиналар жыйылысы ұсыныс жасайды.

Қайыптың кім екендігі және оның саяси жағымдылығын жүз іші жақсы біледі. XVIII ғасырдың 40-жылдарында, бір жағын Батыр бастаған, екінші жағын Абулхаир бастаған сұлтан топтарының өзара шиеленіскен күресінде, Қайып Хиуада хан болып тұрып, біз жоғарыда айтқандай, өзінің әкесі Батырға материалдық жәрдем көрсетеді. Тек осы жәрдемге сүйеніп, батыр өзінің беделді халін сақтап қалады және тіпті

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен катнастары, К. 61 1775—1786, іс № 2, 83-бет.

[2] Бұлда сонда, К. 62, 1785, іс № 3, 5-бет.

Нұралымен қатар хандыққа сайлануға да жетіседі. Қайып Ортажүздің сұлтаны Барақтың қызын әйелдікке алып, Барақпен туыс жағынан өте жақын болады. Патша үкіметі оған сенбейді, сөйтіп, 1756 жылы ол жүз ішіне қайтып келгенде, онымен қатнастас болудан бас тартады. Нұралы ханға қарсы күресіп жүрген және патша әкімшілігіне сенімсіз көзбен қарайтын старшиналардың Қайыпқа дұрыс көзбен қарауына осының бәрі себеп болады. Аса беделді сұлтан тұқымынан шыққан Қайып старшиналардың қолында болмашы қызметтің өзін атқаруға жарамды адам болмайды. Қалай дегенмен де, старшиналардың көбі 1785 жылдың күзінде оны хандыққа ұсынған болса, мұның себебі — старшиналар жүз ішінде беделді сұлтандар арасынан Нұралыға қарсы күресте өздеріне арқа сүйерліктей тірек іздеген.

Бірақ бұл арада мәселенің басқа бір жағын да айыра білген жөн. Біз жоғарыда айтып өттік, қазақ даласының ханға бағынған бір бөлегін және Жәдіге тұқымынан шыққан сұлтандарға бағынған екінші бөлегін алып қарасақ, осы екеуінде ел билеу системасы біркелкі болмаған. Атап айтқанда, Сырдария ауданында ел билеу системасы XVII ғасырдағы түріне қарағанда, XVIII ғасырда болымсыз ғана өзгерген. Мұнда қазақ атақты адамдарының үстемдігі бұрынғысынша шыңғыстықтармен ру басшыларының біте байланысқан одағына негізделген. Батырдың тұқымынан шыққан сұлтандардың беделі тараған аудандардағы елдерде бұл одақ XVIII ғасырда қандай түрде болса да өзгерген деп ұйғаруға материалдар ешқандай дерек бермейді, ал Нұралы ханға қараған елдерді алсақ, бұл өзгеріс сөзсіз болған. Бірақ, сонда старшиналардың Батыр тұқымынан шыққан сұлтандарға арқа сүйемекші болғаны саяси қарым-қатнастардың бұрынғы системасына қарсы күресеміз дегендері емес, қайта сол системаға қайтадан көшеміз деп талап еткені болар еді.

Ең ақырында, — мәселенің маңызды бір жері, — Россия оны хан деп танымаса да, Қайып дұрысында, Кішіжүздің бір бөлегінің ханы болып тұрған. Нұралының орнына оның хан болып сайлануы Кішіжүздің саяси жөнінен бірлескендігі, Нұралы билеп тұрған жылдарда іргесі қозғалған қазақ мемлекеттігінің әжептәуір нығайғаны болар еді.

Старшиналардың жыйылысында талқыланған екінші мәселе, — қысқы мал жайылысын кеңейту жөніндегі мәселе. Қыскы уақытта Орал өзеніне көшіп келіп, бұл өзеннің солжақ бойындағы даланы қоныстауға рұқсат ету жөнінде старшиналар генерал-губернатордан өтінуге қаулы етеді. Мұнда Орал әскерлерінің казак-орыстары қысқы уақытқа деп пішен әзірлейтін болғандықтан, старшиналар Орал әскері мал түсіп кетуден сақтану үшін өздерінің әзірлеген пішендерін қоршап қоюға шара қолдансын деп сұрайды.

Жыйылыс біткеннен кейін, генерал-губернаторға старшиналардың делегациясы келіп, өздерінің съезінің қаулыларын бекітуді сұрайды. Игельстром жүзді үш «Ордаға» бөлу жөніндегі қаулыны бекітеді. Бірақ Қайып сұлтанды хан етіп бекіту жөніндегі өтінішке келгенде ол мен бұл мәселе туралы әуелі үкіметпен сөйлесіп алайын дейді. Анығында да, старшиналардың Қайыпты хан етіп сайлағысы келетіндігін Игельстром Екатерина II ге жеткізеді, бірақ, съездің бұл қаулысын бекіту жөнінде ұсыныс жасамайды[1]. Оралдың сол жақ жағалауын қысқы қоныс ету жөніндегі старшиналардың өтінішін генерал-губернатор қанағаттандырады. Бұл рұқсатты 70300 үйге ие болып отырған 17 старшина алады[2]. Жыйылыстың делегаттары генерал-губернаторға халықтың Нұралыны жүз ішінен кетіргісі келетіндігін айтады. «Өздерінің қашанда бағынып отыратындығы туралы ант беріп қойғандықтан, ханға қарсы өздерінің ойына алып, істейміз деген шаралардан ел әзірше тыйылып отыр» деп бұлар Игельстромға ашық айтады, бірақ «ханды қандайда болса бір бекіністе қойып қорғауыңызға алыңыз» деп қатты өтінеді[3]. Бұлар ханның жүз ішінде қауыпсыз болуына кепіл болмайды, өйткені «еліміздің ішіндегі жастардың содыр-сойқан істеріне кепіл бола алмаймыз» дегенді

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61,— 1775—1786, іс № 2, 79-бет.

[2] Бұл да сонда, 83-бет. Мұның бір өкінішті жері, бұл рұқсатты қандай қазақ қауымдары алғандығы мәлім емес, бірақ қысқы қоныстың ауданы Гурьев қаласынан бастап, Оралды жоғары бойлап, Сахарная бекінісіне шейін болғандықтан, яғни Бақұлы әулетінің қоныстарымен қанаттас жерлерде болғандықтан, әлгі рұқсатты тек осы әулеттің рулары ғана алған деп ұйғаруға болады.

[3] Бұл да сонда, 81-бет.

айтады[1]. Генерал-губернатор бұларға ханның халі қандай болып шешілетіндігін шыдап күте тұрыңыздар дейді және халық пен Нұралы арасы бітістіруден кеткендігін еске алып, «съезде сайланған бас старшиналарға» жүз ішіндегі істер жөнінде өзімен тікелей қатнас жасауларына рұқсат береді. Сөйтіп, хан қазақ даласын әлі де қоныстап жүрген болса да, дұрысында, ол ел билеу ісінен тайдырылады.

Делегаттар старшиналар жыйылысынан Екатерина II нің атына «Жолдама» әкеледі, мұнда халық бұқарасының ханға наразы болатын себептері түгел айтылады[2]. «Ханның балалары Орал өзенінен өттіңдер дегенді сылтау етіп, Кердері руынан бір жылы 100 жылқы, Тама руынан 60 жылқы, Табын руынан 50 шақты жылқы алады. Тіпті бұлар жәбір көрсетпеген және жылқысын алмаған ру қалған жоқ», — деп старшиналар шағым айтады[3]. Сонда, бұл зорлық-алымдар бір жолы ғана емес, үнемі алынып тұрады. Игельстром жыйылыс делегаттарының айтуы бойынша, Екатерина II ге берген хабарында былай деп жазған: «қазақтар малға жайлы өріс іздеп, малын линияның ішкі жағына немесе далаға айдап өткенде әрбір жолы қос басынан бір жылқы және бір қой алынып отырған. Мұның үстіне, ханның балалары, ал ханның 40 баласы бар, осы жерлерге келіп халықтан әрқайсысы бірдей телім алып отырады»[4]. Бұл айтылған сөздің керекті жері — зорлық-алымдардың үнемі жыйналып тұрғаны ғана емес, мұның үстіне, бұл зорлық-алымдар жаппай алынып тұрған. Алым әрбір қосқа салынған.

Бұдан кейін, старшиналардың өлке төресіне айтқаны, Ералы сұлтан қазақтардың башқұрттардан барымталап алған жылқыларын тартып алды, бұл жылқыларды «өзі пайдалан-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, — 1775—1786, іс № 2, 79-бет.

[2] Бұл «жолдама» сыртқы істер коллегиясының істерінде XVIII ғасырдың тек ведомстволық аудармасы түрінде сақталып келген (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61 (1775—1786, іс № 2, 116—119-бет) Материалдардың IV томында басылып шыққан. «Жолдамаяның» подлиннигі сақталмаған көрінеді, қалай дегенмен де бұл «представления» Шекара істері экспедициясының ЧОА фондында болуға тиіс еді, бірақ оны мен мұнан таба алмадым.

[3] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 118-бет.

[4] Бұлда сонда, 80-бет.

ды және басқа адамдарға үлестіріп берді», ал башқұрттар Ералыдан осы жылқыларын сұрап келгенде, ол «башқұрттардың қасына екі адамын қосып беріп, Көккөз бидің қарауындағы Аққөте руының және ешқандай кінасы жоқ басқа қырғыз-қайсақтардың жылқысын алуға жіберді»,— дейді[1]. Бұлар ханның інісі Досалы сұлтанды кіналайды, ол «тұтқыннан босатылған 7 қазақты мен босаттым деп әркайсысынан табын руының старшинасы Тіленші арқылы 20 биеден алды», — дейді[2]. Бұл арада тағы да «қарапайым қазақтарды» қорқытып мал алғандық туралы әңгіме болып отыр, өйткені осылай демесе бұл істе Тіленшінің дәнекер болғандығын түсіндіру қыйын болар еді.

Бұдан соң, старшиналар ханның балаларын «ханның рұқсатымен де, рұқсатынсыз да біздің жақсы ат, айғырларымызды міз бақпастан қорқытып алады және басқа да толып жатқан жәбір-жапа көрсетеді» деп айыптайды[3].

Ханның қауымдық мал жайылыстарын билеп-төстей алатын феодалдық правосына немесе оның феодалдық мемлекеттің жоғарғы басшысы ретінде шет елдермен қатнаса алатын правосына байланысты, мал айдай өткенде төлейтін осы зорлық-алымдардың барлық салмағы еңбекші бұқараларға келіп түседі. Көңіл аударатын бір мәселе, старшиналардың шағым арыздарында осы алымдардың бәрін хан мен сұлтандар жергілікті әкімшілікке арқа сүйей отырып алатындығы айтылған. Бұл кездейсоқ уақыйға емес. XVIII ғасырдың 70-жылдары аяғында вассалдық қарым-қатнастар системасының іргесі қалай қозғалғандығын, соның салдарынан қазақ қоғамында тарих бойы қалыптанып келген «экономикадан тыс еріксіз көндіру» системасы да бұзылғандығын біз жоғарыда көрдік. Хан өзінің феодалдық праволарын іске асыруда енді сыртқы күшке арқа сүйеуге талаптанады. Ал мұндай «сүйеу», әрине, толып жатқан зорлыққа, зұлымдыққа не әдетте, не шариғатта айтылмаған феодалдық алымдардың жаңа түрлерінің тууына әкеліп соғады. Феодалдық алымдардың системасы отаршылдық талаумен келіп ұштасады, қанаудың феодалдық-отаршыл-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 118—118-бет.
[2] Бұл да сонда, 118—119-бет.
[3] Бұл да сонда, 119-бет.

дық системасы дамыйды, ол қазақ еңбекшілерінің еңсесін көтертпейді.

Феодалдық алымдармен отаршылдық талаудың осы ұштасуын орыс материалдары да дәлелдейді. Мысалы, Мұхаммеджан Құсаинов қазақ даласында көп болған. Ол жүз ішіндегі халді жергілікті әкімшіліктің қайсысынан болса да жақсырақ білген. Сол Құсаинов, хан қорқытып казактардың малын тартып алғанда, ол мұны жергілікті өкімет уәкілдерімен бірлесіп отырып істеген деп жазады[1].

Старшина жыйылысының қаулылары да, сол сияқты бұлардың «жолдамасының» мазмұны да Сырым батыр козғалысының әлеуметтік сыйпаты туралы аса маңызды қортындылар шығаруға мүмкіншілік береді. Көшпелі — мал өсіруші еңбекші бұқараларды «көшпелі шаруа»[2] деген терминмен әзірше шартпен атай тұрып, біз Сырымның қозғалысы өзінің негізінде нағыз халықтық, шаруа күресі ретінде дамыған деп айта аламыз. Қозғалыстың шаруалық сыйпатының көзге түсетін жері сол, бұл қозғалыстың дамуында мал жайылысын кенейту жөніндегі жер мәселесі де, сол сияқты қанаудың феодалдық-отаршылдық системасына қарсы болған наразылық та үлкен себеп болған.

Ханға карсы дамыған күрестің негізінде канаудың феодалдық формалары болғандығын Сырым батыр козғалысына тиесілі фольклорлық материалдар айқын дәлелдейді.

XIX ғасырдың аяғында Бөрте болысында жазылып алынған ел аңыздарынан үзінді келтіреміз:

«Хан халыққа жөнді қамқорлық істемеді — сондықтан ха-

[1] 1785 жылы ол өзінің журналында былай деп жазған: «Хан қырғыз-қайсактарға ашуланғанда, өзіне бағынбаған адамдарды тала деп шекара командирларына хабар береді. Бригадир Акутинмен алдын ала келісіп алып, өзінің құлқыны үшін және мал алу үшін қырғыз-қайсактардың малын талатып, адамдарын байлатып алады да, артынан бұларды өзі сұрап босатып алған болып әркайсысынан бірнеше қой, жылқы алады» (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 62, 1785, іс № 3, 15-бет).

[2] Мал өсіруші — көшпеліге бұл терминнің шартпен қолданылатындығы таптық кездермен белгіленбейді, өйткені мал өсіруші көшпелі де, феодалдық-тәуелді отырықшы жер жыртушы да тап жөнінен бірыңғай белгілермен сыйпатталады. Айырмашылық бұлардың тек өндірістік әрекетіндеғана.

лық хандарды жек көреді. Сұлтандар өз халқын талайды сондықтан халық сұлтандарды жек көреді.

Ұялғаннан беттен от шықты.

Өз халқын жақсы көрген Сырым[1].

Сырым жөніндегі ертегінің тағы біреуінде де, осы айтылған. Вассалдық қарым-қатнастар жағынан да сол сияқты туыс жөнінен де біте байланысты бола тұрса да, батыр ханды батыл түрде масқаралап отырған. Ол былай деген: «Сен — хан, орның елдің бәрінен жоғары. Сөйтіп отырып кішіні үлкеннен, ақты қарадан, әлсізді әлдіден айыра білмедің, өзің қарашы: сенің төңірегінде күштілер кедейлерді талап жеп жүр, осыны көре тұрып сен құдықтағы судай тұнжырап ауызынды ашпайсың»[2].

Сырым қозғалысының мейлінше халықтық, шаруалық осы негізі Нұралы ханды және сұлтандарды, оның тұқымынан шыққан адамдарды жүз ішіндегі өкімет басынан тайдыру жөніндегі мәселені ешқандай икемге көнбейтін қатты түрде қоюға мүмкіншілік берген. Күрестің сол халықтық негізі Сырымның хан өкіметін жою жөнінде мәселе қоюына мүмкіншілік берген.

Бірақ Сырым батыр қозғалысының таптық негізі өте бүркеулі формада болған. Жүзді басқару ісі де, қару-жарақты күреске басшылық ету ісі де ру басшыларының ең ірі деген уәкілдерінің, яғни тап жөнінен сұлтандарға жақын тұратын әлеуметтік топтың қолында болады.

Өзінің сыйпатына қарағанда, шаруалық қозғалыс болған қозғалыста ру басшыларының жетекші болуы сияқты құбылыс Сырым қозғалысының өзіне тән өзгешелігі емес. Мұндай құбылысты біз, мысалы, Кішіжүзде XIX ғасырдың 20 жылдарында болған Тіленші қозғалысында да кездестіреміз. Осы сияқты құбылысты біз сол сияқты башқұрттардың XVIII ғасырдағы бостандық жолындағы қозғалысында да кездестірдік. Бұл 1825—1826 жылдардағы қытай-қыпшақ көтерілісінде де байқалған. Шығыстағы шаруа қозғалыстарының осы өзгешелігі көшпелі ауылда тап күресі жоқ деуге сылтау болған.

---

[1] Қазақ ССР ОМТА, № 544 фонд, 2 каттау іс № 8327 2 бет

[2] С. Мұқанов. Жоғарыда көрсетілген мақаласы. Бірақ автор бұл ертегіні қашан, қай жерде жазып алғанын айтпаған.

істің шын мәнісін алып қарағанда, халық қозғалысына ру басшыларының жетекшілік етуі басқаша түсіндіріледі.

Ауыл ішінде тап жігінің сөзсіз болғандығын, «ру салт-санасының» формасы, дұрысында, феодалдық өндірістік қарым-қатнастарды бүркеп келгендігін біз жоғарыда көрдік. Бірақ, патриархтық-рулық салт-сана жүріп тұрған жағдайда старшина топтары мал өсірушілердің негізгі бұқарасымен біте байланысты болған, старшина топтары қоғамдық өмірде басшылық роль атқарған, ең ақырында, бұлардың әжептәуір экономикалық маңызы болған, осының бәрінің салдарынан қозғалысқа басшылық ету ісі сол старшиналар топтарының қолында болып шыққан. Сөйтіп, біз ресми документтерде көбінесе ру басшыларының уәкілдерімен кездесіп отырсақ та, мұның өзі көтерілістің халықтық шаруалық сыйпатын бекерге шығаруға дерек бола алмайды.

1785 жылғы қозғалысқа қарап біздің көретініміз, Кішіжүзде старшиналар мен халық бұқарасының ханға және оның тұқымдарына қарсы шығуына тек қолайлы жағдай туу былай тұрсын, тіпті қалай да болса қарсы шығарлықтай жағдай туған. Нұралы хан старшиналардың ескіден келе жатқан феодалдық кеңес правосын жойып қана қоймай, оның үстіне бұларды қорқыту, күшпен жұмсау шараларын қолданады. Мысалы, старшиналар былай деп жазады: тұтқыннан босатылғандардан «ол, хан, 20 биеден немесе сол 20 биенің бағасын алып отырды. Мысалы, Байбақты руының Итеш деген мырзасының екі туысқанынан орыс тұтқынынан босаттым дегенсіп 40 бие, Шеркес руының Тұрмамбет деген биінің екі жақын адамынан 50 бие, Таз руының Құсаин деген биінің інісінен 200 қой, 2 түйе, 3 жылқы алды»[1].

Қозғалысқа «ру басшыларының» басшылық етуі қауымдық-рулық қарым-қатнастардың беріктігіне байланысты болған. Бұл басшылық ету қоғамдық-рулық қатнастардың өзіндік формасынан туған. Сол форма қалыптанып келе жатқан феодалдық, таптық қарым-қатнастарды көзге түсірмей бүркеп келген. Сөйтіп, «ру басшыларының» қозғалысқа басшылық етуі сол қозғалыстың сыйпатын бейімдеп, оның мазмұнына да

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 117-бет.

әсер еткен. Кішіжүзде XVIII ғасырдың аяғында болған халық соғысының дамуын патриархтық-рулық салт-сананың әсер етуін есепке алмай отырып, ұғынуға және Сырымның өз тактикасын ұғыну да мүмкін емес. Оның бержағында үстірт қараған көзге Сырымның тактикасында бірімен бірі бітіспейтін қайшы ауыздықтар бар сыяқтанып көрінеді, бұл туралы ілгеріде айтылады.

Қозғалысқа қоғамның феодалдық-рулық басшыларының басшылық етуі — Қазақстанда «шаруа» соғысы дамуындағы өзгешеліктерінің бірі. — Бұл «шаруа» соғысының басқа бір өзгешелігі — Жүз ішіндегі таптық күреспен халық бұқарасының отаршылдыққа қарсы қозғалысының терең байланысты болуы. Хан тобы отаршыл өкіметтермен тығыз одақ жасасып отырғанда мәселенің осылай болмауы да мүмкін емес еді. Қозғалыстың екі жағы да күрес барысында бірімен бірі біте байланысты болып, бірімен бірі өзінше ұштасып, халық бұқарасының бостандық жолындағы бірыңғай қозғалысына айналған. Нақтылы жағдайға қарай қозғалыстың әртүрлі дәуірінде құбылыстар үстіне сол қозғалыстың бірде мына жағы, бірде екінші жағы шығып отырған. Отаршылдыққа қарсы қозғалыстың ішкі мазмұнында «шаруа соғысының» белгілері болған, ал жүз ішіндегі таптық күрес қалай да болса отаршылдыққа қарсы күреске айналып отырған.

1785 жылдың күзіне қозғалыста майдан күресінің оп-оңай ауғеріп кетуін Сырым көтерілісінде осы екі жақтардың біте байланысты болуымен түсіндіруге болады.

Қазақ старшиналарының жыйылысы болуына және съезд делегаттарының алға қойған талаптарына байланысты генерал-губернатордың қолданған шаралары туралы берілген хабар соңында әйел патшаның 1785 жылғы 27 ноябрь күнгі рескрипті (алғыс айтқан хаты) шығады. Игельстромның барлық шараларын Екатерина мақұлдайды. Бірақ рескрипт бұл шаралардың уақытша екендігін, ауыспалы екендігін атап көрсетеді. Нұралы қағаз жүзінде хандықтан әлі де түсірілмегендігі біздің есімізде болуға тиіс. Сондықтан, үкімет те ханның бұдан былайғы тағдыры жөніндегі мәселені шешуге өте сақтық көзбен қарайды. Екатеринаның Игельстромға атап көрсеткені, — көп рулардың ханнан кетуін «біз өзіміздің мақсаттары-

мыз үшін ешқандай теріс іс деп санамаймыз» дейді және «сіздің предместнигіңізбен жолығып сөйлесуден ханның бір емес талай қайтара бас тартуы оны бізге пайдасыз және үмітсіз адам етіп көрсетеді» дегенді айтады[1]. Бірақ мұнымен қатар, әйел патшаның генерал-губернаторға тапсырғаны, — ханмен және оған жақын жүретін сұлтандармен жолығысып сөйлес, ханның нақтылы пікірін және оның патша үкіметіне көзқарасын айқындап біл, тек осыдан кейін барып қана мына мәселені шеш дейді: біздің мақсаттарымыз үшін оны келісе алмай жүрген адамдарымен бітістіруге тырысып, хан орнында қалдырған жөн бе, немесе, аналардың арызын қанағаттандырып, ханды орнынан алған жөн бе[2]. Қалай дегенмен де, рескрипт мынадай нұсқау береді: «әсіресе, ру басшылары біздің сондағы соғыс бастықтарымыздың төте басшылығына үйрене бастаса, бұл орданың осы күнгі бөлінуі бізге ұтымдырақ болады» дейді. Старшиналар жыйылысының Қайып сұлтанды хан етіп сайлаймыз деген талаптарына сақтық көзбен қараудың себебі осыдан келіп туған: жүз ішіндегі күштердің нақтылы өзара салмақтарын білмегендіктен, үкімет Игельстромға «оған (Қайыпқа. — М. В.) қандайлық түрде сенуге болатындығын біл... оның сізбен таныс болуға құмар боларлықтай етіп көңілін тап»[3] дегенді тапсырады.

Қалай дегенмен де, хан үкіметін жойып, жүзді бытыратып, сөйтіп патша әкімшілігін қазақ даласына жаю ісін жеңілдету екіметтің өз мақсаттарына неғұрлым үйлесірек келетін жол деп есептегендігі айқын көрініп тұрады. Сол рескриптте қазақтарды «барлық басқа тұрақсыз әскерлермен бірдей» ақы төлеп, қызметке тарту мүмкін екендігі де айтылған,—рас мұнда қазақтарды қызметке тартқанда «бұлар бізді қызметке еріксіз алады деп ойлайтын болмасын» делінген. Бірақ бұл тек ілгеріде болатын іс деп есептелген. Старшиналар тобы патшаның сенімді тірегі болатындығы жөніндегі мәселе әзірше көп күдік туғызады. Сондықтан, Игельстромға жүз ішіне «сенімді адамдардан» тезірек татар молдаларын жібер, бұлар қазақтарды патша үкіметіне адал ниетте ұстап тұра алатын болсын және

---

[1] Заңдардың толық жыйнағы, XXII, № 16292.
[2] Бұл да сонда.
[3] Бұл да сонда.

«біздің шекараларымызға шабуыл жасау, зұлымдық істеу» әрекеттеріне тыйым салатындай болсын, — деген жарлық жібереді. Үкіметтің старшиналарға сондайлық сенбегендігі рескриптің қортынды пунктінде ашық айтылған, бұл пунктте барон Игельстромға мынадай жұмыстар тапсырылған: біріншіден «қырғыздардың старшиналарына және олардың қоластына қарағандарға соншалық сеніп кетпей, шекарада тиісті сақтық қолдану, екіншіден, сондағы барлық әскерлерді, қорғануға қатысы бар барлық амалдарды түзік күйге келтіру және біз айтқан және біздің тапсыруымыз бойынша жоғарғы басшы айтқан істердің бәрін жөндеу, ең ақырында, үшіншіден, өзіңіздің Эмба өзенінде бекінуіңізге және сондағы бетімен кеткен халықтарды нақты түрде ауыздықтауға әзірлену, бұл туралы кешіктірмей өзіңіздің пікіріңізді және істемекші жұмысыңыздың жоспарын жіберіңіз»[1]. Патша үкіметінің программасы осындай болған.

Бірақ 1786 жылдың көктемінде қазақ даласындағы жағдай көзге түсерліктей болып өзгереді, осы өзгерістің салдарынан генерал-губернатор жүзді билеу системасы жөніндегі мәселені неғұрлым батылырақ түрде қоюға мәжбүр болады: апрель айының аяғында Нұралы хан жүз ішінен қуылады. Қазақтар қысқан соң, ол еріксіз шекара линиясынан өтіп, патша өкіметтерін паналайды[2].

---

[1] Заңдардың толық жыйнағы, XXII, № 16292.

[2] ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131а, 22-бет.

V ТАРАУ

КІШІЖҮЗДІҢ САЯСИ ҚАЙТА ҚҰРЫЛУЫ ҮШІН КҮРЕС

Ханның Кішіжүз ішінен қашуына оған жалпының наразылығы, халық бұқарасы күресінің өрге басуы себеп болады. Ру старшиналарының көздеген мақсатынан жетуіне бірден бір себеп болған нәрсе — олардың өкімет билігінен ханды тайдыру жөніндегі талабын халық бұқара қозғалысы қолдады. Патша үкіметін алсақ, ол Нұралыға және оның тұқымдарына өзінің қандай көзбен қарайтындығын айқындамаған.

Хан Қалмыков бекіңісіне барып тығылып, сүйтіп көтерілісші бұқара алдында тұрған бірінші міндетін шешкеннен кейін, енді бұлардың алдында мейлінше күшті екінші міндет тұрады. Мемлекеттік өкіметті ұйымдастырудың жаңа формаларын табу керек болады. Старшиналардың басым көпшілігі бұл мәселені оңай шешеді: бұлардың ойынша хан өкіметін сақтап қалу керек болады, бірақ Кішіжүзде Нұралының ел билеуінің соңғы жылдарда қолданған саясатында — ал Ортажүзде — Аблай ханның саясатында ашық айқындалған бағыттарды ескке ала отырып старшиналар жаңадан болатын ханды жүз ішінде өздерінің саяси үстем болуын қамтамасыз ететін жағдайларға қоюға тырысты. Мұнымен қатар, жаңадан хан болатын адам, старшиналар көзімен қарағанда, бұрынғы ел билеудің ескіден келе жатқан патриархтық-феодалдық формаларын жақтайтын адам болуға тиіс. Сөйтіп, сенімді кандидат Қайып сұлтан болады. Ру билерінің саяси өкіметін сақтауға кепіл болатын форма хан жанындағы тұрақты кеңес болып табыла-

ды. Жоғарғы өкімет уәкілінің жанында ру старшиналарының кеңесі болсын деген пікір жаңадан шыққан ой емес, ешқандай арнаулы келісіммен ұйғарылмаған мұндай кеңес, жоғарыда айтылғандай, Тәуке ханның тұсында да болған.

Старшиналардың бұл басым көпшілік тобынан басқа екінші бір топ та болған. Бұл екінші топ хан өкіметін мүлде жоюға, мемлекетті түгелімен ру басшыларының қолына беруге тырысқан. Осы айтылған топтың ішінде Сырым батыр болған. Бірақ тағы да айтамыз, бұл топ көпшіліктікі болмаған[1].

Хан қасында ерекше кеңес болу жөніндегі тілек старшиналардың осы екі топтарының арасында белгілі түрде көнісу болуын да білдіре алады.

Жүзді саяси жөнінен жаңадан қайта құру жұмысын іске асыру қыйын жағдайларда жүргізіледі және ішкі, сол сыяқты сыртқы бірқатар факторларға байланысты болады.

Ішкі жағдайлар ең алдымен кеңейген күрестің негізгі базасы — халық бұқарасының пікіріне байланысты болады. Бірақ патриархтық-рулық салт-сана формаларының үстемдігіяен туған пікірлерге шырмалған еңбекшілер бұқарасы әзірше, 1786 жылы, сөз айтпай өздерінің старшиналарының соңынан ере береді. Нұралы ханның өкіметін жою жолындағы күрес тәжрибесі қазақ еңбекшілерінің ру басшыларына тек сенімін нығайта алған.

Күрестің бұдан былай кеңеюінің екінші шарты — Кішіжүздің оңтүстік аудандарын қоныстаған рулардың ұстанған бағыттары. Мұнда Қайып сұлтанның беделі ерекше зор болған. Шекті төртқара руларының аса беделді ру басшылары осы сұлтанның сенімді тірегі болған. Қайып бұрын Нұралының қа-

---

1 Кішіжүздің болашақтағы саяси құрылысы туралы бірыңғай көзқарастардың жоқтығы туралы барон Игельстром, конфиденттерден алынған хабарлар бойынша, Екатерина II ге ханның Калмыков бекінісіне қашып кеткендігін естісімен-ақ хабар береді. 1786 жылы 10 май күні берген хабарында ол былай деп жазған: «Ордаға ауызша, сол сыяқты қағаз жүзінде жіберілген хабарлар арқылы менің бірте-бірте бетін ашқан мәселем, ханнан кеткен старшиналар мен халықтың бәрі бірдей хансыз болуды тілемейді, бұлардың көбінесе керек қылатыны, тек осы күнгі хан болмай ілгеріде Ордада осы күнгіден өкімі төменірек хан сайланса екен дейді. Ханның мәртебесі бұрынғысынша бола берсін, бірақ оның үкімі хан атағынан бөлек болсын, сөйтіп хан жанынан таңдаулы старшиналардан үш басшы рулар кеңесі құрылсын дегенді тілейді» (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1786, іс № 11, 4-бет)

рауында болған жерлердегі етек алып келе жатқан уақыйғаларды қатты зер салып бақылап отырады, бірақ өте сақтықпен және еппен әрекет істейді. Ол қозғалысқа тартылған старшиналарға тікелей өзі көрінеу әсер етпейді, бірақ оның інісі Қарабай сұлтан үнемі жүздің солтүстік-батыс аудандарында болады. Біз оны старшиналар съездерінің ұдайы қатнасушысы ретінде 1786 жылы да, сол сыяқты 1787 жылы да кездестіреміз. Қайып сыяқты аса беделді сұлтанның сүйемелдеуіне сену старшиналар үшін өте маңызды іс болады. Бұл сүйеудің маңызы терендей түсетін тағы бір себебі, қашып кеткен ханның інісі Ералы сұлтан және осы тұқымнан шыққан Есім, Досалы сыяқты тағы басқа өкілдері де әлі де жүз ішінде қалып қояды. Бұл сұлтандар дамыған күреске тек битарап көзбен қарап қана отырмайды. Нұралы қашып кеткеннен кейін, бұл ескішіл топтың басын біріктірген түпкі қазық Ералы сұлтан болады. Сырымға қастастардың бәрі осыған қарай жыйыла бастайды. Бұл топтың программасы Нұралы ханның өкіметін қайтадан қалпына келтіру болған. Осы топтың қауыпты бола түсетін себебі, Ералы Шөмекей және Шекті руларының бірқатар билері қолтықтайды. Оның келіп қонатын жерлері империя шекарасынан алыс тұрады, сондықтан ол өзінің істеген әрекеттері жөнінде патша әкімшілігіне сонша тәуелді болмайды.

Бұдан былайғы күрестің сыртқы жағдайлары патша үкіметі ұстайтын позицияға байланысты болады. Бұл фактормен старшиналар өте шындап санасуға тиісті болады, мұның бірінші себебі, ханға қарсы көтеріліс жасағандардың қоныстары империя шекарасымен қанаттас келеді, сондықтан патша әскерлерінің шабуыл жасауы оңай болады, екінші себебі, патша үкіметінің қолында Нұралы хан мен Айшуақ сұлтан тұрады, бұларды патша әкімшілігі көтеріліс жасаған халыққа қарсыласқан барлық ескішіл күштердің бірлестіретін орталықтары ретінде қашан да болса пайдалануы мүмкін.

Бірақ патша өкіметтері бұл кезде басқаны ойлайды. Игельстромға оның бұрыннан келе жатқан ойын іске асыру үшін өте қолайлы жағдай туғандай болып көрінеді, оның қазақ даласын басқару ісін губерниялар турасындағы 1775 жылғы учреждение жөніндегі жалпы империялық системаға жақындас-

тыру еді. Нұралы ханның қашып кеткендігі туралы хабар алып, генерал-губернатор 10 май күні Сыртқы істер коллегиясына бірқатар рапорттар жібереді, бұл рапорттарында ол патша үкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясатының бұдан былайғы бет алысының қандай болуы жөнінде өзінің пікірлерін толық айтады. Игельстромның бұл жөндегі ұйғарулары негізінде мынаған келіп құяды. Генерал-губернатор Шекаралық сот үстіне әрбір әулет ішінде, яғни, Әлімұлы, Байұлы және Жеті ру әулеттерінде «расправалар тәріздес тағы да сот құруды ұсынады, бұл соттар шекаралық Орынбордағы Шекаралық сотқа бағынышты болып, оның ұйғаруларын орындап отырсын, ал кейбір кездерде ел ішінен керуендер өткенде шағым арыздар, немесе ақы сұраушы өтініштер түсетін болса, бұл туралы әлгі соттардың өздері де қаулы шығара алатын болсын[1]» — дейді. Әрбір расправаны соның председателі ретінде «сол рудың бастығы» басқарып отыратын болсын, бұған «таңдаулы рулардың ең атақты старшиналарының араларынан» екі заседатель және жазу жүргізу үшін бір молла берілуге тиіс. Егер де «қазақтар бұдан сескенбейтін болса», расправаға орыстардан, ең болмағанда, татарлардан «депутат ретінде» сенімді бір адам берілуге тиіс. Ал дұрысында, осы адам «Ордада не болып жатса сол туралы мұндағы бастықтарға хабар беріп тұруы керек»[2] деген ұсыныстарды жасайды. Игельстромның бұдан басқа ұсыныстары мынау: «Әлгі әулеттердің құралған» әрбір рудың ішінде сайлау арқылы бір старшина белгіленіп, оны шекаралық бастық, генерал-губернатор, бекітуге тиіс, «бұл старшиналар өз руының ішіндегі немесе рулар арасындағы даулы мәселелерді шешіп, өзіне бағынышты әулеттерді патша үкіметіне адал ниетте ұстап, ел ішінде тыныштық және бейбітшілік орнатуға тиіс»[3], Игельстромның өте бір зор маңыз берген мәселесі, патша әкімшілігі бекіткен расправа мүшелері де, сол сияқты ру старшиналары да жало-

---

[1] ЕДАОМА. Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1786, іс № 11, 1-бет.

[2] Бұл да сонда, 2-бет. Қазақ халқын руға бөлу үшін Игельстром әдетте орыс документтерінде қолданылып жүрген терминологиядан гөрі басқа терминология қолданады: ол «руларды» «әулеттер» деп атайды — бұлардың бәрі үшеу (жоғарыда қараңыз), руларды ол «әулетке» немесе «таңбаға» бөледі.

[3] Бұл да сонда.

заниеге алынуы. «Өйткені,— деп жазады ол Екатерина II ге,— біздің тарапымыздан рақымшылық көріп басы байланған адам әрбір руда болса және әулетте болса, сол адамнан келетін пайда Ордаға қандай іс тапсырылса соның бәрі сөзсіз іске асырылып отырар еді»[1].

Старшиналардың деней көпшілігінің жүз ішінде хан өкіметін сақтап қалғысы келетіндігі генерал-губернаторды таңдандырмайды. Сонда Игельстромның үйғаратыны, «старшиналардың мұнысы менің Орда ішінде сот орындарын старшиналардан тағайындау жөніндегі ойыма қарсы келмейді және ханды, оның жанындағы кеңесті Шекара соты жанындағы орындаушы орын ретінде пайдалануға мүмкін болар еді» деп ойлайды[2]. Сондықтан генерал-губернатор старшиналардың хан тағайындау жөніндегі тілегіне қарсы болмайды да, бұған үкіметтің келісуін сұрайды.

Осы уақытқа, 1786 жылдың 10 майына, Игельстром Кіші жүзде расправалар ұйымдастыру жөнінде ұсыныс жасаған кезге тиесілі үкіметке жіберілген оның бірқатар хабарлары бар. Осылардың бірінде генерал-губернатор жүз ішінде мешіт салу және шонжарлардың балалары үшін мектеп ашу туралы ұсыныс жасаған. Бұл ұсыныстарды жете бағаламауға болмайды. Жүз ішінде мешіт салынып, оған үкіметке сенімді адамдар арасында молдалар жіберілсе, патша үкіметінің беделін нығайтатын күшті құралдардың бірі болуында сөз жоқ. Есте болу керек, жүз ішінде Орта Азия хандықтарынан жіберілген молдалар көп болған, бұлар, көбінесе, Бұхарадан келген және Бұхар әмірінің сенген адамдары ретінде әжептәуір саяси роль атқарған. Мүмкін, бұлар Портаның саяси тапсырмаларын да орындаған болар. Ең ақырында, жүз ішіне патша үкіметімен қастасып, одан қуғын көріп, жүз ішіне қашып келген татарлар мен башқұрттар да көп болған, бұлар да сол сияқты жүз ішінде Россияға қарсы үгіт таратады. Молдаларды патша үкіметінің беделін қазақ елінің ішіне тарататын үгіт құралы

---

[1] ЕДАОМА, Россияның, қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1786, іс № 11, 3-бет.

[2] «Шекара соты сонда өзінің қаулылары мен үйғаруларын әлгі айтылған соттарға орындау үшін жіберіп, ол мұнымен қатар ханға да және кеңеске де осылардың жедел орындалуы туралы ұсыныс жасай алады» (Бұл да сонда).

ретінде пайдалану, бұларды Бұхара молдаларының үгітіне қарсы қою өте ұтымды іс болып көрінеді. Қазақтың шонжарларының балалары үшін мектеп ашу ісі де осы мақсатты көздеген болуға тиіс, мектеп құрылуының керекті бола түсетін себебі, бірқатар феодалдар Орта Азия хандықтарының мұсылман мектептерінде білім алған[1]. Бұл арада Игельстром, Орынбор губернаторы Д. Волков[2] 1763 жылы айтқан өзінің ескі ойына қайта келіп соғады. Оның бұл ойы, тиісті дін жолымен әсер етіп, қазақ феодалдарын патша Россиясына байланысты етіп қою.

Сол берген хабарында Игельстром «купецтердің, тағы басқа келушілердің пайдасы үшін әрбір басты Ордада», қазақтардың өздері таңдаған жерлерінен, «керуен сарайын» салуды ұсынған[3]. Ең ақырында, осылардың қатарындағы тағы бір ұсыныс — бекіністер линиясын қазақ даласына қарай жылжыта түсу проектісі. Осы мақсатпен Игельстром старшиналар жыйылысында «сауда керуендерінің қауыпсыз болуы үшін және коммерцияның ұлы пайдасы үшін» қазақ даласынан екі немесе үш қала салу туралы мәселе қоймақшы болды. Рас, «осы әңгіме оларды (старшиналарды. — М. В.) қобалжытып жүрмес пе екен» деп екі ойлы болады, — сондықтан ол бұл жөнінде үкіметтен рұқсат сұрайды. Игельстром бұл қалаларды мына жерлерден салуды ұсынады: бірін — Ор және Эмба өзендерінің жоғарғы бойларының аралығынан, екіншісін — Эмба өзенінің құйылысынан, үшіншісін «Қолайлы деп тапқан бір жерден». Бұл арада өзіне көңіл аударатын бір мәселе, екі қала салынсын деген жерлерді генерал-губернатор өзі бұдан бір жыл бұрын 1785 жылы, бекініс линиясына қазақтардың шабуылын жасатпау үшін әскер жіберуді ұсынған аудандардан таңдап алған[4].

---

[1] Мысалы, Досалы сұлтан Хиуада білім алған. Рас, мұндай кездер өте сирек болған.

[2] Волков Екатерина II ге 1763 жылы 16 май күні берген хабарында былай деп жазған: «мысалы, бұл үшін олардың жаңа өспірім аманаттарына малға қарағаннан гөрі тәуір көзбен қараудың қажеті жоқ па? Бұл үшін оларды соғыс өнеріне үйретпей, азаматтық ғылымдарға және жақсы мінезге үйрету керек пе?» тағысын-тағылар (ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 558, 82-бет).

[3] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1786, іс № 71, 4-бет.

[4] Бұл да сонда, К. 62. 1785, іс № 3, 6-бет.

Игельстромның осы ұсыныстарының бәрінің басын қосып келгенде патша үкіметінің Кішіжүздегі отаршылдық саясатының мейлінше толық программасын көреміз. Бұл программа, біз жоғарыда көріп өткендей, сол саясаттың әлеуметтік базасын да және оның әділеттерін де шындап өзгерткен. Бірақ, Игельстромның бұл ұсыныстары осы саясаттың әлсірегендігінің белгісі деп ойлау өте қате болар еді. Реформаның қажеттілігі патша үкіметінің шекара линиясында соғыс қуатының өзінше әлсіздігіне және жүз ішіндегі өзара күрестің шиеленісуіне байланысты болған. Жүз ішіндегі бұл күрес патша үкіметінің бұрынғыша хан тобына сенуін пайдасыз етіп шығарады. Әрине, Игельстромның старшина партиясына қол артып, оның беталысының өзгеруімен қатар, жүз ішінде патша әкімшілігін орнатуға талаптануы, сауда жолдарын қорғауды сылтау етіп, тұрақты соғыс пункттарын салмақшы болуы, және әкімшілік, соғыс әдістерін қолдану үстіне қазақ шонжарларын молдалар арқылы идеология жағынан қолға алу әдісін қолдануы кездейсоқ уақыйға емес. Старшина тобы онша сенімді тірек болып көрінбейді. Осыған байланысты, бір керекті мәселе, расправалар (жазалаушылар) құру және тағы басқа сол сияқты ұсыныстармен қатар, Игельстром жүзді бөлу жөніндегі ескі мәселені үкімет алдында тағы да көтереді. 1786 жылы 10 майдағы хабарында ол былай деп жазған: «Қырғыз-қайсақтар, бірауыздан болмаса да, сіздің ұлы мәртебелі императорлық ұлы дәрежеңізден тілейтіні, қазақ даласы өздерінің арасына бөліп-бөліп берілсе екен дейді. Сіздің аса мейрімді құзырыңызға менің батылым барып ұсынайын дегенім мынау: бұлардың ілгеріде жалпы халықтық жыйылысы болғанда, егер де бұлар осы тілегін тағы да білдіретін болса, қазақ даласын кейбір түрге бөлуге болады десем пайдалы және орынды болар ма екен»?[1].

Игельстромның 1786 жыл 10 май күнгі усыныстарына үкімет сол жылы 3 июнь күні Екатеринаның қолы қойылған алғыс қағаз арқылы жауап береді. Генерал-губернатордың ұсыныстарын үкімет түгел мақұлдайды. Сөйтіп, осы шаралар

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1786, іс № 5, 3-бет.

арқылы Қазақстанның империядан саяси оқшаулығын жою жылы белгіленеді. Жүзді бөлу ісіне ерекше маңыз беріледі[1].

Игельстромның жобасын іске асыру ісі ханды жүз ішінен тайдыруды керек қылатындығын да үкімет жақсы біледі. Сондықтан, сол рескриптте генерал-губернаторға: «Нұралыны Орынборға келу үшін көндіруге тырыс, содан кейін әдеппен, сыпайылықпен оны Уфа қаласына алып, онда өз басының қауыпсыздығы үшін дегенді сылтау етіп, оны осы қалада, ұстап қалу керек», деген жарлық беріледі. Бірақ, сонда, Игельстромның хан жанынан кеңес құрған жағдайда жаңа хан сайлап алуға келісуге болады деген ұсынысын патша әйелтіпті мақұлдамайды[2]; бірақ қазақтар біздің ел билеу жөніндегі праволарымызға үкімет қысым көрсетті деп ойламасын деген мақсатпен, «оларға өздерінің ең басты руларының танымдаулы старшиналарынан жақсы ел билеу орнын сайлап алу жөнінде кеңес берілсін» деген ұсыныс жасалады. Игельстромның Шекаралық сот құру жөніндегі шаралары да мақұлданады, бірақ бұл соттың істейтін қызметі «Қырғыздар арасында болған» азаматтық және қылмысты істерді қарастыру шеңберінде ғана болсын дейді. Игельстромның ұсынысына қарамастан, Шекаралық сот қазақ елін билеу ісіне араласпауға тиісті болады[3].

Осы түзетулерге қарағанда, Игельстромның жобасы бойынша қазақ даласын басқару ісін губерниялар жөніндегі 1775 жылы мақұлданған Учреждения бойынша қабылданған жалпы империялық басқару системасына жақындатпақшы болған бағыт айқын көрініп тұр. Игельстромның қазақ даласынан бекіністер салу жөніндегі ұсынысы да қабылданады. Қазақ даласынан бекініс салу мәселесі рескриптте ашық айтылған,

---

[1] «Қырғыздардың даласын әуелі үшке бөліп, бұларада қалалар салып, сол сияқты ең басты рулар үшін мешіт, мектеп және қонақ сарайларын салу өте пайдалы және керекті іс, осыған сіз неғұрлым тезірек кіріссеңіз, соншалық бізге де ұнамды болады (Заңдардың толық жыйнағы, XXII, № 16400).

[2] Жаңа хан сайлаудан бас тарту керек деп генерал-губернаторға старшиналар алдында түсіндіру керек болатын себебі, «нағыз хан тірі тұрғанда, жаңа хан сайлауға кірісу қолайлы емес» деген оймен айтылған (бұл да сонда, 6-пункт).

[3] «Бірақ мұның (Шекаралық соттың. — М. В.) үкімі ел билеу үшін жүрмейді». Қылмысты істер жөніндегі үкімдерді бекіту ісі Уфа генерал-губернаторына жүктелген (Заңдардың толық жыйнағы, XXII, № 16400).

сонда тек мынадай ғана ескерту енгізілген: «бұл жөнінде өте сақ болу керек және біздің қызметіміз үшін, өзіңіздің қарауыңызға берілген өлкенің тыныштығы үшін оңтайлы жағын қарастыру керек» делінген. Расправаларды уақытша тек қазақтардан ғана құру керек, тіпті болмаған күнде, бұлардың тобына сенімді адамдардан молдаларды қосу керек екендігі тапсырылады. Бұл «реформаның» жүргізілуі старшиналар алдында бірқатар көнімпаздық істелу керек екендігі еске алынып, генерал-губернаторға Оралда ұстауда жатқан қазақтарды еліне босатып жіберіп, Орал әскерлерінің қазақтардан алмақшы болып жүрген 380 сом ақшасын іздеп алмай-ақ қой деген тапсырма беріледі. Хан тобының көңілін тыныштандыру үшін мынадай жарлық беріледі: «1785 жылы атаман Донсков ұстап алған Айшуақ, Ғизалы деген сұлтандарды Орынборға алдыр, — делінеді, бірақ «бұларға нағыз бостандық беріп өз еліне қашан және қандайлық жағдайда босатып жіберу жөніндегі» мәселе генерал-губернатордың қарауында қалдырылады. Ең ақырында Шекаралық соттың составы жөніндегі берілген нұсқау, егер де сот составына сұлтандардың бірін кіргізу жөніндегі алғашқы ұсынысқа старшиналар қарсы шығатын болса, онда старшиналар, «оның орнына хүрметті басшылардың бірін енгізе ала алады»[1] делінген. Сөйтіп, 1786 жылы 3 июнь күнгі рескрипт генерал-губернатордың старшиналар тобына қол арту жөніндегі беталысын мақұлдайды, керек десе, Игельстром ұсынғаннан гөрі де әрірек бет алға түседі.

Генерал-губернатордың ұсыныстарын жүзеге асыру жөніндегі мәселе старшиналардың 1786 жылдың күзінде болуға тиісті жыйылысында қаралуға ұйғарылады. Осы ұйғарылған «реформа» жөніндегі хабар қазақ даласына тарап, ел іші абыржып тынышсыздана бастайды. Жаз бойы старшиналар Қайып сұлтанмен біте байланысты болып, оны өздерінің жағына тартып алады. Бұл жөнінде август айының басында генерал-губернаторға Сырым батыр хабар береді[2]. Сөйтіп қозға-

---

[1] Заңдардың толық жыйнағы, XXII, № 16400.

[2] «Сырдария жақтағы Қайып ханның халқы онымен ынтымақтас болуға бейім, Қайыпты біздің елге алып келген оның ағасы Қарабай сұлтан болатын» (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 212-бет)

лыстың әлеуметтік базасы Қайып сұлтанға қараған қазақ қауымдарының есебіне әжептәуір кеңейе түседі. Бірақ бұл кеңею көтерілісшілердің осы сұлтанмен байланыстарын күшейтуі арқылы іске асырылады.

Жүз ішіндегі хал-жайдың орнықты еместігі қозғалыс басшыларын Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандармен арадағы қатнастарын шиеленістірмеуге мәжбүр етеді. Бірақ көп ұзамай бұлай болмай шығады, қайта ханды өкімет орнынан тайдырғаннан кейін Нұралымен туыстас сұлтандарды өз жактарына тартып алу арқылы олардан зиян келмеу жағын қарастырған талаптары көзге түседі. 1786 жылдың жазында Сырым генерал-губернатордан Айшуақты жүз ішіне босатып жіберуді өтінеді[1]. Осы байқаулар қозғалыстың Сырым және старшиналар билеген басшылығы күрестің революцияшылдық кездерін бәсеңдеткен деуге мүмкіншілік береді.

Бірақ, старшина тобы сұлтандар жөнінде бітімшіл саясат немесе, тіпті болмаған күнде, істің ақырын байқау саясатын ұстаған болса, Нұралымен туыстас сұлтандар өздерінің ел ішіндегі беделінен айрылуға тіпті келіспейді және старшиналар жөнінде мүлде бітіспейтін бағытты ұстайды. Август айының басында бұлар Сырым батырды тұтқындап алып, старшина тобына күшті соққы береді. Осы тұтқындау туралы старшиналар Игельстромға 1786 жылы 14 августа жазылған хаттары арқылы хабар береді. Сырым батыр қасында Дөнен батыр[2] және Абдулкарим молла бар, үшеуі қолға түседі. Бұларды тұтқынға алғандар Есім[3] сұлтан және Ешқара деген

[1] «Біздің өтінетініміз Айшуақ сұлтан халқымыздың ырзалығымен сол жыйылыстың қолына берілсін» (Бұл да сонда). Айшуақтың хан ретінде босатылуын Ералы бастатқан сұлтан тобы да талап етеді. Айшуақ жөніндегі осы тілекті қолтықтағанда Сырым батыр мынаны еске алған деп ойлауға болады: хан мен Айшуақ арасындағы қарым-қатнастар 80-жылдарда қастас болғандығы оған жақсы мәлім. Бұл сұлтанның Апақ және Жантөре деген балалары 1785 жылы көтерілісшілер қатарында күрескен. Осы жағдайларға қарағанда Айшуақ жүз ішіне қайтып келгеннен кейін Нұралыны қайтадан өкімет басына қоюға ұмтылмайды деп кетуге болады.

[2] Дөнен батыр — Айдарбектің інісі Шекаралық соттың мүшесі, Байұлы әулетінің Масқар деген руынан (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 239-бет). Дөненді «өзі қауыпты адам болғандықтан» Есім сұлтан сол арада босатып жібереді.

[3] Есімнің атын Игельстром өзінің 1789 жылы 13 декабрь күнгі «Түсіндіруінде» келтіреді (ЛОМТА, Мемлекет кеңес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131 а. 18). А. Ф. Рязанов «Батыр Сырым Датов» деген мақаласында Ералы сұлтанды дерексіз атап өткен.

старшинаның Өтеулі, Абдолла, Диюаламан деген туысқандары. Бұлар қасында 106 адамы бар Ералы сұлтанға қосылмақшы болып бара жатады. Игельстромның берген хабарына қарағанда, Сырым «Мұхаммед заңының ғұрпы бойынша, қасына біраз адам алып, елсіз жерде бір өлген туысқанына құран оқып стырған жерінде қолға түскен[1]. Есім Сырымды Ералы сұлтанның ауылына алып барады, ол Сырымның аяғына кісен салады да, жүзді Нұралы ханның қолына қайтарып бергенше ұстап отырмақшы болады[2]. Сырымның қолға түскені туралы хабар беріп, старшиналардың генерал-губернатордан өтінгені «осының алдында уәде берген халықта ешқандай күш қалмаған екен деп есептемеңіз, қайта халық бұрынғысынан да қуаттана түсті, біз қашан да екі жақтың да тыныштығын тырысамыз»[3] дейді. Мұнымен қатар старшиналардың генерал-губернатордан өтінгені, Сырымның ол тұтқында жатқан кезіндегі хаттарына сенбеңіз, өйткені бұл хаттарды оның атынан басқа біреулер жазуы мүмкін, себебі, Сырыммен бірге оның мөрі де қолға түскен, — дейді, немесе, тіпті, оған хатты қорқытып жазғызуы да мүмкін екендігін ескертеді.

Сырым батырдың тұтқындалуы генерал-губернаторды қат-

---

[1] ЛОМТА, мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131а, 18-бет.

[2] Бұл да сонда. — Сырым тұтқында болғанда Төртқара руының Қаракөбек деген биінің ауылында болған.

[3] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1786. іс № 12, 14-бет. Біз келтірген хатқа қол қойғандар мына билер: Сегізбай, Тормамбет, Абдулхалел қожа, Көккөз би, Шүкіралы батыр. Доса би, Барақ батыр, Мұрат би, Қаратау би және Сопыра би. Бұлардың ішінен Мұрат би Серкеш руынан, Сопыра би Алаша руынан, Доса би Табын руынан, Сегізбай Төртқара руынан, Қаратау би Сықлар руынан, былайша айтқанда, Доса биден басқасының бәрі Байұлы және Әлімұлы әулеттерінен шыққан. Ералы сұлтанды қолтықтаған руларды орыс негізгі деректеріне қарап айқындау қыйынырақ келеді. Ералыға Шекті руының бір бөлегінен басқа Төртқара руы да тірек болған. Бұл ру Сырдария мен Қызылқұм арасын қоныс еткен. Игельстромның «Түсіндіруінде» мынадай мәлімет бар: Орынборға айырбас үшін старшиналарының немере інісі бір қазақ келеді, «Сырым батыр сол старшиналарға қарайтын ұлыста тұтқында болады, соның таныстығы арқылы Ералы сұлтанның Сырымды босату мәселесін талқылау жөніндегі қыңырлығы күшейе түседі» (ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131а, 2-бет). Демек, бұл уақытта Қаракөбек старшина тобына қастас бағытты ұстанған. Сол сияқты атап көрсететініміз, Сырым батырды тұтқындауға қатнасқан Өтеулі старшина да Төртқара руынан шыққан. Мұны оның Александр I ге 1819 жылы 27 июльде старшиналар жазған арызға қойған қолынан білуге болады, (ЛОМТА, Ішкі істер министрлігі, жер бөлімі, 8-делопроизводство, 1819, іс № 44а, 18-бет).

ты абыржытады. Қазақ қауымдар арасында Сырымның ерекше беделді екендігін Орынбор әкімшілдігі жақсы біледі. Мұның үстіне, Сырым хан өкіметін мүлде ажыратуды жақтайтын адам екендігі де мәлім. Былайша айтқанда, Сырымның бұл жөнде ұстанған беті патша үкіметінің қазақ елінің саяси құрылысы жөніндегі ұстанған бетімен, ең болмаған күнде, сыртқы түрі жағынан алып қарағанда да, әбден үйлес келеді. Игельстром өзінің реформасын іске асырғанда тек Сырымды тірек етпекші болып есептейді. Сондықтан патша әкімшілігі бұл жанжалға белсене араласады. Генерал-губернатор Ералыдан Сырымды босатуды талап етеді. Жүз ішінде хат жазып, арнаулы адамдар жібереді, бұл хаттарда қазақтар Сырымның босатылуына жәрдемдесуге шақырылады, 1786 жылдың күзінде Игельстром Жаппас руының старшинасы Тілеке батырдың қызметімен пайдаланады, ол Орынборға Ералы сұлтаннан хат алып келеді. Бұл хат жөнінде Игельстром Екатерина II ге былай деп жазған: «бұл хатта ол (Ералы. — М. В.) өзіне, Ералы сұлтанға, Сырым батырды босату жөнінде берілген жарлықты орындау сылтауымен жазып отыр, ал дұрысында, бұл старшина қатты өтініп және өтірік уәделер беріп, менен Айшуақ сұлтанды, ал мүмкін болса Нұралы ханды да босатып алуға тырысты»[1].

Игельстромның жарлығында ол конфиденттер арқылы алған мәліметтер бар. Бұл мәліметтерде мынадай делінген: «Ералы сұлтан басқа сұлтандармен өзара келісіп, Айшуақ сұлтанды босатып алғаннан кейін, Сырым батырды өлтірмекші болған»[2]. Генерал-губернатордың Тілеке батыр арқылы Ералыға қатты тапсырма беретін себебі міне осы. Ол Ералыға мынаны айт дейді: «Сырым батырды ешқандай кешіктірмей тез босатсын, мұны істемесе кіна өзінде, қылмысты адам ретінде заң бойынша мейлінше қатаң жаза қолданылады. Егерде кімде-кім Сырым батырдың өміріне оқтанатын болса, ондай адамның бүкіл руы, аға-інілері тағы басқа туыстары ауыр жаза тартпай қалмайды»[3] Игельстромның мұндай талап

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1786, іс № 12, 23-бет.

[2] Бұл да сонда.

[3] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1786, іс № 12, 23-бет.

қоюы патша әкімшілігінің Сырым батырды соншалық бағалағандығын көрсетеді. Дегенмен, 1786 жылдың күзінде Сырым түтқыннан босатылмайды.

Ералыны старшиналардың бәрі бірдей қолтықтамаған. Игельстром өзінің хабарларының бірінде былай деп жазады: «ел ішінен алынған мәліметтерге қарағанда, Ералы сұлтанды жақтайтындар аз көрінеді, сол аздың өзі де қобалжуда». Бірақ Ералының қонысы линиядан алыс болады. Ол бұдан былайғы кезде Сырым тобына қырын көзді элементтердің бәрін төңірегіне жыйнап аларлықтай болады. Мұның үстіне, Сібір корпусының қолбасшысы генерал Огаревтен және Тройцкінің таможня директоры Мырзақановтан алынған мәліметтерге қарағанда, мынадай жағдайлар мәлім болады: Ортажүзге Уәли ханға[1], аса беделді Құдай-менде деген сұлтанға және старшиналарға Ералы хат жіберіп, олардан «өзінің ағасынан кеткен елді қайтарып, өз қоластына қаратып алуға» жәрдемдесуді сұрайды. Рас, «Біз сіздің ісіңізге араласпақшы емеспіз және араласа да алмаймыз»[2] деп Ералының сөзін ешкім де қабылдамайды. Бірақ бұл Ералы Ортажүздің феодалдарымен қарым-қатнастарын үзді деген сөз емес. 1787 жылы бұл қарым-қатнастар осындай болып келеді дағы жанжалға Уәли хан араласады. Ералы сұлтанмен арадағы қарым-қатнастардың 1786 жылдың қысына шиеленісіп кеткендігі сондай, Игельстром линияны соғыс жөнінен қорғау жөнінде ерекше сақтық шараларын қолдануға мәжбүр болады. Дегенмен, Ералының 1786 жылы патша өкіметтеріне қарсы жауласып қару-жарақ алып шыққандығы туралы ештеңе мәлім емес.

Орыс үкіметінің жобасына ең басты қауып бұл жақтан төнбейді. Нұралы өкіметін қайта орнатуға Ералы сұлтанның қазақ халқын көндіре алмайтындығы айқын болады. Бірақ көтеріліске шыққан старшиналардың көбі 1785 жылдағыдай, хан өкіметін қайта орнату қажет деп есептейді. Сырымның түтқындалуы осы топты күшейте түседі, және генерал-губернатор Нұралыдан кеткен рулардың бір бөлегі Қайыпты хан етіп

---

[1] Уәли — Аблай ханның үлкен баласы. Әкесі өлгеннен кейін 1781 жылы оны патша үкіметі Ортажүз қазақтарының ханы деп таныған.

[2] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары. К. 63, 1786, іс № 12, 24-бет.

жариялаған деген хабар алады[1]. Старшиналар арасында Қайыптың қандайлық беделмен пайдаланатындығын біліп, Игельстром Қайыппен хат жазысып тұрады, патша үкіметінің «рахымын» түсіремін деп үміттендіріп отырады, бірақ Петербургтан жарлық күтіп, оның хандыққа сайланғандығын бекітпейді. Ол бұрынғысынша, жаңа ханның сайлануы өзі ұсынған реформаның маңызын төмендете алмайды деп есептейді. Мұның үстіне, жаңа хан сайлауға келісім берілуі генерал-губернатордың реформасына старшиналардың тіксініп қараған пікірін ажыратар еді және Шекаралық сот пен расправаларды ұйымдастыру ісін жеңілдетер еді. Игельстром да негізінде осыларды тезірек ұйымдастыруға ұмтылған.

1786 жылы сентябрь айында старшиналардың съезі болады. Съезге қатнасушылар Шекаралық соттың ұйымдастырылуына келіседі, бірақ генерал-губернатордың расправалар ұйымдастыру жөніндегі ұсынысына олар мынаны айтады: «расправаларды ұйымдастыру біз үшін өте пайдалы, дегенмен, Орданың көлемі кеңдігін, халқы көптігін, әсіресе бұлардың қоныстары басқа-басқа екендігін еске алсақ, 3 расправа жеткілікті болмайды, сондықтан әрбір әулет ішінен бір расправа құрылғаны жөн. Бірақ, қазір Сырым батыр жоқ болғандықтан, бұл ұсынысты іске асыруды сол Сырым келгенше кейінге қалдыра тұру керек, содан кейін генерал-губернаторға бұл туралы толық қабар берейік»[2]. Жеті ру әулетінің тек 3 руында ғана, атап айтқанда, Табын, Тама және Кердері руларында ғана «бастық ретінде әрқайсысында бір старшинадан және бұларға жәрдемші ретінде екі старшинадан»[3] сайланады. Сөйтіп, сайланғандар: Табын руынан старшина Тіленші батыр және бұған жәрдемші ретінде сол Табын руынан Жәнібек батыр мен Құдайберген, Тама руынан — Жанболат батыр және бұған жәрдемші ретінде Тоқайбай мен Болдырған, Кердері руынан — старшина Тілеп және бұған жәрдемші ретінде Татақбай батыр Мен Қаржау батыр.[4] Шекаралық сот сайлаулары да жүргізі-

---

[1] Осы сайлаулар туралы Игельстром 1786 жыл 15 октябрь күнгі рапорты аркылы Екатерина II ге хабар береді.

[2] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсактармен қатнастары, К. 63. 1786, іс № 11, 5-бет

[3] Бұл да сонда.

[4] Бұл да сонда, 6-бет.

леді. Бұған сайланғандар: Әлімұлы руынан Абдулхалел қожа, Қайыптың інісі Қарабай сұлтанның баласы Ешмұхаммед сұлтан, Рақыманберді Құттыбаев және сол әулеттен Құдайбергенов Базар би, Байұлы әулетінен Сырыммен бірге қолға түскен Дөнен батырдың інісі Жаныбаев Айдарбек және Жармағамбет Рөсенбаев[1], Жеті ру әулетінен Тіленші батырдың туысқаны Шекбаев Арғын би сайланады[2].

Дегенмен, Шекаралық соттың қортынды составы өзгеше болып шығады. Бұған Абдулхалел қожа мен Ешмұхаммед сұлтан кірмей қалады, мұның орайына Жеті ру әулетінен тағы бір уәкіл сайланады, ол — Қалыбай Жасаров деген старшина. Соттың тізімдерінен қазақ білікті адамдарының екі уәкілдерінің шығарылуы жөніндегі себептері бізге документ жүзінде мәлім емес. Бірақ бұған қазақ старшиналары себеп болды деп ұйғаруға бола қояр ма екен. Қайып сұлтанға старшиналар партиясы қандай көзбен қарағандығын біз білеміз. Сондықтан өздері сайлаған Қайыптың туысқанын сот составынан старшиналар шығарды деп ойлауға бола қоймайды. Мынадай деп ұйғарсақ дұрысырақ болар еді: қазақ шонжарларының не өздерінің Шекаралық сотқа қатнасқылары келмеді, немесе Ешмұхаммедтің кандидатурасын Орынбор әкімшілігі жаратпай тастады, өйткені, үкіметтің Қайып сұлтан жөнінде істің артын күту бағытын ұстанып отырғандығы Орынбор әкімшілігіне де мәлім болатын. Шекаралық сот осы өзгертілген составында 1786 жылы 3 октябрь күні Орынборда ашылады. Көзге түсерліктей атап өтетін бір мәселе, Шекаралық соттың составына неғұрлым беделдірек рулардың, мысалы, Сырым қозғалысының орталығы болған Шекті немесе Байбакты руларының уәкілдері кірмей қалады. Сот составында Сы-

---

[1] Істің басқа бір жерінде ол Яр Мұхаммед Усенов деп аталған (қараңыз ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 239-бет).

[2] Құдайбергенов Базар би Кете руынан, Жаныбаев Айдарбек Маскар руынан, Жармағамбет Рөсенбаев Таз руынан, Шақбаев Арғын би Табын руынан шыққан (қараңыз ТИЛБ, граф Воронцовтардың Жыйнағы, іс № 543, 268-бет) Рақыманберді Құттыбаевтың қандай рудан шыққандығын тағайындай алмадық. Осы айтылған рулардың бәрі линияға жақын жерлерде, Сахарная бекінісінің ауданында және оңтүстігіректе көшіп жүрген. Тек Табын руы ғана Эмба өзенінің ауданын қоныстаған. Демек, Шекаралық сот составына империямен қанаттас отырған елдердің ғана уәкілдері кірген.

рым қозғалысында басшы роль атқарған беделді старшиналар да болмай шығады. Мысалы, бұған Сықлар руының старшинасы Қаратау кірмеген, ол Сырымға қосылған күшті старшиналардың бірі. Бұл жағдайдың Орынбор әкімшілігіне мәлім екендігінде күман жоқ. Генерал-губернаторға жақын жүрген адамдардың бірі полковник Гранкин[1], өзі істен тайғаннан кейін, Шекаралық сотқа «судьялар бұл орынға лайық емес, жүріс-тұрысы ұнамсыз, төмен адамдардан сайланды»[2] — деп жазған. Рас, Гранкиннің бұл хабары белгілі ықпалмен бірбеткей жазылған. Атап айтқанда, Игельстромның әрекетіне жергілікті әкімшіліктің наразылығы, өзін орнынан алып Гранкинге генерал-губернатордың жәбір көрсеткендігі әсер еткен. Дегенмен, Шекаралық сот составына неғұрлым беделдірек старшиналардың кірмей қалғандығын Игельстромның өзі де мойындаған. Өзінің «Түсіндіруінде» ол әлгі айтылған сөздің дұрыс екендігін бекер дей алмаған[3]. Егер Шекаралық сот составына осыған уәкіл жіберген рулардың беделді деген старшиналары кірмеген болса және бұл соттың составына Кіші жүздің неғұрлым күшті деген руларының уәкілдері енгізілмеген болса, осының өзі-ақ Шекаралық соттың қазақ қоғамында беделді бола алмайтындығын айқын көрсетіп тұр. Бұл сотта шешуші күш патша әкімшілігінің уәкілдері болған. Соттың председателі Орынбордың обер-коменданты Я. М. Зенбулатов, бұл генерал-губернатордың реформаларына мүлде қосылмайтын адам. Зенбулатовтан басқа патша әкімшілігінен Шекаралық сот составына, кіргендер, примьер-майор С. Петрашевич және секунд-майор И. Капустин, бұдан кейін қазақтардан басқа және әкімшілік уәкілдерінен басқа, Шекаралық сот составына Сеитов посадынан мына екі купец енгізілген: Сейфулла Сәлиев пен Мирмукин Мирдабаев, башқұрт походный стар-

---

[1] Гранкин генерал-губернатор Игельстромның адъютанты болған.

[2] ТИЛБ, граф Воронцовтардың Жыйнағы, іс № 558, 287-бет.

[3] Игельстром былай деп жазған: дұрысында, бұлардың ішінде дәрежесі төмендері бар болса, ол ғажап емес, өйткені мұның өзі қырғыздарға бір жабайы іс болып көрінді, өздері Шекаралық сотты құрған кезде мұның не екендігін тіпті түсінбей, оған сенбеді, сөйтіп Шекаралық сотқа судьялар сайлағанда олар өзімізден бұрынғы алып жүретін аманаттары ғой деп ойлады, ал аманаттардың қалай болса солай ұсталатындығы өздеріне мәлім (ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131а).

шинасы Амякач Ақ-Кулапов және мещеряк походный старшинасы Зямгур Абдусалямов. Сөйтіп, тіпті ресми түрде алып қарағанда да, қазақтар Шекаралық сотта көпшілікті бола алмаған, мысалы, сот составында 6 қазақ болса, басқалардан 7 уәкіл болған, мұның біреуі сот председателі. Әрине, Шекаралық сотты ұйымдастыру ісінің бұл ресми жағының сондайлық нақтылы маңызы болмаған, бірақ патша әкімшілігі үшін мұндай состав үкім шығарарда болуы мүмкін таласта істі өз пайдасына шешуге қолайлы болған. Осының бәрін қосып келгенде және сот составында қазақтардың аз болуы, қазақ басты руларынан соттың оқшау тұруы, сот составына кірген старшиналардың беделсіз болуы бұл сотқа өлі туған мекеме кейпін берген.

Шекаралық сотқа қарағанда Жеті ру әулеті расправасының составы басқаша құрылған.

Өзіне көңіл аударатын бір мәселе, сайланғандардың арасында беделді старшиналар бар (Тіленші, Жәнібек, Тілеп), Бұл жағдайдың көрсететіні, жүзді билеу жөнінде Игельстром ұсынған схемаға старшиналар көзге түсерліктей түзетулер енгізген: бұлар осы системаның түпкі салмағын төте ру расправаларына аударған. Мұның себебі түсінікті, өйткені XVIII ғасырдың екінші жартысында Кішіжүз саяси жөнінен бытыраңқы болған және бір қатар руларда сұлтандар орнынан тайдырылған соң бұлардың орнын старшиналар алған.

Әрбір әулетте расправалар ұйымдастыруға Игельстром рұқсат алғандықтан, тек 3 руда ғана расправа сайланып қойылуы оны қанағаттандырмайды. Дегенмен, ол Екатерина II ге былай деп жазады: «Орда ішінде олардың тілегіне қандай мекеме үйлес келетіндігін байқау үшін мен Жеті ру әулегінің 3 руына басшылық ету үшін 3 адамға және бұларға жәрдемші ретінде 6 старшинаға жарлық қағаз бердім, бұл қағаздар осылардың Табын, Тама, Кердері рулары да үкім жүргізулеріне мүмкіншілік береді»[1]. Сөйтіп, жүзді басқару реформасы 1786 жылы жеріне жеткізілмейді. Мұның себептерінің бірі сұлтан тобының Сырым батырды тұтқында ұстауы. Реформаның жеріне жеткізілмеуі патша әкімшілігімен сұлтандар арасындағы

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1786, № 11, 5-бет.

шиеленіскен қатнастардың не себептен ашық күреске айналмағандығының аздап бетін ашады. Жүзбен арада сенімді байланысы болмаған Шекаралық соттың өзі сұлтан тобының халін өзгертпеген. Ал расправалар құрылысымен-ақ мұнда басқаша хал туған, атап айтқанда, расправалардың құрылуы сұлтандар тарапынан кенет қарсылық туғызады. Бірақ бұл қарсылық тек 1787 жылы ғана болған.

Шекаралық соттың ашылуын старшиналар өздерінің бірқатар талаптарын жаңғырту үшін, еңалдымен, мал жайылысын кеңейту жөніндегі талаптарын қайта қозғау үшін пайдаланады. Жер мәселесі халық бұқарасы қозғалысының дамуында бұрынғысынша шешуші орын алып келеді. 1786 жылы сентябрь айында кезекті съезге, бұған қатнасқан қазақ білікті адамдары генерал-губернаторға сөз салып, қысқы қонысқа «Ішкі жақтағы» бос жатқан жерлерді ғана емес, мұның үстіне жеке меншіктегі жерлерді пайдалануға рұқсат етуді өтінеді[1]. Игельстром 1782 жылғы Указға сілтеп, жеке меншіктегі жерлерге мал жаю үшін тек шарт бойынша ақы төлеп пайдалануға рұқсат береді, бірақ Шекара істері экспедициясының айтуына қарамастан, бос жатқан жерлер арқылы малды тегін, ақы төлемей айдап өтуге рұқсат етеді. Генерал-губернатордың мұнысы старшиналарды қанағаттандырмайды. Октябрь айының басында Игельстромға тағы да сөз салады, малды даладан «Ішкі жаққа» айдап өткенде қазақтардан бұл үшін ақы алынбауын өтінеді: «бұрын жер үшін бізден ешқандай ақы алынбаушы еді, енді ақы сұрағанның өзі біздің намысымызға тиіп отыр» — деп жазады старшиналар[2].

Дұрысын алып қарағанда, старшиналардың мұнысы бекер, өйткені «Ішкі жаққа» мал айдап өткен үшін ақы алынуы жаңа ғана болып отырған уақыйға емес. Старшиналар өздерінің бұл жөндегі қарсылықтарын 1786 жылдың күзінде ғана білдіріп отырған болса, олар осы уақытты өздері үшін бір қолайлы кез деп есептеген болу керек. Бірақ генерал-губернатор старшиналардың өтінішін аяқсыз қалдырады. Өзінің 9 октябрь

---

[1] Мұндай жерлер Каспий теңізінің жағалауында болған. Бұл жерлер қамысы қалың қыстауға қолайлы. Бұл жерлерге ие князь Юсупов және граф Безбородко.

[2] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 230-бет.

күнгі жауап хатында Игельстром старшиналарға былай деп жазған: «малдарыңыздың жайылуы үшін Оралдың арғы жағында жер болмаса, мен малдарыңызды ішкі жақтың иесі жоқ жерлеріне ақы төлемей айдап өтулеріңізге алдын ала сөйлесіп алып мүмкіншілік беремін, ал иесі бар жерлер үшін сіздер ақы төлеулеріңіз керек»[1].

Олардың арғы жағына мал айдап өту жөнінде қойылған екінші шарт — мал айдап өту правосы ауылдардың бәріне бірдей берілмей, тек старшиналары сол үшін губернатордың арнаулы «рұқсат қағазын» алған ауылдарға ғана берілген. Қазақтарды «Ішкі жаққа» өткізу тәртібі бұрынғысынша, яғни аманат алып өткізу күйінде қалған[2].

«Ішкі жаққа» өту 1786—1787 жылы жаппай түрге айналады. Астраханның обер-коменданты А. О. Базин граф. А. Воронцовқа мынадай хабар берген: «қырғыздар өздерінің қонысына және малына тек Уфа генерал-губернаторы рұқсат еткен жерлерді ғана емес, мұның үстіне даланың пішендік жерлерін де алып отыр, қамыс атаулының бәрі жағалауына шейін қырғыздарға және толып жатқан малға сыймай кеткен[3].

Өту үшін рұқсат 45400 үйге беріледі. Ал, дұрысында, бұдан да көп ел өткен көрінеді, бірақ бұл жөніндегі мәліметтер біріне-бірі қайшы келеді. Базин мүмкін 60000 үйге жуық ел көшіп өткен шығар дейді[4]. Орынбор обер-коменданты Зенбулатов 45000 деген санды көрсетеді. Бұл сан тегі генерал-губернатордың линия сыртына 45400 үйді өткізгендігі жөніндегі ресми жарлығынан алынған болу керек. Бұл мәліметтер, қазақтар қысқы қонысқа айта қаларлықтай қатты мұқтаж болғандығын көрсетеді. Генерал-губернатордың «рұқсат қағаздарын» мына старшиналар алған:

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 241-бет.

[2] Шекара істерінің Орынборлық экспедициясы төте бағынатын Орынбор обер-комендантының айтуына қарағанда, «бұл экспедиция бүкіл линия бойынша мынадай жарлық берген: Дистанциялық бекініс комендантары, тағы басқа бастықтар, жер үшін алатын ақы үстіне қырғыздардың тыныш жүруіне кепіл ретінде таңдаулы жақсы адамдардан аманат алынсын, мұның өзі Орынбор линияларында осы күнге шейін қолданылып келеді, соның арқасында, бұлардың малдары ішкі жақта жүрсе де, бұл жақта ешқандай ұнамсыз мінез істей алмайды» (ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнақтары, іс № 543, 275-бет)

[3] Бұл да сонда, 296-бет.

[4] Бұл да сонда, 296-бет

Масқар руынан — Шектібай старшина	500	үй
Сол рудан — Дөнен батыр Итамғанов	1 000	„
Қызылқұрт руынан — Сегізбаев Шанбай би	400	„
Сол рудан — Дөсен би	7 000	„
Беріш руынан — Шүйтас батыр	7 000	„
Сол рудан — Қошқар батыр	500	„
Аққете руынан — Көккөз би	500	„
Шекті руынан — Мүсіреп Бекетов	400	„
Сұлтан Қарабай	1 500	„
Шекті руынан — Шүкіралы батырдың баласы Байнеке және Байнекенің інісі Сейтмұхаммед Сегізбаев	300	„
Алаша руынан — старшина Сопыра би	3 000	„
Сол рудан — Медет би	3 000	„
Серкеш руынан — Сарға Урусов	1 000	„
Сол рудан Жарқынбай батыр	3 000	„
Адай руынан — Атқаран батыр	500	„
Байбақты руынан — Ақымбет Қаратаев	800	„
Сықлар руынан — Қаратау би	10 000	„
Сол рудан — Құлжабай би	3 000	„
Таз руынан — Кісенбай би	1 000	„
Сол рудан — Мәңдәулет батыр	1 000	„
Барлығы	45 400	үй[1]

Бұл таблицадан көретініміз, ішкі жаққа көшу үшін рұқсатты 300 — 1000 үйлі тек орта шамалы ауылдар ғана емес, Қаратау, Дөнен би тағы басқалары сияқты ірі-ірі билер мен батырлардың ауылдары да алған. Общиналары өтуге право алған рулардың бәрі (Аққете және Шекті руларынан басқалары) Байұлы әулетінен. Бұлар жаздыгүні Сахарная бекінісінен оңтүстікке қарай Орал өзенінің төменгі бойында көшіп жүрген, сондықтан бұлар үшін қысқы қоныска өте қолайлы жер Орал мен Еділ өзендерінің арасындағы дала болған Аққете руының көшіп-қонатын ауданы Елек өзенімен қанаттас келіп, Орал өзенімен жарыса отырып Ор өзенінің жоғарғы бойына шейін созылып жатқан. Шекті руынан ішкі жаққа өту правосымен көшіп-қонатын жерлері сол сияқты шекара линиясымен канаттасып, Сахарная бекінісінен даланың түкпіріне таман, Эмба өзенінің жоғарғы бойына қарай созылып жатқан бөлімдері ғана пайдаланған көрінеді. Көшіп-қону аудандары жөнінде XIX ғасырдың басына тиісті мәліметтерді алып пайдалансақ, онда ішкі жаққа өтуге ресми түрде рұқсат алған ауылдардан басқа линия сыртына мына рулардың да ауылдары өткен деп ұйғаруға болады: Әлімұлы әуле-

[1] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 543, 281-бет.

тінен Тана, Есентемір және Жаппас руларының ауылдары (бұлардың жазғы қонысы Байұлы әулетінің жоғарыда аталған ауылдарымен жерлес болған), сол сияқты Жетіру әулетінің Тама, Кердері, Табын руларының ауылдары (бұлардың жазғы қонысы Сахарная бекінісінен Орынбор қаласына шейінгі линия бойында болған). Біздің осы ұйғаруымыздың дәлелді болатын себебі, бұл рулар Нұралы хан тұсында линия сыртына өту жөнінде право алуды үнемі ізденіп келген рулар. Мүмкін, бұлар көшіп өтуге рұқсат алмай-ақ өзбеттерімен өткен болар, өйткені бұлардың арасында ханды жақтайтын бірқатар ауылдар болған[1]. Бұл арада біздің атап көрсететініміз, патша әкімшілігін қазақ даласына сіңіру мәселесімен Сырымға қосылған ауылдардың қоныстарын кеңейту жөніндегі ауыртпалы әңгімені жарым-жартылап болса да шешу қажеттігі жөніндегі мәселенің арасындағы байланыс Игельстром үшін тегі мейлінше айқын болу керек. Бұлай болмаған күнде, Сырым тобының тарабынан нақтылы жәрдем табу мүмкін болмаған.

1786 жылдың күзінде старшиналар патша әкімшілігі алдында көтерген екінші мәселе — қашқан құлдарды жүзге қайтарып беру жөніндегі ескіден келе жатқан мәселе. Қашқандарды қайтару жөнінде өтініп Игельстромға сөз салып, старшиналар генерал-губернатордың қашқандарды жүз ішіне қайтару жөнінде бұрын берген уәдесін есіне салады. Бұл жөнде старшиналар былай деп жазады: «біздің қашқан құлдарымыз қайтарылмай, сіздің уәдеңіз орындалмады немесе сіздің бұйрығыңызды мұндағы бастықтар орындамай отыр». Бұдан

---

[1] Ахұн Мұхаммеджан Құсанұовтың берген хабарында 1785 жылдың өзінде-ақ ханды Тама руынан 50 ауыл, Жаппас руынан 15 ауыл және Есентемір руынан бірнеше (30 дан көп емес) ауыл қолтықтайтындығы айтылған. Рас, бұл хабарда линия сыртына өтуге право алған Алаша, Беріш, Байбақты және Сықлар руларының бірқатар ауылдары қолтықтайтындығы айтылған, бірақ мұнымен қатар бұл хабарда «осы күні бұл ауылдардың көбі ханнан кетіп қалды» деген сөз бар (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 187-бет) Жетіру әулетінің біз атап өткен рулары Айшуақ сұлтанға қараған. Бұл рулардың старшиналарының пікірлері 1786 жылдың күзінде қандай болғандығы туралы белгілі ештеңе жоқ, бірақ Табын және Кердері рулары старшиналарының аттары 1787 жылдың апреліндегі присяжный листтарда аталмайды. Мүмкін, бұлардың арасында қазақ даласының жаңа құрылысы жөнінде алауыздық әлі де болып келген шығар. Бәрінен де дұрысырағы, «рұқсат қағаздарды» 1786 жылдың күзінде жұздің жаңа құрылысына қосылған старшиналар алған болар.

кейін старшиналар өздерінің бұл жөндегі пікірін мынадай деп ашып айтады: «егер де біздің қоғамымыз бүлінбей бүтін тұрсын десеңіз, бұл мәселені әйел патшаның құзырына қаратпай-ақ біздің қашқындарымызды қайтарып беріңіз, егер мұны істемесеңіз, сіздің бұдан бұрынғы қайрымды істеріңіздің бәрі далаға кетеді, осыны жақсылап есіңізге тұтуыңызды сұраймыз»[1]. Көшіп-қону аудандарының кеңеюіне тек старшиналар ғана емес, ең алдымен еңбекші қазақ бұқарасы құмар болса, қашқан құлдардың жүз ішіне қайтарылуын старшиналар керек қылған, осы тілектің өзі қозғалыстың старшиналық басшылығынан туған. Бұл талапты старшиналар 1785 жылы алға қоймаған. Бұл мәселенің бір жылдан соң барып тууы қозғалыста ру басшыларының таптық мүдделеріне байланысты кездердің күшейгендігін көрсететіндігінде күмән жоқ. Мұның өзі қазақтың мемлекеттігін нығайту және қыстау мәселесін шешу жөніндегі нағыз жалпы халықтық мақсаттардың талқыға салынғандығын көрсетеді. Осы мақсаттарды іздену үстінде 1785 жылғы күрес те дамыған[2].

Ең ақырында, старшиналар линия маңындағы әкімшіліктің қазақтарға істейтін зорлық-зомбылықтарын тоқтатуды талап етеді. Зорлық-зомбылық және қорқыту практикасы патша әкімшілігі старшина тобына бейімделген бағытын өзгерткеннен кейін де мүлде жойылып кетпеген.

Қашқан құлдарды ұстап беру жөніндегі мәселеде Игельстром бұрын патша әкімшілігі қолданып келген саясатты өзгертпеген болса, ол шекаралық барымта арқылы ұсталған қазақтарды жүз ішіне қайтарып беру жөнінде мәселені алға қойып, оны әжептәуір түрде шешкен. Рас, Игельстром барымта қолданудан бірден тыйылып қалмаған, бірақ ол, біз жоғарыда неше дүркін келтірген, «Түсіндіруінде» бұл жөнде басқаша жазады[3]. Дегенмен, ханды жүзді билеуден тайдыр-

---

[1] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 553, 268-бет.

[2] Қашқан құлдарды қайтару жөніндегі мәселеге старшиналардың соншалық үлкен маңыз бергендігін мына мысалдан көруге болады: 1786 жылы күздігүні жүз ішінен 6 құл қашып кеткенде, старшиналар егер де бұларды өзімізге қайтарып бермесең өзіміздің патша әйелге жіберген депутаттарымызды жолдан шақырып аламыз деп генерал-губернаторға қыр көрсеткен (ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнақтары, іс № 553, 269-бет).

[3] Линия маңындағы барымта саясатын қатты сынап келіп, Игельстром былай деп жазады: «Өзіме тапсырған міндетті атқаруға кіріскенде

ғаннан кейін белгілі уақытқа барымтадан мүлде бас тартуға тура келген.

Игельстромның басқа жарлықтарының бірде-бірі жергілікті әкімшілікті барымтаға тыйым салған осы жарлығындай қынжылтпаған болар. Бұл наразылық ресми документтерден де көрініп тұрады. Я. Зенбулатов граф. А. Р. Воронцовқа жазған біз жоғарыда келтірген рапортында мынадай деген: қолға түскен орыстарды босату туралы старшиналармен арада қағаз жазылып келе жатса да бұдан «өнген ештеңе жоқ, өнуі де мүмкін емес, өйткені мұндағы адамдарды байлап әкеткендер сол старшиналардың өздері»[1]. Бұл наразылық, әсіресе полковник Гранкиннің 1788 жылғы 13 декабрь күнгі «Түсіндіруінде» айқын көзге түседі[2]. Барымтаға тыйым салынуына қарамастан, іс жүзінде линияларға ұсақтаған шабуылдардың жасалуы ешқашан тыйылмаған. Бұған біздің ілгеріде көзіміз жетерліктей мүмкіншілігіміз бар. Бірақ патша әкімшілігі 1786 жылдың күзінде болған жағдайларда, барымтаға тыйым салынуы империяның өз мүддесі үшін мейлінше қажетті болған.

Сөйтіп, Игельстромның патша әкімшілігін қазақ даласына сіңірем деген мақсаты, старшина тобына бірқатар көнімділік істеу арқылы болса да, іске асуға жақындағандай болады.

мен қазақ халқына бұрынғы істеліп келген қаталдықты ұмыттырып, бұл халықпен араласқанда бұларға сыпайы, орнықты, әділетті қарым-қатнас орнатудан басқа жол ұстана алмадым» (ЛОМГА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131а. 11-бет), ал дұрысында, 1786 жылдың октябрінде генерал-губернаторға Шекара істерінің Орынбор экспедициясынан «мұндағы адамдарды құтқарып алу үшін жауынгерлік барымта жасауға бұйрық бермес пе екен» деген сұрақ келіп, шекаралық барымтаға тыйым салынуы осы сұраққа байланысты болған. Бұл сұраққа сол октябрь айының 23 күні «ол (яғни генерал-губернатор — М. В.) бұйрық беріп, сол барымта немесе адамдарды ұстап алу әзірше тоқтатыла тұрсын, мұның орнына осындағы адамдарды құтқарып мүлікті айырып алу үшін қазақ ордасының біздің үкіметке сенімділігін білдіріп ант берген старшиналарды қатты қорқытып түрлі амалдарды қолдану керек деген (ТИЛБ. граф Воронцовтардың жыйнағы іс № 543, 278—279-б).

[1] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 553, 279-бет.

[2] «Бұл халықпен, — деп жазады ол, — неғұрлым қатал болсаң соған қарай олар да жақсы бағынып тұрады... Старшиналармен өздері де қырғыздың таңдаулыларының бұрын мұндай бұзақыларға тек дүре соғып қана қоймай, бұлардың ұлыстарының да талқанын шығарушы еді, ол осы күні жазаламайды, деп таң қалады, сондықтан осы старшиналармен әлгі таңдаулы адамдар ұрлық істеген жақсы екен, өйткені ұрылардың шашпауын көтереді, бұларға сыйлық береді, тегі бұлардан қорқатын болар, — дегенді айтысады, міне, бұлардың ешкімге бағынбай, тәртіпсіздік жасайтын себебі осы» (ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 554, 40-бет)

Дегенмен, Орынборда ұйымдастырылған Шекаралық сот жүзден әлі де қол үзіп тұрады. Генерал-губернатор мұны жақсы біледі. Мұның себебін, ол бұрынғысынша, өзінің 1786 жыл май айындағы жобасындағыдай, мынада деп біледі: шекаралық соттың қазақ даласында орындаушы мекемелерінің болмауында дейді, сонда ол старшиналардың жүзді басқаратын жаңа орынға қандай көзбен қарайтынын есепке алмайды, бұл көзқарас сот составында ашық білінген болатын.

Игельстромның өзі қолданған шаралары туралы берген хабарына жауап рескриптте Екатерина II, 1785 жылғыдай, генерал-губернатордың жасаған әрекеттерін түгел мақұлдайды. Бұл рескрипт өлке наместнигінің көңілін мына екі мәселеге аударады: біріншісі — Сырымды тұтқыннан қайтару үшін шаралар қолдану[1], екіншісі — жүз ішінде хан өкіметін қайта орнаттырмау, әсіресе Қайып ханның кандидатурасын өткізбеу үшін тырысу[2]. Бірақ мұнымен қатар Екатерина II генерал-губернаторға мынадай ұсыныс жасайды: егерде «тиісті жағдайлар керек қылса Ордада хан атағын қалпына келтіруге болады», бұлардың санын көбейтуге тырысу керек, сөйтіп «осы хандардың әрқайсысы Орда ішінде қуатты болмай, губерния ішінде және уезд ішінде өзіне бағынатын барлық басқа адамдар сияқты бұлар да сізге тәуелді болсын».

1786 жылғы жетіскен нәтижелеріне, барлық мәліметтерге қарағанда, патша үкіметі және генерал-губернатор қанағаттанған. Жүз ішінде ел билеудің жаңа системасы тірек еткен әлеуметтік базаның өзгешеліктерін, старшиналарды қазақ даласындағы жаңа құрылысты қабылдауға мойын ұсындырған саяси жағдайды үкімет те, жергілікті әкімшілік те есепке алмаған, ең болмағанда, жете бағаламаған. Әкімшіліктің кеңсешілдік дәрменсіздігі де және өзі билемекші болып отырған халықтың қоғамдық қарым-қатнастарын түсінбеуі де осыдан

---

1 «Ералы сұлтанға қатты айтып түсіндіріңіз, егер де оя әлгі айтылған Сырым батырды бұдан былай да босатпайтын болса, біз бұған қатты қаһарланамыз және қалай да болса оның Сырымды Орда ішіне тез босатып жіберуіне жетісіңіз» (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1786, іс № 1, 7-бет).

2 «Дегенмен, қырғыздардың кейбір рулары ұсынған ханды біз бекіте де алмаймыз және мұның орнына басқа біреудің сайлануына да мүмкіншілік бере алмаймыз» (бұл да сонда, 6-бет).

3 Бұл да сонда, 7-бет.

туған. Билеу тәртібін өзгерту ісінің патша үкіметі қазақ даласындағы үстемдігін нығайтудың өтімді әдісі деп қараса, старшиналар бұл өзгерісті сұлтандардың қарсылығын жеңетін күшті құрал деп білген. Сұлтандар мен хан өкіметінің жүз ішінде нашарлауы мұнымен қатар старшиналардың беделін және өкіметін күшейтеді. Бірақ бұл өзгерістің осы нәтижесі генерал-губернаторға айқын болмайды. Істің бәрі соның өзі белгілеген жоспармен жүріп келе жатқан сияқтанады.

Рас, Шекаралық соттың составы бұл сотты тіршілікке қолайлы етпей шығарады, Қайып сұлтанның хандыққа бекітілмеуі старшина тобымен арадағы қатнастардың шиеленісу қаупын туғызады, қашқан құлдар жөніндегі мәселе жайғастырылмай қала береді. Шекаралық аудандарда қазақтар мен Орал әскерлері арасында ұсақ жанжалдар болып тұрады, бұл әскерлердің әзірленген пішені, генерал-губернатордың жарлығына қарамастан, қоршалмай тұра береді[1]. Дегенмен, жалпы айтқанда 1786—1787 жылғы қысты қазақтар Еділ өзенінің көгалды жағында тыныштықпен өткізеді. Астрахан әкімшілігі қолданған сақтық шараларының керегі жоқ болып шығады, ол шаралар мынау: қалмақтардың бір бөлегін жасаққа шақыру, елді қару-жарақтандыру, бекіністерді түзету. Линияда өзгеше тыныштық орнайды. Қазақтар мен орыстар арасында болған ірі жанжалдар туралы ештеңе мәлім емес. Айырбас жанданады: 1787 жылдың жазынан бастап қазақтар көптеп линияға келе бастайды.

Осы уақытта жүз ішінде не болып жатты, күресуші топтардың күші қалай екшелді деген сұрақтарға келетін болсақ, бұл жөнінде күмансыз бір мәселе — бір жағынан Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандардың күші, екінші жағынан старшина тобының күштері жіктеліп, оның терендей түсуінде күман жоқ. Сырым тобына қарсы күресті Ералы сұлтан бастай береді. Ералының көшіп-қонатын жерінің орыс шекарасынан алыс болуы оның Сырымды қолтықтайтын старшиналарға қарсы күрес үшін күш жыйнастыруын жеңілдетеді. Дегенмен, Сырым-

---

1. Осыған байланысты, старшиналар ноябрь айында генерал-губернаторға «өзіңіздің жаныңыздағылардан бізге бір жақсы адам жіберіңіз, ол адам Орал қаласынан Гурьевке шейін бара алатын болсын және біздің істерімізді оңдауға жәрдемдессін» деген өтініш енгізеді (ТИЛБ граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 553, 270-бет).

ға қарсы күрес старшина тобын патша әкімшілігі қолтықтап тұрған жағдайларда, қалайда патша өкіметтеріне қарсы күреске айналады. 1787 жылы август айында Ералы сұлтанды қолтықтайтын рулардың старшиналары керуен талайды. Керуенге шабуыл жасауды ұйымдастырған Ералы сұлтан. Ол мұны Нұралы хан мен Айшуақ сұлтанды елге тез қайтару үшін патша әкімшілігіне әсер ететін шара ретінде ұйымдастырады. Шабуылға қатнасқан ауылдардың қандай рулардан екенін Ералының өзі санап өтеді: бұлар Төртқара, Шөмекей, Қаракете, Қарасақал, Қаракесек, және Шекті рулары — бәрі де Әлімұлы әулетінен, бұлардың бөлімдерінің бір бөлегі Сырдария ауданында, яғни Ералыға қарағаң аудандарда көшіп жүрген.

Ералы сұлтанның күштерін Сырдария бойына жыйнастыруы жергілікті әкімшілікті әжептәуір тынышсыздандырады, мұның үстіне, Сырым батыр ұсталып старшина тобының әлсіреп қалғаны тағы бар. Сондықтан, Игельстромның линияны нығайтудың қамын жейтін себебі де түсінікті. Игельстром Ералы шабуыл жасай ма деген қауыппен Орск ауданында әскерлерді күшейту үшін шара қолдануға тиісті болады. Орскіге генерал-губернатордың адъютанты Гранкин жіберіледі. Оның берген хабарына қарағанда, «Ералы сұлтан бүкіл Кіші ордадан 10 мыңға жуық қазақтарды жыйнап алып Қаракұмнан шығады, Тройцк бекінісіне шабуыл жасамақ болады», бірақ барлық бекіністерге 200 ден, 300 ден адам жіберіп, енді ілгерілемей тоқтала тұрады, өйткені «қазақтардың тағы да келіп қосылуын күтеді»[1]. Ералының өзі линияға шабуыл жасамақшы болған жоқ дейді. Гранкинге жазған хатында ол, түтқынынан ханның және Айшуақтың босатылуын тездету үшін көпец татарлардың товарларын тартып алуға мәжбүр болдым деген. «Бірақ, — дейді ол әлгі хатында, — біз басқа теріс мінездер жасамаймыз. Сабырмен, үмітпен жақсылық күтіп отыра береміз»[2]. Оның бержағында, бұл хатта Ералы соғыс әзірлігін жасамаған деген сез жоқ, қайта, ол осы әзірліктің барлығын жанап айта кетеді. «Егер де сіздер әрекет жасауға бел байлайтын болсаңыздар, — деп жазған ол Гранкинге, —

[1] ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131 а, 55-бет.
[2] Бұл да сонда, № 131а, 62-бет.

сонда сіздер тек өз қуаттарыңызға ғана сенетін боларсыздар, онда... сіздердің бізге шамаларыңыздың келетін-келмейтіндігін алла білер: біз аллаға сендік[1]. Қалай дегенмен де, Гранкиннің Ералы линияға қарай беталды деп берген хабары онша дәлді емес. Тіпті Ералының соғыс әзірлігі, асырып айтқанда, тек өзінше қыр көрсеткені болу керек, бірақ нақты түрде қару жарақты күреске әзірленді деуге болмайды, өйткені Ералы түбінде патша үкіметтерімен бір келісермін деген үмітін үзбеген.

Ералы шабуыл жасай қалған күнге деп линияны әзірлеу үшін Орскіге жіберілген полковник Гранкин өзіне тапсырылған уәкілдіктің шеңберінен шығып, Ералы сұлтанмен дипломатиялық қатнастар жасауға кіріседі. Ералыға жазған хатында ол патша үкіметінің сол кезде Қазақстандағы отаршылдық саясатының міндеттері және әдістері жөнінде ештеңе білмейтіндігін білдіреді және барон Игельстром да оны «кем ақылды» деп, орнымен, кіналайтын көрінеді. Ералыға жазған хатында ол күресті тоқтат, сүйтсең «айтулы сыйлықтар» және «жоғары дәрежелі мархамат» алып берем деген сыяқты уәделі сөздерді айта келіп, Гранкин сұлтанға генерал-губернатор ешуақытта келіспейтіндей уәделер берген. Гранкиннің Ералыға жазғаны, егер де Ералы өзінің туысқандарын босату жөнінде патша әйелге арыз берсе, керуенге шабуыл жасамаса, онда «сіздердің туысқандарыңыздың босатылуы былай тұрсын, оның үстіне үлкен сыйлық, жоғары дәрежелі мархамат алар едіңіз және жоғарғы қолбасшы генерал да сізді басқалардан гөрі жақын досым деп есептер еді»[2] — деген. Ол Ералыға, егер де сұлтан патша үкіметінің айтқанына кейіп отырса, сұлтанның өзі де, оның үй іштері де «бұрынғы рақымшылықта» болады және «туысқандары тұтқыннан босатылады, сіз және бүкіл қырғыз-қайсақ ордасы ілгеріде де адал ниетпен патша құзырына қарап тұратын болады»[3] — дейді. Осының бәрі сұлтан тобымен старшина тобы арасындағы күрестің шиеленісіп тұрған кезін-

---

[1] ЛОМТА, Мемлекеттік кенес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131а, 63-бет.

[2] Бұл да сонда, 52-бет.

[3] Бұл да сонда, 53-бет.

де, генерал-губернатор өзінің старшиналармен арасындағы байланысын нығайту үшін барлық шараларды қолданып отырған уақытта жазылады. Мұның бәрінен ұнамсыз жері, старшина Санасаптың кеңесі бойынша Гранкин оған Ералыға жазған хатының көшірмесін береді, «бұл хат бүкіл Ордаға мәлім болсын»[1] — дейді. Мұның осылай болып шығуына күмануға болмас, өйткені мазмұны үкімет ұстанған беталысқа шалғай келетін хат қазақ старшиналарына түгел мәлім болады. Осының бәрі старшиналардың патша әкімшілігіне сенімін кетіре түседі, сөйтіп Игельстромның жүзді билеудің жаңа тәртібін ұйымдастыру жөніндегі барлық шараларын іске асырмай тастауы мүмкін.

Мұның үстіне, Гранкиннің бұл үндеуі Ералының тек өз тұқымының ғана емес, тіпті бүкіл халық міндетін қорғаушы адам ретінде іске кірісуіне тағы да бір сылтау болады. «Сіз... — деп жазады Ералы өзінің жауап хатында, — біздерді надан ақымақ көресіз: білімсіздің сөзін айтып қырғыз-қайсақтарды қызықтырып, дәметтіріп қоясыз... Сіз алдап Жайық өзенінің бойын алып оны қоныстап отырсыз... Сіз біздермен санаспайсыз ғой, сіз біздердің мылқау, мүгедек, соқыр, қорқақ болғанымызды жақсы көресіз»[2]. Мұнда бұл сөзден патша әкімшілігінің шараларына сенбеушілік және Оралдағы жақсы жерлерді тартып алғанға ескіден келе жатқан наразылық естіледі. Әрине, бұл тек старшиналарға ғана емес, халық бұқарасына да өзінше әсер етеді.

Гранкин қалай айтса да Ералы күресті тоқтатуға көнбейді. Ол өзінің хатын мынадай батыл талаптар қойып аяқтайды: «енді біздің сіздің ұлық мәртебеңізден сұрайтынымыз, үлкен дәрежелі генерал-губернаторға біздің мына тілегімізді жеткізіңіз: егер де Айшуақ сұлтан келсе ол Орынборға өзімен бірге аса құрметті Нұралы ханды да ала келсін және жоғары дәрежелі губернатор ханмен өзара бір-біріне сенім білдіріп келіссін»[3]. Патша әкімшілігімен хан арасындағы жанжалға Гранкиннің дипломатиялық жолмен араласуы патша үкіметінің

---

[1] ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131а, 54-бет.
[2] Бұл да сонда, 63-бет.
[3] Бұл да сонда, 63-бет.

отаршылдық саясатының мақсаттары үшін қай жағынан болса да залалды болып шығады.

Бұл кезде генерал-губернатордың өзі Ералымен келісуді емес, қайта оны жалғыз қалдыруды ізденіп жүреді. Ол өзінің «Түсіндіруінде» негізгі мақсатым старшиналарды Ералы партиясынан бөліп әкету болды деп жазған. Бұл ең алдымен Қаракөбек би туралы айтылған сөз, Қаракөбектің аулында тұтқында Сырым батыр ұсталып жатқан. 1787 жылы Орынборға айырбасқа Қаракөбектің інісі келеді. «Мен, — деп жазады Игельстром, — оның келгенін біліп, өзіме шақыртып алдым, еркелетіп, сыйлық бердім, менің хатымды өзінің ағаңа және Ералы сұлтанның партиясындағы тағы басқа старшиналарға жеткіз деп тапсырма бердім, сол хатта әлгілерге айтқаным, — сіздің императорлық ұлы дәреженізге адал ниетпен қызмет істеуге ант бергендермен келісіңдер және Сырым батырды тұтқыннан босатып алыңдар, — дедім»[1].

Генерал-губернатордың бұл үндеуі қолайлы кезге тап болады. Өзінің алған мәліметтерін дерек етіп, ол Петербургке «осы күнге шейін Ералы сұлтанды жақтап келгендердің ең таңдаулылары одан кетті»[2], — деп хабар береді. Ералы сұлтаннан кеткендердің арасында Қаракөбек би де болады, ол басқа старшиналармен келісім алып мынадай тоқтамға келеді: «Сырым батырдың тұтқында болуы бізге пайдалы емес, қайта залалды, оны алып, қорам ішіне өзі әкелді, сіздің императорлық ұлы мәртебеңізге адал ниетпен қарау үшін өзі ант берді, содан кейін бүкіл халықтың келісуі бойынша бас старшына болып сайланды»[3].

Бұрын Ералы сұлтан жағында болған старшиналар арасында келіктен жарықшақ шыққандығы туралы документ жүзінде бізге ештеңе мәлім емес. Бірақ күрестің жалпы жағдайын алып қарағанда, Ералы бастаған күрестің үмітсіз екендігін бұлардың көбі 1787 жылдың күзіне біле бастаған деп ойлауға болады. Сөз жоқ, бұларға Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандармен күресіп жүрген старшиналар да үлкен әсер

---

[1] ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131а, 26-бет.

[2] Бұл да сонда.

[3] Бұл да сонда.

еткен, ең ақырында, Сырдария маңында көшіп жүрген рулардың (Төртқара, Қарасақал, Шөмекей) старшиналарына Қайып сұлтанның әсер етуі де старшиналардың бір бөлегі Ералы партиясынан кетуіне себеп болуға тиіс. Істің бәрі Игельстромның біз жоғарыда келтірген хабарында айтқандай болып отырған ба, — оны тексеру мүмкін емес, дегенмен нақтылы факт сол, — 1787 жылдың август айында Сырым батыр тұтқыннан босатылады, Қаракөбек би Сырымның тобына келіп қосылады және сол жылдың сентябрь айында Әлімұлы әулетіндегі ең басты екі старшинаның бірі болып сайланады. Сөйтіп, Ералы сұлтанның тобы 1787 жылдың август айына нашарлап қалады, дегенмен Ералы өзінің ұстанған дұшпандық тас позициясынан бас тартпайды, рас, документті материал Ералыны жақтайтындар шабуыл жасамақшы болып шекара линиясына тікелей қауып тууы туралы бұдан басқа ештеңе айтпайды. Сұлтан тобы патша әкімшілігі үшін әлі де қауыпты бола береді. Егер де старшиналардан айрылып әлсіреген Ералы тарапынан линияға шабуыл жасалады деп Игельстром 1787 жылдың күзіне құтпейтін болса, ханның туысқандары Ортажүз сұлтандарымен одақтасады деп қауыптануына тура келеді. Бұл одақ, әрине, қазақ еліндегі күресуші күштердің салмағын кенет өзгертіп жібермек. 1786 жылы Ералы жәрдем сұрап Ортажүз сұлтандарына атап айтқанда, Аблайдың баласы Уәли ханға сөз салғанын жоғарыда айтып өттік. Бірақ онда Уәли де және сұлтандар да Ералыны жақтаудан бас тартқан. Енді Уәли генерал-губернаторға хат жазып, Нұралының босатылуын талап етеді. Игельстром Уәлиге өте сыпайы сөзбен хат жазып жауап қайырады. Ол ханның «жарымды» хатына жауап жазып, сізге, Уәли ханға, сөзсіз мәлім шығар дей келіп мынадай деп жазған: «Кішіжүзден бөлініп шыққан халық тарапынан Нұралы ханның қандайлық қауыпқа ұшырағандығы сізге сөзсіз мәлім болар; Нұралы хан өзіне залалды әрекеттерден қашып Орал өзенінің оң жақ бойына шыққаны және қорғауды, пана болуды қатты өтінгені де сізге мәлім болар деймін. Осы жағдайлар сол сияқты оның халі оның императорлық ұлы мәртебесі көзінің қырын салуын керек етті, соны дәлелдеу үшін осы жақтан оған қауыпсыз орын берілді, сол жерде жүр-

геніне ол қатты қанағаттанып отыр[1]. Нұралы ханның тұтқындалуы Игельстромның айтуынша осындай болып көрінеді. Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандардың және Ортажүз сұлтандарының одақтасуы генерал-губернаторға қауыптырақ болып көрінетін себебі, Нұралының туысқандарын есептеп көргенде жүз ішінде 150 адамға жуық болады және бұлар 70 жыл бойы үстемдік құрып келе жатқан тұқым. Осы күннің өзінде қарақалпақ арасынан да өздерін жақтайтын адамдары жоқ деуге болмайды, оның бержағында, мұндай адамдардың саны әлгі хан тұқымдарының ізденуімен көбейіп, осы күнгі тәртіпке, халық берекесіне іріткі салуы мүмкін»[2]. Жүз ішіндегі хал-жағдайға осындай баға беріліп отырғанда, жанжалды кеңейтіп, Ортажүзге қараған ел ішіне жаяу генерал-губернатордың мақсатына кіре алмайды. Оның Уәли ханға қатты сыпайы түрде жазатын себебі де осы, оның сұлтандарды патша қызметіне тарту, наградқа шен беру жолымен оларды жүз ішіндегі нақтылы халмен бітістірмек болып ұсыныс жасауы да осы ойдан барып шыққан[3]. Екінші жағынан, жүз ішіндегі хал-жайға әлгі айтылғандай баға берілуі Игельстромды жүз ішінде жаңа өкімет ұйымдастыру үшін асығуға мәжбүр етеді.

1787 жылдың күзіне Сырымның жүз ішіне қайтып келуі Игельстромның өз «реформасын» аяқтау ісіне кірісуіне мүмкіншілік береді. 1787 жылы сентябрь айында Қобда өзенінің бойында старшиналардың жыйылысы болады, бұл жыйылыста генерал-губернатордың расправалар құру турасындағы ұсынысы қабылданады. Әрбір әулеттен біреуден үш расправа құрылады[4]. Бұл қаулы патша әкімшілігінің уәкілдері — народный советник Бекшуриннің және бірінші ахұн Мұхаммеджан Хұсаиновтың қатнасуымен қабылданады. Старшиналар сол жыйылыста патша үкіметіне адалдығына ант береді. Старшиналар Серкеш руын қоспағанда[5]. 39 200 үй үшін ант береді, Серкеш руы үйлерінің саны мәлім емес. Мұның бәрінен де кө-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 57, 1786 іс № 1, 9-бет.

[2] ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, К. 63, 1787, іс № 11, 35-бет.

[3] Бұл да сонда.

[4] Кейіннен бұлардың саны 5 ке шейін көбейтілген.

[5] Я. Зенбулатовтың мәліметтеріне қарағанда 37 100 үй ант берген (ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 553, 247-бет). Жоғарыда

ңіл аударатын бір қызық жері 1787 жылғы присяжный листтардан (ант беру қағазы) басшы роль атқарған немесе, тіпті болмаған күнде, Сырым қозғалысында ірі роль атқарған старшиналардың бірде-бірінің қолын таба алмаймыз. Мұнда Қаратау бидің де, Сопыра бидің де, Бөдене бидің де, Тормамбет бидің де, тағы басқаларының да қолы жоқ. Бұл листтарда Сыбымның да қолы жоқ.

Бұл присяжный листтарға қол қойғандар 80-жылдардағы атышулы уақыйғаларға шамалы ғана байланысты старшиналар[1]. Мұның үстіне қол қойған старшиналардың соңынан ерген үйлері де көп емес, өйткені Орал өзенінің оң жақ бойымен көшуге 1785 жылы рұқсатты 70 000 үй алып, «ішкі жаққа» 1786 жылы тағы 60 000 ға жуық үй өткен болу керек. Кейбір рулар тіпті ант беруден де бас тартқан[2]. Осының бәрі

келтірген мәліметтер ЕДАОМА материалдарынан алынған, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 241-бет.

[1] Қол қойған старшиналардың арасынан біз бүкіл Серкеш руы үшін ант берген Алдаберген бидің атын кездестіреміз. Мінтай би Қаракесек руының 1 500 үйі үшін, Байден мырза Адай руының 100 үйі үшін және Торғай батыр 200 үй үшін ант берген. Беріш руынан 6 000 үй үшін берілген ант бар (Тілек, Сеит, Байбол, Шұйтас батыр, Ауляп, Жанбыл мырза, Сатуман, Әлмұхаммед, Бұтабай). Есентемір руының 3 000 үйі үшін Дөнен старшина ант берген. Тана руынан 4 300 үй үшін Елшібек, Сұлтаналы деген старшиналар, Арахмет молла және Байдау билер ант береді. Қызылқұрт руы үшін (барлығы 1 030 үй) Тама және Жанбай старшиналар. Алаша руынан барлығы 820 үй үшін ант бергендер Сейтқұл, Өтеш деген старшиналар және Есергей батыр. Сықлар руының 100 үйі үшін Байтемір би, Ожырай руының 1 000 үйі үшін Жан мырза, Байбақты руының 1 000 үйі үшін Майнақ, Тама руының 300 үйі үшін Шерғазы батыр, Шекті руының 10 000 үйі үшін Сартай би және 8 000 үй үшін (бұл үйлерден қандай рудан екені мәлімсіз) Нұрбай би ант береді. Ант берген рулардың деней көпшілігі Байұлы әулетінен. Жетіру әулетінен біз тек Тама руының ғана, Әлімұлы әулетінен Шекті, Қаракете және Ожырой руларының старшиналарының ғана қолдарын кездестіреміз. Қандай старшиналар ант бергендігін қарастырғанда, біз, көбінесе, 1 000—2 000 үйді бастаған старшиналарды ғана көреміз.

Сартай бидің және Нұрбай бидің бұл жөнінде нақтылы қандай орын алғандығын білу қыйынырақ, Сартай би 10 000 үй үшін, Нұрбай би 8 000 үй үшін ант берген. Көп санды Шекті руының атынан көп үй үшін тек 2 старшинаның ғана қолдарын кездестірдік деп осы старшиналар сол үйлерді түгел билеген деуге болмайды. Бұл арада басқаша құбылыс болуы мүмкін: старшиналар бірнеше ел атынан қол қойған болар. Материалдарды осы арадағы күйіне қарап бұл мәселені дәлірек шешу мүмкін емес.

[2] «Жалпы ынтымаққа қосылмаған себепті және көшіп-қонатын жері бөлек болғандықтан» ант беруден он ру бас тартты дейді Игельстром. Бірақ оның хабарына қарағанда мұндай рулар алтау ғана болған. Мұның себебі, генерал-губернатор рулардың кейбір бөлімдеріне жеке рулар ретінде қарағаң. Оның берген хабарынан Әлімұлы әулетінен Қарасакал және Шөмекей рулары, Жетіру әулетінен Керейт, Рамадан, Тілеу рулары,

кездейсоқ құбылыстар емес. Бұдан біздің көретініміз, ру басшыларының басшы орындағылары генерал-губернатор ұсынған қайта құрылыстарды қабылдаудан бас тартқан. 1787 жылғы ант басқарудың жаңа системасын танығанның белгісі ғой. Үкімет шараларының ру басыларымен өте қарсы болғандығын мына факттан көруге болады: старшиналар жыйылысы император сарайына депутация жіберуден бас тартады, тек генерал-губернаторға делегаттар жіберіп қана қояды, әлгі депутация император сарайына барып өздерінің адал ниетті екендігін білдіріп, басқарудың жаңа системасы үшін алғыс айтып қайтуға тиісті еді. Игельстромның Петербургке қазақ халқының депутациясы орнына реформаны өзгерту жөніндегі мәселені тез шешу керек екендігін айтып бірінші ахұн Мұхаммеджан Хұсаиновты жіберуіне тура келеді[1].

Дегенмен, патша өкіметіне адал ниеттілігіне жуз ішіндегі жаңа құрылыс тұсында ант беруден бас тартуларына қарамастан, старшиналар жыйылысы генерал-губернатордың ұсынысы бойынша, әрбір ру үшін «ру старшиналарын», расправалар мүшелерін сайлайды және мұнымен қатар Орынборға ант қабылдау үшін өзінің делегациясын жібереді. Сонда Сырым батырға жақын жүретін беделді старшиналардың кейбіреулері расправаларға сайланады. Расправалардың составы мынау:

Әлімұлы әулетінің расправасы: председатель — Шекті руының старшинасы Сегізбай би Көлбеков; заседательдер. Төртқара руының старшинасы Баши Қарабай Мергенов және Кете руының старшинасы Көккөз би Құндыбаев, хат жазушы —

Байұлы әулетінен Сықлар руы ант беруден бас тартқандығы көрінеді (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1787, іс № 11, 23-бет).

[1] Осыған байланысты, полковник Гранкиннің біз жоғарыда келтірген «Түсіндіруінде» жасаған мына сөзіне сенімді көзбен қарай аламыз: «Осы күнгі мүпти сыяқты (Мұхаммеджан Хұсаннов мүпти атағын 1787 жылы алған) ол уақытта да ант берген соң, Петербургтен қайтып келеді және келгеннен кейін обер-комендант Зенбулатовқа: мен оны императорлық ұлы дәрежесіне білдіріп, барлық қазақтар қолдарын көкке көтеріп, өз ынталарымен ант қабылдады, — дегенді айтады, Зенбулатов тұрып, оған сен өтірік айтасың, бүкіл орда ант берді деп патша әйелді не үшін алдадың... дегенде мүптидің берген жауабы: патша әйелге осылай демегенде не айтасың, дейді. (ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы іс № 554, 235-бет, ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63. 1787, іс № 11, 15-бет).

Абдул Керім молда. Байұлы әулетінің расправасы: председатель — Серкеш руының старшинасы Тормамбет би Мұсылманов; заседательдер: Алаша руының старшинасы Сопыра би Қарабатыков және Беріш руының старшинасы Бөдене би Байтелеев, хат жүргізуші — Әбділқасым молда Абдулсәләмов. Жетіру әулетінің расправасы: председатель — Табын руының старшинасы Жәнібек Құдайбергенов; заседательдер: Тама руының старшинасы Есмес Жайбасов және Кердері руының старшинасы Тілеп Қойбасов, хат жүргізуші — Сеит молда.

Жыйылыс уәкілдері сайланған ру старшиналарымен және расправа мүшелерімен бірге 16 октябрьде Орынборға келеді. Сайланғандардың бәрі антқа келтіріледі және 1787 жылдың 20 октябрі күні салтанатты жағдайда расправалар ашылады[1]. Әрбір расправаға татар тіліне аударылып 1775 жылғы «Губерния басқару жөніндегі учреждение» беріледі. Қызмет «осы учреждение бойынша» және төменгі расправа мен төменгі земский судтың «міндеттері және праволары туралы осы учреждение негізінде жасалған тәртіптер бойынша жүргізілетін болады. Төменгі расправа мен төменгі земский судтың қызметін Орда ішінде жақсы тәртіп болу үшін бастапқы кезде мен біріктіріп жіберуді жөн көрдім, кейіннен Орда ішінде төменгі земский судтар өзалдына құрылады», — деп жазады Игельстром[2]. Тегі Игельстром «реформаны» жүзді басқарудың 1775 жылы қабылданған жалпы Россиялық түрін ұйымдастыруға көшетін дәуір деп ойлап жүрген көрінеді.

Бұл арада көзге түспей қалмайтын бір мәселе, старшиналардың позициясы үстірт қараған көзге тұрақсыз болып көрінетін себебі, бұлар ант беруден бас тартады да, мұнымен қатар «реформада» каралған ру старшиналарын және расправа мүшелерін сайлайды. Сонда расправаларға өздерінің қауымдары үшін антқа отырмаған билер кірген. Бірақ, старшиналардың мұнысы тек сырт көзге ғана тұрақсыздық сияқтанып көрінеді, өйткені старшиналар жүзді басқарудың жаңа системасын танудан бас тартып, расправаларға кіруге келіскен се-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1787. іс №11, 10-бет.

[2] Бұл да сонда.

бебі, олар бұл жаңа орындарға хан өкіметін толықтайтын орын деп қараған. Жаңа хан сайлау турасындағы ойларынан олар бас тартпаған, сондықтан бұлар ант бермеген және патша сарайына депутация жіберуден бас тартқан. Старшиналардың хан сайлаймыз деген адамы бұрынғысынша Қайып сұлтан болған. Осы сұлтан хан болады деп патша әкімшілігінің өзі де үміттеніп келеді. Патша әкімшілігі Қайыпты хан атағына бекітпесе де, онымен қарым-қатнастарын үзбей, оны «патшаның рахымы түседі» деп үміттендіріп келеді[1]. Бірақ старшиналардың тағы бір тобы болған, бұл топ өздеріне патша өкіметін қарсы шығармау үшін расправалар сайлау керек екендігін жақсы ұғынып, расправалар составына кіруден бас тартады. Бұлар жүз ішінде күшті үкіммен пайдаланған, неғұрлым беделдірек старшиналар. Мұндай старшиналар Сырым, Қаратау, Қаракебек, тағы басқалары. Қазақ даласынан хан қуылғаннан кейін, өкімет түгелімен осылардың қолына көшеді. Бұлардың ендігі көздеген мақсаты — осы туған жағдайды баянды ету, сонда империямен дипломатия жөнінде де және экономика жөнінде де тығыз байланыс жасау, осының өзі бұл старшиналардың ойынша Орал өзенінің бойындағы және «ішкі жақтағы» қоныс орындарымен ілгеріде де пайдалана беруді қамтамасыз етуге тиіс. Осы позицияның ішкі қайшы ауыздығы және алға қойылған міндеттің шешілмейтіндігі көп ұзамай-ақ көзге түсе алады.

Генерал-губернатор «реформадан» өзі көздегендей мақсат шықпағандығын білмей отыра алмайды. Басқарудың жаңа системасы жүзге тарамай қалады. Россия хан деп танымаған Қайыптың Әлімұлы әулетінің бірсыпыра руларында расправалар бекітілгеннен кейін де, хан ретінде өкіметі сақталып келеді.

Старшиналары қазақ даласының жаңа құрылысына қосылған елдерді алсақ, бұлардағы жағдайлар да патша әкімшілігі тілегендей болып құрылмайды. Расправалар өлі туған мекемелер болып шығады. Гранкин мынадай деп ашық жаза-

---

[1] Бұл үкіметтің директиваларына қайшы келмеген. 1787 жылы 12 ноябрь күні Игельстромның атына жазылған рескриптте мынадай делінген: «Қайып сұлтанды жақсылап қарсы алғаныңыз және біздің тарапымыздан рахым болады деп оны үміттендіргеніңіз теріс емес» тағысын тағылар.

ды: «расправалардың өмір сүруі мүмкін емес, өйткені бір секретарь ғана қалады, ал судьялар расправалардан бірнеше жүз шақырым жерлерде тілеген жағына қарай алыста көшіп жүреді, тіпті кейде секретарьдың өзі де жоқ болып қалады»[1]. Гранкиннің бұл айтқанына біз сене аламыз, өйткені мұны Игельстром өзінің 1789 жылғы «түсіндіруінде» бекер дей алмаған. Гранкин әлгі айтқанына қоса тағы да былай дейді: «осы расправалар, дұрысында, өмір сүріп отырған жоқ, өйткені бұларға қырғыз білікті адамдарына сенімі аз судьялар отырғызылған»[2], бірақ Гранкиннің бұл айтқанының тек жарым-жартылап қана шындығы бар. Егер де Шекаралық сотқа беделі төмен адамдар кіргені анық болса, расправаларға Сырым қозғалысында басшы роль атқармаған болса да беделді старшиналар сайланған. Бұлар: Сегізбай би, Тормамбет би, Сопыра би, Бөдене би.

Расправалар өз ролін атқарады, өйткені бұлардың ұйымдастырылуы сұлтандарды жүзді басқару ісінен тайдырады. Бірақ расправалардың ролі осымен ғана тынып қалады. Жүз ішіндегі өкімет бұлардың емес, басты старшиналардың қолына көшеді. Сырымды жақтайтындарды неғұрлым беделділерінің генерал-губернатор күтпеген жерден губернатордың шараларына қарсы шығуы өлке бастығынан өзінің алған бетінен мүлде адастырып жібереді. Сол кезде басшы роль атқармаған адамдардан құралған расправаларды жүз ішінде таяныш ету мүмкін болмайды. Игельстром мұны жақсы біледі. Сондықтан генерал-губернатор өзінің реформасына үлкен қосымша енгізуге мәжбүр болады, бірақ бұл қосымшаның нәтижесі не болып шығатынын әзірше жергілікті патша әкімшілігіне де үкіметке де айқын болмайды, дегенмен осы қосымша өлке бастығының Кішіжүзді басқару системасын 1775 жылғы «Учреждение» үлгісі бойынша құрамын деген талабын, дұрысында жоққа шығарады. Басшы старшиналар туралы Игельстром Екатерина II ге «басқаларға қарағанда бұларға өздері артықшылық халде боларлықтай қызмет жүктеу» керек деп жазады және сондықтан ол, генерал-губернатор, «бұл старшиналарды жетекші руларда басшы старшиналар етіп қойған,

---

[1] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 554, 237-бет.
[2] Бұл да сонда.

бұларға барлық жетекші және басшы руларды, олардың бастықтарын бақылап зерттеп отыру міндеті жүктелген, барлық халықты билеу ісі осы шара арқасында сол кезде осылардың қолында болған»[1]. Басты старшиналар болып белгіленгендер: Әлімұлы әулеті бойынша — Сартай би, Қаракөбек би, Мұратбек, Байұлы әулеті бойынша — Сырым батыр мен Қаратау би, Жетіру әулеті бойынша — Тіленші батыр мен Жанболат батыр. Сырым батырға мұның үстіне туысты тархан деген атақ беріледі.

Жүзді басқару сахнасына ойда жоқ жерден енгізілген осы түзету патша әкімшілігін қазақ даласына бұдан былай да сіңіре беру ісіне бөгет болмауы үшін Игельстром қолдан келген ісінің бәрін қолданады, бірақ мұны таза төрешілдік жолмен жүргізеді, мұның өзі саяси өкіметтің басты старшиналардың қолына жыйналуына ешқандай түрде бөгет бола алмайды.

Басты старшиналардың уәкілдіктері өте кең түрде белгіленеді, бірақ нақтылы айқын болмайды. Бас старшина Сырым батырға арналған «үгітте», ру басшылары бір-бірден саналып өткеннен кейін және расправаның құрылуы біткеннен кейін мынадай делінген: «Байұлы руындағы барлық расправаларға сіз бас старшина болып тағайындаласыз және сізбен бірге бас старшина болып Қаратау би Гумерзаков тағайындалады». Бұдан кейін бас старшинаның міндеттерін белгілейтін бірқатар жалпы формулировкалар айтылған, мысалы: «патша өкіметіне қарайтындығына қарсы ешкім ешқандай тәртіпсіздік істемеуі үшін» (2 п), тәртіпті және тыныштықты бақылап отыру (1 п.), егер де «Байұлы руының қазақтары арасында жалпы тыныштыққа, патшаға бағынғандыққа қарсы әлдеқалай біреу-міреу шыға калса, онда мұндайды істетпеуіңіз керек» (3 п.). Бас старшина «генерал-губернатордан, Шекара экспедициясынан және расправадан жіберілген барлық ұйғаруларды және жарлықтарды» орындап отыруға тиіс (4 п.), бірақ мұнымен қатар расправаны, сол сияқты ру старшиналар да істеген жұмыстарын бақылап отырсын[2] (5 п.). Бас старшиналар мен распра-

[1] ЕДАОМА,, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1786, іс № 11, 20-бет.

[2] Бұлда сонда, К. 63, 1787. іс № 11, 30-бет.

валар арасындағы қарым-қатнастардың айқын еместігін біз кездейсоқ іс деп ойламаймыз, осының өзі және бір әулет ішінде бір емес екі бас старшинаның тағайындалуы жергілікті басшылардың осы уәкілдерінің беделіне және өкіміне шек қоюға ұмтылғандықты көрсетеді десе дұрысырақ болар. Генерал-губернатор, дұрысында, бас старшиналарды расправалардың қарарларын орындаушыларға айналдыруға ұмтылған[1]. Генерал-губернатордың бұл талабы егер де жүз ішінде расправалардың өкіметі жүріп отырса, егер де бас старшиналар ролін не ғұрлым беделдірек старшиналар атқармаған болса, сонда ғана орындалған болар еді, бірақ мұның бірі де болмаған. Осы сыяқты, бас старшинаның жеке феодалдық топтармен арасындағы қарым-қатнастары дәлді көрсетілмеген. Сырымның бас старшина болып бекітілуі жөніндегі указда мынадай делінген: «оған Байұлы руының қырғыз-қайсақтарын билеу үшін өкімет беріледі, сонда сол Кіші орданың сұлтандары, старшиналары және халқы оны, Сырым батырды, танып құрметтеп отыруға, ал қырғыздары бағынып отыруға тиісті»[2]. Сөйтіп, мынадай болып шыққан, — бас старшина атағы жергілікті шонжарлар жөнінде құрметті атақ болып табылады, бұл атақтың берілуі жергілікті білікті адамдардың сол атаққа ие болған адамға бағынуы міндет емес.

Жүз ішіндегі енді бас старшина атағымен наградталған старшиналардың нақтылы хал-жайын өзгерту үшін осы айтылғандардың бәрінің жөнді маңызы болмағанын, бірақ отаршылдық саясаттың патша әкімшілігі ұстаған бетін айыру үшін бұлардың өте керекті мәнісі барлығын айтып өту қажет. Жүз ішіндегі бас старшиналар өкіметінің нығаюына көмектесу патша әкімшілігінің мүддесіне үйлес келмейді. Ал енді, осы жаңа қызмет орнын құруға, қалай дегенмен де, тура келген болса, онда генерал-губернатор хан өкіметін қайта орнатудан стар-

---

[1] «Генерал-губернатордан, Шекара экспедициясынан және расправадан жіберілген үйғарулар мен жарлықтар қай уақытта болса да іске асырылып отырсын және бұлардың кім де болса дәлді орындауы бақылансын» (барон Игельстромның Сырым батырға берген «Наставленнесінен». ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1787, іс № 11, 30-бет).

[2] Бұл. да сонда 28-бет.

шиналардың біржолата бас тартуына жетісу үшін бас старшиналарды пайдаланбақшы болып есептеген, — мұнсыз патша әкімшілігін жүзді билеу ісіне сіңіру ісі жеріне жетпеген болар еді. Бұл туралы Игельстромның өзі де ашық айтады. «Менің үміттенгенім,—деп жазады ол Екатерина II ге, — уақыт өте келе, өздерінің кім екендігін, қандай өкіметпен пайдалана алатындығын біле келе бұлар Ордада хан болсын деген ойды халық ішінде мүлде жояды деп білемін»[1]. Бұл сілтеу патша өкіметінің Қазақстандағы отаршылдық саясатының беталысын айқындау үшін ғана керек емес, оның үстіне бұл сілтеу 1787 жылдың күзіне старшиналар жүз ішінде ханымыз болса екен деген пікірден әлі де бас тартпағандығын көрсетеді.

Өкіметтің бас старшиналар қолына көшуі Игельстром «реформасының» ең бірінші нақтылы нәтижесі болып табылған. Екінші нәтижесі — сұлтан тобы мен Сырым тобының арасындағы қатнастардың бұрынғыдан да гөрі шиеленісе түсуі және патша үкіметінің саясатына сұлтандардың наразы болуы. 1787 жылы 9 ноябрь күні Игельстром Екатерина II ге мынадай хабар береді: Абулхаир хан әулетінен шыққан барлық сұлтандар, осы күнгі Нұралы ханның балалары, оның аға-інілері бұлардың балалары халықтан қол үзіп қалды және осылардың бірде-бірі Ордадағы осы қайта құрылысқа кіріскен жоқ, өйткені осы қайта құрылыс салдарынан ел билеу ісі халықтың өз қолына берілді, біз ел билеуден айрылдық, өте қатты жәбір көрдік деп отыр»[2]. Егер де біз 1785—1786 жылдары Нұралы хан тобының арасындағы әлі де қобалжулар бар екендігін көрген болсақ, егер де бұл топ ішіндегі көрнекті уәкілдер (мысалы, Сығай, Аблай, Бөкей деген сұлтандар) Ералы сұлтан төңірегіне жыйналған өте-мөте бітіспейтін топ жағынан кетіп қалған болса, егер де сұлтан тобын Шекара соты тобының құрылуы онша мазасыздандырмаған болса, расправалар мен бас старшиналар қызмет орнының құрылуын бұлар өздерінің бұрынғы артықшылық халіне тұпа-тура оқтанғандық деп есептеген. Дегенмен, Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандардың бәрі бірдей сол кездің өзінде де патша үкіметіне қарсы жақ-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1787, іс № 11, 20-бет.

[2] Бұл да сонда, 34-бет.

қа шықпаған. Нұралы ханның үлкен баласы Есім сұлтан 1787 жылы ноябрь айында Игельстроммен сөйлесіп «керуендер жайында болған істер туралы мені ақтап алыңыз деп» сұрағандығы туралы мәліметтер бар[1]. Абулхаир тұтқыннан шыққан сұлтандар оппозицияға басқа топтардан шыққан сұлтандарды да тартқан деп ойлауға ешқандай дерек жоқ. Уәли ханның қарсылығы тек болымсыз өткінші ғана уақыйға, мұның өзі де неғұрлым ертерек уақытта болған. Ал енді Қайып сұлтанды алсақ, «ақсүйек» шонжарлардың бұл уәкілі расправалар және бас старшиналар қызмет орны құрылғаннан кейін де Сырым тобымен тығыз байланыс жасап келген, сонда ол патша үкіметінен өзімді хан деп тануына жетісемін деген ойдан бас тартпаған көрінеді. Игельстромның қазақ даласындағы жаңа құрылысқа сұлтандардың қастық көзбен қарайтындығы жөнінде берген хабарында Қарабай сұлтан да ауызға алынған. «Қарабайды, — деп жазды генерал-губернатор, — халық жақсы көреді, Ордада қайта құрылыс жүргізілгеннен бастап халықпен келісімде және өзінің балаларын, інісі Қайыптың балаларын ертіп маған қызметке сайланған старшиналарды алып келді»[2]. Қайыппен туыстас сұлтандардың мұндай позициясын патша үкіметі ұнатпайды. Қайып тұқымынан шыққан сұлтандар патша үкіметтерінің өздеріне сенімсіздік көзбен қарауын ажырату үшін көп әрекет істеген болса да патша әкіметінің Қайып тұқымына сенбейтінін біз жоғарыда көрдік. Патша үкіметінің Қайыпқа сенбеуіне деректері толып жатады, және «реформаны» осы сұлтан тобынан қолтықтағаны жергілікті әкімшілікті қанағаттандырмайды, қайта мазасын кетіре түседі. Қайыптың халықпен яғни старшиналармен «келісуі» Қайып тобының Нұралы хан тобымен ескіден келе жатқан күресінде жүз ішінде позициясын нығайтады, ал мұның өзі старшиналардың жүз ішіндегі ханымыз Қайып болса екен деген тілегін күшейте түседі. Оның бержағында, Қайыптың өзі де жүз ішінде өзінің саяси беделі өсуіне қарай қобалжып жүр-

---

[1] Непременный советтің 1787 жыл 25 ноябрь күнгі протоколын қараңыз (Мемлекеттік совет архивы, 1,2 бөлім, 808-бет, СПб., 1869).

[2] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 63, 1787, іс № 11, 35-бет.

ген старшиналарға сол беталыста қысым көрсете алатын болады.

Анығында, империя шекарасында орныққан сыртқы тыныштыққа қарамастан, 1787 және 1788 жылдары мал ұрлау, адамдарды тұтқындау мақсатымен линия сыртына қазақтардың «өтуі» мүлде тоқталуына қарамастан, қазақтардың айырбасқа көптеп мал айдап келуі нәтижесінде шекаралық сауда әжептәуір ұлғаюына қарамастан, ең ақырында, патша әкімшілігімен Сырым тобы арасында сырт көзбен қарағанда достық қарым-қатнастар орнауына қарамастан, жүз ішінде терең күрес жүріп жатады. Бұл күрес бұрынғысынша старшиналар арасында жүз ішінде мемлекеттік өкімет ұйымдастыру мәселесі жөніндегі алауыздық салдарынан туады. Жүз ішінде хан өкіметі болсын ба, немесе, болмасын ба деген мәселе бұрынғысынша алға қойылады. Сырымның өзі хан өкіметін мүлде жойылсын дегенді жақтап шығады. Бірақ сол кезде оның алдында тағы да мынадай мәселе тұрады: тарихи қалыптанып келген, феодалдық экономикаға тамырын терең жайған әдеттегі хан өкіметінің орнына ие болу керек деген мәселе тұрады. Өкінішті жері, орыс архивтарында сақталып келген негізгі деректерде бұл мәселе туралы тіпті ештеңе айтылмаған, бірақ бұған маңызды толықтау — қазақтардың халық аңыздары.

Ханға ру басыларының және сұлтандардың вассалдық қарым-қатнасы мен жүздің қалыптасқан саяси бірлігін хан өкіметі қамтамасыз етті. Хан өкіметінің жойылуымен байланысты, бұл система ажырайды, сөйтіп сол система қамсыз еткен бірлік те жойылады. Қазақ мемлекеттігінің құламауы үшін осы бірліктің орнына Сырым не істеді?

Жүздің саяси өміріне бірыңғай басшылық қамтамасыз ету үшін, Сырым феодалдық қоғам жағдайларындағы әдеттегі әдістерді, былайша айтқанда, хандар өз функцияларын атқарғандағы әдістерді қолдануға тырысты деген мәліметтер сақталып келген. Ресми тапсырмалар үшін, өзіне қарайтын ауылдарды бақылап отыру үшін хандар «жасауыл» дейтіндердің жәрдемімен пайдаланған, бұларды өздеріне сенімді адамдардан хандар тағайындаған. Осы сияқты жасауылдарды Сырым да тағайындайды. Игельстром былай деп жазады: «оған (тыныштыққа. — М. В.) кепіл болу үшін Сырым әрбір ұлыс ішін-

де Орал өзеніне жақын тұратын таңдаулы қырғыздардан бір-бір адам тағайындады, бұларға бұйрық берді және бұлардың хал-жайы туралы осы жасауылдардан жиі-жиі хабар алып тұрады, дегенмен, бұлай болмаған күнде қатал шара қолдануға да даяр»[1]. Осы ескертулерге қарағанда, жасауылдардың қызметі бақылау және Сырымға ауылдардың хал-жайы туралы хабар беріп тұру шеңберінен шықпаған көрінеді. Тегі, жасауылдар әкімшілік функцияларға ие болмаған сияқты. Мұны атап көрсету қажет, өйткені Сырым руларды билеу ісін өзінің уәкілдері арқылы емес, старшиналар арқылы жүргізген көрінеді. Сырымның жүзді басқару ісін орталықтандыруы туралы әңгіме етуге бола қоймас. Ендеше, жүздің саяси өмірінде старшиналардың бірлігіне кепіл не болған. Негізгі деректерімізге қарап топшылап көрсек, Сырым бұған старшиналардың «халық съездеріне» бағынып кепіл болады деп білген. Негізгі деректерде жүз тіршілігіндегі барлық маңызды мәселелер жөнінде Сырым старшиналар съездерін шақырып отырды делінуі кездейсоқ айтылған сөз емес. Мысалы, 1785—1786 және 1787 жылдары осылай болған, біз оны жоғарыда көрдік. Бұдан былай да, Сырым қозғалысы аяқталғанға шейін де, осылай болып отырған. Съездердің қаулылары орындалмай қалған кездерде, Сырым, анығында, «қатал» шаралар қолданған. Ол халық ісінің жауы деп қарауға дерегі бар старшиналар жөнінде жазалау шараларынан да тайынбаған, мұны біз ілгеріде көреміз. Бірақ жүздің саяси бірлігін қамтамасыз ететін негізгі шарттары Сырым моральдық қасиет, яғни жалпылық съездерде қабылданған қаулыларға адал ниетпен қарау, деп білген.

Саяси ұйымдастыру жөніндегі бұл пікірде утопияшылдық толып жатыр. Мұның өзі әсіресе қазақ қоғамының рулық құрылысын, оның қалайда болмай отырмайтын, рулық таластартысын еске алсақ айқынырақ көзге түседі. Ал енді, бұл мәселеге қазақ қоғамында сол кезде болып келген нақтылы жағдайлардың тұрғысынан алып қарасақ, Сырымның көзқарасында белгілі түрде дерек болғандығын көреміз. Шынында да, Кішіжүздің XVIII ғасырдың 70—80-жылдарында Кішіжүз

---

1 ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 61, 1775—1786, іс № 2, 152—152-бет.

басынан өткізген хан өкіметінің дағдарысы жағдайында хан-мен арадағы вассалдық қарым-қатнастар, көбінесе, материал-дық факторлармен емес, моральдық факторлармен белгілен-ген[1]. Екінші жағынан біз ру басшыларының би, батырлар, мырзалар сияқты басшылары таптық жөнінен сұлтандарға өте жақын тұратындығын еске алсақ, Сырым тіпті XVIII ға-сырдың өзінде толық айқындалған саяси өкіметтің патриарх-тық-феодалдық қалпын сақтау көзқарасын ұстанғандығын түсінеміз. Бірақ Сырым позициясының күшті бір жағы болған, мұндай жақ хан өкіметін қайта орнатуды жақтайтындарда болмаған. Хан өкіметінің жойылуы Сырым тобын халық бұқа-расы арасында атағын шығарады және Сырымды халықтың қолтықтауын қамтамасыз етеді. Старшиналар тобы үстемді-лігінің таптық сыйпаты рулық салт-сана жағдайларында бүр-кеулі қала береді және қозғалыс басшылығының феодалдық сыйпатын түсіну сәулесі үлкен қыйыншылықпен елестейді. Сы-рым батырдың бет алысының күшті жағы міне осы халық-тың жақтауында. Жүздің тәуелсіздігі үшін күресте хан өкі-метін жақтаушылардың тарихи салт-саналарға неғұрлым жақынырақ тұратын позициясынан гөрі Сырымның утопиясы неғұрлым нақтылы күш болып шығады.

Қазақ мемлекеттігінің орнықтылығы және тәуелсіздігі ішкі ұйымдастыру ісіне ғана емес, мұның үстіне сыртқы қат-настарға да байланысты екендігін Сырым жақсы біледі. Ол империямен жақындасу қажеттігін және осы жақындасудың қандай экономикалық нәтижелері болатындығын ол жақсы түсінеді. Бірақ империя тарапынан агрессиялық әрекеттер бо-луынан үнемі қауыптанып отырады да, ол патша үкіметіне сенбейді. Халық бұқарасының көтерілісіне басшы болып жү-ріп ол генерал-губернаторға бір мәртебе де барған емес және барамын деп ізденген де жоқ. Соғыс жанжалының қалай да болмай қоймайтындығын ол алдын ала көрген, Патша өкімет-

---

[1] Атап өтерліктей керекті бір мәселе, 1803 жылы билер мен сұлтандар қазақ елінде өздерінің үстемдігін нығайту программасын белгілегенде (1803 жылғы «Ант» — қараңыз. «Қазақ ССР тарихы жөніндегі очерктер», 217-бет), бұлар өзіміздің қаулыларымызға өзара жәрдемдесулеріміз де кепіл болады деп білген. Олар мынадай деп жазған... Егер де біздің ара-мыздан біреуіміздің жағымызда право қанағаттандыруға жетісуіміз керек, яғни, тәртіп және заң бойынша аяқтау керек» (ЛОМТА, ішкі істер ми-нистрлігі, Орындаушы полиция департаменті, 1805, іс № 333, 15-бет).

терімен сөзге кіріскенде Сырымның дұрысында көздеген бірде-бір мақсаты: жүз ішіндегі ішкі күреске уақытша болса да патша өкіметтерін араластырмау, сұлтандарды патша әкімшілігінің қолтықтауынан айыру. Бұл мақсатқа Сырым жетеді, генерал-губернатордың патша әкімшілігін жүзді басқару системасына сіңіру жөніндегі жоспарлары, анығында, жоққа шығарылады. Патша өкіметтерімен арасының ашылуын Сырым таяу уақытқа күтеді. Ол соғысқа әзірленеді, бірақ мұнымен қатар, ішкі алауыздықпен берекесі кеткен әлсіз қазақ мемлекеттігінің күш-қуаты айбарлы Россия империясына сай келмейтіндігін ол жақсы біледі. Халық аңызының айтуына қарағанда, ол империямен соғыса қалған күнде Орта Азия халықтарының бәрінің күшін біріктіріп барып қана жеңілмей шығуға болады деп есептеген[1]. Бұл халық аңызына біз сене аламыз, өйткені ішкі саяси ұйымдастыруда да Сырым бірлікке ру старшиналарының бірауыздылығы арқасында жетемін деп есептеген, ру старшиналарына Сырым халық бұқарасының әкімдері деп қараған. Біз тағы бір аңызға сене аламыз, бұл аңызда патша үкіметімен арадағы болашақ жанжалдарда жеңіле қалған күнде Сырым көбінесе империямен шектес аудандардағы тіршілікке өте қажетті мал жайылысынан қалай да айрылатындығын уайымдайды. Осы аңыздарының бірінде мынадай делінген: Сырым Хиуа ханымен сөйлескенде оның алдына Россиямен соғыса қалған күнде деп үш шарт қояды: біріншісі — Хиуа қазақтарға қару-жарақпен, адамдармен, атпен және азық-түлікпен көмектесуге тиіс; екіншісі — жеңіле қалған күнде Хиуа хандығының жерінен қазақтарға қоныс беруге тиіс, сонда Сырым қазақтардың осы жерге ескіден келе жатқан правосы бар екендігін еске салады[2]; үшіншісі — қара-

---

[1] «Халық аңыздарының бірінде Сырым мынаны айтқан дейді: «Біздер — қарақалпақтар, сарттар, өзбектер, қазақтар, түркмендер және естектер — осы айтылған алты халық бәріміз бірігіп орыс патшасына қарсы соғысқа шығуымыз керек, өйтпеген күнде ол әрқайсымыздың талқанымызды шығарады» (Қаз. Ғылым Академиясының қолжазбасы, қай жерде қашан жазып алынғаны көрсетілмеген).

[2] Жеңіле қалғанда мен осында сіздерге көшіп келемін. Сен маған қоныска жер бөліп бер. Біздер — Ағарыс әулеттері, яғни ұлыжүз, Бегарыс — Кішіжүз, Жанарыс — Ортажүз, былайша айтқанда, бүкіл қазақ халқы бұрын осы жерлерді қоныстап, осы аралардан Көкшетауға қарай көшіп жүретұғынбыз. Демек, бұл жерлер, дұрысында, менің жерім. Бұрыннан желеніп келген жерімді өзіме қайтарып бер» (бұл да сонда).

қалпақтардан бұрын қазақтарға тиесілі мал-мүлікті қайтарып беру[1].

Дегенмен, патша Россиясымен қалайда соғыс болмай қалмайтындығын ұғынып, Сырым мұнымен қатар, сол соғысты болдырмау үшін немесе болуын кешеулету үшін барлық шараларды қолданады. Патша өкіметтеріне пікірі дұрыс екендігін көрсету үшін ол барынша тырысады және, екінші орыс-түрік соғысына байланысты қазақ елінің ішінде 1788 жылдан бастап Бұхара молдаларының Россияға қастас үгіті күшейгенде, Сырым патша үкіметінің көзін алдамақшы болса да, Россияға белсене қарсы шығушылардан бой тартуға тырысады. Астрахан казак-орыс полкының командирі Г. В. Персидский граф А. Р. Воронцовқа 1788 жылы 15 августа жазған хатында Бұхараға Орта Азиялық халықтарды Россияға қарсы шығару мақсатымен Порта уәкілдерінің келгендігі туралы хабар бар екендігін білдірген; ол осы хатында былай деп жазған: осы елшілердің «бұл жөнінде ешқандай іс өндіргені жоқ. Россияға берілген старшина Сырым батыр олардың бұл жөніндегі айтқандарын тындағысы да келмейді, мен Сырымнан және басқа старшиналардан достық көңіл білдірген хаттар алдым»[2]. Дегенмен, Персидскийдің бұл соңғы айтқан сөзін тек орыс әскерлері мен қазақ әскерлерінің арасында 1788 жылдың жазында көрнеу шайқасулардың болмағандығы жөнінде ғана даусыз сөз деп есептеуге болады. Осы дәуірде қазақ қауымдары арасында болған ішкі қозғалыс туралы Персидский, қазақ ауылдарының көшіп-қонатын аудандарынан қол үзіп қалғандықтан дәлді ештеңе білмеген.

Бірақ генерал-губернатор старшиналар арасындағы алауыздықтардың барын біледі және «реформа» таяныш еткен әлеуметтік базаның сенімсіз екендігін түсінеді. Линияда тыныштық болды деп патша әкімшілігі мен старшиналар арасындағы қандай қайшы ауыздық болса да ажырады деуге болмайды. Дегенмен, хан өкіметін жоюды жақтайтындардың, атап айтқанда, Сырым мен старшиналардың позициясы әзірше

---

[1] Біздердің, қазақтардың, Созақ әулеттерінде қарақалпақтарда тәліміміз бар: «Қарақалпақтар бұрын Ұлыжүз болған, сондықтан бұларда біздің бәрімізге тиесілі мал-мүлік қалған. Сөйтіп, сен қарақалпақтардан осының бәрін алдағы біздің өзімізге қайырып бер» (бұл да сонда).

[2] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, 1778—1802, іс № 1185, 5-бет.

Игельстромды тыныштандырмайды. Ол бұл топты өзінің мақсаты үшін, «реформаны» толық жүргізу үшін, пайдаланамын деп әлі де үміттеніп жүреді. Реформаға енгізілген «түзету де» оны сонша тынышсыздандырмайды, ол түзету «бас старшиналардың» қызмет орнын белгілеу. Ол әлде де ру билікті адамдарының осы беделді уәкілдерін хан өкіметін қайта орнатуды жақтайтындарға қарсы күресте пайдаланамын деп есептейді. Өзімнің жоспарларымды іске асырудағы басты бөгет ру басшыларының басым көпшілігінің жүзді басқарудың ескі формаларын сақтауды тілейтіндігі деп Игельстром бұрынғыша есептейді.

1788 жылдың күзінде ол «келіспей» жүрген старшиналарды реформаны қабылдауға көндіремін деп тағы да бір қайтара талаптанады. Бұл жолы ол старшиналардың съезінде генерал-губернатордың жүргізген шарасы үшін қазақ халқы атынан патша сарайына алғыс айту үшін делегаттар сайлауға жетіседі. Бірақ ол старшиналардың Қайып сұлтанды қазақ ханы деп танудан бас тартуға көндіре алмайды. Әбілфатих молда халық алдында екі хат оқыйды, оның бірінде, генерал-губернатордың атынан айтылғансытып, мынадай делінген: «оның ұлық мәртебесінің құзыры Қайып сұлтан хан болсын, ал Айшуақ Жетіру әулетінің бастығы болсын, десе осыған халық риза болар ма екен»[1]. Осының өзі ерекше көзге түсетін мәселе, өйткені старшиналарды делегация жіберуге көндіру үшін, бұлардың алдында старшиналар ұсынған кандидат — Қайып сұлтанды қайтадан хандыққа тағайындау туралы ойдан шығарып алған үндеуді оқуға тура келеді[2].

---

[1] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 558, 238-бет.

[2] Мұның үстіне тағы бір мәліметтер бар, бірақ бұл мәліметтердің дәлді дұрыс екендігін тексеру мүмкін емес. Дегенмен, осы мәліметтердің айтуына қарағанда, старшиналар атынан Петербургке жүргізілген реформалар үшін әйел патшаға алғыс айтылып жіберілген хат жалған хат болған. Полковник Гранкин бір ықпалмен жазылған өзінің «түсіндіруінде» 1788 жылы болған жыйылыс туралы мынадай толық мәлімет айтады: Қазақ даласындағы жаңа құрылыс үшін үкіметке алғыс айтылған хатты генерал-губернатордың елшілері Әбілфатих молда мен Сейтбек Мұхаммед, «даярланып қойған жібек қалтаға салып, аузын байлап халық алдында печаттады». Міне осы Гранкин Әбілфатих молданың сөзі бойынша мынаны дәлелдейді: сол молда «хатты халыққа оқып беріп, нағыз хатты ол қойнына салды, ал халық алдында оқылмаған, бірақ жіберілуге тиісті хат оның қойнында болған. Осы хатты алып әрбір рудың мөрін бастыру үшін қойнынан алды да, әлгі халық оқыған хатты қалдырып қойды» (Граф Ворон-

Сөйтіп, 1788 жылы генерал-губернатор алдында өзінің реформасын жүргізу жөнінде зілді қайшылықтар туады. Ол бұл қайшылықтарды үкімет алдында жасырмақшы болады және өзі де бұл қайшылықтарға жете баға бермейді. Өзінің алдында тұрған қыйыншылық старшиналардың бірсыпыраларының Қайып сұлтанды хандыққа қою үшін ұмтылатындығы емес, Сырымның және оған қосылған ру старшиналарының ұстанған позициясы екендігін Игельстром әлі де түсінбейді, ал Сырым батыр мен оны жақтайтын ру старшиналары «реформаны» сұлтан тобын әлсіретететін құрал деп қана білген, бірақ қазақ халқының патша Россиясына тәуелділігін терендете түсетін форма деп білмеген. Генерал-губернатордың атақты батырға сенімі тіпті патша сарайына қазақ делегациясын жіберу ісін ұйымдастыруға жетіскеннен де арта түседі. Сырымды халық қолтықтауының күші де, мемлекеттік үкіметтің неғұрлым декорациялық жаңа формасы арқылы қазақ халқының тәуелсіздігін нығайтуға ұмтылған Сырымның беталысын да, Орта Азия жаққа көңілі ауа беретіндігін де Игельстром жете бағаламаған. Бірақ патша әкімшілігі мен Сырым тобының арасындағы терең қайшы ауыздықтар өте тез көзге түсе қалады. 1789 жылдың жазынан бастап мәліметтер түсе бастайды, бұлар Сырымның қандай мақсат көздеп жүргендігінің патша әкімшілігіне бетін ашып береді. Сырымның көздеген мақсатының империяның орта азиялық хандықтармен арадағы қарым-қатынастарында екінші орыс-түрік соғысы жылдарында туған қыйыншылықтарға байланысты беті ашыла бастайды.

Портаның орта азиялық халықтардағы әрекеті жөніндегі мәліметтерге өте сақтық көзбен қарау қажет екендігін еске

довтардың жыйнағы, іс № 554, 239-бет). Гранкин тағы да былай дейді: генерал-губернатор делегаттар жіберуге 300 сом беріп Сырымды сатып алу арқылы жетісті. Бірақ Сырымға осы ақшаның берілуін (мұны барон Игельстром өзінің «түсіндіруінде» бекер демейді) сатып алу үшін беріледі деп қарауға бола қояр ма екен, өйткені XVIII ғасырда қазақ білікті адамдарының беделді уәкіліне сыйлық жіберу әкімшіліктің қалыпты әдеті болған. Өзінің шекара істері Орынбор экспедициясына берген жарлығына сілтей келіп, Игельстром былай деп жазған: 300 сом Сырымға «жоғары мәртебелі сарайға депутаттар жіберуге старшиналар мен халықты көндіру үшін берілген жоқ, бұқараға сондағы хал-жайды білу үшін және ат сатып алу үшін менің жарлығым бойынша жіберілген адамдарды сайлау үшін берілді» (ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131а, 24-бет).

алып (өйткені жергілікті әкімшілік орта азиялық хандықтармен арадағы қыйыншылықтарды Портаның әрекет жасауынан туып отыр деп үнемі түсіндіріп келген), біздің қалай дегенмен де, Портаның Бұхарамен және Хиуамен арадағы қарым-қатнасының жандану фактысының анық екендігіне күдіктенерліктей дерегіміз жоқ. Осы қарым-қатнастар жөніндегі хабарлар Петербургке әртүрлі жолмен жетеді және бұл мәселе патша әйел жанындағы кеңесте бірнеше қайтара талқыға салынады[1]. Портаның орта азиялық хандықтармен арадағы қарым-қатнастары Кішіжүздің саяси өміріне қандай әсер еткені жөніндегі мәселе неғұрлым қыйынырақ келеді. Мысалы, жергілікті әкімшілік, Портаның Бұхарадағы елшісі Интурлі-пашаға қазақтар шағым арыз әкеліпті, ол арыздарында «хан орнынан бостан-босқа алынды» депті деген хабар алды. Бұл шағым арыз Ералы сұлтан төңірегіне топталған сұлтандар атынан әкелінгендігіне күдіктенуге болмайды. Қазақ білікті адамдарының Порта елшісімен қарым-қатнас жасауының өзі үкіметке ұнамсыз іс болып табылады, өйткені бұл Қазақстанмен орта азиялық хандықтары арасындағы байланысты күшейту қаупын туғызады. Ал Сырым батырды алсақ, бұл кезде ол туралы біріне-бірі қайшы келетін мәліметтер түсіп жатады. Интурлі-паша келген жылы Сырым жүз ішінен кетіп қалған деген хабар беріледі: біреулер ол Порта елшісіне барды дейді, тағы біреулер ол үйлену үшін кетті дейді. Интурлі-паша Бұхарадан кеткеннен кейін Сырым да жүз ішіне қайтып келеді[2]. Бұл мәліметтерді қолға түскен материал бойынша тексеру мүмкін емес, бірақ күдіктенбейтін бір мәселе, патша әкімшілігі Бұхара аталығы Шахмұрат би «қырғыздардың ең атақты деген старшиналарына хат беріп бұларды түрктердің Россияға қарсы жәрдемдесуіне шақырыпты»[3] деген хабар алады. Өздерінің аталыққа берген жауабында старшиналар былай деп жазған деп Игельстром хабар береді: «бұхарлықтар-

---

[1] Кеңес мәжілісі протоколдарының тек біраз данасы ғана «Мемлекеттік кеңес архивында» басылып шыққан, 1—2-б. СПб., 1869.

[2] ТИЛБ, Гр. Воронцовтардың жыйнағы, іс № 558, 242-бет.

[3] Мемлекеттік кеңес архивы, 1, 2-бөлім, 814-бет. Бұл хаттың текстін А. Левшининен алынды. Көрсетілген шығармалары, II, 301—303-б.

дың өздері қозғалмай тұрып, бұлар бізге қарсы ешқандай әрекетке кірісе алмайды»[1]

Осы сыяқты хабарлар старшина тобының «сенімсіз екендігі туралы» пікір туғызбай тұра алмайды, оның үстіне 1788 жылы сол Шахмұрат би осы сыяқты ұсыныс жасап, Ортажүз старшиналарына сөз салғанда, старшиналар «бұған көнбегендігі туралы» үкімет қолында мәліметтер болады[2]. Әрине, осы шиеленіскен жағдайда Сырымның сенімсіздігі жөніндегі ұзын-құлақ хабарлар, оның Портамен қарым-қатнасы барлығы жөніндегі сенімсіздіктің өзі, патша әкімшілігінің қолында Сырымға қарсы тағылған айыптардың дұрыстығын тексеру үшін мүмкіншіліктері өте шағын бола тұрса да, атақты тарханды сенімсіз етіп көрсетеді.

Сырымның «сенімсіздігі» туралы ұзын-құлақ хабарлармен қатар, үкімет генерал-губернатордың жүзді басқару жөніндегі ісін қайта құру жөніндегі барлық шараларының нәтижесіздігі туралы мәлімет алады. Бұл хабарды сыртқы істер коллегиясына Гранкин генерал-губернатордың реформасының нәтижесіне істен алғысыз етіп әділетті баға береді. Шекаралық сот жүз істеріне ешқандай әсер ете алмайды, соттың демократиялық составы Гранкин тарапынан қатты сынға алынады[3]. Гранкиннің таққан кіналарына Игельстром тек 1789 жылы 10 май күні ғана жауап береді, оның «түсіндіруі» үкіметті қанағаттандыра қойды ма екен, өйткені ол өзіне карсы тағылған айыптарды бекер демей, істің жайы болашақта өзгеруге тиіс деп патша әйелді үміттендіріп қояды[4]. Генерал-губернатордың

---

[1] Мемлекеттік кеңес архивы, 1, 2-бөлім, 812-бет.

[2] Бұл да сонда.

[3] «...Судьялар төменгі қатардағы адамдардан сайланған, бұлардың жүріс-тұрыстары өз орындарына лайық емес» (ТИЛБ, Граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 554, 236-бет).

[4] «Сіздің императорлық ұлық мәртебеңізге өте төменшілікпен мынадай хабар беруге рұқсат етіңіз: Орда сіздің мемлекетіңіздің ішкі бөлімдерінің біріне осы күнге шейін қолайланып бола алмағандықтан өз халқын сіздің ұлық мәртебеңіздің басқа халықтарының теңіне келтіру ісін жүргізуде біраз шыдай тұруды тілейді». Игельстром осы хатында бұдан әрі мынадай деген: «бұлар осы соттың пайдалы екендігін қазір біраз түсінді... аса қайырымды патшамыз, осы күнгі соттардың болашақтағы өзгерісінде (бұл адамдар осы соттың қатарында болуды тілейді» (барон Игельстромның «түсіндіруінен» — ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1789, іс № 131а, 292-бет). Шекаралық сотқа онша беделді емес старшиналар сайланғандығын мойындай келіп, Игельстром распрааларға тандаулы адамдар сайланатындығын атап көрсетеді.

қайта құру ісінің сәті түспегендігі үкіметке Игельстромның «Түсіндіруінен» кейін айқын болады. Мүмкін осының салдарынан патша үкіметінің Қазақстан жөніндегі отаршылдық саясатының беті кенеттен бұрылмас та еді, бірақ империяның шығыс шекарасынан алынған суық хабарлар Франциядан келген мәліметтермен келіп ұштасады. Франция буржуазиялық революциянын соққысынан монархиялық құрылыстың іргесі қозғала бастайды. Екатерина II нің үкіметі дворян эмиграциясын қолтықтау позициясын ұсынатындығы билеуші топтар арасында реакцияшыл пікірлердің күшейгендігі мәлім. Сондықтан осы сияқты қағидаларда генерал губернатордың шаралары Петербургта «қауыпты іс» болып көріне бастағандығы түсінікті. Патша үкіметі Европада монархиялық негіздердің қорғаушысы болып отырғанда, мұнда, өз ішінде, генерал-губернатор хан өкіметін жоймақшы болады, ал Петербургте хан өкіметіне кіші монарх деп қараған. Билеуші топтардың пікірін біліп, Игельстром 1789 жылы октябрь айында жүзді басқарудың жаңа проектын тапсырады, ол бұл проектте үкіметтің негізгі екі тілегін еске алады, оның бірі — хан өкіметін қайта орнату және жүзді саяси жөнінен бытыранды ету, сонда хан өкіметін қайта құру ісін бірнеше көмескі формада жүргізуге ұйғарылған.

Бұл проектте Игельстром жүзді алтыға бөлуді ұсынады, әрбір бөлімде бірден немесе одан да көп расправалар құруды, «ал бүкіл ордада содан жоғарғы басқарушы орын тағайындауды, мұнда Нұралы сұлтан хан билеуші атағында бірінші мүше болуын ұсынады, прокурор қызметін атқару үшін ерекше тағы бір адам белгіленсін, бұған ең әуелі тархан Сырым батыр пайдаланылсын дейді; Орта бөлімдерінде статная команда түрінде бірнеше төленгіт ұсталсын»[1] дейді. Осы жаңа проектте сұлтан партиясына әжептәуір көнімділік істелгендігі айқын көрініп тұр. Қалай дегенмен де, сұлтандарды саяси жөнінен оқшау тастау жөнінде проектте бір ауыз сөз айтылмаған. Екінші жағынан, 1775 жылғы «Губерня туралы учреждение» бойынша прокурор бақылау функциясын ғана атқарып, жарлық беру өкіметімен пайдаланбағандығын[2] еске алсақ, Игельст-

[1] Мемлекеттік кеңес архивы, 1, 2-бөлім, 850-бет.
[2] Заңдардың толық жыйнағы, XX, №, 14392.

ромның жаңа проекті, анығында, сұлтан топтарына бет бұрған деп қорытынды шығаруымызға болады. Бұл проект Сырым тобына сенуден бас тартқандықты көрсетеді, мұның үстіне Сырымның өзі бұл проектте прокурорлық қызметке тек уақытша ғана белгіленген. Бұл проект іске асырылмай — үкімет мұны бекітпейді. Мұның орнына өкімет генерал-губернаторға Ералы сұлтанмен төте қарым-қатнас жаса деп бұйрық береді. Бұл отаршылдық саясаттың ескі жолына ашық бет бұрғандық болып шығады. Старшиналар тарапынан зілді қарсылық болады дегенді өкімет күтпейді. Бұлардың хан сайлаймыз деп жүрген кандидаты Қайып сұлтан 1789 жылы өледі және старшиналарды Нұралы тұқымынан шыққан сұлтандармен келістіру үкіметке сондайлық қыйын емес болып көрінеді. Ералы сұлтанмен қарым-қатнас жасаудың тағы бір ұтымды болып көрінетін жері осының арқасында оның жақтаушы адамдарын орта азиялық хандықтардан бөліп алуға болады, өйткені орта азиялық хандықтар Оттаман Портасының пайдасына үгіт жүргізіп отырады.

Патша сарайына депутация жіберу үшін Ералы сұлтанға рұқсат беріледі[1]. Бұл депутация 1789 жылдың аяғында Петербургте қабылданады. Отаршылдық саясаттың бұрынғы жолынан тайғандығы осы қарым-қатнастардан көрінумен қатар, қазақтардың «ішкі жақтағы» мал жайылыстарымен пайдалану правосына шек қоямыз деп талаптанудан да көзге түседі. Патша үкіметінің Ералы сұлтанмен төте қатнас жасағандығына старшиналар тобының тынышсыздануы үшін қай жағынан болса да толық деректері болады. Царевка өзенінің бойындағы хуторға қазақтардың шабуыл жасауына байланысты, генерал Чертковтың Саратовтан жіберген хабары бойынша патша әйел жанындағы Кеңес мынадай қаулы шығарады: «өзбетімен жүрген және ішінде жөнді тәртіп орнамаған, талан-тараж жасауға еңсесі ауып тұратын мұндай халықтар бұлар Оралдың осы жағына көшіп келіп қоныстап жүргенде,

---

[1] «...Ералы сұлтан, патша әйелдің ұлық мәртебелі рұқсатымен пайдаланып, мұнда жіберу үшін депутаттар іріктеп алып, оларды қазірдің өзінде Орынборға жіберді, олар: өзінің капитаны Икюз-Әлі сұлтанның туысқаны, екі старшина бір жасауыл, екі төленгіт» (Непременный советтің 1789 жыл, 19 ноябрь күнгі протоколы. Мемлекеттік кеңес архивы, 1, 2-бөлім. 850-бет.

осы сыяқты сойқан істерді істемейді деуге болмайды, сондықтан олардың жолын кесу үшін барлық шараларды қолдану қажет және бұлардың мұның үстіне Орал өзенінен өтуі және Еділ өзенінің көгалды жағына көшіп шығуға әдеттенуі пайдалы болмауы былай тұрсын, мұндағы халықтарды қашан да талап, шауып-шаншып маза бермейді, оның бержағында бұлардың өздері де әжептәуір қауыпты нөпір»[1]. Бұл қаулы Игельстромға жіберіледі, сонда қазақ старшиналарынан көшіп өту правосы алынбағанмен, көшіп-қону жөнінде қысым көрдік деген шағым арыздар түсіп тұрады.

Ең ақырында, отаршылдық саясат әдістерінің өзгергендігі шекара барымтасының кенет күшеюінен көзге түседі, бұл барымта бұдан алдағы жылдарда бәсеңдегенін біз жоғарыда көрдік. Қазақтарға шабуыл жасалуының қарқыны, Игельстром 1790 жылы жазғытұрым Уфадан шақырылып, оның орнына генерал-губернаторлыққа А. А. Пеутлинг тағайындалғаннан кейін тіпті өте қаталдыққа айналды. Пеутлинг отаршылдық саясаттың бұрын Неплюев қолданған әдістерін қатты жақтайтын адам. 1790 жылдың жазғытұрымынын өзінде-ақ Орал әскерлерінің қазақ ауылдарына шабуыл жасауы жиілеп кетеді. Төртқара руының старшиналары граф А. А. Безбородкоге «жаппай талан-тараж жасау бастан асып кетті» деп жазады.

Сөйтіп, Сырымның жүздің ішкі тіршілігіне патша өкіметінің әсер етуін жоямын деген үміті іске аспайды. Мұның өзі Сырымның және оны жақтаушы адамдардың жергіліктi әкімшілікпен арадағы қарым-қатнастарының шиеленісуіне әкеліп соғады. Қозғалыстың жаңадан көтерілуі үшін негіз әзірлене бастайды.

1789/90-жылдың қысында қазақтардың линияға шабуыл жасауы күшейеді. Полковник Персидский 20 март күні граф Воронцовқа мынадай деп жазады: «Қырғындар туралы менің мынадан басқа айтарым жоқ — қарсы жақ бұларды мүлде бұзықтандырып жіберді, бұлар осы қыстыгүні ұрылар сыяқты емес, дәл жау ролінде әрекет жасады, бастап жүргендер Сырым батырдың туысқандары, үш постқа шабуыл жасады, бұлардың біреуі адамдарының көптігі арқасында алты адамды

---

[1] Мемлекеттік кеңес архивы, 1, 2-бөлім, 811-бет.

тұтқынға алды, егер естілген хабарларға сенетін болсақ, алдымыздағы жазда бұлар бірсыпыра бұхарлықтардың жәрдемімен Орал линиясына шабуыл жасамақ, бұхарлықтарды күтіп отыр деседі»[1]. Сөз жоқ, қозғалыстың бұл өрлеуі бұқараның сілтеуі бойынша әрекет жасаушы молдалардың дін жолындағы үгітіне біте байланысты болған. Абдул-Керім молда ең кеш дегенде 1790 жылдың февраль айында Кавказ наместничествосының билеушісі С. А. Брянчанинковке Орал қаласынан қашып кеткен Ясан деген молда және Шекті руынан Қаражігіт деген молда старшина Қаратау бимен жолығысқан деп хабар берген. Бұл жерге Сырым батыр да келген. Молдалар старшиналарға өздерінің «Россияндармен араздасып, бұларға қарсы шыққандығын» дәлелдей келіп, былай дейді: «егер де бұлар да осылай істемесе, өздерінің заңдарынан айрылып, мұсылман бола алмайды, өйткені бұлар Хиуадан және Бұхарадан хат алған бұл хаттарда молдалардан да осылай әрекет жасауды талап еткен»[2].

Молдалардың үгіті іске асқандығында күман жоқ. Сырым батыр мен Қаратау би «Россиямен татулықта болу біздің заңымызға зиянды іс деп жариялайды, сондықтан біз Россияға қарсы шығуға рыйзамыз дейді және бұл туралы қолдарына құран алып ант ішеді»[3]. Содан кейін бұлар Елек өзеніне көшіп кетеді және өздеріне келгендердің бәріне «біз россияндармен татушылықтан айрылдық, егер де қолдарыңнан келсе Россияға қарсы шығындар»[4] деп отырады.

Сөйтіп осы кезде Сырым көпшілік қозғалысын ислам дініне адал болу ұраны арқылы көтеруге ұмтылғандығында ешқандай күман жоқ, ислам дінін бұхаралықтар күшті түрде үгіттей береді. Мұны Шахмұраттың хаты да дәлелдейді, бұл хатты біз жоғарыда көрсетіп өттік. Хат ислам дінін қатты жақтаған рухта жазылған және молдалардың үгіті туралы мәліметтерді Абдул-Керім молда берген. Бірақ исламшыл идеология дұрысында Сырымның қозғалысына өте қастас бол-

---

[1] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, 1778—1802, іс № 1185, 111-бет.

[2] Бұл да сонда, 105-бет.

[3] Бұл да сонда, 5-бет. Бұл мәліметтерді берген Абдул-Керім Оразбаев деген молда.

[4] Бұл да сонда.

ған, қалай дегенмен де, бұл идеология күрес сыйпатын белгілеп бере алмайды. Осы идеология қазақтардың онша дінқұмар еместігін ескө алғанда, Сырымның халық бұқарасын көтеріліске аттандыруына жәрдем бере алмайды және Сырым бұдан көп ұзамай-ақ сол 1790 жылдың өзінде-ақ бас тартады. Сырым күресінің бұдан былайғы дамуында, атап айтқанда, Бұхарамен арадағы 1792 жылғы қарым-қатнастарында исламизм идеясының әсері көзге түспейді. Бірақ осы идеялардың Қазақстан ішіне тарау фактысымен патша үкіметі өзінің саясатын жүргізгенде санасуға тиісті болады. Дін үгітін өз қолына алу патша әкімшілігі үшін қажетті мәселе екендігін біз осыған қарап жақсы ұғынамыз. Игельстромның қазақ феодалдары балалары үшін мектеп ашу, Россияны жақтайтын молдаларды тағайындау, құранды кітап етіп басып шығару жөніндегі шаралары осы проблеманы шешкен. Игельстромның қазақ феодалдарының баласы үшін мектеп ұйымдастырамын, қазақ даласында мешіт құрамын деген талаптарының салдарында діншілдік фанатизм өршіп кетті деген пікірмен ешуақытта келісуге болмайды[1]. Молдалардың қазақ даласындағы Россияға қастас әрекеті Игельстромның үнемі санасып отыратын фактысы болған.

Бірақ көп ұзамай-ақ, сол 1790 жылдың жазғытұрымында, жүз ішінде көп мәселе айқын болады, мұның өзі Сырымды патша өкіметтері жөнінде қайтадан бітімшілік позиция ұстануға және бұлармен келісу үшін тағы да бір мәртебе талаптанып көруге мәжбүр етеді. Бұл туралы сол Персидскийдің өзі өте айқын жазған. Сырым қозғалысқа кең, жалпы бұқаралық сыйпат бере алмаған. «Сырымның талаптары қара халық ішінде әлі де іске аспай келеді, ол халықтан бізбен жау болуды, бізден бөлініп кетуді талап етеді, бірақ қара халық өзінің мүлкі орын тепкен жерлерден айрылғысы келмейді», — деп жазады Персидский[2]. Персидский бұдан әжептәуір кейініректе жазған тағы бір хатында да осыны айтқан[3].

Тек халық қана емес, мұның үстіне старшиналардың да

---

[1] Лобысевич. Россияның Орта Азияға ентелеу қозғалысы. СПб., 1900.

[2] **ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, 1778—1802, іс № 1185, 104-бет.**

[3] Бұл да сонда, 109-бет.

өздеріне қолайлы қоныстарынан кеткісі келмегендігі жөнінде өте бір қызықты толық мәліметтерді Абдул-Керім молда берген, бұл молда жүз ішінде көп уақыт тұрған адам. Ол Сырым мен Қаратау би молдалардың үндеуі нәтижесінде линия бойынан қашып кетті дейді. Бірақ сонда, Қаратау биге қарайтын ауылдар сол старшинаның баласы Қашнебай бас болып Оралдан көшіп кетуден бас тартқан. Бұларды көндірмекші болып Жорғуа батыр келеді, бірақ бұдан ештеңе өнбейді. Одан кейін келген «Адай руының үш жолдас ерткен Досмамбет деген молдасы да бүкіл ұлыс болып Оралдан көшіңдер дейді, — мұның айтқанын да тыңдамайды»[1]. Ең ақырында, Сырым мен Қаратау би әлгі тіл алмай отырған ауылдарға Байбақты руынан Кенсару деген батырын жібереді, «біз россияндармен татулықтан айрылдық, сондықтан оларды талауға орайы келген жерде сендерге мүмкіншілік береміз, — дегенді айт дейді»[2]. Тегі Персидскийдің старшиналар арасында патша әкімшілігімен айырылысуға келіспеген көп санды топтар болған деген хабарына сенуге болатын сияқтанады. Старшиналардың айқындалған позициясынан Сырым үшін туған қыйыншылықтарды Персидский атап көрсетеді. «Менің өз бақылауыма қарағанда, — деп жазады ол, — қара халықты аздырып жүрген ең басты бұзық Сырым батырдың өзі деп білемін. Оның бұған өзінше себептері бар, өйткені елдің көбі оның алдамшы екендігін біліп, оған сенімсіз көзбен қарайтын болды. Ол қандай қулық жасаса да, оның өз мүддесін көздеп, жағдайлармен санасып, тыныштық орнатушы болып екі жаққа бірдей көрінем дегені көзге түспей қалмады»[3]. Старшиналардың көпшілігі осындай позиция ұстанады. Персидскийдің есептеуіне қарағанда «ел ішін аздырушының саны 8 адамнан артық болмайды, бұлар сол кезде ұрылардың бастарын қосып алып, өздеріне қолайлы жағдайларды күтіп жүреді».

Сөйтіп, 1790 жылдың жазғытұрымына қозғалыс дамуында екі ағымның беті әбден айқындалады. Бұл ағымның бірі пат-

---

[1] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, 1778—1802, іс № 1185, 105-бет.

[2] Бұл да сонда, 104-бет.

[3] Бұл да сонда.

ша отаршыларының шабуылына белсене қарсыласу жолын ұстанады, бұл бағыт патша әкімшілігіне қарсы белсенді қаружарақты күреске халық бұқарасын тартумен байланысты болады. Сырым батыр осы позицияны ұстаған. Әлгі ағымның екіншісі күресті тоқтатуға тырысады, бұл ағымды жақтайтындар халық бұқарасының қозғалысына «бұзықтардың сотқарлығы» деп қарайды. Осы көзқарасты ұстанған старшиналар Сырымға ашық наразылық білдіреді, олар Сырымды өзінің жеке басының мүддесіне үйлес келген кезде ғана «тыныштық орнатқыш» адам болып көрінгісі келеді деп, оны екіжүзді, екісөзді деп айыптайды. Жүз ішіндегі құрылыс старшиналардың бөлегі үшін хан өкіметін қайта орнатумен байланысты болып көрінеді және бұлар старшиналардың дөней көпшілігі болады.

Қазақ ауылының шын мәнісінде феодалдық әлеуметтік қарым-қатнастары патриархтық-рулық салт-сана бүркеуінде болып келгендігін біз жоғарыда айтылғандардан білдік, бұл салт-сана старшиналар өкіметін баянды етіп, олардың жүз ішінде беделін және әсерін қуаттап келген.

Патриархтық-рулық салт-сананың осы формалары ауылдың таптық жөнінен екшелуіне қатты бөгет болады, қазақ еңбекшілерінің өзбетімен іс бастауын өте қыйындатады.

Қазақтардың өз ру басшыларына экономика жөнінен тәуелді болуы да осы бағытта жүріп жатады. Старшиналардың тікелей қолдауына Сырымның осы тәуелді болуын патша әкімшілігі үнемі ұғынып отырмайды, бірақ мұны старшиналардың өздері ұғынады, мұны, әрине, Сырым да жақсы біледі. Бұл жөнде Қаратау біздің Мұхаммеджан Хұсаинов мүфтиге 1790 жылдың бас кезінде жасаған мәлімдемесі айқын көрінеді, бұл мәлімдемеде мынадай делінген: «Мұның үстіне менің тағы да білгенім, Сырыммен сөйлесуге рұқсат етілгенде, басқа қырғыздар келмесе де, Сырымның бір өзі де жеткілікті, басқа әкімнің де қажеті жоқ деген сөз айтылды. Сондықтан, біздің ойлайтынымыз, сіздің анадағы сөздеріңіз іске аса алмайды, себебі оның, Сырымның, жарлықтарын ешкім де орындамайды... Біздің қоғамда қажетті ісіңіз болса, ұлысымызға өзіңіздің келуіңізге болады, сонда сөйлесе аласыз, біздің қоғамның

құрметті адамдары сол үшін менің ауылыма жыйналмақшы болды, мұның енді уақыты да болып қалды»[1].

Сырымның старшиналармен айрылысуға бел байлай алмайтын себебі, ру басшыларының позициялары күшейе түседі, өйткені күрес жаңғыра қалған күнде империямен шекаралас аудандардағы мал жайылысынан халық айрылып қаламыз деп қауыптанады. Сондықтан, Сырым тактикасының кенет өзгеруі де әбден табиғи нәрсе, мысалы сол патша үкіметімен айрылысуға шақыруды қойып енді жергілікті әкімшілікпен келісуге талаптанады және басқа старшиналармен қосылып ол келіс сөз сөйлеу үшін ел ішіне Мұхаммеджан Хұсаинов деген муфтидің жіберілуін өтінеді.

Генерал-губернатор бұл өтінішті қанағаттандырады. Мұхаммеджан Хұсаиновты жіберуге келіскенде А. А. Пеутлингтің ойлағаны, бұл муфтидің беделін Бұхара молдаларының беделін империяға дұшпандық үгітіне қарсы пайдаланбақшы болады. Март айының орта кезінде муфти линия бойымен Кулагин бекінісіне қарай жүреді. Ол мұнымен қатар ел ішіне үлкен үндеу, «өсиет хат» жібереді, бұл хатта құраннан сурелер келтіреді, басқа діндегі патшаға мұсылмандардың қарауы мұсылман заңына қайшы келмеуі былай тұрсын, қайта мұны бұл заң тура жөн көреді, патша үкіметіне қарсы шығу адал ниетті мұсылман үшін үлкен күна болып табылады деген сыяқты пікірлерді дәлелдейді[2].

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қарым-қатнастары, К. 64, 1790, іс № 1, 77-бет.

[2] Муфтидің бұл «өсиет хаты» ЛОМТАда сақталып келген, ішкі істер министрлігі, Жер бөлімі, 8-делопроизводство, 1803, іс № 13, 65—68. Бұл хаттың қажеттілігі даусыз болғандықтан бұдан бірқатар үзінділер келтіреміз: «...Қасиетті құранның 14-бабында 193-бетінде мынадай делінген: ...өз қолындағы қорегінің және тыныштығының қадырын білсе, соның өзі көбейіп арта береді. Осы айтылғанның соңында, сіздерге патша рахымын үнемі түсіріп тұрған кезде, сіздер өздеріңіздің ар-ұяттарыңызбен оған бағынып тұруға міндеттісіздер... Біздің асқан қайырымды патшамыз христиан дінінде болса да, өзінің жоғары мәртебелі еркі бойынша әділетті жол ұстанып, сіздерге үнемі пана болып отырады, демек, сіздер өздеріңіздің берген анттарыңыз бойынша әділеттіліктеріңізді, яғни берген анттарыңызды бұзбауларыңыз керек.

Жаратушы тәңіріңіздің құзыры бойынша, сіздің және біздің мұсылмандық қоғамдарымыздан кейбіреулеріміздің христиан заңын ұстанған патшаның қарауында болуымызды әуелде жазып қойған, сондықтан сіздер бұл үшін құдай алдында күналі болмайсыздар, өйткені біздің жоғарыда келтірген заңды кітабымыздың жұма бабында, екінші бетінде мынадай

Мүфти Орынбордан шықпай тұрып-ақ оның ел ішіне келуі жөніндегі мәселе төңірегінде жүз ішінде күрес қызады. Сұлтандар және оны жақтайтындар мүфтиді ел ішіне келіп сөйлестірмеуге тырысады, старшиналардың мүфти миссиясына сенімін жоюға ұмтылады. Молда Ғұбайдолла Феткуллин мүфтиге мынадай хабар береді: «нұртайлықтар, яғни ханды жақтайтын адамдар, қазақ халқы арасында өтірік хабар таратып мүфти босатылған Нұралы ханды да ала келеді екен және қасында 500 адам командасы бар екен, бұларға Сырымды ұстап алу керек деген жарлық берілген екен деген өтірік хабарлар таратып жүр»[1]. Қасым деген татар молдасы Орал қаласынан, шығып жүз ішін аралап жүріп қазақтар арасында мынадай хабар таратады: «әйел патшаның рұқсаты бойынша бұл хан бұрынғы хан атағына ие болып, Ордаға қайтып келеді және өзінің басынан кешірген барлық михнаты үшін ол Сырымнан және ол басқарған елден кегін алады», сонымен, «халықтың тағы да тыныштығы кетіп, ел іші шайқалады» — дейді мүфти[2]. Осы үгітті таратуда Орал әскерлерінің атаманы Д. Донсков белсене роль атқарады[3].

Нұралы ханның қайтып келетіндігі туралы жүз ішінде жайылған суық хабарлар Сырым үшін де, мүфти үшін де үлкен қыйыншылықтар туғызады. Мүфти осы хабарларға байланыс-

---

делінген: егер де мұсылмандар жұма күні намаз оқымақшы болса, оны патшаның рұқсатынсыз атқаруға болмайды, бұған христиан дініндегі адам болса да патшадан рұқсат алу керек. Осы айтылғанның соңында, біздің кейбір дін жолындағы қызметіміз христиан дінін ұстанған патшаның еркіне байланысты болған соң, сіздер барлық істеріңіз жөнінде патшаның ержіне бағынуға тиістісіздер және жоғарыда айтылған заңды кітабымыз бойынша патшаның барлық шараларына жәрдемдесіп отыруларыңыз керек, демек, патшаның қарауында болғандықтарыңыз заңға ешқандай қайшы келмейді және бұл үшін мұсылман атағынан да айрылмайсыздар».

[1] ЛОМТА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қарым-қатнастары, К. 64, 1790, іс № 1, 20-бет.

[2] Бұл да сонда, 70-бет.

[3] Бұл хабарды Қасым «өзінің бастығы, атап айтқанда, Орал әскерінің атаманы полковник Донсков мырзаны және қырғыз-қайсақтар наразы болып жүрген тағы басқа бастықтарды әуендеп таратты, — дейді, мүфти, сондағы мақсаты — осы хабар арқылы Сырымның және ол бастаған қоғамның ханды жақтайтын партиямен араларындағы араздықты күшейту, хан жөніндегі осы хабарлар арқылы Сырымды және оны жақтайтындарды әбден ренжітіп, олардың арасына іріткі салу, мұның өзі Орал әскерлері үшін үлкен ақтаушы дәлел болмақ» (Бұл да сонда, 163-бет). Тегі, Донсков осы хабарларды тарату арқылы Сырымды империяға қарсы шығарып, сөйтіп, Орал әскерлерінің қазақтарға істеген зорлығын анықтамақшы болған көрінеді.

ты жүз ішінде ханды жақтаушылардың белсенділігі өскендігін атап көрсетеді. «Хан партиясына қарасты қырғыз-қайсақ халқы, — деп жазады ол, — оның (ханның. — М. В.) келуін қуана күтіп, Сырым тарханға әбден кіжініп жүр»[1].

Сенбеушілік және күдікті болу Сырымның өз басында да туа бастайды. Ол және оны жақтайтын старшиналар сөйлесу үшін қазақ даласына мүфтидің жіберілуін сұрайды және мұнымен қатар бұлар Кулагин бекінісіне көшіп келуден қажымастан бас тартып отырады. Тек мүфти Орынборға қайтып кетемін деп қорқытқан соң ғана Сырым линияға 5 шақырымдай жақын келуге мәжбүр болады.

Нұралының қайтып келуі жөніндегі хабарлар, әрине, патша үкіметінің Ералы сұлтанмен арадағы қарым-қатнастары аркылы дем алып отырады. Генерал-губернатор Қайып сұлтан өлгеннен кейін, Абулхаир хан тұқымдарының әкіметін қайта орнатуға старшина тобын көндірудің онша қыйыншылығы болмайды деп есептейді. Бірақ бұл жөнде ол қателеседі. Өйткені әңгіме патша әкімшілігі күткендей болып шықпайды; мысалы: Нұралы ханның жүз ішіне хан атағына ие болып қайта келуі жөніндегі хабарлардың әсерімен Сырым хан атағын қайта орнатуды жақтайтын старшиналардың бірқатарын хан өкіметін толық жоюға келісуге уақытша болса да көндіреді. Бұл мүфтимен сөйлескендегі әңгімеден айқын көзге түседі[2].

Мүфти мен Сырым 2 май күні кездесіп сөйлеседі. Сырым және старшиналар осы сөз үстінде патша әкімшілігіне қандайлық талаптары, қандай шағымдары бар екендігін айтады. Бұлар, еңалдымен, Орал әскерлерінің атаманы Донсковтен көрген зорлықтарын, оның жазықсыз қазақтарды өлтіргендігін шағады. Осы зорлық-зомбылықтардың салдарынан «қазақ халқы, мұның ішінде Беріш руынан Амандық батыр, Сық-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1790, іс № 1, 34-бет.

[2] Мұның бір өкініштi жері, мүфтидің журналы 1790 жылы Сырымға қандай билердің қосылғандығын айыруға мүмкіншілік бермейді. Мүфтимен арадағы сөзге қатнаспай қалғандар: Қаратау би, Тіленші би, Бөдене би, Сопыра би және басқалары. Бірақ осы аталғандардың мүфтимен арадағы сөзге қатнаспағандығы бұлардың Нұралы хан өкіметін немесе оның туысқандарының бірін тануға даяр екендігін көрсете алмайды. Дұрысында, бұлар арты не болар екен деген күту позициясын ұстанған, мұны біз бұлардың осыдан кейінгі жүріс-тұрысынан көреміз.

лар руынан Қаратау би бастарын қорғау үшін өздеріне қараған елдерін алып мезгілсіз уақытта шекарадан алыс жаққа көше қашуға мәжбүр болады, ондағы мақсаттары Россия патшалығынан мүлде айырылып кету»[1]. Бұдан соң, старшиналар Донсков тұтқындап алған қазақтарды жүз ішіне қайтаруды өтінеді. Сонда бұлар «жазықсыз қазақтар тұтқындалып отыр, ал айыптылардың беті ашылмай, олар тиісті жазасын тартпай отыр» дегенді айтады. Старшиналар, Д. Донсковтың әрекеттерінен ештеңе өнбегендігін айта келіп былай дейді: «егер де қырғыздар россиялықтарды байлап алып кететін болса, онда бұлар өзбетімен іс жүргізбей, бұл туралы еңалдымен қағаз жүзінде Сырым тарханға және патша жарлығы бойынша орда ішінде құрылған расправаларға білдірулері керек»[2]. (Астын сызған мен.— М. В.). Бұдан кейін Сырымның айтқан шағымы — Орал әскерлерінің озбырлығы туралы генерал-губернатор О. А. Игельстромға, одан кейін А. А. Пеутлингке талай мәртебе жаздым, бірақ хат жазып жіберген адамдарды «не үшін екенін білмеймін, Орал қаласында полковник Донсков мырза ұстап қалып» жүз ішіне қайтарып жіберіп отырды, дейді. Старшиналардың намысына тиіп келген тағы бір іс «сол полковник Донсков мырза Сырымды, тағы басқа старшиналарды жөнді қабылдамай, ешқандай хұрмет көрсетпеген»[3]. Бұл шағымдар старшиналардың тек қана пандығынан шыққан шағым емес. Д. Донсковтың әрекеттері 40-жылдарда И. И. Неплюевтің Абулхаир хан жөнінде қолданған саясатының рухында жүргізілген: бұл саясаттың көздеген мақсаты — ел иесі адамдарының моральдық беделін жойып, сөйтіп олардың жүз ішіндегі үкімін әлсірету. Сырым Донсковтың әрекеттерін осы мағнада түсінген көрінеді. Қалай дегенмен де ол былай деген: бас старшина деп өзіме берілген «грамотаны» Донсковтың маған көзқарасы пайдасыз етті, «өйткені бұл грамота сол Орал бастықтарының тарабына Сырымға қарай жалынды от болып көрсетіледі»[4]. Осы өтініш-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қарым-қатнастары, К. 64, 1790, іс № 1, 33-бет.
[2] Бұл да сонда, 34-бет.
[3] Бұл да сонда, 35-бет.
[4] Бұл да сонда, 35-бет.

тердің қай-қайсысында болса да Орал әскерлерінің зорлығына білдірілген қарсылықтан гөрі зорлық, наразылық айтылған: бұл өтініштерден жүз ішінде Нұралы хан қашып кеткеннен кейін қалыптанған мемлекеттік өкімет ісінің ұйымдастырылуын сақтап қалғысы келген пікірді көрсетеді.

Старшиналардың бұдан әрі айтқаны — мүфтидің құран жолын дұрыс көрсеткеніне біз сенеміз, «Россия патшалығының қоластына қарау біздің заңымызға ешқандай қайшы келмейтіндігі де рас және дінді теріс айтып жүрген молдалардың тіліне ермей, оларға осы күні елдің көбі дұрыс көзбен қарамай жүргені де рас»[1], бірақ жүз ішінде осы «теріс айтушыларға» еріп жүрген қазақтар да аз емес дейді. Қандай түрде болса да, уәде беруге уәкілдік алмаған мүфти ешқандай міндет айтпайтын жалпы сөзбен старшиналарға жауап береді. Оның айтқаны, «Отанның әрбір ұлы өзінің аманшылығын бұзбау үшін тиісті тәртіпті сақтауға міндетті» дейді, ал Орал әскерлері бастықтарының зорлықтары жөнінде айтылған шағымдарға келсек, мүфти бұл шағымдарды қараудан мүлде бас тартады, өйткені ол «арыздарды қарастыру үшін емес, тек қана сөйлесіп келу үшін» жіберілген. Дегенмен, Мұхаммеджан Хұсаинов арыздарыңды үкіметке жеткіземін деп старшиналарға уәде береді, бірақ «болған істің әділетін айтыңдар, жазықсыз ешкімді кіналамаңдар» деп старшиналардың есіне салады. Мұнымен қатар, мүфтидің тағы да бір айтқаны, «Линия бойындағы казак-орыс әскерлері елді талауға кірісті, өйткені қырғыздар өздерінің берген анттарын бұзып үнемі ұрлық істеп жүр»[2] дейді. Сырым мұндай ұрлықтардың болғандығын бекер демейді, бірақ мүфтиге «ел болған соң оның ішінде ұрылар, бұзық адамдар болмай тұрмайды ғой»[3] дейді және тұтқындалған орыстарды қайтаруға уәде береді, бірақ жергілікті үкіметтер бекіністерде ұстаулы жатқан қазақтарды да қайтарсын дейді. Мәселе шешіліп болғанға шейін ол старшиналармен ақылдасады да Кулагин бекінісінде қалмақшы болады.

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1790, іс № 1, 36-бет.

[2] Бұл да сонда, 38-бет.

[3] Бұл да сонда, 38-бет.

3 май күні мүфти старшиналармен екінші қайтара бас қосып сөйлеседі: Сырым мен старшиналардың сонда «ренжи, аяныш білдіре отырып сұрағаны, — полковник Донсков мырза мен старшина Димитрий Мизинов өздерінің әділетсіздігін біздің алдымызда мойындарына алсын» — дейді. Сондағы бұлардың көздегені — «өздерінің айыпсыз екендігін көрсету». Бірақ, мүфти бұл жерге мен сендердің өтініштерің бойынша келдім, «келгенде сендердің мүдделі мәселелерің туралы сөйлесу үшін келдім... сендердің Орал әскерлері бастықтарымен араларындағы дау-шарларыңды қарастыру үшін келгем жоқ» дегенді тағы да айтады. Ол Сырым мен старшиналарға арыздарыңды әйел патша қарастырады деп уәде береді. Бірақ «себепсіз ешкімге жала жабушы болмандар»[1] деп тағы да ескертіп кетеді. Мүфтидің бұл сөзіне старшиналар қатты ренжиді. «Бұрынғы қырғыз қоғамы, деп жазады мүфти, — әсіресе, Әлім руынан Наурызалы би өзіне қарағаң адамдарын ертіп алып, мүфтидің өзі де Орал бастықтарын жақтайды деп ашуланып, Алаш деп ұран шақырып, аттарына мінісіп алды»[2]. Мүфтидің қасында тек Сырым ғана қалады, ол Мұхаммеджан Хұсаиновтың «әлгілердің тентектігін» кешіруді сұрайды және «соларды қайтарып алып келу үшін өзі де кетіп қалады»[3] Нұралы ханның жүз ішіне қайтарылуы жөніндегі негізгі мәселе айқындалмай тұрып, мүфтимен арадағы сөзді ұзуге болмайтындығын Сырым тегі жақсы ұғынған көрінеді.

3 май күні болған осы уақыйға старшиналардың бір бөлегінің патша әкімшілігіне көзқарасы тұрақсыз екендігін және араларының шиеленісіп бара жатқандығын көрсетеді. Осыған байланысты атап көрсете кететін бір мәселе, старшиналар мүфтидің көнімсіздігіне наразы болса, жергілікті соғыс әкімшілігі, атап айтқанда, генерал-губернатор, мүфтидің старшиналарға көнімділік істегеніне, оларға жұмсақ мінезбен келгеніне наразы болады. Мүфтидің старшиналармен сөйлескені туралы жіберген хабарына жауап беріп, Пеутлинг 14 май күні Мұхаммеджан Хұсаиновқа «қырғыз-қайсақ халқының тілегеніне көне берме және олардың берген антын бұзып, те-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1790, іс № 1, 40—41-б.

[2] Бұл да сонда, 41-бет.

[3] Бұл да сонда, 41-бет.

ріс мінездер жасап отырғандығының бетін аш»[1] деп жарлық береді. Мүфти старшиналардың көңілін алдау үшін біраз сыйлық бергенде, генерал-губернатор «қырғыз-қайсақ старшиналарына ешқандай сыйлық беруші болма» деп бұйрық берді және «мүфтидің қырғыз-қайсақ старшиналарына сыйлыққа берген сомаларын қазна есебіне алмаймын»[2] дейді. Генерал Пеутлингтің мүфтиге берген жарлығы — «бүкіл қазақ халқына айт, егер бұлар кіналарын мойнына алып, жаздық-жаңылдық демесе, қалай да болса жаза тартпай қалмайды», ал енді бұлардың Орал әскерлері старшинасының үстінен берген шағым арызына келсек, бұл шағым арыздар туралы генерал-губернатор мүфтиге «полковник Донсков мырзамен қатнасып, сонымен кеңес»[3] дегенді айтады. Шекара бекіністерінде тұтқында ұстаулы жатқан қазақтарды босату мәселесі жөнінде де патша әкімшілігі әлгі сияқты икемге келмейтін позицияны ұстанады. Орынбордың обер-комендантты Я. М. Зенбулатов, мүфтидің тұтқындағы қазақтарды босату жөнінде берген хабарына генерал-губернатордың жазған сөзін негіз ете келіп, Мұхаммеджан Хұсаинов, — «қырғыздарды босатып жіберіп, сіздің көпшілігіңізге бере алмаймын»[4] деп хабар береді. Рас, кейіннен, мүфтидің қоймастан ізденуі нәтижесінде бекіністерде ұстаулы жатқан жазықсыз 6 қазақ, бұлар Сырым әкеліп берген тұтқын орыстардың орайына босатылған. Сөйтіп, мүфти миссиясының нақтылы нәтижесі тек осы ғана болған.

Ең ақтық мәртебе мүфти Сырыммен 8 июнь күні жолығысады. Бірақ бұл жолы Нұралы ханның бұдан былайғы тағдыры жөніндегі мәселе қолға алынады. Нұралы хан туралы мынадай қаулы алынды деп жазады мүфти: «елдің бәрі бір ауызды болсын, бұлардың ханмен арадағы талас-тартыстары жойылсын және осылардың екі жағы да келіссін». «Біздің бақылауымызша сезгеніміз, — дейді бұдан әрі мүфти, — бұлар көпшілік атынан патшаға өтініш енгізіп, ханды оның жанындағы балаларымен және нөкерлерімен қоса өздерінің ордасы-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1790, іс № 1, 66-бет.
[2] Бұл да сонда, 94-бет.
[3] Бұл да сонда, 97-бет.
[4] Бұл да сонда, 60-бет.

на қайтарып беруді сұрауға бейім көрінеді, бірақ олардың ордасында құрылған сот үкіметтерінің және солардың бастықтарының топшылауына қарағанда, ханды Орда ішіне қайтарғанда оған хан өкіметінің өкілдігін беру үшін емес тек қалған өмірін өз елінде, туған туысқандарының жанында өткізу үшін қайтарылсын дейтін сияқты»[1]. Ханның жүз ішіне хан атағын бермей қайтарылуына старшиналардың келісуі ханның ел ішіне қайтарылуын талап еткен сұлтандар тобына жарым-жартылап көнімпаздық істеу жолымен өкіметті өз қолдарында сақтап қалғылары келгендігін көрсетеді.

Мұнымен қатар, осының өзі, дұрысында, ештеңе өнбейтін өзінше жасалған бір көнімділік еді, осы жолмен старшиналар патша әкімшілігімен татушылық қарым-қатнастарын сақтаймыз деп үміт еткен, өйткені бұлар патша әкімшілігімен айрылыса қалса өздері жек көретін сұлтан тобының өкіметі қалайда қайта орнайтындығын және империямен шекаралас жерді қоныстап жүрген қоғамдар үшін шаруашылық жөнінен ірі қыйыншылықтар туатындығын жақсы біледі. Мысалы, сауда қатнастары бұзылар еді, ең керекті жері «ішкі жақтағы» мал жайылымдарынан айырылар еді»[2]. Осы сөздердің және ұсыныстардың баянсыз екендігі көп ұзамай-ақ көзге түседі. Бірақ, сол 1790 жылдың өзінде тағы бір күш алға шығады. Бұл күштің қозғалыс дамуындағы маңызын старшиналар да, Сырымның өзі де, патша әкімшілігі де әлі жете бағаламайды. Бірақ бұл күш старшина тобын осы күннің өзінде-ақ әжептәуір тыныштандыра бастайды. Бұл күш — халық бұқарасы белсенділігінің өрлеуі, ал халық бұқарасының қозғалысы ру басшыларының бақылауынан көрінеу шыға бастайды. Бұл жөнінде біздің қолымызда муфтидің журналында бірқатар маңызды мәліметтер бар. Муфти Кулагин бекінісінің маңына келгенде Әбдош деген молданың «Сырым туралы айтқаны, — ке-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1790, іс № 1, 78-бет.

[2] Муфтимен жолығысып сөйлескенде бұлардың өздері мынадай деп түсінік берген: «бүкіл қоғамдық Россияға мынадай байланысы бар: бірінші — адам баласының тұтынуына қажетті қоректермен пайдаланады, екіншісі — киім-кешек үшін түрлі заттар сатып алады, үшіншісі — қысқы уақытта жылқы Россияның ішкі жағынан жайылыс алады» (бұл да сонда, 56-бет).

ліссөзге кіріскенде ол өрескел сөз айтатын болса, оның мұндай мінезін айып-шам көрмесін, ол осылай деп түсіндіруді бұйрық етті»[1] дейді. Өзіңе қараған халықпен арадағы қарым-қатнастардың шиеленісіп тұрғандығын Сырымның өзі де анықтайды. Жуз ішінде «дін жолын бұрмалап жүрген молдалардың әрекеті туралы муфтиге әңгіме қыла келіп ол былай дейді: «бұлар менің Россияға ниетімнің дұрыс екендігін көріп, сол үшін мені кәпір деп, «бұлар маған да құраннан келтіріп талай мәртебе өсиет айтты, сондықтан мен сенімсіз халде болдым, оның бержағында, халықтың өзі де дұрыс пыйғыл шегінен шыға бастады». Халық бұқарасы белсенділігінің білінe бастағандығы Табын руының Жәнібек деген старшинасының муфтиге айтқан сөзінен де естіледі. Ол былай деген: «қырғыз-қайсақ халқы өткен қыста тіпті күзден бастап қобалжып, шайқала бастағаны сондай, мен шамам келгенше өзіме қарайтындарды да, мұнымен қатар бүліншілік жасап жүрген басқаларды да тыныш жүруге үгіттеп көп еңбек еттім»[2]. Сырым муфтиге: «біздің қоғамымыз әбден шыдай алмаған соң жаппай қобалжуға бет бұрды»[3], — деп жазған. Ол Мұхаммеджан Хұсаиновқа тағы да мынадай шағым айтады: «дін жолын бұрушылардың тіліне еріп қобалжып жүрген кейбір рулардың қырғыздарын тәртіпке салу маған әжептәуір ауыр тиеді, бірақ мен мұндай ұшқары ойлыларды да дұрыс жолға салуға тырыстым»[4].

Муфтидің өзі де Елек өзенінің бойындағы старшиналарға, билерге және батырларға жазған үндеуінде былай деген: «ал

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1790, іс № 1, 39-бет.

[2] Бұл да сонда, 15-бет.

[3] Бұл да сонда, 22-бет.

[4] Бұл да сонда, 37-бет. Муфти Кулагин бекінісінің маңында Сырыммен жолығысқанда онымен сөйлескен әңгімесін айтады. Бірақ есте болу керек, муфти өзінің берген барлық хабарларында және журналдарында өте қатты сақтық жасап отырған, ол халық қозғалысы Сырымның арқа тіреген негізі екендігі туралы ашық айтуға қорқады. Қазақ бұқарасының өзбетімен күреске шыққандығы туралы ол мүлде үнін шығара алмайды. Муфти үкіметтің Сырым тобына қол артуын қатты жақтаған адам. Полковник Гранкиннен хабар алғаннан кейін, үкімет Сырым қозғалысының жалпы халықты тірек ететіндігін сезеді. Еңбекші қазақтардың өзбетімен күреске шыққаны туралы ашық айтса онда муфти үкімет алдында өзін онды адам етіп көрсете алмаған болар еді. Халық бұқарасының осы күреске шығуы Сырым қозғалысымен байланысты екендігі мейліше айқын тұрады.

сіздерге, хүрметті старшиналарға, батамды беріп айтатыным, —халық ішіндегі қобалжу дегеннің бәрін тоқтатыңыздар және халыққа патшаның рахымы түседі деп жариялаңыздар»[1].

Осы сыяқты мәліметтерді полковник Персидский де берген. Ол 1790 жылы былай деп жазған: «барлық менің байқауымша қара халық осы күнгі орындарын тастағысы келмейді. Сөз жоқ, бұлардың арасында қайырымды адамдар да бар, бұлар ел бүлдірушілердің бұзақылығына қатты кеиді және осылар жазаға тартылмаса тыныштық болар ма екен деседі, бұлардың осы сезіне, әрине, сенуге болады»[2]. «Қайырымды адамдар» дегенді бұқара белсенділігінің өсуінен қорқып, «тыныштыққа» құмартып жүрген старшиналар екендігіне кұмануға бола қояр ма екен.

Сырымның басшылығымен бірнеше жылдан бері болып келген күрес, әрине, бұқара белсенділігінің өсіп күшеюіне себеп болған. Осы белсенділік 1790 жылдың жазғытұрымында старшина тобының күштерінің жіктелуі, халық бұқарасының старшиналарға наразы болуы, қазақ еңбекшілерінің старшиналарсыз-ақ, олардың айтқанына көнбей, өзбеттерімен күреске шығуы арқылы айқын көзге түсе бастайды. Қозғалыстың мұндай формасы старшиналардың тілегіне үйлес келетін шеңберден шығып кетеді, бұл күрес старшиналарға қарсы күреске айналатын болады. Осы кезді, яғни бұқара қозғалысының белсенділігі өскен кезде, ерекше атап көрсету қажет, өйткені бұл кез, старшиналар ұстанған бітімшілік позиция жағдайларында феодалдық-отаршылдық қанау системасына қарсы күрес ілгеріде тек күресші күштердің тап жөнінен ірікtelу негізінде ғана дамый алатып болады. Бостандық жолындағы күрестің бұдан былайғы дамуы енді осы жіктелудің дәрежесіне және айқындығына байланысты болады.

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1790, іс № 1, 6-бет.

[2] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, 1778—1802, іс № 1185, 109-бет.

VI ТАРАУ

90-ЖЫЛДАРДА ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ӨРЛЕУІ. СЫРЫМНЫҢ ҚАЗА ТАБУЫ.

Муфти Қоғалы бекінісінен кеткеннен кейін көп уақыт өтпей-ақ Орал әскерлерінің қазақ ауылдарына шабуылдар жасауы қайта жаңғырады. Генерал-губернатор бастаған жергілікті әкімшілік орындары өлкені басқарудағы Неплюевтік ескі әдістерді тастаудан көріне бас тартты. 1790 жылғы август айының бас кезінде Төртқара руының билері Сыртқы істер коллегиясының мүшесі граф А. А. Безбородкоға сөз салып, Орал әскерлерінің атаманы Д. Донсковтың үстіне жаңадан шағым арыз береді. Басымызға пәле жауғызып отырғандардың ең бастысы генерал-губернатордың өзі деп дұрыс біліп, старшиналар енді генерал-губернатордың төте өзіне шағым айтуды қояды. Старшиналардың, атап айтқанда, шаққаны, — А. А. Неутлинг Орынбор айырбас сарайында басшы билерді тұтқынға алды, «бұлар қолдарына құран алып шын ниеттерімен елдің еңалдымен антқа отырған адамдар еді»[1] дейді.

Старшиналар қазақ даласын билеу үшін барон Игельстромды және муфти Мұхаммеджан Хұсаиновты қайтадан жіберуді сұрайды. Сырым батыр да әйел патша Екатерина II ге өзінің берген хабарында осы туралы өтініш жасайды. Ол сонда мынаны айтады: «қазақтарға әйел патшаның аналық мейірім жасайтындығы туралы» муфтидің сенім беруіне қарамас-

---

1 ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1790, іс № 2, 10-бет.

буыл жасағанда қырғыз-қайсақ ұлыстары соларға жақын тұрған жерден барып жасаймыз деседі»[1].

Сырым көбінесе старшиналарды қорқыту әдістерін де қолданады. Ол 1791 жылы июнь айында Сопыра биге мынадай хат жазады: «Егер де сіз саудаға бару үшін және қоныс аудара көшу үшін ұлыстарыңызға рұқсат беретін болсаңыз, онда сізге қоғам қатты ренжиді. Мұның кездестірген ісінің салдарына түбінде сіз бізді кінәлап жүрмеңіз»[2].

Бірақ старшина тобының басын біріктіру үшін Сырымның осы қолданған шараларының бәрінен де нәтиже шықпайды. Линияға жақын жерлерді қоныстап жүрген беделді старшиналар Сырымға қосылудан және даланың түпкір жағына алысқа көшіп кетуден батыл түрде бас тартады. Бірақ бұл бас тарту оларды жергілікті патша өкіметтеріне еріксіз тәуелді болу халіне әкеліп қояды. Өсіп келе жатқан қозғалыстан оқшау қалуға болмайды. Уақыйғалардың дамуы старшиналардың осы тобын патша өкіметтерімен одақтасуға қалай да құлшындырады.

Осы айтылған сөз Сопыра би жөнінде де дұрыс келеді, өйткені ол патша әкімшілігімен жиі-жиі хат жазысып тұрады, Сырымның қозғалысы турасындағы және оны жақтайтын адамдар жөнінде өзі естіген хабарлардың бәрін патша әкімшілігіне жеткізе береді. Осы сыяқты іс Тормамбет би жөнінде де документ жүзінде мәлім[3]. Советник Нұрмұхаммед қожа Сырымға дұшпан басқа старшиналардың арасынан мына билерді де атайды: Әлімұлы әулетінен Қаракөбек би, Жаназар би, Мұратбек би, Байұлы әулетінен Сопыра би мен Тормамбет бидің үстіне Базарбай би, Жетіру әулетінен Тіленші батыр, Тілеп би және Жәнібек би[4]. Бұлардың арасынан Мұратбек,

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 309-бет.

[2] Бұл да сонда.

[3] Бұл да сонда, 173-бет.

[4] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды. 1791, іс № 168, 173-бет. Тілеп — Жетіру әулетінің расправа мүшесі —Сырымды талмай жақтап келгендердің бірі, бірақ ол сыртымен көбінесе патша әкімшілігіне Россияға берілген старшина болып көрінуге тырысқан. Нұрмұхаммедтің оны Сырымға дұшпан старшиналар қатарында атайтын себебі осыдан болу керек. Қаракөбек үнемі қобалжып келеді. Мүмкін ол дәл осы айтылған кезде, анығында, Сырымға «дұшпан» топқа қосылып жеткен болар.

Қаракөбек және Тормамбет, сол сияқты Шекті руының старшинасы Сегізбай хат жазысу арқылы Ералы сұлтанмен төте қатнас жасап отырады.

Бірқатар старшиналардың Сырымға қарсылығының соншалық күшті болғандығын Абұлсатар Халитовтың мына бір уақыйға жайында айтқан әңгімесінен көруге болады. Ол Беріш руында жүрген кезде осы рудың старшинасы Бөдене би Сырымнан хат алады. Сырым Беріштерді «Орал өзені жағына көшпеуге және халықты Орынборға сауда істеу үшін жібермеуге» шақырады. Сонда молданың бұл жөнінде әңгіме қылып айтқаны, — «Сырымның пәлеге шақырған осы сөздеріне Бөдене би ашуланып Сырымның хатын жыртып-жыртып лақтырып жібердi» дейді.

Сөз жоқ, 1791 жылдың басында Сырымға қас позиция ұстанып жүрген старшиналардың бір бөлегі патша әкімшілігімен келісу жолымен жүз ішінде өз үстемдігімді сақтап қалуым мүмкін деп әлі де үміттеніп алданып жүреді. Осындай элементтерге, тегі, Төртқара руының старшинасы Қаракөбек те қосылған болу керек. Оның мұнысы Ералы сұлтанды хан етіп «сайлағанда» көзге түскен.

Осы бет алыста мына жағдай белгілі роль атқарған, мысалы, жүз ішіндегі саяси құрылыс мәселесі жөнінде Сырым ескі позицияларды, атап айтқанда, старшиналардың басым көпшілігін ұстанған бетіне қарамастан, хан үкіметін толық жою позицияларын ұстап келеді. Бірақ негізгі себеп бұл арада емес. Старшиналардың әжептәуір тобының Сырымға қосылудан бас тартуына жер мәселесі, бұл старшиналардың Орал ауданындағы мал жайылысынан айрыламыз деп қорқуы үлкен себеп болады. Бұл қорқыныш тек старшиналарды ғана емес, халық бұқарасының көпшілігін де ұстап қалады және сөз жоқ, қорқуға да зілді дерек болған, өйткені қоныстайтын жаңадан аудан тауып алу өте қыйын болады.

Мал жайылыстары Оралдың төменгі бойларында болған адайлықтарды көшіп кетуге Сырым көндіргенде, осы көшіп кеткен қауымдар көп ұзамай-ақ ескі орындарына қайтып келеді, өйткені бұлармен түрікпендер арасында «өзара келіспеушілік, кісі өлімі болады. Соның салдарынан адайлықтар бұл араға сыйыса алмайды, сөйтіп лажсыздан өздерінің бұ-

рынғы жерлеріне қайтып келеді»[1]. Сондықтан біз Таймас Сеитов деген молдаға сене аламыз, мысалы ол былай деп жазады: шекара линиясынан көшіп кетуге шақырып Сырым үндеу салғанда «қырғыздардың бірде-бірі оның бұл ақылына қосылмайды, сонда Сырымның ұсынысын елдің көбі жек көреді, Сырымға қосылғандар оның соңынан ере бермейді және әркім өзіне ұтымды жерін қарауы керек»[2].

Империямен шекаралас аудандарда көшіп жүрген қазақтар арасында, осы қайшылықтардың бәріне қарамастан, әлгі айтылғандардан басқаша бағыт болады, ол — патша Россиясына қарсы қару-жарақты күреске көтерілу. Бірақ бұл бағыт көбінесе ру басшылары арасынан емес, еңбекшілер бұқарасы арасынан шығады. 1790 жылмен салыстырып қарағанда халық пікіріндегі негізгі айырмашылық міне осында болған. Старшиналардың патша әкімшілігімен арадағы қатнастарын үзбеуге ұмтылған беталысы айқындалған болса, бұқара қозғалысы өз ішіндегі ру басшыларына қарсы бағытталған күреске бейімделеді: бұқараның қынжылған наразылығы шаруалардың старшиналарға қарсы таптық күресінің формасына айнала бастайды. Бұл күрестің іздері біздің материалдарымызда көрсетілген. Мысалы, старшина Төлеберген «әр жерден алдамшы қырғыз-қайсақтар шыққандығы туралы» обер-комендант Трейденге хабар бере келіп оған сақтық шараларын қолдануды ұсынады, «өйткені, бұл алдамшылар сіздерге де біздерге де жау, бұлар туралы білгенімізді ілгеріде де бұлжытпай хабарлап тұрамыз. Бұлардың кейбіреулері туралы хабар ала алмай қалсақ, бұлар туралы ештеңе айтпады деп бізді кіналамаңыз, өйткені бұл алдамшылардан өзіміз де қорқамыз»[3]. Бұл арада атап көрсететін бір мәселе, қазақтар қозғалысы аты елге әйгі емес старшинаға қарсы бет алғандығы айқындалғанда, көтеріліс жасаушы қазақтардың отрядтары Кете руының Өтек деген батырының басшылығында болған. Тегі, бұл батыр халық бұқарасына жақын тұрған болу керек, оның аты беделді старшиналар арасынан кездеспеді.

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 298-бет.

[2] Бұл да сонда, 298—299-бет.

[3] Бұл да сонда, 112—112-бет.

Осы сыяқты суық хабарларды Шекара істері экспедициясына Сопыра би де берген. 1791 жылы май айында ол былай деп жазады: «осы жақындағы күндерде біздің Ордада күшті бүліншілік болайын деп тұр. Ілгеріде біздің Орданың қандай халде болатындығын біле алмаймын, мұндай жағдайда ешқандай істерді расправаның қарауы және шешуі мүмкін емес»[1].

Д. Донсков 1792 жылы февраль айында Шекара істері экспедициясына мынаны жазады. Тама руының Шобақ деген старшинасының «маған білдіргені — Адай, Сентемір және Беріш руларындағы қазақтардың көбі оған ырза емес көрінеді және осы жазда бұлардан тыныштық ой күтуге болмайды»[2] дейді. Таймас Сеитов деген молда былай деп жазады: Адай руының кейбір қазақтары түрікмендерден қоныстарын айырып, «теңіз араларына» барып орналасты, өйткені бұлар «өткен күзде старшиналардың тілін алмағанымыз үшін»[3] Россия бізді жазалайды деп қорқады. Сырым, Сегізбай және Мұратбектердің өздеріне жіберілген Хұсаин Абдулсалимов деген молдаға, 1792 жылы июль айында айтқаны «біздің Ордамызда әртүрлі алауыздық істер толып жатыр, бұлар ілгеріде тағы да көбейе бермек»[4] деген.

Тағы сол кезде Жағалбайлы руының старшинасы Төлеберген Орынбор обер-коменданты Трейденге қазақтардың Елек өзеніне көшіп кеткендігі туралы және тек өзінің өз ауылдарымен ғана Буянлы өзенінің бойында қалғандығы туралы хат жазады. Қазақтардың бұл көшіп кетуі Төлеберген хатында оған қастық іс ретінде көзге түседі. «Енді, — деп жазған ол өзінің хатында, — біз үмітімізді еңалдымен құдайға, екінші сіздің ұлық мәртебеңізге артамыз» дей келіп, ол өзінің хатында мынадай түсінік берген: «мен өзімнің қырғыз-қайсақ командамды алып Орынбор маңына орналаспақшымын, өйткені мен ұрлыққа айналысқан қырғыздардан қатты қорқамын»[5].

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1792, іс № 184, 151-бет.
[2] Бұл да сонда, 8-бет.
[3] Бұл да сонда, 38—38-бет.
[4] Бұл да сонда, 138-бет.
[5] Бұл да сонда, 175-бет.

Тіленші Бөкенбаевтың ауылдары да тыныш отырмайды. Бұл старшинаның Сеит Бекмұхаммедов молдаға айтқаны «егер де мен алысқа көшіп кетсем менің халқым түгелімен зұлымдарға қосылып кетіп, өзімді масқара қылар еді, мен осыдан да қауыптанамын»[1] дейді.

Бұл аса бір беделді старшина халықты шекара өкіметтері жазалайды деп қорқыту арқылы ғана өзіне бағындырып ұстап тұра алды. 1792 жылы жазғытұрым генерал Пеутлинг Әлімұлы әулетіне жіберген Хұсаин Абдулсалимов деген молдаға старшиналардың айтқаны мынау: «біз өзіміз бұл жақтағыларға қарсы зұлымдық әрекет жасай алмаймыз, бірақ үшқары ойлы өзімізге бағынатын халықты осындағы сотқарлықтан тоқтатамыз деп те айта алмаймыз»[2].

Дегенмен, мұнымен қатар старшиналар тағы да мынаны айтады: «егер де біздің Ордамыздағы сотқарлар мен зұлымдар өзбеттерімен қоғамдар арасында зиян келтірсе»[3], бұған патша әкімшілігі кіналы, өйткені старшиналардың жаңадан хан сайлау жөніндегі талабын тындаудан ол мұлде бас тартқан. «Сотқарлар» және «зұлымдар» деген осы сілтеуді ру арасындағы күрестің себебіне жатқыза қоюға болар ма екен. Бұл арада, сөзсіз, қазақ ауылдарындағы тап күресінің жаңғырығы сезіледі.

Қозғалыстың бұл өрлеуі Сырымның үгітімен біте байланысты болады. Табын, Кердері және Байбақты руларына Сырымның «тура өзі» келіп старшиналарды және халықты линия бойынан көшіп кетуге шақырған деп атаман Донсков Шекара істері экспедициясына хабар береді. Бұлар қобалжып жүрген қауымдар еді, осылардың бір бөлегі линияға таяу жерлерді қоныстап жүрген, демек Орал өзенінің бойындағы мал жайылысын пайдалану жөніндегі мәселе бұлар үшін өте маңызды болады. Сондықтан, «халықтың көпшілігі Сырым батырға ермейді» деп орыс конфиденттерінің «ертегілері» негізінде хабар берген Донсковқа сенуге болады. Бірақ мұнымен қатар бұл арада да қозғалыстың даму қаупы туады. Өйткені,

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1792, іс № 184, 318-бет.

[2] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, 1792, іс № 4, 26-бет.

[3] Бұл да сонда, 22-бет.

Д. Донсков «дегенмен мұның соңынан да бұлар өзбетімен қозғалып кете ме деген қауып бар» деп жазады[1].

Қозғалыстың таптық негізі империямен шекаралас аудандарда мейлінше айқын көзге түседі. Бірақ Сырым тап күштерінің екшелу өзгешеліктерін ұғынбайды, күресті тек халық бұқарасына арқа сүйеп қана жүргізе беруге болатындығын түсінбейді. Ол өзінің бұрынғы тактикасынан, атап айтқанда, халық бұқарасын өз төңірегіне ру старшиналары арқылы жыйнастыру тактикасынан айнымайды. Ру басшыларына арқа сүйеуге болатындығына сенуге оның 1791 жылы әлі де болса дерегі бар еді. Әлгі ру басшыларының уәкілдері, әсіресе бұлардың шекара линиясына таяу тұрмайтындары батырды қолтықтай берген. Өйткені шекара линиясымен алыс тұрған соң империя шекарасындағы мал жайылысынан айрылу жөніндегі мәселенің бұлар үшін шешуші ролі болмайды.

Сырымды жақтайтындар деп А. А. Пеутлинг мыналарды атайды: Айшуақ сұлтанның баласы Жантөрені, Сырым батырдың туысқандары — Рысалымен Қойсарыны, Жетіру, әулетінің Елебек және Барақ деген старшиналарын, Байұлы әулетінен Қаратауды және Әлімұлы әулетінен Жиямес деген старшинаны[2], Сопыра би, мұның үстіне, тағы да Беріш руының Бөдене би деген старшинасын да атайды[3]. Бірақ дұрысында, Бөдене би сол сыяқты бұл рудың Сартай және Шұйтас деген батырлары қобалжу позициясын ұстанған десек дұрысырақ болар, мүмкін, Сырымның шақыруына көңіл білдірген болар, бірақ Сырымның Россия шекарасынан көшіп кетуге шақырғанына бұлар ермей қалған[4].

Сырымды белсене жақтағандардың қатарында негізгі де-

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 95-бет.

[2] Бұл да сонда, 1-бет.

[3] Бұл да сонда, 151-бет.

[4] Қалай дегенмен де, Сырым бұларға мынадай кіна тағады: «сіздер мені алдайсыздар, жаз шығысымен Россиядан көшіп кетеміз деп уәде беріп едіңіздер, бұл уәделеріңіз жалған болып шықты. Уәделеріңізді өтірікке шығарып, не үшін Россия жаққа қарай көшесіздер және сол россиялықтардан не алмақсыздар? Мен атқа мінгенде сіздердің балаларыңыздың жаз ыстыққа күйіп, қыс суыққа тоңуы мүмкін, сонда маған өкпелемеңіздер» (бұл да сонда, 264-бет).

ректер тағы да бірқатар адамдарды атайды. Молда Ғұбайдолла Феткуллин Наурызалы батырдың басшылығымен Кете руының отрядтары аттанды деп хабар береді. Табын руының Елекбай, Бармақ, Досыбарақ және Асау деген старшиналары да 500 қазақ алып атқа мінеді[1]. Ойыл өзенінің бойына Табын руының әлгі айтылған старшиналары бастатқан қазақ отрядтары жыйналады, бұларға Төртқара руынан Қаражан старшина және Жағалбайлы руынан Тотбай старшина келіп қосылады[2]. Барлығы Ойыл өзенінің бойына 2000 қазақ отряды жыйналады. Донсков мынадай хабар береді: «Сықылар және Кете руларынан жыйналған біраз қырғыздар Кете руының старшинасы Наурызалының, Ожырай-Кете руының баты-ры Өтекенің және Кеткұбайдың басшылығымен келіп осындағы жұртқа шабуыл жасауды ойлаған»[3].

Серкеш руынан тағы да Жаркыбай батырдың атын атап Абдулфатих Абдулсалимов молда да осыны дәлелдейді[4]. Июнь айының басында сол сыяқты Сопыра би де Шекара істері экспедициясына мынадай хабар береді: «Кете руынан Наурызғали, Табын руынан Елекбай, Бармақ, Беріш руынан Момынбай Сары, Есентемір руынан Мыңбай дегендер, барлығы 500 немесе 600 адам болып алып, Сырым батырмен келісіп, зұлымдық әрекет жасау үшін Шыңғырлау дейтін өзеннің құйылысына, атап айтқанда, Орал форпостарына немесе Елек защитасына бармақшы»[5]. Сырымның айтуы бойынша линияға шабуыл жасау үшін Амандық батырдың басшылығымен Адай, Есентемір, Беріш руларының қазақтары жыйналды деп Таймас Сеитов деген молда хабар береді[6]. Линияға шабуыл жасаудың осы күшеюі Сырымның үгітімен байланысты екендігін Байұлы әулетінің расправасы көрсетеді. Бұл расправа Шекара істері экспедициясына мынадай хабар береді: «осылардың Ордасына жаманат хабар жайылып кетті, Эмба бойындағы халық жыйналып жатыр деген хабар естіледі, өйткені Сырым

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 151-бет.
[2] Бұл да сонда, 91-бет.
[3] Бұл да сонда, 92-бет.
[4] Бұл да сонда, 121-бет
[5] Бұл да сонда, 320-бет.
[6] Бұл да сонда, 320-бет.

бұларға Россиямен соғысу керек деп бұйрық берген»[1]. Расправаның бұл айтқаны дұрыс екендігін Сырымның біз жоғарыда келтірген хаттары және бірқатар басқа мәліметтері дәлелдейді.

Дегенмен, Сырым қозғалысқа кең қанат жайдыра алмайды. Ол бүкіл қазақ халқының күш-қуатын біріктірмекші болады. Бірақ Қайып ұлы Абылғазы сұлтанның қарауында болып оңтүстікті жайлап жүрген қауымдар күрестен тысқары қалады. Сырымның күреске Оралды қоныстанған қауымдарды тартамын деген талабынан, ру басшыларының ұстанған позициялары салдарынан, жөнді ештеңе шықпайды. 1791 жылы июль айында ол Мұғажар ауданында старшиналар съезін жыйнамақшы болған. Бірақ бұл талабы да өнбейді, өйткені Сырымның шақыруына старшиналар үн қоспайды[2].

Қозғалыстың шеңбері тар болуына қарамастан, жүз ішіндегі бұл қобалжу патша үкіметінің тынышын кетіреді. Ол, егер де қазақ ауылдары шекара линиясынан көшіп кетсе мұның өзі орта азиялық хандықтарды әлдендіріп жібереді деп қауыптанады. Бос қалған жерге башқұрттар барып бұлар тек қазақтармен ғана емес Орта Азия хандықтарындағы мұсылмандармен қосылып кетеді деген қауыпте болады. Бірақ мұның бәрі әзір алыстағы қауып еді. Сырым қозғалысының өрлеуі салдарынан туған нақтылы қауып — қазақтардың линияға шабуылдарының күшеюі және орта азиялық хандықтармен арадағы сауда ісінің жолында туған қыйыншылықтар, өйткені қазақ даласында керуендер ұсталып қалып отырған[3].

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 149-бет.

[2] Старшиналар съезін шақырудың осы сәті түспеуіне байланысты июнь айының аяғында Ғұбайдолла Феткуллин молда Шекара істері экспедициясына мынадай хабар берген: «ол, Сырым, Мұғажар тауына кеңес үшін қырғыз-қайсақ халқын жыйнамақшы болып еді, бірақ Сырым бұл ойын іске асыра алмайды, өйткені Ойыл өзенінің бойын қоныстаған ұлыстардың бәрі Сырымның өсиетіне қарамастан көшіп келіп мұндағы шекараларға орналасты, енді оның қасында жыйналатын старшиналар да жоқ» (Бұл да сонда, 231-бет).

[3] Жетіру әулетінің бас старшинасы Тіленші Бөкенбаев Шекара істері экспедициясына мәлім болсын, — тұс-тұстан келе жатқан керуендерді зұлым ойлы қырғыз-қайсақтар ұстап қалып отыр, мен өз халқыммен бұл іске араласқаным жоқ және бізде керуендердің де ұсталған кезі болған жоқ» (Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 199-бет).

Мұның үстіне, Сырым қозғалысының белсенді түрге айналуы жүз ішінде хан өкіметін орнату жөнінде әжептәуір зілді қыйыншылықтар туғызатындығын үкімет алдын ала сезеді. Хан өкіметін қайта орнату жөнінде Сыртқы істер коллегиясы қаулы алып қойған. Қалай дегенмен де, бұл жағдайда Қазақстанда патша Россиясының үстемдігін нығайту үшін бұл шара онша өтімді болмайды деп есептелген, өйткені Сырым және оған ерген ауылдар қарсыласып тұрған кезде ханның мұнысынан ол қанша тырысса да жөнді ештеңе шықпайтын еді. Жүз ішінде қозғалысты Сырымды ұстап алып барып залалсыз ету патша әкімшілігінің қолынан келмейді. Сырым линиядан алыста көшіп жүреді. Патша әкімшілігі сұлтандармен қарым-қатнас жасауда сыннан өткен ескі әдісті қолдануға бел байлайды. Ол сыйлық жіберіп барып Сырымды сатып алмақшы болады[1].

Июнь айында Сырымға молда Ғұбайдолла Феткуллин және Әбілпейіз Мансуров деген молдалар жіберіледі. Бұларға әйел патшадан келген сыйлықтарды, генерал-губернатор Пеутлингтің хатын Сырымға апарып беру тапсырылады және бұл хатқа Сырым дұрыс жауап беру үшін барлық күшті салу керек»[2] деген құпыя нұсқау беріледі.

Сырымның аулына келгеннен кейін молдалар оған сыйлықтарды және хатты тапсырады. Молдалардың айтуына қарағанда, Сырым «мұны көңілденіп қабылдайды». Бірақ мұнымен қатар ол жақын отырған ауылдардың қазақтарын жыйнап алып, оларға: «әйел патша жіберіп отырған мына сыйлықты менен қабылдап алыңдар», ал «алғыларың келмесе, онда маған өкпелемендер» дейді. Бұған «жыйналған халық, біздің өкпелеріміз жоқ, сыйлықты әйел патша Сырымға жі-

---

1 Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 271-бет. Генерал-губернатордың атына арналған 1791 жылғы 29 январь күнгі атаулы указда мынадай жарлық берілген: «ниеті адалдығына күман туып жүрген Сырым батырдың әрекетін көз жазбай бақылап отыру керек, оның тарапынан болуы мүмкін зиянды істердің барлығын алдын ала қамданып болдырмай тастау керек, сөйтіп оның Орда ішінің және сол өлкедегі елдің тыныштығын бұзамын деген ойы іске аспайтын болсын. Дегенмен «оны көңілдендіру үшін тізімде аталған сыйлықтар жіберіліп отыр».

2 Бұл да сонда, 213-бет.

беріп отыр, сондықтан оны Сырымның өзі пайдалансын дейді, сөйтіп бұдан халық ештеңе алмайды»[1].

Сыйлық аларда Сырым бұл сақтықты бекерден істеп отырған жоқ. Өйткені патша әкімшілігінің Сырыммен қарым-қатнас жасаймын деп жүрген талабына Сырымды жақтайтындар өте сақтық көзбен қарап келген. Ел иесінің өзіне келген сыйлықты вассалдарымен бөлісіп алуы жүз ішіндегі қалыпты әдет.

Бірақ халық патша сыйлығынан нені болса да алудан бас тартады. Сыйлықты алмағанда оны Сырымға келген сыйлық деп алмауы, жүз ішіндегі үстем болып тұрған әдеттер жағдайында, мүлде сенімсіз болып естіледі. Сыйлықты алудан бас тартудың нақтылы себебін Сырымның өзі де молдаларға жасырын айтқан, ол: «халыққа мұндай ұсыныс жасағанда кейіннен халықтың өкпеші сөзіне қалмайын деп жасадым»[2] деген.

Бірақ Сырым сатылмайды. Сырымға хат және сыйлықтар жіберу тактикалық қате болған. Сырым патша әкімшілігіне сенбейді[3].

Сырым күресін тоқтатпайды және мұнымен қатар сыйлықтар мен хатты линия маңындағы мал жайылысынан айрылам мын деп және шекаралық отрядтардың шабуыл жасауына ұшыраймын деп өзіне қосылуға батылы бармай жүрген старшиналар арасында, үгіт жүргізу үшін пайдаланады. Сырым енді осы қауіптарды ажыратуға тырысады. Бұл жөнде оның, әсіресе, Сопыра биге жазған хаты қызықты. Біз осы хаттан

---

[1] 1791 жылы 26 июль күні Шекара істерінің Орынбор экспедициясына Ғұбайдолла Феткуллин және Әбілпейіз Мансуров молдалардың берген рапорты (Чкалов облыстық архивы, Шекара істерінің Орынборлық экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 230—230-бет).

[2] Бұл да сонда, 230-бет.

[3] Ол Беріш руының старшиналарына мынадай деп жазған: «маған патша тарапынан толып жатқан сыйлықтар жіберілсе де және одан тыныштық орнат деген менің атыма арнаулы жарлық келсе де бұл туралы генералдан, бір емес талай жарлық келіп отырса да, мен осының бәріне қарамастан орыстарға сенбеймін. Бұдан бұрынғы үш жылдарда ұстап алған балаларымызды қайтарып бермесе және сұмырай Даниланы (яғни Донсковты — М. В.) қызмет орнынан алмаса олардан қандай жақсылық күтуге болады? Егер де осы екі іс орнына келтірілмесе, онда көнілдегі бейбітшілік сыйлықтарды алған айда жазылған (Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 264—265-б).

үлкен үзінді келтірмекшіміз. «Сіз, — деп жазған Сырым, өзіңіздің үстемдігіңізге үміттеніп, менің үстімнен шағым берсеңіз де мен сіздің бұл шағымыңызға наразы болмаймын, демек, сіздің мұныңызға ризамын. Әйел патшадан указ алғаным да сізге мәлім болсын, бұл указда Орданы билеу ісі маған тапсырылған, оның бержағында, көп сыйлықтар жіберілген. Кімді хан етіп тағайындау ісі де менің қарауыма берілген. Орта Ордадан арнаулы шабарман жіберілген, Кіші Орданың барлық руларының қырғыздары да менің қолыма түсті, бұлар еріксіз соғыстырсам да соған көніп маған бағынып отыр. Әйел патшадан тыныштық орнатылсын деген бұйрық келіп отырса да біздің айтатынымыз, — қоғамға тыныштық пайдалы болса тыныш отырамыз, ал соғыс пайдалы болса онда көпшіліктің ризалығын алып соғыса береміз. Біздің жүректерімізде ренжу болмауы үшін біздің дінімізге де нұқсан келтірілмесін. Сіздің ордалық бірлестіктеріңізге мәлім шығар, егер де сіз сауда істеу үшін баруға рұқсат етпейтін болсаңыз ұлыстарыңызды да жақын жерге қоныс аударып көшуге рұқсат етпейтін шығарсыз»[1]. Сырымның көздеген мақсаты — өзін патша үкіметі қолтықтайтындығына старшиналардың көзін жеткізу, сөйтіп оларды өзіне тартып алу, әлгі алынған хатта айқын келтірілген талаптарды қабыл етуге старшиналарды мәжбүр қылу. Оның бұл талабы көңілдегідей болып шықпайды. Сопыра би Сырымға қосылмайды және линия бойынан көшіп кетпейді.

Шекара істері экспедициясына жазған хатында бұл старшина басқа старшиналар да Сырымның хаттарына сенбеді деп хабар береді. «Орда Сырымның қолында емес, — деп жазады Сопыра би, — өйткені рулар тыныштық халде отыр, Шөмекей руынан, сол сияқты Шекті руынан Мұратбек пен Сегізбай, Төртқара руынан Қаракөбек, Шеркес руынан Тұрмамбет хұрметті Ералы сұлтанға және Түрікменнің Пірәлі ханына осы туралы хат жазған. Қысқаша айтқанда, рулардың бәрі бірауыздан келісіп тыныш отыр, бұлар Сырымның қызықтырғанына құлақ қоймайды және оның сөзіне сенбейді»[2].

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 237—237-бет.

[2] Бұл да сонда, 235-бет.

Бірақ сәтсіздіктер Сырымды тоқтата алмайды. Сол Сопыра бидің айтуына қарағанда, «Сырым өзіне ерген Елекбай, Бармақ, Наурызалы, Асау, Ескара, Қарағай деген ұрыларға тағы осылар сияқтыларға айтқаны, — мен соғысамын деп қорқытқан соң орыстар маған көп заң берді деген, сөйтіп Орданы қыдырып жүріп Россияға қарсы және бізге қарсы елді қоздырып жүр»[1].

Сырыммен және оған ерген старшиналармен келісе алмағандықтан патша үкіметі жаңадан хан тағайындау ісіне кірісуге мәжбүр болады. Үкімет Ералы сұлтанды хан сайлауға біржолата тоқталады. Бұл кандидатураны старшиналар ұнатпайтындығын үкімет біледі. Бірақ ескі жолға, тіректі сұлтандардан іздеу жолына, қайта келіп түсуге бел байланып қойғандықтан, сұлтан тобының көсемі Ералының өзін хандыққа тағайындау табиғи іс болған. Дұрысында, осы жол арқылы сұлтандар тобы арасынан сенімді тірек табу және Нұралыны хандықтан тайдырған үшін жәбірленген көңілін ажырату мүмкін болған[2].

Мұнымен қатар, старшиналардың қарсы болуына мүмкіншілік бермеу үшін жаңа ханды сайлау ісін «бүкіл халық қатнасты-мыс» деген түрде жүргізбекші болады. «Елдің бәрі бұл туралы кезінде хабарланып, сайлауға келіп үлгеру үшін және осыған берілген уақыттың қысқалығынан сылтау ете алмайтын болуы үшін» сайлау уақыты август айының басынан бір ай бұрын келетін уақытқа ауыстырылады. Мұнымен қатар генерал-губернатор «сайлаулардың» көңілдегідей өтуін қамтамасыз ету үшін бірқатар сақтық шараларын қолданады. Ералының халық әдеті бойынша сайлау қазақ даласының түкпірінде өткізілсін деген ұсынысы қабылданбайды. Сайлаулар Орск бекінісінің маңында өткізілетін болады, осы жерге алдын ала көп әскер әкелінеді, бұл жерге генерал-губернатордың өзі де келеді. Осы сақтық шараларының тегінде артықшылығы болмайды. Қобалжу Ералымен бірге Орск бекінісіне көшіп кел-

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 236-бет.

[2] 1790 жыл өлген Нұралы ханның туысқандары: оның екі баласы Бегалы мен Артықалының және тағы бір сұлтанның асығыс түрде Уфадан босатылуын да осы себеппен түсіндіруге болады. Бұлардың соңынан август айының басында арнаулы шабармандар жіберілген.

ген старшиналар арасында да болады. Осы қобалжуларды болды дейтін себебіміз, Ералы сұлтан генерал-губернаторға екі қайтара шабарман жібереді. Мұның бірінде сайлау болмас бұрын генерал-губернатормен алдын ала сөйлесіп алуға рұқсат сұрайды. Бұл сөйлесуден генерал-губернатор жалтарады, бірақ, «Ералы сұлтан тарапынан шыққан кейбір күманды мәселелер жөнінде сөйлесу үшін» Шекара экспедиция істерін басқарушы Кобритті жібереді. Сөйтсе, сұлтан өзі хан болып сайланар алдында қазақтар мен орыстар арасындағы даулы мәселелерді шешіп алмақшы болған екен. Сұлтанның бұл талабы оған қосылған старшиналардың айтуы бойынша қойылғандығына күмануға болмайды. Генерал-губернатор мұны қабылдамайды. Тегі, ханды сайлау ісі генерал-губернаторлардың және әскерлердің алдында жүргізілмек болғандығы старшиналар арасында үлкен наразылық туғызған көрінеді. Осыған байланысты Ералы генерал-губернаторға екінші қайтара шабарман жібереді. Сонда сұлтанның сұрағаны, «менің хандыққа генерал-порутчик және кавалер Пеутлингтің және оның жанындағы нөкерлерінің алдында сайланатын себебім не, бұрын қырғыз-қайсақтық Кіші Ордада хан сайлау ісі халықтың өз арасында жүргізілетін еді ғой»[1] дейді. Ералы ауылдарына Кобрит тағы да жіберіледі, ол сайлаулардың мұндай тәртібін «қырғыз-қайсақ халқына аналық қамқорлық істеп патша әйелдің өзі тағайындап отыр, бұдан Ералы сұлтан үлкен аброй-атақ алады» деп сұлтанның көзін жеткізуге тырысады. Хан сайлау тәртібі, дұрысында, әдеттегідей болмаған, бірақ патша әкімшілігі бұл сайлауларды старшиналар жыйылысының қарауына беріп қоя алмайды. Ералының кандидатурасы старшиналардың бірқатар топтарының көзіне өте өрескел болып көрінеді. Мұның хандыққа тағайындалуы жүз ішінде Нұралы хан тұсындағы саяси қарым-қатнастарды қалпына келтіру, патша әкімшілігінің білікті адамдар топтары арасындағы үкімет үшін күреске тағы да қатнасқаны болып шығады. Патша әкімшілігі қатнасқанда енді старшиналардың пайдасын көздемейді. Бірақ патша үкіметтерінің бұл беталысы мұнымен қатар Сырым қозғалысының жаңадан көтерілуі

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 169, 100-бет.

үшін негіз туғызады. Орск бекінісіне старшиналардың бәрі бірдей түгел көшіп келмейді. Бұл уақытта қазақ даласының түпкірінде не болып жатқандығын Сырым тобынан шыққан аз санды хаттар негізінде және патша әкімшілігі жүз ішіне жіберген уәкіл адамдар айтқан үзінді мәліметтер негізінде әрең дегенде барып білуге болады. Осы мәліметтерге қарағанда, Сырым Ералының хандыққа «сайланбауы» үшін барлық күшін салған. 1791 жылдың жазғытұрымында және жазғы айларында ол ру білікті адамдарының көбін өз төңірегіне бірлестіріп бола алмайды. Ол енді өзіне көмекті Шекті руынан іздейді, шектілер Абылғазы сұлтанның қарауында болған. 1791 жылдың күзіне шейін Сырым мен Абылғазының арасындағы осы қатнастардың қандай болғандығын зерттеу мүмкін емес. Тегі Сырым осы беделді сұлтанды өз жағына бұрып алған сияқтанады. Сайлау болардан бірнеше күн бұрын А. А. Пеутлинг Сырым батырдан және Қаракөбек биден, сол сияқты Абылғазы сұлтаннан және «бұлармен жыйылыста болған барлық билер мен батырлардан» хат алады, осы хатта бұлар «Ералы сұлтанның хандыққа сайлануына өздерінің рыйза емес екендіктерін» білдіреді[1]. Сонда Сырым мынадай деп жазады: патша әйелдің Ералыны хандыққа сайлау жөніндегі указында «осыған елдің бәрі бірдей қалай да түгел рыйза болсын, тіпті біраз адам қарсы болса да патшаның бұйрығының орындалуына бөгет болады, делінген»[2].

Әрине, бұл қарсылықты генерал-губернатор қабылдамайды. Ол Сырымнан келген шабармандарға сыйлық беріп, оларды хат жазып Абылғазы сұлтанға және «басқаларына» жібереді, ол өзінің бұл хатында «қабілетсіз адамдар тарапынан болатын қарсылықтарға қарамастан Ералы қалайда хандыққа сайлануға тиіс» дейді және бұларды «өздерінің жеке бастарының тыныштығы үшін тезірек жалпы келісімге қосылуға»[3] шақырады.

Уақыйғалардың бұдан былайғы барысы Сырымның Абылғазыға қараған елден тапқан көмегі өте әлсіз екендігін көрсе-

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 169, 97-бет.

[2] Бұл да сонда.

[3] Бұл да сонда, 98-бет.

теді. Тегі, Сырым бұл сұлтанды тек Ералының сайлануына қарсы тек қағаз жүзінде ғана қарсылық білдіруге көндіріп, ал бұл сайлауларды болдырмау үшін қару-жарақты күреске шығуға немесе патша өкіметтерімен қатнасты үзу жолымен бұл сайлауларды болдырмауға келісе алмаған сияқтанады. Абылғазыға қосылған старшиналар да осындай позицияны ұстанады. Қалай дегенмен де, генерал-губернатор өзінің журналына мынадай деп жазады: 2 сентябрь күні Сырым батырдан және Қаракөбек биден маған шабармандар келді, «бұлар келіп, патшаның айтқанына және генерал-порутчик, кавалер Пеутлингтің жарлығына мойын ұсынып, Ералы сұлтанның хандыққа сайлануына рыйза екендігін және ертең жыйылысқа келетіндігін білдірді»[1]. Бірақ 3 сентябрьде де немесе басқа күндерде де Сырым да, Қаракөбек те жыйылысқа келмейді[2].

Генерал-губернатордың Сырымға жіберген шабармандары 4 сентябрь күні қайтып келеді және Сырым «не үшін екені белгісіз қасына тек 7 адамды ғана алып жасырын бір жаққа кетіп қалған, старшина Ижимасты және осы уақытқа шейін өзімен бірге болып келген 200 адамды қалдырып кеткен» дегенді айтады. Тегі, Сырым 1791 жылдың дәл сентябрь айының осы бір күндеріндегідей жалғыз болып көрмеген болар. Осыған қарамастан, жүз ішіндегі қобалжулар осыған қарамастан Ералы сұлтанды тынышсыздандыра береді, ол Пеутлингті сайлау тезірек болса екен деп асықтырады. Өлген ханның балалары Уфадан келгенге шейін сайлау кейінге қалдырыла тұрсын деп генерал-губернатор ұсыныс жасағанда Ералы сайлау кейінге қалдырылмаса екен деп өтініш етіп жауап береді.

Орскіге әкелінген әскерлер хан сайланатын жерге 31 август күні екі сап болып аттанады. Мұның составында 7 жаяу әс-

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 169, 100-бет.

[2] Ералының хандыққа сайлануына қарсылық білдіріп Сырыммен бірге қол қойған Қаракөбек көп ұзамай Орскіге өзінің уәкілін жіберіп, мынаны айтады: «Сырым батырдың алдағанына еріп хан сайлауында мен бола алмадым, мен осы қатемді мойныма аламын, сондықтан мұны кешіруді өтінемін және сол үшін Сырымнан бөлініп кеттім». Бірақ Пеутлинг оның кешірім сұраған өтінішін қабылдамайды. Қаракөбектің өтінішіне генерал-губернатор «ол бұл туралы қағаз жүзінде арыз жазсын деп бұйрық береді» (**б ұ л д а с о н д а**, 105-бет).

кер ротасы, 3 драгун эскадрондары, 400 казак-орыс, 300 башқұрт, 8 зеңбірек болған. Мұның өзі бүтіндей бір армия еді.

Сайлау Орск бекінісінен 16 шақырым жерде генерал-губернатордың қатнасуымен болған. Әрине, толып жатқан әскер қоршап тұрған жағдайда Ералының кандидатурасына қарсылық білдіруге сайлауға қатнасушылардың бірде-бірінің батылы бармайды. Пеутлингтің айтуына қарағанда Ералы хандыққа бірауыздан сайланған. Сайлаудың әдетті ғұрыптары жасалады, салтанатты қонағасы беріледі, бұған тек сұлтандар ғана емес толып жатқан старшиналар да қатнасады. Осының бәрінен кейін генерал-губернатор жаңа сайланған ханмен түрлі жұмыстар туралы әңгіме жасайды. Осы әңгімелесу нәтижесінде «болуы мүмкін түрлі өтініштер қазірдің өзінде қанағаттандырылу туралы, ал түзету енгізуді керек қылатын өтініштер жайында тиісті хат арқылы пікір алысып, содан кейін екі жақ түрлі орындаулар жасауы туралы»[1] қаулы алынады. Сонда хан осы қыста ескі орындарды, Сырдария ауданын қоныстаймын деп қатты талап етеді. Екі айды линия маңында өткізуге Пеутлинг ханды әрең дегенде көндіреді.

Ералыны хандыққа сайлағанда Сырымның жалғыз қалуы көпке созылмайды. Күздігүні линияда қозғалыс тағы да жанданады. Октябрь айының басында Орал соғыс канцеляриясы Шекара істері экспедициясына мынадай рапорт береді: Сопыра бидің баласы Естеместен және Байбақты руындағы бұрынғы елубасы Жүлдей Меликовтен алынған мәліметтерге қарағанда «бас старшина Сырым батыр Қаракесек және Табын руларының Досбара, Айдарбек, Қаражан деген қазақтарымен қосылып алып осындағы шекараға шабуыл жасау керек деп кеңес берген және бұл үшін олар Индер тауының маңына жыйналған, ол Орал бойында көшіп жүрген қырғыздарға атышулы ұры Қойсарыны жіберген, оның бұл қырғыздарға, әсіресе Байбақтыларға айтқаны Оралдан әрі қарай алыс далаға көшіп кетіңдер деген»[2]. Жетіру әулетінің Кердерідегі расправасында хат жүргізуші болған молда Ғұбайдулла Феткуллин сол жылдың ноябрь айында Шекара істері экспедициясына мынадай

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 169, 102—103-бет.

[2] Бұл да сонда, 359-бет.

деп жазған: «Сырым батыр өзінің жанындағы азнаулақ ұлысын, атап айтқанда байұлыларды, әлімұлыларды және тілеуқабақтарды алып өзінің құдандас ұлыстарына көшіп барып Бөрлі өзенінің бойына орналасты. Ұзынқұлақ хабарға қарағанда, ол мұнда келген соң Шүмекті табындармен, Досыбарақпен келісіп алып Россияға қарсы шықпақтай зұлым ойы бар көрінеді, осы зұлымдыққа басқа қырғыз-қайсақ халқын да шақырған. Төртқара бөлімінің старшинасы Қаракөбек тархан және Әлімұлының старшинасы Мұратбек те Сырыммен бірауыздас[1]. Бұл хатта өзіне көңіл аударатын бірінші мәселе, — Сырымды жақтайтындардың арасында аса беделді старшиналардың аттары тағы да кездеседі, екінші мәселе, — Сырымның ұлысы әртүрлі бөлімдердің қазақтарынан құралған. Тегі, Сырым қандай ру тобынан шыққан болса да барлық наразыларды өзіне тарататын орталық болған көрінеді. Мұндай наразылар толып жатқан. Жағалбайлы руының старшинасы Тотай батыр Троицк бекінісінің ауданында линияға шабуыл жасай береді, бұл шабуылдар тіпті июль айында-ақ басталған болатын[2]. Егер де патша үкіметі Ералы сұлтанды былай қойып, оның орнына басқа біреудің кандидатурасын ұсынса жүз ішінде хан өкіметін қайтадан орнату ісі онша-мұнша тынышырақ өтуі әбден мүмкін іс. Бірақ халық бұқарасы Нұралыға қарсы не үшін күреске шыққан болса, Ералының өз басын да сондай қас көреді. Әрине, Ералы ханды лажсыздан «бірауызды болып» тану ешкімді алдай алмайды. Жаңа хан сайланысымен-ақ ел үшін сыртқа шығармай қобалжый бастайды. Осы жалпы наразылық Сырымның ханға қарсы және патша әкімшілігіне қарсы жаңадан күрес жүргізу үшін күш-қуатты ұйымдастыру ісіне кірісуіне мүмкіншілік береді. Бірақ өткен жылдағы күрес тәжрибесінен сабақ алған Сырым хан өкіметін толық жою ұраны астында старшиналардың басын біріктіре алмайтындығын ұғынады. Ол енді, 1791 жылдың аяғында, жаңа платформа қолданады, яғни бұл платформа старшиналардың

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 169, 375—375-бет. Бұл арада Қаракөбектің аталуы өзіне көңіл аударатын мәселе, ол 1791 жылдың сентябрь айында генерал-губернатормен келісім жасамақшы болып талаптанып көрген. Бірақ онысынан ештеңе өнбеген. Мүмкін, осының салдарынан ол қайтадан Сырым жаққа шығып кеткен болар.

[2] Бұл да сонда, 349, 361, 362-б.

көпшілігі қолдап келген платформаға негізінде үйлес келеді, ол — старшиналардың айтқанынан шықпайтын хан сайлап алу. Бірақ ендігі жаңалықтың мәнісі сол, — патша өкіметтерінің Қайып сұлтан тұқымынан хан сайлағысы тіпті келмейтіндігін біліп, Сырым хандыққа Нұралы балаларының бірін ұсынады, Нұралының сұлтан тобы арасында сондайлық үлкен беделі болмайды. Осы жөнде болашақтың көрсеткені, — бұл өзінің бұрынғы позицияларынан бас тартқан емес, тактикалық маневр болып шығады, бұл маневрдің қажеттігі жүз ішінде болған сол кездегі жағдайдан барып туады.

Анығында да осы платформа негізінде Сырым өз төңірегіне старшиналардың әжептәуір тобын жыйнастырып алады.

Егер де біз Сырымды 1792 жылдың бас кезінде, яғни январь, март айларында қолтықтаған старшиналардың аттарын қарасақ біз бұлардың арасынан Феткуллиннің хатында саналған старшиналардан басқа, Қайсары мен Рысалының, Беріш руынан Амандық батырдың аттарын кездестіреміз. Қайсары мен Рысалы линияға Эмба жағынан шабуыл жасау әрекетін істеген. Беріштерден тек екі бөлім ғана Россияға берілген Бөдене би және Жаналы сұлтан деген старшиналарды қолтықтайды, ал қалған бес бөлімі Амандыққа қосылады[1]. Сырымға көңілдес старшиналар қатарында Д. Донсков тағы да мына старшиналарды атайды: Шекті руынан—Өсек пен Төтекті, Таз руынан — Ақманды, Серкеш руынан — Аллабергенді, Бинилев бөлімінен — Матайды, Қарабай сұлтанның інісі Дәуқараны және оның баласы — Есенғазыны[2]. «Осындағы шекараларға шабуыл жасаймыз — деген зұлымдық оймен» старшиналар басшылығымен 600дей қазақ жыйналады. Сырымды Кете руының старшинасы Наурызалы да қолтықтайды. Сырыммен көңілдес старшиналар арасында, әсіресе, Кердері руының старшинасы Тілеп Қойбасовтың аты жиірек кездесе бастайды. Тілептің Сырымға жазған хаты сақталып келген, Сырымның Ералыны хан деп танымауға шақырғанына ол былай деп жазған: «Біз бұл туралы 40 молладан сұрадық, бұлар бізге ханды орыстардың тағайындағаны дұрыс емес деді. Біз бәріміз

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды 1791, іс № 169, 77—83-б.

[2] Бұл да сонда, 55-бет.

бір дінде болғандықтан, сіз не айтсаңыз, біз соған көнеміз және сізбен бұрынғы айтысқан сөзден айрылмаймыз[1].

Керек десе Тіленші Бөкенбаевтың позициясы да толқыйды, ол бұрын патша әкімшілігін белсене қолтықтаған. Рас, ол Сырымды қолтықтауға тіпті уақытша да уәде бермейді, «бірақ жаз шығысымен... атқа мініп, сөзге кірісуге» қалай дегенмен де келіседі[2].

Сырымды енді қолтықтаған старшиналар арасында, 1786 жылғыдай, жүз ішінде хан өкіметін мүлде жоюға ұмтылатындар аз қалады. Бұлардың қатарындағылар Тілеп Қойбасов, Қаржау батыр және Қабыл мырза. Бұлар 1792 жылы жазғытұрым старшиналарға мынадай деп жазған: «Сырым батырдан айрылмаймыз, ол бізге жәйлі, өйткені ағамыздан безіп қандай ханды, қандай сұлтанды іздейміз, ант Россия жақта болды»[3]. Деней көпшілік бұрынғыша хан өкіметін қайта орнатуды ұсынады. Бірақ, 1791 жылдың аяғында, Сырым тактикалық мақсатпен хан өкіметін қайта орнатуға келіскеннен кейін, бұл мәселе старшина тобы арасына жарықшақ салуға себеп болмайды. Күрес тактикасының мәселесі жөнінде әжептәуір талас болады. Ханның ауысуы патша әкімшілігі тарапынан қарсылық әрекет туғызатындығы айқын тұрады. Старшиналардың көбі патша Россиясымен қатнасуда тек сөз жүргізу шеңберінен шығуға болмайды деп есептейді. Сырым сөз жүргізуден бас тартпайды, бірақ ол патша өкіметтері тарапынан көнімділік істеледі деп сенуге болмайтындығын, сондықтан қару-жарақты күреске даярлану керек екендігін ұғынады. Сонда старшиналарды қорқытатынның өзі осы. Керек десе, Сырымға сондайлық берілген Тілеп Қойбасов сыяқты старшина да бұл мәселе жөнінде толқымалы позиция ұстайды. Ол Ормақ старшинаға Қадыр батырға және Қабыл мырзаға былай деп жазады: «Мен Сырым батырдан хат алдым, ол жаз шығысымен орыстармен соғыспақшы, хұрметті Қадыр батыр, егер де, сіз соғысатын болсаңыз, онда мен де жанымды аямай, сізбен бірге боламын және жаз шыққан соң Сырым батырдан бөлін-

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1791, іс № 168, 68-бет.

[2] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 5, 7-бет.

[3] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1792, іс № 184, 69-бет.

бей бәріміз бір жерді жайлаймыз, осының түбінде қайыры болар, өйткені біз өз ағамызды сыйлауымыз керек»[1]. Сөйтіп, патша әкімшілігіне қарсы қару-жарақты күреске Қадыр қосылатын болғанда ғана Тілеп Сырымды белсене қолтықтамақшы болады. Ал Тілеп бұл жылдарда Сырым батырға неғұрлым сенімді және оны қатты жақтаушы адам болған.

Патша Россиясына қарсы қару-жарақ алып күресу мәселесіне келгенде кейбіреулердің қобалжып жүргенін, ал кейбіреулердің бұған тіпті аяқ басқысы келмейтінін Сырым жақсы біледі. Мұнымен қатар ол барлық жағдайлар туа қалған күннің өзінде де күресті көңілдегідей жүргізу үшін тек бір ғана қазақтардың өз қару-жарақты күші жеткіліксіз екенін біледі, сондықтан ол өзін сырттан қолтықтайтын біреулерді тауып алуға тырысады.

1791 жылдың күзінде, кеш дегенде ноябрь айында, Сырым Бұхарадан хат алады, Орынбор әкімшілігінің мәліметтеріне қарағанда, бұл хатта, «Егер де Россияға қарсы аттану үшін Сырымға көмек керек болса, оған бұхаралықтар даяр тұр»[2] деп ұсыныс жасалған. Бұхарадан шыққан молдалар да жүз ішінде осы бағытта үгіт-насихат жүргізеді. Дегенмен 1791 жылдың күзінде Сырым Бұхарамен белсене қарым-қатнас жасаудан тыйыла тұрады — ол, өз айтуына қарағанда, хан өкіметі турасындағы мәселе жөнінде патша әкімшілігі ілгеріде аяғын қалай басарын күтіп отырған көрінеді. Бірақ 1792 жылдың жазғытұрымында Сырым Бұхара аталығымен арадағы қатнасын неғұрлым күшейте түседі. Тіпті январь айының орта кезінің өзінде Д. Донсков Шекара істері экспедициясына, — менің қолыма түскен хабарларға қарағанда, Сырым және оны жақтаушылар «шабармандар арқылы Бұхара билеушісімен хат жазысып жүр»[3] деп хабар берген. Қішіжүзге барлау үшін жіберілген походный советник Абдулсатар Хамитов 3 январь күні хабар беріп, Сырым Тіленші старшинаға өзінің Бұхарадан хат алғандығын білдіріпті дейді. Бұл хатта «егер де

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 5, 7-бет.

[2] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1792, іс № 184, 38—39-бет.

[3] Бұлда сонда, іс № 184, 3-бет.

Сырым өзінің жолдастарымен бірге Россия жақпен соғысатын болса, онда Бұхара көмек беруге даяр тұр»[1] деген уәде бар екен. Сырым мұнымен қатар Хиуамен, қарақалпақтармен, түрікпендермен қатнас жасай бастайды. Тылды нығайту үшін және шекара линиясына шабуылға даярлануда барлық күшті бір жерге жыйнастыру үшін ол қазақтардың бұл халықтармен арадағы барлық жанжалдарын тоқтатуға жетіседі[2]. Ол, керек десе, қарақалпақтар мен түрікпендерден көмекке 2000 отряд адам жібереміз дегізіп ант алуға жетіседі. Сырымның Бұхарамен қарым-қатнас жасауға кіріскендігі туралы және түрікпендермен, қарақалпақтармен күресті тоқтатқандығы жөніндегі мәліметтерді Заит Бәкиев деген молда 1792 жылғы 20 январь күнгі хатымен анықтаған[3]. Май айының бас кезінде молда Абдулсатар Хамитов Орынбор обер-комендантты И. А. Трейденге Сырымның Қарақұмды қыстаған өз туысқандарына жазған хаты туралы хабар береді. Сырымның бұл хатында мынадай хабар берілген: «Сырым Бұхараға жіберген Қаражігіт қасына ерген жолдастарымен, аман-есен қайтып келді, бұл туралы сіздерге мәлім болсын. Сырым Бұхараға жіберген хатқа Бұхара билеушісі Бекежан жауап беріп, егер де Сырым Россияға қарсы қару-жарақтанатын болса, сөйтіп Сырымға көмек керек болса, онда Бекежан Сырымға қару-жарақты 17 мың әскер беруге уәде береді және оның өтінуі бойынша осы жылғы сауда мақсаты үшін бұларды Ордаға сыйлайды»[4]. Сырымның Бұхарамен арадағы бұл қатнасында өзіне көңіл аударатын мәселе, — негізгі деректер Бұхараның Сырымға берген уәделері туралы әңгіме қылса да, Сырымның Бұхара жөнінде қандай түрде болса да белгілі міндеттемелер алғанды-ғы туралы ештеңе айтпайды. Бұхара аталығымен қарым-қатнасты тіпті күшейіп тұрған кездің өзінде де Сырым саяси сыртқы қатнастарында еркіндікті сақтауға тырысады[5].

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1792, іс № 184, 5-бет.

[2] Бұл да сонда.

[3] Бұл да сонда, 12—12-бет. Аудармасы — 13—14-б.

[4] Бұл да сонда, 86-бет.

[5] Сырымның Орта Азия хандықтарымен қарым-қатнастарының болуы дәлді екендігіне күмануға біздің дерегіміз жоқ. Бұл қатнастар қазақ фольклор материалдарында айтылған. Мысалы, Сырым жөнінде Бөртке облысында Ешмұхаммедов жазып алған ертегіде Сырым орыстарға қарсы бірлесіп күресу жөнінде Хиуа ханымен сөйлескен делінген (Қазақ ССР

1792 жылы май айында Қобда және Елек өзендерінің арасында қазақтардың көп адам қатнасқан жыйылысы болады, бұл жыйылыста Ералының тағы да хандыққа сайланғаны әңгіме болады, Ералы, сол сыяқты оның туысқаны Ешім сұлтан бізге өте залалды адам делінеді. Жыйылған барлық қазақтардың келіскен пікірі, — ұрын ханша балаларының бірі, әсіресе, атап айтқанда Янтр сұлтан хан болса екен деседі»[1]. Бұл мәліметтерді Көшекбай деген қазақ жеткізген, ол жыйылыстың тапсыруы бойынша генерал-губернаторға хат алып келген. Оның тағы бір берген хабары, — осы старшиналардың және қырғыздардың ешқайсысының «Россия жаққа зыянды пікірі жоқ, мұндай пікірді мен өзім, Көшекбай, білмеймін де және естігенім де жоқ» дейді[2].

Ералы ханның атымен қатар Есімнің аталуы кездейсоқ мәселе емес, өйткені старшиналар жыйылысқа әзірленгенде оған хат арқылы сөз салған. Хатқа Сырым да мөрін басқан. Бұл хатта «оның өлген атасы Нұралы ханға құран оқу үшін, оның бержағында Орданың жағдайлары туралы жалпы кеңес беру үшін»[3] Есім сұлтан старшиналар жыйылысына шақырылған. Бірақ Есім мәселенің жаңа ханның айлануы туралы болып отырғандығын біледі дағы Сырымға мынаны айтыңдар деп бұйрық береді: «Ералы сұлтан хандыққа сайланып қойғаннан кейін, оның соңынан жаңадан кеңес құрудың ешқандай қажеті жоқ, ал егер де бұл туралы кімде-кім тағы да сөз туғызатын болса, онда мұндай адам аса мейрімді патша әйелдің еркіне қарсы шыққан және жалпы халық жағдайына іріткі салған болып табылады[4]. 1792 жылы май айында болған жыйылыс жөнінде неғұрлым толығырақ мәліметтер жыйылысқа қат-

---

ОМТА, фонды № 544, іс № 327, 5-бет). Әрине, осы халық аңыздарының қай уақытта айтылғанын Сырым қозғалысының белгілі бір жылына үйлестіруге мүмкіндік жоқ.

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1792, іс № 184, 120-бет. Әңгіме Жантөре сұлтан туралы болып отыр, оның 80-жылдардың орта кезінде-ақ старшина тобын жақтайтын адам ретінде аты шыққан.

[2] Бұл да сонда, 120-бет.

[3] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 5, 18-бет.

[4] Бұл да сонда, Бұл мәліметтерді біз А. А. Леутлингтің 1792 жылы 30 июнь күні Екатерина II ге берген хабарынан алдық. Есім хатының өзі сақталып қалмаған, сондықтан Сырым мен Есім арасындағы мәліметтің дұрыстығын тексеру қыйын, бірақ бұл қатнастардың болуы әбден қыйсынды.

насқан старшиналар атынан генерал-губернаторға жіберілген хатта айтылған. Хатқа қол қойғандар: Шекті руынан — Сегізбай, Сырым, Мұратбек, Жаназар би, Төртқара руынан — Қаракөбек би, Сарыалтай, Қараалтай би және Башқара би, Қаракесек руынан — Айдар би мен Қаражан би, Уақ руынан — Жәдігер би, Төбет би және Тайғозы би, Сықылар руынан — Сұлтанбек би, Таз руынан — Құлжабай би, Беріш руынан — Бөдене би, Серкеш руынан Тормамбет би. Сөйтіп, бұл жыйылысқа кейінгі жылдарда Сырымға ашық жау болып шыққан старшиналар қатнасқан. Мұндай старшиналар: Бөдене би, Тормамбет би, Сегізбай би және басқалары. Сырымның тактикасы өзінен күткен жемісін береді. Мысалы, Ералыға қарсы күресу платформасында ол рудың атақты адамдарының кең тобын бірлестіре алады және ханды әжептәуір жалғыз тастауға жетіседі[1]. Д. Донсковтың зорлықтары жөніндегі расправаға қатнасқан старшиналарға жалованье берілмеуі жөніндегі әлі де шешілмей ескіден келе жатқан мәселелердің үстіне бұл хатта негізгі мәселе ретінде хан туралы мәселе алға қойылған. «Егер де, — деп жазады старшиналар, — Абдулхаир балаларынан осы ханның сайлануы патша әйелге қажетті болса оны біз теріс дей алмаймыз, бірақ қырғыз-қайсақ халқы Ералының болуына риза емес, өйткені, Ералы картайып, тапқыштығы, айтқыштығы мұқалған адам, сондықтан ол біздің арамыздағы әртүрлі дау-шарларымызды шеше алмайды, сондықтан біздің халық осының салдарынан барып қынжылып ызалануы мүмкін»[2]. Бұдан әрі, старшиналар өздеріне «өзіміз лайық көрген адамдарымызды сайлауға» мүмкіншілік берсеңіз екен деп өтінеді.

Әрине, генерал-губернатор старшиналардың барлық өтініштерін аяксыз қалдырады. Керек десе, ол өзі де жауап бермейді, жауап хат жазуды Шекара істері экспедициясына тапсыра салады. Сөйтіп, старшиналардың патша әкімшілігімен

---

[1] Осыған байланысты, атап көрсететін бір мәселе, Сырымның әрекетіне жерінде қарсы әрекет жасау үшін қазақ даласының түкпіріне шейін барыңдар деп А. А. Леутлинг Ералы мен Есім сұлтанға ұсыныс жасағанда, хан мен Есім генерал-губернатордың ұсынысын «қатты қанағаттанумен» қабылдаса да ел ішіне бармай қалады, өйткені ел ішіне барудан өздерінің басынан қорқады. Бұлардың қорқатын дерегі де әбден бар.

[2] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1792, іс № 184, 122—122-бет.

келісу үшін дерек табамын деген бұл талабының да сәті түспейді.

Старшиналардың хатына жауап 1792 жылдың июль айында жіберілген, ал Абдулсатар Хамитов молда Шекара істері экспедициясына: «Сырым Датов, Қаракөбек және Башқара азнаулақ халық болып марқұм Нұралы ханның баласы Есентай сұлтанды өзбеттерімен хан сайлап алған»[1] деп август айдында хабар береді. Патша үкіметінің еркіне қарсы жаңадан хан сайлап алудың өзі патша әкімшілігіне сенен тайынбаймын деген сөз еді және линияда қару-жарақты күрестің күшеюіне калайда әкеліп соғуға тиіс еді. Сондықтан Есентай (яғни Есеналы, негізгі деректер бұл сұлтанды басқаша осылай деп атайды) хандыққа сайланғаннан кейін, Хамитов молданың хабарында айтылған старшиналар даланың түкпіріне қарай көшіп кетеді және басқа старшиналарға да бізге еріңдер деп ұсыныс жасайды. Бұлардың кейбіреулері осы шақыруға ереді, ергенде көбі патша әкімшіліктері тарапынан жаза тартамыз деп қорыққаннан ереді. Басқа да осындай көзжұмбай іс сияқты, Есеналының «өзбетімен» хан сайлануы да халық бұқарасы қозғалысын белсендіре түседі. Жүздің түкпіріндегі пікірдің патша әкімшілігіне қастас болуы сондай, тіпті Хамитов молданың «жаны шошып» қазақ даласына баруға өзінің де батылы бармайды. Сырым старшиналарды империяға қарсы қару-жарақты күреске әзірленуге шақырады. Старшиналардың көбі бұған қобалжыйды. Бұлардың кейбіреулері, майдағы жыйылысқа қатнасқандары, керек десе Ералы ханды түсіру жөніндегі хатқа қол қойғандары да — Бөдене би, Төреберген би — патша өкіметтері алдында тізе бүгеді. Патша әкімшілігін айтқанға еріксіз көндіру шарасы ретінде Сырымның қару-жарақты күреске шақырғанына 1792 жылы сентябрь айында ірі деген старшиналардан үн қосқандар Төртқара руынан Башқара мен Қаракөбек[2]. Сырымды

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара экспедициясының фонды, 285-бет, қараңыз сол сияқты Шекара істері экспедициясына Д. Донсковтың берген хабарын (бұл да сонда, 224-бет).

[2] Бұлардың арасындағы келіскен сөз «Сырым россияндарда турбация жасайды, ал Қаракөбек пен Башқара Бұхарадан Россияға келген керуендерді өткізбей талап отырады» (бұл да сонда. 320-бет). Бұл мәліметтерді Тіленші старшинаның ауылдарына 1792 жылы октябрь айында барып келген Сеит Бекмұхаммедов деген молда берген.

жақтаған старшиналар қатарында тағы басқа беделді старшиналардың аттарын кездестіреміз, олар: Шекті руынан Тұмабай батыр мен Сегізбай би, Төртқара руынан — Сарыалтай, Табын руынан — Бармақ,— Бишара, Естемес, Мажасов Кердері руынан — Тілеп Қойбасов[1]. Сұлтандардан Сырымды қолтықтағандар Айшуақұлы Жантөре мен Нұралыұлы Есеналы. Сырымға қастас позиция ұстанған старшиналар Қаратау би, Сопыра би (бұлардың ұлыстарында патша отрядтары жатқан). Бөдене би, Сарыжалы батыр және Тіленші Бөкенбаев. Тіленші орыс негізгі деректерінің айтуына қарағанда Сырымның тура өзін кіналаған, ол: «құдайдан қорықпай, адамнан ұялмай, қырғыз-қайсақ Ордасының тыныштығын алатын Сырымның өзі, Орданың бастығы бола тұрып, Орданың ішіне іріткі салу үшін ұрлық қылады»[2] дейді. Сырым бұл старшиналарға халық ісінің жаулары деп қарайды да, бұларға қарсы қатаң шаралар қолданудан тайынбайды. Ол Қаратау биді ұстап алып 3 айдан аса босатпай қояды. Ол өзіне қастас Төлеберген старшинаның ауылдарынан да адамдар ұстап алады. Ал Төлебергеннің өзін лажсыздан Елек қаласына қашып кетуге мәжбүр етеді. Сырымның соңына түсуінен қорқып, Нұрмұхаммед деген қожа да сонда қашып барады[3]. Сырымның пікірін біліп келу үшін Есім сұлтан старшиналардың біреуінің баласын Алаша руына жібергенде, Сырым оны ұстап алып, «қамшымен дүре соғып, байлап қояды»[4]. Тама руының «ана жаққа ниеті дұрыс екендігі анықталған». Шобақ деген старшинасын Сырым ұстап алып тұтқындап қояды»[5]. Старшиналарға қарсы бұл жазалау шараларының қолданылған себебі, бұлардың көбі патша әкімшілігіне агент болып, оған Сырымның қозғалысы және оның серіктері туралы мәліметтер беріп жүрген.

Старшиналар Есеналы сұлтанды хандыққа сайлағаннан кейін көп ұзамай, 14 сентябрь күні, А. А. Пеутлинг Екатеринаға 1789 жылы граф П. Зубовтың адъютанты ретінде орыс

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1792 іс № 184, 316-бет.

[2] Бұл да сонда, 320-бет.

[3] Бұл да сонда, 319-бет.

[4] Бұл да сонда, 300-бет.

[5] Бұл да сонда, 300-бет.

қызметінде болған Шерғазы Қайыпов сұлтанның төленгіті арқылы маған Сырым батырдың хаты жеткізілді деп хабар береді. Бұл хатқа қол қойғандар Сырым, Толыбай батыр, Сегізбай би, Башықара би, Сарыалтай би және тағы басқа старшиналар. Өкінішті жері, бұл старшиналардың аты А. А. Леутлингтің Екатеринаға жіберген хат көшірмесінде саналмаған[1]. Бұл хатта Сырым мен оның жақтаушылары Россиямен қатнасын ашық түрде үзген. Бұл үшін жауапкершілікті бұлар жергілікті әкімшілікке[2] артқан, өйткені, старшиналардың айтуына қарағанда, жергілікті әкімшілік патша үкіметінің еркімен жүрмей, өзбеттерімен әрекет жасаған. «Сіздің алдауыңыз және түрлі қулық-сұмдықтарыңыз ашық көрініп тұр, — деп жазған старшиналар А. А. Леутлингке, — Сіз бізді ноғайлар мен башқұрттардай етіп ауыздықтап, қызметке салып қойғыңыз келеді, ал біздің балаларымызды солдатқа алып, жорыққа аттандырып және басқа түрлі ауыр міндеттерді жүктегіңіз келеді. Біз сіздің осы сияқты барлық пікірлеріңізді түсіндік, өйткені, сіздер, россияндар, осының алдында қаншама елді күміс тағы басқа зат беріп, өздеріңізге құл етіп қойдыңыздар»[3].

Патшамен арадағы қатнастың айырылуына төте себеп болғандар мыналар: Старшиналардың «келісуінсіз және кеңесінсіз Ералының хандыққа сайлануы, старшиналар депутациясын Петербургке жіберуден бас тартылуы» және «жазықсыз қырғыз-қайсақтардың талануы»[4]. Бұл хатта Россиямен араның айырылуы патша әкімшілігінің бассыздық істері салдарынан лажсыздан болған айырылыс ретінде сыйпатталады, өйтпеген күнде генерал-губернаторды сарайға депутация жіберуге рұқсат бермедің деп кіналамаған болар еді. Дегенмен, хаттың мазмұнына қарасақ, Сырымды империяға қару-жарақты жанжалға кірістірген себептер хат жазып жіберуді керек қылған

---

[1] «Өте өрескел және лайықсыз сөздермен жазылған» хатты А. А. Леутлинг, өзінің айтуына қарағанда, «мұндай өрескел сөзбен жазылған хатты алуға да болмайды және жауап беруге де тұрмайды, деп кім жазса соған апарылып берілсін деп қайтарып жібереді» (ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 4, 33-бет).

[2] «Оның бержағында, уақыт өте келе сіздің істеріңіздің патша әйел алдында беті ашылар, сонда өзіңіз қарабет боларсыз (бұл да сонда, 36-бет).

[3] Бұл да сонда, 36-бет.

[4] Бұл да сонда, 35-бет.

себептерден гөрі (Арал әскерлерінің зорлығы, Ералының хандыққа тағайындалуы) тереңірек екенін көреміз. Бұл хатта қару-жарақты көтеріліс Россия патшалығының Башқұрт және Қалмақ халықтарын құлданып алғанындай, қазақ халқын да біржолата құлданамын дегеніне қарсы лажсыз қолданған шара сыпатында көрінеді. Бұл — өз халқының тәуелсіздігі жолындағы күрестің кең программасы, бірақ мейлінше айқындалмаған программа. Осы ретпен алып қарағанда, қарсылық білдірудің өзі де Ералының хандыққа сайлануы, Орал әскерлерінің зорлықтары жөніндегі неғұрлым жеке мәселелер жөнінде де жаңаша алға шығады. Осы құбылыстардың бәрі бір желілес екендігі және осы арқылы патша үкіметі қазақ халқын шырмап алғысы келгендігі генерал-губернаторға жазылған хаттан, көмескілеу болса да, көрініп тұрады.

Жоғарғы өкіметті оның орындаушы орнына яғни жергілікті әкімшілікке қарсы қою да көзге түсерлік іс. Мұның өзі «патшалық» идеологияның, Сталин жолдас айтқандай, шаруа қозғалысының бір белгісі. Тегі, империямен арасы аса шиеленісіп тұрған кездің өзінде де Сырым жоғарғы өкіметтің араласуы және соның қорғаушы болуы арқасында жанжалды тоқтатамын деген үмітін үзбеген көрінеді.

А. А. Пеутлингке хат жіберумен қатар Сырым «Бұхара және Үргеніш елдеріне де, сол сыяқты ноғай купецтеріне де хат жіберіп» мынадай ұсыныс жасайды: «қырғыз-қайсақ ішіне мүлік алып келуші болмандар», өйткені қырғыз-қайсақ қоғамы россияндармен соғысуда және Нұралыұлы Хасанғалыны (яғни Есеналыны —В. М.) өзіміз келісіп хан сайлап алдық»[1] — дейді. Сол кезде линияда белсенді әрекеттер де басталады. Сырымның 1000 адамдық отрядының шабуылы Елек защитасына жасалады. 29 сентябрьге қараған күні Елек защитасында өрт болып, ол өрт басталысымен сөндіріледі. Бұл өртті Сырымға қашып бара жатқан бір татардың салғандығы кейіннен білінеді. Елге жіберілген гарнизон командасын қазақтар қоршап алады. Ал крепостен бұған жәрдемге басқа бір команда жіберілгенде қазақтар бекініс гарнизон әлсіреп қалғанын біле қойып, жеке-жеке партияға бөлініп алады да,

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 4, 34-бет.

бекіністің тура өзіне шабуыл жасайды, «бірақ сол арада, — деп хабар берген Пеутлинг Екатерина II ге, — қалада қалған адамдар зеңбіректен және мылтықтардан олардың қорғау бекіністеріне қарсы оқ атқанда қырғыздар ешқандай зиян тигізе алмай беті қайтарылды»[1]. Қазақтар тек азнаулақ мал ғана алады да шегініп кетеді. Сол сияқты тағы бір мәлім іс, Елек защитасындағы әрекетінің сәті түспеген соң Сырым Красногорск бекінісіне қарай бет алады[2]. Бірақ бұл қозғалыс та іс жүзіне асырылмайды. Старшина Корняев және жасауыл Портнов бастаған орыс отрядтары Сырым отрядтарының соңына түсу үшін қазақ даласына жөнелтіледі. 300 казак-орыс отрядын алып елге атаман Донсков та шығады, ал «оларды жеңіп, тоздырып жіберу үшін барлық күшін салуға»[3] уәде беріп шығады. Әрине, бұл қару-жарақты күрес қазақтар үшін қандай да болса ірі табысқа жеткізе алмайтын еді. Қазақтың соғыс өнері бекіністері қамауға қолайланбаған. Сондықтан өз-өзінен түсінікті, Сырым бекіністерге шабуыл жасаудан бас тартып, ұсақ-ұсақ отрядтарға бөлініп партизандық күрес әдісіне көшуге тиісті болады, мұның үстіне 1792 жылдың жазына береміз деген жәрдемді ол Бұхара тарапынан да, Хиуа тарапынан да алмаған. Дұрысында, Сырымның орта азиялық хандықтармен арадағы қатнастары құрғақ қағаз жазысумен ғана тынып қойған.

Сырымның қару-жарақ алып қарсыласуы 1792 жылдың қыркүйегінде оның төңірегіне «қарапайым халықты» бірлестіреді. Сеит Бекмұхаммедов молда Шекара істері экспедициясына Сырымның «байбақтылардан, шектілерден, алашалардан, масқарлардан, байұлылардан, әрбір рудан адамдары бар»[4] деп жазған. «Қарапайым халық» Елек защитасына шабуыл жасалғанда оған белсене қатнасады. Халық Сырымның отрядтарына төте өзінің қатнасуымен ғана жәрдемдесіп қоймай, оның үстіне осы отрядтарға жәрдем де көрсетіп отырады. Д. Донсков Шекара істері экспедициясына мынадай деп хабар берген: Сырымға қарсы күресудің қиындайтын себебі

---

[1] ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды. Непременный совет, 1792, іс № 132, 2-бет.
[2] Бұл да сонда, 4-бет.
[3] Бұл да сонда.
[4] Бұл да сонда, 316-бет.

«бұл зұлымдар дәл шекараның өзінде тыныш жатқан қырғыздар арасында» тығылып жүре береді және бұлар «ұстап алған адамдарымен, шауып алған малдарымен басқа қырғыздар арасынан өз еліне қарай еркін өте береді, ал бұл қырғыздар олардың зұлымдығына бөгет жасамаулары былай тұрсын, керек десе бұлардың жүрген жолын жасырып, тағы да қонақ үй болады. Осы сияқты зұлымдықтар сол қазақтардың және олардың старшиналарының көз алдында болып отырады»[1].

«Қарапайым халықтың» жалпы қолтықтауы Сырымның күш-қуатын мейлінше әлдендіріп жібереді.

Патша үкіметі өзіме барлық пәле осы «зұлымның» — үгіт-насихатынан болып отыр деп біледі. «Зұлым» дейтіні — бір кезде «хұрметті» старшина атанған Сырым батыр. Әрине, патша үкіметі көтеріліс жасаған қазақтармен күресудің ең тандаулы әдісі Сырымды ұстап алу деп есептейді, оны ұстап берген адамға сыйлыққа 3000 сом, ал жүрген жерін көрсетіп берген адамға 500 сом беріледі деп жариялайды[2].

Бірақ іс Сырымды ұстап берген үшін сыйлық жариялаумен ғана тынып қоймайды. Қазақтар шекара линиясына шабуыл жасағаны үшін Орал әскерлері және сұлтандар мен ханның туысқандары 1792 жылы күздігүні және 1793 жылы жазғытұрым қатаң шаралар қолданады. Жергілікті әкімшілік қозғалысқа қатнасқан-қатнаспағанына қарамастан барлық ауылдарды шетінен талқанын шығарып шауып-шанша береді. Көтеріліске қатнасқан Мыңбай мен Тілептің ауылдарымен қатар қозғалысқа ешқандай қатнасы болмаған Сопыра би мен Бөдене бидің ауылдары да жаман таланып шауып-шаншылады. Орал әскерлерінің зорлығына орай ретінде «барымта» істемекші болған Қаратау бидің ауылдары да таланады. Елдің басына ауыр іс түскен осы бір күрес жылдарында халықты тастап кетіп, ерлік істей алмағаны үшін бұл старшиналар сазайын мықтап тартады. Старшиналар өзінің көрген зорлықтарын патша әйел Екатерина II ге 1793 жылы күздігүні

---

[1] ЛОМТА Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, іс № 132, 295—296-бет.

[2] Екатерина II нің А. А. Пеутлингке жазған указы (көшірмесі — ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 4, 37—38-бет).

жазған хатында және Тіленші тархан Шерғазы сұлтан атына жазған «жарнамасында» түгел айтқан, біз мұның бәрін санап өтпекші емеспіз. Осы талан-тараж салдарынан 5000ға жуық үй Оралдан көшіп кетеді. Қыс адам айтқысыз қатты болады: «далада сұрапыл соққын болады, толып жатқан қой қырылады, еңкейген кәрілер де, еңреген жастар да өледі»[1]

Қазақтарға зорлық жасауда сұлтандар да қалыспайды. Есім сұлтан старшина «Мыңбайдың 50 адамын ұстап алып, 50 жылқысын айдап кетеді, Байтанның 1 000 сыйыр, 500 түйе, 5120 биесін тартып алып, 1120 сом ақшасын алып кетеді[2]. Ал жаз шыққанда, — деп жазады бұдан әрі старшиналар, — «су гасып көпір салынғанда, сол көпірден біз өзіміздің малымызды айдап өткеннен кейін, казак-орыстар сол көпірді қайтадан алып тастап, Данила мен (яғни атаман Донсковпен, — И. В.) Ешім сұлтан екеуі жыйылып 2 000 жылқы, 10 000 қой, 26 000 қозыларымызды айдап алды»[3]. Дәл осындай шағым арыздарды Шерғазы сұлтанға Тіленші тархан да береді. Ол осы сыяқты қазақтарды линия маңындағы үкіметтермен бірлесіп Айшуақ және Есім сұлтандардың да талағанын айтады. Мысалы, Орал өзенінен малын өткізгенде қазақтар көпір салады, сонда Нижний Урал қаласының гарнизоны көпірдің арқандарын қыйып тастайды, сөйтіп қазақтар малын лажсыздан Орал әскерінің қайықтарына салып өткізеді. Сонда тек бір ғана Мерген форпостында өстіп мал өткізу қазақтарға 800 қой, 30 жылқы, 400 қоян, 100 қарсақ, 1 000 ға жуық елтіріге түседі. Басқа форпосттарда да осындай болған. Тіленші тархан бұл жөнінде мынадай деп жазған: «Осындай антұрғандықтың бәрі Айшуақ пен Есім сұлтандардан шығады, өйткені, линия бастығымен бірлесіп алып осыны істеп отырғандар осылар»[4]. Тегі, осы зорлықтар орасан зор болған көрінеді, өйткені Тіленші өзінің 1793 жылы Шерғазы сұлтанға жазған хатында былай деп айтқан: өзімнің антымды бұзайын деген менде «арам ой» жоқ, бірақ «өз басым және өзіме қараған халқым жазықсыз

---

[1] Екатерина II нің А. А. Пеутлингке жазған указы (көшірмесі — ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 4, 58-бет).

[2] Бұл да сонда.

[3] Бұл да сонда, 58-бет.

[4] Бұл да сонда, 74-бет.

жәбір-жапа көріп, ешқандай әділеттік таба алмаған соң, енді Орал өзенінің бойын қоныстап жүре беруіме мүмкіншілік қалмады»[1]. Сонда, Тіленші 1792 жылда да, сол сияқты қазіргі уақытта да, Сырымды қолтықтамағандығын ұмытпауымыз керек. Осының өзі Тіленшіні де, патша үкіметіне жөн көзбен қараған басқа старшиналарды да жергілікті әкімшілік тарапынан істелген зорлықтардан аман алып қалмайды.

Осы зорлықтар, тіпті отаршылдық режим тәжрибесінде де сирек болатын зорлықтар, старшиналарға мүлде күн көрсетпейтін болады. Қару-жарақ алып қарсылық білдіру деген енді, бұлардың ойына да кірмейді. Тек Сырым батыр ғана 1790 жылы октябрь айында зорлыққа зорлықпен жауап беру үшін күш-қуатты біріктірмекші болып талаптанып көреді. Тіленші Бөкенбаевтың айтуына қарағанда, «Россия жағына қастық істеу үшін Сырымның басшылығымен әрбір рудан Сағыз өзенінің бойына Аққұм деген жерге жыйналмақшы болады»[2]. Сырым Тіленшіден жәрдем сұрайды, бірақ ол батырға жәрдем бермейді. Жергілікті әкімшілікке қандай түрде болса да шағым арыз беріп сөз салатын болса, одан да ештеңе шықпайтын болады. Сонан соң старшиналар граф П. А. Зубовқа хат жазып сөз салады, бізбен сөйлесу үшін өзіңнің адьютантың Қайыпұлы Шерғазы сұлтанды жібер деп өтініш қылады. Шерғазы жүз ішіне 1793 жылы күздігүні жіберіледі. Оның Орынборға келуі Сырымның жаңадан линияға шабуыл жасау үшін күш жыйнастырып әзірленіп жатқан кезіне дәл келеді. Тіленші Бөкенбаев сұлтанға Сырымға хат жаз, сөйтіп оны өзіңмен жолығысып сөйлесуге көндір деп кеңес береді. Шерғазы осы айтқанды істеп, өзінің көздеген мақсатына жетеді, ол сұлтандармен және старшиналармен, бұлардың ішінде Сырым батырда бар, 1793 жылы октябрь айында жолығысып сөйлеседі.

Бірақ Шерғазы жүз ішіне жіберілгенде, оған ерекше уәкілдік берілмеген. Оның жүз ішіне жіберілгендігі туралы істен старшиналармен сөйлескенде қандайда болса нақтылы қаулы алуға оған уәкілдік берілгендігі көрінбейді. Мәселе осылай

---

[1] Екатерина II нің А. А. Пеутлингке жазған указы (көшірмесі — ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары. К. 64, 1792, іс № 4, 69-бет).

[2] Бұл да сонда, 70-бет.

қойылған жағдайда әңгіменің көбі жергілікті әкімшілікке байланысты болады. Бірақ жергілікті әкімшілік, атап айтқанда, генерал-губернатор А. А. Пеутлинг, Шерғазы сұлтанның осы миссиясына әуел бастан-ақ өте қастық көзбен қараған. Шерғазының миссиясына кесел жасау үшін Пеутлинг және оның бағынған адамдары қолдарынан келгенін істеп баққан болу керек, отаршылдық саясаттың Пеутлинг жүргізген жолының тұрғысынан алып қарағанда бұған таңдануға болмайды.

Шерғазының маған переводчиктікке жүз ішінде 80-жылдарда талап қайтара болған Мендияр Бекшуринді немесе Шекара істері экспедициясынан басқа бір переводчикті бер деген өтініші қабылданбайды. Елек защитасына бару үшін және қазақ феодалдарын шақырып келуге шабарман жіберу үшін Шерғазыға қаражат берілмейді: осылар үшін, сол сияқты старшиналардың қонағасылары үшін Шерғазы өз жанынан қаражат жұмсайды. Тұтқындағы адамдарды босатып беру туралы Шерғазы Тіленші тарханға хат жазып сөз салғанда, Пеутлинг бұл мәселе жөнінде қазақтың ел иесі адамдарымен және старшиналармен сөйлесуші болма деп сұлтанға тыйым салады. Елек защитасына сұлтандары және старшиналары бар 1700ге жуық қазақ жыйналып және солардың шақыруы бойынша Шерғазы бекіністен 5 шақырым жердегі лагерьге әлгілермен сөйлесу үшін барғанда, генерал-губернатордан ол осы барғаны үшін қатаң сөгіс алады. Сондықтан Шерғазы старшиналарды бекіністе шақыртады. Бұлардың бір бөлегі сөйлесу үшін келіп, сол бекіністе түнеп қалады. Шерғазы бекініс комендантынан сұлтандар мен старшиналардың аттарына күзетші қоюды өтінеді. Оның бұл өтініші қабылданбайды, осының нәтижесінде аттың бәрін таң ата біреу далаға айдап кетеді. «Күтпеген жерден мұндай іс көріп, мұндағы россиялық бастықтардың ниетінің дұрыстығына көздері жетпеген»[1] қазақ феодалдары қатты жәбірленеді. Сонда, Шерғазы сұлтанмен жолығысып сөйлесуге аса беделді сұлтандар мен старшиналар келген болатын. Шерғазы бұл келгендердің қатарында мыналарды атайды: Қайып ханның балалары Абылғазы, Тунақ,

---

[1] Екатерина II нің А. А. Пеутлингке жазған указы (көшірмесі — ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 4, 63-бет).

Жолбарыс қазы, Нұралы ханның баласы Есеналы сұлтан. Мұнда, «барлық бас старшиналар да: Сырым батыр, Боранбай мырза, Башқара би, Жиеншора батыр, басқа да старшиналары, батырлары, билері, мырзаларымен және өздерінің қоғамындағы құрметті адамдарымен»[1] — феодалдардың Қайып тұқымынан шыққан сұлтандар төңірегіне жыйналған неғұрлым көрнектірек уәкілдері де болған[2].

Ең алдымен көзге түсетін мәселе, Шерғазы старшиналармен сөйлескенде Ералының хандыққа сайлануы жөніндегі мәселе 1792 жылғы жанжал кезіндегідей көрнекті орын алса, бұл жолы ешқандай роль атқармаған. Рас, әйел патша атына жазған өздерінің хатында старшиналар Ералыны зұлым деген, біз «бұған наразымыз» деп жазған, бірақ мұнымен қатар, «сіз оған хан атағын берген соң, Ералы» кәріліктің және аурулықтың салдарынан ақылынан азып, қайратынан тайып Россия істерін де, сол сияқты қырғыз-қайсақ істерін де басқара алмайтын бола тұрса да[3] біз оны хан деп таныймыз[4] — дейді. Старшиналар Ералыға бұрынғысынша жақсы баға беріп, Абулхаир тұқымынан тек оны ғана Қайып ханның ұлы Абылғазы сұлтанмен теңестіріп бұрынғысынша жақсы баға беріп отырса да, Есеналы сұлтанды енді хан деп атамайды. Старшиналар

---

[1] Екатерина II нің А. А. Пеутлингке жазған указы (көшірмесі — ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 4, 62-бет).

[2] Осы адамдардың Елек защитасындағы мәслихатқа қатнасқандығын осылардың Шерғазы арқылы Екатерина II ге жіберген хатында сақталып қалған мөрлері дәлелдейді. Бұл хатты біз жоғарыда талай мәртебе келтірдік. Документтің подлиннигі және жаңадан жасалған толық аудармасы «Материалдарда» басылып шыққан, IV, № 50. Мөрлер және қойылған қолдар сонда аталып көрсетілген. 80—90-жылдардағы күреске қатнасып неғұрлым аты мәлім болғандардан хатқа қол қойғандар: Бөдене би, Тіленші Бөкенбаев, Тілеп Қойбасов, Көккөз би, Наурызбай батыр, Көбек би. Сұлтандар арасынан хатқа өздерінің мөрлерін басқандар: Қайыпұлы Абылғазы және Нұралыұлы Есеналы. Хатқа барлығы 184 адам қол қойған, бірақ бұлардың біразы 2 тіпті 3 мәртебе қайталап келтірілген, Хатқа Сырым да қол қойған. Өзіне көңіл аударатын бір мәселе, — хатта Тормамбет бидің, Сопыра бидің Қаратау бидің және Қаракөбек батырдың қолы жоқ. Бұлар съезге қатнаспаған деп ұйғарсақ неғұрлым дұрысырақ болар, хаттың мазмұны сондай, Шерғазы келер алдындағы бұлардың ұстанған позициясына қарағанда, біз бұлар хатқа қол қояр еді деп толық сеніммен айта аламыз.

[3] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 4, 56-бет.

[4] Бұл да сонда, 56-бет.

енді Ералымен қатар Абылғазы сұлтанды да хан деп тануды талап етеді, бұлар оны Қайып өлгеннен кейін «әкесінің орнына қойған», яғни хан деп таныған. Старшиналар Шерғазымен сөйлескенде қару-жарақ алып күресеміз деп те қорқытпайды. Мұның үстіне, старшиналар Екатерина II нің атына жазған хатында линиядағы қару-жарақты шайқасуларды әдеттегі барымта деп көрсетпекші болады[1] Старшиналардың 1793 жылдың күзіндегі шағым арыздарында ең басты орын алған мәселе Орал әскері мен Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандардың қазақтарға істеген зорлықтары. Бірақ, әсіресе, атап көрсететін бір мәселе, старшиналар бұл хатта Абулхаир тұқымын линиядан Сырдарияға қарай алыстату жөнінде талап қойған[2]. Ең ақырында, жыйылыс линиядан тұтқында ұсталып жатқан Мыңбай батырды босатуды талап етеді. Мыңбайды тұтқыннан босату жөнінде өтініш жасалуына және Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандарды Сырдарияға ауыстыру жөнінде талап етілуіне Сырым батырдың әсері тигендігін көрмей өтуге болмайды. Мыңбай Сырымның жеке досы, Абулхаир тұқымдарынан шыққан сұлтандар Сырдарияға аударылса, олар шекара өкіметтерінің қолтықтауларынан қол үзер еді, сөйтіп бұлар өздерінің саяси маңызынан айрылар еді[3].

Шерғазы мен қазақ шонжарларының арасында болған сөз нәтижесінде «сұлтандар мен старшиналардың осы хұрметті қоғамы» генерал-губернаторға әдейі арнап кісі жіберіп, патша сарайына делегация жөнелтуге рұқсат сұрайды, бірақ Пеутлинг бұл өтінішті тағы да қабылдамайды[4]. Әрине, қазақ шонжарларына қандай түрде болса да нақтылы түрде уәде беруге уәкілдігі болмаған соң, өзінің миссиясына генерал-губернатор тарапынан қарсылық кездестірген соң, Шерғазы өзінің сұл-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 4, 58-бет.

[2] «Осы екі жұрттың екеуі де сіздің қарауыңызда болғандықтан, біз Нұралы балаларын Сырдария өзеніне аударуды өтініп, соны сіздің қарауыңызға тапсырамыз» (бұл да сонда, 57-бет).

[3] Сырым Тіленші батырға егер де Ералы «шекара линиясынан көшіп кетсе мен оны хан деп те таныр едім деген. «Егер де осы хан, — дейді Сырым, — және сұлтандар шекарадан көшіп кетсе, Орда ортасынан бұлар орын алса, сонда ол, Сырым, россияндарға да, сол сияқты ханды және сұлтандарды жақтайтын халыққа да ойындағысын істер еді» (бұл да сонда, 121-бет).

[4] Бұл да сонда, 65-бет.

тандармен және старшиналармен сөйлескен сөзінде ешқандай міндет артпайтын жалпы уәделерден әрі бара алмайды. Ол граф П. Зубовқа мынадай деп жазады: «патшаның қоластына адал ниетпен қарауға берік уәде берсек бізге оның қандай мейрімі түседі деп құрметті сұлтандар мен старшиналардың қойған сұрағына мен солардың адалдығын баянды ету үшін оларға берген сенімім, асқан қайырымды әйел патша сендерге мейрімін түсіреді, сендердің көрген жәбірлеріңді тексеруге тезінен бұйрық беріп, бәріңді толық және әділетті түрде қанағаттандырады дедім»[1]. Сөйтіп осы жалпы уәдеге Шерғазының сөзіне қарағанда старшиналар мен сұлтандар мынадай көңіл білдірген: «бұлардың бәрі менің уәдеме сеніп, қатты рыйза болды және өздерінің Россияға өтірік емес, шын адал ниетпен қарайтындығына көз жеткізу үшін бәрі бірауыздан келісіп, менің алдымда хат жазып Ералы ханға, Айшуақ сұлтанға және Есім сұлтанға әдейі арнап кісі жіберді, хаттарында: егер де біздің өтінішіміз бойынша атаулы жарлық келсе бәріміз жыйылып қандай жағдайларда болса да өзара жанжалды қойып тыныштық және бейбітшілік орнатуға бел байлайық деген»[2].

Бірақ, Шерғазы осы біз келтірген хатта уақыйғалардың жағдайын сонша дәлді айтып бере алмаған сияқтанады. Ханға және Есім Айшуақ сұлтандарға, анығында, әдейі арнап адам жіберіле қойды ма екен. Хаттың сөздері «ақсүйек» шонжарлардың осы уәкілдері жөнінде өте қатты айтылғандығын еске ала отырып ұйғаруға болатын нәрсе, старшиналар егер де біздің талаптарымыз қанағаттандырылатын болса Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандармен бітісуге қарай аяқ аламыз деп Шерғазыға уәде берген көрінеді[3].

Шерғазы миссиясының нақтылы нәтижесі сол — шекара линиясына шабуылдар жасау тоқталады. Сырымға қосылған

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 64, 1792, іс № 4, 65-бет.

[2] Бұл да сонда.

[3] Бұған қоса айтатын сөз, мұндай сілтеу Шерғазының хатынан басқа ешқандай документті мәліметтермен дәлелденбейді. Оның бержағында, патша үкіметі старшина тобы мен хан арасындағы қарым-қатнастарға үлкен маңыз береді, және бұлардың арасын келістіремін деп талап етілсе, онда бұл туралы Шекара істері экспедициясының істерінде із қалған болар еді.

старшиналар, тегі, өздерінің хатына жауап күтіп, отырған болу керек[1]. Жергілікті әкімшілік старшиналардың шағым арыз бергендігі туралы жақсы хабарланып отырады және бұл шағым арыздардың жоғарғы өкіметке жететіндігіне де күмәнданбайды. Оның бержағында, жоғарғы үкіметтің мұндай шабуылдарды үнемі дәріптей бермейтіндігін де біледі. Сондықтан, жергілікті әкімшілік қазақ ауылдарына шабуылдар жасаудан тыйыла тұрады.

Бұған қоса айта кететін сөз, Сырым тобындағы старшиналардың өте-мөте наразы болуына себеп болып жүрген мәселе де 1794 жылдың июлінен бастап ауызға алынудан қалады, өйткені, 1794 жылдың 10 июль күні Ералы хан өледі[2]. Оның өлімі старшиналар арасындағы өте-мөте шиеленіскен қайшылықтарды ажыратады, оның үстіне үкімет те жаңа хан тағайындау ісін жайға қалдырып келген болатын. Сырым және оны жақтаушылар Ералының өлімін хан тұқымымен қатнас жасау үшін және туысқандарымен келісімге жетісу үшін пайдаланды деп Орынбор әкімшілігі хабар алады. 1794 жылдың август айында немесе сентябрь айының бас кезінде Сырым батыр Төртқара руының Қаракөбек деген старшинасымен және осының алдында ғана тұтқыннан қашып келген Мыңбаймен бірігіп Есім сұлтанға елші жіберуге «және бұл сұлтанмен жолығысып, сөйлесуге шарттасады[3]. Сұлтанға депутаттар жіберілді ме немесе осындай қатнас жасау керек делінген үйғарумен тынып қана қойылды ма — ол мәлімсіз. Кейінгі айтқанымыз дұрысырақ болу керек. Сырымның Есім сұлтанмен төте қарым-қатнас жасағандығы туралы 1796 жылдың жазғытұрымына шейін ештеңе мәлім емес, бірақ Есім сұлтанның Сырым жөнінде өте қастас позиция ұстанғандығы дәлді мәлім. 1794 жылдың август айында немесе сентябрь айының ба-

---

[1] Сол уақытта старшиналардың ұстанған позициясы турасында керекті мәліметтерді Әлімұлы әулеті Шекті—қырғыт бөлімі старшиналарының Орынбор обер-комендантты Трейденге жазған хатын береді. Бұл бөлімге Трейден ел иесі етіп Ералы ханның туысқаны Артук деген сұлтанды тағайындаған. Старшиналар да өз бастарын төмен етіп осы тағайындау үшін обер-комендантқа алғыс айтқан. Хатта берілгендікті білдірген және Артук сұлтанға бағынамыз деп уәде айтқан сөздер толып жатыр, (Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1794, іс № 194, 114—115-бет).

[2] Бұл да сонда, 1792, іс № 184, 85-бет.

[3] Бұл да сонда, 131-бет.

сында Сырым күрестің соңғы жылында Байбақты руымен өзінің арасындағы бұзылған қатнасын қайта қалпына келтіремін деп талап еткенде, Есім сұлтан да 80-жылдарда Сырымның дәл осы Байбақтылар арасынан өзіне тірек тапқандығын ескеалып, өзінің сенімді адамдарын байбақтыларға жібереді, оларды Сырымға қосылмауға шақырады[1]. Бұл жолы Сырымның байбақтыларды өз жағыма тартып аламын деген талабынан ештеңе өнбейді, қайта ру арасындағы жауласудың шиеленісе түсуіне әкеліп соғады. Есім 30 сентябрь күні Шекара істері экспедициясына мынадай хабар береді: Мыңбай есентемірлермен және адайлармен қосылып алып, алашалардың және байбақтылардың 500-ге жуық жылқысын айдап алып кетті, ол мұнымен тынып қоймай, «маған (яғни Есімге. — М. В.) ниеттері дұрыс байбақтылар мен алашалардың малын тағы да айдап алмақшы болып»[2] осылардың ауылдарына жаңадан шабуыл жасауға даярланды, — дейді.

Бірақ Сырым тобымен сұлтандар арасында 1794 жылы ірі шайқасулар болмаған, қалай да, негізгі деректер бұл туралы ештеңе айтпайды. Бірақ 1794 жылдың күзінен бастап-ақ халық бүқарасы күресінің жаңадан көтерілуі үшін бірте-бірте тыныстьі жағдайлар құрала бастайды. Қазақ ауылдарына шабуыл жасалудың азаюына қарамастан, отаршылдық қанау бәсеңдемейді. Бұл жолы соққы қазақ шаруашылығының өтемөте нашар жерінен келіп беріледі, мысалы, 1794 жылы Шекара істері экспедициясы Орал әскерлерінің Соғыс канцеляриясының айтуы бойынша малдың «Ішкі жаққа» айдалып өтуіне тыйым салады, сонда Шекара істері экспедициясы біз жоғарыда талай қайтара келтірген 1782 жылғы 27 декабрь[3] күнгі указды дерек етеді. Бұл тыйым салынбас бұрын, тіпті 1794 жылдың өзінде, қазақтардың жазғы уақытта Орал тауымен пайдалану правосына әжептәуір шек қойылған болатын. Мал

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1794, іс № 194, 131-бет.

[2] Бұл да сонда, 168-бет.

[3] Рас, 1794 жылы 29 ноябрь күні Уфа вице-губернаторы князь И. М. Бартаев Шекара істері экспедициясы тек «қырғыз малын ғана айдап өтуге мүлде тыйым салуы керек» екендігін ұйғарады деп жазған (ЛОМТА Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1795, іс № 145, 3-бет). Бірақ экспедициясының өз ісінен де осындай тыйымның анығында салынғандығы көрініп тұр.

суару үшін арнаулы жер көрсетіліп, бұл жерден өтіп малды өзеннің басқа жеріне айдап келуге тыйым салынған[1]. Ең ақырында, қазақтардың шекаралық аудандарда ағаш кесуіне және Орал өзенінен балық аулауына мүлде тыйым салынады, бұған Орал әскерінің шаруашылығына зиян келеді дегенді дәлел етеді. Оның бержағында, линияға таяу жерлерде көшіп жүретін ауылдардың басындағы феодалдық-отаршылдық қанаудың күшеюі (осы қанау жөнінде старшиналар Екатерина II ге 1793 жылы хат жазып шағым айтқан болатын) қазақ шаруашылығын әжептәуір төмен түсіріп, аздырып-тоздырып жіберген. Бұл туралы сақталып келген қосымша мәліметтер бар. Қазақтардың балық аулау кәсібіне немқұрайды көзбен қарайтындығы жұртқа мәлім. Балық аулау кәсібімен тек ауыр мұқтаждық салдарынан кедей ауылдар ғана шұғылданған. Оның бержағында, 1794 жылы жаздыгүні Д. Донсков Шекара істері экспедициясына балық аулау ісі жөнді болмай Орал әскері әжептәуір зиян шекті деп хабар береді. Осыған себеп ретінде, Донсков Орал өзені арқылы мал жиі-жиі өтіп, балықты үркітті деп қана қоймайды, оның үстіне Орал маңында көшіп жүретін қазақтар жаппай балық аулаумен болды, — дегенді[2] айтады.

Ел ішінің қобалжуы күшейе береді. 1794 жылдың өзінде Шекара істерінің экспедициясы Адай және Есентемір руларының қазақтары өздерінің старшинасы Мыңбайды құтқарып алу үшін линияға шабуыл жасамақшы болып жыйналысыпты деген хабар алады[3]. Табын руының Бармақ, Татан, Бекшора деген старшиналарының, Кете руының Мәмбет және Арымбай деген старшиналарының, Есентемір руының Мыңбай деген старшиналарының линияға шабуыл жасау үшін даярланып жатқандықтары туралы күздігүні хабар келіп түседі[4]. Жағалбай-

---

[1] Бұл жөнде Орынбор әскерлерінің командующисі фон Ректің Орынбор обер-коменданты Фон Трейденге 1794 жылы 21 июнь күні жіберген қатнас хатын қараңыз (Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1794, іс № 194, 77-бет).

[2] Ол былай деп жазған: «Таз, Шеркеш, Алаша, Кете және Беріш руларының қырғыздары Орал өзенінен мұз қатқанға шейін, керек десе, осы күнге шейін күні-түні балық аулап келді (*бұл да сонда*, 50-бет).

[3] *Бұл да сонда*, 93-бет.

[4] **Бұл да сонда**, 108, 126 және 170-бет.

лы, Төртқара және Шекті руларында да қастық ниетпен даярлық жүріп жатқандығы туралы дабылдар келіп жатады[1].

Тек 1794 жылдың аяғында ғана, А. А. Неутлинг Уфадан шақырып алынып, оның орнына патша әкімшілігінің ең көзі ашық деген уәкілдерінің бірі С. К. Вязмитинов тағайындалғаннан кейін ғана, жағдай бірнеше ажырап айыққандай болады. С. К. Вязмитинов декабрь айының аяғында, өзі Москвада болғанда, қазақтардың малын «Ішкі жаққа» айдап өту правосын өзіне қайта алып береді. Бірақ мал Индер таулары бекінісі мен Каленов форпостының арасындағы ауданмен айдалып өтсін деп шек қойылады, Индер таулары бекінісінен мал айдап өтпеуге салынған тыйым күшінде қалдырылады[2]. Бұл шек қою қазақтардың мал шаруашылығына әжептәуір қысым келтіреді. Өйткені, малды Индер тауларының жоғарғы жағымен айдап өткенде қазақтардың қысқы қоныстары Кордон күзетшісіне тіреліп қалады. Кордон күзетшісі Камеликтен өзенге шейінгі, одан әрі Үлкен өзенді құлдап Қамыс-Самар көлдеріне шейінгі, одан шекара линиясындағы Индер тауларына шейінгі жерлерде тұрған. Сөйтіп, қыстауға өте қолайлы, Каспий жағалауының маңындағы жерлер қазақтар үшін жабық қалады. Вязмитиновтың жарлығы қазақ қауымдарын қанағаттандыра алмайтын себебі, міне, осы. Сондықтан қазақтар малын Индер тауларының төменгі жағымен Гурьевке шейін айдап өту жөніндегі правосын талмай іздене береді. Бұлар өзбеттерімен Кордон күзетшілерінің аралықтарынан да өтіп кетіп жүреді. Орынборға келгеннен кейін, 1794/1795 жылдың қысында, қазақтардың «рұқсат етілмеген жерлерге» өткен ауылдарын кері қайтарушы болмандар деп Вязмитинов Орал әскеріне жарлық береді.

Орал әскері старшинасының зорлығына біраз шек қойылған сыяқты. Бірақ хан үкіметі жайындағы мәселе жөнінде Вязмитинов бұрынғы бетті ұстанады. 1795 жылы оның айтуы бойынша Есім сұлтан хан болып тағайындалады. Есімнің тағайындалуы тыныш өтеді. Не линияда, не қазақ даласының

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1794, іс № 194, 147-бет.

[2] Оның осы мәселе жөнінде Уфа граждан губернаторы Баратаевпен жазысқан хаттарын қараңыз (ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1795, іс № 145, 3—6-бет және 2—2-бет).

ішінде көзге түсерліктей шайқасулар болмайды. Жаңа хан жөнінде Сырым арты қандай болар екен деген позиция ұстанады. Бір жағынан старшиналардың деней көпшілігінің патша әкімшілігі алдында және оның өзі қойып алған ханы алдында тізе бүгуі, екінші жағынан бұқара жігерін өрістетпейтін патриархтық-рулық салт-сананың үстем болуы қозғалыстың жаңадан өрлеуі үшін үлкен қыйыншылықтар туғызады. Рас, 1795 жылдың жазғытұрымында қазақ даласында қозғалыс әжептәуір жанданады. Линияда болған уақыйғалар жөнінде Вязмитинов Сыртқы істер коллегиясына ай сайын жіберіп тұратын мәліметтер қозғалыстың осы жануын дәлелдейді[1]. Бірақ линияларда ірі шайқасулар болмаған. Шекара барымтасы шеңберінен шықпайтын тек ұсақтаған шабуылдар ғана болып тұрады. Бұларға беделді старшиналардың, мұның ішінде Сырымның да қатнасқандықтары көрінбейді. 1795/96 жылғы қыста қазақтар үлкен апатқа ұшырайды, соның салдарынан бұқара қозғалысы азаттық жолындағы халық күресіне тағы да айналады. Бұл апаттар 1795 жылдың декабрінен, қыстың ең басынан, кіріседі және адам айтқысыз жұтқа байланысты болады. Осы жұт көп малды қырады. Ханның хат жүргізушісі Ғұбайдолла Феткуллин Вязмитиновқа берген хабарында бұл жұтты мынадай түрде суреттейді: «осы таяудағы күндерде мен дәлелді хабар алдым, қыстың қаттылығынан, әсіресе, жаңбыр жауып жер үсті мұз болып қалғандықтан, Сырдариянық Чун-Бозашы дейтін түрікпендермен іргелес тұратын жерін, Эмба, Сағыз өзендерінің бойын, Каспий теңізінің аралдарын, Шам құдығының маңын және даланың басқа жерлерін қыстаған қырғыздардың қандай малы болса да қатты қырылған, тіпті кейбіреулерде не жылқы, не қой қалмаған, 2000ға жуық немесе тіпті одан да көп жылқылары, қойлары барлардың тек 100ге жуық қана жылқылары, 60—70тей ғана қойлары қалған, ал кедейлер жалғыз қарасынан айрылып, тіпті, аштан көп балалар өлген[2].

Жұтқа ұшырап әбден күйзеліп қалған қазақтардың көбі

---

[1] Бұл мәліметтер Непременный советтің істерінде сақталып келген (ЛОМТА, Мемлекеттік кеңес фонды, Непременный совет, 1795, іс № 145).

[2] ЛОМТА, Билеуші сенат фонды генерал-прокурор канцеляриясы, 1797, іс № 102, 25-бет.

1796 жылдың бір жазында ғана оңалып кете алмайды. 1796 жылдың сентябрь айында конфидент молда Сеит Бекмұхаммедов, Вязмитиновқа мынадай хабар береді: «Сырдария бойында Қаракұм деген жерлерде, Эмба бойында және Теңіз маңында, аралдарда, қамыс араларында көшіп жүретін қырғыздардың бәрі қысқы орындарына көшіп кетті, ал басқалары быйылғы қыста малынан айрылып жаяу шұбырып кетті, кейбіреулері сол жерде аштан өліп қалмау үшін Хиуа жеріне кетті»[1].

Сұлтан тобының күшеюімен қатар әжептәуір күшейіп кеткен феодалдық-отаршылдық қанау салдарынан болған күйзеушілікке жұт салдарынан туған апаттар келіп қосылады. Бұл арада атап көрсететініміз, жұтқа бүкіл жүз аудандары емес тек Сырдария және Эмба бойындағы, сол сияқты Каспий теңірегіндегі ел қоныстары ғана, яғни Сырымды қолтықтайтын ауылдар ғана шалдыққан. Феодалдық экономиканың дамып келе жатқан жағдайларында, феодалдарға жұмысшы күші онша көп керек емес болып тұрған уақытта (көшпелі мал өсіру шаруашылығы жер кәсібіндегіден гөрі жалданды жұмысшы күшін аз тілеген), шаруасы бүлінген халық жалға жүріп өз еңбегін жұмсайтын жер таба алмаған жағдайда, шаруасы бүлінген қазақтардың халі өте ауыр болады. Осыдан барып жүз ішінде күрес күшейеді, мұны қазақ феодалдары талан-тараж деп атайды, бірақ кедейдің өз тіршілігіне қорек табу үшін бұдан басқа жолы қалмайды. Феодалдардың осы «талан-тараж» деп отырғаны қазақ кедейінің тіршілік сақтаймын деген талабы болып көзге түседі — мұның өзі, дұрысында, кедейлердің білікті адамдарға қарсы шыққан тап күресінің формасы болып табылады. Сондықтан, әдеттегі барымтаның тап күресіне айналуы феодалдық топтардың тынышын кетіретіні өзінен өзі-ақ түсінікті. Сеит Бекмұхаммедовтың біз жоғарыда келтірген сөзіне қарағанда, сұлтан Есеналы (Есеналы Сырымды жақтап келген) Жантөре сұлтанға: «болып өткен мал жұты-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 65, 1796, іс № 2, 10-бет.

ның салдарынан қырғыз-қайсақ ордасы қазір әбден шыңына жетті, сондықтан ұрылар да көбейіп кетті»[1] дегенді айтқан.

Осыдан барып Есеналы феодалдардың күш-қуаттарын сомдап, біріктіру қажет деген қорытынды шығарады. Ол Жантөреге: «Орда ішінде Сырым атақты адам болғандықтан, егер де ол, Жантөре, оны олардың інісімен, Ешім ханмен, бітістірсе, өте жақсы болар еді, мүмкін екі жақтың тыныштасуына да себеп болар еді»[2],— дейді. Шиеленіскен күрес жағдайларында тікелей қауып ханның өзіне де, оның тұқымына да төнеді — бітім мәселесін сұлтандардың бұрынырақ ауызға алуы тегін нәрсе емес қой. Есім хан көшіп-қонғанда шекара линиясына жақындай жүреді, өйткені оның қазақ даласына қарай ұзап кетуге батылы бармайды. Ханның жеке басының амандығына қазақ даласында кепіл боларлықтай ештеңенің жоқ екендігін үкімет те біледі[3]. Осы жағдайларда екі жақтың «тыныштығының» қажет болуы белгілі бір мөлшерде (біздің ойымызша, әжептәуір мөлшерде) қажет болуы қазақ халқы бұқарасының қозғалысынан қауыптанумен байланысты болады. Есеналы мен Жантөре сұлтандар ханға кісі жібереді, ал Сырымға — хат жазып, Ұрын ханшаның аулына кел дейді. Ұрын Нұралы ханның жесір отырған әйелі, ол бұл кезде, 1796 жылдың сентябрь айында, Қобда өзенінің ауданында көшіп жүрген. Сеит Бекмұхаммедов ұзынқұлақ ретінде, «хан өзінің соңынан еріп жүрген старшиналармен бірге келісіпті-міс»[4] деген хабарды береді. Бітісуге сол сияқты Сырым да көнеді. Мұны Сырымның Ұрын ханшаға жазған хаты дәлелдейді. Ол Ұрынның баласы Жалтыр сұлтан арқылы берілген шақыруға жауап ретінде Ұрынның аулына келуге уәде береді, және оның

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 65, 1796, іс № 2, 9-бет.

[2] Бұл да сонда, 9—9-бет.

[3] С. К. Вязмитиновтың хан мен Сырымның алдағы уақытта жолығысып сөйлесуі мүмкін деп С. К. Вязмитиновтың берген хабарына Непременный совет мынадай нұсқау береді: өзінің шешесі Ұрын ханшаға барып амандасу үшін ханға рұқсат беруге болады, «бірақ, ханның жеке басы Сырым батырдың қастық арам ойларынан және оның өзімен бірге жүрген серіктерінің кейде бүркеулі жүретін қастас арам ойларынан ханның жеке басының қауыпсыз болуы үшін генерал-поручик Вязмитинов керек деп тапқан сақтық шаралары алдын-ала қолданылатын болсын» (бұл да сонда, 20-бет).

[4] Бұл да сонда, 9-бет.

ханшадан өтінгені «Өзіңнің балаң Ешім ханды өз қасыңа ал және Жалтыр деген баланды жіберіп генерал мырзамен Орданың жәй-күйі туралы ақылдас»[1] дегенді айтады. Ұрын ханша да осы айтқанды істейді[2]. Ханмен жолығысып сөйлесу жөніндегі ұсынысты Вязмитинов та қолдайды, оның ханша алдына қойған тілегі — бұл жолығысу хан ставкасында болсын дейді. Бірақ, келісімге бөгет бола ма деп қауыптанады да, ол бұл туралы ханның өзіне ештеңе жазбайды. Вязмитинов «бұлардың өзара келісуі, мүмкін, іске де және патша қызметіне де пайдалы болар»[3] деп ойлаған.

1796 жылдың сентябрь айына шейін созылған бұл келіссөздердің көрсеткені, Сырым жаңа хан жөнінде өте сақтық позиция ұстанған. Осы келіссөздерге патша әкімшілігінің жөн көзбен қарайтындығын ол әбден біледі және ханмен бітісу Россиямен арадағы байланысты қалпына келтіруге әкеліп соғатындығын да түсінеді, ол Россиямен шайқасудан, өте бір керек болып қалған жерде болмаса қашан да бой тартып жүрген. Мұның үстіне, Сырым бір кезде, Нұралымен арасы ашылардан бұрын, өзінің Есіммен арасында жеке бастарының достығы болған. Сондықтан, ол Ералы билеп тұрған уақытта Есім, өзінің сұлтан тобын ашық қолтықтауына қарамастан старшина топтарымен жақындасуды іздейді деп үміттенген. Мұның үстіне, Абулхаир руы ішіндегі жас үлкендік правосы бойынша хан тағына отыруға Есімнің правосы болмаған, сондықтан ол Айшуақ тұқымын сұлтандар сөзсіз қолтықтайды деп есептей алмайды, оның бержағында жаңа хан тағайындалғанда жасы үлкендік правосы бойынша Айшуақ ескерусіз қалған болатын. Осы үміттердің соншалық негізсіз екендігін істің ақыйқаты көп ұзамай-ақ көрсетеді.

Сыммен сөйлесуге ризалық білдіре отырып, хан батырға қарсы түрлі сойқандық жүргізе береді, оған патша әкімшілігін

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары К. 65, 1796. іс № 2, 8—8-бет.

[2] Ол Вязмитиновке: «халықпен сөйлесу үшін менің өзімнің балам Ешім ханды шақыртып алмақшымын, өйткені мен өзімнің балам Жалтыр сұлтанды жіберіп Сырым батырды шақырттым» деп жазады (бұл да сонда, 5-бет).

[3] Бұл да сонда, 3-бет.

[4] Осы сыяқты бағыт ханмен туыстас сұлтандардың істеген әркеттерінен де тіпті айқын көрініп тұрады. Қаратай, Бөкей және Бегалы деген

өштестіріп салуға тырысады»[4]. «Әскери зерттеулер» саясатының қарсысы Вязмитиновтың Орынбордан шақырып алынуымен пайдаланып, Есім сол 1795 жылы Орал әскерлерінің атаманы Донсковқа хат жазып, Сырым батырдың «Ішкі жаққа», атап айтқанда, Еділ ауданында көшіп жүрген қалмақтарға шабуыл жасау үшін әзірленіп жүргендігі туралы хабар береді. Ханның Донсковқа осы жазып отырғанындай Сырым әзірленді ме, оны архив мәліметтері жоқ болғандықтан тексеру мүмкін емес. Мүмкін, Есім хан бұл әзірліктерді өзі ойынан шығарып айтқан болар, өйткені оның атаман Донсковқа хат жазғандағы негізгі ауызға алған мәселесі «Сырым Датовтың қоныстап жүрген жеріне осы кезде жыйналған ұрылар тобын біржола талқандау үшін және бұларға өздерінің істеген соткарлықтарына есінен кетпестей жаза беруі үшін»[1] Сырымға қарсы жазалаушы экспедиция ұйымдастырылса екен деп ұсыныс жасайды.

Донсков ханның хаты бойынша, Соғыс коллегиясынан Сырымға қарсы жазалаушы экспедиция ұйымдастыруға рұқсат

сұлтандар және Байұлы әулетінің осыларға қосылып жүрген біркатар старшиналары — Есім мен Сырым арасының жаңадан шиеленісіп кеткен себебі, Сырымның інілері және оны жақтайтын адамдар ұстап алған орыстарды, қалмақтарды хан бұлардан «күшпен» тартып алып, кері Россияға қайтарып жібермекші болды деп жазады (Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 220, 48—48-бет). бұлардың жазғаны, «мұнсыз да патшаға берілген хан, өзінің адал қызметін іс жүзінде көрсетпекші болып, Сырымды жақтайтындар ұрлап алған россияндарды бұлардан (Сырымды жақтайтындардан. — М. В.) күшпен тартып алып еліне қайтарып отыр» дейді. Қазақ ақсүйек уәкілдерінің бірсыпыра берген хабарлары да қастықтың өршуіне осы себеп болды деп көрсетеді (бұл да сонда, 35, 53-б.). Ханның «берілгендігін» Сырымның «сенімсіздігіне» қарсы қою пікірі ап-айқын тұр, мұны ханды жақтайтындар әбден біледі.

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, іс № 221, 7-бет. Ескертіп өтуіміз қажет, біз бұл мәліметтерді Уфа наместничествосының билеушісі князь И. М. Баратаевтың Орынбор Шекара істері экспедициясына жазған указынан алдық. Ханның хаты сақталып қалмаған. Орал соғыс канцеляриясының экспедиция указы жөнінде айтқаны, бізге бұл хат туралы ештеңе мәлім емес, — дейді, бірақ мұнымен қатар экспедиция, мүмкін, бұл хатты тура Д. Донсковтың өзі алған болар дегенді айтады. Д. Донсков бұл уақытта соғыс канцеляриясы экспедицияға хат жазған кезде, өз орнында болмаған (бұл да сонда, 10-бет). Біз жоғарыда келтірген указда И. М. Баратаевтың «бригадир Донсков өзінің өткен декабрь айының (1796 жылғы — М. В.) 31 күні жазған рапортында оның өзіне Есім ханнан келген хат туралы маған хабар берді» дегені анық (бұл да сонда, 7-бет). Сонда Донсков Баратаевқа рапортпен қоса осы хаттың татар тіліндегі көшірмесін де жеткізіп берген. Бұл хаттың, анығында, жазылғандығын Донсков ойдан шығарып ала қойды ма екен.

сұрайды. Наместничествоның билеушісі соғыс коллегиясының президенті және мұндай экспедицияларды жек көретін граф Н. И. Салтыковтың қатнас қағазы бойынша Донсковтың бұл тілегін аяқсыз қалдырады да, оған линияда қырағылықты күшейтуді тапсырады[1].

Ханның Донсковқа «ұрылар жыйылысы» деп жазғаны 1796 жылы Сырымның айтуымен жыйналған старшиналар съезі еді. Бұл съезд туралы Шекара істері экспедициясына сол сыяқты Сеит Бекмұхаммедов молдадан да хабар түседі. Бұл молда, өзі естіген ұзынқұлақ хабарларды негіз етіп, берген хабары Сырымның алдында «қырғыздардың ұлы жыйылысы» болды деп жазған[2].

Бұл хабарларға біз сене аламыз. Өйткені мұның бәрі Сырымның саяси бет алысымен әбден үйлес келеді, мысалы, Сырым жүз ішіндегі қандай маңызды мәселелер болса да оны өзбетімен шешпей, старшиналар съезінің қарауына беріп отырған. Сол Сеит Бекмұхаммедовтың мәліметтеріне қарағанда, 1796 жылғы съезде ханмен бітім жасасу жөніндегі мәселе талқыға салынған. Жыйналған старшиналардың пікірлері мынадай болып бөлінді дейді,— молда: «Старшиналардың көбінің ойында Россия шекараларына шабуыл жасарлықтай зұлымдық пікір бар, ал басқалары Сырымды ханмен бітістіруді жөн көреді»[3]. Тегі, Сырымның ханмен арадағы келіссөздері тіпті 1796 жылдың сентябрь айында да үзілмеген көрінеді. Бірақ, жыйылыста патша үкіметтеріне, демек ханға да қарсы белсене күресуді ұстанған старшиналар тобы болғандықтан, Сырымның Есіммен арадағы келіссөзінің үзілісі тездетілуге тиісті болған. 13 жылға созылған күрес нәтижесінде сұлтандар ханнан айрылып, бұлардың үкіметтері құлағандығын сұлтандар ұмыта алмайтындығын Сырым білмей отыра алмайды. Мұнымен қатар, ханмен бітім жасасу талабы Сырымды өзін басқа-

---

[1] Аяқсыз қалдырылғанда мынадай дәлел келтіріледі. «Зұлымдарды естіп ұстап алу үшін қазақ даласының алыс жерлеріне осындайлар жіберілуден ешқашан көңілдегі нәтиже шыққан емес және жазықсыз тыныш жатқан қырғыздар шауып-шаншылады да, олар ұшы-қыйыры жоқ шағым арыздар береді де жүреді» (Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797 іс, № 221, 8-бет).

[2] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары, К. 65, 1796, іс № 2, 7-бет.

[3] Бұл да сонда, 10-бет.

лардан гөрі ұзақ уақыт жақтап келгендерден, патша отаршылдық қанауына қарсы және оның жүз ішіндегі қолшоқпары Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандарға қарсы жүргізілген күрестің неғұрлым айқын уәкілдерінен бой тартқызады. Сөз жоқ, ханмен арадағы келіссөздің үзілуінде патша әкімшілігі составының өзгеруі де әжептәуір роль атқарады. 1796 жылы декабрь айында Орынборға соғыс губернаторының қызметіне барон Игельстром тағы да тағайындалады. Онымен бірге Орынборға Мұхаммеджан Хұсаинов мүфти де қайтып келеді. Хан тобына қарсы күресте Игельстром бізді қолтықтайды деп старшиналардың үміт ететіндігін, сондықтан старшиналар оны қайтадан өз орнына тағайындау туралы неше қайтара өтініш жасағандығын біз білеміз. Енді, үкімет старшиналарды қанағаттандырған сияқтанады, өлкенің жаңа бастығы ханды қолдаудан бас тартатындай болады, мұның өзі Сырым үшін ханмен келісуді керексіз етеді. Қалай болса да, даусыз бір мәселе, Есім ханмен бітім жасасуға талаптану нәтижесінде Сырым 1793 жылдың күзінен бері ұстанып келген бітімшілдік саясаттың аяғы жерге тиеді. Ханға қарсы қару-жарақты күреске даярлану ісіне Сырым тағы да кіріседі. Оның бұл әрекеті, әсіресе, 1797 жылдан бастап, Орынборға Игельстром келген соң тіпті күшейе түседі. Ханға қарсы жүргізілген өзінің күресінде Сырым тіректі 1797 жылдың жазғытұрымында, 1794 жылдағыдай, Шекті руынан табады және Байұлы әулетінен шыққан рулар арасынан да әлгіден гөрі аздаған тірек табылады, бұл руларда қозғалысты Мыңбай старшина қолтықтап шығады. Хан тұқымы көбінесе Жетіру әулетіне және жарым-жартылай Байұлы әулетіне арқа сүйейді. Мұнда Байбақты және Алаша руларын Қаратай сұлтан билеп тұрады[1]. Күресуші жақтардың күштері қалай жіктелгендігін неғұрлым дәлдірек айыруға біздің негізгі деректеріміз мүмкіншілік береді. Барлық мәліметтер мына мәселе жөнінде бір жерден шығады, ол — Сырым өзін жақтаушыларды Әлімұлы әулетінің арасынан табады, бірақ бұл мәліметтер Сырымды қолтықтаған рулар мен бөлімдерді санауға келгенде онша бірауызды келмейді. Бұл мәселе жөнінде екі куәлік бар: оның бірі — Орал әскерлерінің атаманы

[1] Ол: «Алшындардың және Байбақты — күн-күндердің қырғыз-қайсақ Ордасының билеушісі» деп қол қойған (**бұл да сонда, 53-бет**).

Акутиннің айтқаны. Акутин полковник Скворкиннің айтуы бойынша (Скворкин 1797 жылы апрель айында Сырымға қарсы жазалаушы экспедицияны бастап барған адам) экспедиция қайтып келісімен (демек көп ұзамай-ақ) Сырым отрядына қатнасқандар деп мына руларды санап өтеді: Кердері, Шекті, Кете, Шөмекей, Алаша, Сықылар рулары[1]. Бұлардың арасынан Шекті, Кете және Шөмекей рулары Әлімұлы әулетінен, Кердері — Жетіру әулетінен және Алаша, Сықылар рулары Байұлы әулетінен шыққан. Беріш руын билеуші сұлтан Жаналы Нұралиев Шекара істері экспедициясына берген өзінің хабарында Адай руының Кеңшалбарлылық бөлімін де және Тілеуқабақ бөлімшесін де атайды[2]. Бұл толықтауларға сенуге болады, өйткені Жаналы жүз ішіндегі күресуші күштердің екшелуін, әрине, жақсы білген. Акутин[3] де және Жаналы да негізінде ру аттарын екеуі де бірдей атап, дегенмен старшиналардың аттарын түрліше келтіреді. Бірақ Акутиннің де, Жаналының да атаған старшиналарының жалпы санын еске алсақ бұл сан тіпті көп емес — тек 9 адам ғана. Тегі, енді, Сырымды аздаған ғана старшиналар қолтықтап келген көрінеді. Мұны Вязмитиновтың 1796 жылы 16 сентябрьде Екатерина II ге жіберген хабары да дәлелдейді. Ол былай деген: «бұрын өзінің айтқанына еретін Әлімұлы және Жетіру руларының кейбір старшиналары Сырымды мүлде тастап кетті, оның жанында енді Абылғазы сұлтан да, Есеналы сұлтан да жоқ, ол Есеналы сұлтанды хан атағын беремін деп біркезде қызықтырып жүретін»[4]. Мұнымен қатар Вязмитинов Сырымның «ең ақтық жақ-

---

[1] ЕДАОМА, Россияның қырғыз-қайсақтармен қатнастары К. 65, 1796, іс № 2, 25-бет.

[2] Бұл да сонда, 35-бет. Шекті руының Тілеуқабақ бөлімшесі Әлімұлы әулетінен шыққан.

[3] Бұл да сонда, 25 және 35-бет.

[4] Бұл да сонда, 1-бет. Есеналы жөнінде С. К. Вязмитинов, тегі қателескен болу керек. Оның хабар хаты 16 сентябрь күні жазылған, ал 7 сентябрь күні конфидент Сеит Бекмұхаммедов оған (Вязмитиновқа) мен Жантөре сұлтандікінде болғанымда оның күмбезіне өлген Нұралы ханның екі баласы келді, оның біреуінің аты Есеналы, ол Сырымның жанында көшіп жүретін, ал екіншісі оның інісі Кундров, — Сырымның күйеуі» деп хабар берген (бұл да сонда, 9-бет). Осы қысқа уақыттың ішінде Есеналы мен Сырымның арасы ашыла қалды деуге тіпті болмайды, мұның үстіне дәл осы уақытта Сырымды ханмен татуластыру үшін Есеналы көп күш салған. Вязмитинов берген хабардың мазмұны, атап айтқанда, Сырым Есеналыны саған хан атағын берем деп қызықтырып қана келді деуі бұл сұлтанды старшиналардың бір бөлегі хан етіп сайлағандығы ту-

таушылары» туралы, «оның жарлығы бойынша зұлымдыққа даяр тұратын барып тұрған баукесер ұрылар»[1] туралы жазады.

Хан тұқымына қарсы күресу жолына бел байлап түскен бұрылыс 1797 жылдың жазғытұрымынан бастап айқын көзге түседі. Бұл күресте старшиналардың кең тобы өзімді қолтықтайды деп Сырымның есептей алмайтындығы, әрине, айқын. Анығында да, оны бірен-саран старшина ғана қолтықтаған. Бірақ Сырымның жүз ішіндегі беделін енді, яғни 1797 жылы, оған қосылған старшиналардың санына қарап бағалау қате болар еді. Беріш руының билері мен батырлары Жаналы сұлтанға «бұзық Сырым Датов хат жазып біздің бәрімізді, беріштерді, өзіне шақырады»[2] деп хабар берген, бірақ бұлар, старшиналар, «егер де жеті аталы Беріш руының ұры-қырғыздары жасырынып кетіп, Россия жаққа зиян келтірсе және осы туралы Россиядан хабар келсе онда бұлар, құрметті адамдар — билер және батырлар, өздерінің берген уәделері бойынша, өзінің ордасымен сөйлесіп жоғарыдан келген жарлық бойынша тиісті шара қолданбай қалдырмайды»[3]. Бұл арада біз Сырымның шақыруына бір жағынан «қарапайым» қазақтар тарапынан, екінші жағынан старшиналар тарапынан мүлде түрліше көзқарас болғандығын көріп отырмыз. Беріш руының «атақтылары» хан тұқымымен араларын шиеленістірмеуге айқын түрде тырысады, бірақ бұлар Сырымның шақыруына еріп бұқараның өзбетімен күреске шығуынан да қорқады. Басқа руларда осыдан өзгеше хал бола қойды ма екен. Әлімұлы әулетінің және Байұлы әулетінің бірқатар руларының халық арасынан шыққан әлеуметтеріне арқа тіреп, Сырым хан тобына тағы да бір күшті соққы бере алатын еді деп, тегі, біздің айтуымызға болатын шығар.

1796—97 жылғы қыста қазақ даласынан суық хабарлар келеді. Жаппас, Бұқа және Оразбай руының қазақтары Са-

---

ралы біз жоғарыда келтірген мәліметтерімізді бекерге шығара алмайды. Үкімет хан деп танымаған Есеналыны хан деп атауға Вязмитиновтың, патша әкімшілігінің уәкілі ретінде, аузы бара алмайды.

[1] Бұл да сонда, 2-бет.

[2] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 220, 70-бет.

[3] Бұл да сонда, 66-бет. Тегі, бұл ескертуді старшиналар Жаналыға ауызша айтқан көрінеді. Өйткені билер мен батырлардың сұлтанға жазған хатында Жаналы берген хабардың осы бір жері жоқ.

райшық бекінісінің бастығы Кирилинге мынадай хабар береді: Есентемір, Байбақты, Серкеш, Алаша және Таз руларының «арам ойлы қырғыздары» — Байұлының барлық әулеттері, Есентемірден Мыңбай мен Арғымбайды, Байбақтыдан Рысалы мен Қойсарының басшылығы астында «Россия шекараларына зұлымдық істеу үшін 1000ға жуық адам жыйналған». Ал Имамбет сұлтан Тополин бекінісінің комендантына «толып жатқан рулардан Шарапке өзенінің бойына жыйналған 1000ға жуық қырғыздар Сырым Датовқа бармақшы және онымен бірігіп шекараларға шабуыл жасайтындай ойлары бар»[1] деп хабар береді.

Сырымның өзі бұл уақытта шекара линиясына таяу тұратын Қаракұм деген жерде болған[2].

Марттың 26нан 27не қараған түні Краснояр форпостынан 5 шақырым жерде Есім хан өлтіріледі, оның ауылдары талана-нады. Ханды өлтіруге Сырымның өзі қатнаспайды, ол хан өлтірілген түні «ханды өлтірушілерді қорғау керек болып қала ма деп Оралға таяу бір жерде болады»[3].

Бөкей, Қаратай және Бегалы сұлтандардың айтуына қараған-да, «жоғарыда аталған ұрылар мен бұзықтарға басшы болған және ханның Ордасын» көрсетіп берген Кердері руының старшинасы Тілеп Қойбасов[4]. Хан өлтірілер жолы оның ауыл-дарына шабуыл жасағанда Сырымның қазақтары ханның патша әкімшілігі тағайындаған хат жүргізушісі молда Ғұбай-

---

[1] ОМСТА, Жоғарғы штаб архивы, Соғыс коллегиясының президенті Н. И. Салтыковтың қағаздары, іс № 314, 43-бет. Бұл арада мына мәселеге көңіл аударайық: атаман Донсковтың граф Н. И. Салтыковқа берген біз жоғарыда келтірген хабарында старшиналардың қозғалысқа қатнасуы туралы тек екі рудың ғана старшиналары аталады. Біздің жоғарыда айтқанымызға байланысты, Донсков санап өткен рулардың басқаларының қазақтары өздерінің старшиналарынсыз күреске шыққан деп ойлауға болады.

[2] Бөкей, Қаратай және Бегалы деген сұлтандардың бірқатар старшиналармен бірігіп Шекара істері экспедициясына берген хабарларында жазғандары, — Сырымның ханмен жолығып сөйлесем деп жүргені оның тек ханды өлтіру ісін ұйымдастыру үшін линияға жақындамақшы болған сылтауы еді дейді (Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 220, 48-бет). Жоғарыда айтылған топшылауға қарағанда, 1797 жылдың жазғытұрымында мұның осылай болуы анық.

[3] Бұл да сонда, 25-бет — Сырымға қарсы жіберілген жазалаушы экспедиция әрекетінің нәтижелері туралы атаман Акутиннің берген хабарынан.

[4] Бұл да сонда, 49-бет.

долла Феткуллинді «өлтіреміз» деп қатты іздейді, бірақ оны таба алмайды, өйткені бұл уақытта молда Орынборда болған. Хан ауылдарындағы басқаларға Сырымның қазақтары тимейді.

Ханның тұқымдары Есім өлтірілгеннен кейін линияның арғы жағына қашып барып, Орал әскерлерінің әкімшілігін паналайды.

Ханның өлтірілгендігі туралы хабар алып, Орал әскерінің атаманы Донсков Байұлы әулетінің старшиналарына арнаулы үндеу жазып сөз салады, ол бұл үндеуінде старшиналарды «адамшылықтан шыққан, ханды өлтіріп үкіметке және заңға қарсы болған зұлымдардан» бой тартуға шақырады, «патшаның хұзыры бойынша жүз ішінде белгілі тәртіп орнағанға шейін ақыйқат жолдан адаспау керек екендігін, тыныш отыру керек екендігін» халыққа түсіндіріңдер дейді. Донсковтың бұл үндеуінде старшиналарға өте-мөте тапсырғаны линияға қандай түрде болса да шабуыл жасаудан қазақтарды тыйыңдар дегенді айтады, өйтпеген күнде қазақ даласына жазалаушы экспедиция жіберіледі деп қорқытады[1]. Ал Сырымға қарсы Донсков соғыс отрядын жіберу ісін ұйымдастыруға кіріседі, ол туралы соғыс губернаторына хабар беріп қояды. Бірақ Игельстром 1797 жылдың 6 апрелі күні хат жазып жазалаушы экспедиция жіберуге тыйым салады, өйткені «бұл жыйылған ұрылар партиялары бүкіл линия бойында қолданылып жатқан шаралар туралы хабар алып, өздерінің жер-жерлеріне тарап кеткен болу керек», — дейді[2]. Мұнымен қатар, ол Донсковқа «қырғыздар тарапынан төнген қауып мүлде ажырап болғанға шейін хан тұқымын барынша қорғап, оған жәрдем көрсетіп отыр деп жарлық береді[3]. Бірақ бұл жарлық алынбас бұрын, полковник Скворкин атаман Донсковтың жарлығы бойынша отряд алып, оған қоса бір зеңбірек алып Сырымның соңына түсу үшін ел ішіне шығады. Бұл экспедицияға Байбақты, Алаша, Беріш, Тана, Адай, Серкеш және Сықылар[4] руларының

---

[1] ОМСТА. Жоғарғы штаб архивы, Соғыс коллегиясының президенті Н. И. Салтыковтың қағаздары, іс № 314, 46—47-бет.

[2] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 221, 13-бет.

[3] Бұл да сонда.

[4] Шекара істері экспедициясына бұл хабарды Беріш руының билеушісі Жаналы Нұралиев сұлтан берген (бұл да сонда, 35-бет).

старшиналары, сол сыяқты Бөкей сұлтанның бастауымен өлтірілген ханның балалары мен аға-інілері де қатнасады. Бұлардың бәрі 800ге жуық адам болады, басшысы Бөкей сұлтан. Экспедиция 7 апрель күні ел ішіне, Өленті өзеніне келеді, одан Қалдуға өзеніне барып, Жақсыбай өзеніне шейін жетеді, «мұнда келген соң, Сырым Датов Ойыл өзенінің арғы жағына шығып кетті деген хабар алады»[1]. Осы экспедициядағы адамдардың деней көпшілігі Байұлылар болатын, бұлар «ол (Сырым — М. В.) ұзап кетті деп есептейді дағы, алысқа бармай енді қайту керек дегенді айтады»[2]. Экспедиция линияға 13 апрель күні қайтып келеді. Бұл арада өзіне көңіл аударатын бір мәселе старшиналар Сырымның соңына түсуге тым көңілсіз болады. Старшиналар мұның себебі, «быйыл мал қыстан қатты жүдеп шықты, сондықтан алысқа ұзап жүре алмаймыз»[3]— дейді. Сөз жоқ, қыстан жүдеп шыққан малдың апрель айының басында әлі де оңала алмауы анық болар, бірақ біздің қолымызға түскен материалдарды қарастырып көрсек, бұл көңілсіз болудың себептері анағұрлым терең жатқан сыяқтанады. Бұл жөнінде ең алдымен мына мәселеге көңіл аударайық: Жаналы жазалаушы экспедицияға қатнасқан старшиналар қатарында өзі және атаман Акутин хан өлтірілер алдында Сырымды жақтаушылар деп атаған старшиналарды (жоғарыда 337-бетті қараңыз) атайды. Егер де біз Есім ауылдарына шабуыл жасалмай тұрып-ақ Сырымға бір жағынан старшиналар, екінші жағынан сол рулардың халық бұқарасы мүлде түрліше қарағандығы айқындалған болса, біз Сырымға қарсы экспедиция халық бұқарасы арасында даңқты бола алмайды деп ойлай аламыз. Старшиналар жазалаушы экспедицияға қатнасқанда халық пікірін де еске алуға тиісті болады. Бұлардың халық бұқарасының қатты кеюінен қорқуы бұларды жазалаушы отрядтан тезірек кетуге мәжбүр етуге тиіс. Осыны мына байқаулар да дәлелдейді: старшиналар Сырымның бұдан әрі соңына түсуден бас тартып, «жалпы келісім бойынша ант береді, сонда мархұм жоғары дәрежелі ханның үй-ішін ішкі жақтан ел ішіне апарамыз және қолымыздан келгенше ұрылардың оқтануынан

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 221, 45-бет.
[2] Бұл да сонда.
[3] Бұл да сонда.

қорғап бағамыз,— дейді»[1]. Мұны Шекара істері экспедициясына Ғұбайдолла Феткуллин молда да дәлелдейді. Мысалы, ол мынадай деген: жазалаушы экспедицияға қатнасқан старшиналар мен сұлтандардың бәрі, «әсіресе, Байұлы руының түрлі бөлімдерінен шыққан қырғыздар өзара кеңес жасаулы, бұлардың сондағы мақсаты — бір орайлы жерін тауып Сырымнан және басқа қан-құйылылардан кек алмай тоқталмау»[2]. Байұлылардың хан тұқымын қорғаймыз деп берген антты уәдесін негіз етіп, Бөкей сұлтан «барлық ұлыстарды алып қазақ даласы жағына өтуге»[3] бел байлайды. Бірақ, сұлтан бұл ойын іске асыра алмайды. Ол халық бұқарасының ашуынан қорқып, орыс бекіністеріне барып тезінен тығылуға мәжбүр болады, мұның үстіне, өлтірілген ханмен туыстас басқа сұлтандар да өз ауылдарын біріктіріп алып орыс бекіністерінен пана іздеуге тиісті болады. Сонда бір қызықты істің беті ашылады. Егер де, 1796 жылы 10 апрель күні Қаратай, Бегалы және Бөкей деген сұлтандар Байұлы әулетінің бірқатар бөлімдерінің старшиналарымен бірігіп Шекара істері экспедициясынан хан өлімі үшін өлтірушілерге олардың өздерінің және кейінгі ұрпақтарының есінде болу үшін, «есінен қалмастай жаза беруді»[4] өтінген болса, ал сол жылы июнь айында Қаратай, Нұралыұлы Елтай және Қара Орманов Экспедицияға «хан тұқымына кіжініп жүрген ұры-қырғыздар әлі де жеткілікті, бұлар орайы келген жерде ханның үй-ішіне қастық істемек ойы бар, сондықтан біз және ханның үй-іші Орал қаласының жанына келіп орналастық» деп хабар беріп, экспедициядан ханның үй-ішін қорғау үшін қару-жарақты отряд жіберуді өтінеді, ал Сырымға «қатты ескерту істеу керек, өйткені әлгі айтылғандай қастықты болдырмауға біздің күш-қуатымыз жетпейді» дегенді айтады[5]. Сырымды қару-жарақ күшімен жұмсатамыз деп сұлтандар енді есептей алмайды — осы топтың неғұрлым көрнектірек уәкілдері

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 221, 45—45-бет. Бұл мәліметтерді біз Шекара істері экспедициясына Байұлы расправасының хат жүргізушісі Нығымет Сейфуллиннің берген хабарынан алып отырмыз.

[2] Бұл да сонда, 33-бет.

[3] Бұл да сонда, 26-бет.

[4] Бұл да сонда, 48-бет.

[5] Бұл да сонда, 57-бет.

бас қорғау позициясын ұстанады және жеке өз бастарының қауыпсыздығын қамтамасыз ету үшін Сырымға «ескерту жасауды ғана» ойлайды. Мұнымен қатар Жетіру әулетінің билеушісі Айшуақ сұлтан да Шекара істері экспедициясына сөз салып, осы сияқты өтініш кіргізеді. Ол «біз және бүкіл хан тұқымы Орал қаласының жанында отырмыз» деп жазады да «мейрімді ұлық мәртебелі патшамыз Павел Петрович бізге жәрдем қолын берсе екен»[1] деп өтініш қылады. Байұлы әулеті старшиналарының хан тұқымына көрсетеміз деген жәрдемінің анығында көрсетілмегендігі тіпті айқын тұр немесе тіпті болымсыз түрде көрсетілген болу керек, керек десе, өлген хан туысқандарының жеке бастарының қауыпсыздығын қамтамасыз етуге де жарамаған.

Сөз жоқ, старшиналардың белгілі бір бөлегі ханға бейім болып келе береді, сонда осыған қарамастан және старшиналардың өздері берген антты уәдесіне қарамастан хан тұқымы жалғыз қалып тек патша әкімшілігінің қолтықтауына ғана үміт арта алған болса, мұны Сырымның және оны қолтықтаушы старшиналардың тарапынан істелген қысым салдарынан ғана болды деп түсіндіруге бола қояр ма екен. Сырым өзінің отрядтарын алып линиядан алыс жерде жүреді. Тегі, хан тұқымына пікірі дұрыс болып қалған старшиналар өз ауылдарында қысым көрген болу керек, сонда бұл қысымды тек халық бұқарасы ғана көрсетуі мүмкін. Біздің осылай болды деп ұйғаратын тағы бір себебіміз, халық көзі алдында феодалдық-отыршылдық қанау системасының тұтқасы болған Есім ханның өлтірілуі дәл сол қалың бұқара арасында даңқты іс болмай тұра алмайды.

Сөйтіп, патша әкімшілігі алдында тізе бүгуге және патша әкімшілігі тағайындаған хандарды тануға даяр тұрған старшиналардың беделін қалың бұқараның өскен белсенділігі өркендетпей қойған деп айтуға болады. Өзінің саяси әрекетінің негізгі мақсатына — хан үкіметін жоюға Сырымның алдынан жол ашылады, сонда жүз ішінде күресті бұдан да былай тереңдете түсу арқылы, ру басшыларын саяси жөнінен оқшау қалдыру арқылы жол ашылады. Бірақ бұл жолы да Сырым

---

1 Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 221, 59-бет.

ескіден келе жатқан талай басып өткен жолмен жүреді. Ол өзінің барлық күш-қуатын халық бұқарасына арқа тіреп, ру басшыларының қарсыласуын қыйратуға жұмсамайды, қайта старшиналармен келісуге жұмсайды. Бұған дәлел, Сырым хан өлтірілісімен ру басшыларының арасында кең түрде дереу үгіт күшейтеді, ондағы мақсат — бір жағынан өзінің ханға қарсы жүргізілген әрекеттерін ақтау, екінші жағынан,— өзін старшиналардың белсене қолтықтауына жетісу. Сырымды өте-мөте тынышсыздандырған Жетіру әулеті старшиналарының ұстанған позициясы, бұлар хан тобын белсене қолдап келген. Сырым ең алдымен әйгілі «ақсүйектер» арасынан Табын руының беделді биі Тіленші Бөкенбаевты айырып алуға тырысады. Сұлтан Айшуақ Шекара істері экспедициясына жазған, біз жаңа ғана келтіріп өткен өзінің хатында мынадай деген: «Сырым Датов старшина Тіленші Бөкенбаевқа қызықтырып хат жазыпты, оған сен, Тіленші, Жантөре сұлтанды өлтір... ал егер де мұны орындамасаң бізден тыныштық көрмейсің депті»[1]. 90-жылдардың бас кезінде Сырымды қолдаған Жантөре сұлтан орыс негізгі деректерінің бірі айтуына қарағанда, «ел бұлдіріп аты шыққан Сырымның азғыруымен әртүрлі пәлеге кірісіп», Есім ханның өлімі тұсында бұл бетінен хан қайтып «ант ішеді» және сұлтан тобының белсенді күресушілерінің бірі болады, патша үкіметі алдында толық сенімді адам болып көрінеді. Жетірудың беделді старшинасына Сырымның сөз салғаны сөзбен немесе қорқытумен оны өз жағыма тартып аламын деген екендігінде сөз жоқ — бұл сөз салу сұлтан Айшуақтың соншалық тынышын кетіруі тегін емес. Есім хан өлтірілгеннен кейін жүз ішінде күшті үгіт жүргізгендегі Сырымның еске алғаны,— хан тобы патша әкімшілігінің қолтықтауымен күшті деп есептейді дағы, Орынборға Игельстром қайтып келісімен хан тұқымы бұл қолтықтаудан айрылды деп осыған ең алдымен старшиналардың көзін жеткізуге тырысады[2].

---

1 Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 221, 59—60-бет.

2 Жаналы Нуралиев сұлтанның сөзіне қарағанда, Сырым старшиналарға: «Есім ханды өлтіру үшін старшина Қойбасовты көлік беріп жіберген» соғыс губернаторы Игельстром деп жазған және Сырым, старши-

Қаратай, Бөкей және Бегалы сұлтандар, көбінесе, Байұлы әулетінен шыққан бірқатар старшичалармен бірігіп, мынадай хабар береді: Сырым «қырғыздарды өз жағына тартып алуға тырысады, бұларға мен ханды өлтіртеннен кейін Орданың билігі менің қолыма тиді және бұл туралы Маскар руынан Қожақ Аккунанов пен Жанғабыл Шанпаев бәріміз патшаға хабар да беріп койдық деп жүр»[1]. Сырым старшиналарға бірнеше рет хат жіберіп хан тұқымынан кетіңдер деген ұсыныс жасайды.

Сырымның бұл хаты оның старшиналар жөнінде өзінің тактикасын өзгертпегендігін көрсетеді және әулыл ішінде таптық күрестің бұдан былай да дамый беруіне ұмтылмай, старшиналармен келісу жағына қарай ұмтылғандығын көрсетеді. Ру салт-санасы қалдықтарының барып тұрған күшті жағдайларында Сырым бұдан басқа тактика ұстана алмайтын да еді. Патриархтық-рулық салт-сана үстем болып тұрған жағдайда, қалай да болмай қоймайтын мұндай тактика старшиналардың деней көпшілігі хан өкіметін қайта орнатуға көрінеу енсесі ауып тұрғанда Сырымның барлық саяси үміттерінің қалай да болса күйрейтіндігін алдын ала шешіп қояды. Мұның өзі көп ұзамай-ақ көзге түседі.

Есім хан өлтірілген соң біраздан кейін, Байұлы әулетінің сұлтандары және «атақты адамдары» патша әкімшілігіне сөз салып, жаңадан хан тағайындауды өтінеді[2], ал 28 май күні осы сұлтандар мен старшиналар хан етіп Нұралы баласы Қаратай сұлтанды бекіту туралы өтініш жасайды. Мұны Қаратайдың өзі де өтінеді, мұның өтінішін Шоткара, Шорман және Елтай деген сұлтандар да қуаттайды[3]. Өзінің саяси бағытынан айнымаған Сырым атақтылардың хан өкіметін қайта орнатамын деген бет алысына «халық» жыйылысының пікірін қарсы қою-

---

ға Тілептің сөздерін дерек етіп, «өзінің адамдарын жіберіп, сол ханды түнгі уақытта өлтірген» (бұл да сонда, 66-бет).

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 221, 48-бет.

[2] Старшиналардың жазғаны: «Ешім хан өлгеннен кейін біздің Ордамыз бастықсыз қалғандықтан, жоғарғы патша тарапынан құзыр келгенше хан қызметі Бөкей сұлтанға тапсырыла тұрсын деп Шекара істері экспедициясының алдына сөз кіргіздік» дейді (бұл да сонда, 62-бет). Бұл айтылып отырған сөз Шекара істері экспедициясының істерінде сақталып қалмаған.

[3] Бұл да сонда, 53—54-бет.

ға тырысады: ол хан өкіметі жөніндегі мәселені шешу үшін июнь айында старшиналар съезін ұйымдастырмақшы болып талап істейді. Осы мақсатпен Сырым хат жазып, қазақ старшиналарына сөз салады, «өзара кеңес жасап, Россия жаққа жалпы бірауыздан жауап беру үшін және сұлтандардан біреуді хан етуді ерте бастан қамтамасыз ету үшін немесе тіпті қамтамасыз болу үшін қазақтарды ол өз жағына «шақырады». Бұл хатты Сырым Жақсыбай өзенінде болған жыйылыс атынан барлық ұлыстарға жібереді. Сырымға бұл жыйылыста 300дей адам[1] келген.

Бірақ, біздің қолымызға түскен негізгі деректердің айтуына қарасақ, Сырым бүкіл Жүз старшиналарының съезін ұйымдастыра алмаған көрінеді. Ол өзіне көпе-көрнеу қастық пікір ұстанған старшиналардың бір бөлегінің батыл қарсылығына кездеседі[2].

Сырымның тактикасы ру басшыларының күш-қуаттарын біріктіруге емес, қайта старшина тобының жігін ашуға әкеліп соғады. Осы жік ашылудан бұқарадан қорққандықтың белгісі көрінеді және өзінің хан өкіметіне қарсы жүргізген қажырлы, бітіспейтін күресімен ру басшылары алдында «Орда тыныштығын» бұзушы болып шыққан адамды жек көрушілік те көзге түседі.

Хан өкіметі турасындағы мәселе жөнінде жүз ішінде күрестің шиеленіскендігі туралы патша әкімшілігі толық хабар алады. Патша әкімшілігі хан өкіметін тезбе-тез орната қою қауыпты іс деп санайды да, көнімділік шешім жасау жолымен жүз ішінде «тыныштық» орнатуға жетіспекші болып талап істейді. Осы мақсатпен Игельстром 6 июнь күні Шекара істері экспедициясына жаңа хан сайлаудан әзірше тоқтала тұр, ал

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 200, 64-бет — Заит Бакиев деген молданың Шекара істері экспедициясына 1797 жыл, 11 июль күні жазған хаты.

[2] Заит Бакиевтің біз жана ғана келтірген хатында мынадай бір қызықты мәлімет бар: Сырым шақырған жыйылысқа «өлген Ешім ханның балалары, аға-інілері және төленгіттері» бара жатып, бірақ хан партиясын жақтаушы Беріш руының старшинасы Саржал батырдың сөзі бойынша кейін қайтып кеткен. Сонда Саржалдың бұларды қайтуға көндірген дәлелі «егер де сендер бұл жыйылысқа жалпы Орда қоғамысыз баратын болсандар онда сендердің істеріңнен ештеңе өнбейді» дейді.

жүзді басқару ісін Хан кеңесіне тапсыр, хан кеңесі Кіші Қобда өзенінде тұрсын деген ұсыныс жасайды[1].

Хан кеңесі 1797 жылы 8 август күні ашылады, кеңестің соғыс губернаторы тағайындаған составы мынадай: председателі Айшуақ сұлтан, мүшелері: Әлімұлы әулетінен — Сары Шоннай би, Байұлы әулетінен — Сұлтанбек би, Шақшақ би және Жетіру әулетінен — Көшекбай би мен Бітік мырза[2]. Хан кеңесіне патша үкіметінен уәкіл етіліп Мұхаммеджан Хұсаинов мұфти жіберіледі.

Соғыс губернаторы жүзді билеу ісі ханның қолына емес хан кеңсесінің қолына берілуі Сырым тобын жаңа системамен бітістіреді деп үміттенеді. Нұралы тұқымынан шыққан сұлтандарды хан кеңсесіне қатнастырмай тастаудың өзі де осы мақсатты көздеген. Балалары (Жантөре мен Апақ) бір кезде Сырым қозғалысына қатнасқан Айшуақтың кеңес председательдігіне тағайындалғанына Сырым онша қарсы болмайды деп ойлайды Игельстром. Ең ақырында, старшиналардың өздері қайтарылуын талай рет тілеп жүретін Мұхаммеджан Хұсаинов мұфтидің Хан кеңесі жұмысына қатнасуы Сырым тобының жаңа өкімет орнына жөнді көзбен қарауына белгілі түрде кепілдік береді. Оның бержағында, кеңесте ең қарт сұлтанның председательдік етуі, кеңес мүшеліктеріне Сырым қозғалысында көрнекті роль атқармаған старшиналардың тағайындалуы жүзді басқарудың жаңа системасы мен сұлтандар да келіседі деп үміттенуге дерек береді. Бірақ Игельстром өзінің бұл есептерінен қателеседі. Есім өлтірілгеннен кейін Нижнеурал линиясы ауданына топтанып жүрген сұлтандар Хан кеңесі ашылумен қатар Қаратай сұлтанды хан деп жариялайды, әдет бойынша оғы ақ киізге салып көтереді, бірақ халық съезін шақырмайды. Өмір бойы келе жатқан ғұрыпты естіп көрінеу бұзу сұлтандардың өздерін де қынжылтқан көрінеді. Егер де старшиналар жөн көріп, оны танымаса жаңа ханның үкіметі берік болмайтынын бұлар ұғынады. Бұлар хан сайлау жөнін-

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797. іс № 200 118—118-бет.

[2] Бұл дәсонда, 125-бет. Сары Шоннай би — Шекті руынан, Сұлтанбек — Сықылар руынан, Шақшақ — Алаша руынан, Көшекбай Табын руынан, Бітік мырза — Кердері руынан. Хан кеңесіне мүшелікке Игельстром тағайындаған Әлімұлы әулетінің Төртқара руының екінші уәкілі — Боранбай би келмей қалған.

дегі мәселені старшиналар жыйылысына салуға даяр, бірақ «сайлау» шарттары Қаратайдың Хан деп танылуына кепіл боларлықтай жағдайға қойылса екен дейді.

Қаратай сұлтан хандыққа бекітілсе екен деген өтініш 12 августан бастап Шекара істері Экспедициясына көптеп түсе бастайды. Мұндай өтініштер хан тұқымынан шыққан сұлтандардан түседі. Бұған қол қойған сұлтандар: Жәнібек, Шоткара, Үзакалы, Орман, Сығай, Елтай, Қара және Сары, Сықылар, Серкеш, Беріш, Алаша, Байбақты, Шекті руларының бірқатар старшиналарынан да осы сыяқты өтініштер түседі. Старшиналардан барлығы 7 өтініш түседі, бірақ осылардың бәрінің мазмұны дәл бірдей. Осы өтініштің бәрінің тілейтіні: хандыққа Қаратай сұлтан бекітілсе екен және хан сайлауы Орынбордың Айырбас сарайы жанындағы мешітте өткізілсе екен дейді, сонда бұлар ханды сайлау үшін қазақ даласына барудан бас тартады. Тегі, сұлтандар қазақ даласына барсақ хандыққа өз кандидатымызды өткізе алмаймыз деп есептеген көрінеді[1].

Сонымен хан кеңесіне сұлтандар арасында теріс көзбен қараушылық болғандығына кұмануға болмайды және Хан кеңесіне қарсы күреске сұлтандар бірқатар старшиналарды, көбінесе шекара линиясына таяу жерде көшіп жүретін рулардың старшиналарын тартып алады. Хан кеңесінің председателі тіпті Айшуақ сұлтанның өзі де өз қызметінен кетуге тырысады. Бұл жөнде мүфти Игельстромға: ол «21 күнгі (августың — М. В.) хат бойынша маңызды бір жұмысым бар дегенсіп, Табын руының Арал бойын қоныстап жүрген Жәнібек батырына өзбетімен кетіп қалды»[2] — деп хабар береді.

Сөйтіп, патша әкімшілігі тағайындаған старшиналардан құралған бола тұрса да, Хан кеңесі составына қарағанда 21 августан бастап таза ғана старшиналар ұйымы болады. Ал енді старшиналарға келсек, бұлар әуел баста Хан кеңесіне істің артын немен тынар екен дегендей көзбен қарайды. Бұлар Хан

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 200, 85—100-бет. Атап көрсету қажет, осы аталған өтініштердің бәрі тек мазмұн жағынан ғана емес, тіпті сөз құраулары жағынан да дәл бірдей. Мысалы, бәрінің тілектері бір сөзбен айтылған. Бұлар бірінен бірі көшіріліп жазылғандығы немесе бәрін бір адам жазғандығы айқын көрініп тұр. Редакция жөнінен өзгешелігі бары тек Шекті руы старшиналарының өтініші ғана.

[2] Бұл да сонда, 133-бет.

кеңесіне назар салмайды. Бірақ бұл көзқарас тезінен-ақ өзгере бастайды. Старшиналар, ең әуелі біразы болса да, өздерінің даулы мәселелерін шешкізу үшін кеңеске барып отырады, сонда мұндай старшиналардың саны мүфтидің сөзіне қарағанда көбейе берген. «Менің байқауымша,— деп жазады мүфти соғыс губернаторына,— қырғыз-қайсақ Кіші Ордасының бүкіл қоғамы кеңестің құрылуын қанағаттанумен қабылдап отыр, өйткені Кіші Орданың барлық 32 руларының басты-басты старшиналары, билері, батырлары және басқа таңдаулы адамдары кеңеске және маған күнде келіп отырады, бұлардың әрқайсысы аса мейрімді патшаға өздерінің қамын ойлағаны үшін алғыс айтып кетеді»[1]. «Таңдаулы қоғамының» пікірі дәл осындай болғанына сенуге болады. Кеңестің құрылуына старшиналар ең алдымен феодалдық топтардың өзара күресуіне тыйым салатын құрал деп қарайды. Қалай дегенмен де, бұл жөнде мүфти мынадай деп жазған: «адал ойлы қоғам ұлыс-ұлыс болып сөйлесу үшін патшаға өздерінің шын ниетпен қызмет істейтіндігін білдіріп, өздерінің Ордасындағы зұлым адамдарға ілгеріде тыйым салып, бұл жөнде тағы да ант бермекші»[2]. Анырында да, Байұлы әулетінің старшиналары патша әкімшілігіне қарсы күресумен аты шыққан Құлсары және Рысалы деген екі батырды Кеңеске алып барады[3]. Кеңес алдында бұл батырдың айтқаны,— біздің күресті бастаған себебіміз «осы өлкеден генерал Осип Андреевич Игельстром мырза кеткеннен кейін біз бұрыннан Россияға дұрыс ниетпен адал қызмет істегеніміз үшін ешқандай жарылқағанын көре алмадық» деген. Бірақ осы айтылып отырған өзара күресті старшина топтарының күш-қуаттарын біріктіру жолымен тоқтатудың өзі тап күресі қаупына қарсы кепіл болып шыққан. Старшиналардың сенімсіз адамдар, «зұлым» адамдар, дегенін тек барымташы старшиналар деп ойлауға бола қояр ма екен. Мұның бәрі, әрине, старшиналардың Хан кеңесіне жөнді көзбен қарағандығын көрсетеді, Хан кеңесінің составы да, оның тактикасы да оған старшиналардың біздің мұддемізге сай келетін өкімет орны деп қарауына дерек береді.

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды. 1797, іс № 200, 133—133-бет.

[2] Бұл да сонда, 134-бет.

[3] Бұл да сонда, 143-бет.

Старшиналардың күш-қуаттарын біріктіремін деген бет алыс кеңестің Сырым тобына қараған көзқарасынан да көрініп тұр. Хан кеңесінің әрекетінде оның Сырыммен бірлесіп жұмыс істеуге жетісем деген бағыты көзге түседі. Мүфти Мұхаммеджан Хұсаинов 21 август күні Игельстромға: «Ордада ұсталып жатқан россиялық тұтқындарды тауып алып, оларды құтқару үшін Айшуақ сұлтан Сұлтанбек, Шақшақ деген билерді, Сырым батырды қосып 11 август күні кеңес мүшелерін жібереді»[1], деп хабар береді. Хан кеңесі Жиһаншора батыр «қасында 200 адамы бар Россия жаққа зұлымдық істеу пікірімен Ор өзеніне қарай аттаныпты» деген хабар алғанда, кеңес және мүфти «кеңес мүшесі Бітік мырзаны қоныстары сол жерден 25 шақырымдай жерде тұратын Қаракөбек тарханға, Қаражан биге, Айдарбек биге; Қараша биге, Тілеп старшинаға, Сырым батырға және тағы басқаларына жібереді. Бұларға Жиһаншораны ұстап беру арқылы өздерінің Россия империясына ниеттеріңнің дұрыс екендіктерін, адал қызмет істейтіндіктеріңді көрсетіңдер дегенді айтқызады». Кеңестің Сырым тобымен арадағы күресті шиеленістіре бермей, қайта бұл топтың уәкілдерімен келісім жасауға ұмтылғандығы осыдан айқын көрініп тұр. Кеңестің мұндай позиция ұстанатын себебі тек оның құрылысында ғана деуге болмайды. Кеңес составына хан тұқымының тек бір уәкілі ғана, атап айтқанда, Айшуақ сұлтан ғана кіргендігін біз жоғарыда көрдік. Айшуақ — беделі шамалы, қарттығы жеткен, «керек десе жүріп-тұруға жараудан да» қалған адам. Кеңестің бітім іздеген тактикасының күшеюінде мүфти де белгілі роль атқарады. Ол ескіден старшиналар жаққа бейім болып келген адам[2]. Осының бәрі даусыз мәселе, бірақ кеңестің мұндай тактика ұстануы мүмкін болмас еді, егер де Сырым 1797 жылдың күзінде жүз ішінде әжептәуір күшті беделмен пайдаланбаған болса.

Сырымның Хан кеңесіне қандай позиция ұстанғандығы жөнінде негізгі деректегі мәліметтер үзінді-үзінді болып келеді және бірден қарағанда біріне-бірі қайшы келетін де сияқта-

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 200, 135-бет.

[2] Атап айтқанда, мүфти Жиһаншораны ұстау турасындағы мәселе жөнінде кеңес өзінің мүшесін старшиналарға «менің хатым бойынша» жібереді деп жазады. (Бұл да сонда, 145-бет).

жады. Кеңес ұйымдастырылысымен батырдың өзін және оның жақтаушыларын жүзді басқару ісінен тайдырамыз деген талап істеледі. Хан кеңесінің ұйымдастырылғандағы составы Сырымды қанағаттандыра алмайды. Бірақ мұнымен қатар патша үкіметі танып отырған Хан кеңесі сияқты орынның маңызына Сырым жете баға бере алмай да қоя алмайды, мұның үстіне кеңесте деней көпшілік старшиналар болады, ал анығында, кеңеске басшылық істеп отырған Айшуақ емес мүфти Мұхаммеджан Хұсаинов болады, жүзді басқару мәселелеріне мүфтидің қандай көзбен қарайтындығын Сырым әлі де 80-жылдардағы уақыйғалар негізінде бағалай береді.

Өкіметтен тайдырылған Сырым жүздің Оңтүстік ауданарына, Сырдария жаққа көшіп кетуге тиісті болады. Мұнда ол ру басшыларын өз жағына бұрып алуға тырысады. Август айының басында оның талабынан әлі де жөнді ештеңе өнбеген болу керек[1].

Бірақ август айының аяғында Сырымның төңірегіне тек Әлімұлы әулетінің ғана емес, Байұлы әулетінің де беделді бірқатар старшиналарының жыйналғанын көреміз. Ру басшыларының адамдарының осы уәкілдерін өз төңірегіне Сырымның біріктіріп алуына сұлтандардың Қаратайды хан деп жариялауы және бірқатар рулардың, әсіресе, Жетіру әулеті рулары старшиналарының патша үкіметі оны хан деп бекітуіне жетісеміз деген талабы себеп болады, мұны біз ілгеріде көреміз.

---

[1] Шекті руының билері, батырлары және басқа білікті адамдары Шекара істері экспедициясына 1797 жылы 12 август күні берген хабарында мынадай дейді: «біз, жоғарыда айтылған старшиналар, билер және батырлар барлық туысқандарымыз болып патшаға қызмет істеуден жалтармаймыз, бірақ біздің қоғамымыздан Шона Аблаев деген шығып ұры Сырым Датовқа жолдас болып алып, патшаға қарсы қастық істеп жүр» (Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 221, 110-бет). Ішінде Қаратай сұлтанды хандыққа бекіту туралы тілегі бар бұл өтінішке Шекті руының 17 старшинасы қол қойған, мұның ішінде Құдайберген би сияқты беделді старшина да бар. Рас, бұл сөзге көрінеу Сырымға қас болып жүрген старшиналардан шыққан сөз деп сенбеуге болар еді. Бірақ, Шекті руының білікті адамдары Сырымды қолдамағандығы басқа мәліметтерде айтылған, бұл мәліметтерде мұнымен қатар Сырым өзін қолтықтайтындарды шектілер арасынан тапқан деп атап көрсетілген. Мұны айтқандар молда Ғұбайдолла Феткуллин (бұл да сонда, 2-бет), әскер старшинасы Акутин (бұл да сонда, 25-бет), сұлтан Жаналы Нұралиев (бұл да сонда, 35-бет). Рас, бұл куәліктер Сырымды жақтаушылар ретінде Шекті руының бір ғана емес, үш старшинасын атайды. Бірақ Сырымның даңқы шекті руының атақты адамдарының арасында емес, халық бұқарасы арасында күшті болғандығы көрінеу тұр.

Нұралы тұқымынан шыққан сұлтандарды ру басшыларының жек көретіндігі олардың әлі де есінен кетпегендігін Сырымның үгітін пайдаланғандығында сөз жоқ. Көп ұзамай Сырым және оны жақтаушы старшиналар кеңесті хан тобына қарсы күресетін құралға айналдыру жолында талаптанып көреді.

29 август күні Әлімұлы әулетінің старшиналары: тархан Қаракөбек, билер: Башықара, Манаш, Айдарбек, Жанназар Қара Шоннай, Қаражан, Назаркұл, Қараша, Көккөз, Наурызалы, Шүкіралы батыр; Байұлы әулетінен: билер Сасай Бекмамбет, Құлмамбет, Бөдене, Марқаш «екі рудың тағы басқа таңдаулы адамдары, бұлардың қатарында Жетірудың да біраз бөлегі бар», барлығы 1000нан аса адам Сырым бас болып хан кеңесіне келеді, мұнда «кеңестің председателі өз орнына әлі қайтып келмеген аса хұрметті Айшуақ сұлтаннан басқа мүшелерімен бас қосып[1] жүз ішіндегі жағдайды талқыға салады және жүз ішіне бейбітшілік орнату шараларын белгілейді.

Жыйылыстың ең алдымен тағайындағаны, «қырғыз-қайсақ Кіші Ордасы осы 7 жыл ішінде өзара барымтадан, алауыздықтан басқа ешқандай тыныштық көрмеді, осының салдарынан бүкіл Орда әбден бүлініп бітті[2] — дейді.

Бұдан әрі старшиналар жыйылысы «хан жоқ осы уақытта Орда істерін басқару үшін Хан кеңесі құрылғандығына» толық қанағаттанғандықтарын білдіреді. Старшина жыйылысы Хан кеңесінің құрылуына «Осип Андреевич барон Игельстромның... уәкілдігі арқылы аса қайырымды патша оның (яғни Ордаңың — М. В.) қамын ойлағандығы»[3] деп қарайды.

Хан кеңесіне өзімізге жақын тұратын өкімет орны деп қарауға старшина топтарының дерегі болғандығын біз жоғарыда айтып өттік. Біз бұл арада осы ойымызды дәлелдейтін бір төте дерек табамыз. Бірақ старшиналар жыйылысы жүз ішінде тыныштық орнату үшін және «зұлым адамдарды» линияға шабуыл жасаудан тоқтату үшін кеңестің құрылуы жеткілікті емес деп табады. Сондықтан «жыйылыста болғандар Орда ішінде тыныштық орнату, зұлым адамдарды Россия шекара-

---

[1] Муфтидің барон Игельстромға Кіші Қобда өзенінен 1797 жылы 30 август күні берген хабары (Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, іс № 200, 146-бет).

[2] Бұл да сонда.

[3] Бұл да сонда.

жарына шабуыл жасаудан тоқтату және орда ішінде ұсталып жатқан россиялық тұтқындарды Россияға қайтарып жеткізіп беру қолдарынан келеді және бұл іске лайықты адамдар деп бірауыздан Әлімұлы әулетінен Қаракөбек тарханды, Байұлы әулетінен Сырым батырды сайлайды. Сонда бұларға жүктелген жұмыс: бұлардың әркайсысы ілгеріде өз руын бақылап отырады, керек болған кездерде Ордадағы Хан кеңесіне жәрдем көрсетеді, өзара барымта тағы солар сияқты даулы жұмыстарды басқа ешкімге қаратпай бәрін Кеңеске әкеліп тапсырып отырады, өйткені, мұндай мәселелерді қарастырып шешіп отыруға тек Кеңестің ғана правосы бар»[1].

Осыған қоса айтылған сөз, егер де бір ру халық жыйылысының қаулыларына, яғни билер қаулыларына бағынбағандарды «өлтіріп», әдет бойынша, тиісті жазасын беру үшін ұстай алмаса, онда бұл руға басқа бір ру жәрдемдесуге тиісті. Егер де бір наразылық үш рудан бірдей шыға қалса, онда жүз ішінде тыныштық орнату үшін старшиналар өздерінің күш-қуаттарын біріктіруге тиісті[2].

Сонымен, старшиналар жыйылысының Хан кеңесімен бірге алған осы қаулыларынан біз жүз ішінде старшиналар басқаруды қайта орнатудың кең программасын көреміз, бұл басқару системасы 1786—1787 жылдардағы басқару системасынан тек форма жағынан ғана бірнеше өзгеше келген. Өзінің негізгі бет алысын іске асыру үшін, атап айтқанда, өкіметті түгелімен старшина тобының қолына беруге жетісу үшін, Сырым Хан кеңесін ұйымдастыруды мейлінше дұрыс пайдаланады. Осы платформада ол екі рудың көп санды беделді старшиналарын өз төңірегіне тағы да бірлестіріп алады. Россияға қандай көзбен қарау жөніндегі мәселе мына түрде қойылады: Россиямен күреспей, қайта оның жүз ішінде ұсталып жатқан тұтқын адамдарын қайтарып беру жөніндегі мұддесін жөн көру, шекара линиясына шабуыл жасаудың қандай түріне болса да тыйым салу. Старшиналардың айтқанына бағынбағандардың бәрін «өлтіріп жазасын беру» қажет деген сөз өзіне көңіл аударады. Старшиналардың өкіметін нығайту, патша әкімші-

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, іс № 200, 146-бет.

[2] Бұл да сонда, 147-бет.

лігімен бітісіп Россиямен арадағы қатнасты қалпына келтіру, старшиналардың қаулыларына бағынбаймын дегендерге қатаң жаза қолдану — міне, жыйылыс қаулыларының негізгі жолы осындай болған. Бірақ жүзді басқарудың, Сырымның саяси бетіне сондайлық үйлес келетін, бұл системасын старшиналар тек уақытша ғана қабылдайды. Жыйылысқа қатнасқандардың деней көпшілігі бұл системаны Хан өкіметін қайта орнатудан мүлде бас тартқан үшін емес, тек Қаратай сұлтанды хандыққа бекіттірмеу үшін істелген шара деп ойлайды. Жыйылыстағылардың бірі Қара Шоннай би (Әлімұлы әулетінен) «хан сайлау туралы сөз көтергенде» жыйылыс оны даусынан айырып тастайды: «Бізге бұл туралы әлі бұйрық келген жоқ, сондықтан біз сол бұйрықты күтуіміз керек және бұл сенің жұмысың емес деп бүкіл жыйылыс оны сөйлетпей қояды»[1]. Бірақ мұның өзі де хан өкіметі жөніндегі мәселе біржолата шешілді деген сөз емес, дұрысында, бұл мәселенің шешілуі тек кейінге қалдырылған. Сонда мүфти Мұхаммеджан Хұсаинов Игельстромға «менің байқауымша Кіші Орданың қырғыз-қайсақ қоғамы өзіне хан сайлап алуға әжептәуір бейімделіп қалған көрінеді»[2] деп хабар берген. Әзірше старшиналар Қаратай сұлтанды ханлыққа бекітуге батыл түрде қарсы болған. Жыйылыстан кейін «тандаулы адамдар» мүфтиге келіп мынаны айтады: «біз хабар алдық, Оралдың төменгі бойындағы хан тұқымы, бұйрық бойынша ма немесе жоқ па, ол мәлімсіз, әйтеуір Қаратай сұлтанды хан сайлап алып, оны ақ киізге салып қолдарына көтеріпті. Хан тұқымының бұйрық болмай тұрып және қоғаммен келіспей тек жеке өзі ғана хан сайлап алатыны қалай... сондықтан бүкіл қоғам бұған күманданып, наразы бола бастады»[3].

Мүфти «жылы сөйлеп» қоғамды тыныштандыруға тырысады, старшиналарға: «бұл хабар дұрыс бола қояр ма екен, өйткені патша қырғыз-қайсақ халқына қашан да болса мейрімділік істейді ғой»[4] — дейді.

Қаратай сұлтанның ханға сайланғандығын патша әкімшілігінің уәкілі старшиналар алдында бекер етіп көрсеткен пай-

---

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 200, 147-бет.
[2] Бұл да сонда.
[3] Бұл да сонда.
[4] Бұл да сонда.

далы деп есептейді. Сонда мүфтидің бұл жөнде келтірген дәлелі қызық, ол Қаратайды хандыққа сайлау ісінің жүргізілуі мүмкін емес, өйткені барон Игельстром жүзге қашанда өзінің мейрімін түсіріп отырады, дейді, сөйтіп, мүфти Қаратай сұлтанның хандыққа сайлануы старшиналар тобына қарсы істелген қастық акт екендігін жанай мойындап өтеді. Барон Игельстромның өзі де осы көзқараста болды ма екен? Атап көрсету қажет, патшаның Қазақстандағы отаршылдық саясатының бірқатар мәселелері жөнінде мүфти мен соғыс губернаторының арасында толық бірауыздылық болған. Бірақ, әдетте, мүфти өзінің пікірін губернатордың айтқандарына қолайлап отырған. Өзінің старшиналарға берген жауабында Орынбор жоғарғы әкімшілігінің көзқарасын білдірді ме? Мүмкін, солай да болар. Қаратай сұлтанды хандыққа сайлау жөніндегі өтініштердің бірде-біріне «пікір айтылмағандығы»[1] мәлім. Қаратай сұлтан сонымен хандыққа бекітілмей қалған. Хан тобымен бірлесіп жұмыс істеуден бас тарту патша әкімшілігінің есебіне кірмеген: Игельстром «реформасының» сәті түспеуі Сырымның «сенімсіз адам» екендігінің, оның қозғалысы демократияшылдық бағытта екендігінің бетін ашады, — міне, осының бәрі 1786—1787 жылдардың тәжрибесіне қайта соғуды мүмкін етпей тастайды. Старшиналардың 29 августағы жыйылысының қаулылары қандай мағнада екендігі, әрине, патша әкімшілігінен, бүркеулі қала алмайды: генерал-губернатор Пеутлинг тұсынан бері патша әкімшілігі отаршылдық саясат жүргізуде хан тұқымымен бірлесіп жұмыс істеу жолын ұстанған болатын, жыйылыстың қаулылары, міне, осы жолға көрінеу қайшы келген. Октябрь айының өзінде-ақ Игельстромның ел билеуді Хан кеңесінің қолына беру ойынан бас тартып, хан өкіметін қайта орнату жағына қарай бет алғаны бізге кездейсоқ уақыйға сияқтанбайды. Соғыс губернаторының бұл беталысын Хан кеңесінің нашарлығынан болды деп түсіндіру қате болар еді — 1797 жылдың күзіне Кеңес белгілі түрде беделге ие болады, бірақ ол старшиналар өкіметінің орнына айналып кетеді, сондықтан ол патша үкіметі үшін ұнамды болмайды. Дегенмен, жүз ішінде хан өкіметін қайта орнатқанда, Игельстром хандыққа Қаратай

---

1 Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 200, 117-бет

сұлтанды тағайындамай, Айшуақ сұлтанды тағайындайды. Сөз жоқ, Қаратай сұлтанның кандидатурасының өтпей қалу себебі патша әкімшілігі үшін хандыққа беделді сұлтанды өткізу ұнамсыз болған. Айшуақ сұлтанды хандыққа тағайындағанда соғыс губернаторы осы пікірді қолдана қойды ма екен, өйткені старшиналардың арасынан «таңдаулы адамдар» Кіші Қобда өзенінде мүфтиге ашықтан-ашық өтініш жасағаннан кейін, Қаратайдың хандыққа бекітілуі өзара күрестің тағы да шиеленісе түсу қаупын туғызар еді.

Жаңа хан 16 октябрь күні Орынбор маңындағы Айырбас сарайында «сайланады», ал 31 октябрь күні Айшуақ хандыққа да бекітіліп қояды[1].

Патша үкіметінің бұл бет алысы Сырым тобының жүз ішіндегі жағдайын кенет өзгертіп жібереді. Хан үкіметінің қайта орнатылуы ру басшыларының басым көпшілігінің тілектеріне үйлес келеді. Мұнымен қатар Айшуақтың кандидатурасы старшиналар көзімен қарағанда, Нұралы балаларының кандидатурасындай болмайды. Мұның үстіне, билеп келген тұқымның ең үлкен жасты уәкілі ретінде Айшуақ әдет бойынша, хан тағына отыруға басқадан гөрі правосы үлкенірек болады. Хандыққа сайланғанда оның қарттығы әбден жеткен болатын. Айшуақ жүз тіршілігінде шешуші роль атқара алмайды, ол мұның үстіне Нұралы тұқымынан шыққан сұлтандардың әжептәуір тобы өзімді қолтықтайды деп есептей алмайды, өйткені Нұралы тұқымдары хандыққа Айшуақ сайланып, біз ескерусіз қалдық деп жүрген. Сонымен, хандыққа Айшуақтың тағайындалуы патша әкімшілігінің Қаратайды хан деп танудан бас тартқандығын көрсетеді, сөйтіп, Сырымның 1797 жылы август айында старшиналардың әжептәуір тобын өз төңірегіне жинап алуына себеп болған негіз енді біржолата жойылған. Өз руынан айрылып, жаңа ханның тағайындалуын жайбарақат қабыл алған Әлімұлы әулетінің ру басшыларынан жәрдем көре алмай, Қаратай бастатқан сұлтандар соңына түсіп Сырым сол 1797 жылы Хиуа хандығының жеріне көшіп кетеді. Оның бұдан былайғы тағдыры не болғандығы туралы орталық архивтарда

[1] Чкалов облыстық архивы, Шекара істері экспедициясының фонды, 1797, іс № 200, 149 және 150-б. А. Левшиннің, Л. Мейердің, А. Рязановтың Айшуақ хандыққа сайланғаннан кейін тек бір жылдан кейін барып қана хандыққа бекітілді дегендері ақыйқатқа үйлес келмейді.

да, Чкалов архивтарында да ешқандай мәліметтер сақталып қалмаған. Қаратай сұлтанмен шайқасқан жолының бірінде ол қаза тауыпты деген ұзынқұлақ хабар ғана болған. Бірақ халық аңыздары Сырымды сұлтандар Хиуада улатып өлтіріпті дегенді айтады[1]. Сырымның өлімі жөніндегі бір ғана документті мәлімет Я. Гавердовскийдің запискасында бар, 1803 жылдың жазғытұрымында қазақ даласында оның керуені таланған. Туыстарының өлгеніне жыл толғанда қазақтардың беретін асын суреттей келіп Гавердовский мынадай деп жазады: «осының қаншалық шығынға ұшыратындығын түсіндіру үшін біз қазақ даласына келіп кірерден бірнеше ай бұрын қайтыс болған Сырым батырға берілген асты мысалға келтіреміз»[2]. Гавердовскийдің керуені қазақ даласына 1803 жылдың февраль айында келіп кірген, демек, Сырым 1802 жылы каза тапты десек дұрысырақ болар, бірақ қандай жағдайларда каза тапты — ол мәлімсіз. Қалай дегенмен де, Қазақстан тіршілігінде оның 1797 жылдың күзінен бастап қоғамдық белсенді роль атқармағандығында күман жоқ.

---

[1] Қазақстанды зерттеу қоғамының еңбектері. Тарих және этнография бөлімі, VII, 2-басылып шығуы, 16-беті, С. Мұқанов. Батыр Сырым Литературн. Казакстан № 5 ,1940. ҚазССР ОМТА, 544 фонды, іс № 227, 6-бет.

[2] Я. Гавердовский. Жоғарыда айтылған қолжазбасы, 95-бет,

ЖЫЙНАҚТАУ

Сырым Хиуа хандығының жеріне көшіп кеткеннен кейін де ол бастаған қозғалыстың жаңғырығы Кішіжүз ішінен бірсыпыра уақытқа шейін арылмайды. Мысалы, халықтың біріне бірі байланыспаған ұсақтаған көтерілістері бола береді. Енді біріктіруші орталығы жоқ бұл көтерілістерден Сырым қозғалысындағыдай саяси мақсаттарды байқауға болмайды. Бұл халықтың неғұрлым белсенді бөлегінің отаршылдық қанауға және феодалдық зорлықтарға білдірген қарсылықтарының бытыранды түрлері, сонда отаршылдық қанау мен феодалдық зорлықтар Сырым батыр саяси өмірден кеткеннен кейін күшейе түскен. Сұлтандарға да, старшиналарға да қарсы бағытталған халық қозғалысының жаңғырықтары Орынбор соғыс губернаторы князь Г. С. Волконскийдің 1804 жылы берген хабарынан да сезіліп тұр. Ол мынадай деп жазған: «нашарларға қысым көрсетіп, оларды ашықтан-ашық талқандайтындар күш-қуаты аскан ру басшылары, бұл карапайым қазақтар арасынан шыққан серілер, ел ішінде батыр деген аттары жайылған... осылар өздеріне қараған қырғыздарды ертіп алып көрнеу зорлық істеп талан-тараж жасайды, бұлар бүкіл халықтың заңды басшылары — билерге, сұлтандарға және ханның өзіне бағынбауы былай тұрсын, қайта солардың өздерінің зәресін ұшырып, кейде тіпті шауып-шаншып, талап та кетеді. Осылардың бейбастақтарынан адамдары көп нелер бай ауылдар әлсіреп, кейбіреулерінің, керек десе, құрып кеткендері де

бар»[1]. Күрестің осы таптық сыйпатын тағы басқа мына бір материалдардан байқауға болады: «малы қыстан аман шыққан қырғыздар, енді біздің арамызда тыныштық бола қоймас, өйткені малынан айрылған қырғыздар жаппай ұрлыққа кірісіп адам айтқысыз бассыздық істейді ғой деп қорқады»[2]. Старшиналардың кедей қазақтардан қандайлық қорыққандығын осы айтылғандардан білуге болады.

Халық бүқарасы көтерілісінің таптық сыйпаты орыс материалдарынан емес қазақ феодалдарынан шыққан документтерден бұдан да гөрі айқынырақ көрінеді. Бұлардан біз «басынғандықты және ұрлықты істейтіндер көбінесе коныс таба алмай сандалып жүрген кедей қырғыздар» деп ашық айтылған сөздерді кездестіреміз.

Күресуші күштердің тапқа жіктелуге бейімделгенін біз жоғарыда атап көрсеттік және мұның өзі қозғалыстың дамуына қарай барған сайын да айқын көзге түседі. Міне, осы жіктелуді Сырым өлгеннен кейін де байқауға болады. Халық бүкарасының көтерілісі жеке-жеке, бет-бетімен жүргізілуіне және жүздің саяси өмірін осылардың белгілемеуіне қарамастан, сұлтандар мен ру атақты адамдары халық күресінің осы ақтық жанғырығын күртуға асығады. Жүз ішін «бітістіру» жолы феодалдық таптардың күш-қуатын біріктіруде деп біледі олар. Осы біріктіруге жетісем деу үстінде ру білікті адамдарының таптық пішіні, бұлардың халыққа мейлінше жау екендігі күннен күнге айқынырақ көзге түседі, мұны Сырым батыр жеріне жете аңғара алмайды.

Феодалдардың күштерін біріктіру жолында істелген талаптың бірі, 1803 жылы, яғни Сырым өлген соң бір жылдан кейін, Орынбор қасындағы Айырбас сарайы маңында старшиналар арасында жасалған «Ант». Бұл «Ант» мұнымен қатар феодалдық реакцияның «программасы» болған. Осы «Анттың» маңызды жері, жүздің саяси өмірінде оның ірі роль атқаруында емес. Бұл болған жоқ. Бірақ осы «Анттан» атақты феодалдың

---

[1] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы. іс № 558, 183-бет.
[2] ЛОМТА, билеуші сенат фонды, генерал-прокурор қанқ. 1797, іс № 102, 26-бет.

ніқірі, олардың саяси «*credo*» сы айқын көзге түседі. Сондықтан бұл «Антқа» толығырақ тоқталып өтуге тұрады.

«Антқа», әрине, барлық феодалдардың «жалпы» келіскен ісі деп қарауға болмайды. Антқа қол қойған старшиналар арасынан біз Сырым қозғалысы жылдарында жүз ішінде басшы роль атқарған бірқатар старшиналарды кездестіре алмаймыз[1]. Мұнда Көккөз бидің де, Қаракөбектің де, Тіленшінің де, Бөдене бидің де, Қаратау бидің де және басқа старшиналардың да аттары жоқ. Осы старшиналардың «Антқа» қандай көзбен қарағандығы туралы біз ештеңе білмейміз, бірақ бұлардың кейбіреулері туралы Сырым қозғалысы жылдарында білетінімізге қарап, осы топтағылардың көбі «Ант» ережелеріне қол қояр еді деп ұйғара аламыз.

1803 жылғы «Анттың» ең алдымен көздеген мақсаты — үстем болып жүрген феодалдық таптардың орыс үкіметімен және жергілікті әкімшілікпен белгілі түрде қарым-қатнас жасауы. Жасағанда жүздің ішкі істеріне араласпау негізінде (Сырым осыған жетісуге тырысқан) емес, Патша өкіметтеріне тізе бүгу негізінде жасау. Бұл жөнде көзге түсетін іс, қазақтардың тартып алынған малдарын және бекіністе тұтқында жатқан адамдарын қайтару туралы «Ант» патша әкімшілігі алдына ешқандай талап қоймайды. Ол осындай тартып алу, зорлық істеулерді тек айтып қана өтеді дағы, бірден «орай» барымта жөніндегі мәселеге көшіп кетеді. «Ұрланған малдарымыздың орайына башқұрт қауымдарының, Орал казак-орыстарының шекарадағы тағы басқа бекіністердің малдарын ұрламақшы болғанда, содан біздің ата-бабамыз не пайда тапты, біз өзіміз не пайда таптық? — Әрине, ештеңе тапқамыз жоқ. Қайта, осының өзі ел-жұртымыздың берекесін кетіруге себеп болды»[2].

Осы жағдайды ұғыну және оған баға беру үшін атап көрсететін мәселе, бұл жағдай, шынында, қазақ ауылдарын азды-

---

[1] Антқа қол қойғандар: Айшуақ хан, Қара Мұхаммеджан Шерғазы сұлтан, (Айшуақ ұлы), Тердалы сұлтан, Мұсылман би, Күшікбай би, Байдас би, Алғазы сұлтан, Боранбай мырза, Төрке би, Шөкей би, Серке би, Сағыр батыр, Аманбай старшина, Жаназар би, Қаражігіт би, Шүкіралы тарқан, Кенкібай би, Достан би, Мырза (Мырзалы би ұлы), Қонақбай би, Майлұш би.

[2] ЛОМТА, орындаушы полиция департаменті, 1805, іс № 4, 161-бет.

рып-тоздырған орай барымтадан жүр ғана бас тартып қойғанды көрсетпейді.

Старшиналардың бұл айтқан сөзінің мағнасы сол, — күрестің қандай түрінен болса да, керек десе, тіпті қарсылық білдіруден де бас тарту жолымен патша отрядтарының қазақ ауылдарына шабуыл жасауын тыю еді.

Феодалдардың өзара жасасқан «Антындағы» жаңалық, міне, осы болатын. Патша әкімшілігінің және Орал әскері старшинасының зорлықтарына жауап шара ретінде қазақ даласынан өткен керуендерге шабуыл жасалуын старшиналар әлгі сыяқты сөгеді.

Қазақтар мен шекара әкімшілігі арасындағы барлық даулы мәселелердің шешуін старшиналар бір немесе екі орыс чиновниктерінің қарауына беруге келіседі, бұлардың тек қана өтінгені, «жәбір көрген жақтар осы чиновниктердің бақылауымен қанағаттанып отыруы үшін»[1] сол чиновниктерді өзіміз сайлап алуымызға рұқсат берілсе екен дейді.

Бірақ мұның өзі мәселенің тек бір жағы ғана еді. Патша әкімшілігімен арада белгілі түрде берік, тұрақты қарым-қатнас жасауға жетісу үстіне, феодалдар табы ішінде бірауыздылыққа жетісуде қажет екендігін «Антқа» қол қойған феодалдар ұғынады. Әңгіме сол феодалдар күш-қуаттарын бірлестіру жөнінде болады. Рас, «Ант» үнемі «жұрт бірлігін» әңгіме қылады, бірақ осы бірлікті старшиналар мен сұлтандар тек феодалдық көзқараспен ұғынады. Бірлік старшиналар мен сұлтандардың бәрінің ханға вассалдық қарым-қатнаста болуы арқылы іске асуға тиіс, деп есептеледі [2].

---

[1] ЛОМТА, орындаушы полиция департаменті, 1805, іс № 4, 162-бет.

[2] «Антты» жасап, оны ханның қолына тапсырып старшиналар былай деп жазады: «тыныштық және бейбітшілік орнату үшін қолдарымызды қойып осы жасаған антымызды, жоғары дәрежелі хан, сіздің қарауыныза береміз және сізден қатты өтінетініміз — біздің осы антымызды жоғарғы үкімет орнына бекіту үшін жіберсеңіз екен». Хан «Антты» мынадай түрде бекітеді: «Мен, Айшуақ хан, өзіме қарайтын Кішіжүздің барлық руларындағы қырғыз-қайсақ қоғамдарының сұлтандары, старшиналары, билері халқымыздың мүддесін көздеп жасаған осы антты қарап, оны орынды, дұрыс, пайдалы деп таптым және бұлардың осы ісін толық мақұлдап, өзімнің мөрімді бастым» (ЛОМТА, орындаушы полиция департаменті, 1805, іс № 4, 164-бет). Әрине мұның бәрі хан мен оның вассалдарының арасындағы қарым-қатнастардың қандай болғандығын мүлде сыйпаттамайды. Хан еркімен феодалдар мүлде санаспаған. Бірақ «Ант» алудың осы «заңды» жағы қазақ жұрты бірлігінің старшиналар ойлаған формасын ұғыну үшін қажеті бар.

Егер де феодалдардың басын қосып, олардың бірлік түтқасы феодалдық өкіметтің ең жоғары деген уәкілі хан болады делінсе, ал феодалдық-тәуелді халық бұқарасы жөніндегі бірлікті осыларды феодалдардың қарауына бағындыру жолымен іске асыруға болады деп ойлаған «Антқа» қол қоюшылар.

Халық бұқарасын қанауға бет алған ықпал «Анттың», әсіресе, экономикалық күйреуден шығу жөнінде айтылған ережесінде айқын көзге түседі. «Толып жатқан кедейлер,— делінген «Антта»,— шекара маңында шұбап жүріп, өздерінің мұқтаждығы салдарынан ұрлыққа әдеттеніп алатын болғандықтан, біздің, жоғары дәрежелі хан, сізден сұрайық дегеніміз, осы кедейлерді бытыратып ауыл-ауылға беріп, өздеріне бір жұмыс істетіп қойсаңыз екен»[1]. Бұл арада ауылдың ауызға алынуы бізді қателестірмеуге тиіс, бостандықты қауым ретінде ауыл әлдеқашан жоқ болған. Енді феодалдық-тәуелді ауыл ғана бар еді. Ханның құзыры бойынша қазақтардың ауыл-ауылға бөлініп берілуі қауым бірлігінің әбден азып-тозып болған жағдайына іске асырылады. Осы бөлу, мұнымен қатар, халықтың кедей тартқан тобының тәуелділігі тағы да өсе түскендігін көрсетеді. «Ант» бұларға ханның құзыры бойынша, яғни экономикадан тыс еріксіз көндіру негізінде, жұмыс істеуді ұйғарады. Қалай дегенмен де, общиналардың бостандықты мүшелерін басқа қауымдар арасына бөліп беру жөнінде бұрын тіпті мәселе қозғауға да болмаған. Сөйтіп, шаруашылық күйзелуінен және қоғамдық анархиядан шығуды старшиналар феодалдық қарым-қатнастарды терендете түсу жолы арқылы белгілейді. «Ант» қаулыларының нақтылы түрде іске асырылатындығы феодалдардың күш біріктіруімен қамтамасыз етілген[2]. Бірақ «Ант» қаулыларының тағы бір жағы бар, ол — патриархтық-рулық қауым формаларының тіпті ескі форма екендігін феодалдардың өздерінің мойындауы. Шаруашылық жөнінен қатты мұқтаждыққа ұшыраған кезде қауым мүшесі енді өз руы

---

[1] ЛОМТА, орындаушы полиция департаменті, 1805, іс № 4, 163-бет.

[2] Старшиналар, «біздің осы кепіл болуымызға қарай» әркім біздің қаулыларымыздан шықпауға тиіс деп жазған.

ішінен көмек таба алмайтын болған. Ол еріксіз түрде басқа бір ауылдарға тұрақтандырылып отырған.

Мысалы, қоғамдық күрес даму үстінде феодалдардың еркіне қарамастан, патриархтық-рулық қауымның таптық негізінің беті ашылып отырады. Сол кезде мұндай қауымның құлайтын уақыты әлі де алыс болатын, бірақ бұл оның халық санасынан ажырауы жолында ілгері басылған бір адым еді.

«Анттың» төте мақсаты — феодалдардың күш-қуатын біріктіру — орындалмайды. «Ант» феодалдардың тек қана өз тап мүдделері негізінде қазақ мемлекеттігі элементтерін нығайтамын деген талабы болып шығады. Бірақ, қауымға қыспақ жасап, оны саяси өмірден оқшау қалдырып, «Ант» тек феодалдардың өзара күресінің дамуы үшін жағдай туғызады. XIX ғасырдың дәл бірінші 10 жылдығында феодалдық соғыстардың Кішіжүзде ерекше құлаш жаюы кездейсоқ уақыйға емес. Сыртынан қарағанда, көбінесе барымтаға ұқсаған, бұл феодалдық соғыстар жүздің қоғамдық және шаруашылық өмірінің іргесін мүлде шайқап бітіреді, қазақ қоғамын саяси және экономика жөнінен бұрын болып көрмеген түрде төмендетіп тастайды.

Халықтың апатқа ұшырауы бастан асады. «Басқалар тарапынан жасалған барымта біздің сүйегімізден етімізді тіліп алып отырғанын, ал өз ішімізде өзіміз істеп отырған барымта өкпе-бауыр, жүрегімізді жаралап отырғанын көрмей отырмыз ба, — деп жазған старшиналар, — «Антта». Өз арамызда, шекара линиясында, бекіністерде қайыр сұрап халқымыздың қаңғып жүргені осыдан болып отыр емес пе? Ал кейбіреулеріміз әбден әліміз біткен соң өз балаларымызды құлдыққа сатып жүр емеспіз бе? Және малымыздың жартысынан көбінен айрылғанымыз бекер ме?»[1].

Бұл боска айтылған сөз емес, жүздің нағыз халін суреттеген сөз[2].

---

[1] ЛОМТА, орындаушы полиция департаменті, 1805, іс № 4, 162-бет.

[2] Тек бір мәселе жөнінде ғана старшиналар ақыйқатты бұрмалаған. Өйткені, олар бұл арада халық мүдделерін қорғаушылар болып көрінуге тырысады. Ал, анығында, бұлар кедей бұқараның қамын ойлаудан гөрі,

Халықтың күйзелуі, мал шаруашылығының шағындалуы старшиналар үндеуінде асырып айтылмаған. Шаруашылық жағынан жүздің өте төмендеп кеткендігін дәлелдерліктей біздің тағы да бірқатар мәліметтер бар, бұлар әртүрлі негізгі деректерден алынған. «Осыдан бірнеше жылдар бұрын қырғыз ауылдарының көп ауылдары, керек десе, кейбір көп елді рулары ұшыраған зор кедейшілік жылдан жылға асып барады»[1],— деп жазады Орынбор таможнясының бастығы Величко.

Граф И. Потоцкий ішкі істер министрі В. П. Кочубейге қазақ ауылдарының халі туралы мынадай деп жазған: «бұлардың осы кедейшілігі бастарынан асып, күннен күнге соры қайнауда. Үйлері жақсы ақ киізбен жабылудың орнына, шоқпытталған жыртық құрыммен жабулы. Қырғыздардың өздері жалпы-жалаңаш жүр, өңбенінен өтетін суық жел бұларды дертке шалдықтыруда, бұл дерттер сонша қауыпты болмағанмен де, толып жатқан үй-іштері шалдығады, сонда бұлар тезінен барлық меншікті мүлкінен айрылады»[2]. Ортажүздің батыстағы қоныстарында да, Тройцк бекінісінің ауданындағы халықтардың хал-жағдайы да бұдан тәуір болмаған[3].

Мал шаруашылығының төмендігі сондай, бұған тіпті, патша әкімшілігінің өзі тынышсыздана бастайды. Соғыс губернаторы Г. С. Волконский 1804 жылы феодалдық соғыстардың салдары

қайта, сол бұқарадан қорқа түскен. Бұл жөнде Орынбор таможнясының бастығы Величконың бір ескертуі өте қызықты, ол былай дейді: «өздерінің сотқарлығы салдарынан зиянды болғандықтан, бұлардың кедейлігіне аяныш білдіруге тұрмайды, бұларды (кедейлерді, — М. В.) қырғыздардың өздері жек көретіндігі сондай, сұлтандар мен ру басшыларының осыларды россиялық басшық өз шекарасына көшіріп алып кедейшілікті жойса екен және бұл сорлыларды бір пайдалы іске жұмсаса екен деп отырғандарын мен талай қайтара естідім» (ЛОМТА, Мемлекеттік мүлік министрлігі алдында болған мекемелер, Литер А. 1805, іс № 2954, 33-бет).

[1] Бұл да сонда, 34-бет.

[2] Бұл да сонда, 50-бет.

[3] Тройцк таможнясының берген рапорттарының бірінен мынаны оқыймыз: «Кішіжүздің әртүрлі руларының осындағы шекара маңында жүретін қырғыз-қайсақтарының кедейленгендігі сондай, — бәрінің еттері жарылған, тырдай жалаңаш, еркек-әйел бар балаларымен, туысқан туғандарымен бекіністерден қайыр сұрап, сандалып жүр, бұлардың осы халін көргенде жанын ашыйды». 1811—1812 жылдарға тиісті осы сыяқты мәліметтерді Г. Броневский де айтады. Записки, Отечественные записки, № 121, 1830, 166-бет.

туралы 1804 жылы мынадай деп жазған: «Мемлекет мүддесіне де қатысы бар бұдан келетін ең басты зиян бүкіл қазақ даласында мал шаруашылығының көзге түсерліктей болып қатты кемуі. Біздің өндірісіміздің енді әдейі әлсіретілген осы саласы егер де тезінен тыныштық шаралар қолданылып түзетілмесе бұдан әрі тағы да күйрей түседі, сонда мұның орны қалпына келе қояр ма екен»[1]. Осы қатты күйзелудің бұл түріне қоса айта кететін өте бір маңызды мәселе,— ел күйзеліп бүлінгенде жаппай күйзелмеген. Әрине, шабуылдардың жасалуы, феодалдық соғыстардың өсуі кейбір феодалдарды күйзелтуі мүмкін және анығында, күйзелткені де рас, бірақ бұлардың неғұрлым беделділері және күшті қуаттылары халық басына түскен ауыртпалықты пайдаланып байып кетеді. Мұның мүмкін бола түсетін тағы бір себебі, еңбек етіп өтейтін рентаның өзіндік формалары (бұл форманы Георгий суреттеп өткен — жоғарыда II тарауды қараңыз) билер мен сұлтандарға мейлінше «заңды» дерек бойынша өз малының басын кедейлер малының есебіне қалпына келтіріп алуларына мүмкіншілік береді. Қазақтар арасындағы осы терең жіктелуді старшиналар да өздерінің «Антында» атап көрсеткен. «Жылқыны бұрынғы заманда-ғыдай-ақ кімнің көптеп сатып отырғандығын біздің көзіміз көрмей отыр ма? Бұрын жақсы ат мініп көп жылқы айдағандардың осы күні өгізге мініп немесе жаяу жүргенін көрмей отырмыз ба»[2] — деп жазады бұл старшиналар.

Феодалдық анархия бүкіл Кішіжүзге емес тек Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандарды билеуіндегі аудандарды ғана қамтыйды. 1815 жылға шейін Абылғазы сұлтан билеген оңтүстік-шығыс аудандар солтүстік-батыс аудандардың саяси өмірінен тысқары патриархтық-феодалдық мемлекеттіктің үйреншікті жағдайларында өмір сүре береді. Сырым Кішіжүздің негізгі феодалдық елдерінің саяси жөннен оқшау қалуын жоюға тырысқан, бірақ сол оқшаулық кемімей, қайта тереңдей түседі. Мұның үстіне XVIII ғасырда Нұралы хандығына қарағаң ел қоныстарының шеңберінде феодалдық елдердің екі жікке бөлінуі көрінеу көзге түсе бастайды: оның бірі Айшуақ

---

[1] ТИЛБ, граф Воронцовтардың жыйнағы, іс № 558, 180-бет.
[2] ЛОМТА, Орындаушы полиция департаменті, 1805, іс № 4, 162-бет.

тұқымынан шыққан сұлтандарға қараған феодалдық елдер, бұл сұлтандар өздеріне негізгі тіректі Жетіру әулетінен тапқан, екіншісі Нұралы тұқымынан шыққан сұлтандарға қараған феодалдық елдер, бұл сұлтандар, көбінесе, Байұлы әулетіне арқа сүйеген. Осы екі топтың жікке бөлінуі феодалдық өштескен тартысқа әкеліп соғады. Феодалдық соғыстардың қара-түнегінде, қалай дегенмен де, бұлардың негізгі сыйпаты ашық көзге түседі: ол Айшуақ тобы мен Нұралы тұқымдарының өкімет үшін күресуі. Хан атағы Айшуақ қолына беріліп жәбір көрген Нұралы тұқымы Жүз ішіндегі өкіметті өз қолына алу үшін қатты күреседі. Бұл топ өзарасынан Қаратай сұлтанды көсем етіп алға ұстайды. Қаратай сұлтан барып тұрған бақ-құмар адам. Бірақ Қаратай сұлтанның қозғалысы ұлт бостандығының күресі болмай шығады. XIX ғасырдың алғашқы 15 жылдығында жүздің саяси тіршілігі осы Қаратай сұлтан бастаған қозғалыс үстінде өтеді. Бұл қозғалыс әдеттегі феодалдық күрес еді. Мақсаты орындалып, Қаратай өкіметті қолына алғанда, ол енді Россия патшалығының жауы емес, оның берілген қызметкері болып шығады[1].

Феодалдық топтардың күресі жер мәселесін шешуде де із қалдырған. Қазақ малын Қаленов форпосты мен Индер таулары бекінісінің арасындағы ауданмен айдап өту правосына шек қойылуы Байұлы әулеті қауымдарының жерге мұқтаждығын кенет арттыра түседі. Нұралы балаларының бірі Бөкей сұлтан (Кішіжүзде хан атағын алуға мұның ешқандай орайы болмаған) патша Павел I ге сөз салып, өзіне қараған қауымдарын алып «өмір бойы сонда тұру үшін» Нарын құмдарына қоныс аударуға рұқсат сұрайды. Бұл Орал мен Еділ арасындағы жерлерді қазақ қонысына пайдалану жөніндегі мәселенің

---

[1] Қаратайдың қозғалысына осылай баға беруді мен басқа бір жерде деректегенмін, «Қазақ ССР тарихы жөніндегі очерктерді» қараңыз, 218—222-бет. А. Ф. Рязановтың бұл қозғалысқа ұлт-бостандығы жолындағы халық күресі деп баға беруімен келісуге болмайды (Рязановтың «сұлтан Қаратай Нұралиев» деген мақаласын қараңыз. Советская Киргизия, № 7—8, 1925, және «40 жылдық күрес»). Рас, 1805—1807 және 1812—1815 жылдары ол өзі бастаған қозғалысқа халық бұқарасын кең түрде тартып ала білген, бірақ мұны оның күресінің мақсаттарымен түсіндіруге болмайды, оның қозғалысына халық бұқарасының қатнасатын себебі, күрестің соққысы патшаға шындай берілген хандарға қарсы, атап айтқанда, Айшуақтың балалары Жантөре мен Шерғазыға қарсы бағытталған.

жаңадан қойылған түрі еді: Сырым қысқы уақытқа көшіп баруға право алу үшін тырысқан. Жаз шығысымен ауылдар Орал сыртындағы далаға қайтып келеді. «Ішкі жақ» жерлерін осы жолмен пайдаланғанда қазақтардың жер пайдалануы жүзді саяси жағынан бытыратпай-ақ кеңей түседі. Ал «өмір бойы сонда тұру үшін» қоныс аудару осы сияқты саяси жөннен бытырауға бастаған. Нарын құмдарында жаңадан хандық құрамын деген үмітпен Бөкей де осыған жетісуге ұмтылған. Сөйтіп ол өз мақсатына жетеді. Патша үкіметі қазақтардың Нарын құмдарына қысқы уақытта мал айдап өтуіне барынша бөгет жасап отырады да, Бөкейдің өтінішіне бар ынтасымен көңіл қояды. 1801 жылғы 11 март күні патша рескриптмен сұлтанның өтініші қанағаттандырылады, ал 1812 жылы патша үкіметі Бөкейді жаңадан құрылған Ішкі Орданың яғни Бөкей Ордасының ханы деп ресми түрде таныйды.

Ішкі Орданың құрылуы Кішіжүздің саяси жөнінен ажырауының бір кезеңі болып, оның мемлекеттік жөнінен құлауын тереңдетіп қана қоймай, Кішіорданың құрылуы, мұның үстіне, Оралдың арғы жағындағы далаларда қалған қазақтар үшін шаруашылық қыйыншылықтарды күшейтеді, өйткені бұлар «Ішкі жақтағы» қысқы мал жайылысынан енді айрылады. Сырым батыр шешемін деген анадағы екі мәселе: қазақ мемлекеттігін құру және мал жайылысын кеңейту мәселелері Сырымның қозғалысы басылғаннан кейін шешілмей қалуы былай тұрсын, мұның үстіне XIX ғасырдың алғашқы екі он жылдықтарында жер қысандығы өсіп кетеді[1], қазақ мемлекеттігінің ажырауы да тереңдей түседі. Қазақ халқының саяси тәуелсіздігін жою үшін өте қолайлы жағдайлар туады. Осы жылдарда қазақтарға қарсы бағытталған агрессия империя тарапынан ғана емес, мұнымен қатар Қоқан және Хиуа хандықтары тарапынан да күшеюі кездейсоқ уақыйға емес. Осы агрессияның іздегеніне жету себептерін орта азиялық хандықтардың күшейгендігімен

---

[1] Патша үкіметі Ішкі Орда қауымдарына берген жерлерді қазақ феодалдары көп ұзатпай-ақ қолма-қол талап алады. Общиналық жерлердің талап алынуы мұнда жерге феодалдық жеке меншіктің құрылуының бір формасы болады. Қауымдық жерлерді заңсыз иеленіп кету, әсіресе, Бөкейдің баласы Жангір ханның тұсында кең етек алады. (Бұл туралы В. Шахматовтың Бөкей Ордасындағы жер мәселесін қараңыз. Ғылым Академиясы Қазақ филиалының Известиялары, тарих сериясы, 1-басылып шығуы, Алматы, 1940).

ғана түсіндіруге болмайды, мұнымен қатар саяси жағынан аяғындап, бұрын болып көрмеген шаруашылық күйзелуді басынан кешірген Қішіжүздің ішкі әлсіздігімен де түсіндіру керек[1].

1809 жылы Қоқанда хан сарайының переворотты болады, осының нәтижесінде өкімет Әлім ханның інісі Омардың қолына көшеді. Омардың тұсында Қоқанның әмірі Шығысқа шейін жайылған. Қоқан бекіністерінің линиясы Алматыға шейін созылып жатады. Омардың тұсында Қоқан агрессиясы Қішіжүз қоныстарына қарай да бет алады. 1817 жылы хан Омар Ақмешіт (осы күнгі Қызылорда) бекінісін орнатқаннан кейін, Қоқанның әкімі Қішіжүздің осы аудандағы жерлеріне де жайылады. Ұлыжүздегідей Қішіжүз қазақтарына да зекет және қаржы салынады[2].

Қазақтар Қоқанның тұпа-тура талауына да ұшырайды. Хан Омар «сондағы көшпелілерді талау үшін Дешти-Қыпшаққа қарсы Сеит Құлбекті жібереді»[3] деген мәліметтер сақталып келген. Мұхаммед-Рахым ханның тұсында да қазақ жерлеріне қарсы Хиуаның күшті агрессия жасағандығын атап көрсету керек. Мұхаммед-Рахымның әскерлері Сырдария ауданында көшіп жүрген қазақ ауылдарының 1812—1816 және 1820 жылдары үш қайтара талқанын шығарады. Сонда бұл талаулар қазақ ауылдарына мүлік жөнінен зиян келтірумен ғана тыныш қоймайды. Мұхаммед-Рахым өзіне жергілікті қазақ атақтыла-

---

[1] Орта азиялық хандықтардың агрессиясы ең баста Ұлыжүз жаққа қарай бағытталған. XVIII ғасырдың аяқ кезінің өзінде-ақ бұл жүздің қазақтары Ташкент билеушісі Жүніс қожаның қоластына қарап қалады. Жүніс қожаның өкіметі солтүстік-шығыста Шымкентке шейін және солтүстікте Түркстанға шейін жайылған. 1808 жылы Ташкенді Қоқанның ханы Әлім басып алғаннан кейін, Қоқан әкімі тек осы аудандарға ғана емес, мұнымен қатар Ұлыжүздің басқа жерлеріне де, атап айтқанда, Шығыста Әулиеатаға (осы күнгі Жамбыл) шейін жайылады. Қоқан чиновниктерінің елге зорлық істеуі, Қоқан өкіметтерінің бассыздығы қазақ қауымдарын қынжылтады. Бірақ наразылық қандай түрде білінген болса да, оны Қоқан өкіметтері аяусыз түрде басып тастап отырады. Мысалы, 1809 жылы зекет және қаржы төлеуден бас тартқаны үшін хан Әлім қазақтардың Ташкеннен Әулиеатаға және Түркстанға шейінгі жерлерді қоныстап отырған ауылдарының түгел талқанын шығарған (қазақтар мен Қоқан хандығы арасындағы Әлім өлгенге шейінгі қарым-қатнастар туралы—қараңыз П. Иванов. Қазақтар және Қоқан хандығы. Шығысты зерттеу институтының запискалары: ССРО Ғылым Академиясы, 1939, VII).

[2] В. В. Бартольд. Европада және Россияда Шығысты зерттеу тарихы, 2-басылып шығуы, Л., 1925, 244-бет.

[3] В. Наливкин. Қоқан хандығының қысқа тарихы, Қазан. 1885, 118-бет

рын бағындыру жолымен Сырдария өзенінің төменгі бойындағы ауданға орнап қалуға тырысады. Мысалы, ол өзі хан деп таныған Қайыпұлы[1] Шерғазы сұлтанды тірек етпекші адам болып көріне бастайды. Мұхаммед-Рахым Шерғазыны улатып өлтіреді дағы, оның орнына Шерғазының баласы Миненбайды хан етіп қояды. Осы Миненбайға бағынған қазақтардың халі өте ауыр болады. Бұларды Миненбайдың алған алым-салықтары да, Хиуа тарапынан істелген зорлық-зомбылықтар да әбден аздырып-тоздырып бітіреді.

Жүздің әлсіреп төмендеуін патша үкіметі де пайдаланады. Елек өзені бойында нығайтылған линия құру жөніндегі қаулы 1811 жылдарда болған. Бұл шара 1821 жылы іске асырылады. Елек пен Орал арасындағы шүйгін жерлерден қазақтар айрылады. Мұнымен қатар қазақ мемлекеттігін жою жөнінде шаралар жүргізіледі. Осы мақсатпен жүзді басқару ісі халық арасында жөнді тірегі жоқ, өз басын саудаға салған Шерғазы ханға (Айшуақұлы) тапсырылады. Бірақ осының өзі де жеткілікті деп табылмайды. Енді, керек десе, әмірі жүрмейтін хан арқылы билеудің ескі системасы патша әкімшілігін енді қанағаттандырмайды; ол қазақ тәуелсіздігін толық жоюға тырысады. Арынғазы сұлтанның (Арынғазыны оның әкесі Абылғазы өлгеннен кейін шектілер 1815 жылы хан етіп жариялаған) осыны болдырмаймын деген талабынан ештеңе өнбейді. Оңтүстік жақта Хиуадан қыспақ көрген Арынғазы бүкіл жүз қазақтарын біріктіріп, тұтас бір хандық құруға ұмтылады. Бірақ Кішіжүздің халықаралық жағдайының өте қыйын халде тұрғандығын, неғұрлым күштірек көршілес елдердің біріне бағынбай отыруға болмайтындығын жақсы түсініп, Арынғазы империямен арадағы вассалдық қарым-қатнастарды нығайту жолымен саяси тәуелсіздіктен айрылмаймын деп үміттенген[2]. Бірақ осының өзі патша үкіметіне тіпті жақпайды. Арынғазы 1821 жылы Петербургке шақырылып, сонда ұсталып қалады да, 1833 жылы Калуга қаласында айдауда жүріп өледі. Атам

---

[1] Бұхарадан келе жатқан керуенді тосып алу үшін Орынбор әкімшілігі 1806 жылы қазақ даласына Шерғазыны жібереді, Шерғазы бұл тапсырманы орындамай жүз ішінде, Шекті руында қала береді, ол туралы, биографиялық толық мәліметтерді «Материалдардан» қараңыз, IV, 488-бет, ескерту 80.

[2] Арынғазының әрекеттері туралы «Материалдарды» қараңыз, IV. 33—39-бет және «Қазақ ССР тарихы жөніндегі очерктер», 222—226-бет.

көрсету керек, Арынғазыны белсене жақтағандардың бірі Сырымның Жүсіп деген баласы. 1824 жылы Кішіжүз ішінде хан өкіметі жойылады, жүз үшке бөлінеді, әрбір бөлімнің басына билеуші — сұлтандар қойылады, бұларды қазақтар сайламай, патша үкіметі тағайындап отыратын болады. Сөйтіп, жүздің империямен арадағы вассалдық қарым-қатнастары енді империяға мойын бұрмай бағыну түріне айналдыруға берік негіз салынады.

Сырым өлгеннен кейінгі алғашқы екі он жылдықтарда Кішіжүздің сыртқы және ішкі халі осындай болған. Қазақ халқының тарихы Сырым ізденіп күрес жүргізген жолмен бармайды. Мұның өзі табиғи заңды да еді. Сырым қозғалысының қалай да болса жеңіліп шығатындығы тарихи ақыйқаттың жағдайларына тамырын терең жайғандығы сондай, бұл қозғалысты жою үшін сыртқан зілді соққы берудің керегі де болмайды. Сырымның қозғалысы күшпен басылмайды,— оның тек үні шықпай қалады. Қозғалыстың ақыры осымен тынатындығы күрес процесінің өзінде бірте-бірте көрініп отырады.

Халық бұқарасының қозғалысында отаршылдыққа қарсы күреспен феодалға қарсы таптық күрестің біте байланысты екендігін біз жоғарыда Сырым батыр қозғалысының өзгешеліктерінің бірі деп көрсеттік. Қозғалыс дамуында белгілі бір табиғи заңдылық көзге түскен, ол: күрестің отаршылдыққа қарсы формаларының «шаруалар» соғыстарына тән қозғалысқа айналуы. Анығында, Сырым қозғалысындағы мына кезеңдерді атап өтуге болады:

Бірінші кезеңі 1783 жылдың аяғын және бүкіл 1784 жылды қамтыйды, бұл жылдарда қозғалыс шекара күресі шеңберінен шықпаған. Қозғалыс бұл кезде жергілікті әкімшіліктің және, әсіресе, Орал әскері старшинасының зорлықтарына қазақтардың қатты қарсылық істеуі ретінде көзге түседі. Бұл арада феодалдар табының ішінде әлі де бөліну болмаған. Нұралы ауылдарын Шағанов талағанда, Сырым әлі де Нұралы ауылдарын қолдап отырады. Осы кезде старшиналар мен сұлтан тобы арасында ешқандай қыйыншылықтар болмады деп біз ойламаймыз. Старшиналардың біз осы кітаптың төртінші тарауында келтірген шағым арыздары старшиналар мен Абулхаир тұқымынан шыққан сұлтандар арасындағы қайшыауыз-

дықтардың 1785 жылға шейін-ақ толғағы жеткендігін көрсетеді. Бірақ Сырым барлық пәле «ақсүйек» атақты адамдарда емес, патша әкімшілігінде деп ұғынып келеді. Ал 1784 жылғы және 1785 жылдың бас кезіндегі шайқасуларда хан және оның төңірегіндегі сұлтандар қазақ халқының жаулары болып шыққанда, Сырым күрес майданының бетін қазақтың өз аристократиясына қарсы бұрады.

Мұнымен қатар Игельстромның «реформа» жүргізу мәселесінде оңтайлы әдістер қолданып, Сырым патша Россиясымен күресті уақытша тоқтата тұруға және «Ішкі жаққа» көшіп өту правосын әжептәуір кеңейтуге жетіседі. Сырым қозғалысының екінші кезеңі «ақсүйек» аристократияға қарсы күресумен және патша әкімшілігімен белгілі түрде тату қарым-қатнастар жасаумен сыйпатталады. Бұл кезең 1785 жылдың орта кезінен 1790 жылға шейін созылады. Бұл уақытта старшиналар мен халық бұқаралары бір майданда шығады. Мәселе, Нұралы ханды орнынан түсіру жөнінде болып тұрғанда, ру басшыларының арасында да алауыздық әзірше болмайды. Бірақ Сырым өзінің саяси мақсаттарында билердің деней көпшілігінің іздегенінен әжептәуір ілгеріге көз салады: ол аты даңқты емес ханды орнынан алуға емес, тіпті хан өкіметін жоюға ұмтылады.

Сырымның саяси көзқарастарына Хиуада болған уақыйғалар үлкен әсер еткен деп әбден ұйғаруға болады. Хиуада дәл сол кезде мемлекетті Мұхаммед Емин[1] деген Инақ билеп тұрады, мұнда шыңғыстықтардың өкіметі жалған болады, және осыған қарамастан мемлекет 60—70-жылдардағы қатты дауырыққан уақыйғалардан кейін бірте-бірте нығая береді. Бірақ Мұхаммед Емин сайып келгенде, Хиуа хандарының жаңа династиясының ру атасы болып шығады, оның әрекеті Хиуада шыңғыстықтар өкіметінің құлауын әзірлейді, бірақ хан өкіметін мүлде жоюға негіз сала алмайды. Хиуадағы саяси хал Сырымның шыңғыстықтар өкіметін сақтап қалу мемлекет беріктігінің міндетті шарты емес екендігін түсінуіне жәрдем бере алатын еді, бірақ мемлекеттік өкіметтің дәл құрылысын ұғынуда Сырым өзінің ерекше жолымен кетеді. Ол династияны

[1] 1790 жылы өлген.

ауыстыруға емес, өзінше елді халық билесін дегенге ұмтылған.

Әрине, Нұралы Россияда ұсталып қалғаннан кейін, билер арасындағы жүздің ілгерідегі саяси құрылысының мәселесі жөніндегі алауыздықтар күннен күнге күшейе береді. Осы алауыздықтардың шиеленісуінде үлкен қауып болады: патриархтық-рулық салт-сананың, көшпелі қауым тап жағынан бір келкі еместігін бүркеп келген, формалары ру білікті адамдарының еңбекші — мал өсіруші бұқараларға кең түрде беделін жүргізіп келуге себеп болады. Қозғалыстың тағдырлары күрестің бұдан былайғы дамуында билердің қандайлық позициялар ұстағандығына әжептәуір байланысты болады.

Қозғалыстың жаңадан тағы да өрлеуі 1790 жылдан былай, патша әкімшілігі қолтықтаған «ақсүйек» атақтылардың беделі тағы да көтеріле берген кезден бері, біліне бастайды. Дегенмен, қозғалыс өзінің екінші кезеңімен салыстырғанда басқаша жағдайда өрлейді. Жаңа кезеңнің көрнекті белгісі старшина тобының тап жөнінен көзге түсерліктей болып екшелуі, еңбекшілер бұқарасының белсенділігі өсуі. Еңбекшілер бұқарасы 1790 жылы старшиналарсыз-ақ, солардың айтқанына көнбей-ақ қозғала бастаған, ал 1791 жылдан бастап тіпті старшиналардың өздеріне қарсы шығады. Бұл, сол кездегі дамыған ұақыйғалардың түрліше екендігіне және өзара шатысып кеткендігіне қарамастан, Сырым қозғалысының үшінші кезеңінің неғұрлым маңызды белгісі болып табылады. Бірақ, старшиналар мен сұлтан топтарының арасы 1785—1789 жылдарда айқындалып ашылған болса, еңбекшілер бұқараларының ру басшыларына өзбеттерімен қарсы шығуы бір түрлі үзінді сыйлатта болған. Еңбекші қазақтардың күресі жеке старшиналарға қарсы шыққан түрге айналған, мал өсіруші — қазақтар тіпті осы күрестерінің өзінде де старшиналар маңына топталып, солардың басшылығымен болуға тырысқан. Мал өсіруші еңбекшілердің қозғалысындағы осы бір белгі тіпті айқын көрініп тұрады, тегі, патриархтық-рулық салт-сана жағдайларынан шығып кете алмайтын шаруа қозғалыстарының өзіне тән бір белгісі болу керек. Бұл белгі басқа көшпелі халықтарда да, мысалы башқұрттарда, керек десе, жер кәсібіне айналған өзбектерде де білінеді. Мал өсіруші қазақтардың күреске старшиналарсыз-ақ шыққандығы немесе сол старшиналардың

өздеріне қарсы шыққандығы жөніндегі мәліметтердің үзінді болып келетіндігін осы мәселеге тиісті материалдардың жеткіліксіздігінен немесе оның мазмұнынан деп түсіндіруге болмайды. Қазақ феодалдарынан шыққан орыс негізгі деректері мен документтері осы күрестер арасында ұсақ шайқасулар да болып тұрғандығын атап көрсетеді. Старшиналарға қарсы бағытталған айқын тап күресі анығында жаппай түрде бола бермеген десек дұрысырақ болады.

Оның бержағында, күресті халық бұқарасы қозғалысының белсенділігі негізінде ғана жүргізе беруге болатындығы 90-жылдардың бас кезінде айқындалады. Халық бұқарасын бұдан былайғы күреске жаппай аттандыру тек халыққа жағымды тиетін және ұғымды тілектер алға қою негізінде ғана мүмкін болады, мұндай тілек ең алдымен жер жөніндегі, қысқы мал жайылысын кеңейту жөніндегі мәселе. Бірақ бұл мәселе ішкі қайшылықтарды шешу ретінде емес, отаршылдыққа қарсы күрес ретінде алда тұрады. Мұның үстіне, жер мәселесінің осы ретте қойылуы ру басшыларымен халық бұқарасының мүдделері бірыңғай деген пікірді күшейтеді. Жер ру меншігінде болған, және жермен пайдалану ісіне патша үкіметтері тарапынан шек қойылуы бүкіл қауым мүддесіне келіп тиген. Ру басшыларының қауым жерін заңсыз иемденіп алуларының өзіндік формаларынан келіп шығатын жер пайдаланудағы ішкі қайшылықтар жөніндегі мәселе сөйтіп екінші орынға шегіндіріліп тасталған. Оның бержағында, осы екі мәселе біріне-бірі біте байланысты болған. Біз күрес тактикасына халық бұқаралары және ру басшылары мүлде бірдей қарағандығын байқадық. Мысалы, халық бұқарасы жер мәселесін айқын күрес жолымен шешуге ұмтылған. Ал ру басшылары патша әкімшілігімен келісім іздеу жолына түскен. Ендеше, күрес жолын өстіп түрліше ұғынудың негізгі себептерінің бірі сол — ру білікті адамдарының қауым жерлерін емін-еркін билеп-төстеу правосы, жер пайдалану жөнінде патша үкіметінің отаршылдық саясаты қатты шек қоюына қарамастан, азнаулақ қолайлы жерлерді қыстау үшін пайдалануға ру басшыларына мүмкіншілік береді. Олай болса, патша үкіметінің отаршылдық басып алуларына қарсы жүргізілген күресте тап күштерін тобына қарай бөлу жөніндегі мәселе әлі де қалды-

рылмаған. Бұл күрес тек «шаруа соғысының» дамуы негізінде таптық күштерді ілгеріде тобына қарай бөлу, ру атақты адамдарын саяси жөнінен сыртқа тебу негізінде тереңдей алады. Сырым бұл жолға түспеген және түсе де алмаған.

Сырымның өз басына келгенде, біз оның феодал тобынан шыққандығын есепке алмасақ (феодал тобы қоғамның патриархтық-рулық салт-санасымен біте байланысты болған), онда біз Қазақстан еңбекшілер бұқарасы қозғалысының дамуындағы Сырымның роліне дұрыс баға бере алмаймыз.

Сырым күреске қазақ бұқарасын кең түрде тартудан, халық бұқарасына арқа сүйеуден қорықпаған, мұнымен қатар өл еңбекші қазақтар мен старшиналардың мүдделері бірінебірі қайшы келетіндігін ұғынарлықтай дәрежеге жете алмаған, бұқараны сұлтандарға қарсы күреске аттандырғанда, ол осы бұқараларды әлеуметтік топ ретінде старшиналарға қарсы күресуге ешуақытта шақырмаған. Мұның өзі табиғи заңды іс. Старшиналар мен қазақтардың еңбекші бұқараларының мүдделері бірінe-бірі қайшы келетіндігін теория жолымен білуді біз Сырымнан, әрине, талап ете алмаймыз. Бірақ әңгіме бұл мәселе туралы болып отырған жоқ. Әңгіме күрес тәжрибесі туралы болып келеді. Сырым өзінің күресінде халыққа старшиналардың басынан асып бара сөз салып отырған. Бірақ халық бұқарасын сол старшиналарға қарсы тап ретінде күресуге ешуақытта шақырмаған. Оның сана-сезімі көшпелі қауымдардың тілегі бір деген пікірдің шырмауынан аса алмайды, бұл пікірлер патриархтық-рулық салт-сана формаларының үстемдігінен келіп туады.

Сырым старшиналармен айрылысуға ешуақытта аяқ баспаған, керек десе, старшиналар өзін сатып кеткенде де олармен айрылыспаған. Ең қыйын істеді дегенде, ол қорқыту және жазалау шараларын қолдану жолымен жеке старшиналарға өзінің беделін жүргізуге тырысқан. Бірақ бұл арадан старшиналарға қарсы қоғамдық топ ретінде күресуге шейін әлі де алыс жатыр. Қозғалыс үшін патриархтық-рулық салт-сананың формалары туғызған шеңбер көлемінен Сырым ешуақытта шыға алмаған. Оның күрес тактикасындағы ұстамсыздық та осыдан барып туады: ол бұқараны күреске шақырады да, мұнымен қатар старшиналармен айрылысуға бел байламай, бұ-

қара қозғалысын тежей тастайды. Мұның үстіне — старшиналармен батыл түрде айрылысу жөніндегі мәселе Сырымның ойында болмаған.

Сырым қозғалысын қалай да болса күйреуге әкеліп соққан жалпылық емес, ерекше өзіндік сол ішкі себептерді осы арадан іздеу керек. Феодализм дәуіріндегі ұлт бостандығы жолындағы әрбір қозғалысқа қолданылатын жалпы себептердің үстіне (белгілі бір жоспардың болмауы, айқын айтылған программаның жоқтығы, пролетариаттың жетекші ролінің болмауы, пролетариат ол кезде Қазақстан түгіл, Россияда да болмаған), қозғалыс Қазақстанда салт-сананың патриархтық-рулық формаларының үстем болуы салдарынан дамый алмаған. Қозғалысты тек ру басшыларына қарсы күресті дамыту жолымен ғана аман алып қалу мүмкін еді. Бірақ Сырым өзі бастаған қозғалыстың үшінші кезеңінің өзіндік белгісі болған халық бұқараларының ру басшыларына қарсы жасаған бытыранды күрестерінің маңызын ұғынбаған және бұларға жете баға бермеген. Бірақ Сырым осы күрестердің маңызына түсінсе де бұларға жалпылық мазмұн бере алмас еді, өйткені патриархтық-рулық салт-сана бұқараның сана-сезімін шырмауы күрес басшысының сана-сезімін шырмауынан кем соқпаған.

Күрестің өте-мөте шиеленіскен уақыттарына Сырымның белгілі түрде жалғыз қалып — халық бұқарасы оның шақырғанына үн қоспаған кездері болған. Қозғалыс көсемінің жалғыздық көрген ауыр халі халықтың Сырым жөніндегі ертегілерінен айқын орын алған. Біз жоғарыда келтірген, Ешмұхаммед жазып алған, ертегіде жалғыздық темасы сол ертектің басынан аяғына дейін айтылып өтеді. Сырымның жас кезінің өзінде-ақ қартайған Есет деген батыр оған мынаны айтқан: «Жау жақын тұр, біз әлі де келісе алмай жүрміз. Елдің бәрі батырдың соңына бірден еріп кетпейді. Саған да елдің бәрі ермейді». Сонымен, ертегі тағы да мынаны айтады: «карт Есеттің айтқан сөзі тура болды. Халық тіл алмайды. Халық хан керек қылған сұлтандарға ереді... Сырым жылапты деседі. Оның ойына Есет түсіпті. Ерге лайықты ат туған жоқ, айтқан сөзге еретін халық та жоқ,— деген сөздер есіне түсіпті»[1].

Қазақ халқының азаттық жолындағы қозғалысының да-

[1] КазССР ОМТА, фонд 544, іс № 327, 6-бет.

муына бөгет болған уақытша, өткінші бөгеулердің бәрі ажырап бітуі үшін Қазақстан тарихи дамудың ұзақ, мұңлы жолын басып өтуге тиісті болған. «Бір діндес» орта азиялық хандықтар жәрдем етеді деген аңқаулық үміт те ажырайды. Жергілікті рулық меншік формаларының азғындауына қарай ру басшыларымен еңбекші бұқаралардың мүдделері тап жөнінен бірінен-бірі қайшы келетіндігі күннен күнге айқындала бастайды. Исатай Тайманов қозғалысының өзінде-ақ (1836—1838 жылдар), шаруа соғысының белгілері Сырым батыр қозғалысындағыдан гөрі әжептәуір айқынырақ көзге түскен. Қазақстан даласына орыс кедей шаруасының қоныс аударуына, Қазақстанда капиталистік өндірістің дамуына және қазақ пролетариатының кадрлары құралуына қарай, қазақ және орыс еңбекші бұқараларының тарихи тағдыры бір екендігі күннен күнге айқынырақ көзге түсе береді. Бірақ, Сырым күрескен уақытпен салыстырғанда мұның бәрі әлі де алыс жатқан болашақтың әңгімесі еді. Тарихи дамудың осы ұзақ жолы, Сырым басынан кешірген толып жатқан алдамшы пікірлерді ажырата отырып, мұнымен қатар Сырымның әрекетіндегі басқа бір кездерді тағы да айқынырақ көзге түсіреді, ол мыналар: Сырымның өз халқына білдірген асқан сүйіспеншілігі, өз халқын сатқан ру басшыларымен ымыраласпайтындығы, өз Отанының бостандығы үшін, өз Отанының мемлекеттігі нығаюы және дамуы үшін жанын аямай күресуге даяр екендігі. Сырым батырдың күресіндегі осы кездерді заман өшіре алмаған. Бұлар халық бұқарасының санасында тәуелсіздігі үшін жүргізген күрес жылдарында да және патша тұсындағы ауыр хал уақытында да халық санасында болып келген. Сырымның өз Отанының өркендеуіне және тәуелсіздігіне ұмтылған талабы халық бұқарасының патша бұғауынан босану үшін күресінде тағы да көзге түсіп өз күш-қуатына сенімін арттырған. Қазақ халқының тарихында Сырым батыр қозғалысының негізгі өшпейтін маңызы міне осында. Біздің заманымызда да, Қазақстан Совет Одағы халықтарының достас семьясында өзінің бостандығына және тәуелсіздігіне ие болған уақытта, қазақтар халық камы үшін күрескен осы батырды есінен тастамайды.

ҚОРТЫНДЫЛАР

Сырым батырдың қозғалысын зерттеу бірқатар қортындылар шығаруға мүмкіншілік береді. Өзінің қоғамдық өмірінде патриархтық-феодалдық қарым-қатнастар сақтап келген халықтардың бостандық жолындағы күресін ұғыну үшін бұл қортындылардың керегі бар екендігінде сөз жоқ. Қазақтар жөнінде алғанда ең басты қортындылар бізше мыналар болу керек:

1. XVIII ғасырда Қазақстанның қоғамдық қарым-қатнастары техникасы өте төмен және мешеу натуральдық өндіріс негізінде дамыған. Еңбектің қоғамдық бөлінуінің ең бастапқы белгісі бола тұрса да (Сырдария ауданында жер кәсібінің дамуы, ұсақ қолөнеркәсібінің ауыл шаруашылығынан бөліне бастауы — қолөнерші қыдырма ұсталар) соның өзі өндірістің натуральдық сыйпатын ешқандай түрде бұзбаған.

2. Көшпелі мал шаруашылығының үстем болуы қоныс орындарының байланысы тұрақты берік болуына мүмкіншілік бермеген. Патриархтық-рулық салт-сананың өмірге сіңімді болуы, қазақ қауымының патриархтық-рулық кейпін сақтап келуі осыдан келіп шыққан.

3. Патриархтық-рулық салт-сана мүлік қарым-қатнастары жөнінде жерге рулық меншіктің сақталып келуінде болған. Дегенмен, осы меншік шеңберлерінде феодалданып келе жатқан қоғамға тән жер қарым-қатнастары қалыптанған.

4. Көшпелі шаруашылық жағдайында жерді жеке меншікте-

ну қалыптана алмаған. Бірақ Қазақстанда қауымдық жерлерді феодал ақсүйектердің иеленуі мына түрде болады: сұлтандар мен ру старшиналары қауымдық жерді билеп-төстеу правосын заңсыз иеленіп отырады.

5. Қоғамдық мал жайылыстарын билеп-төстеудің ескіден келе жатқан қалпының жерге ру басшыларының емін-еркін правосына айналуы малға жеке меншіктіліктің дамуымен және көшудің бұрынғы қоғамдық әдісі орнына ауыл болып көшу әдісі келуімен байланысты болған. Сөйтіп, ауыл болып көшкенде қоғамдық жермен пайдалану ру басшыларының қоғамдық жерді емін-еркін пайдалану правосына айналған.

6. Қазақстан қоғамының түрлі топтарының өндірістік негізгі шарты — жерге қатнасы біркелкі болмауы негізінде ел ішінде таптық қарым-қатнастар қалыптанған. Қазақ қоғамында негізгі екі тап қалыптанған: бір жағынан феодалдар, ескіден келе жатқан көшпелі ақсүйек сұлтандар, бұлар монғол және Алтын Орда шабындысы дәуірінен бері мұра болып келеді, онан соң ру басшылары, атап айтқанда, билер, батырлар, мырзалар, тархандар, ал енді екінші жағынан феодалдық-тәуелділік халіндегі, бірақ әлі де крепостной болмаған, еңбекші қазақтар бұқарасы, бұлардың халі жер кәсібіне айналысқан халықтардың феодалдық-тәуелділік күйдегі шаруашылығының халі сыяқты болған.

7. Мүлік қарым-қатнастары жөнінде жерге рулық меншіктің сақталып келуінен көзге түскен патриархтық-рулық салт-сана қанау формаларына да (азық-түлікпен және, әсіресе, еңбек істеумен өтейтін рента яғни «сауын» дейтіндер) із қалдырған. Қанау қарым-қатнастары «туысқанға жәрдемдесу», «сыйлық беру», «еркімен тарту әкелу» формасында жүрген. Еңбекші қазақтарға артылған неше түрлі алым-салықтардың міндеттілігі ешқайда жазылмаған, бірақ әдет нормаларынан орын алған, өте күшті ғұрып жарлықтарымен шартталған.

8. Қосымша азық-түлікті атақты феодалдардың иемденіп кетуі жөніндегі «еріктіліктің» сыртқы формасы феодалдық қарым-қатнастарға өзінше сыйпат берген. Бұл қарым-қатнастар патриархтық-феодалдық қарым-қатнастар ретінде көзге түскен. Бірақ халықтың түрлі топтары «тендес» деген алдамшы көрініспен өте жасырын түрде бүркеулі болған. Қоғамдық

қарым-қатнастардың патриархтық-феодалдық сыпаты, қанау қарым-қатнастарының бетін бүркеп, қазақ еңбекші бұқараларының өздерінің таптық мүдделерін сезіп білуіне бөгет болған, сөйтіп тап күресі үстінде бұлардан босаңсытып отырған. Қоғамдық қарым-қатнастардың осы айтылған өзгешелігінен сырт алып, көшпелі қоғамның тап күресінің өзгешелігін ұғынып болмайды.

9. Негізгі екі таптан басқа, атап айтқанда, атақты феодалдар және феодалдық-тәуелділік халдегі қауымдық қазақтар еңбекшілері бұқарасының таптарынан басқа, Қазақстанда үшінші тап болған, бұлар құлдар. Бірақ Қазақстандағы құлдық ерте дәуірдегі немесе ескі шығыс құлдығы сияқтанып қоғамдық формацияға дамымаған. Қазақтарда құлдық халі уақытша болып есептелген. Белгілі бір мерзім өткеннен кейін құл өзалдына үйге, малға ие болған, оның өзалдына семьясы болуына рұқсат етілген. Ол құлдық халден феодалдық тәуелділік өндіруші халіне айналған.

10. Сонымен, Қазақстанда феодалдық қарым-қатнастардың дамуы екі жолмен жүрген: негізгі жол — ерікті қауымының феодалдық-тәуелді өндірушіге айналуы, екінші жол — кешегі құлдың феодалды-тәуелді өндірушіге айналуы. Осы екі жолдың екеуі де біркелкі нәтижесі, атап айтқанда, феодалдық қарым-қатнастардың тереңдеуіне алып келген. XVIII ғасырда Қазақстанның қоғамдық өмірінің дамуының негізгі бет алысын осы процестен көру керек.

11. Қазақ қоғамының саяси жөнде ұйымдастырылуы патриархтық-феодалдық қарым-қатнастардың системасына үйлес келген. Қазақ хандығының өзінше бірлігі вассалдық қарым-қатнастар системасында болған, Феодалдық иерархияның басында хан тұрған, ханды вассалдардың — сұлтандардың және ру басшыларының сюзерен ретінде тануы хан «сайлауы» деген жолмен іске асырылып отырған.

12. Саяси өкіметтің патриархтық-феодалдық сыйпатының белгісі сол — орталық өкімет тура ғана ру старшиналарының қолтықтауына байланысты болған, старшиналар хандыққа байланысты барлық ірі істерді шешуде қатнасып отырған.

13. Ел билеудің мұндай системасы, қалай да болса, ру тартыс-таласын және ру арасы араздығын туғызып отырған.

Мемлекеттік өкіметтің патриархтық-феодалдық сыйпаты орталықтандырылған мемлекеттің құрылуына, қазақ халқының саяси бірлесуіне бөгет жасаған.

14. XVIII ғасырдың аяғында Кіші жүзде болған бостандық жолындағы қозғалыс негізінде жер үшін күрес болған. Бұл күрес біріне бірі біте байланысты екі себеппен туған: оның бірі — патша әкімшілігі және Орал әскерінің старшинасы қазақтардың жерін тартып алуы, екіншісі — қазақтың атақты адамдарының қауым жерін иемденіп алуы. Таптық, біріне бірі қарсы келетін, қарым-қатнастар үстем болып тұрғанда қазақ халқының ұлт бостандығы жолындағы күресі, қалай да болса, таптық күреске айналған.

15. Сырым батырдың қозғалысы отаршылдыққа қарсы күрес ретінде басталған. Бірақ ханның және соның тұқымынан шыққан сұлтандардың патша әкімшілігін белсене қолдауы күрес фронтының бетін көп ұзамай тез (1785 жыл қарсаңында) бұрып жібереді: бұл күрес енді өз ақсүйектеріне қарсы бет алады. Бұл күресте ру басшылары және халық бұқаралары әуел баста бір майдан болып көтеріледі. Қозғалыстың таптық сыйпаты ру билеріне қарсы күресте емес, қазақ қауымдарынан тысқары тұрған сұлтандарға қарсы күресте көрінеді. Салт-сананың — патриархтық-рулық формаларының үстем болуы қазақ қауымы ішінде таптық күштердің жіктелуіне бөгет болады.

16. Дегенмен, 80-жылдардың екінші жартысында күрестің теориясында емес, тәжрибесінде ру басшылары мен халық бұқараларының арасында қозғалыс мақсаттары мен тактикасын ұғынуларында терең айырмашылықтар білінуіне қарай, бұл жіктелу, өте қыйыншылықпен болса да, сонда да болып отырған.

17. Халық бұқаралары үшін күрестің негізгі мақсаты отаршыл әкімшілік тартып алған жерді және «Ішкі жақта» жатқан жерлерді қайтарып алу болса, қозғалыс басшылығындағы билер күрестің алғашқы жылдарында өздерінің айтқанынан шықпайтын көнімді хан сайлап алып, ел билеудің әдеттегі патриархтық-феодалдық формаларын қайта орнатуға ұмтылған. Жер үшін күресте Сырым халық бұқараларына қосылып, қазақ мемлекеттігінің жаңа формаларын құруға ұмтылған.

Оның бұған жетем дегендегі жолы — хан өкіметін толық ажыратып, оның орнына жыл сайын халық съездерін шақырып отыру, ал енді ағымдағы басқару жөнінде өкіметті «бас» старшиналар дейтіндердің қолдарына беру.

18. Күрес тактикасы жөніндегі қайшылықтар қару-жарақты көтеріліс турасындағы мәселеге байланысты көзге түседі. Ру билерінің басым көпшілігі тек патша өкіметтерімен ғана сөйлесіп келісе отыру мүмкін деп есептесе, Сырым мұндай сөйлесулерден нәтиже шықпаған кезде халық бұқараларын қару-жарақты күреске аттандыру қажет деп есептеген. Күрес тактикасын ұғынуда болған қайшылықтар кездейсоқ іс емес: мұны мынамен түсіндіруге болады: рудың атақты адамдары ел қоныстарын билеп-төстеу жөнінде феодалдық правомен пайдаланып тұрған кезде жердің тартып алынуынан көбінесе және ең алдымен халық бұқаралары сорлаған. Бірақ отаршылдық зорлықтар мен ішкі жер қатнастарының арасындағы байланысты халық бұқаралары да, Сырым да сезбеген. Жерге қауымдық рулық меншік ішкі жер қарым-қатнастарын ұғынуға бөгет жасаған.

19. 90-жылдардың бас кезінде Сырым қозғалысында болған мына ағым көзге түседі, бұл ағым алғашқы кезде ру билерінің айтуына қарамай-ақ және соларсыз-ақ дамыған, ал бұдан кейін солардың өздеріне қарсы бағытталған. Бірақ бұл ағым әлеуметтік топ ретінде бүкіл ру басшыларына қарсы емес, тек жеке билерге ғана қарсы жүргізілген күреспен тынып келген. Өсуі Сырым қозғалысының дамуында байқалған шаруа соғысы патриархтық-рулық салт-сана жағдайларында жер кәсібіне айналысқан отырықшы халықтардағы шаруа соғысындағыдай өзінше жетілген таптық формаларды ала алмаған.

20. Сырымның өзінің тактикасы күрестің таптық формаларының дәлсіз айқын еместігін көрсетеді. Тіпті күрестің өте-мөте шиеленіскен кездерінде, 1792 — 1793 және 1797 жылдарда, Есім хан өлтірілген кезде, ру билерінің басым көпшілігі халық бұқараларынан бой тартқандығы мүлде айқын білінген уақыттың өзінде, Сырым ру билерінен айрылысуға баспаған. Қозғалыс көсемінің санасы патриархтық-рулық салт-сана үстемдігімен шырмалуы бұқаралар санасының шырмалуынан кем болмаған.

21. Феодализм дәуірінде халық қозғалысының, қалай да болса, жеңіліп шығуына тұтқа болатын жалпы себептермен қатар, Сырым батыр қозғалысының жеңілуін тағы да ерекше себептермен түсіндіруге болады, ол: Қазақстанда патриархтық-рулық салт-сана үстем болып, ол бұқаралар белсенділігінің өрісін жаздырмаған, халық қозғалысының құлаш жайған шаруа соғысына айналуына бөгет болған.

ЛИТЕРАТУРА[1]

Аристов Н. А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой Орды и каракиргизов. Живая старина, вып. III—IV, 1894.

Аристов Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Живая старина, вып. III—IV, 1896.

Ашмарин. Кочевые пути, зимовья, стойбища и летовки (историческое описание). Советская Киргизия, № 5—6, 1925.

Бартольд В. В. История Туркестана. Труды Туркест. гос. ун-та. Ташкент, 1922.

Бартольд В. В. Очерк истории Семиречья. Памятн. книж. Семиреч. обл., вып. 2, Верный; 1898, 2-е изд., Фрунзе, 1943.

Бартольд В. В. Киргизы, Фрунзе, 1927; 2-е изд., Фрунзе, 1943.

Бартольд В. В. История культурной жизни Туркестана, Л., 1927.

Бартольд В. В. История изучения Востока в Европе и в России, СПб., 1911, 2-е изд., Л., 1925.

Бартольд В. В. История тюрко-монгольских народов, Ташкент, 1928.

Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия, ч. II, 1910.

Barthold W. 12 Vorlesungen über die Geschichte der Mittelasiens. Berlin, 9.5

Берг Л. Аральское море. Изв. Туркест. отд РГО. т. V.

Березин Н. Внутреннее устройство Золотой Орды. ЖМНПр., т. XVIII, 1850.

Бланкеннагель Путевые заметки о Хиве в 1793—1794 гг., с прим. В. В. Григорьева. Вестник РГО, № 3, 1858.

Бларамберг. Военно-статистическое описание земли Киргиз-кайсаков Оренбургского ведомства. Военно-статистич. обозрение Рос. имп., XIV, ч. 3, 1848.

Броневский. Записка о киргиз-кайсаках Средней Орды. Отеч. зап., 1830, ч. 41, № 119; ч. 42, № 120, 121, 122; ч. 43, № 123, 124.

[1] Издания документального материала и отрывков из нарративных источников не указаны.

Валиханов Ч. Ч. Сочинения. Зап. РГО по отдел. этногр., XXIX, СПб., 1904.

Вамбери. История Бухары или Трансокеании с древнейших времен до настоящего, I и II, СПб., 1873.

Vambéry H. Das Turkenvolk in seinen ethnologischen und ethnographischen Beziehungen. Lpz., 1885.

Вильямминов-Зернов В. В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времени кончины Абул-Хаир-Хана (1748—1765 гг.). Уфа, вып. I, 1853; II, 1855.

Вильяминов-Зернов В. В. Исследование о касимовских царях и царевичах, II, СПб., 1864.

Веселовский Н. И. Прием в России и отпуск среднеазиатских послов в XVII и XVIII ст. ЖМНПр., 7, СПб., 1884.

Веселовский Н. И. Очерк историко-географических сведений о хивинском ханстве с древнейших времен до настоящего, СПб., 1877.

Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г., вып. 1—5, Казань, 1889—1897.

Владимирцов Б. Я. Общественный строй монголов, М.—Л., 1934.

Гейнс А. К. Собрание литературных трудов, I—II, СПб., 1897—1898.

Георги И. Г. Описание всех в Российском государстве обитающих народов, СПб., 1774; 2-е изд., СПб., 1779.

Гладышев и Муравьев. Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740—1741 годах, СПб., 1851.

Григорьев В. В. Описание Хивинского ханства и дороги туда из Сарайчиковской крепости. Зап. РГО, № 2, 1861.

Григорьев В. В. Русская политика в отношении Средней Азии. Сб. гос. знаний, под ред. В. П. Безобразова, I, СПб., 1876.

Григорьев В. В. Россия и Азия, СПб., 1876.

Григорьев В. В. История монголов от древнейших времен до Тамерлана. СПб., 1884.

Гродеков Н. И. Киргизы и каракиргизы Сыр-дарьинской области. Юридический быт, I, Ташкент, 1889.

Гурлянд Я. Степное законодательство с древнейших времен по XVII ст. Изв. О-ва археол., ист. и этногр. при Казан. ун-те, XX, 4—5, 1904.

Данилевский Г. И. Описание Хивинского ханства. Зап. РГО, X, 1855.

Desmaisons. Histoire des Mongol set des Tatares par Aboul-ghasi-Behadour Khan (publliée, traduite et annotée par le Baron Desmaisons). I—texte, St.-Pét., 1871; II—traduction, 1874. Русский перевод: Абуль-Гази-Бахадур-хан. Родословное древо тюрков. Перевод и предисловие Г. С. Саблукова. С послесловием и примечаниями Н. Д. Катанова, Казань, 1854; также Изв. О-ва археол., ист. и этногр. при Казан. ун-те, XXI, 5—6, 1905 и XXII, 6, 1906.

Диваев А. А. Этнографические материалы. Сб. материалов для статистики Сыр-дарьинской обл., I, II, III, IV, VI, IX, X, XI, XII, XIII, 1891—1907.

Диваев А. А. Киргиз-казацкий богатырский эпос, Ташкент, 1922.

Dingelstedt V. Le régime patriarcal et le droit coutumier des Kirghiz, Paris, 1891.

Добросмыслов А. И. Суд у киргизов Тургайской области в XVIII и XIX веках, Казань, 1904.

Добросмыслов А. И. Тургайская область. Исторический очерк, Изв. Оренб. отд. РГО, вып. 15—17, 1900—1902.

Ефремов Ф. Странствование в Киргизской степи, Бухарии, Хиве, Персии и Индии, СПб., 1786.

Жуковский С. В. Сношения России с Бухарой и Хивой за последнее трехсотлетие, Пгр., 1915.

Зобнин Ф. К вопросу о невольниках, рабах и тюленгутах в киргизской степи. Памянт. книж. Семипал. обл., 1902.

Иванов П. П. Очерк истории каракалпаков. Матер. по истории каракалпаков, М.—Л., 1935.

Иванов П. П. Казахи и Кокандское ханство. Зап. Ин-та востоков. АН СССР, VII, 1939.

Иванов П. П. Архив хивинских ханов, Л., 1940.

Катанаев Г. Е. Киргизские степи, Средняя Азия и Северный Китай в XVII—XVIII ст. Записки Зап.-Сиб. отд. РГО, кн. XIV, в. 1, 1898.

Книга, глаголемая Большой чертеж. Изд. Г. И. Спасского, ч. I, М., 1846.

Красовский М. Область сибирских киргизов. Материалы для географии и статистики России, СПб., 1868.

Крафт И. И. Сборник узаконений о киргизах степных областей, Оренбург, 1898.

Крафт И. И. Из киргизской старины. Сб., Оренбург, 1900.

Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, I—III, СПб., 1832.

Лобысевич Ф. М. Поступательное движение в Среднюю Азию в торговом и дипломатическом отношении, СПб., 1900.

Маковецкий П. Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов, вып. 1, 2, Омск, 1886.

Макшеев А. И. Географические сведения книги Большого Чертежа о киргизских степях и Туркестанском крае. Зап. РГО, IV, 1880.

Макшеев А. И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских, СПб., 1890.

Мейер Л. Материалы для географии и статистики России. Киргизская степь Оренбургского ведомства, СПб., 1865.

Мельоранский П. М. Киргизские пословицы и загадки. Зап. Вост. отд. РГО, VII. вып. I—IV.

Миллер Г. Ф. История Сибири, М.—Л., I, 1937; II, 1940.

Муканов С. Батыр Срым, Лит. Казахстан, № 5, 1940.

Мушкетов И. В. Туркестан, СПб., 1886.

Мякутин А. И. Юридический быт киргизов, I, II, Труды Оренб. учен. архивн. комиссии, XXV, 1910.

Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях Средней Азии переводчика Отдельного Сибирского корпуса, посланного в Коканд в 1813 и 1814 гг. СПб., 1821.

Наливкин В. Краткая история Кокандского ханства, Казань, 1885.

Ohsson, d'. Histoire des Mongols depuis Tchinguis Khan jusqu'á Timour Beg ou Tamerlan. 1834—1835.

Паллас П. С. Путешествие по разным провинциям Российской империи, I, II, СПб., 1774—1788.

Palosi Frvin Question de la terre dans la zone des steppes (L'état des propriétés terriennes chez les Kirghizes). Turan (Octobre), 1918.

Погорельский И. и Батраков В. Экономика кочевого аула Киргизстана, М., 1930.

Попов А. Н. Сношения России с Хивой и Бухарой при Петре Великом, Зап. РГО, кн. IX, 1853.

Попов Н. А. В. Н. Татищев и его время. М., 1861.

Попов А. Л. Борьба за среднеазиатский плацдарм. Историч. записки, № 7.

Попов А. Л. Из истории завоевания Средней Азии. Историч. зап., № 9.

Потанин Г. Н. О рукописи капитана Андреева о Средней киргизской орде, писанной в 1785 г. Изв. РГО, XI, вып. III, 1875.

Потанин Г. Н. Очерки северо-западной Монголии, вып. II, СПб., 1881; вып. IV, СПб., 1883.

Потанин Г. Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. Живая старина, II—III, 1916.

Потанин Г. Н. О караванной торговле с Джунгарской Бухарой в XVIII ст. Чтения в О-ве ист. и древн. росс., 2, 1868.

Радлов В. В. Письма г. Радлова в Географическое общество во время поездки его в Туркестанский край. Изв. РГО, IV, вып. 6. 1868.

Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен. Киргизское наречие. Тексты, III, СПб., 1870.

Радлов В. В. Сибирские древности. СПб., I, 1894; II, 1902.

Radloff V. Aus Sibirien. I—II. Lpz., 1893.

Руденко С. Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагыза. Казахи. Антропол. очерки, 1927.

Румянцев П. П. Социальное строение киргизского народа в прошлом и настоящем. Вопросы колонизации, № 5, 1909.

Румянцев П. П. Киргизский народ в прошлом и настоящем, СПб., 1910.

Рычков П. И. История Оренбургская. Ежемес. сочин. и переводы, к пользе и увесел. служащие, СПб., 1759; 2-е изд., Оренбург, 1896.

Рычков П. И. Топография Оренбургской губернии. Ежемес. сочин. и переводы, к пользе и увесел. служащие, I, СПб., 1762; 2-е изд., Оренбург, 1887.

Рычков Н. П. Журнал, или дневные записки путешествия капитана Рычкова по разным провинциям Российской империи, СПб., 1770—1772.

Рычков Н. П. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкую степь в 1771 г., СПб., 1772.

Рязанов А. Ф. Батырь Сырым Датов. Сов. Киргизия, № 10, 1925.

Рязанов А. Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797—1838). Тр. О-ва изуч. Казахстана, VII, ч. I, Кзыл-Орда, 1926.

Рязанов А. Ф. Отголоски пугачевского восстания в киргиз-кайсацкой Малой Орде, Сов. Киргизия, № 10, 1924.

Рязанов А. Ф. Восстание Исатая Тайманова. Ташкент. 1927.

Самоквасов Д. Я. Сборник обычного права сибирских инородцев: Варшава, 1876.

Сейдалин Т. О развитии хлебопашества по бассейну р. Тургая, Зап. Оренб. отд. РГО, вып. I, 1870.

Терентьев М. Россия и Англия в Средней Азии, СПб., 1875.

Терентьев М. История завоевания Средней Азии, I, СПб., 1906.

Тимковский. Путешествие в Китай через Монголию в 1820 и 1821 гг., СПб., 1824.

Толстов С. П. Генезис феодализма в скотоводческих обществах. Изв. ГАИМК, вып. 103, 1934.

Толстов С. П. К истории древнетюркской социальной терминологии Вестн. древн. истории, № 1, 1938.

Толстов С. П. Основные вопросы древней истории средней Азии. Вестн. древн., истории, № 1, 1938.

Тяукин, Мухамед Галий. Записка о хозяйстве ордынцев, кочующих в зауральской степи. Экономич. зап., № 41, 1861.

Falk Joh. Pet Beiträge zur topographischen Kenntniss des Russischen Reichs, Bd. I. St-Pet., 1785. Русский перевод: Полное собрание ученых путешествий России, VI, СПб., 1824.

Ханыков Н. Описание Бухарского ханства, СПб., 1843.

Ханыков Н. О населении киргизских степей, занимаемых Внутреннею и Малою Ордами. Журн. МВД, ч. VIII, 1844.

Ханыков Я. Поездка Поспелова и Бурнашова в Ташкент в 1800 г. Вестн. РГО, ч. I, кн. 1, 1851.

Харузин А. Н. Киргизы Букеевской орды. Антропол. очерки, в. 1, М., 1889.

Чулошников А. П. Очерки по истории казах-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен, ч. I, Оренбург, 1924.

Чулошников А. П. К истории феодальных отношений в Казахстане в XVII—XVIII вв. Изв. АН СССР, сер. Обществ. наук, № 3, 1936.

Чулошников А. П. Казах-киргизская кочевая орда и Пугачевщина. Новый Восток, № 25, 1929.

Чулошников А. П. Торговля Московского государства с Средней Азией в XVI—XVII вв. Матер. по истории народов в СССР, в. 3, Л., 1933.

Юдин М. Л. Двухсотлетнее движение русских в Туркестан. Туркест. отд. РГО, XIII, в. 1, 1917.

Enziklopaedie des Islam. Lpz., 1908—1936.

Eversmann E. Reise von Orenburg nach Buchara. Berlin, 1823.

Якубовский А. Ю. Развалины Сыгнака, Л., 1929.

Якубовский А. и Греков Б. Золотая Орда, Л., 1938.

Қысқартылып қолданылған сөздердің тізімі

Орысшасы	Қазақшасы
АИ — Акты исторические	ТА — Тарих акттары.
ДАИ — Дополнения к актам историческим	ТАТ — Тарих акттарына толықтаулар.
Деп. пол. исп. — Департамент полиции исполнительной	ОПД — Орындаушы полиция департаменті.
КИД — Коллегия иностранных дел.	
ЛОИИ — Ленинградское отделение института истории	ТИЛБ — Тарих институтының Ленинградтық бөлімі
Материалы — «Материалы по истории Казахской ССР».	Материалдар — Қазақ ССР тарихы жөніндегі материалдар
МГИ — Министерство государственных имуществ.	МММ — Мемлекеттік мүлік министрлігі
МНПр.— Министерство народного просвещения.	
МВД —Министерство внутренних дел	ІІМ — Ішкі істер министрлігі
РГО — Русское географическое общество	ОГҚ — Орыс география қоғамы
ЧОА — Чкаловский областной архив	ЧОА — Чкалов облыстық архивы

Орысшасы	Қазақшасы
ЦГАДА — Центральный государственный архив древних актов	ЕДАОМА — Ескі дәуір акттарының орталық мемлекеттік архивы
ЦГВИА — Центральный государственный военно-исторический архив.	ОМСТА — Орталық мемлекеттік соғыс тарих архивы
ЦГИАЛ — Центральный государственный исторический архив в Ленинграде	ЛОМТА — Ленинградтағы орталы мемлекеттік тарих архивы
ЦГИА КазССР — Центральный государственный исторический архив КазССР	ҚазССР ОМТА — Қазақ ССР Орталық мемлекеттік тарихи архивы

МАЗМҰНЫ

Бет

Ескертулер 3
Кіріcу: Тақырып жөнінде 7

Бірінші бөлім

I тарау. Қазақтардың XVIII ғасырдағы шаруашылығы 67
II тарау. Қазақтардың XVIII ғасырдағы қоғамдық қарым-қатнастары 87
III тарау. Кішіжүздің XVIII ғасырдағы саяси өмірі 146

Екінші бөлім

IV тарау. Нұралы ханның тақтан түсірілуі 195
V тарау. Кішіжүздің саяси қайта құрылуы үшін күрес 228
VI тарау. 90-жылдарда қозғалыстың өрлеуі. Сырымның қаза табуы 294
Жыйнақтау 366
Қортындылар 385
Литература 391
Қысқартылып қолданылған сөздердің тізімі 396

М. П. ВЯТКИН

БАТЫР СРЫМ

(на казахском языке)

Издание Казгосиздата—1951

Редактор Абишев Г.
Ответ. по выпуску Молдашева М.
Техн. редактор Гиричев В.
Корректор Нугманова Г.
Оформление художника К. Я. Баранова

Подписано к печати 10—29/V 1951 г.
Издательский № 29. УГ02551.
Бумага 60×92 1/16=12,5 бум. л. — 25 п. л.
Уч.-изд. л. 21,1.
Тираж 15000. Цена 15 руб.
Заказ № 1458.

Гостипография № 2 Казполиграфиздата
при Совете Министров КазССР.

АЛМА-АТА